

ХАМЗА  
СЕНЖАНОВ

---

АК ЖАЙЫҚ



КАЗАҚ ССР  
МЕМЛЕКЕТТІК СЫЛЫГЫН  
АЛГАН ШЫГАРМАЛАР

**ХАМЗА  
ЕСЕНЖАНОВ**

---

**АК ЖАЙЫҚ**

**ТРИЛОГИЯ**



**АЛМАТАС «ЖАЗУШЫ» 1988**

84 Каз 7—44  
E 79

E  $\frac{4702230200-095}{402(05)-88}$  204—88

ISBN 5—605—00204—X (т. 3)  
ISBN 5—605—00230—9

© Көркемделүл. «Жазууыз»  
баспасы, 1988.

Үшінши кіман

---

TAP KE3EH



...Бұзбай күлақ пісірмей,  
Мұз үстінде от жақпай...

Махамбет

## БІРІНШІ ТАРАУ

### 1

Тартыс тас қамаудың ішінде де журіп жатты.

Төтеше ескер сотының председателі генерал Емуғанов жиырма бес істің ішінен сары папканы бөлеңдей берді. Оны қайта-қайта ашып, әлденені анықтай тусты. Басын шайқады.

«Отыз бес жыл адвокаттық қызметте! Сұлтан! Дұма мүшесі! Даала әлкесінен депутат! Імм!..»

Есік емен столдың устіндегі кішкене күміс қонырауды генерал қарамастан қолымен танты да, екі кезең сол сары папкандан айырмай төмен қарап отырып, шылдыр еткізді. Қоныраудың сыйғыр-сыңғыр төгілмелі жүп-жұмсақ дыбысына есіктен жалт еткен офицердің:

— Не бүйрасыз, ұлы дәрежелім? — деген бүйрықта бой ұсынған жаттама лебізі қосыла шыққандай болды.

Генерал басын кетермеді.

— Маган тұтқын Қаратаевты келтір, капитан.

— Құп болады, ұлы дәрежелім.

Генералдың жарлық беруге белінген бір минуты оны іс караудан айырган жоқ-ты. Оның кезі анкетада еди.

«...Імм!.. 1860 жылы туған. Үйлі. Ұлы бар. Гимназист. Қызы қалалың мектептің екінші класында.. Бұрынғы кадет! Імм!.. Қазір Ресей социал-демократ партиясының мүшесі! Жұмыскер, крестьян және солдат депутаттарының Оралдық Советіне сайланған комиссар...» Вірнеше паракты біржолата аударып жіберіп, ол белгі салған жеріне бегелді — көзі тағы да

қыр билерінің приговорына түсті. Ол басын шайқады, ішінен күбірлеп оны қайтадан оқып шықты. Онда:

«Аса құрметті, ұлы дәрежелі, казак-орыс войско-сының даңкты генералы Емуганов мырза! Ақ патшага қол беріп, оның мархабатты хұзырына енгелі қазак даласы сан иғі іске араласты. Патша ағзамның сыртқы әлем алдында дәрежесі мен даңқы артуына тілек-тес болды, ішкі байлығы молаюына көмектесті. Ескі көздегі алауыздық пен тайталас егеске түскен заман-дар біржолата ұмытылды. Қазір заман да өзгерді, заң да өзгерді, ақ патша да орынан түсті. Сондықтан өткенге салауат, барға шукір деп дұға етеміз. Қазіргі кезде де қазақ даласы ағайындық шеңберден аяғын аттап басып отырган жоқ. Ежелден мейірімді көрші іргелі елдің ілгері өрлеуіне, жаңа бағыт, жаңа абы-ройға ие болуына тілектеспіз. Өйткені Ресей ілгері өрлесе, қазақ даласы да гүл жайнайды деп білеміз. Сондықтан жаңа заманда ежелден езіліп келген са-хараның бұрынғы күшпен өзгертілген ел билеу тәрті-бін қайтадан қаз қалпына келтіру мақсаты туды. Кә-рінің де, жастың да ізгі ниеті мен қол соған арманы осы... Қазақ сахараасында бас кетерген азамат саны аз екені, құрметті генерал мырза, сізге ежелден аян-нэрсе. Әсіресе қара қалықтың қамын кездейтін өлеу-мет ісіне жетік, кезі ашық азаматтарымыз бес сау-сақпен санағандай. Жұрты тегіс сүйетін, кәріге ақыл-айтатын, жасқа лұғат беретін, білім мен парасат иесі, көп заманнан бері елінің жел жағына пана болып келген, өзі көпті көрген көреген, сейлесе тілінен бал таматын білгішіміз, әрі ардагер ақылгейіміз сұлтан Бақытжан Қаратасев еді. Сол аяулы азаматымыз, ақ сақалды данышпан кәриеміз қазір Орал абақтысында кіріптар. Ол жалага ұшырады, ғаділетсіздікке душар болды, олай дейтініміз: сұлтан Бақытжан адал ниет-тен өзгеге, ғаділетті істен басқаға қол соабақ емес, адамгершілікке қарсы тұрарлық мінез көрсетпек емес. Қара қазақ баласы оны еш уақытта сахараасына мін келтіреді деп түсінбейді, ғаділеттік жолдан өзгеге мойын бурады деп есептемейді. Сол себепті сізді, ұлы дәрежелі генерал мырза, ел сүйген ақылшы көрие сұлтан Бақытжан Қаратасевты кіріптарлықтан халас етеді деп сенеміз. Сіздің ғаділет таразысың пек ұстай-тыныңызға шек келтірмейміз. Үлкен құрметпен хұ-рыңызға өтініш жолдан қалушы: Байбақты руның ғылмері Әнжан Жұбаналы ұлы мен Кенесары Отар-

ұлы; халық учительдері: Хабибрахман Қазиұлы, Ехсан Ізқұлұлы және басқалары...» деп жазылған еді.

Әлде тұтқынға жақсылық ойлады ма, әлде бұл тұтқынның қыр халқына аса қымбатты адам екеніне таң қалды ма, әлде... әйтеуір генерал әдетіне көшіп, мойнын он жағына қисайтып отырып, оナン аргы қағаздарды ақтарып көз жүгіртпін еткенше, тұтқын генералдан алдына да әкелінді.

— Ehe! — деп қалды генерал Емуганов, кірілтардың жүдеу жүзі мен ете ұзын түрме халатына қарап.—Юрист Қаратасев! Сұлтан Қаратасев! Үмм!..

Бақытжан кірген бойда сәлемдескендей, генерал отырган столға сәл ғана басын иш тұрып қалып еді. Ол сол күйінде ұлықтың сез түйіні қайда тірелерін күтті. Үндемеді. Генерал орнынан қозғала түсіп, ойын түптеді:

— Хан нәсілді сұлтан, атағы бар, білімді юристің қара табан тобырдың соңына ергеніне жол болсын!..

«Барлау, жасыту әдісін қолданбақшы» деп түйді де, көрі тұтқын келте жауап қайыруды жөн тапты.

— Қоңе заманнан бері өмірдің бар мағынасы екі-ак сөзге тірелумен келеді. Сұлтан да, князь да, юрист те, генерал да осы екі сездің жә жоқтаушысы, жә боктаушысы, генерал мырза!..

— Үмм! — деп, құлағын тіге қалды кабинет иесі.

— Ол екі сез: Азаттық. Тенденция. Мұны сіз бен біз жақсы білеміз, генерал мырза.

Әлде жасынан бойға біткен кемшилігі ме, әлде әдет болып кеткен нәрсе ме — әйтеуір үнемі мойнын оқыс бүрып, сөйлегендеге басын қырғауылша қисайта қалатын бұл алтын погонды ұлық әлгідегі сол қисайтып отырган күйі жауап қатпастан түрі де, түсі де басқадан өзгеше тұтқынға кішірек келген шегір көздерін қадап отырып қалды.

Віраздан кейін ғана ол сұлтанды алып келген босағадағы екі конвойга иегін қақты — екі солдат тәртібінен де, келген ізінен де қыл елі жаңылмастан, бірі алдында, бірі артында, жалаң қылыштарын иықтарына сүйеп жоғары көтерген күйі көрі алып кетті.

«Көрі қасқыры даланың! Бетінің сыңар тамыры да бұлк етпейді», — деді генерал тұтқын кеткен соң.

«Білемін сырынды. Көрі ағашты қанша шайқасаң да түсер жапырағы түсіп болған» деді ішінен тұтқын, екі солдаттың ортасында келе жатып.

Тағы да «қырық тұрба» аран аузын аша түсті,— ауыр қақпа үнсіз жылжып, дыбыссыз жұтып жіберді.

Табалдырығы мен төрі екі адым камераның зілдей есігі де кіріптарды сағының қалғандай құшақтап, қапсырма құлпы салдыр ете қалды; ішкі-тыскы қыбыр мен дыбыс бұрынғыдай біржола тұншықты.

Үн жоқ. Ол темір сирагы еденді тістеп қалған жұмыр койканың жиегінде отыр. Әлі қою, әлі ақселеу тартпаған бурыл сақал, әрі ұзын, әрі сұлу, — шықшыт сүйегі шығыңқыраған ашаң бетін толық көрсетіп тұр. Сол жақ шекесінен онға қарай қайырган шашта қою және сақал түстес кек бурыл; аса биік емес, бірақ кең келген ұсақ әжімді мандайдың шекелігін қою шаш қомақты көрсетеді. Жұқа танау, келісті мұрын парасатты жаинның сүйкімді келбетіне жаразты біткен. Ал, жазық қабак пен сидырым қас осы сәтте жиырыла түсіп, ірі көздің бояу нұрымен қосыла ренжіп тұрған сияқты.

Бақытжан Қаратаяев. Бір еңірдің белгілі Бакесі. Тұрменің де басты тұтқыны.

Бақытжан әлі де еңкейген шал емес. Жасы алпысқа төніп тұрса да бұрынғы әлді денесінің мүсіні бүгілменеген, қайраты арылмаған жан. Тоғыз ай темір тор жігерді жанышса да көңіл сергек, ой айқын.

Ол көп оқиды, көп ойлайды: Басынан өткен ұзақ өмірдің өзі көріп келе жатқан қылы-қылы оқигасын көрі әкесі құлаққа құйған әрідегімен салыстырады. Бұл әрідегі мен берідегі тізбектелген кештей — кез алдынан бұл күнде уздіксіз шұбырады. Әрідегі мен берідегінің ішкі сырь тұтасқан бір қасіреттің ұзын жолы болып елестейді. Сонау әріде де еңіреген елдің ызыңы құлаққа келеді. Басқа пана бола алмай аңыраған даланың ызғырық үлі естіледі. Ақтабан шұбырынды келеді көрі адамның кез алдына.

Бұл әрісі ғой. Берісі ше?..

Карттың ойын кенет күлдір ете қалған қатар камераның есігі үзіп кетті. Оның әрідегі ойы тіпті берідегі жармасы — бірге отырған тар қапастағыларға ойысты.

«Мұны да алып шықты,— деді Бақытжан күбірлеп.— Мұны да әлгі генерал сыр тарту үшін алдырыған шығар. Бірақ Петербург жұмыспылары шындан шығарған Дмитриевтен қандай сыр тартпақ?! Онан да сотын-ақ бастай бермей ме. Тергеуі бітті. Айыптау қорытындысы жазылды. Енді соты ғана қалды ғой.

Өснери сот. Өснери соты деген не? Ресейде бул мүл бұрын белгілекен үкімшің жорияланатын орын той. Кәдімгі белгілі жазаңың... Ату, асу, каторга. Жаңың мәлшері осы — ушеуі. Бұл дағды болып кеткен. Сенат алаңыдағы декабрь геройларының асылғанына, каторғага айдалғанына, Кавказға жіберілгеніне 90 жыл-ақ етті. Сонда да осы үш мәлшер. Кешегі бе-сінші жылғы ату ше? Тіпті мұнан алты жыл, бұрын адвокат Керенскийдің қорғаған Лена қырғыны! Жоқ, патша Ресейіне ем жоқ. Жаңаның жендеті, азаттықтың жауы, тенденция таптаушысы. Табанға салып таптаушысы!

Бұлар қолына түскен совдепшілерді жарылқар ма! Оралдың бір уыс большевигін асу-ату бүйім болып па!

Сұлтан деп кекетеді генерал. Ие, казак-орыс генералдарының қолында қамауда отырған Бақытжан — Қаратай ханның бел немесеі. Қаратай Нұралы ханның баласы. Бірақ қалмақ қатынынан тұған төрт ұлдың бірі. Нұралы Әбілхайыр ханның ұлы, көп ұлдарының бірі.

Орал өнірінде туыш-өсіп, қызмет еткен генералдар менің ата-бабамды жақсы біледі. Қазақ даласын бес саусағындай біледі. Тілін де үйрентен. Бөрін де біледі. Бірақ даланың соңғы ғасырда не істегенін бұлар біле берер ме екен?! Ұлт тенденді дегенді саілген ұлттан өзгелер бағалай алар ма екен?! Түрмедегінің жүргегі қалай соғатының дарқанда жүрген жандар сезе ме екен? Бір тілім наңға зар болған жүдеу жетімді төрт қабат көрпе үстінде жал мен жая жеген жан ойлай ма екен? «Арда киргиз», — деп, сүйектен ететін сезіздің ашы дағы кеуденде мәңгі қалатының казак-орыс атамандары ойлай ма екен. «Сұлтан» дейді. — Қаратабан тобырдың сезін сейлекеніне жол болсын! дейді. Отыз бес жыл Ресей патшасының заң безебенін салмақтаған «сұлтан» әділестідіктің басып келгенін көзімен көрген. Қараның да ақ есептелгенін санаумен шаршаган...»

Кіріптар Бақытжан сол жұмыр койкасының жиенінде төмен қарап қозғалмай отырып қалды. Аз уақыт, еткеннен кейін орынан тұрып сансыз рет санаған есіргі мен терінің екі адым үзындығын тағы да елшеп кетті. Бірақ ол бул жолы басым айналар деген үйренишкіті қорқыныштың құшагында біраз кібіртік-теп, алпыс рет қана адым санаады да, койкага қайта

отырды. «Тергеу жортындысы бойынша ескергелесімді жаәамын» деп сұрап алған қағазға үсак етіп қара қарындашпен жау жаза бастады. Оның бул жазуы да ескертпе еді. Терек ескертпе еді. Кім білсін, кейінгі келер үрлақ көз салсын деді ме?!

## 2

«Азаттығы үшін алысқан ел жан қыяр ерлер шыгарады,— деп жаады тұтқын.— Бұл тарихта талай болған. Оны делелдеу аса алысқа көз жіберуді керек етпейді. Біздің кешегі ер Исадайымыз патша мен ханың қарулы ескеріне қарсы қол жинап тоғыз жыл алысты. Ақырында езі ерлікпен қан майданда қаза тапты. Халық үшін жан қиган ер деп осының айтады. Өлшеусіз ерлікті ез қулагыммен де есіттім, көрдім де.

...Оған елу жыл ғана етті. Тоғызадамын. Орыс тілін үйрететін татар мектебінде оқымын. Бесқонақ шықпай жатып мени Орынбордан елге алып кетті. Кекем марқұм сырқат еді, ері көрі болған соң «керуге алдырган екен» деп ойладым. Вірақ бас себеп ол болмай шықты. «Ел кетеріліп жатыр, үркіп қоныс аударғалы жатыр,— деді кекемнің жіберген кісіци,— қала мен дала согысады...» Урейлі хабардан жан түршігеді. Бейнебір анат — тасқын сел келе жатқандай.

- Жер мен суды алады!
- Мал мен басты қаттайды!
- Қазақ даласы тегіс қазыналық болады!
- Елге поп шығады, мұсылман діні жогалады.

Ел біржола сілкінгендей. Қысқы қонысты тастал, кең байтақ даланың кез жетпес өрісіне жетуге асықты, қой қоздап болмай-ақ ірге кетеру жабдығына кірісті.

Ауыл төз Сұлукелге көшті. Ал жайлау үсті да былды дубірге айналды. Сұлукелге жан-жақтаи кешіп келіл бас қосқан сан рулы ел сан түрлі жауынгерлік үранды қоса ала келді.

- Байбакты тұтас бас кетеріпти!
  - Алаша Сейіл батыр атқа мініпти!
  - Сұлтан Қанғали Арысланов губернаторға қарсы қарулы ескер жиналты!
  - Табын Айжарық батыр екі мың жігітімен Жем бойынан бері қарай етіпти!
- Кешікпей:

— Согыс! Согыс! — деген ашы хабар жер жарды. Біздің елден қырық жігіт атқа мінді. Бұл Дәuletшө жасағы атанды. Ер қаруы — бес қару — найза мен садақ, айбалта мен қайқы қара қылыш — қайрауы жетіле түсті. Шүріппелі мылтық иыққа ілінді. Ат жалын тартып мінуге жараган жас балаға шейін түнде ат бағуга шықты, күндіз қыр басын қарауылдауға барды.

Садакага ақсарбас айтылды. Қырық қошқар құрбан шалынды. Көрілер сәждеге басын қойды, қемпірлер мойынға бүршақ салды.

Түн бойы от жағын қыз-келіншек кірпік қақпай мал қүзетті. Қанғали сұлтанның әскеріне қосылуға Дәuletшө қырық жігітімен жорыққа аттанды.

— Боздағым!

— Ботам!

— Қырық шілтен ғайып пірлер қолда! — деген қемпірлердің сарыны сай-сүйекті сырқыратты. Дала күніреніп кетті...

Қанғали айтып еді... Бәрі сол «низамнан» басталды. Тама мен Табын елінің көзі ашық азаматы деп Оралдың генерал-губернаторы генерал-майор Веревкин маған жарлық жіберген. Онда: «Ояз начальнигі подполковник Черноморцев мемлекеттің жаңа заңын жүзеге асыру үшін киргиз еліне шыгады. Соған барлық қемек-күшінді көрсетесіз» депті. «Өлемей көнбейміз» деп ант еткен халық Айжарық батырды қол басы, мені оның ақылшысы етіп тағайындалап:

— Ал баста, біз соңына ердік,— деп еді.

Алдымен губернатор жарлығын бетке ұстап Черноморцевтің шын ниетін ашу үшін Електің бойын өрлеп Қарасуға келдім. Бұл начальник жаңа заң бойынша болыстық управительдер мен ауылдық старшиналар сайлаудың өткізе шыққан. Халықты жинап істің мән-жайын баяндау үстінде-ақ жүргізкендік комиссияға:

— Келген ізіңмен кері қайт! — деген талап қойды.

Бұл наразылықты Черноморцев алдымен менен көрді. Бірақ сыр білдірмей, мені алдан тұзакқа туғору ниетіне кірісті.

— Генерал-губернатор Веревкинге хат жеткіз, ете тығыз хат. Соған жауап алып қайтасын. Тап-

сырманы аман барып үүлжытпай орындаған жақсылықта жақсылық табасын,— деді ояз начальнигі.

Мен де сыр берместен:

— Құп, подполковник мырза, ізгілік істен бас тарту біздің салтымызға хас нәрсе емес,— дедім.

Қасыма қалмақ солдатын қосып берді. Мен Орал қаласына аттандым. Эрине, ұзамай-ақ подполковниктің берген жасырын пакетін ашып қарауга тура келді. Онда: «Осыны табыс етуші киргиздарды булік шығаруға агуалаушының өзі» депті. Мұнан кейін не болары белгілі гой.

— Комиссияның басын кесіп аламыз,— десті жұрт.

— Жоқ, бір комиссияны құртумен іс бітпейді. Ойыл бойына барып, сол жақтағы халықты тегіс көтереміз,— деп, мен бір сан қолмен Електен Ойылга аттандым.

Зұлымдықта қарсы аттаныс осылай басталып еді...

### *Жем қойның дағы ерлік*

«...Дала низамына» екінші Александр патша 1868 жылы 21 октябрьде қол қойып бекіткеннен кейін-ақ оны орындау ісі бірден қарулы күшке сүйенді. Оралдан подполковник барон Штемпельдің отряды Аңқаты мен Шідертіні кесіп етіп Қалдыгайты езеніне қарай бет алды. Ал, Орынбордан шыққан подполковник Новокрещеновтың отряды қазақ даластының қақ ортасына орын теппек болып, Жем езенінің бойына өрлейді. Бұл сақадай сайланған 500 қазак-орыс Байұлының мойнына бұрау салып тыныр еткізбей айласын көздеген-ді. Айнала бекінген зеңбіректі, көк қарулы, тас камал құрган айбатты әскер бейғам жатқан көшпелі елге әзірейілдей әсер ететіні анық қой. Бұл және бір жерде емес, әлденеше жерде: сонау Маңқыстаудан әрі Теніз теңінде, Жайықтың бойын мекендерген қалың елдің қақ ортасындағы Калмыков тұсында, Орынбор аузындағы Шекті мен Табының ортасында ту тікті. Бірақ азаттық үшін жан беруге әзір ерікті ел кезсіз ерлерін бірінен соң бірін жау бетіне шығарып жатты.

Казак-орыс әскери Орынбордан бері шықты деген-нен-ақ тосқауыл хабаршылар қойылған еді.

— Жол тосамыз, аңдып бас еалып ілгері жур-

Жабейіміз,— деген ер көнді жігіттерге мен бой бергенім жок.

— Ілгері асыңқыраган сайын, қазақ даласының ішіне кіріңкіреген сайын жаудың күші азая береді. Оқ-дәрі алатын, азық-тұлік дайындастын, ат-көлік ауыстыратын жері қашықтай түссе, жол азабын көбірек шексе, жорық салықтырып әскерді әлсірете берсе — оны жұмарлау оңайға түседі деген мениң пікірімді Айжарық та қолдаган еді.

Сол жақ бетте тәуліктен асатын кең сахара — Маңқыстау даласы. Оң жақ қолда сулы шепті, жылан қырқалы Жем өзенінің кең алқабы, Қарақобда мен Сагыз саласындағы елдерге ат шаптырып күш жинап Алкелдіде екі мың қолмен Айжарық жатты. Жорыққа не сенімді, белді ат сенімді. Таңдал мінген тарландарға бел босатарлық жанама жүйріктер жетектеп отырады. Қару — қайқы қылыш пен айбалта. Шиті мылтық он адамға біреуден-ақ, оның орнына сары садақ. Садақшылар бейнебір кірпінің терісінен сауыт кигендей — белденген қорамсағынан самсаған оғы иш тіреседі. Екі жұз қадамнан атқаның мұрттай ұшыратын мергендер бар, мергеннің қолында ұсыным жерден ат мойнын жарып өтетін сур жебелер бар. Жалғыз садақ өнері емес, шауып келе жатып жерде жатқан жетім құмалақты түйреп кететін найзагерлер мол-ды. Бөрінен де күштің бет қайтпас батыл жүрек жігіт қой. Сол жігіттің көбі өнерлі әскердің от құсқан зеңбірегі мен бұршақша бораған мылтық оғының астында қалып қазап тапты-ау!..

Жем бойында бір кең алқап бар-ды, алқаптың сол жақ бетінде басына шығып қарауыл қарайтын биік дәң болатын, сол дәңнің басынан күні-түні қарауыл қараған жігіттер мезгіл-мезгіл атой салып:

— Ал келді! Жау келді! — деп, жайбаракат жатқан қолды аяғынан тік тұрғызумен болып жүрді. Жауынгер кездегі осы сақтық ұраны сол тебені «Алкелді тәбесі» атандырды да, бері келе ол «Алкелді» болып қалды.

Осы тебені Новокрещеновтың отряды да ұнатып, болашақ қамал құратын жайлы орын тапса керек, Жем бойын өрлей-өрлей келіп қалың қазаққа қарсы сол жерге сүр шатырын тікті; обозын иіріп, тутін туғетті: оннан, бестен қарулы қарауыл қойып, зеңбірек

құралын орнатты, жайланаңысып, біржола иемденетін пигыл көрсете бастады.

— Енді жетті! — деді Айжарық басты батырларын жиып алды. — Бұдан әрі жетектеуге ар-намыс кетермейді. Емін-еркін жүріп, тоқтаусыз келген жауға енді адым аттауға жол жок. Қара қазан, сары баланың қамы үшін! Ата қонысы, жер мен су үшін! Дін үшін! Күн үшін! Өлсек шаһитпіз! Тарт, батырларым!

Терте жарылған екі мың қол сап-сабымен шеру тартты.

— Агатай! Қайдасың, агатай!..

— Қаратас! Қолда Қаратас!

— Жылқышы ата!

— Қарекете! — деген ұрандар жарға құлап, денге согым жатты.

Алдымен Ысық Кейкіман батыр ат қойды. Оның үш жуз жіліті тегісінен наизашы еді, он екі ғана садақшысы бар-ды. Садақ, өрине, атусті тартыла бермейді, тосқауылдан, нысанасын көздең тартатын жерлерде ғана жұмсалады.

Сондықтан кек наизалы қалың аттылы екі дүркін оралып казак-орыс әскеріңің қамалын бұзбак болды да, бір тобы жұбын жаабай екі шақырым жерден сар желіспен жақындей түсті. Қылышқа үйренген казак-орыс та жуз-жузден екі топқа белінді, қанаттарын жая туеіп, басшының жарлығын күтті.

— Кейкіман қолы араласқанда жабыла шап! — дед бүйрүқ етті, Айжарық айқайлад.

Кейкіман жалаң қылышпен ұмтылура езір түрган казак-орыстар сапына жетіп те қалды. Екі ара мүшелік жердей-ак, онаң да кем, аныра түсті.

— Аруақ!

— Аруақ! — десті кейінгілер.

Наизашылар аттарын тебініп те қалған сияқтанды. Қиқулаған дауыс та құлаққа шалынды.

Енді түйреседі, енді түйреседі! — дес, ішінен тынды тәзбей көз тіккен жандар.

— Ал басталды. Эне ығысты. Шыдамады...

— Кері серпілді. Бөсө! Серпілді!..

Айтып улгергенше болмай казак-орыстар қақпанаңың аузын ашқандай серпіліп екі жаққа ығысты да, арасынан шыға келген жаяу тізбек қаз-қатар тұрақталып жуз мылтық шаппасын бір қолмен тартқан-

дай күрс еткізді; жер солқ етті, қиқулаң шапқан Кейкіман қолын от-жалын жалаң қалғандай болды. Көк тутін көлбеп жерге шегіп ұлгергенше найзалы тоptың алды жапырылып қалды...

Казак-орыстар айласын асыра түсті — дала жауынгерлерінің қолында зенбірек түгіл мылтығы да аз екенін, жалғыз-ақ қол қаруы найза мен айбалтаға сүйенген атам заманғы әскер тәртібін көріп, оларды қолдасып соғысуға келген жерде тутеген оқтың астына алуды көздеген. Бұл ниетті әдіспен буркеп жалаң қылыш ойнатқан аттылы жұздіктердің тасасына жаяу атқыштар қойған.

Кейкіман әскері лекіте төніп келіп, қиқу салып найзаласуға ұмтылғанда аттылы жұздік арасын анып қалып, атқыштарға оқ жаудыртқан екен. Бірінші саптағы жігіттердің алдыңғы қатары оққа ұшқанда, кейінгі топ екпінемен оның үстіне келіп қалып, оқ тиген жандар мен ойнап шыққан аттарға араласып кетеді, екінші дүркін жаудырган оқ оларды бейне баудай түсіріп жібереді. Сол алдыңғы сапта араласқандардың ішінде Кейкіман батырдың өзі жазым табады. Бұл аттан құлап бара жатқан басшының сүйегін жерге түсірмей кейінгі жақтан шауып қеліп, қағып алып шыққан екі жігіттің қолындағы батырдың денесімен бірге қол да кері шегінеді. Истің теріске айналғанын көріп, тәбе басында тұрып айқай салған Айжарықтың:

— Қарсы шаппа қамалға! Сабыр ет, Кейкіман! Жігіттеріңің салын түзе! — деген жарлығын ол естіген жоқ. Колбасшының өзі ілгері шанты. Ол не болғанын анықтау үшін, түйдектелген жауынгерлерге тәртіп беру үшін шанты. Бірақ оның бұл ниетін анық түсінбеген екінші бір топ Кейкіманға көмек беруге бір бүйірден ат қойды. Ол топтың алдында ақ боз атты Қобыланды ақын көзге шалынды.

Бұл Алашаның арқалы ақыны еді. Қобыландының соңында алпыс жігіті айқай салып дурліге шанты, олардың аузына тап сол сөтте, мүмкін, ақынның жау жапырар өлеңі түскен шыгар. Өйткені ол:

Тұлкідейін түн қатып,  
Берідейін жол тартып  
Жауырынына мұз катып,  
Жалаулы найза қолға алып,  
Жау тоқтатар күн қайда! —

деп жортатын.

Кейкіманның наизагерлері алды жапырылып, арты топталып кері ығысқан шақта екінші бүйірден ат қойған мына ақының отряды Новокрещеновтың әскерін селк еткізгендегі болды, өйткені қырық-елу наизагердің көбі аттан құлап, бірқатары ат жалын құшып қалғаннан кейін шошып, кері ығысар деген қазақ тобы бейнебір өліміне қарамастан лап қоятын пішін көрсетті. ІІсқырган садақ оғы жауа бастады. Айқайлан салған ұрандар жер жаңғырықтырды.

Берінен де үрейлісі тобын жазбай сілтеген алпыс аттылының шаңы мен дүбірі, желте ысқырган жалаулы наизасы, қиқулаған дабысы жолында тас қамал тұрса да жапырып өтетін сияқтанды. Бейнебір бүйірден соққан темір тоқпақтай көрінді. Алдыңғы сапта тұрган казак-орыс қылышкерлері бір сөт жапырылып кері ығысқандай қимыл көрсертті, ал, Кейкіманның жігіттерін оқ жаңбырмен қарсы алған жаяу атқыштар ілкі мылтық кезенген жауынгерлік сапында қалды. Ақының құйындаған тобын кері қайтаруга Айжарықтың да дәрмені жетпеді, оған олар қайрылатын да емес еді.

Бұл күтпеген жерден, бейнебір жауды бүйірден түйретін наизадай, тобын жазбастан ұмтылған ер жүректі жандар қылышты казак-орыстар жүздігіне жүз қадамай-ақ барып қалды. Алдында жұлдыздай аққан ақ боз атты Қобыланды оң қолы шүйген наизасында, сол қолы тізгінде, қақ жауырынына қадаған күшіген үкісі айдардай желбіреп «Енді араласты! Енді араласты!» дерлік жерге жетті. Мұның түрінен де, түсінен де, мына атқан оқтай айнымай ағызып келе жатқан қаныпезер тобынан да казак-орыстар шошып кетті білем, жалт бұрылып, үріккен жылқыдай, жаяу әскердің тасасына жөңкілді.

Не екені белгісіз, тап осы кезде бағанағы жарлық беремін деп ілгері ұмтылған Айжарық алпыс аттылы ақын тобының соңынан шапты. Ол да бірден-бірге шабысты үдетіп, аспанды жерге түсіргендегі айналаны берліктіре тенген қас батырлардың соңында шылбыр тастарлық жерде кетіл бара жатты...

Жаяу әскер қауіп төнгенін жана ғана көрді. Олардың командирінің шырылдаған даусы шықты. Кейкіманга кезенген көп мылтық енді сарт-сүрт бұрылып, бір бүйірден келіп соққан Қобыландыға бақты...

Адам бабын таппастай оқига болды: жүздеген мылтықтың жамырай күре еткен даусы жерді жеміріп келе

жатқан аттылы адамдарға соғылып түншырып қалғандай болды; шаң мен тұтін араласып кетті; аттың дүрсілі, адамның үні, өлдекімнің айғайы қосылып түйдектелген дүңкіл дыбыс шығарды: ұмар-жұмар болған адам мен аттың қараңдағаны кек ала тозаң ішінен дауыл жыққан үйдей қопырады...

Сөлден кейін не болғаны айқындала берді: оқ жаудырып үлгеріп қалған жаяу солдаттардың үстіне алды құлай, арты жығылғандарын жапыра еніп кеткен наизагерлер бейнебір аузын ашып түрган ажал аранына жапырлаш түсіп қалған сияқтанды, бір адам көрі бұрылмай үсті-үстіне үйіліп, езі де өліп, өзгегі де өлтіріп, өлмегенін жапырып, тантап, жаншып, бірнеше минут ішінде-ақ сап болуға таянғанда, жаяу ескердің кейінгі жақтағылары дүркірей қаша жөнелді. Бірақ олардың салының да тек жарымы наизагерлердің түйреуі мен тапауына іллікті. Осыны көріп жалаң қылышқа жарлық күткен атты казактар үймежүйме болып қырылышқа ұшыраған Қобыланды жігіттерінің қалғанын турауга ұмтылды... Алпыс адамнан тірі жан көрі шықпады. Алпыс бірінші Айжарық та туралған жандардың арасында қалды. Ат жалын құшып, қолы қарысып қалған ерлерден бірнешеуін аттары ғана көрі сүйреп шығарды. Соның ішінде қоянша қарғып ақ боз ат бір бүйір, желдең шауып бара жатты...

...Бірінші шайқастың қанды қырылышы қабырғаны қайыстырып кетті, иықты зіл қара тас басқандай болды, денеге у жайылғандай мен-зен етті. Бірақ есек-гіреген дене жан-дәрмен іздейді, аңғырттық іс ілесе ақылға жол береді. «Жок, бұл істің басы ғана. Жандасар тартыс әлі алда» деп серт еттім өзіме. Сейтіл, Айжарықтан айрылғаннан кейін, оның жан серіктерін қасыма алдым. Алдымен Кейкіманның наизагерлері Тұңғатар мен Амандық батырды шакырып алды:

— Батырлар, ерлікке серік ақыл бар. Ендігі шайқас айлалы шайқас, жаудың айласынан сендердің амалың асып түсуі керек. Сондықтан екеуің қалған наизагерлеріңмен сонау Майшоқының аргы астына бой тасалап бұғып қалындар. Қалғандарымыз қашқан болайық. Бізді қумай дәндеген жау тұрып қалмайды. Алдымен аттылы жұздіктер шабуыл жасаура тиіс. Сол кезде зеңбіректі жаяу ескерінен болініп шыққан жалаң қылышты казак-орыстарға кек сұңғанің күшін көрсетесіндер. Топталмай, оннан, жиырмадан быты-

рап, отырып жөнеле беріндер. Сан түсейтін жерлерің Майшоқының асты,— дедім.

Екінші пәрменім: ат-тұрманы берік, сақадай сайланған қылышты-айбалталы Дәuletжанның қырық жігітіне «жаудың жынын қоздырту» болды.

— Оқ атым жерге келтірмей, шетке шықкан обозына шабуыл жасаңдар, бөле-жарылған адамдарын мазалай беріндер. Қуса қашыңдар, Майшоқының үстіне қарай жетектеңдер. Қалайда болса атты әскерді жаяуынан бөліп, наизагерлердің бұққан жеріне жеткізіндер!

Сейтіп, өзім қалған топты тез жинақтап, ығысуға бет түзеттім. Бытыраган топ Майшоқыға, қалың қол Жемнің оңтүстік бетінде маңдай түзеп, біржола ірге көтергеннен кейін, казак-орыстар бізді қашты деп ойлады. Ал, ана Даuletжанның қырық жігітін «жол бәгеу үшін қалдырды» деп түсінді білем, аздан кейін-ақ сан түзеп жинақталған казак-орыстардың жүздігі куа шабуылдауга кірісті. Алдымен жүздік жақындал келіп, айқай салып балта кетерген қырық жігітке ұмтылды. Бірақ атына сенген жігіттер жалт беріп, кейінгі обозға шабу иметін байқатты — қиқулап, бөлегірек тұрган он-он бес кек арбага қарай шапты. Тіпті құйындастып келіп, қазан кетеріп от жағып, тамақ жабдығымен болып жатқан орыстарға ат үстінен ыскыртып бірнеше садақ тартып етті. Бірақ аттылы жүздік кері серпіліп қырық жігітті екшелей тұсті. Мүшелік жерге келгенде жігіттер жалт бұрылып, ат басын Майшоқыға бұрды.

Қаша жортып, кейде кері бұрылып садақ тартып, алыстан қыр көрсетіп, казак-орыстардың шынымен-ақ жынын қоздыра бастады. Бір кез «осыларды қуып жетіп, турап тастайтын, кеп болса екі-үш шақырым жер шабар, одан әрі шабысқа жаарарлық ат сиқы жоқ» деп шешті білем, казак сотнігі қылыш сурып айқай салып атакаға шаба жөнелді...

Біздің топ жеті-сегіз шақырым Жем қойнына бойлап та кетіп еді. Ал, қырық жігіттің бет алған Майшоқысы ең кемі алты шақырым жер-ді. Егерде бес алты шақырым жер белініп шыққан жүздік, кері қашып жаяу әскері қалған қамалына жеткенше бір сойқан болары айдан анық еді.

Шапқан атқа жер жақын, әсіресе қызып кеяген казак-орыс жүздігі әп-сәтте-ақ шубатылып бір кеш жерге созыла қалды. Алды қырық жігітті қусырып,

қоралы қойдан бөліп дүркіреткен қасқырша қарыштады. Енді жетіп, енді қылыштап, бірінде түсіріп, жусатып саламын деп үміттенді білем — озат шыққан он-он бес казак-орыс өкшелегендей болды. Бұл жайды көргеннен кейін әлдеқандай күн туар деп жәрдемге екі жұз жігітті ертіп өзім де үмтыйлым. Майшоқымен екі ара аса қашық емес, көлденең үмтыйлған топ казак-орыстар жүздігімен қатар жетіп айқасарлық жер. Бірақ іс оңға айналды. Дәулетжанның қырық жігітінен бір-ақ адам кейінде қалды. Оның казак-орыстар қолына түскен-түспегені мәлімсіз, ал қалғандары тегісімен Майшоқының қыратына ілікті де, тырнадай тізіліп тұра қалысты және ат басын кері бұрып «келсек кел!» дегендей мүшелік жер жуықтап қалған казак-орыстар жүздігінің алдыңғы шоғырын күткендей болды. Әлде екпінмен ентеледі ме, әлде күшіне сеніп ат басын тежемеді ме — тап сол сағатта жаудың ойын айырып боларлық емес-ті. Тек алды жақындағы түсті де, шұбатылған жүздіктің кейінгі топтары сол алдыңғыларына жетуге асықты...

Бір кезде адам денесі дір етерлік уақиға кезге шалынды. Қыр басындағы тырнадай тізіліп қалған жігіттердің аргы жағындағы баурайдан ере турекелген Тұнғатар мен Амандықтың кек найзалы ерлері самсай қалды. Самсай қалған жоқ, бөрікті баса киіп, оны ақ орамалмен бастыра байлаган жігіттердің кек сұңғірлері атмойнынан құлаш озып, төніп қалған казак-орыстарға сузе килікті. Барапағы сөтсіз шабуыл білекке күш, көзге қан құйып жіберсе керек, екі батырдың екі жүзден астам найзагері жүздігінен оқшау шыққан он бес-жиырма казакты қорага түскен қасқырдай қоршап алды. Бірнеше минут өтті ме, өтпелі ме — кезді ашып-жұмғанша жерде домаланған дene, шұрқырап шыққан иесіз аттар ғана артта қалды. Құйын-шыбын үмтыйлған қиқулы дубір кейінгі казактарға бас салды. Казак-орыстар дүр етіп бір бүйір ойқастады да, нажағайдай түйреп, нөсердей тәнген жойқын қолдан ығыса жөнелді. Майшоқының бауырын қым-қигаш шапқан дүрсіл, қиқулы үн — ыскырған найза мен садақ үні жауып кетті. Көлденең көзге анда-санда ойнап шыққан иесіз ат ойқастады, дурліккен қолдың ат бауырында шоршып түсіп, тұра жүгіріп, қайтадан жер құша құлаған адам денесі тулап жатты. Ашынған ызалы қол жеткенін баудай түсіріп, үмтыйлап қуып, қашқан казак-орыстың тобын сирете

берді. Алыста қалған қамал мен жаяу әскер жәрдемі жер қойнына енер жұздікке дарымады — көденеңиң курс еткен зеңбірек добы қашқан мен құгандардың жанталасынан аулақ жетімсіреп жарылып жатты...

Бірінші жұздіктің отызы ойда, қырқы қыр басында қалғанын көріп тұrsa да, екінші жұздік ойқастап қана бой көрсетті — ол көрер-көзге өзірейілдей төніп келген ажалға қарсы шаппады. Қамалға жеткізбей ашынған найзагерлерді жарлықпен жігіт шаптырып, мен де кері қайтардым.

Алыстан айбат шегісіп, қолдың бас-аяғын жинап, Новокрещенов те, мен де шығынды есептестік. Казакорыстардан бір жұздік тұтасымен және жаяу әскерден бірнешесі қаза тапса керек. Ал Қобыландының алпыс жігітімен бірге Кейкіманның қолынан жұзге тарта адам ата-бабаның жандасып өткен құс сахаrasының торқалы топырагын құшақтап қалды...»

Канғали Арыслановтың басынан кешкен аңы хикаясын жас шақтағы өз көргендерімен қоса оймыштап қағазға түсірді де, Бақытжан өзгеше бір жайлыштаныс тапқандай болды: өмірі айтылмаған әңгіме тар қапаста ақтарылып, ана кең дүниеге иек артқан сияқтанды, тұтқының қоңіліне белгісіз шаттық құйылып кетті. Ол жалма-жан ұсақ жазуға лық толы белшек-белшек қағаздарды мұқияттап бүктеп, шапанхалаттың әлдекайдағы ішкі қалта-қуысына тыққыштады. Сөйтті де темір есіктің көздей тесігіне жымия бір қарап алып, ұзын сақалын тараشتай түсті. Ол тіпті біраз уақыт қоңіліне кенеттен құйылып кеткен өткінші шаттықтың құшағында отырды, қоңіл күйі шарықтап отырды. Бірақ тар қапастың шаттығы қысқа, қасіреті қалың — бейне бұлт арасынан шыққан күндей жалт еткен жарқын шырайға ілесе жүзге қара көлеңке қаптайды. Бақытжан әлгідегі жазу шаттығынан сарқылмас ауыр ойдың құшағына қайта енді.

Ол тағы да басын көтеріп, көзін жогарыдағы бітік көз терезеге тікти.

...Көкемнің ақтық ашқан көзі әлі қарап тұр. «Бар үмітім сен» деді ол көз жұмарда. Найзаға салып әкелген інісімен қатар жатып қалды, мәңгі жатып қалды. Оққа ұшқандарды күтіп отыргандай бірге кетті. Бәрі қатар қалды сонау Тұздықөлдің төрінде...

...Неше ай өтті онан кейін? Кім біледі қанша күн өткенін. Екінші күціреніс басталды, қаралау-жазалау басталды. Бұл бәрінен де ауыр тиді. Бас кетерген ерді

үйімен көшірді, үрнағымен алысқа айдады. Бұкіл Орманға қараганның бәрін айдады. Кәрі Құсепті, оның үлдарын: Ахметшені, Шөңгөререйді, Сәлімгөререйді, Эділгөререйді... үй іштерімен көшірді. Қек қарулы солдаттар келіп көшірді. Мені де көшіретін еді, бірақ кекем дүние салып кетті, сондықтан қалдым, жас болған соң қалдым. Дәuletше ағамның Батыры да жас қалды. Екеуміз гана қалдық бір тұқымнан — біріміз тогыз жаста, біріміз жеті жаста. Ол күнде айдау орынның қай жерде екенін де білген жоқ едік. Қәдімгі Екатеринославская губерниясындағы Старосербск, деген қала екен ғой. Бұтін сұлтан атаулыны сол жаққа аудармақшы болған екен. Қазақ даласын билеп қалған сұлтандарды даласынан да, елінен де біржола көзің жоғалтып жіберу саясаты. Бұл тек қана 1869 жылы тап болған саясат емес, мұның төрі әріде, сонау Нұралы ханның кезінен басталған еді ғой. Нұралының езі жер аударылып, сүйегі Уфада қалды. Баласы Орман Нұралиев Петербург түрмесінде өлді. Енді сол Орманның баласы Құсен Нұралиев барлық баласымен кетті. Жалғыз сұлтандар гана емес, 1868 жылғы, «Дала низамына» қарсы бас көтерген Байбактының төрт жұз біі мен батырлары каторгага жөнелтілді. Жарқын Жұніс би мен Барқын Сенгіралі батыр Орынбордың тар қапасында өлді. Сейтіп мыңдаған жандар ез даласында жан берді, жүздеген жандар Орынбордың, Сібірдің қараңғы үйі мен айдауында жүріп дүние салды. Осы еді ғой елу жыл бұрын күніренгені далаңың! Осы еді ғой бостандық іздеген арманды ерлер! Сол еді ғой тәндік жолына қол созып, қараңғыда қарманған асыл жандар. Қазір мына біз отырмыз! Отарщыл патшаның қанды тағы мен тәжін жоқтаған ақ генералдардың рақымсыз шенгелінде отырмыз...

Камераның есігі кенет салдыр ете қалды.

— Киргиз бабай,— деді темір есікті салдыр еткізіп ашқан түрмеші,— сақалынды қыргыз.

Түрмешіге мойнын баю гана бұрган Бақытжан басын шайқады. Түрмеші:

— Қыргызбайды,— деп, кейінгі жақтағысъ на жауап қатты да, есікті күлдір еткізіп қайта жалты.

— Сотқа әзірледі...— деді Бақытжан өзіне-өзі,

Әскер сотында айыптаушы прокурор да, жактаушы адвокат та болған жоқ. Сот мәжілісі өрт сөндірге асыққан адамдардың қымылдындей болды. Сот председателі генерал Емуганов екі заседатель подполковникпен кіріп келіп тез стол басына отырды да, істерді шетінен ашып жіберіп:

- Айыпкер Дмитриев бар ма? — деп бастады.
- Бар, — деді Дмитриев түрегеліп.
- Аты, жәнің?
- Петр Иосафович Дмитриев.
- Айыптау қорытындысында көрсетілген июнь заңы бойынша өзінді айыпты деп санайсың гой?
- Жоқ.
- Отыр. Айыпкер Червяков бар ма?
- Бар.
- Аты, жәнің?
- Павел Иванович Червяков.
- Айыптау қорытындысында өзіңде тағылған айыпты мойындастың ба?
- Жоқ.
- Отыр, — деп, әрмен қарай соза берді.

Айнала казак-орыс жұздігі қоршаган сот үйінің іші де жалаң қылыш көтеріп тік тұрған офицерлерге толы еді. Сол кек қарулы әскери адамдардың ортасында жиырма бес айыпкердің сұрау тәртібін генерал бір сағатқа жеткізбей-ақ бітірді. Ақтық сөзді баса айткан Дмитриев пен Червяков қана болды. Басқалары қысқа-қысқа сейлем, «жазықты емесліз, босатуынызды сұраймыз» деумен тоқтады. Ал қолы сыйнип, денесі ауыр жарақатқа ұшыраган Нуждинді носил-кага салып әкеліп еді. Ол:

— Революция жеңдеттеріне жауап бермеймін, — деп, бар жауабын бір-ақ ауыз сөзben бітірді.

Кезек Бақытжанға да көлді.

— Алдын ала тергеу үстінде бізді: «Хұкіметті құлату әрекетін жасап, бағынып тұрған заңды мемлекеттерінді қарулы күшпен жоқ етуге кірестіңдер» деп айыптады. Прокурор осы айыпты қолдап, июнь заңы бойынша ең ауыр жаза берілсін деген қорытынды шағарды. Әскер сотының председателі сіз де осы алдын ала тергеу мен айыптау қорытындысына иек сүйедіңіз — тексеру, талдау, екі жақтың пікірін салыстыру тәртібін қолданбастаң істі өте жұмарлап, тек

қана үкім шығаруға — жаза кесуге тіреп отырсыз. Сондықтан мен жалпы тәртіп бойынша өзімді өзім жақтау правосымен пайдаланғым келеді. Сіздің айтыңызша бұл ақтық сез болып саналады. Жоғарғы «Хұкіметті құлату әрекетін жасадындар» деген айыппа қосымша маган тары да: «Қыргыз халқын қайрымды Ресей патшалығына қарсы қоюға үтітеп, сахарада бүліншілік туғызып келдің» деген кіна тағылды. Менің бұл бірінші айыппен екінші пункттегі кінәға қысқаша айтарым: менің алдында жауап берген облыстық совдеп председателі Петр Иосафович Дмитриев жолдас бізге қойылған «айыштың» айып емес екендігін дәлелдеп өтті. Бұған қосар нәрсе мына темендерігі аксиомалық жағдай: Ол: сіздердің бізге құлатпақшы болдыңыз деген хұкіметіңіз әлдеқашан, 1917 жылы 12 февральда құлаған. Оны құлатқан Орал қаласының азаматтары емес, бүкіл Ресей азаматтары, яки орыс халқының өнеркәсібін жүргізіп, халық байлығын жасап жатқан жұмыскерлер мен империяның тәң жарымы болып есептелетін крестьяндар, солдаттар мен оқымыстылар. Бұларға ұлт тізгінін өз билігіне алуға тырысқан буржуазия әкілдері де қосылды. Осылар монархияның тозығы жеткенін дәлелдеп, үш жұз жылдан астам патшалық етіп келген Романовтардың ақтық уәкілі екінші Николай императорды тарынан бездірді. Бұл оқиға тарихтың қалауымен болды — бүкіл әлемге әйгілі шындық болып табылды. Ал, ескі тәртіп жойылып, енді жаңа тәртіп орнататын бүкілхалықтық Құрылтай бас қосқанша уақытша хұкімет басқару ісі буржуазияшыл партиялардың уәкілдері — Родзянко, Милюков, Керенскийлердің қолына көшті. Бұл уақытша хұкімет Ресей халықтарының жүзден тоқсаны көздеген мақсатты орындағаннан кейін, яки соғысты тыюға, қара шаруаға жер беруге, алпауыт-помещиктердің озбырлық құлқынына тыйым салуға қабілеті жетнегеннен кейін барлық билікті Советтер өз қолына алды. Екінші сезбен айтқанда Ресейдің жұмыскер табы мен крестьяндар және солдаттар әкілдері революцияшыл хұкіметін қурды. Бұл жаңа хұкімет Петербург пен Москвадан бастап барлық ірі қалаларда — ішкі Ресейде тегіс орнатылды. Біздің Орал облыстық Совдеп осы революция жолымен құрылған бұқарашыл хұкіметтің белімі болып есептеледі. Өйткени Орал губерниясының барлық уездерінен сайланған халық әкілдері съезд анып, сол съезде

Советтің облыстық атқару комитетін тағайындағы. Айта кететін басты жайт: екінші Николай императордың тақтан безуі заңды жолмен істелді, Романов тақтан бездім деп өзі мәлім етті. Ал Родзянко — Керенскийдің уақытша үкіметі өзінен-өзі мансұқ болды. Уақытша нэрсөнің бәрі де осылай, олардың үзақ өмір суроін халық қаламайды. Бұл тарихтың логикалық жолы.

Енді маған тағылған екінші айып жөнінде. Бұл — менің қыргыз халқын рақымды Ресей патшалығына қарсы үгіттеуім жайлы. Ең алдымен: қыргыз халқына Ресей патшалығы рақымды болған жоқ. Мұны мұна тарихи документтерден айқын көруге болады. Бірінші документ: Орынбордың генерал-губернаторы Неплюевтің ұсынысы бойынша сенаттың 1744 жылы шығарған қаулысы. Екінші документ тайный советник Левшиннің «Қыргыз-қайсақ» елінің тарихы шолу» деген еңбегі. Үшінші документ либерал жазушылар — Н. А. Середа мен А. И. Добромусловтың 1891 жылғы, 1902 жылғы «Русская мысльдағы» еңбектері.

Бірінші документ бойынша, яки 1744 жылғы сенаттың — мемлекеттік советтің құпия қарапы бойынша қыргыз-қайсақ ордасының Орынборга қараған белгі тегісінен жоқ етілмекші болды. Бұл қыргызыды бастау үшін генерал Неплюев Орынбор мен Орал атты казактарының полктарын, Астрахань мен Қазан қалаларындағы полктарды, Дон бойының казактар мен қалмақ полктарын қазақ даласының кіре берісі Орынбор өлкесіне жинақтай бастады. Бірақ қазақ халқының бақытына қарай Азия мемлекеттері мен Ресейдің екі арасы қатты шиеленісіп кетті дә генерал Неплюев бастаған зұлымшылық аяқталмай қалды. Азия елін, әсіресе көрші отырған Орта Азия хандықтары мен Түркия, Персия мемлекеттерін өзіне қарсы қойып алу қаупі Елизавета патшаны қазакты қырып тастаудан бас тарттырды...

— Орындалмаған идея заңды документ болып саналмайды.

— Генерал мырза. Бұл идея орындалса мен сіздің алдыңызда мазаңызды алғып тұрмаган да болар едім. Элбette, бұл зұлым идеяның орындалуын тарих қаламады. Кешіріңіз, мен актық сөзімді айтып бітіруге праволымын деп білемін. Міне, осы документтің өзі-ақ Ресей патшалығының рақымды еместігін дәлелдей отыр. Ал, екінші документ: сұлтан Қаратай Нұралы ұлының, яки мениң атамның 1805—1818 жылдардағы

кетерлісів, сұлтан Қайынқали Ешімұлы мен Беріштің би Исарай Тайманұлының 1829—1838 жылдардағы кетерлісін, батыр Есет Көтібарұлының 1847—1858 жылдардағы кетерлісін баяндайды. Ал, Середа мен Добромысловтың белгілі еңбектері осыдан елу жыл бұрын болған 1869—1872 жылдардағы Кіші жүз елінің патша хұқіметіне қарсы жаппай кетерліген кетерлісін баяндайды. Откен гасырдың екінші жартысында болған қазақ елінің бұл соңғы кетерлісі патша хұқіметінің біржола табан асты етегін отаршыл тәртібіне қарсы тұру еді. Өйткені 1868 жылғы патша хұқіметінің қазақ даласын билеу тәртібі жөніндегі «Жаңа низамы» қазақты жерінен айырды. Тіршіліктің кезі болған жерді қазақ шаруасының қолынан алып, оған жалға беретін болды. Бұрынғы сұлтан-правительдер билеген тәртіпті жойып, уездік начальник билейтін болды, болысты сол уездік начальник бекітетін болды. Вір болыста бір мешіт қалдырып, оның молласын сол уездік бастық тағайындалған тәртіп орнатты. Алым-салықты бұрынғыдан екі есе арттырды. Жермен бірге су да қазынаның қарауына кешті. Валықты қөлдер жеке адамдарға сыйлық есебінде берілді. Жердің шұрайлысы да губернатордың қарауымен, хұқіметтің жарлығымен патша сыйлығы есебінде құрметті адамдарға тарту етілді. Сейтіп жерден, судан айрылған, езін-еzi басқару тәртібінен жұда болған, діні де патша чиновнигінің қарауына көшкен халық бас кетерді. Бірақ қарулы әскердің күшімен бұл кетерліс ракымсыз түрде тұншықтырылды. Мындаған адам қаза тапты, сансыз үй малсыз, қарасы қалды. Вас кетерген аваматтардың торт жұзден астамы өлім жазасына кесілді, кеп адам Сибирге каторгага айдалды, бірқатары түрмеде қаза тапты. Міне, осындағы күшпен езуге кіріскең, теңсіз мал есебінде ұстаған патша хұқіметін ракымды хұқімет деп қазақ халқы айта алмайды. Сондықтан отаршылдықтың зардабын тартқан қазақ елі бас бостандығын көксемен келеді. Бұған кешегі сіз бен біз күе болған 1916 жылғы қазақ даласының актық бүлкүнисі бірден-бір дәлел.

— Юрист Қаратасев, киргиз халқына бас бостандығын Ресейден белініп мемлекет болу арқылы ғана әптермек болдының той?

— Жоқ, генерал мырза...

— Онда Досмухамбетовтерге иеге қарсы боласы?

Досмұхамбетовтер ез алдына терезесі тәң автономия құрып, Войско ҳұқиметімен союз есебінде иғлі іс істеп отыр.

— Азаттық пен тәндік белініп шығумен ғана кемеліне келмейді. Кім азат болды, кім тәндік алды деген екінші сауал бар. Азаттық Ресейден босану ғана емес. Азаттық пен тәндіктің түп тамыры адамды адам тәң санамау, адамды адам құл етумен байланысты. Бір мемлекеттің ішінде тоқсан турлі ұлт болуы, сол тоқсан турлі ұлттың праволары бір-бірімен тәң болуы мүмкін. Сонымен қатар бір мемлекеттің ішінде бір ұлт қана, қоспасыз, тек өзі ғана емір сүруі мүмкін. Алайда бұл жағдай азаттық пен тәндіктің толық түрде жемісін жегізеді деу қыны. Өйткені азаттық деген: басың бос, еңбегің бос болсын деген ұғымнан шыққан, біреуді біреу құл етпесін деген тілек-арманнан туған. Мен құлдықтың ашық түрін ез кезіммен көрдім. Калмыков уезінде уездік начальниктің серігінде қызметкер болған Жарқынбай Есниязов деген азамат болды. Бұл азамат орысша, қазақша білім алған саналы жігіт еді. Менің он бес жасар кезім, сол Есниязовтың үйінде Төлебай дейтін шалды көрдім. Шал сол кезде 75-те екен. Жас кезінде он бес-жынырмадағы Төлебай мен Есниязов қазақтың жауынгер руының бірі Серкеш Бопылдақ деген батырдың түрікпендермен жауласқанда қолына түседі. Бопылдақ Есниязды бір серігіне тарту етеді де, Төлебайды малшы етіп ез қоянда қалдырады. Ол жақсы малиш болады. Бері келе Төлебай өзіне жар табады. Жары өте сұлу бір қазақ кедейдің қызы екен. Әрі батыр, әрі бай Бопылдақ құл орнында журген Төлебайды піштіреді де, сұлу келіншегін тоқал етеді. Сол Төлебайды 75 жасына келгенде інісі Еснияздың оқыған баласы Жарқынбай келіп, Бопылдақтың балаларына 600 сом ақша беріп босатып алады. Міне, қазақ даласындағы құлдықтың сонғы кейіпі. Бұл құлдықтың жабық түрі бар, ол: дәүлетті, құдіретті би мен байлардың қолында емір бойы қоңсызы болып, тамагы үшін бар жұмысын атқаратаң кедейлер, байдың байлығын арттыратын солар. Олардың орыс крепостнойларынан айырмасы шамалы. Орыстың крепостнойларыңқ правосының жойылуы да біздің бала кезімізде. Құлдық жолы кеп азаппен, қанды күреспен ғана шешіліп келеді. Бірақ қаша ауыр болса да халық оны біртінде жоюмен келеді. Мына алдыңызда отырган Дмитриев крепостнойдан

босаган Йосафтың баласы. Әңгіме қазір басқада, азаттық деген сөздің өзегінде болып кетті. Ал, сіз генерал мырза, «мына Жымпityдағы Досмұхамбетовтер ез алдына автономия құрды, терезесі тең мемлекет жасауға кірісті» дедіңіз. Сөз жоқ, олардың автономиясы ұлт тәндігіне бір адым жақындаған автономия. Тек қана бір адым. Неге дерсіз? Біріншіден — ол Родзянко мен Керенский құрган уақытша хұқімет тектес. Мұндай автономия Коқанда да құрылды. Оның бастығы да Жанша Досмұхамбетов сияқты адвокат Мұстафа Шоқаев. Бұл Жанша мен Мұстафаның автономиясы елдің ең беделді деген билері мен дәүлетті жандардың қолдауына сүйенген автономиялар. Билік сол бір уыс дәүлеттілердің қолында. Әкімшілік тәртібі Керенскийдің жетегінде болды. Өйткені бөлек мемлекет болу үшін алдымен ақшаң болуы керек, ақша болу үшін банк системасының құрылуы шарт. Банк системаңа негізгі тірек ез ұлт байлығынды өндіретін өнерлі кәсіпорның болуы қажет, ол кәсіпті еркендетуге керекті ішкі-тыскы базарың, базарға жеткізетін жолың, ол жолды тәртілтейтін аппаратың — осының бәрін қорғайтын ұлт әскерің дайын тұруы шарт. Ілкі пікірте қайта оралсақ: ұлт тәндігі азаматтың бостандығын, еңбектің азаттығын тілейді. Еңбек азат болса халықтың ең қымбат асыл мүлкі ез қолыңа көшкені. Өйткені бар байлықты табатын, бар қазынаны өндіретін ұлт азаматтарының жүзден тоқсаны. Сол тоқсан өзін-өзі билемей азаттық пен тәндік жоқ...

— Қысқасы, султан Қаратаев Досмұхамбетовтердің автономиясына да қарсы!.. Большевиктер платформасын жақтаушы, солай рой, тұтқын Қаратаев? — деді Емуганов кекесінді үнмен. Жанындағы екі полковник көрі адвокатқа түйіле қарады. Бірнеше секунд сөз үзіліп кетті.

— Гапу етіңіз, генерал мырза, мен сөзімді аяқтауга тырысамын. Алиысқа талу жастың ішінде өмірдің көп оқиғасын бастаң кешірдім, көп кердім, көп білуге тырыстым. Осы тәжірибем жоғарыда айтқан азаттық пен тәндіктің мағынасын талдаң түсінуге соқтырды. Шын мағынасында социальның тәндік пен азаттық орыстың жұмыскерлері көксеген тәндік пен бостандыққа ғана тіреледі. Орыстың крестьяндарына да нағыз бақытты тәндікті сол жұмыскерлер әптерді дең білемін. Ал, патша хұқіметінің отаршылдық саясатының арқасында жашылып қалған қыргыз, та-

тар елдері ең тәуір, ең әділ теңдікті, ең бақытты азаттықты сол жұмыскерлермен қол ұстасып қана табады деп ойлаймын. Осыған сенемін...

— Бітті ғой, Қаратаев, сезініз?

— Бітті, генерал мырза. Сіз бен біз кетерміз. Біздің орнымызга басқа адамдар келер, жаңа адамдар келер. Өйткені ол жаңа адамдар көп, олардың тілегі мен арманы бөгетсіз, ол өмірдің өзі сияқты тасқын судай кемерден шығып келе жатқан тіршілік тілегі. Бойға сіңген ескі әділетсіздікті, анадан туганда бірдей тұган, тең тұған адамды сен жоғары, сен төмен деп белуді бұл өмір тасқыны жуып кетер. Адамды адам деп қана қарайтын әділ қазы келер. Мүмкін біз мұны көрерміз, мүмкін көрмеспіз. Бірақ тап осы сезімізді жә бүгін, жә ертең оқитын талапты ұрпақ келер. Солар бәрін де салмақтар, бәрін де үгар. Өйткені көп азап шеккен, көп қасірет тартқан адамның арманы орындалмай қалмайтынына менің көзім әлдеқашан жеткен. Мен болдым, генерал мырза.

— Түрекел! — деп айқай салды сол хатшысы.

Кіріптар большевиктер біртінде орындарынан кетерілді.

Нуждин орнынан тұрмады.

— Сот мәжіліс бөлмесіне кетеді деп жариялады, — деді генерал Емуганов.

Ол ауыр нәрсе арқалаған адамдай, ең иығы қисая түсіп екінші бөлмеге жүрді. Екі офицер оның соңына ілесті.

Әскер сотының хұқым шығару мәжілісі бірнеше минутка ғана созылса да, бұл қарт Бақытжанға ете ұзақ көрінді. Оның ойы тағы да Жем бойын аралап кетті; елу жыл бұрын болмаган қанды қырылышты қайтадан көріп етті, ойымен көріп етті...

— Ия, — деді көрі адам өзіне-өзі. Ол сөл ғана күрсініп қойды. — Олар ер жүректі адамдар еді...

Қатарында отырган тұтқындар оның өзімен-өзі сейлескеніне таң қалған жоқ. Жасы келіп қалған адамның тарығуы оларға тіпті орынды сияқты көрінді. Бірнеше сағаттан кейін ақтық күрсіну... ақтық дем рой...

— Қайда сол ер жүректі жандар? — деді Бақытжан басын кетеріп.

Оның көзі коршап тұрған қарулы солдаттардан жоғары, сот үйінің терезесіне қадалды, терезеден де

әрті Жайықтың арғы жағындары қазақтың жалпақ даласына тігілгендей болды... Жалпақ дағаның ер жүректілерін іздегендей болды.

## ЕКІНШІ ТАРАУ

### 1.

Ер жүректілер қырда қырқысып, ойда айқасып жатыр еді.

Жазда Қызыл ағаш түбінен қайтқаннан кейін Нұрым тұңжыр журуді.

Ер кеңілді жастарға бұл бір шала шабуыл болды. Учитель оңай қолға тиіп, егескен болысқа бір қамшы сілтемей қайту ежелден тентек елдің дүрліге аттанған жігіттеріне аңан құр қол қайтқаннан да ауыр тиді. «Ең болмаса болыстың інісін тақымға басып қайту керек еді», — деп олынғандар да аз болған жоқты. Бірақ қартайғанда жігіт жинап шабуылға аттана беруге аса зауықты болмаған Жұныс хажы: «Қален келді. Шаруа түгел, енді кері қайтындар», — деп жарлық берген соң ешкімнің сыңар лагына да зиянын тиғізбей, жер қайыстырған қалың топ келген ізімен кері елге ойысқан еді.

Бұл сапар берінен Нұрымның кеңіл-қошын қауса-тып кеткендей. Көздеңеніне қол ұсынбай қалмайтын және ойға алғанын орындаған кеңіл тынбайтын алғыр ақын тіл өнерін де, қол өнөрін де бір армансыз алға сала алмай келе жатқан сияқты. Өзі сезге шешен, көп оқып, көпті көрген жас оқымысты Ораз оған әлденеше рет: «Нагашы, сен алқалаған кептің орта-сындаған жүретін жансың. Әсіресе сенің орның жастардың арасында. Сен солардың аузындары жыры, кеудесіндегі үнісің» деп еді. Бұл Нұрымды үлкен ойға салған. «Мен не бітіремін елде жүргенде?» деген бір беймаза ой оны тынымсыз мазалайтын болған. Вірақ «Қайда барамын елде жүрмегенде?» деген қара ма-қарсы екінші ой мұны тұншықтыра қоятын. Қазір не жаз басындағы жастардың арасында танатқанша отырып өлең айтатын сайранды сауыр жоқ, не кеңіл кетеретін ел-елдің бас қосқан той-топыры жоқ. Не сырласарлық Ҳакім жоқ, екі күндей бірге жүрген ақылгей Ораз жоқ — бейнебір жынынан айрылған бақсыздай, бар ермек пішен... Пішен басын-

дагы құржың-құржың қыбырлаган Бекейдің белгілі бейнесі. Ұзақ күнге оның сары алтынға сатып алғандай-ақ айтатын, жалғыз ауыз сезі.

Қайыпқожаның жесір кемпірінің жапырайған шым кепесіне қарай асып кеткен жалғыз аттылығана оның кезіне ілікті. Вірақ мұның кім екеніне назар салып көз тікпестен Нұрым шемеле тубінде бір жанбастап жатып алды. Ол бір сөт ойға кетіп, еш нәрсеге көзіл белмегендей болды. Бірақ қашша уақыт еткенін анғармады.

— Пішen болса мынау, елі шемеледе жатыр. Жанбыр жауса құрыдық,— дед, тап құлақ тубінен ызыңдаган шегірткедей Бекей шыр ете қалды.— Сен жұмысқа қожырап кеттің.

Бекейдің бұл сезін нақ өзіне арналған кінаратты сез болса да ол жауап қатпады. Қисайып жатқан күйі қайда келіп ауызга түскенін өзі де байқамай, жакында естіген бір ауыз елеңді ішінен күбірлей берді:

Бұабай құлан пісірмей...  
Мұз үстінде от жақпай...

— Бала, сен айтқанды естисің бе... жұмысқа қожырап кеттің...

Нұрым елеңін тағы қайталап, баімен-өзі сейлесіп жатқан сияқтанды... Аздан кейін Бекейге жүзін бұрды. Вірад оның сезінің аяғына назар салған жоқ, тек қана «Бекең бүгін сезге суырылып кеткен бе?» деген танырқаған пішінмен бетіне қарай қалды. Шынымен күйіп-шісп келген бұл адамның жузінде бір аянышты пішін пайда бола қалған. Екі кезі Нұрымның жыбырлаган еріндеге, үрейі үша қадала қарап тұр. Тіпті Нұрымға көз жанары ылғалданып, жас баланың жылар алдындағы түрі елестеді. Нұрым куліп жібере жаздал, тез өңін сұрлаңдыра қойды.

— Астагыпрыалла, аруақ!— деді Бекей, онан жаман үрэйленіп.— Астагыпрыалла, аруақ!

Ол кейін шегінді, бірақ көзін Нұрымның жыбырлаган ерініен айырмады. Нұрым Бекейдің қорқып кеткен себебін жаңа түсінді.

— Арқам үстап жатыр; ауп, ауп, ей ауп!— дед, Нұрым жауырының қайшылай түсті.

Бекей Нұрымды бұрыннан арқалы деп түсінетін. Оның кей кезде ішінен елең жатташ, басқамен ісі болмай, ерің жыбырлаш, даусы күбірлең кететін кезең-

дерін ақкөңіл, өрі надан Бекей «аруагы келе жатыр» деп сескеніп, кері шегініп кететін. Қазір де күні бойы қабагы салынып, жарытып жұмыс істемей, қара сұр беті қөгілдір тартып кеткен Нұрымды «аруақ қысып, құрыстап қалған екен» деп білді.

— Нұрымжан, қарагым, бабам де!

— Кетті, Беке, арқам жазылды,— деп күлді Нұрым басын кетеріп алып.

Ол бала құлықты Бекейді үрейлендіре беруге аяда. Қабагын да тез жазып жіберді, жүзіне де жарқын шырай жүгіртуге тырысты.

— Е, қарагым, бәсе, құрыстағаның жазылады. Бабам де, бабаның аруагы, бабам десең болады...

\*Бекейдің жүргі енді орнына түсे бастады.

— Мен сені жай жатыр екен десем...

Бекей Нұрымның жатқанын да, «аркасы ұстағаның да» қоштағандай жұмсақ шырай көрсетті. Нұрым орнынан түрекеліп, керіліп:

— Беке, домбыра тартқым келіп түр. Бұғін Сүлеңең үйіне барып қайтпасам болмас. Қайда кеткенімді қартқа айтпай-ақ қоярсыз,— деді.

— Жоқ, жоқ. Айтып қайтейін. Пішенді Тояш екеуміз де ақырындан үйе береміз,— деді Бекей, Нұрымның қызырып қайтуына қарсы болмай.

Нұрымга керегі де сол еді. Ол жалма-жан Бекейді шап беріп белінен құшақтай алды да балаша жоғары көтерді.

— Қалай, ініңнің күші жете ме? Лақтырып жіберіп, қағып алсам ба екен қақпақыл етіп.

— Ой, Нұрымжан, айналайын, қоя бер. Қой қарагым, қой, қате болып бір жерімді мертіктіріп алармын,— деп шырылдай қалды, Бекей.

— Көтеріңкірейін бе?— деді ол, кішкене Бекейді екшеп-екшеп иығынан жоғары аспандата түсіп.

— Айналайын, Нұрымжан! Садағаң болайын, қой! Қате жасайсың...

Нұрым оны көтеріп тұрып, Қайыпқожаның жесір кемпірі үйі жағынан шыққан аттылыны, аттылының алдына түсіп құржың-құржың жүгірген баланы көрді.

— Анау кім, Беке, жоғарыдастың ғой, көзіңіз жете ме?— деп сұрады аттылы мен баланы көрсетіп.

Бекей жерге түсуге тырысып, Нұрымның кеудесін төмен сырғанай бастады. Нұрым оны аяғынан дік еткізіп жерге қоя қойды да:

— Ана аттылыны айтам,— деп қолын шошайтты.  
Бекей бірден таныды:

— Нұрыш қой.

— Ол не қылып жүр бұл жақта?

— Қалиды алып кете келген. Қойшы емес пе. Қашып келіп не күн көреді ол...

Нұрым үндемей қалды. Оның көз алдына Бакының өлігін алып барғаны, Шұғылдың қарсы шыққаны, әкесінің зиратына қоюға рұқсат етпегені, Қалидың қызыл азбанды қасқырга алдырып үйіне қашқаны, оған арашашы болып қуып келген жігіттен айырып алғаны тізіле қалды. «Мені ұрып өлтіреді...» деген кішкене Қалидың үрейлі үні құлағына шалынып кеткендей болды. Сұрланып, өңі өзгеріп кеткенін Нұрым өзі сезген жоқ. Бірақ «аркалы» өлеңшінің тағы да жауар бұлттай түнере түскенін Бекей бірден көрді.

— Нұрым... сені буып тұр білем, бабам де...

— Бабам...— Нұрымың тістері шықырлап кетті.— Бабам... бала болып кеткенсіз бе?

Бекей Нұрымың неге ашуланып, неге түтеп кеткенін түсінбеді. «Мұның қалай» деп сұрауга бата алмады. Бар болғаны:

— Бабам деген жақсы гой... бабам деген жақсы гой,— деп күмілжи берді.

Аттылы Нұрыштың алдына түсіп бөденедей бүгегектеген Қали, бір кезде кері қарай жалт беріп қаша жөнелді. Нұрыш тез бұрыла алмай, атпен алыстан өрагытып, қолбаңдай шауып келіп оған қамшы сілтеп қалды. Бала үршықша үйірліп оның екінші жағына шықты. Аттылы енді тез айналып, баланы бой жаздырмай, тақымын тәжей қимылдаپ, қамшыны сілтеп-сілтеп жіберді...

Нұрым ойланбайды, жүгіре жөнелді. Ұзын адам аршындағанда да мүшелік жерді әп-сөтте алып қоя береді, ал жүгірген кезде бұратылып ебедейсіз көрінсе де ізінен жел естіртіп жіберді. Нұрым бейне аяғын кесіле тастаған бурадай бүктетіліп, зулап бара жатты. Вір пәленің боларын біліп қалған жаиша, бірақ оған амал-айласы жоқ, дәрменсіз үнмен Бекей:

— Қап, мына бәленің көрдің бе? Қап, мына бәлениң,— деп тамсаңды, әлде жүгірген Нұрымға, әлде бала күған Нұрышқа риза болмай.

Нұрыш жүгірген Нұрымды байқамады. Ол таспасы мен бізін кезек-кезек жұмсал жұлықты көктеген

стікшіші басын кетермей, бірсеке аттың тізгінің оңга, бірсеке солға бұргыштап, қамшыны дәл сілтеп, бала-ны алты өрменің астына ала берді. Әудем жер келіп қалғанда ғана ол Нұрымға бұрылды. Бірақ десбісінен жаңылып кеткен тақуадай, ерні жыбырлап:

— Оңкей оңбаран! Бас пайдасын білмейтін неме-лер! Көрдің бе мұның! Қап, қараши,— деп жүгіріп келе жатқан адамға назарының бекерге ауганына өкінгендей болды. Ол Нұрымды қапелімде танымай қалды. Оған «қайда көрген адамым?» деп таңырқаған жанша қадалды. Сейтті де қашқан қойшысын ұстап беруге келе жатқан адам деп ойлад:

— Ұстап берші, ана бас пайдасын білмейтін еса-ланың немені,— деді.

Қуа соққан арқасына қамшы батқан бала бой жа-зып құтыла алмайтынын білгеннең кейін айла жасап аттылыны шыр айналып әрекет жасап еді. Ол қаса-рып көзіне жас та алмай, ызалы пішінде, тіпті қолы-на табылса тас кесек алуға да ойы бар-ды. Бірақ үлкен Қарақоганың тақыр қырқасында қолға ілігерлік ке-сек жоқ еді. Сонда да ол қару етуге ыңғайланып жерден тырбанып жүріп бір түбірлі қурайға қолы ғлакті. Енді басын кетеріп ыңғайланған бергенде, оң жа-ғынан екпіндеп келіп қалған Нұрымды көрді. Нұрым-ды көрді де оған арқа таңып, түйеге басын қисайтып айбат шеккен лақ текедей, қурайын қос қолдан ұстап, сол иығын көтере, оң иығын қигаштай көрі тастап, соқпакшы болып ат үстінде Нұрышқа ұмтыла берді.

— Экенің құны бар ма бұл балада, Шұғыл тірі ғой,— деді Нұрым ентігіп. Оның екі иығы бір жоғары, бір тәмен көріктей кетерілді, жүгірген үстіне ашу қысып дем ала алмай бұлығып кетті. Жүгіріп жеткен адаминың белгілі Нұрым екенін, оның баланы ұстап беру емес, қорғау ииетімен келгенін жаңа ғана түсін-гендей, Нұрышқа таңырқап, бір сәт кідіріп қалды. Бірақ өзі ғана емес, әкесіне, кедімгі Шұғыл жажыға тіл тиғізе киліккен жылды Нұрымның сөзі оның өн-менінен найза салғандай болды.

— Не оттап тұрсың, аттылыға көлдененниен жүгір-ген иттей арсыладап. Өлде сенің де жауырының қы-шып тұр ма мынаны көрген соң,— деп, Нұрымға қо-лындағы жылан бауыр алты өрмені көрсетті.

— Иә, қышып тұр... Байқап көр!

Нұрыш ойланған жоқ. Адам сабап атағы шыққан ұрысқұмар болмаса да, мейманасы асып журген Нұ-

рым, ты ат үстінен бір соғын әтейін деген озбър ниет оны біржолата билеп кетті. Тебініп қалып ол құр қол Нұрымға атын омыраулата ұмтылды. Нұрым қорғанудан зорі бассалуға дайындалды — оның екі көзі ат үстіндегі адамның қимылында болды да, денесі бүктеген болат серіппедей жиырыла түсті. Сол қол тәбесінен тәнген қамшыны қағуга, он қол жағара жармасуға ыңғайланды. Жаяудан аттылының ежелден кеудесі жоғары, қимылы басым келетіні мәлім. Нұрыш бұл ұзын қараны атқа да тапатып, қамшыға да арқасын остырып беруді көздел, үзенгіге шірене қолын қарыштай сілтеп етті. Бірақ жыландай кезенген адамға бетпе-бет тақап келгенде ат жалт берді де, сілтеген қамшы Нұрымға дөп тимей делегейлене қалған оның нанке бешпетінің етегіне оралып былқ етті. Нұрыш екінші рет оралды.

— Құтырган екенсің сен, бір емес, екі емес, менің қойшыма ара түсіл. Экем би деп сен де көрінгенге жалыңды құдірейтетінді шыгардың ба? — деп ол ақырып жіберді. Нұрыштың аты бұл жолы тайсалмастан Нұрымға омыраулап келіп қалды. Қашса қуалай соғатынын, қашпаса атпен қақтыратынын көріп, Нұрым оған қалайда жармаса кетуге бел байлады. Бірақ алдынан жармасып атты тоқтатып болмайтынын, тоқтатпаса өзі астына түсіп қалатын қаупін сезіп, ол көлдененең ұмтылуға тырысты. «Қап, атпен келменген екеммін. Қамшысын қағып жіберіп, өзін жағадан алыш бір, жерге сілкіп түсіретін» деп өкінді ол ішінен. Ол аргы жағын айла-әдіске салып әрекет етуге үлгермеді. Алдындағы қарғитын мысықтай құдірейген адамнан ат жалт беріп бұрылыш кетті. Тағы да қамшы сарт ете қалды. Бірақ бұл жолы алты өрме Нұрымның етегіне оралған жоқ, он жақ қарын орайтип, ұшы асып барып жамбасқа сарт етті де, кері тартқанда қарғып ұмтылған ұзын қолға топшысы ілікті. Осып кеткен жылан бауырдың төрт қырлы топшысы қарысқан уысқа қадалып қалған сияқты болды — оны жә ортасынан үзіп, жә ат үстіндегі Нұрыштың қолынан жұлып алмай айрыларлық болмады. Екпінімен жанамалай жүгіре түсіп, сонсоң тоқтай қалып шалқая бір тартты да аттылы солқ еткен кезде қарғып барып оның етегінен ала түсті. Нұрым қамшыны да босатпады — басқа согар деп қауіптенді. Мықты атты қарулы мырза жерден жармасқан жігіттің қолында балаша тәңкеріліп қала бермеді, сол

қолымен аттың жалын құша, тақымды қысып жіберіп, ат қабырғасына өкшесін қадай түсті. Ол Нұрымды дедектетіп сүйреп, аттың күшімен кекпарша тартпақшы болды; есік пен төрдей жерге дырылдатып алыш та кетті. Нұрыштың үстінде бешпет, сыртынан киген мақталы қызыл шапаны бар еді, оның қамшымен қоса қоса қолдан ұстаган өнірі Нұрымды сүйреуге жааралықтай екен — не жыртылып, не жұлышып кеттін бәле көрінбеді, ал жә исесін аттан төңкеріп түсірмей, не қолға іліккен қамшымен қоса шапан етегін жұлыш алыш қалмай Нұрымның қолы да жазыларлық емес еді. Әрі денесіне қамшы тиіп, әрі мына кекпарша сүйреген ит қорлыққа шыдамай ол түтеп кетті: екі көзге қан толды, түсі қара бурыл тартты, шықшыт ет түйіліп қалғанға үқсады. Ол қалайда бұл мейманасы асқан адамды астына басып жашып тынбай онан айрылмауга бел байлады. Егес-керіске түсіп жүрсе де, колма-қол ұрысқа барып көрмеген Нұрыш аты белді, езі де әлді болмаганымен ебін тауып мына құр қол жігітті майырып тастай алмады. Ол басында батыл қимылдаса да, кейінірек жасып қалды. Енді ол тіпті тайсала бастады. Жапырып тастаудан гөрі құтылып кету әрекетіне кірісті, жұлыш ала алмаған соң қамшыны қоя беріп, етегін босату ниетіне көшті. Ол үшін босаған қолымен шапанын жинақтап, тағы да атын тебініп қалды. Жармасқан адамнан сесскене қорсылдал, дірілдей бастаған бектерлі қаракөк бейне ордан қарғитындей көкке шапшып оргып-орғып кетті. Төс айыл шарт үзіліп, кері төңкерілген Нұрыш Нұрымның басынан асып барып жерге сокқан тымақтай-ақ торс етті. Ересіз, исесіз солаң ете түскен ат тізгініне оралып осқырып тұра қалды. Ал, не болғанын жанаған сөзген Нұрым шапан етегін енді ғана босатып, жерге шүйіле түсті: әлденеге соғылып, әлдене нәрсе жырып, бетін қызыл қан жапқан Нұрыш үнсіз-түнсіз жатыр. «Оліп кетті ме?!» деген ой жүйткіп өтті булықкан Нұрымның кез ұшынан.

Не аяныш, не өкініш сезімінен тыс, бір сәт мен-зен бол тұрып қалған Нұрымның сыйызығышы Қайыпқожаның жесір кемпірінің жер кепесі жаққа мойнын бүрді. Қурай ұстаган кішкене Қали шыжымдал шыққан әлсіз түтіні бар түймедей мұржалы кепеге жақындал қалған екен. Нұрым шөмелеге басында қалған Бекейге қарай жөнелді.

— Иығы шығып кеткен болуы керек, Бекейдің

айтуына қарағанда, бірақ есін дұрыс жинамаған сиңкты,— деді кешкіліктे Қален учительмен ақылдаса келген Нұрым. Қален басын шайқады. Бірақ ол Нұрымды кінәлаған жоқ. Тек ақыл ретінде бірақ ауыз сөз айтты:

— Бұл заманда қаралаудан гөрі ақ екенінді дәлледеу қын болып бара жатыр, Нұрым. Менің кешегі сау басымды саудата салғаны осының айғаты. Жогарыға жасырын түрде жалған приговорын жеткізетін старшина мен болыс дайын тұрганда сенің олардың көз алдында жүруің келіссіз болар. Сез басылғанша бой тасалай тұр. Менің берер ақылым осы,— деді Қален оған.

— Сонда елден аулақ кету керек пе, Қален аға? Қален ойланып отырды да:

— Иә,— деді.— Ақберлі өзіңе жақын, етекті ел. Тіпті қалаға барып онда не болып жатқанын көремін десек, ақыл беретін, бір адамды паналатуға шамасы келетін учитель нағашың Ехсан Ізқұлов бар гой.

Нұрым ертеңіне Бекейдің ақтабан кер атын мініп, ертеңгі мал өрер шақта ауылдан шығып кетті. Кетуінің себебін де, елге қашан ораларын да ол әкесіне айтқан жоқ. «Ауылдан апталап, айлап кетуім бірінші рет емес қой. Мән-жайды соңынан Бекейден есіте жаттар» деп ойлады Нұрым.

Ол қаланың өзіне қарай түзеді ат басын.

## 2

Үездік қалаға ерте шықса бесінде келе беретін атқа жүрдек Нұрым бұл жолы да тұс ауа жететін. Ол айдалада айқайласаң салумен еткізді жарым жолын. Бірақ оның қалаға жақындағанда жүрісі де, көзілі де кілт өзгеріп кетті.

Ол ер жетіп, ес кіргенше бейғам өсті, өзі өз болғалы ертең не боларын ойлап көрмеген жан-ды. Жасынан мал мен жан қайғысынан аулақ, өз дегенімен есіп, қатал әкенің уысынан шығып кеткен Нұрым жас арасында өлеңші, кәрі ортасында жыршы, жүрген жері думан — ел серісі еді. Қайда барамын, қайда түсемін деген жолаушылық қамы да оған өмірі кездеспегенді. Ал бүгін, «қайда, кімге келе жатырмын?» деген мазасыз ой асуы жоқ бір асқар сияқты кесе түсे берді. Тіпті кейде:

— Нұрым, қайда бара жатырсың? Қалада не шаруац бар? — дегендей болады әлдекімдер.

Бұған жауап та бар: елден аулақ шығуым бүгін гана ма? Былтыр бір ай сонау Ақберлі, Шолпан жакта жүрмедім бе! Алдыңғы жылғы ше? Айлап-апталап жүрмеуші ме ем! Қайда той, қайда жиын болса — сонда кетпеуші ме ем!

«Жоқ!» деп шылбырына орала түседі екінші бір кесір ой.— Ол сапарлар басқа, мына жүрісің бірі басқа. Ойын-той емес, ойлашы, басқа ғой,— дегендей болады.

Қаншама ойламайын десе де, бурынғыша бейғам жүріп барап жеріне бір-ақ ат мандайын тіресем деп бакса да Нұрым бір құдіктің шырмауынан шыға алмай қойды. Ол құдік бірден-екі айқындала түсті «Канарлы хажының баласы тұнеугі Бақыға ұсап өліп кетсе не болмақ? Бақы да тап Нұрыш сияқты аттан ұшып түспеді ме? Бекейдің айтуыша иығы сынған. Бекейдің сезіне сену де қыын. Иығы сынса ол ұзақ уақыт ессіз-түссіз жата ма? Баласы жазым болса Шұғыл ауыл үстіне ат ойнатумен болар. Ат ойнатып қана қоймас — айдатып, аттырып, астыруға да барап. Өзі тиісіп, өзі аттан құлаған Нұрышты жазықты деп өмірі айтпас» деп қорытты ол бір кез ойын. Сейтті де бұл келе жатқан сапары мағынасыз сапар екенін, қорғалауға пана іздеген жазықты адамның гана әрекеті екенін ұқты. Ол тынышсыздана түсті. «Сен қорқақсың? Өмірден босқа откен жансың! Өз басыңың қунәлі еместігін де дәлелдей алмайтын бейшараасың? Өзіндегі жігіттер оқу бітіріп, ел билеп, әлеумет-бұқараның сойылын соғып, қамын көзден жүр. Сенде не өнер бар? Сенде не кәсіп бар? Ауызға аларлық сенде не қасиет бар? Сен бір жүрген қаңбак. Көшерінді жел, қонарыңды сай білген шерменде!» деп тілгіледі ол өзін-өзі.

— Ау! Сен!.. — деді оған Шідерті бойынан шоқытып шыға келген бір қару асынған ірі қара жігіт.— Сен кәдімгі Шагаттың жиені, өлеңші қарамысың?

Нұрым бұл кенеттен тап бола кеткен белгілі жампозды көргенде не айтарын, не дерін білмей сасып қалды, ойламаған жаң ойда жоқ жерде кездесті.

— Ассалаумағаликум, Мәке! — деп, ол атының тізгінін тежеп, тосын жолшиға тақымдай бұрылыш, жанамаласа кетті де көрісуге қос қолын созды.

— Хан жасағына жазыла келе жатырсың ба? — де-

ді суыт жолаушы, Нұрымның ұсынған қолын алып жатып. Нұрым бұл сұраққа да не дерін білмей, аттылыдан көзін де айырмай тосырқай қарады.

— Кәдімгі Мәкен... бүтін бір болысты шулатып жүретін... — деп сыйырлады Нұрым.

— Ай, сен оны қой. Өзің қай жаққа барасың?

— Қалага барам, Мәке. Мен де аз-мұз кейінгі жақты шулатып кеттім.

— Қалада той жоқ, ойын-сауық та жоқ. Сен қаланы қой, менің соңыма ер. Сен өзің кәдімгі қара сирак Нұрымсың ғой, өлеңді Нұрым!

— Ойбай, Мәке-ау, жөнінді айтып өлтірсейші. Қайда жүр дейсің? Қайда барасың құйындарын?

— Мәмбет жүрген жерде у-шусыз болғанын кердің бе? Тағы да сол алдыңғы жылдың кебі: онда соңыма болыс түссе, енді хан мен қарасы жабыла түсті. Бұл ұзак әңгіме. Мұны соңынан естірсің. Ал өзің маған ересің бе, жоқ па? Ерсен, жүр!

— Қайда?

— Ғұбайдулла қарттікіне.

— Мен ол кісіні танымаймын. Және өзі не жай, Мәке? Айтсайшы, қайда барасың?

Суыт жүрісті жолаушы қолды бір-ақ сілтеді.

— Уақыт жоқ, айналайын, сейлесуге. Ертең... жоқ, бүгін түні көрісерміз... Сен Пазылдікіне түсесің ғой? Неге аңырайдың, кәдімгі Шағаттың Пазылы, өзіннің нағашың. Ол қалада ғой. Сонда түс, мен соғамын... Пазылдың үйі касап бетте.

Сейтті де жолаушы атын тебініп қалып, бірден жорта женелді. Құшті жанның астындағы аты да аса белді жылқы екен — алдыңғы аякты шенгелдей тастап, жалды мойнын ілгері соза түсіп бекен желіспен желдей есіп бара жатты; жұмыр және әлді біткен ірі денелі, толысқан жігіттің нар салмағын ат бүйім көретін емес, күдере белі солқ етпестен сауыр бұлшығы толқындау түйіліп жазылады.

— Астағыныралла! Жүрісіне болайын! Алды дауыл, арты ерт, Мәмбет? — деп жіберді ол дауыстап. Бірақ Нұрымның бұл таңырқауын Мәмбет естіген жоқ... Ол «ә» дегенше көрінім жердегі Бұлан ағашына иек артып қалды.

Тұрып-тұрып басын шайқап, аямен жолға кайта түскен Нұрым ішінен бір кез: «Тәңір жарылқағыр, қайдан кездесті, ойда жоқ Пазылды тауып берді. Мен

Пазылды қалада тұрады деп естіген жоқ едім. Қап, жақсы болды, сонда түсемін» деді.

Нұрым аз жүргеннен кейін Мәмбетке тағы да бұрылып қарал еді, өмірі суыт жүріске бейім жарапған бұл қыр жігіті құлан жал біткен сырдаң ағаштың арасына еніп те кеткен екен. Ол әр жерден бір төбесі көрініп қылтыңдаған аттылыға бұрылып қараумен мойын талғанинан кейін жүзін өз жөніне бұрды. Бірақ енді аттылы жанның түрпаты Нұрымың көзінен кеттіп, ойна оралды.— Мәмбеттің өткен кездегі өр сипаты мен өзгеше ерлігі бірінде тізбектеле берді.

«Әй Мәкен! Әй Мәмбет!» деп күліп жіберді ол бір кез. Оның көз алдына Мәмбеттің окоптан қашып келе жатқандагы бір ісі елестеп кетті.

...Жалғыз келе жатқанда және өзің талай тар көлірдің басынан өтіп сыналып келе жатқанда ойыңа не түспейді! Өзіміздің қазак даласына шыққан соң тіпті өткен-кеткенненің бәрі кеуденде сайрап кетті. Жалғыз келе жатып ән салам, жол қысқартам. Кейде айқайлас та жіберем, іш пысады, сейлесуге адам іздейсің. «Осы маңда отыруши еді ғой күзем кезінде Құрлен ауылы. Сол ауылға бір қонып ассам» деп келем. Құрленнің бұрынырақта көрсеткен бір қорлығы есіме түсіп кетті. Қорлық болғанда кәдімгі сөз сүйектен өтеді дейтін сөз қорлығы. Ол кезде өзім жасының, аса сезге де ұста емеспін, ұстаса кетсем алып ұрарлықта өүсөлем жоқ, талдырмаш, майысқақ кезім.

Жаз бойы Мерген байы Сорокиннің малын бағының да, күз елге қайтып келемін. Соңдай бір кәсіптен қайтып келе жатып Құрленнің үйіне соққанмын. Құрлен есік алдында тұр екен.

— Ата, ассалаумагаликум,— деді.

Маган жалт қарады да, көзіңің бұқасын шығарып:

— Сәлемің сартқа, мұндар!— деді.

«Бұған не жаздым» деп сасып қалдым да желкемді қасып не дерімді білмей қипақтай бердім. Бақсам бай — правитель дәретке отырып, әлі сол іш киімнің бауын айналдыруда екен.

— Дәретке отырган адамға сәлем беретін қай көрінсіз едің, жөнел әрі,— деді тағы да ол жекіріп.

— Ата, ғапу етіңіз. Білмедім... Құдайы қонақ едім. Ішкі беттен келемін. Қонуга рұқсат етсеңіз, ауыл алыс, отыз бес шақырым жер жаяу жол жүріп

шаршап келемін,— деп, жай-мәністі айтып өтіне қалдым. Бірақ правитель — бай:

— Сендей орыс жерінен бұзылып қайтқан жалаң аяқтардан күтерің только жамандық. Ең момын дегени шекпенінді киіл кетеді. Жөнел, қараңды көрсетпей,— деп ақырды.

Аргы жағын енді жайма-шуақ сөзден боранга көшіретіні қөзінен-ақ көрініп тұр. Тебеттен ыққан жалбыр күшіктең жөніме тарта бердім. Бірақ ішімнен: «қап бәлем, тоқтай тұр! Мәмбет өлер, өлмесе — саған бір Мәмбеттігін көрсетер деп тістендім. Мейманасы асқан сол Құрлен енді кездессе деп келемін. Сонау жаһаннамың төрінен окоп қазып Бобруйскінің түбін суырша тескен көп халықтың ішінен жырылып шыққан Мәмбет, сен Құрленге сондағы ісінді алдыңа келтірсем деймін. Және ойлаймын: бұл соққан соғырдың баяғы атақта шыққан ақ байталы әлі бар ма екен? Болса ол ендігі талай жер баспас құлын туган шығар. Біреуін тақымыма бассам деп те ойладап қоямын. Ал, бұл адамның кейде ойлаған ойының бұлжымай орындалатын да кезі бар. Орыс мастегімен тырбаң-тырбаң шоқытып, кейде оны бауырлап-бауырлап алып, қазакша аяңдатып келе жатсам, қырқаның астынан ендей жайылған бір қора қой алдынан шыға берді. Қараймын, қой мыңға аяғын жиятын емес. Екі шетінде екі қойши, екеуі де жаяу. Ал шеткепірек бір төбенің басында дәу торы аттың устінде бір адам маңқия қалған. Байқаймын, мал исі байдың өзі болуы керек. Жақындағы қойшыдан жән сұрасам: қой Құрлендікі, дең басында тұрган торы аттылы белгілі Құрленнің тап өзі екен. Ойлағаным жоқ, аттың басын бекзаттың өзіне тұра бұрдым. Қандай болды екен, не дер екен мені таныса деп ойлаймын. Тағы да баяғыша:

— Ассалаумагаликум, құрметті ақсақал,— дедім.

— Уагалайкүмассалам. Қай туган болдың. Қабағың қатынцы, алые жолдан келе жатқан жігітсің гой,— деді шалалау орысша киінген киіміме тесіле қарап.

Білдім, танымады. Сейтті де Құрлен ерінің қасына іліп қойған күміс бағдарлы және үлкен сүйек шашаны алып насыбай атуға ыңғайлана бастады. Бірақ, екі көзі менде — байқаймын кім екенімді білуге құмартып тұр.

— Ақсақал, алыстан келемін. Аңсан келемін. Ана

шақшанызды көріп алты арысым жыбырлап кетті. Рұқсат етініз, қане бір иіскейін,— дедім.

Кезіме қараган күйі шақшаның тығынын алып, тырнағына қарамастан насыбай толтырды да тығынын қайта тықты. Нығыздаң тізесіне басып, оны нықтаң қойды. Сейтті де өлденеден сессекенген адамша, өлденені есіне түсіргендей маған қадалыңқырап қарап, кідіріп қалды. Шақшаны ұсынудан бас тартты. Мүмкін, ол тап сол сэтте менің ниетімді де сезіп қалған шығар. Әйтеуір шақшасын ұсынбай:

— Тос алақаныңды, жақында! — деді.

Менің де ойыма өрескел ниет сарт ете қалды.

— Қәне,— деп, оң қолымды соза бердім.

— Алақаныңды тос. Менің шақшамды өзімнен басқа ешкім қолына ұстал көрген жок,— деді.

— А, жақсы онда,— деп жанамалай беріп алақанымды тоса қалдым.

Құрлен атының тізгінін ерінің қасына іле салып, ыңғайланныңқырап, жақындаған алақанға насыбай қағуға кірісті. Бір рет лұқсытты, жарытып түсе қоймады. Екінші рет лұқсытты... Шақшаны сарт еткізіп ұстал, қолынан жұлып алдым да, атты тебініп қалып шеткерек шыға бердім. Құрлен шошып кетті. Түрім де, түсім де жан шошырлық болуы керек, ақыра да алмады, қайрат көрсетіп жармаса да алмады.

— Мұндар, не қылған әдепсіз мұндар едің. Көрі адамға бұл не қылғаның, шақшасын қолынан қағып алып,— деп күбірлей түсті.

— Сен Құрленсің. Қырық жыл құрлекен пра-витель Құрленсің. Атың да өзіне лайық. Ісің де өзіне лайық. Мен Мәмбетпін. Оразбайдың Мәмбеті. Бағыда Сорокинге мал бағып, арып-ашын жаяулап келе жатканда үйіңе қондырмадың. «Сендер мал ұрлайсыңдар. Ең момын дегенің қонған үйдің шекпенін киіп кете-сіндер» деп жазықсыз сөктің. Міне, сол қылышыңды алдыңа келтірдім. Артымнаи қуушы болма. Шақшанды ұрлап алғаным жок, қолыңнан алдым. Бұл ақың шыққан мұлік емес, қырық жыл управитель болып тұрғанда бір зергердің ұлыққа тартқан сыйлығы. Ен-ді бұл шақша менде бола тұрады. Жүріп бара жатканда:

— Бұзық... орыс жерінен бұзылдың қайтқан жарты бас. Құдайдан безген,— деген сөздер естіліп жатты.

Оны мен тындағаным жок, ойым: мұның үйіне де түсे кетейін. Шақшасын бәйбішесіне тастап кетейін

деп келем. Жан ұстамаган шақшасын ұстадым. Ерүліге қарулы айтарымды да айттым. Кіріп келіп бейбішеден сусын сұрадым. Бірақ бейбішесі өзіндегі смес, мейірімді жан екен. Құзғі сары қымызды салырып-сапырып жіберіп, керсөң аяқты толтыра құйды. Мен де жеміре жұттым. Раҳмет айтып, шақшаны суырып алдым да:

— Мынаны правительге берерсіз,— деп тұрдым да жүре бердім.

— Әңгіменің зоры соңынан шықты. Біраздан кейін:

— Аттан! Аттан!— деген айқайға қосыла адамның жаны түршігерлік шуыл шықты. «Бұл не шу, мынымен әлгі шонжар мениң соңыма жігіттерін салғаны ма. Қой, олай етпес. Шақшасын бейбішесіне тастап кеттім ғой» деп ойлаймын. Аздан кейін қиқу ит қосқан дүбірлі шуга айналды. Ауылдан екі-үш шақырым жер шықпай-ақ соңыма сойыл көтерген екі адам түсіп берді. Мен қашпадым, бұлкіл аяңмен келем. Вірі жастау келген, бірі орта жастағы адам екен. Үлкенінің дауысы жер жарып, атын бауырлап-бауырлап төпеп келеді. Қашсаң да құтыларлық емессіц. Эсіресе жасының астында жұлдыздай аққан бір ақ жылқы. «Уа, ақ байтал, сол баяғы ақ байтал» дедім ішімнен. Жыным келіп кетті. Атаққа шыққан ақ байталды көргенде қаным қайнап кетсе керек — мен де атыма камшыны басып жібердім. Ақ байталды зулап жанымнан өте шықты — қолындағы қаруы жіңішкерек келген жылан бауыр, бірақ сілтеуі онға келмеді ме дарымады. Иесі де соқыр болмауы керек, он тәрт, он бес жастағы бала екен. Ол алдымды орап қайта оралғанша жуан торымен төпеп еңгезердей келген бір әукебас неме жетіп-ақ қалганы. «Мына бәлекет бас жарып, көз шығара ма қайтеді» деп ойлап, көк мостекті көлденеңдете қалдым. Ойым: соққысын қағып жіберу, ретіне келсе қамшымен қару жасау. Шамасы шеберлігіне сенбей, күшіне сенген адам болуы керек, өйткені сиыр ұратын қатындарша бақандай үлкен соққыны қос қолдап жоғары көтеріп төніп келеді. Ал астындағы ат аршындағы кесіліп алқымдағы қалган. Ойлануға келген жоқ — не де болса көрейін деп жуан торыға тұра қарсы шаптым. Мұндайда қашсаң жеткізбей кеткен жән де, ал сойылды адам жетер күн болса, ана соққыны я бастан, я иықтан тигізери даусыз. Қарсы ұмтылып келгенде бақан соққы бастан

асып, ат сауырына согуы тиіс, тіпті тимей қалып үші жер тіреп, иесінің өзіне қатер жасауды да мүмкін. Мен айла жасадым — атымды тебініп жебіріп, өзім жа-лына бұқтым да, сойылышы сілтеп үлгергенше сүзетін қошқарша тұқырып қолтының астына барып та қалдым. «Ап» дегенше болмай, оң жақ тақымынан алып жіберіп собалақ немені екінші жаққа қарай атынаң тәңкеріп тастап жайыма кеттім. Аты ілгері, соқ-қысы бір жаққа, өзі бір жаққа ауды да жау жайына қала берді. Ендігі ойым ақ байтал.

«Иә, сәт! — деп қоям ішімнен алақаныма тұкіріп, — қуып жетіп ала алмаспын, алдаң жармасайын деймін. Баланы еліктіріп шоқақтаған ілгері аса бердім. Аттан құлап қалған жігітке айналмастан, атына сен-ген бала тағы да құйындан жүйткіп алғыстан қамшы сілтеп өтті. Қарағаным да жок, құганым да жок, өз жөніммен мен де кетіп барам. Ушінші айналғанда бала ете жақын келді. Онда да көніл аудармадым, мойнымын бұрмасстан жүре бердім. Төртінші рет бала мұлдем жақын келді.

— Шақшаны таста! — деп бұйырып өтті.

Бала ілгері асып кеткенше, ежелден ердің артқы касына орай салған жіцишке арқаның тұзақты басын оң қолға ыңғайлап, екінші үшін сол қолға орап-ақ алдым. Тек бала байқамаса екен деп тілеймін. Ат үстінде елірген жас бала не байқаушы еді.

— Шақшаны таста. Бәрібір жібермеймін. Артың-нан жігіттер жеткенше тақымдаймын, — деп шіңкіл-дейді бала. «Қалмағаның гой маған да керегің» деп қоямын ішімнен. Не керек, елірген бала әбден құрық салатын жерге келгенше сыр білдірмей, ақыры онын-шы рет пе, әлде онан да көп пе, әйтсеір бір таяп келген кезде-ақ байталдың мойнына бұғалықты тастап келіп жібердім де, керіп кеуделеп кетуге жібермей, үзенгі-ге шіреніп тартып-тартып қалдым. Бие кілт тоқтап қылжаң ете қалды. «Іс бітті!» дедім дауыстап. Сонда да бой алдырмай шірене тартып, биенің бауыздауын қиып жіберердей жұлықтым. Жануардың қырылы құлагыма келді. Бала бақырып қоя берді. Еш нәрсеге де қарағаным жок — арқанды құлын ұстагандай саумалай, төрт тағандап сіресіп тұрған ақ байталдың тіз-гініне де жармастым. Бие дір-дір етеді. Балада өң де жок, тус те жок. Жалма-жан аттан түсे қалып, бұғалықты сыптырып жіберіп, биенің тамағын сипадым, қырылын тоқтаттым. Көк мәштектің ерін сыптырып

биеge салдым. Атты балага үсттатым да, уи қатнастан-ак байталға мініп алыш женеп бергенім бар емес пе...

Мәмбеттің өз аузынан естіген әңгіменің бірі осы еді. Ақ байталдан өзге де оның сан жырын Нұрым талай тыңдаған-ды. Ол: «Әй, Мәкең! Әй Мәмбет! Сенің ісің-нің бәрі білгенге жыр, білмегенге сыр-ау. Тағы да осы сияқты біреудің жүйрігін алши кетті ме екен? Әлде ана жылғы уезд қол астын шулатып Лұқпан болысқа жасаған шабуылышындаи бастықтарды әлекке салды ма екен? «Соңыма хан мен қарасы жабыла түсті» дейді. Сондай бір іс бар ғой» деп ойлады Нұрым.

Кездесок жолыққан жұмбақ жүрісті Мәмбеттің ойда жоқ жерден атаған Пазылы Нұрымның туған нағашысы — Шағаттың баласы еді. Оның қалада тұратынын Нұрым білмейтін. Шамамен үйін тұра тапты да, Пазылдікіне ол сәлем беріп кіріп келді.

— Үә, тентек жиен! Әнші жиен! Жоғары шық! Жоғары шық! — деп ақ жарқын Пазыл құшағын жайып, Нұрымды аймалай түсіп. — Ойпырмау, сен жылына бір аршын өсесің ғой деймін. Былтыр бойың менімен бірдей еді, қазір тұра бір аршын, жоқ, екі аршын өскенсін.

— Жас өседі, жарлы байиды ғой,— деді Нұрым сасып, белгілі мақалды өзіне айналдырып.

— Жарлының байығанын көре қойғаным жоқ, ал сенің өскенінді көріп тұрмын. Апам мен жездем аман ғой?

— Аман-ақ, сәлем айтты,— дей салды Нұрым.

Бірақ ол қызыарып кетті. Оның үйден қашып кеткені, Пазылдікіне түсемін деген ниет бұрын ойына да келмегені, қазір жалған сейлеп «сәлем айтты» дей салғаны бейне бір ауыр күнә сияқтанды. Бірақ Пазыл оның бұл «күнәсін» сезген жоқ еді.

— Сен де жасаққа жазыла келдің бе, тентек жиен? — деді Пазыл әлденеге ренжігендей, тез түсі өзгеріп.

Өзінен-өзі қысылған Нұрымға бұл сұрақ жолда кездескен Мәмбетті қайта көз алдына алыш келді.

— Пазеке, жаңа жолда әлгі Мәкеңді кездестіріп едім, өзі суыт жүріспен желдей есіп бара жатыр. О да жасаққа жазыла келдің бе? Жазылсаң менің жасағыма жазыл дейді. Тіпті соңыма ер деп жармасты. Шамасы қалаға келген жұрттың бәрі тек хан жасағына жа-

зылу үшін келеді гой деймін. Сіз өлденеге ренжіп тұрсыв гой, қабағыңыз... — деді ол.

Сөйтті де түрегеліп тұрган Пазылдың еңкіштеу келген иңдік денесін, қызыл тамырланған бетін, кесе иегін, кірти іңкірекен көзін, өлденеге шытынай қалған қабағын көзбен бір шолып өтті.

Мәкең деген сөзге Пазыл құлағын тіге қалды.

— Мәкеңің кім?

— Кәдімгі Мәкең. Экесінің атын ұмытып қалыптын.

— Дүниеде не көп, Мәкең көп.

— Жоқ, бұл өте аз Мәкең. Кәдімгі шойқара Мәкең.

— Мәмбет пе?

— Иә.

— Оразбайдың Мәмбеті! Ол қай жерде кездесті?

Пазылдың қабағы енді жазыла түсті, жүзіне таңырқау нышаны пайда болды.

— Кәдімгі балуан Мәкең. Мықты Мәкең. Домбырашы Мәкең,— деп, Нұрым Мәмбеттің бар қасиетін үйіп-тегіп тастады.— Оған неге таңдандыңыз, Пазеке? Астында баяғы дәу қара аты. Жүрісі де сол екпінмен үй жыққандай. «Әңгіме бар... бүгін кешке сейлесеміз» деді. Өзі Ғұбайдолла учительдікіне бара жатыр.

— Тсс! — деді Пазыл біреу естіп қалатындар.— Ақырын сейле, Нұрым. Не көп, тыңдаушы көп. Мәмбетті іздеуші көп. Бүтін қала болып іздеп жатыр...

Нұрым да дауысын бәсендете қойды.

— Иә, ол не жасапты соншама қала болып сонына түскендей?

— Оны мен айтпаймын, сен тыңдама. Сүмдыш. Сүмдыш емес-ау, үлкен оқиға, жүрттың тегіс аузында.

— Болар, болар. Мәкеңнен шығар. Дегенмен не істеген екен?

— Мәмбет Оразбаев десе жылаган бала жылаганын қоя қоятынын білесің гой. Ол осы жаздың басында он шакты жігітімен келіп, Жаншаның жасағына жазылған-ды. Өзі орысша билетін, өзі күшті, не істеймін десе де қолынан келетін Мәмбетті осындаи бүкіл әскердің ат-жабдығын басқаратын үлкен начальник етіп қойған. Жаншаның мінетін арғымақтары да, командирлердің ойынға жетік аттары, солдатқа арналған жылқының бәрі сол Мәмбеттің қолынан өтеді. Ол ат беремін десе береді. Бермеймін десе Жаншаның езіне де бермейді. Кеше подполковник Кириллов Мәмбетті шақырып алып.

— Ат саны азайып кетті, сен салақтың жасап ат үрлаттың, қарамайсың,— деп ұрысқан екен.

— Мен саған бағынбаймын, казак-орынса бағынғаным жетті. Маган сен кожа емессің,— депті. Кириллов оны гауптвахтың қамауға бұйырган екен, айдан барамын деген екі солдатты ұрып жығып, Кирилловтың кеңесесіне кіріп кетіпті де:

— Осы сағаттан бастап кет, атаман Мартыновыңа бар. Әйтпесе басыңды кесіп аламын,— депті. Сейтіпті де Кирилловтың қолындағы наганын жұлып алғып, екі қолын артына байлаپ, есікті сыртынан тарс бекітіп шығып кетіпті. Сыртта тұрған қазақ жігіттері белгелті, білсе де Мәмбетке қол қата алмады. Ал, қолын шешіп босатқаннаң кейін Кириллов: «Ұсталсың, әскер сотына берілсін!» деп жарлық еткен екен, еш жерден Мәмбетті таба алмай, бұқіл қаланды тінгірін жатыр деп еді, шамасы ол қырға шығып кеткен ғой...

— Көзіммен көрдім, Шідертінің бойында...— дей беріп еді Нұрым.

— Тсс! Үндеме! Тісіңен шығарма!— деп болді Пазыл Нұрымның сезін.— Онан да зоры бар «көрдім, білдім» дей көрме. Арон тере оны: «Қызыл. Окоптан қашып келген большевик, хал әскеріңе жасырының кіріп бүлік жасау ниетінде жұргын бұзылған Кердерілердің адамы» деп жарияладты. Бұзылған Кердері деп кімді айтатынын білесің бе?

— Кердері көп қой, Пазеке-ау. Қайдан білейін. Ой, жігіт! Жігіт болсаң осында, Мәкендей бол! Кәдімгі жанаralды байлаپ кетіп пе?— деп таңдауды Нұрым.

— Кердері көп болғанмен мынау басқа... Мәмбетті «бұзылған Кердерілердің адамы» дегені әлгі қызылдар жағында дегени. Әйтіев пен Бақытжандардың жағында дегені...— Нұрым қабагын кере қалды.

— Әйтіев біздің елде ала жаздай болды. Ала жаздай емес, жазғытурым, екі айдай жатты. Бұзылған деп бекерге есектейді. Нагыз елін сүйгіш учитель. Көкем оны жақсы көреді. Біздің Хакімдердің ақылшысы. Егерде Мәмбет Әбекенің адамы болса — онда ақылшы адамды тапқан,— деді Нұрым.

Пазыл бұл әңгімені қазбалағысы келмеді. Ол:

— Оны енді көрерміз,— дей салды екі ұшты етіп.

«Әбекенің адамы болса, ақылшысын тапқан» дегенге үй иесі іштей жек көрмейтін бір жаркын шырай көрсетті; ол жоқ сақалдың орнын бір сипап етіп,

Сонсоң сиректеу келген селеу сары мұртын сөл гана шишишықтап қойып, аз отырды да, Мәмбеттің мінез-құлқына көшті.

— Қалай деуге болады, мұндай жігіттерді: дене десең анау томардай жұп-жұмыр. Бет алқа-салқа. Бір-бір жұмырығының өзі салмағымен де қазықты жерге кіргізгендей! Жүрген жері, кәдімгі шабындықты жа-рып өткен жанның жолында жапырылыш қалады десе боларлық. Мұндай жігітті жойқын демей ме! Со-лай, ә?! Құлқы да, мінезі де қызық қой оның. Бір күн ауылдың бар әйелі, үлкен-кішілі барлық жеңгелері жиналып алыш: «Осы қағынғырды жабылып жығып, тері шалбарын сыптырып алыш басына қантайықшы. Қолы темірдей, ұстаган жерін көгертеуді, алышсаң, алыш соғып киімінді басыңа бүркеп тұншықтырады, асынды жасырсаң, түп көтере ішіп-жеп, барынды бір-жолата құртып кетеді», — деп уәделесіпті. Сөйтіп бәрі бір үйге жиылышп, он бес әйел Мәмбетті шайға ша-қырыпты, біреулері тіпті Мәмбеттің қол-аяғын байладастаймыз десіп, бұзаудың ноқта жібін әзірлең қойыпты деседі. Не керек Мәмбет келіп, қаннен-қаперсіз май мен нанды асап, қызыл шайға қол қойған кезде, көбірек әзілдесіп, алышып ойнай беретін бір мықты жеңгесі:

— Құрғыр, әрірек қисайшы. Кескен томардай болышп, бүтін төрдің алдын бір өзің алыш жамбастап қалыпсың, — деп шынтақтай түсіпті де, әзір тұрган басқалары жабылып Мәмбеттің үстіне үйіле қалыпты.

— Әй, сендер ана шынаяқты қиратасындар. Ма-ған отызың жабылсаң да еш нәрсе ете алмайсындар. Абзалақ қойындар. Оңдырмаймын, дейтін көрінеді Мәмбет.

Не керек аздан кейін у-шу болышп жатқан үйге ауылдың қатын-қалашы қалмай шұбырып келсе, он бес әйелді төрдің алдына буган тендей етіп, өзі бә-рінің үстінде отыр дейді. Ең астында қалғандар тұншығын өліп қала жаздаса керек, ал үстіңгі жа-ғындағылары құлында-құлыны шығып шыңғыратын көрінеді. Өйткені тыптырышғандарын «тыныш жат!» деп сандарынан бір-бір үзіл, шымшып-шымшып алады екен...

Нұрым құлқіден шек-сілесі қатып қалды.

— Ана жылғы Құрленнің ақ байталын мініп кет-кенін, оны екі елдің дауынан айналдырғанын айтсай-шы, — деді Нұрым құлкісін жия алмай.

— Мәмбеттің қызығы ақ байтал ғана емес, оның әңгімесі бір кештік. Бір кешке де таусылмайды. Оқоптан қалай қашқанын айтсайшы оның. Ол бір жыр. Жырдан да қызық. Қызығынан да ерлігі көп. Сонау Ресейдің төрінен Жайыққа жеткенде істемегені жоқ. Ақ байтал Жайықтан өткеннен кейін кездескен оқиға рой.

— Иә,— деп Нұрым Пазылдың әңгімесіне құлағын түре қалып еді. Бірақ үй иесі:

— Оны кейін айтып беремін. Жұмыстай келген соң. Қазір мен де асығыспын, сен де дем ал, тамақ ішкен соң жат та үйікта,— деді.

Нұрым амалсыз көнгендей:

— Жұмысқа асығып тұрсыз рой, әйтпегенде Мәмбеттің жайын естіген қызық еді. Малды түнде соясыздар ма?

— Түнде де соямыз, күндіз де соямыз. Мына өскер басы құралғалы екі дүркін істейміз. Менің кезегім түрге келіп тұр.

Пазыл шайды асығыс ішіп қасапқа кетті де, жалғыз қалған Нұрым өз жайын ойлаумен болды. Оған Мәмбет те, Мәмбеттің «менімен бірге жұр» деген сөзі де әлдеқайда жетектей түскен сияқтанды.

Етке дейін де, ет жеген соң да бар ойы Мәмбетке жолығудың айналасына орала берді.

### 3

Атпен алпыс шақырым жер жүріп келген Нұрым қатты үйіктап қалған-ды. Және оның неше күн бойы бір толқып, бір басылып, домбыраның шегіндей керілумен келген жүйкесі қалпына жаңа ғана түсіп, рахат тынысына батып жатыр еді.

— Шаңқай түске дейін шырт үйқыда жатырсың. Олда білдемен атыңды әрсөн алып қалдым. Онда да әйтеуір жақын жігіт кез келген соң, ұялғаннан тастап кетті,— деген таныс дауыс құлағына ап-анық келіп жатқан сияқты. Бірақ Нұрым бұл сөздердің мағынасын әбден үқлады білем, енді ол аударылып оң қырынан жатты. Дауыс қайта басталды.

— Атың да көруге көз керек жануар екен: сауыры тәңкөрілген ақбақай кер! Омырауы есіктең, шіркіннің құлақ бітісі қалай, тұра қамыстай! Жағында қармаққа шашшар ет жоқ. Бәйгені шаппай алып жүрген қыл

қүйрық қой дәуде болса, сіңірі мен сәкейі көз тар-  
тады.

Пазылдың дауысы... Мен қайда жатырмын?.. Көзін ашқан соң да Нұрым кім үйінде жатқанын капелімде жадына келтіре алмады. Ол тек қана Пазылдың үшінші рет келіп:

— Нұрым, жеңгешнің шайы даяр тұр. Ұйқын қанған шығар, а! — деген тап қасынан шыққан дыбысына құлақ асты.

— А, Пазеке, сіз бе едіңіз. Мен түсім бе деп делсал болып жатсам. Ат дедіңіз бе? Не дедіңіз? Менің атым кетіп қалып па?

— Кетіп қала жаздады. Әрең алыш қалдым...

— Оның ауылга тартатын әдеті бар.

— Ауылға тартса еш нәрсе емес, мына жайлап кеткен әскердің қолына түссе, оны қайырып алу жесір дауынан да қынға түсер.

— Иә, солдаттар айналдыра ма?

— Айналдырганды қой, тұра «қазынага аламыз» дейді. Заң бар той — ат-айғырды ерікіз алатын. Әсірессе, мына сияқты ақтабан керді тақымына басуды қай хакім жек көреді дейсіц.

Ат жөнінде елде де қиян-кескіні өз көзімен көріп келген Нұрым:

— Бұл не қылған пәле, ат бермейсің деп елде милициясы сабайды, қалага келсең, қазынага аламын деп әкіреңдейді.— деп, жалма-жан орынан тұрып, киіне бастады.

— Бәрі кешегі шойқараның әлегі...

— Шойқара әкесін өлтіріп пе, соншама?

— Сен оның қызығын естіген жоқсың. Кешегі кешегі ме, бүгінгісін айт,— деп Пазыл жүресінен отыра кетті.

— Тағы не жасапты? — деді Нұрым.

— Түнде казармаға келіп, өзінің жолдастарын ертіп шығыпты. Бұтін казарманы басына қөтерген дейді. «Казак-орысқа бағынбаңдар! Кирилловты екі қолын артына байлад, Оралға айдал жіберіндер! Сендерді қызылдарға қарсы айдал салмақшы. Қөнбендер! Ақ офицерлерді ұрып өлтіріндер!» деп ұран тастаган дейді. Не керек, ақырында Кириллов мінетін көк арғымакты бас етіп ең жақсы деген аттарды көзінен тізіп, жеті ат жетектел жетіпті...

— Қойшы-ай!

— Ойбай масқара! Тұні бойы қаланың іші астан-

кестең шабуыл. Мәмбеттің соңына бүтін офицер біткен түскен дейді. Бірақ зым-қайым жоқ болған. Қайда кеткені белгісіз...

Нұрым қозгалмай, Пазылдың аузына қарады да қалды.

— Ол ұстаптайты, — деді Пазыл аздан кейін. — Мәмбетті ұстауға күш керек. Және ол тегіндікпен қолға түспейді. Мүмкін ол осы күні баратын жеріне барып та қалған шыгар.

— Баратын жері қайда?

Пазыл тағы да Нұрымның бетіне қарап тұрды да:

— Кердерілерге, — деп сыйырлай қалды.

— Оның несін сыйырлайсың, Пазеке-ау, айттым гой онда ақылшысын тапқаны деп.

— Сен онда Мәмбетке қосылады екенсін, — деді қасапшы.

— Кім біледі, — деді Нұрым. — Сонымен Мәмбет «Кердерілерге» кетті ме?

— Солай. Кердеріге кетушілер көбейер өлі.

Нұрымға Пазылдың сезі қатты ой салды. «Осы мән неге сол Хакімнің соңынан кетпедім!? Біріміз анда, біріміз мұнда болғанша — екеуміз, тоңірге тауекел, тізе қосып бір жүретін. Жоқ, олай болмас... Мұнда Ораз бар гой. Оразды көру керек. Соған ақылдасатының да айтып берді.

Шай ұстінде ол Пазылдан Ораздың жатқан жерін сұрап еді, Пазыл оған Ораздың қашан келгенін, кімнің үйінде жатқанын, кімдермен ақылдасатының да айтып берді.

— Жарке тігіншінің үйінде, жұмыс істейтін жері сонау почта беттегі әскердің жабдықтау махкамасы, — деді.

— Онда Оразды жақсы біледі екенсің гой, — деп еді Нұрым, Пазыл:

— Жарке біздің қаланың көпке таныс тігіншісі гой. Тігінші де, тігіншінің үйінде жататын адамдар да белгілі, — деп күлді.

Бұл сөздің аргы жагында қандай сыр жатқанын Нұрым аңгара қойған жоқ, сонда да ол Пазылды тек мал союшы жұмысшы гана емес, әр нәрседен хабардар, тіпті қалада це болып жатқанын бес саусағындей билетін, оның ұстіне ішкі беттегі «Кердерілердің» не істеп жүргенін түсінеді екен деп шамалады. Эсіресе Мәмбеттің жайын толығырақ естуге құмартын:

— Сонымен Мәмбетті таба алмайды дейсің ғой. Тапса да қолға түсіре алмас дейсің, Пазеке, а?

Үйге жүгіре кірген Иба Нұрымның сөзін бөліп жіберді. Пазылдың жауабын күтүгे де шақат келтірмеді.

— Ана өріп кеткен солдаттар жиеннің атына жармасып жатыр, шырағым-ау, сен бірдеме демейсің бе, шығып,— деп еріне айқай салды.

Нұрым мен Пазыл жалма-жан сыртқа үмтыхала берді. Бұл екі арада үйге домалана кірген бір кішкене кісі:

— Пазыл, мен әкелгенім жоқ оларды. Өздері қора-қорадан ат ізден, таң атпай тінту жүргізіп жатқан. Мына қонағыңды көрген ғой. Белгілі әңгіме ат алғындең. Қайдан келген қонақ еді? — деп, бір жағы Пазылдың алдында актала, бір жағы қонақтың жөнін білуғе тырысты.

— Сен әкелмесең иіскелеп табатын ит емес қой олар...

— Оллаңи, мен әкелгенім жоқ. Сіздің үйде солдат әкеліп мені құдай қара бастырып па, соншама. Айналайын, Ибажан, сен айтты Пазылға, мен олардан бұрын келдім, мен үйге кіре бергенде келді. Өзід көрдің ғой, Ибажан.

Актала бастаған кішкене кісіге қолды бір сілтеп, Пазыл да үйден шықты. Аяғын адымдай басып Нұрым да көлеңкедегі байлаулы тұрған кер атқа жетіп барды. Аттың тізгінін шешіп қолына алыш үлгерген қазақ солдаты:

— Мынау кер ат кімдікі? — деді Пазылға паңдана сейлеп.

— Иесінің аты,— деді Нұрым қатал үнмен.

— Жәке, бұл менің қонағымның аты, менің жиенімнің аты,— деп, Пазыл бастырмалата қалды, Нұрымның қатал лебізін жуып-шаюға тырысын.

— Иә... — деп созды әкім дақпа-дақтап. — И-иесінің аты! Дұрыс жауап екен хұқімет адамына. Иесінің аты кім? Ол кімнің шекіресі?

Шірене сейлеген солдатқа Нұрым қадала кез тікті де, жүрегі лүп ете түсті. «Мынау сол жексүрын... Бір пәленің басы болмагай тағы да...» деп ол аяқ астынан үшыраған қатерлі ойдың құшағында қалды. Бірақ ол жалма-жан жүзін бұл өзіне таныс шамбыл сарыдан бұрып әкетті.

— Жоқ, Жәке. Жиен танымай жатыр ғой сіздің

қандай хакім екеніңізді. Әйтпесе ол тұра жауап қатады ғой, ҳұқімет адамына. Оның өзі де жасақшы. Осында ғаскерге жазылуга келген,— деп Пазыл жаймалай бастады.

Теріс айналған Нұрым Пазылға кезін қысып қалып, «кім екенімді айтпа» деген ым қақты. Өлдене бір керексіз сөз айтып қала ма деп қысылып, Пазылдың алдын орай, қай жерден келгенін бұра сейледі.

— Сонау Дуана болысынан старшын ғаскерге жазыл деп жібереді. Ал мындағы ғаскер «атынды аламын, кімсің?» деп мұқшайды. Пазеке, қызық екен қалаңыздың тәртібі,— деді Нұрым.

Сейтті де атының тізгінін ауланың жапсарына қайтадан байлай бастады.

Пазыл Нұрымының бұл болысын жасырганын сезе қойды, бірақ оның неге олай еткенін түсінбеді. Сонда да ол ыңғайға көшіп:

— Иә, сонау Дуана болысынан келген жиен. Енді аты да, өзі де қазыналық болады ғой ертеңнен бастап,— деп «түсіндірді» әкімді.

Бұл шамбыл сары жазды күні Аңқаты бойында өлеқ салған, кәдімгі Сүлейменнің биесін тартып ала-мын деп өзін қамшының астына алған Маймақов болатын. Бірақ жені болып, ол Нұрымды танымады, әйтпесе аттан аударып тастанап, қару-жарағын сыйырып тартып алып, жаяу айдал қоя берген. Жұныстың тентек қарасын тани қалса, жақсылық етпесе-ақ еді. Бұл құдіретті әкім бойняның мал сойғыш Пазылы «қонақ мениң жиенім» дегенин кейін езіле тусты.

— А, жиенің бе?! Жақсы, жақсы,— деді әкім сары мұқамдап.— Дұрыс екен онда. Жиенің солдат бола келсе атын мобилизациядан қалдыруға болады. Сен үшін қалдыруыма болады. Ие, солай, реттеуіме болады. Мал көп сойыла ма, осы күні, Шагатов?

Маймақовтың етке назар аудара қалғаны тегін емес еді. Сол тегін еместігіне күә бола қалғандай оның жүзі де қаймақши қалды. «Ештеме жоқ па?» деген дәмету нышаны кекшіл көзі мен шикіл бетінде шыл-қып-ақ кетті. Екі көзі Пазылдың аузынан не жақсылық шығар екен деп аңдыды да, Нұрымды мұлде ұмытып кетті. Ал, осы өнірге белгілі салық жинаушыны етші Пазыл да талай майлы жамбаспен сыйлаған болатын. «Пәледен машайық қашады» деп ойладап, үйіне келген қонағының атын арашалау ине-

тімен және әлденеге аты-жөнін жасырын қысыла түсken Нұрымның түрін көргеннен кейін Пазыл қипандай түсті.

— Жәке, мал аздан сойылын тұрады. Пәлендей табыс жок, сонда да әйтеуір сорпа-су әзірге баршылық. Кешке...— деп Пазыл қасап иек қақты.

Шамбыл сары шапшаңдал бас изеді. Сейтті де «іс бітті» дегендей:

— Ал біз жүрдік,— деді жанындағы қарулы жігітке:— Әлгі атаңа қалеттің кесірі,— деп қалды ол әлденеге кіжініп.— Қорадан қора қоймай сығалауға тұра келеді.

«Бір пәледен құтылдым» деген ой Нұрым мен Пазылга қаз қатар келді білем — екеуі біріне-бірі қарап қабак қағысты да, Пазыл енді «атаңа нәллеттің кесірі» деген сөзді тұптеуге кірісіп кетті.

— Жәке, ол қандай атаңа нәлет?— деді танданған пішиң көрсетіп.

Бірақ әңгіме Мәмбет жөнінде екенін Пазыл бірден түсініп еді.

— Мен баяғыда айтқанмын, бар пәле Мәмбет сияқты содырлардан шығады деп. Кеше бастығымен төбелесіп, бүгін түнде өзінің жігіттерін ертіп қашып кетті. Мундар! Соның кесірі емес пе, жұртты алакөлеценен атқа мінгізген. Екі отряд қуып кетті. Қайда құтылар дейсің, ұстал әкеледі гой. Мен сотталасың дедім. Қәдімгі стройдың алдынан өткізіп жазалау керек дегенді қолдадым,— деп мақтана қалды сары шамбыл.

Дұрысы: Мәмбеттің қай жаққа кеткенін де, оны қуғандардың қай жерден іздейтінін де бұл анық білмейтін. Оның үстіне қашқынды ұстал алыш келгенше «бұл оқиға елге жарияланбасын» деген жарлық та болып еді. Бірақ әкімдікке әкімдік сез айтуга құмар, реті келген жерде өзінен төменгілерге бой көрсетуге бейім бұл салықшы Пазылдың алдында «ұлықтығын» салмақтай қалды.

— Анырмай, а!— деді Пазыл басын шайқап.— Ондай іске батылы барады деп кім ойлаған. Қарулы неме, қуғыншыға құш жұмсауы да ғажап емес қей оның.

— Мениң қолым тимеді оны ұстауға. Әйтпегенде өзім-ақ байлап әкелетін едім. Ондай собалақтардың талайын жуасытқанмын, талайын қойдан қоңыр еткенмін. Был Аңқаты бойында, құлагына қол апартпайтын асau Жұныстың ауылын да жымдай еткенмін. Құдіретті қажының өзі келіп алдымға құрдай жорға-

лаган. Сол елдің жігітерінен мықты дейсің бе, Мәмбетті! Өзіміздің алдымында бір ауыз сез сейлей алмайтын Мәмбет қой,— деп қодырая түсті Маймақов.

Пазыл мырс ете қалды. Ал, Нұрым көгеріл кетті. «Мына итті не қылсам екен өзін! Жапалактай ербііп, ат үстінен бір тартуға келмеген сүмпек! Қара, мынаның сырттан мактануын» деп кіжінді ол. Еирақ ол мырс еткен Пазылдың Маймақовтың өтірігіне күліп тұрганын көріп жұмсара түсті.

— Жақсы. Мен согамын,— деп сары шамбыл үтқа дік етіп қонды да, ауладан шыға жөнелді.

Пазыл басын шайқады.

— Тфу, мұндар. Мәмбеттің шынашағына тұрмайтын күйкентай, хан сыртынан жұдырық көрсетуін көрдің бе?— деді ол жерге түкіріп.

Маймақовтың ауылынан қалай кеткенін, қандай сыйлықпен аттанғанын Нұрым Пазылға бастан-аяқ жыр етті.

— Казір де соны істейтін едім, әттең тек қаланың іші, жер тар,— деді ол.

— Пазылжан, мен емес Маймақовты жетектеп үйден үйге сығалатын жүрген. Оның неге келгенін енді түсіндің гой. Мен әлгі... посемейный списокты тағы да мұқияттал тексеріп шығу үшін шыққаным,— деп жоқ жерден пайда болған шүңкіген кішкене кісі оң қолтығындағы папканы алыш, сол қолтығына қысты. Қүштің бәрі осында гой деген жаңаша оны және оң қолымен сипап-сипап қойды.

— Списокке таңсәріден кіріскеніңіз бе? Әлде бұл жүртты бір жаққа қашып кетеді деп қорқасыз ба?

— Орнынан ертемен баспаса, жүрттың шаруасы бар, үйден таппайсың... Оқасы жоқ, сенің жаңың белгілі гой, Иба келін мени өзің ғана. Пазылжан, мына жігіт?.. Жаңылмасам көрдім гой деймін...

— Көрмеген боларсыз. Елден келген, Дуанадан.

— Жоқ, көрдім, анық көрдім...

— Мен сізді бірінші рет көріп тұрмын. Сондықтан оныңыз қате,— деді Нұрым, бұл ұры адамдай көзі бір жерге тұрактамайтын, көруге де сүйкімсіз кісіні бірден бойына жуытпай сейлеп.

Кішкене адам да Нұрымның түрі мен сезінің сұпсызы екенін сезіп, әңгімені догара бастады.

— Мүмкін, мүмкін... Жақсы, жақсы,— деді ол әлденені қоштап.— Мен кетейін.

Сейтті де күйбелектеп Пазылға бір қарап, Нұрымға бір қарап алыш, өзіне-өзі:

— Дуанада мұндай жігіт кездескен жоқ еді. Мен онда талай болдым. Ол жердегі Қынықтың мен білмейтіні жоқ,— деп күбірледі.

Пазыл оған жауап қатпады. Нұрым атының тер қатқан сауырын сипап кетті.

— Адамның жексүрүні,— деді Пазыл кішкене кісі қақпадан шығып кеткеннен кейін.— «Күндеғісі осы, жетіп келеді де тұрады. Себеп жоқ жердеи себеп табады. Және айтпайтыны жоқ. Бірсесе Жаншаны мақтайды, бұл патшамен сөйлескен қазақ деп күмпілдетеді. Бірсесе қызылдар келіп қалыпты, Текені алыпты. Енді Жымпітыға келуге жиналыш жатқан көрінеді. Кердерілердің әдресін білесің бе!»— деп сыйырлайды.

Нұрым бұл сөзге құлақ аса қоймады. Ол тек атының енді жалын тараشتап тұрып:

— Мәмбет... апымай, кешегі сезін айтамын-ау. «Маган ер, менің жасағыма жазыл» дейді. Ергендө қызық болады скен?!— деп басын шайқай берді.

## ҰШІНШІ ТАРАУ

### 1

Ісі жұмбақ, өр мінез Мәмбетке Нұрым енді қайтып кездесе алмады. Оған Мәмбеттің аяқ астынан тап болған жойқын оқиғасы себеп болды. Ол оқиға былай басталып еді.

Жолда Нұрымга кездесіп, «Кешке қайта ораламын, сені де ертемін» деген Мәмбет атының басын атақты Ғұбайдолла Әлібековтың үйіне тіреді. Ғұбайдолланың қысқы қыстауы да, жаз жайлауы да қатар — Қамысты көлдің жағасы болатын. Қамысты көл Жымпіты қаласынан он жеті шақырым, атпен жортқан Мәмбет сияқты сүйт жүрісті жандарға сүт пісірімғана жерді. Сәлем де берместен іс-міс жоқ, үйге кіріп келген Мәмбет:

— Ғұба-ақа, ана төренің басын кесіп алыш қанжығама байлад жүрмесем, менің Мәмбет атым өшсін,— деді.

Он алтынны жылы Лұқпан болысты ауылданан алдына салып бұзауша айдал алыш кеткен, сонау ішкі Ресейдегі окоп жұмысынан қашып келген, қалаған атын мініп, көздеген жеріне қолы жетіп жүрген заманың батыр Мәмбеттің Ғұбайдолла учитель жақсы біле-

тін. Ол оған бұрын талай ақыл да айтқан, жарамсыз істерден жолын да бөгеген. Сондықтан Ғұбайдолла Мәмбеттің жүрісіне де, сезіне де таңданған жоқ. Оған сұсты жүзін бұрды да, езінің нақылды үнімен:

— Мәмбет, сен көптен бері көрінбей жүрсің, жұмысбасты шыгарсың. Алайда, өнбойы қалада болғаша сахараға жіңіш шығып тұруың қажет. Сен қаладан шыға алмайтын чиновник емессің гой,— деді.

Сейтті де, екі көзін Мәмбеттің ерекше кескінінен айырмай, аузын ашып қалған баласына:

— Мержан, мына ағана қымыз жұтқызы, аңсан келген шығар,— деп жайбарақат адамның міз бақпас қалпын көрсетті.

Ірі жүзді үлкен өкенің елібінен гәрі, таразы анасына тартыңқыраған өткір көзді сұлу шәкірт, молда алдын көбірек көрген балаша, әдеппен бас иіп шығып кетті.

Учитель ақырында сақалын тараشتап, қалың шашың дүрдиіп тұрмасын деген адамша, сол қолымен сипап жатқыза түсті; түрулі тұрган есіктен далага көз жіберді, әлденені ойға түсіргендей, етті келген қалың қабагын жазыңқырай бастады; басын да шалқайтыңқырап орындыққа жайласыңқырап отырды. Ол Мәмбетті өзіне де, сезіне де аса назар аудара қоймаган адамның пішінімен сабырлы қалыпта қалса да, ішінен ойлай бастады. «Теренің басын кесіп алып қанжыгама байламасам, менің Мәмбет атым өшсін» дейді. Мұның қолынан бас кесу де келер, бас қоргау да келер. Бір келіспес жағдайға кездесті-ау шамасы.

Бәсе, әскердің атшы офицері болып ат жабдығын басқарып қана отыра алмас деп едім. Мұндай жандардың жапырып іс істемесе көнілі көншімейді. Жүрген жерін шулатып кететіні де содан...

Аз уақыт учитель үнсіз қалды. Мәмбет те ілкі екіншін баяулата түскендей болды. Жалғастыра тіл қатпады. Үй қожасының рұқсатын да, иек қағуын да күтпестен келген бойдагы адымдан озған үй төріне таяу кілем үстіне отыра кетті де, тап сол мезетте шәкірт Мерхайырдың екінші үйден қос қолдан кетеріп келген үлкен керсөң қымызына бас салды, оны ойсырата жұтып-жұтып жіберіп, бір демде жарыдан төмендетіп-ақ тастанады. Ғұбайдолла киіз үйдің оң жағындағы стол жаңында арқасы тік, биік орындықта отыр еді. Ішіне қырық-елу адам мол сыйярлық сегіз қанат кең үйдің іші стом мен орындықтар қойранға тарылмаған, торге

таман отырган сом денелі Мәмбет едәуір жерде, кішірейіп қалғандай көрінеді. Ол қымызымен болып жатты да, аз уақыт учитель өз жайы мен өз ойының құшағында қалды. Екеуі екі жерде отыргандықтан ба, кім білсін, әйтеір бірі мен бірінің ісі жоқ адамдар тәрізді. Шыны: қарауга да бұл екі жан үқсас жағы жоқ — екеуі екі басқа; түрі де, ісі де бөлек, екеуі де екі әлемнің адамы дерлік. Бірі Европа салтына көшкен, учительдік семинарияны бітіріп, көп жыл бойы бала оқытып, білімді ғалым, ақылды ұстаз атаған атақты адам. Оның үстіне сырт пішіні де ішкі ұлықтығына сай өте айбынды жан: жалпақ бетті, маңдайлы, қалың қасты, шеңберлі мұрынды, қара сақалды, қалың қара қоңыр шашты, толық денелі адам. Өзгеден бөлек қабілетіне өзгеше сұс беріп тұрган оның ұзын және қою шашы. Ол кезде шаш қойған жандар сирек — ілуде біреу болғандықтан, Ғұбайдолланы көп жұрт: «Жеті қат жер астындағы Нұжум ғылымын бітіріп шықкан Абуғали Сина сипатты» десетін. Оナン молдақожалар ығатын, әкімдер аулағырақ жүретін. Оның үстіне Ғұбайдолла Әлібек ауылы атанған дәулетті, оқымысты ағайынды Әлібековтердің үлкені болатын, Орыс-қырғыз мектебінде оқып, орта білім алған інісі Хамидолла ел билеу ісімен айналысса, кішісі Ғалиасқар Әлібеков Реальное училищени бітіргеннен кейін «кызылдарга қол бергендердің бірі» еді. Оның бұл күнде не істеп жүргені жұртқа аса аян емес-ті.

Ал, жүрісі мен түрінен көрмеген адамның жаны шошырлық және әңгімені теренің басын кесуден бастаған жойқын жолаушы да атақты. Оның атағы басқа турде. Мектеп босағасын аттап көрмеген Мәмбет орыс тіліне оқығандардан жүйрік, көргені де сахара халқының көбінен артық. Жас шағын Жайықтың аргы жағасындағы казак-орыс байларының малын багып, оны күз базарға айдастып, ішкі ірі қалаларға жеткізіп откізген жан. Ол қысқа да емес, аса ұзын да емес, жуан да емес, бірақ сом келген жұп-жұмыр, жұлқынса үзбей тынбайтын, кәдімгі талай-талай қармақтан да жырылып, манайды жайпап, жолындағыны үркітіп, бір көлді бір өзі ен жайлап жүрген қара щұбар шортан сияқты; ерагессе екі кіслік әлі бар, кеуделіге кегін жіберіп көрмеген, тойда жығып, топырда жалырып келген Мәмбет-ті; өнді кара қошқыл, ет бетті, қасы сирек, қабагы жазық; кезі әлде желге, шаңға көбірек тосылғандықтан ба, әлде аңдаусызда бір нәрсе тиген

бе — әйтеуір ағы қаналаңқыраған қызыл тарғыл. Ал, оң құлагының қалған шеміршегі үлкен етіп ойық салтандай, кетік мұрны бетіне лайық — әрі етекті, әрі ірі; бойы аса ұзын, озі аса етті болмаса да жұмыр сом біткен денені отырған орнынан екі кісі қозғалтар емес, нық, бейнебір өндеуге қарсы бұтағы мол, жонуга қабығы қалың, дауылға иілмейтін жатаган келген далаңың емені сияқты. Мәмбеттің жасы отызға иек сүйеп қалған болуы керек, ейткені Нұрым сияқты жиырма-жиырма беске келген жігіттер оны же «Мәке», жә «Отағасы» деп тіл қатысады.

Оқымысты учитель мен кескен томардай осы адамның арасында желім боларлық нәрсе жоқ сияқты — не мінезде, не іс-әрекетте, не сана-салтта ешбір ұқас-тық байқалмайды. Бірақ қазығына айналған аттай, сұыт жүрісті Мәмбет оқта-текте осы атақты адамға «сәлем» беріп кетеді. Өсіреле өмірдің бір оқыс кезеңдерінде келеді. Ақыл сұрагандай оғаш сездер тастайды. Бұдан екі жыл бұрын: «Лұқпан болысты желкесінен қысып отырып списогін түзеттірдім: менімен жасты інісін отыз бесте деп жазылты» деп бір келген. Соңсоң «Корлық-ызасы өткен Күрлен правительдің тірі жанға үстаптаған күмістеп алтын жалатқан сары ала шақшасын үстадым.

Басқаның тақымы тиіл көрмеген ақ байталын алып келдім деп баяндағаны бар-ды. Ол екі істің екеуі де екі болыс елге бітіспес дауға айналып, аяғы Мәмбеттің елден кетуімен тынған-ды. Ал, қазір «Тереңнің басын кесіп алғып қанжығама байламасам атым ешсін» деп серт етті. Бір жақсы жері бұл соңғы іс әлі орындалған, күш көрсету ғана сияқты, «білімді Гүбайдолла не дер екен?» деп алдынан өтуі ме қалай? Ол тосын сез қатып, өзіне лайық әкелген үлкен керсөң аңы қымызды дем алмастан кетеріп жатыр, әдемі қара то-ры жас шәкірт оның өзіне де, қымыз жұтысын да таңырқай қарал түр. Шәкірттің шәкірт екені, гимна-зистер киетін жұқа қара мауыт бешпет-шалбарынан да, таразы келген түрі мен әденті тік түрган қалпынан да, учитель отырған столдың шетінде жатқан тіл құралы мен есеп кітапшасынан да көрініп түр.

Мәмбет сарқылуға таяу қымызды жерге қоя салды да:

— Күні санаулы төреңнің, Губа-ақа. Айттым ғой, басын кесіп алғып қанжығама байламасам, Мәмбет

атым өшсін деп,— деді ол тағы да Ғұбайдоллаға сыйнағандай тұрақтара.

Мерхайырдың жұқа қабагы шытынай қалды, ол әлденеге денесі түршігіп кеткендей, Мәмбет пен әкесіне кезек қарады. Оның барлық бет әлпетіне «папа, мынаған қой десейші» деген жалынышты шырай жүгірді. Бұл жолы Мәмбеттің бұл ожар сезін ақыл аринасына бұру қажет деп білді ме — учитель оған енді ғана туралап қараи, оның өзгеше бейнелі күрт жүзіне көзін тікті. Бір сөт ол сыр тартқандай көзін бақты: талаураңқыраган көзден ерлікten өзге босаңдық белгі таппады да: «Бұл ойлаганын орындауға бел байлаган екен. Төрасі қай төре? Егерде билеуңі әкімдердің бірі болса, ол оңай бас кестіре ме, кестірсе мұны өзгесі әлек етпей ме? Қалай болғанда да бұл бір оқыс іске белін буган жан екен» деп ойлады.

— Сен, Мәмбет,— деді Ғұбайдолла өктемдеу қоңыр үнмен.— Өжет ойынды жасырмай айтып саласың. Көбінесе істеген ісіңді жайып тастап: мінде мынаған не дайсіндер, мұны қалай деп табасындар? Мен сындырарымды сындырдым, жапырарымды жапырдым,— деп келесің. Мұның ерлігің, ақтығың. Ал қазір бір ойранды жарамсыз жолға бет алғаныңды айтып тастадың. Бұл әрі келіссіз, әрі ұғымға қонбайтын іс және түсініксіз сез. «Басын кесіп қанжығама байла-масам ба» деп серт еткенің қай ұлықтың басы? Мұндай жарамсыз іске неге бел будың? Күнәлі жандардың біріндеп басын кесумен қай ата-бабаң әділдік орнатып еді?

Мәмбет бөгелмеді.

— Қалада бұзық төре біреу, Ғұба-ақа. Оның бұзықтығы елге аян. Және Мәмбет айтпайды, айтса айтқанынан қайтпайды, ондай бұзықты аяғынан тік бастырып қоймайды.

Ол осы сезіді дәлелдегендей, безерген пішінмен бір шынтақтап, отырган орнында қисая бастады. Оның бұл бір беткей мінезіне учитель көзінің аласын көрсетумен ғана тынды, басқаларға баса айтып, ақыл тезіне салуға әдettенген ұстаз бұл жолы үнін жұмсартыңқырап сейледі. Көбіне Мәмбеттің ашық сейлемеген сез бұлдырын айқыннатпақшы болды.

— Төре деп, бұл күнде жүрт хұқімет қызметіндегі лауазым иелерін атап жүр. Ал бұрын қазақ жалғыз ғана хан болып наследі сұлтандық атақ алып келген ақсүйектерді «терелер» дейтін. Мәселен: Нұралы хан,

Жәңгір хан, Қаратай хан, Айшуақ сұлтандар тере атанады. Біздің Қусеп тұқымы да тере. Сондықтан...

— Мен бір гана төрөні білемін. Ол белгілі бұзық Арон тере, кәдімгі окоңқа жігіттерді желбезегінен тізген сазандай етіп айдаған Арон. Менің кесетінім соның басы,— деді Мәмбет оның сөзін бөліп.

Өзі жақында гана Жымпітыда көрген сары ала шенді полковник Аронның басын кесіп-ақ алғандай, Мерхайдар көзін жұмып қалды. Нәп-нәзік бет тамырлары денесінің шіміркене қалғанын айқын көрсетіп жирыла түсті.

— Сен шыға тұр, Мержан,— деді учитель баласының үрейлене бастағанын байқап. Бала әдеппен басын иіп қалды да, ақырын гана есікке жылжыды.

— Иә, Арон тере, ол ұлық төре. Сенің жолың басқа, Аронның лауазымы бір басқа. Сен ғаскердің атжабдығын басқармайтын ба едің?— деп еді Ғұбайдолла, Мәмбет ілесе істің мән-жайына көшті.

— Әңгіме аттан шығады. Ақметше берген үш кек аргымақтың бірі жоғалып кетті. Аттың қашатыны бар, сірә жем беріп баққан жеріне кеткен болар. Соны подполковник менен көрді, бұл соның мінетін аргымағы еді,— деп Мәмбет подполковник Кирилловпен шатасқанын, оның гауптвахтарға салуға тырысқанын, бірақ Мәмбет екі солдатты ұрып жығып, қайтып келіп подполковникті байладап тастап, қаруын сипырып әкеткенін айтты.

— Мені Кириллов баяғыдан біletін. Мергеневканың бай казак-орысының баласы. Мен олардың екі жыл малын баққанмын. Маған бұрын да талай қолы тиген, мен де қарап қалмағанмын. Зәбір берген соң, ақым үшін атын мініп кеткенмін. Бұған кеп жыл етті. Сол адам сабап үйренген казак-орыс маған хонокрадсың деп ақырды. Мен оған: сен мықты болсаң, ана қызылдарға көрсет күшінді. Ертең кетіңде дуре салып қызылдар саған ат бақтырады дедім. Егес осылай басталды.

— Кирилловке кеткен кегінді Арон төреден алмақсың ба?

— Жоқ, Кирилловке кегім кеткен жоқ. Ал, Аронның жер бетінде тірі жүруге тиіс емес. Менің тұбімді қазып жатыр. Он алтыншы жылғы Лұқпан болысты желкелегенімді, скоптан қашып келгенімді бетіме басып, сен қызылдарға қол берген бұзықсын, сені дарға астырамын деп жатыр.

Арғы жағын Ғұбайдолла мүқшап сұрамады. Бұл өкім-қарага бас имей келген «Шойқараның» Жанша ескерінің бастығы Кирилловпен ғана емес, полицмейстр Арон төрсемен қарсыласып қашып шыққан әрекеті то-лық көз алдына келгендегі болды. «Мұны ұстаса сotтайты. Соттаса не болары белгілі ғой. Мұны қайда жа-сырып, қалай арашалауға болады? Ғұлар менің өз ба-сымды да...» деген ойын түптепестен Мәмбет:

— Ғұба-ақа, маган Фалиасқардың қай жерде жур-генін айт. Мен соларға қосыламын. Және жалғыз қо-сылмаймын — мына хан жігіттерінің ішіндегі серік-терімді ала кетемін,— деді.

Ғұбайдолла бұл соңғы сезге құлағын тіге қалды. Тәжірибесі мол, өмірдің сан қылы жасырын астарын байқап көріп отырған учительге «Фалиасқарға қосыла-мын» деген талап жоқ жерден табыла қалған ақыл сияқтанды. «Бірақ қалай қосылады? Фалиасқар қай жерде қазір? Хан жігіттерінің арасындағы серіктегін бол қалай алыш кетеді? Өзі барып қақпанға түсіп қал-са, өкініші кете ме? Арон төрені өлтіремін деуі де хауіпті іс?» — деген сұраулар оны сан түйыққа тіреп, күрмей берді. Мұғалім бұл қын жұмысты ақылға салып шешпекші болды.

— Мәмбет, сен біздің қырдағы күтірге бар да жат. Іші таза, өзі оңаша, көзден таса жер. Өрістегі жылкы-шылар келіп мазанды алмаса, ешкім бармайды. Та-мақты жігіттер жеткізіп берер. Басқасын соңынан сей-лесерміз,— деді.

«Күтірде жата түр» деген сезге ойланғаннан кейін Мәмбет те көнді. Бірақ оның ойы Ғұбайдолланың ой-лаганынан әлдеқайда басқа еді. Ол өзінің елден өзге оғаш мінезіне бақты — оның тағы да жүрттың аузы-нан түспес бір істері айқындала берді.

Қамыстықөлден төрт-бес шақырым тәмен, Қашар-сойған беттегі қос күтірге барып, жан-жақты көзben бір шолды да, Мәмбет ымырттатып қалаға қайта оралды.

## 2

Ол Ғұбайдолланың «Күтірде жата түр, басқасын соңынан сейлесерміз» деген ақылын алған жоқ. Ол бұл оқымысты адамнан кеңес те сұрай келген жоқты. Тек қана істейтін ісін және істеп салған ісін дереу мәлім-дейтін ескі әдетінше айтып салған сезі еді. Бірақ учительдің күтірге иек қаққаны оған екінші бір жойқын

сій салды. «Күтір оқшау тұрган бір қамал. Аргы жагы өріс, өрісте жатқан көп жылқы. Тоқтай тұр, сен Кириллов, мені конокрад дейсің?! Конокрадты мен саған енді көрсетейін. Тігерге тұяқ қалдырмай полкының атын ондаш-жырымалап айдан әкетейін де тұрайын. Көп тарының ішінен тауып алыш көр ала тарыны? Қабыл мен Науырызалының есепсіз жылқысының ішіне қосып алыш, біраз күннен кейін ат біткенінді Ақшат тауға, онан әрі Ақбұлаққа қарай қызыл түйғындардың жатқан жеріне жөңкілтейін бәлем» деді ол ішінен қалага қарай атын аяңдатып, терін кептіріп келе жатып. Ол бір кез тіпті Арон төрөні енді қайтып аузына да алмай қойды, бар қаһары Кирилловке ауды. Кеше, «Мишка, сен шын керме, конокрад деп ойнап айтып ем» дейді астында жатып. Баяғыда да соны айтқан. Бірақ қолымнап босанып кетісімн Мергеневканың барлық жігітін жинап алыш келіп, ен далада жабылып ұрып кеткен жоқ па еді. Өрісте бір күн, бір түн жатып, дед Митрейдің үйіне еңбектеп зорға жетіп жығылдым. Мынау соның салған таңбасы емес пе? — деп, Мәмбет оң жақ құлағының қалқан шеміршегін қамшы ұстаган қолыммен сипап қалды. «Бұл итті алқымынан алыш біржола езес салмаған екенимін. Содан кейін мейлі, маган істерін бұл сары ала погонды мырзалар істей берсін. Тентектің ақылы түстен кейін келеді дейді. Өзімде де бар, несін аядым екен! Енді қайтып қолына түссем, Кириллов мені ез қолыммен атар» деп ойлады Мәмбет, кешегі ісіне бүгін есеп беріп. Талай сабалып, талай тепкіге ұшырап құлак-еріні әлденеше рет жырылған бұл Мәмбет бейнебір өмірдің оты мен сұйна түсіп шыцдалғандай. Оның ешбір жаңнан сескенбеуі де, үдайы тек ұлық біткенмен айқаса кетуі сол каршадағынан жүргегіне шемендей қатып, еріксіз думніген тірі қорлық пен азы зорлықтың ешпейтін зардабы болуы керек. «Қап!» деп тістеніп қойды ол тағы да Кирилловты бір жайлы етпегеніне екінгендей.

Есіктен кіріп келген бойы төрден бір-ак шығып, таңданғандай қарай қалған ұлken көзді сұлу қара тоғы қызға:

— Тере қайда? — деді Мәмбет.

Үстінде әскери киімі болса да «шойқараның» алқа-салқа түріне қарап және жан шошырлық қызыл тарғыл көзінен көзін алмай қыз сәл бөгеліп қалды. Бірақ қаланың да, даланың да түрлі жандарын көріп жүрген, өзі оқыған, әрі өткір қызы Мәмбеттен сескене

қоймады. Ол тіпті мұны ертегі, қисса-жырларда кездесетін дәу перілердің бір адамға зиянсыз, жә бір көлді бір үрттайтын, болмаса тау мен тауды алақанына салып салмақташ тұратын «зұмқара» ма деп қалды. Әйелдің көбі нәзікten гөрі берен күшті, ақылдан гөрі оғаш істі, көріктіден горі шомбал тұрпатты адамды жақсы көре береді. Әсіресе дүлей ерліктің иесі, бет қайтпас қара дүрсін Мәмбеттерді алыстан да сезіп, біліп қашудың орнына оған үйіріле кетеді. Арон төрениң жалғыз қызы гимназиска Шаһизада да сол оғаш жандарды сүйгіш қыздың біреуі екен.

— Папамды сұрайсыз ба? — деп қыз қабагын көре қалды.

— Қаратаев Арон төрени сұраймын, — деп, Мәмбет алыстан құркіреген күндей дүңк-дүңк етті.

— Полковник сұлтан Гарун Ахметович мемлекет советінде — Батыс уалаятының бастығы ұлы мәртебелі Жаһаниша мырзаның хұзырында. Сіз... хорунжийсіз бе? — деді қыз аз мұдіріп қалып, Мәмбеттің қара мауыт кең гимнастеркасының иініндегі әскерлік чин белгісіне қарал тұрып.

Мәмбет те қызға қарай қалды. Оқыған қазақ әйелдерін көрмеген, тіпті бай казак-орыстың актиын ішік, шәйі көйлек киетін, қолына алтын балдақ салатын үлпілдеген ақ денелі қыздарынан сұлу жан бар деп ойламайтын Мәмбет мына қарсы алдында тұрган жайнаган өте көрікті қара торы қызды көктен түскен арудай көрді. Мұның да үстінде әсемдеп тіккен асыл шәйі көйлек, қолында алтын балдақ, құлағында мың құбылған жақұтты сырға, аяғында алтын зермен оқалап тіккен қызыл сақтиян етік. Әсіресе, қыздың өзгеше иұр шашқан өткір көздері баурап-тартып бара жатқандай болды. Ол өмірінде бұл төрениң үйінде мұндай сұлу қыз бар деген жоқ-ты. Сұлулығының үстіне салтанатты, оқыған, сымбатты ару кездесерін ойлаган еместі. Ол бөгеліп қалды, қызға не деріп таппай кідірістеді; оның үстіне қаншама «бас кесемін» деп серт берсе де Мәмбет сан қатерге кездескен өзгеше өмірінің ішінде адам өлтіріп көрмеген жан-ды. Ғұбайдолла учительдің үйінен кеткенненбері оның есі-дерті кенет сол жерде ойға алған, полктың атын қуып әкетіп, ежелден егесіп есken Кирилловты қаражаяу қалдыру еді.

— Бикеш, сен Арон төрениң қызымысың? — деді ол ойда жоқ жерден босаңси қалып. Оның үні оқтем

түрінен күрт өзгеріп, баланың үніндегі жіл-жіңішке болып шықты.

— Офицер клубында болғаныңыз жоқ па? — деп қарсы сұрақтады қыз езу тартып.

Қыздың қап-қара қасы мен ұзын кірпіктеріне сай оң жақ бетіндегі қара меңі бірге езу тартқандай тебіренді.

— Мен офицер емеспін ғой... — деп күбірлей түсті Мәмбет өзінің ақсүйек, төре, болмаса, атақты адамдардың тобына кіре алмайтынына қорынғандай.

— Сіз де офицерсіз, хорунжий белгісіз бар, оқынмаган шығарсыз, бәлкім. Оқымасаңыз да... — деп қыз созін аяқтамай, оның алқа-салқа түріне, офицерге ке-ректі тәрбие-тәлімнің жоқтығына және дөкір тіліне ке-шірім бергендей аяныш шырай көрсетті. Сөйтті де:

— Отрыңыңыз. Иә, мен полковник сұлтан Гарун тә-ренің қызымын. Ол кісі кеш қайтар. Лейтенант-помощ-никтерін ертіп төтенше мәжіліске кетті.

— Отырмаймын, кетемін, — деді Мәмбет тез даусын өзгертіп.

Оның ойына казарманы бөрліктіріп, жолдастарын ертіп шығу ииеті түсіп кетті.

— Жай келдіңіз бе, хорунжий мырза? Папама кім келді дейін? Атыңызды айтсаңыз, — деп қыз бір адым ілгеріп жүріп, кім екенін білуғе қатты әуестенгенін бай-қатты; — қазактың балуан офицері келді дейін бе? Әл-де батыр келбетті ер жігіттің бірі келді дейін бе?

— Мәмбет келді де, бикеш. Әкең... бұзық Кириллов-ты жақтап менің соңыма түсуін қоймаса — айтпады деме, онда жақсылық жоқ...

— Мәмбет!.. Сіз Мәмбетсіз бе? Кәдімгі подполков-ник Кирилловтың сыйын берген Мәмбетсіз бе?..

Қыздың өнді жүзіне таңырқау мен шаттық қосыла жүгірді — қылған қап-қара қастары керіле қалды; көздері әрі оттай жайнап, әрі үлкейіп кеткен сияқтанды, бетіндегі қара мең құлім қаққаннан гөрі мәз-мейрам болып билеп бара жатқанға ұксады.

— ...Жүрт әңгімесі тек қана сіздің кешегі қымы-лыңыз жайында, Кирилловты масқаралағаныңыз тура-лы. Ольга ханум: «кеудесін котерген подполковниктің өзіне де сол керек еді» дейді. Құрбанға шалатын ақ сарыбас қошқардай етіп, қол-аяғын байласп кету — сүмдық қой, Мәмбет аға! Айтыңызды, қалай етіп бай-ладыңыз, өз аузыңыздан естиін. Отрыңыңызды, Мәм-

бет ага! Осы заманның нағыз Хақан<sup>1</sup> батыры сияқты екенсіз гой?.. Отырыңызы!

Кыз қолқалай қалды. Оның ойына: «Бұл адам әкеме де жазым жасар-ау!» деген жаман ииет кіріп төшүккан жоқ.

— Апыр-ай, сүмдүк іс! Ешбір жанның қолынан келмейтін, сізге ғана... сіздің мына батырлық келбетіңгэ сыйтын іс! Жасынан әскер қызметінде жетілген жауынгер казак-орысты байлан тастау!.. Әскер басы, штаб бастығы подполковникті!..

Мәмбет сөл кідірे түсті де:

— Жоқ, бикеш,— деді тағы да ілкі жер астынан шыққандай дүңк еткен өктем үнмен:— мен бұл үйгө әңгіме соғуға келгенім жоқ...

Мәмбет сөзін тауыспай есікке адымдады.

— Жоқ, Мәмбет ага, сіз айтыңыз!.. Жақсы, бұл жолы айтпасаңыз, екінші жолы айтыңыз. Келіңіз, Мәмбет ага. Ертең келіңіз, күндіз. Келесіз гой, Мәмбет ага?! Мәмбет мойнын бүрмады, тек қана есіктен шығып бара жатып, басын шайқап-шайқап қойды.

Қапелімде Мәмбеттің бұл түн жортып жүрген жүрісіне де, айтып кеткен сөзіне де жете түсіне қойманған қыз көруге жан қорқарлық жанның ізіне қарап, сал уақыт түрып қалды да, сол таңданған күйі екінші бөлмедегі үй күтүші татар әйеліне жүгірді.

— Сіз Мәмбетті көріп пе едіңіз? Кәдімгі подполковникті байлан кеткен Мәмбетті?— деді ол әйелге ентіге төніп.

— Жоқ, жоқ! Қөргенім де, естігенім де жоқ Мәмбет дегенді. Ол кім еді?

— Уай, женгей! Кәдімгі дәу Мәмбет! Нағыз Мәмбет. Нағыз алып адам! Қазір ғана шығып кетті. Әлі қорадан шығып кетпеген шығар.

Сейтті де қыз әйелді қолынан ұстай алыш, сыртқа қарай сүйреді.

Бірақ сырт қараңғы екен, үйден шықкан адамның көзіне ешбір қарасын ілікпеді. Тек қана қақпадан шығып әрілеп кеткен аттылының дыбысы құлаққа келді.

— Ол келеді, женгей. Ондай ер адам қорықпауга тиіс. «Ондай адамға тиме» деп папама айтып қойсам — тимейді. Кирилловтың намысын қорғап айыптауга болмайды гой бұл сияқты екі кісіге әлі келерлік хорунжийді,— деді қыз өзін дс, әйелді де жұбатқандай.

<sup>1</sup> Есқі қиссаның геройы.

Бірақ әйел қыз сөзіне зер сала қоймады, оның кім екенін, не үшін келетінін сұрап жатпай, цінгайға көшіп:

— Келсе, көрерміз қандай адам екенін, бикеш, — деді де қойды.

Ал, жарты сағаттан соң келген Арон тере, қызының әңгімесінен шошып кетті. Ол сонда да сыр бермей тыңдаш, жай-жапсарды езінше түйді де:

— Шахназада, сен жата бер. Сагат он екінші жұмық, — деп офицер Абылаевты екінші болмуге алып шықты.

— Бұл булік жасауға келген. Подполковникті жазым етуі мүмкін. Тез Кирилловтың үйіне жетіндер. Мүмкін, сол жерден қолға тусірерсіадер. Қасына үштөрт жауынгер ал да сол үйді торы. Турменің күзетшілеріне хабарла, ондай бұзық түрмеге шабуыл жасауды да мүмкін. Тез қимылдандар! — деп бүйрық берді.

Мәмбет те ойға алғанын төзірек орындауға кірісті; оның ойта алғаны: «алдымен казармадағы серіктірімді алып шығайын!» болды. Сондықтан ол Арон теренің үйінен шыға сала қаланың солтустік бетіндегі казармаға қарай жортты. «Қазақ уалаяты қазақ әскерін құрады. Саналы жігіттер қолына кару алып, сол уалаятын қорғауга тиіс. Атқа мін, азэммат! Өз алдыңа ел болып, тізгін алуға үмтүл!» деген ұран Мәмбетке ғана арналған сияқты болып еді. Ол сказға салым өз соңынан ерген жігіттерін бастап келіп, сол болашақ әскерге бірінші болып жазылған-ды. Өрі жігерлі, әрі орыс тіліне жетік, оның үстінен сан жігітке бас боларлық батыр атакты Мәмбетті «Командир ету керек» дегендегер де болды. Бірақ әскерлік білімі жоғын еске алыш, оған «Полк бастырының бірінші серігі» деген атак қана берілген болатын. Бірінші серіктің міндеті: болашақ полктың барлық шаруашылығын басқару еді де, оның ішінде атпен, ер-тұрманмен, жемшеппен, қора-қонысмен қамтамасыз ету бір ғана Мәмбеттің мойнына жүктелген. Атсыз келген жасақшыларға ат сатып өнеру, атымен келгендерді есепке алыш тәртіптеу, құрал-жабдық, қора-қонысы өзірлеп, казарма салдырып сны жабдықтау, жем қорын жасау, пішін дайындау Мәмбеттің сыйбагасы болған. Ол қанша ақша аламын десе алыш, қанша ат керек болса тауып, қанша мұлік керек десе оны жинап, өзіне-өзі

жоға болып келген. Бірақ осы лауазым оған кенет жақпай қалды. Жақпаудың алды подполковник Кирилловты көргениен-ақ басталды.

— Мен өмір бойы казак-орыстардың жекіруін есту үшін тұдым ба? — деді бір күні Жаншаның езіне кіріп келіп. — Теңдік алдым, әскер болдым десем — бәрі баяғы қаз-қалпында. — Арғы жағын Мәмбет айтқан да жоқ; қайырылып тілге де келген жоқ, уалаят бастығының мекемесінен шыкты да кетті. Бұрыннан сырды белгілі Мәмбетті де үгіттеп, не қорқытып ұстауды орынды деп таптай, Жанша:

— Да, тентек! Солай демесең Мәмбет боласың ба?! — деп қарқ-қарқ күлді де қойды.

Осыдан кейін еді Мәмбеттің Кирилловпен сөзге келуі.

Оның серіктегі, ашса әлзаканында болатын серіктер. Хан әскеріне бірге келіп, бір жазылған жігіттерінің бірі Эжіғали-ды. Эжіғали он алтыншы жылды окопқа бірге барып, бірақ «жолы туслей» Мәмбет оз бетімен елге женелгендеге, Бобруйскіде қалып қойған-ды. Бір жыл жарымнан кейін гана ол «шойқарасымен» елде кездескен. Ал енді бірі Мәмбет қайда жүрсе — сонда жүретін, ат қосшысында болып кеткен кішкапе Жапалак.

Жаңа гана үйқыға кеткен казармага кіріп келіп Мәмбет:

— Эжіғали мен Жапалакты оят! Танымай тұрсың ба, көзінді неге жыпымықтатасың? Тез? — деді түнгі карауыл жасақшыға зекіп.

Жасақшы оның әмірін екі еткен жоқ.

— Қазір, Мәмбет аға. Қазір оятам. Эжіғали ат басында, күзетші, — деп бұрышқа қарай жүгірді.

Карауыл жасақшы Мәмбеттің не оймен келгейнін де, не іске бет алғанын да білген жоқ. Жүрт көзінің қырынан ығып жүре беретін Мәмбетке оның қарсы жауап қатуы да мүмкін емес еді. Кешегі күндізгі ісін еміс-еміс естісе де, бұл мықты жанды бір Кирилловке бола қашып әрекет жасайды деген солдат үгымына сыймайтын да нөрсе гой.

— Мәмбет аға келді, Жапалак! Түрегел. Жапалак! — деді күзетші бұрыштағы жасақшыны жұлқылай түсіп. Жұлмалап үлгергенше аяғынан тік тұрып та қалған Жапалак:

— А, а-а, қайда Мәкен? Қашан келді? — деп қанбакша дәңгеленді.

Жапалаң шешінбей, киімімен сұр шекпен одеялына қалыптаста кіре қойған екен, бейнебір «жау-келді!» деген атойта күні бұрын өзір жатқан адамдай ұмтылды. Бірақ ол қанша тез ұмтылса да, Мәмбетке қүзетнің жасақшы бұрынырақ жетіл:

— Олттым, Мәмбет ага, мінде! — дед мәлімдеді.

— Ожіғалғы ат басында, Мәке. Екеуміз жетеміз бе? — деді Жапалақ, бейнебір барлық сыр бір өзінс аян адамша.

— Жетпейсін, — деп дүңк етті Мәмбет. — Қара жаугашты мен бүкіні, жиенің мен собалақ сарыңды ерте шық. Қару-жарагынмен. Мен Әжігалидың қасында тосамын.

Мен-жайды оған Мәмбет түсіндіріп жатпады. Бұрыштағы Жапалактың қасында жатқан бірлі-жарымнан өзге бас көтергендер болмады — үйренбеген жігіттер ертеден кешкі әскер ойынынан салығын, қорылы мол қалың үйінің құшағында жатыр еді. Ал, бас көтеріген бір-екі адам Мәмбетті көріп орындарынан қобалжын тұсті — қанелімде не болып жатқанын ұға алмай аңырды.

— Қашып кетті демен не еді? Қайтып келгені ме?

— Қашып қайда барады, келген той, — десінін олар балаша тақырқап.

— Мәмбет олардың сөзін естіген жоқ, кім бас көтеріп, кім таңырқағанына да көз жіберген жоқ. Ол есікке таяу жердегі мосылап қойған винтовканың бірін алды, қатарындағы жауынгердің оқшантайын беліне қыстырды, сейтті де келген ізімен казармадан қайта шыкты.

Көл ұзамай Жапалақ та аты аталған адамдарын тесегінен тез тұргызып, ертке жөнелген жандай ат бағанага жүгіртті. Бұларға Жапалактың айтқаны:

— Ат басындағы Әжігалиға жүгірідер; сендерді Мәкең күтіп тур, — деген бір-ак ауыз сез болды.

Мәмбеттің сөзін хан жарлығындағы көретін бұл адамдар сол сэтте жағалай жатқан тізбек-тізбек ат бағандарының түбіне жиналыш та қалды. Ал, Мәмбеттің бұларға айтқан сөзі мән-жайды ежелеп түсіндіру емес, тікелей бүйрек есебінде шыкты.

— Мына казак-орыстар жайлаган хан әскерінде мен сендерді тенкіле тастап кете алмаймын. Аттарыңа мініңдер де соңымнан еріндер. Өзім барда ешкім мәңдайларынан шерте алмайды. Баарар жер — Ақшат. Мына екі арғымаң пен қара айғырды жетекше алың-

дар. Эжіғали, мұнан басқа тәуір ат болса тастама,— деді ол шәмкелеп астауга салған шелті бір шайнаң, бір тында п тұрган қамыс құлақ бойшаң аттарды нұсқап.

— Тастамаймын! — деді Эжіғали.

Оның жауабы сонымен бітті де, жігіттеріне иек қақты. Не бәрі ширек сағат ішінде казарма мен ат баған тубінен еркек қойдай белініп шыққан бір шоғыр адам қаланың арқа бетіне қарай жорта жөнелді. Бұл шоғырдың саны шағын болғанмен ісі өзгеше еді. Қарулы күшке қасақана қарсы шығып адамын ертіп, атын айдал кету басқаға ой салатын, мұнаң да үлкен бүлікке бастама сияқты іс-ті. Шоғырланып шыққан не бәрі тогыз адамның жетегінде қос аргымак пен жүйрік қара айғыр гана емес — алдарына іріктел салған бір үйір аты да бар-ды.

### 3

Ертеңіне...

Жасақтанып жатқан әскері бар, ішкі тәртібін басқаратын оқімшілік орындары мен полиция басқармасы бар, қарауыл взводы мен түрмесі бар, прокуратурасы мен соты бар бұл Жымпіты үкіметі өз тізгінім өз қолымда деген ниетте еді. Бірақ орынсыз зорлықпен сорақы түрде жазалау ісіне қарсы бас кетерген елдің қырын қабақтығы, әсіресе Жұныстың болыс кеңесіне жігіт жинал келгені және оның устіне Әбдірахман отрядының Орал атамандары жөнелткен қару-жарап керуенін өзіне бұрып алып кеткені «уалаят» басшыларына ауыр тиіп еді. Енді мына Мәмбеттің ісі көлденең қырсық болды. Екі күн оны қолға түсіре алмай әуре болып жүргенде, аяқ астынан шыға келіп полицмейстр сұлтан Арон төрениң үйінде күш керсеткені, казармадан адам ерткені, күзетті ат қорадан сан жүйрік айдал кеткені қастандықтың ұлғайғаны сияқтанды. «Бұл тегін іс емес. Мұның тұп тамыры арғы беттегі қызыл бәлелерде жатыр, бергі жактағы оның жалауын кетеруші Әйтівтің астыртын орекетінде жатыр. Жасырын жиналыс ашу, бұқара арасында ірікті салу, хұқиметке қарсы топ жинау соның гана әдісі. Мына елден шыққан Оразбайдың бұзық баласы соның қол шокпары. Тал түсте штаб бастығын ұрып-жығып, қаруын тартып әкету тек осы сияқты бас кесар бандиттердің қолынан гана келеді,— дегі түйді Арон тө-

ре. Ол бұған енді не істсөн керек екенін ойлан-пішті. — Бұл бұзық қашқанды қайда барады? Орал өлкесінде оның ашықтан-аңық қымымыс жасап бас панаclar жері жок. Енде сенімді адамдар мол: болыс пен старшина, судья мен салықны жеңе құпия қызмет атқарушы азаматтардың көзінен тәсі қалуы мүмкін емес. Оның құтылар жолы жалғыз Әйтнеңтің тобына қарай асу... Богдановкага жеткізбей тоқсауылдау көрек.

Арон төре түнделетіп Қараоба болысына шабарман жомайлтті. Қабамбай мен Қакпактыға да адам шалтырды. «Белгілі бандит Мәмбет Оразбаевты қалайда үстап, хүчімет қолына табыс етіңдер» деген жасырын жарлық жіберді. Сейтті де полицмейстр төре белгін жайды жасырмай, тіпті оны «бунт» деп атаи, уалаят бастығы адвокат Жаншага мәлім етті.

Жанша ұзак ойланды. Әдетінше тез жарлық бере салудың орнына, ол теренің сезіне сын таққандай болды. Оның: «құғышы шығардым! Қалайда таптырам! Ондай бұзықты тез соттатып, стройдың алдына жазалатам» дегеніне басын шайқады.

Екі иынын селтең ете түсіріп, «мұнысы несі?» деген түйік сұраққа тірелген сұлтанға:

— Корерміз, — деді Жанша.

Бірақ ол Арон төре шығын кеткенинен кейін адъютант Каржауозка:

— Біздің жігіттер адам танымайды. Тани қалса — оны срныча жұмсай білмейді. Мәмбет сияқты берен кимылды адамды ебін тауып мыңға қарсы шығаруға болады. Ол мыңды да селт еттіре алатын көзсіз ер. Бізге осындаған жігіттер көрек. Оны әлгі тере, ит қосып үркіткен асаудай, әрілетіп жіберуге қалды. Менінше, Мәмбет беделді адамдардың жетегінде; жетегінде болмаға да — соларға авқа таңады. Мұны тоқтатып ана Ғұбайдолла сияқты учительдер. Мен оны Ғұбайдолладан ақыл сұрап жүреді деп естігемнін. Жыныль әзбен көрі қайырып алу амалын көздеңен жон. Мәмбетті өзімен тілдестірсе, ол бір жағы аталас та адам еді, — деді.

— Ол көрі тарланды шақыртайын, — деп еді адъютант, Жанша оған:

— Шақыртпа. Ғұбайдоллага өзін барып: «Жанша сөлем айтты, азамат бүтін болмай, ел бүтін болмайды. Нікір таласы қастыққа емес, достыққа жеткізуге тиіс. Уалаят Ойылға көшкелі жатыр, соны білдір деп еді. Уалаят басшысы ел ағасының есен-саяу болуын тілсій-

ді, осыны сізге айта келдім» десін. Сөз арасында Мембет жайында өңгіме болса «бір тентек ел ішінде журмес болар ма. Адасқаның арты жең,— қайтып үйірін талқан соң, ол сондай тентек дейді» деп туїгерсін. Арғы жағы өз билігінде,— деді.

Сейтіп Қаржауов Ғұбайдоллаға жолығуга, оған басшысының сәлемін тапсыруға аттанды.

Ал, Арон тере басшысының «көрерміз» деген сол-қылдақ сезін басқаша ұқты. «Бұлікшілермен күрсіп көрмеген, сот мажілісінде тіл бөзел шешендікке салынғаннан өзге өнері аз. Аяқ астынан жасырын үйим аңын, жасырын отряд құрып, іштеп шалуға отрядтарын қаптатып жіберген Эйтіевтердің қылымы несінде шауып бара жатқанын білмейді» деп секті ол Жаншаны ішінен. Ол өз ойын түптеуге кірісті. Түрмедегі хауіпті адамдарды тез сottaу жағын ойлады. Ал, «Ең ірі жау» деген Мейдігерей Епмагамбетовты тез Сыйлата жеткізуғе — сол жерде сottaуга тырысты. Оны Ойылға жеткізудің кажеттігін «турме сенімсіз» деп деделледі. Ол басшыларды «мына Мембет сиякты бас кесерлер көбейіп кетсе алдымен түрмеге шабуыл жасауыт мұнай» деп қөркітті.

Мембетті колға түсіріп, оған ең ауыр жаза беруді подполковник Кириллов Ароннан да қатты қолға алды.

— Бұл белгілі конокрад! Сахараның нағыз жортып жүдестік кек берісі. Оның бәрілігін мен о бастан білемін. Оны атып тастаган кісіге алғыстан басқа айтарым жок. Осындай кунекар бұзықты басшылардың әскер маңына жуытқанына таңым бар. Жұыту өз алдыни, бұл бас кесерді командирдің жәрдемшісі етіп белгілеу қиодоттың ғана ісі. Бұған одан өзге баға жок,— деді ол штаб басшыларына.

Кирилловтың Мембетті мал баққан бақташы кезінен бастап білетін, жас шақта онымен талай қыркысын та қалып, ерегіспен өлтіріп тастамақшы болғаны да кешеден бері көз алдына қайта оралған суреттер еді. «Осындай жандардан арылмай әскер де, әскерден тыс қауым да адамшылық қалыпка келе алмайды. Орыстың осы түнгес соғылғандары патшага, Христосқа, дінге қол көтерумен келеді» деді ішінен, Орал атты казагінің шеншекпеніне не болып келген ежелгі, ері дәулестті, ері атакты жауынгерінің бірі.

Арон тере мен подполковник Кирилловтың Мембетті қас дүшинауы санауда тегін де емес сиякты. Мем-

беттің түп тамыры бітінше тартыстың терең түбінде жатқанын олар сезе көтөм. Сайкені...

Сайкені соң күні, тұм сол сағатта, сол қаламың ішінде, жалпақ төбелі кон қазаки үйлердің бірінде екі жас жігіт сейлесіп отырды. Олардың сезіздері бозбалалық сез смо, бул да сол көдімкі «уалаят» басқарып стығран атақты адамдар мен әскер басындағы полковниктердің колға түсіреміз деген Мембеті жайында еді. Бұл жас жігіттердің жолдары да қылыштылы, Еір сол жердегі Аронның қолында тұтқында отырған Мендерейдің баласы Әмір болатын. Абылаевтаң Өлеңі паселкесіндегі ойранынан кейін бар жайды Хакіммен естіп, Әмір қолға түскен әкесінің соңынан келген. Еірек жас жігіт түгіл әйел Күлшанды да тұтқынға алыш, бала мен шалды қылышын туратқан қатал жандардың көзіне түспей, Әмір жасырын жүріп, жасырын ерекстік істеуге кіріскең-ди. Ал оның қасындағысы: сонау Ілойшін түбіндегі Дуана болысынан шығын, ішкі жақтағы орыс паселкелерін аралан, жоса сату сұлтауымен жүріп, үш ай бойы жоғалып кеткен, Мендерейдің жабық пәтерінде болған, жасырын съезді көрген, Аңқаты бойындағы болысқа шабуыл жасаған Жұныстың жігіттерімен сейлесіп, оларға дем берген, алты жылдың Қарасу мекебін бітірген, созғе уста, жас Ораз-ды. Бұл озі аса зор іс бітіре көймаған жас болса да, тамшыдан су тасыған қарлығаштай, халық қамын жеген алғыр ағаның жетегінде теңдік пен бостандыққа қол созған талапты жастың бірі еді. Талапты жас әрқашан да, әр заманда асқақ қиял, үшіңір ой, биік максат, кіршікесіз махаббатқа қол созған үрлақтың серкесі гой...

«Дмитриев пен Қаратас жеті басты жалмауыздай қорыған атамандардың қолында. Оларды халқымен бірге босатамыз, «Қырық трубаның» қакпасы Оралдың қакпасымен бірге ашылады» деген Әбекенің сезі көсарыла, алары да жоқ ақырат. Ал мына полицмейстріңің қолынан Мендерекінді қалайша жұлып алмаймыз! Айналайың, сен Мембетті қалайда таң. Қалайда сейлес онымен. Мен Ғубекенмен ақылдасадайын. Эттеген-ай, білмей қалдым Мембеттің кім скенін. Оны...

— Тес! — деп Әмір Ораздың сезін бөліп жіберді.

Бұл үй тігінші Жарке дегенниң үйі еді. Сырттан кірген еол Жаркенің әйелі екен жас жігіттердің әоз болінганиң аңдаған жок, оз естігені ішіне сыйытай:

— Сүмдүк есіттің бе? — деді әйел ерінде анытрып.

Кішкене қонақ бөлмеде әңгімесін докара қойған екеу де, өз ісімен шұғылданып терезенің нақ түбінде машинаны тырсылдатып отырган ері де құлагын тіге қалды.

— ...Сүмдық! Әлгі согылған Мәмбет әскердің бар атын айдан кетіпті!

— Қой әрі.

— Эй, мен етірік айтып түр дейсің бе, батыр-ау! Жүрттың бәрі шулап жүр. Әлгі Керіл ме еді, кім еді, кешегі қол-аяғын соатын тоқтыдай етіп байлап мекен!? Соның аргымағына дейін... тіпті бар гой... (әйел сыйырлай түсті) ханиның аргымағын да алыш кетіпті дейді. Бетім-ау, бұл согылған оны қайда апарады?

Қонақ бөлмедегі екі жігіт мыре ете қалды. Жөркө әлі сенбеген пішінмен:

— Эй қойшы. Сендер де бір қайдагы жоқты шығарасындар. Базарға ат айдан сататын Мәмбетті ұры дедің бе соңшама.

— Ойбай-ау, мен жанымнан шығарып түр дейсің бе? Ана жақтағы оқымысты қайнышпан сұрашы; маган наибасаң. Жалғыз ат емес, әскердің тең жартысын ертіп кеткен сонына.

— Сендердің өсектеріңе енді оқымысты қайныларың араласпақшы ма?

Түйік мінезділеу тігінші, әйелінің сезіне қолды бір-ақ сілтеді де, машинасын қайтадан тырсылдатты. Шын сезі зая кетіп бара жатқан әйел шыдамады. Екінші бөлмеге басын сұғып:

— Қайным, айтшы, менің сезім рас қой. Мәмбеттің барлық жігіттерін ертіп, бар атты қуын кеткені рас қой... Ораз анықтай түсті. Ентіккен әйелдің сезін құлаққа ілмеген Жөркені де мақтай сейледі.

— Барлық атын айдан кеткен жоқ, жеңгей. Жүрт асырып айтады. Жәкең наибаса оның да жөні бар — жұмыс адамы көлденең сезге аса құлақ қоя бермейді гой.

— Жоқ, айдан кеткені рас қой; біздің қожайын тіпті соған наибайды.

— Рас, рас. Жиырма қаралы ат алыш, казармадағы сегіз жолдасын ертіп кетіпті Мәмбет.

— Серіз адам аз ба екен! Ертең Мәмбет он сегізін ертіп кетер. Ол қайта келмес деп пе едің. Мәмбет қорқар дейсің бе!

— Міне, бұл сезің дұрыс, жеңгей, Мәмбет қорқатын жан емес. Ол бүгін сегізін ертсе, ертең онан да ке-

бін ертер дегенің дәл болжал. Әкімдердің қорқып жатқаны да сол істің түбі қыныға шаба ма деген қауіптен.

Жәрке машинасын қайта тоқтатты. Ол басын шайқап койды.

— Соның саган қаша керегі болды? Ана қонақтарыңың шайын тездестейші. Жұмысы бар гой, кеңсе адамы,— деп әйеліне тоқтау салды.

Кеп сөйлей бермейтін және бүйрекиң екі етуді жараттайтын ерінің ыңғайына көшіп әйел де:

— Эйтеуір, айдал кеткені шын гой. Әрине, бірден бөрін айдал кете алмайды,— деп әлде өзін, әлде Мәмбетті жұбатқандай болды.

Шай үстінде Ораз үй иесіне:

— Менің жолдастым. Қызыметкес тұрсам ба деп келгән екен. Бірақ жайлыш болмай түр. Ыңғайы орын болса өзім хабарласармын деп елге қайтарғалы отырмын. Аты Әміргали,— деп таныстыруды жолдастын.

— Үй кең болмаса да бейіл кең. Қаша күп тұрамын десе де рұқсат,— деді үй иесі пәтердің тарлығына қысылды ма деп ойлад.

Мәмбет жөнінде де, бұл жаңа қонақ жайында да Жәрке Ораздан еш нәрсе сұрамады. «Әркімнің өз жұмысы өзіне жеткілікті» деген қағида — сиңін аузынан тастамайтын, емірі өзгертуітін қағидастырып еді. Соган багып ол басқаның ісіне кіріспей, өз ісімен бола берді.

— Мен осында қонамын ба, әлде етшінің үйіне барамын ба?— деді Әмір, шығуга ыңғайланған Оразға.

— Осында бол. Ғұнакең келуге тиіс. Сол кісінің жәрдемі керек. Ақылы... мен «ақсақалға» кіріп шығуға тырысамын. Ол кісі не дер?! Сен үйде бол, кітап оқырсың.

— Аурухана жаққа барып қайтамын...

— Байқа. Қелденең көз көп. Қауырт жұмысың болмаса, шықлағаның жөн.

— Аманат хат бар, соны табыс етемін.

Ораз оған тұра қарады да, бірақ үндемей «мейлің, өзің біл» деген ұғымды лебізсіз ұқтырды. Ол үйден шығып бұрынғы гаултвахты — қазіргі түрме жанындағы интендант басқармасына қарай кетті. Оның ойы түрмедегі «ақсақалмен», яки Мендігерей Еимагамбетовпен тілдесу еді. Ал әкесін әдеп келген Мендігерейдің баласы Әмір «аманат хатын» тапсыру үшін ауруханадагы Мұкарамага жолығы жайын ойлады.

Әркімде бір арман. Тап сол көз Мұкарамаң арманы да соңса қол жетерлік еді. Бірақ оның қолға түсері аз, сондыктан да ол арман атап умен келеді ғой...

Хакіммен ең соңғы кездескеннен кейін қыз елегізүмен болды. Қырырга, сонау Жайық жағасына көз тігумен болды.

Жағасында жалаң аяқ жүгірген, айдынына құлаш урган, су астынан сүңгіп сүйрік алған Ақ Жайық қой!

Аппак анау аязда ақша бетің албырап, шана сүйрек жүгіріп сырғанақ тепкен жаға ғой!

Мектепке еніп, ер жетіп, кітап оқыл, сән тұзоп, биге үйренген қала ғой.

Алым үшінан жас шақта, көм үстасын жүгіріп, бүгінсі қызық ертенді сүйіктісі Хакіммен бірге күткен қала ғой!..

Соңғы кездесу! Барі көз алдында! Өзгеше! Хакім өзгеше. Бойшаң тартқан. Ақша беті қара коңыр тартқан сайын ажарлана түскен. Сезі де салмақты, езіде парасатты, ойлы адамға айналып кеткен! Мағыналы, порменді соғ айтты: «Мұнда келіп жаудың жарасын байлағанша, қырдағы өзіміздің шаруаны емде! Біз келеміз!» — деді.

Қыз сол сэтте бұл сөздің терсің магынасын көз алдына келтіре алған жок-ты. Ойлауга, соғ саралауга мұрша болды ма! Ыстық жүрек тайдай туламады ма! Көп уақыт көрмеген ынтық дос ақылмен жауап беруге ырық берді ме! Оның үстіне ашулы әби! Каптаған әскерлі қаланың сұсты түсі! Қыбырлаган аяқты есепке алған полициясы! Барі қарап тұргандай болды, барі асықтыргандай болды.

— Су басына баруга, тіпті бір көшे жер шығарып салуга да рұхсат жок! Колденең көзге қарауыл боласың.— деді асығып сүйген Хакім. Өзі аяғын асыға бағын, артына қарайлай-қарайлай кетті. Қоаді ашып жүмрания Пінендер көшениң қалтарысына түсіп көзден гайып болды.

Ал, Мұкарама ше? Жалғыз жүріп сағынған Мұкарама. Үзек уекыт көрмей жаң тілен, жүрек ізден сарғайған Мұкарама, кенестен кездесін лап еткен бақыт шогы шарның, ләzzат буына елтіл қалып еді, айтура соғ тәбіз алмай қалып еді, ең асыл сій мен сің нозік жу-

рек сезімін жеткізуге лебіз таппай, қақпа алдында шаншыла қарап, кірпік қақпай тұрып қалып еді...

Ол үйге кіріп, терезе алдында ұзақ отырып, тәтті кездесудің абының айрылуынан есендіреп қалған-ды. Бірақ өзгермес қалып жоқ, алмаспас сезім де аз. Айрылу ашылығы мұнды өкініштің мазасыз сыйрына да айналған. «Не бегет?! Не қимастық? Тұып-ескен үйден де аулақтамын. Сәнді қала да сағымдай алыста қалды. Тусі сұық, іші жұмбақ, аға да бір жақта. Мен неге штетке кеттім? Мен неге қол ұстасып журуден каштым? Неге!.. Неге Хакіммен бірге емеспін?! Неге айтпадым бар сырды! Неге бас изеумен тыңдым?» «Қырдагы шаруанды емде» дегенде неге мен: «Әлгі казак-орыстар кескілеген революцинерді емдеймін» демедім? Аты кім еді сның?

Мендігерей ме еді? Соны күтуге, басқа да жауынгерлердің жарасын байлауға неге кетпедім? Хакім жүрген жерде мен неге жүрмеймін? Майданда қыз-келіншектер жоқ па? Менен олар артық па?..» Мазасыз ой құлакқа ызындалп, тынымсыз сыйырлай береді. Ұзақ күн, ұзак түн дәйек таптырмagan да сол ой. Бағы ой...

Күн етті. «Уәде» деген сенім жетті. «Кешікпей келеміз! Күт! Біз келеміз!» — деді.

«Ол уәдесінде тұрады! Ол айнымайды! Ол ер! Ол жаинан бөлек! Ол өзгеше! Ол келеді! Ертең келеді!» — деді Мұкараманың жүрегі.

Күн етті, ай етті. Тынымсыз жылжып уақыт ермегі үздіксіз өріліп жатты. Мұкарама Оралдан кеткелі қашан? Қанша заман! Қаланың астын үстіне шығара қопарып тастаған жойқын кектем «ә» дегенше кез алдынан ғайып болды. Ақ шаңылтақ Жымпіты жазы да жылжып кетті. Енді міне, көңілсіз күз де жуық. Айнала ажарсыз: жер де өңсіз. Көңіл де жүдеу, қыз да мұнды. Өмір де күдікті.

Бұрын ерте тұрмайтын Мұкарама бүгін күн үясынан көтерілмей жатып сыртқа шықты. Көзді үйірері аз кешеге оның назары да ауган жоқ. Есік алдындағы қазық басына қадаған қол жуғыштан тез-тез жуына салды да, үйге қайта кірді. Шала-пұла сүртіне салып, өзінің кішкене терезесінің алмалы әйнегін сұырып тастады, белмесін желдettі. Сейтті де, үстіне айна қойған бұрыштағы кішкене столын тінткіледі. Онан қатаз алды, карындаш тапты. Соңсоң жалма-жан столна бір шынтақтап отыра кетті де, жазуға кірісті. Оның бірін-

ші лебізі де қағазға оте тез, көзінен тізген моншақтай қатарласа қалды.

«...Сүйген маңшұхым Хаким Юнусовке сағыныш ли солем...» Бірақ бұл ыстық сөз, қолын шарның кеткендей, тізіліп қалған жолды солдан онға қарай сыйылай салды да, сап-салқын ертеңгі самал ескен мішкене терезенің әйнекіз көзіне қадалып отырып қалды.

Не жұмбақ — қыз ойы жұмбақ. Әлде көңіл текшелемеген бұл жалынды лепті қағазға қол еріксіз тізді ме?! Әлде ауызбен айтылмайтын, хатпен де бейнелемейтін теренде жатқан қызғанышты сыр аңғырттыңнен ақтарылды ма?! Әлде ой түбінде бұққан өзге бір пішін кенеттен көз алдына көлденендей қалды ма?! Әлде... әлде... әйтеуір көп толғанбай жазған бірінші лебіз, көп толғанбай белден сзылды.

Қыз терезеге қарал отыр. Еұрын Хакімнің аласы мол үлкен көзінен асып, біл-биік мандай өріне тігіле қалатын қылыңты карас бүгін жапырайған терезенің жоғарғы жактауына мағынасыз қадалды. Тік қарағанда керіле көтерілетін уыз иек, жұқа тамақ та бұл күндері де үлбірей түскендей. Сұлу мұрын да суретшіге әдайілеп тосқаңдай шошанды. Үріккен еліктей елегіз қалетын астыңғы асау кірпік тесе қараған козді терезеге түйретіп тұр. Құміске қондырған қарабағдар қас ажарлы мандаға олі де еркелеген күйі. Бірақ жансыз...

Дала да жансыз... Кешкі шапақта, қыз қасындағы нәп-нәзік бол, Өлеңті айдынына құлаған ай алқасы да марқайып үлгерген. Марқайын үлгеріп, енді қырынан мүжіліп таусылуға таяу.

Бидашық басы шалдуар тартып, бір кездегі кек гебейтейлі майыскақ шилер енді ақ үлпек кимешек бүркенген. Олардың сұңғақ бойлары ақ жаулықты кемпірлердің бақанга күрган тоқыма өресінен тырнатізбек орын алуға аттанған.

Әткел бермейтін Өлеңті сұы да жаз бойы, ирген шүйкедей жіңішкере-жіңішкере келіп, көп жері қазір үзіліп те кеткен. Емін-еркін сайрандаپ, бір қыырға шығандап кеткен қысырақтайды, аспан әлемін аралап жүрген үркер де үйінен қайта оралыпты.

Қыз хатқа қайта оралмады. Жансыз пішін шаттық шырайға қауыса алмады.

Ертеңгі шайға қарамастан Мұкарама үйінен шығып ауруханага кетті.

Сейтіл қызметіне ерте шыққан және күндегіден

хатты аяңдаган Мұкарама жолда көзіне ешкімді іл-  
меді, ол мектеп жаңынан шығып жолын қиялаған  
Әмірді байқамады — көре көзге жолыгұра ииет еткен  
бұл жас жігітті өзінде жұмысты бар дең ойлаған да  
жок.

— Мұкарама, тоқтаңыз! — дең, екі-үш қадам жер  
көліп қалған Әмірдің даусы гана оны кенет селк  
еттізді.

Кыз жалт қарады да, кілт тұра қалды. Ол Әмірді  
бірден тақыды — кедімгі гимназияның жігіті — Ха-  
кімнің жолдасы, айтып аузынан тастамайтын жол-  
дасы... «Бұл қайдан шықты, әлде Хакімнің жаңынан  
келді ме?» деген үмітті ой жарқындықтан жауап  
іздеді. «Хакім... сәлем айтты» деген лебіз күткендей  
қадаңды. Әмір де тіл қатнастады. Ол қалтасын қарма-  
ғандай болды да, сол ойланған түсіп, қыздың бетіне  
қарады. Сол күйі, сол баяғы басқадан өзгеше сұлу  
қалпымен қарап тұр. Тіпті бұрынғыдан да бойы да  
тарағыланып, жузі де сұлуулана түскен сияқты. Кезінің  
кіршікесіз қарашибірін тікірдейген кірпіктерімен қосыла  
Әмірдің көзін тайдырайын деген жаңша дәл жақарын  
тесс қарап қалған.

«Хакім де қызық жігіт. Айнала от пен судың ішін-  
де жүріп қызға хат жазады. Шын ғашық деген осы  
ма екен? Мына қыз жаздырмай қоймас...» деген ойла-  
ды Әмір. Қыздан көзін бұрып, гимнастеркасының тес  
қалтасынан қарады да, онан әлденеше рет бүктеп-бүк-  
теп екі шетін желіммен жаисырган қағаз алды ұсын-  
ды. Қыз қағазға бір қарап, Әмірге бір қарап «бұл  
кімнен?» деген лебізсіз сұрау қойды.

Хакім Жұнысов беріп жіберді.

Ақыры күткені қолына тигендей, қыз хатты ала  
салды да:

— Рахмет! — дең журе берді.

Бірақ ол он-он бес қадамдай жер журғенниң кейін  
кілт бұрылды:

— Әмір, сіз кімнің пәтеріндесіз? — деді.

Қалаға қарай бет бұрган Әмір де тоқтай қалды.  
«Адресімді айтсам ба, айтпасам ба?» деген екі ұшты  
оі бір сәт бөгей түсті де, бірақ қыздың жүзіндегі қуа-

ныш шырай мен өзгөше еслілткін шыты үк Әмірке ерік-сіз жауап қаттырды.

— Мұкарама, мен тігіншінің үйіндемін,— дей салды.

«Біледі екен ғой мені. Атымды ұмытпапты» деп, Әмір сұлу болса да аса ұната бермейтін дәулетті, атақты адамның қызына риза болғандай жарқын жүзбен қарады. Бірақ ұзақ тоқтауга да, енді қайтып өнгімелеге кірісуге де ретін таптай өз жөніне кетті. Ал, қыз ұзамай-ақ ҳатты ашып жіберіп жүріп келе жатып оқыды. Бірінші жолдан бастап қыз жүрегі теңіздей толқыды. Әр сөз, ор жол оны жастық арманының құштарына еріксіз ендіріп, тәтті дүниенің қол жетпес қақпасына жетектен кетті.

«...Сагынышты сәлем жа. Мұкарама, сені осы ми-  
нутте көрмесем дег, нақ қасында ынтыга қол согандаі  
болып тұрмын. Қатты-қатты құшақтан қысып сүйген-  
дей болып тұрмын. Кармегелі көп күн отіп бира жатса  
да, тап күні кешегідей алдыма, өз белменде тұрсың.  
Кәдімгі Оралдаты үлкен кошенің бойындағы нозге ыс-  
тық, көңілге хош үйінде тұрсың. Барін көз алдыма  
келтіріп тұрмын — қарсы алдыма тұрсың. Тек құ-  
шақтауга қолым жетпей тұр. Құмарым қанғанша қы-  
сып сүюге қолым жетпей тұр. Сонда да мен сол тәтті күн-  
ді, асық күнді, арман күнді алыс деп санаамын, сені  
күні ертең көремін деп тұрмын. Ал, қазір, күні бугін  
көруге қанатым жоқ, ұшып барад едім қанат білсе!  
Күнінә уш рет үшар едім, эттең құс қанат жоқ!

Мұкарама! Сол айрылып кеткен күні мәңгі есте  
қаларлық улы күннің үстінен шыңтым. Бұл көп заман  
ауыздан тастамайтын күн. Ең даңқты тойдан да дәре-  
желі күн болды. Ойда жоқ жерде, ойга келмейтін улы  
үстің айғагы болдым. Біздің көп екенімізді, ісіміздің  
ұлы екенін, үлкен мақсатқа жетуге бөгест болардың  
ешибір күш жоқ екенін мен сол күні білдім. Бұл біздің  
ардақты ағаларымыз бер ер замандастарымыздың тәң-  
дік пеп бостандық, махаббат пеп бақытқа қолымызды  
жеткізеріне шек келтірмейтін улыстың ұлы күні бол-  
ды. Мың-мың әндардың арман еткен сағатына жуық-  
татқан күн болды. Қай күні, қай сағатта жолығоры-  
мұнча жол корсеткен күн болды. Мұны хатпен айтуда  
мұмкін емес, ауызben гана жеткізерлік жырдың жыры. Ертегі сисқты үрнақтан үриңшұқа жететін жыр. Мұны  
өзіңе сұтамын, бір өзіңе гана айтуда үшін сақтаймын.

**Ер адамдар мен ғанышпан адамдардың жыры дес айту үшін сақтаймын...**

Мына хатты берүші өзің білетін салмазист... Ол аузыша ешнәрсе айтпас, ойткені оған сыр ақтарға ауыр. Оның сыр ақтаруга прағосы да жоқ, көңіліңің қошы да жоқ. Қас дүшпанның қармағына түскен экесінің соңынан... аргы жағы белгілі гой. Мың сан адамның бас бостандығы да сол айтқан улы күннің, ұлы істің аяқталуымен сабактағас қой... Ол күні ертең... Мен ертең көремін есні. Ертең құшақтаймын, көп достармен бірең құшақтаймын...

**Өзіңде аузыша айтқан үгде: біз кешікпей табыса мыз!**

**Сол үшін қол созып тұрмын!..**

**Сүйген Хакімнің.**

Оз қолын ұстагандай, Хакімнің хатын кішкене уысына қысқан күйі қыз аурухананың қақпасына ене берді... Ал, қақпа алдында көп адамның ішінде қыз жүрегін толқыта түсейін дегендей, оған тағы бір жақын жан тап болды...

## 2

Сол күні Жымнитының қызыл кірліштегі салған үлкен ауруханасының ауласына қазақтың қоңыр жігіттері қантап кетті. Бұлар он екі болыстан ерікті де, еріксіз де, салғырт салғандай тізіп жинаған болашақ «хан әскерінің» бір бөлшегі еді.

Кигендері қақпа шекпон; кейбіреулерінің қолтығында етегі жер сызған шидем күпілер де көрінді; жұрынды-жұрынсыз елтірі бөріктердің түсі — қазақ саулығынан туған қозылардың түсі қаша болса, бұлар да соңшалық: қара мен қоңыр, ақ пен қызылды былай қойғанда, ала бөріктілер мен лақ терісін кигендер де толып жатыр. Көбі-ақ жұпымы киінген: тізелігі мен шынтағы жамаулы наике бешшет-шалбардың ішіндегі ишіші жыртылған қызыл бұрансұз кейлектер тери шалбар мен бәз кейлектің қасында ханың киіміндей; ал сірісінен басқан киіз байпакты қисық жамбас етіктілер жалаң аяқтардың жанында тойда тарту тартып жүрген адамдардай қадамдайды...

Бұл комиссияга жинаған ала-құла киімді складаңы-жалпы жандардың жұзден тоқсан бесі бүрән кала көрмеген, ауылдан «ау» дерлік жер шылдаған, колы

қалам ұстап, көзің қағасға төніп үйренибен, мұлғіген  
даланың бейғам еспен момақан ұлдары болатын. Сонау  
алыстағы Мәңгистау беттегі Қаракөл мен Қарабаудан,  
Жалғызғаш пей Тамдыдан, Орынбордан бергі Шың-  
тырлау мен Берліден, Жайық түбіндегі Қосатар мен  
Дуанадан, Аққаты мен Аңысайдан там-тұмдан жина-  
лып келіп, тап бүгін тогыт аузында тоғысқан қойдай  
урниісіп, сыйылсып аурухана алдында үйме-жүйме,  
не боларын білмей елегізген бұл бір қора жаңның  
ішінде Нұрым мен оның қасындағы тосын таныс —  
топ бастайтын көк жағал серкелердегі көрінеді. Топыр-  
ласқан қоңыр жұзділердің жаудыраған көздері сәйле-  
сіп отырган бұл екеуінің аузына жетім қозыдай тілем-  
сектене қарайды: олардың сезіне кейде жамырай кү-  
ліп, кейде үрейлене қабақ шытады.

— Жалпақ бас, сен білесің бе, Қызылуй неліктен  
Қызылуй атанған? — деді Нұрым қасындағы жігітке.

— Немене, Қызылуйді мен салдырды дейсің бе,  
әлде менің әкем отау орнына маған еншіге берді дей-  
сің бе! Қай жердің қандай аты барын, ол атының ата-  
тегі, ұрым-бұтағы қайдан шығып, қайдан қойғанын  
теріп жүретін мені бір шежіреші гой деп пе едің? Теке —  
Теке, Қызылуй — Қызылуй; Үйшік — Үйшік!  
Көк биеден сұра, қара құлышы неге туғанын, — деді  
дембеліше келген қызыл шырайлы жігіт.

Оның шынында да басы жап-жалпақ көрінді. Жал-  
пақтығын әдейі қорсеткендегі, ол жалаң бас отыр. Қайырмасы екі елі қара беркін белін бостау буынған  
түйе жүн шекпенінің қойнына тығып алыпты.

— Өзің Өлеңтінің жағасында туып-өссен де көшесінің тозацын күнде бұрқыратып жүретін қалаңың  
қалай Қызылуй атанғанын білмейсің. Осы жерден ең  
бірінші салынған үйлер мына аурухана мен ана мек-  
теп екеуі де қызыл тастан қаланған. Қазекен осыған  
қарап «қызылуй» атап кеткен. Ұғыш ал...

— Қара собалақ, бәрі қара! Қақпаға қара! Қызыл-  
үйді, көкүйді қайтесің. Немене, көкке мойныңды созып  
бұлт арасынан бір қазына көріп қалдың ба? — деп, қызыл  
шырайлы жігіт Нұрымды шынтағымен түйіп  
калып, сезін бөліп жіберді.

— Ақырын, атаңа нәлет, бүйірімді түсірдің гой, —  
деді Нұрым, өзінің тізесін құшқатап отырып жоғары  
қарап сәйлейтін әдетінше, көзің тәмен түсірместен.

Сейтті де ол, бүйірін қолымен бір сипап өтіп, мой-  
ның қакпа жаққа бұрды... Қақпадан ішке қарай жа-

лаңаш балтырлы қайың қазықтай, өзі ашпақ, өзі тілтің аяғын жерге қадап басып, тәкаппар кеуделі, шошак мұрынды таразы бір аққұба қыз кіріп келе жатты. Қолымен нүскан, атын атап ешкім көрсетпесе де Нұрым қыздың Мұкарама екенін бірден таныды. «Тан сол Ҳакім айтқан: Бойшаң, сүйріктей сұлу қыз. До-малақ иек, тамагының асты үлбіреп түр. Өзгеше нұрлы мойылдай кезінің ажарын әдейі сөндеу үшін қойғандай — қастары бейне күміс белбеудің қара бағдары сияқты, қаш-қара. Ал, тіл-тік кіріктері жанынды қытықтау үшін жараган, қарағанда қадалып тұрады...»

«Көміл сол Мұкарама. Ауруханаға сдан өзге сұлу қыз жауып кетті дейсің бе?! Шұғылдың Ықыласы өз ауруханасына алыш кетті деп еді ғой» деп ойлады Нұрым қыздан көзін алмай.

Қыз, әрине, Нұрымның кім екенін білген де жоқ, тіпті оған көзінің қырын да салған жоқ. Күндегі әдептінше тоқталмастан, төңірегіне бұрылғын көзін де салмастан, тік жүріп, ауруханың кішкене баспаңдағымен жоғары котерілді де, жарақат байлайтын белмесіне кіріп кетті.

— Қамыстың көлдің Жарқона жак беттегі ықтасмыныңа келіп таранып, жаzdай сыңар жүзетін жалғыз ақку сияқты! Атын ақ мамығын қандамай-ақ, тұрақпен үстап, улпілдек сағағынан силиң қойын, ана ор көзінә өлгеше қарап қана отыратын бір перизат екен,— деді олғі Нұрымды шынтағымен тұртпің қалған бәріксіз, қақпақ жауырын, дембелеше қызыл.

Ол Мұкараманы қақпадаң кіргеннен-ақ едәуір жүріп жететін есікке дейін көзімен жетелеп, баспаңдақ-қа шығарып, қыз ақ сырлы есіктен кіріп, шаршы болменің ішінде кішкене ақ жекетін шешіп, оны қа-быргаға ілгеше қадалып қарап, тамсанумен бөлды.

Нұрым оның кесірлі сезін де, қыз байын қандырмай тінктен сұғанақ көзін де жаратып қалды. Оның ен бойын өзіне белгісіз бір қызғаншаңтық сезім билеп кетті. Мұкарама оған көлденең көзден жасырын, желден, күннен тасалап, мәнелеп журғен анулысы сияқтанды. Қасындағы сезге ұста, ашық мінез, откір көз дембелісің қызыл жігіт ешбір жанга қимас қызды шап беріп қысып, жарылған көнтек еріменин үлбірекен та-мақтан үйкелеп, жапырып жаншып, аймалан өзін, ашқасқырдай ылқа салып алыш, оңаңа бір жынышында қарай ала жонелетіндей корінді. Нұрым қабагы аздай

жабыла түсін, дембелше жігітті ұзын қолымен итеріп жіберді.

— Сенің акқу мен ақ мамық не кетіңе керек. Алдымен ана жалай-жалай жарылып кеткен ерніңің қызыл шақасын жазып алсайшы. Өлеңтің бармақтай кек шыбындарының бірі тышып кетсе, жолың болар,— деді.

«Жарқопаның түбінде сыйар жузетін аққу сияқты екен. Ақ мамығын қандамай, ақ сағасынан сипар ма еді» деген сезге ыржия тамсанған жалбыр жігіттер енді Нұрымның сезіне ду құліп жіберді. Жауырынды жігіт сөл бөгеліп, айналасына тосырқай қарады. Ол мұндай әзілі аралас қатты сезді күткен жоқ еді — жаңа жолдасының қостауын қалап еді. Жолдың шаң-толырағына жарылып тырысын мозасын ала берген соң ол шынында да ернін жалап жұмсарттың койып отырган.

Кеше казармаға кіргеннен бері бұл сезшем жігітті Нұрым көп жуастың ішінен қалап алғандай, ішкеп көріл қалған болатын. Оның Нұрымға: ашыктығымен, билеп-тестеп басқаны аузына қаратқан өткір жүзі мен тапқыр сезділігі бірден ұнаған. Үйреніскең дос пән таныс жерден аулақ кеткен адамға жылы аманасып, бір шақшадан насыбай иіскеу де үлкен жакындық. Жылы шырай мен жатық сөа жетекші болп, бұл екі жігіт қатар жатып кеште әңгімемен түн қысқартқан. Сарқылмайтын бозбалалық шақ түні бойы жыр болып екеуі таң аппақ атқанша көп жерді шарлан, сан елді аралап, талай сауық, талай жиын-тойды басқа ұрып санап, басын бастап, аятын аяқтал шыққан-ды. Ертеден берлі де бұлар көп жылдар бір жүріп, бір тұрын ескең жандарша бір-бірін ынқтан қағып, буйірден түртіп қалжындастып отырган-ды.

— Немене, котырыңа тиіп қан-қақсатып кеттім бе, өлде болмаса үлде мен бұлдеге оранын, қасын керіп, қабагын ىштқан алма мойын аруыңа кез қыстым ба? Алқа көлдің батпағын корыған қызыл кез қызығыштай бай-байлап айдаладағы бір маржаны да қызғана бастадың ба? Соңшама тұтігіп не болып қалды. Шалқардың балығына таласып, қырқысып ескең қара түрік, — деді жалпақ жігіт Нұрымды аяусыз тілдеп.

Нұрым бөгеліп қалды. Ол түнімен «сырласқан» жаңа достың сез саптауына қарап ішінен: «Жә домбырашы, жә жыршысың гой» дег қойған. Оны әзілдеп те, қалжындарап та жсце алмайтынын байқап жеңе «сыр

білдіріп алдын бе, қайттім» деген оймен ілкі қатаң үнік жұмсақта сойледі.

— Менің алма мейін аруыма коз қыса алмайтыншың осінен езі-де белгілі нөрсе. Ол үшін кер шабдарыңды босқа баобайлап арам тер болмай-ақ қой. Алдымен морна миң қызды, орыс пен ногайды айырып алсайши.— дед құллі Нұрым, Мұкараманы жолдастының орыс ұмын дег қалғанын сезін.— Мұндай сулу бикештердің туылы екеумізден алғас кәшіп, шалғай қоның жүретінін естен шыгарма, оны қой. Онаң да бізді қай жерге ніріп, қай қорага қамайды, соны айт! Жүн түспеген сабалақ, қара табеттей, шидем шекиенімізді сүйретіп ертең кімнің көтіне еріп зіркілдейміз? Өлде құйрық-жалин күзеген тайдай смытитын, шошақ тыман, сур шинель күгізіп Текенің казак-орыстарына қоса ма?! Қымыз ішіп, қызға көз қысын, келіншектердің алдында жантайып жатып дөмбыра шерту — екеумізден едәуір қашықтаган шыгар.

— Біз сияқты сені желкеңнен үстап, тұмсыныңа тұмылдырық күгізіп скелген жок. Сен өз еркінмен еріккенен келгеч ессесің. Сейте тұрын «бізді қай қорага қамайды» деген исіне уайым жей қалдын? «Қожаны көрдім дегенише — шүметегінің басымен қош айтыса бер. Ар жағын ақ жапаның күлі тиғенде бір-ақ білерсің» деген екен сундеттен күтылығын бір бала жолдастына. Сол айтқанында, мына ләктірге түскеннен койін қорасын да, шипелін де орманын да күте бер,— дед, жалпақ қызыл Нұрымды тағы да бір тілден өтті. Сейтті де ол жақ тақасы желініп, сірісі қисайған тузу табан қазақ етігінің қонышынан қағазға ораган насыбайын қос бармақтың үшімен шым-шымдаш алыш, үнемдел иіскеді; сонсоң оны мұқияттай орап қайтадан қонышына қыстырыды.— Маржа емес, бикеш дейсің, құдды соның кіндігін езің кесіп, жаялыққа бірге орасқан адамдай. Сонда қазан ат қызды ногай дегің келе ме? Жатараң жамбас, қыртық мойын, кайы бел қаралгер биң сыйылды — ногай қатындарын да көріп журміз. А, мына смыкты күду бел, қазық аяқ шекесінен қараған әргымас қыз Казаянан келмесе, Теке мен Жыныштыдан шыға қоймас,— деді ол.

— Ездің бір Қадиша дәйтін женгеміз бар еді қос малтаны кеже қатыңда уш күн езетін. Сенің мына шымшұрым мен насыбайың алты ғай шіскеуінде жастотін шыгар! Әйел болсаң үнемніл-ақ болар ен. Үзүң жүргендеге асықты үкседегенің әйни емес, насыбай да азық

кой ататын кісіге. Ал жігітім, сен шатаспа, бұл қыз ногай қызы, мен жақсы білемін. Көзінше қолайсыз сез айтып қопыратып журме,— деді Нұрым оған, күні бұрын ескерте сейлеп.

Мұкараманы көміл танитынын және оны іштей жакын санайтынын Нұрым баста білдіргісі келмесе де, қызды ажua сөзден қорғаймын деп ақырында ол сырын аша бастанды. Мұны қызыл шырайлы жігіт те алыстан болжап, сырды аңғара бастағандай болды. Бірақ Нұрымның бұл қызбен қалай таныс екенін, не жақындығы бар екенін жете ұға алмады. Ол не де болса Нұрымның ығырын қайната түсуге, «тілін шыгаруға» тырысты.

— Онда анау алтын көзілдірік киген қазақ лектірі, зекет алатын молдалардай мелиіп, бір күні нексеін сайтанға қидырады десейші. Сен, Нұрым, қызбен таныс екенсің, ең болмаса көрпе кимылдатарын өзің алып қал. Бәссе, шап ете қалуың әкаман еді, біледі скенсің, құр қалма. Өзіз су ішкенде бұзау байғұс мұз жалайдығой...

Нұрым көре көзге ашу қысып қатты сез айтуға ынғайланған бастанды да, екеуінің теке тірес сөзі ұзаққа созылуға бет алды. Бірақ комиссияға түсетіндерді бастап алып келген есаул киімді қазақ жігіті келіссіз әнгімені үзіп жіберді. Ол аурухана басқышына жүгіріп шығып:

— Қаз-қатар екі-екіден есік алдына тұра қалыңдар! Шашаң! Арш!.. — деп команда берді.

Сөзі кемейінде қалған ашулы Нұрым да, сөзге үста, тікен тілді оның қасындағы жолдасы да орындарынан ұшып түрегеліп сапқа үмтылды. Бұрын-сонды ескер тәртібін көрмеген, тек қана екі-үш күн ішінде қатарласып тұруды үйрене бастаған қорбаң жүрісті, аңқау пішінді, шабан ұғымды қыр жігіттері есікке қарай дүрліге бет қойды. «Қаз-қатар!» деген команда оларға анық жеткен жоқ, тек «есік алдына!» дегенді мықтап ұстал қалғандай, баспалдаққа бұрынырақ жетуге топырласты...

### 3

Қызыл шырайлы дембелше жігіт дәрігерге Нұрым-кан бұрын кірді. Бұл екеуінің алдымен кіреріне жаңындағы топырлаған өңкей қоңырлар таласқысы келмеді білем:

— Көне, жүрініз, жүрініз, сіздер бастаңыз! — десті.

Бір жігіт тіпті дәрігер алдына баруға жүрексініп тұрганын да байқатып:

— Сіздер бастаңыз, кім біледі, ләктыр деген атын естігеніміз болмаса, алдына барып көргеніміз жоқ. Не істеңді екен өзі? — деп қалды.

— Нісініңдіреді.

— Шешіндіргені жаман емес... Абыройдың ашылған жері десейши!

— О, жасаған, орыстың қаламына ілікті деген осыңді.

— Орыс емес, казақ қой ләктырыц, — деп күбірлесті басқалары.

— Малша қарап, аузынды ашып, тісінді басып, саңыча таңба салады, — деді дембеліше жігіт олардың үрейін үшіра түсіп.

Еүл дембеліше еш нәрседен тайсалған да жоқ, дәрігер отырған бөлмеде әйел барын да елеген жоқ — кірген бойы сан рет комиссиядан откен жанша, киімінің бәрін шешіп тастап, өзі суга түсетін кісіште тыр жалаңаш қалды.

— Фамилияң кім? — деп сурады Ехлас оның бұлшықты қары мен құйған көргасында тыл-тығыз, әрі жауырынды, әрі тәстек келген тығыз денесіне риза болған пішінмен жіті көз тастап.

Жігіт:

— Атым Жолмұқан, — деді сөл бөгеле жауап катып.

— Ымм, Жолмұқан... ал, әкең аты? — деді дәрігер Жолмұқанға жақындаі түсіп.

Жолмұқан оның сұрағын жаңа ғана үққандай болды.

— Е, лектыр, солай сұрасаңызшы, казақша. Әкем аты — Барак.

— Берірек, жүре түс, қорыңла. Фамилия деген сөзден де үрікле. Ертең «Әкең аты кім?» деп сұрап жатпас командирің. Қысқаша: «фамилия, мари, — дегендерді осы бастап үйрене бер, — дел езу тартты Ехлас, қарсы алдына келіп тұра қалған Жолмұқанның иығына қолын салып.

Ол дәні сал-сау екені көрініп тұрса да, Жолмұқанды айналдыра қарап, аузын аштырып тісін де, теріс айналдырып көзін де мұқияттап көрді. Соナン кейін столга отырып жаза бастады.

— Жасың нешіде, Бараков?

- Жиырма беске іліктік білем осы быыл.
- Үй-күйің?
- Шешем бар, ләктыр.
- Эйелің?
- Эйел алуға қол тимей жүр, ләктыр.
- Ехлас басын шайқады.
- Ләктыр деме, доктор де.
- Екеуі де орысша емес пе, агайын.
- Әзір жауапқа шеберсің, туысқан. Еркіңмен қалап келген шыгарсың уалаят өскеріне?

«Откір жан. Сөзі де өзіне лайық дөңгеленіп тұр» деп ойлады Ехлас, Жолмұқаннан жарасымды жауап күткендей, алтын пенсненің үстінен оның міз бақпас жүзіне бағып күлімсірәй қалды.

— Ешкімге желбүйдамнан ұстасып көргенім жоқ, ләктыр-доктыр. Агайын жақсы ат беріп, хұқімет қолға қару ұстаса, кежегемисен кері тартатын нем бар.

Ехластың күлкі шырайы жоғалып, жүзі сұргылт қалпына көшті.

- Жақсы ат пен винтовка үшін жүргенің бе?
- Жүйрік ат, әсем тұрман, сыпайы киім, ер қаруы — бес қару қай жігітке лайық емес, агайын!

Бұл жолы дәрігер басын шайқамады, сәлғана қабақ шытты. «Ат пен мылтыққа гана, бос жүріп ел қызынураға гана құмар надан қаралар. Ел болу, хұқімет құру, оның ішкі-тысқы тәртібін қорғау қашан миына кірер екен!» — деп ойлады Ехлас іштей ренжіп. Бірақ мына балуан денелі, ашық жүзді, ұтымды сөзбен ойын буркей сейлейтін алғыр жігітке кешірім бергендей қабагын қайта жазды. Оның көз алдына бірнеше күннен бері алдынан өтіп жатқан көзге қорашиб, дene бітімдері күйкі, бұлшықсыз, бет ажарлары да біркелкі қоңыр домалак, кебінің еріндегі жарылып, көздері кірбіоп, қаланың топырына жүзі сыннып қалған, қырыққан қозыдай қорбаң қимылды дала жігіттері қайтадан тізіліп еді. Олармен ұзын бойлы, сымбатты дәрігер мұндай салуалы сез бен тіл де қатысқан жоқ-ты.

— Елде не көсіп жасадың? — деді Ехлас салмақты үнмен.

Жолмұқан бұл сұраққа құлағын тіге қалды. «Бұл оқымысты сайтан, менің кәсібімді құлағы шалды ма екен?» деген шұба қылт ете қалғандай болды. Ол:

— Кәсіп — нәсін, жігіт — жел. Жел күндіз де еседі, түнде де еседі. «Сен неге естің?» деп кім сұрап. Қай белді басып, қай сайды асып кеткен ізде не тұrap. Қыр-

дың желін тау кумас, таулы жерде жел тумас,— деп жартысы тақпак, жарымы жұмбақ сөзді желдіре же-нелді.

Сонда да бұл желдей ескен сөздің түйінін ұстауға тырысын, Ехлас әлгідегі көзілдірік үстінен қарай қалған күйінде сөл бөгелді де: «Тапа-тал түсте өристен жылқы қуып кететін бау кеспенің бірі ғой. Ат пен қару да соған керек болғаны. Жау бетіне ұстартға жарыған екенбіз...»— деп күбірлеп, Жолмұқанға «шыга бер» деген ишара берді. Жолмұқан оның сөзін есітті ме, есітпеді ме,— кім білсін. «Мені көрдің бе» деген жаңаша бұрышта тік тұрган сулу қызға көзін қысып қалды, өзі есікке беттеді.

— Екінші кім?— деген командир даусына ілесе иіліп-бүгіліп Нұрым кіре берді.— Тез, Жұнысов, тез!— деді ол бойын жылың ұлгермен бойшаң жігітті сөзben қамшылат.

Үйдегілер тегісінен Нұрымға қарай қалды. «Мынау кәдімгі бұзық Жұныстың есер қарасы ма? Бұл қалай келіп қалды? Әлде Қайыпқожаның есалан Қерімғалиымен бірге мұның да зербесі шықты ма екен? деп ойлады Ехлас алденеге қызара түсіп. Ол көрер көзге Нұрымды жақтырмашаң пішін көрсетті: көрікті жазық қабағын шыта қарады. Ал дәрігердің оң жағында бұрышта түрегеліп тұрган Мұкарама баяғы шұғылалы көзді Нұрымның қарақошқыл тартқан сопакша маңдайына қадады, асау кірпіктер бұрынғыдан да үрке тіксійл қалды, иек те көтеріле түсті. Байқап қалған адамға оның оймақтай аузы жыбырлап та кетті: «Жұнысов, бұл қандай Жұнысов?!»

Дәрігер Ехлас пен Мұкараманың бірі танып жарытпай кез тігіп, бірі танымай тек қана «Жұнысов» деген фамилиясына аңтарылса, Нұрым бір сәт олардың екеуін де танығанынан аңтарылды. Бірақ ол өзінің ежелгі батыл мінез, тоңжар қимылына басып:

— Ехлас ага, айып етпеніз, үйінзге барып солем беріп шығуға мұрса болмай жатыр. Домбырадан өзге құрал үстап көрмен асау қол мылтықты жатсынып ырық бермесе, жайлауға сыймайтын бас казарма шаңырағын қорашсынып көндіге алмай әлек. Оның үстіне тастай тәртіп тізгін босатар емес,— деп, оқымысты ауылдастың әдейі бас араздықпен бармағын жуышашаюға тырысты.

— Үімм,— деп қабағын бұрынғыдан гөрі шыта түсті текаппар дәрігер.

Есаул формалы қазақ командирі «мына собалақ қара шамасы дорігермен таныс-ау. «Ехлас аға, кіріп сөлем беруге мұрса келмеді» дейді. Әлде ағайыны маекен? деп көзін тіге түсті. Ол тагы да:

— Тез, Жұнысов, тезірек шешін, адам көп комиссиядан өтетін,— деді. Бірақ оның даусы бастапқы бұйрық түрден өтініш райға кешті. Ол Нұрымды «үлкен дәрігердің» жақыны деп түйді білем.

Осы күнге дейін сл Ехластың дәрігер екенін білсе де, оның таң жігіт алатын жерде кездесетінін күткен жоқ еді. Ең қызыны: Нұрыштың аттан құлап өлім халінде қалғаны. Соның кесірінен гой Нұрымның бой тасалап, аулақта бола тұру инетімен тап осында келгені. Әрине, одан өзге де себептер бар албырт жігітті шулы думанды қалаға жетектеген. Бірақ бас себеп Нұрыш еді гой. «Мына сарнау сары ағасының кегін алуға тырысады. Алдымен әскер қатарына алдырмас. Мейлі, алдырмаса алдырмасын. Аса қызығып тұрган мен де жоқ. Үстімнен іс көтеріп бәлс жасамаса болды. Басқасын көріп алармын. Қап, Мәмбетті жолықтыра алмай қалғаным-ай. Мәмбетті кездестірсем бірге жүріп, біраз уақыт ішін аралаш, жер көріп қайтар едім» деп ойлады Нұрым, Ехластың қабак шытқан жүзінен сыр іздей бастап.

Жаратпайтын, тіпті дүшпанындай жек көретін Жұныстың баласының «айып етпеніз, сөлем беруге бара алмадым» деп «агалаған» сезі дәрігерді жібіткендей болды. Нұрым мықтап қыстысанса да, Ехлас Нұрыш жайын білген жоқ-ты. Білмегені: ағасы болған оқиғаны үй ішінен жасырған болатын. Ол бір жағы алысып аттан жығылдым деуге арланған да еді және әкесінен қорқып шын сырды әдейі бүккен еді. «Жұныстың баласы аттан аударып жығып қолын сыйдырыпты» деген сезіді естісе Шұғыл алдымен Нұрыштың өзін жазалауы айдан анық нәрсе болатын.

Бұл сырды бірақ Нұрым да білген жоқ, Нұрымды комиссиялауга кіріскең Ехлас та білген жоқты. Ол бұл оқиғаны естіген сағатта Жаншаның қара машинасын сұрап алғып, «аттан құлап мертіккен» ағасының қолын салып, «бейнегтен өзге хауіп жоқ» деп үрпісken үй ішін жұбатып қайтқан еді.

— Елден қашан шықтың?— деді Ехлас Нұрымға.

— Кеше кешке,— деп Нұрым бірнеше күн откенін жасыра қойды.

Дәрігер монікамады. Басы артық лебіздесуден қа-

шып, ол, тәртіп бойынша керек мағлұматты тізіп сұрап та жатиады. Балуан денелі батыл Жолмұқанмен бірге бұл ұзын қараның да «годен» деген бағаға қылалсыз ие боларына шәк көлтірген жоқ. Жалғыз-ақ оны ойландырған: «ереуіл кетеріп, жігіт жинаи болысқа шабуылдан отырған сотқар Жұныс Жашаның жасағына баласын өз еркіне жіберіп, алаштың азаматы бола қалғаны қалай? Әлде мұнда да бір арам пигыл бар ма?» деген күдік болды. Ол өзі білесті Нұрымның аты-жөнін, бойын, түрі мен түсін, дененің саулығын сұрамастан жазып отырды да:

— Қанша жігіт іліктідер ауылдан? — деді.

Бұл дәрігердің ойынша: сездірмей сыр ашар сұрақ еді. Ол даусын жұмсартыңғырап, момақан пішін көрсетуге тырысты. Іштей «не дер екен, не шырай көрсетер екен?» деп көзін алмай тұрған Нұрым жұмсақ тіл қатқанға қуаныш кетті.

— Мен тізімге ілігіп келгенім жоқ, Ехлас аға, — деді ол лепірген үнмен.

— Өз еркіммен де!..

— Ия. Біреудің жетегімен, болмаса әлдекімдердің итермелеуімен жүрмейтін тентек Нұрымды балықша желбезегінен тізіп бере қояр адам болған жоқ.

— Мықтымын. Саналы азаматпын, түзіктікке бет бүрдым де!..

Нұрым ойланып қалды. Бұл сөздің кекесіні барын ол жақсы аңғарды да, бірақ өз жауабының да мақтаншақ үнін байқап қалып, іліп-шалудан бас тартты.

— Үқа, алдағыны бір тәңірінің өзі білер. Бұрын бұзықтық жасаган жерім жоқ, бүгінгім түзіктік болса болғаны. Ер азамат атқа мініп жатыр деген соң, жиынсыз жерде қол қусырып көрмеген ініңіз үйде қала алмады.

— Бұл ойын-сауықтың орны емес. Темірдей тәртіп пен ғаскер өнеріне үйрететін жер екенін естіген шығарсың?

— Элбетте, Ехлас аға.

— Керек болса, қара қазан, сары баланың қамы үшін түтеген оқça да қарсы баруға тура келер.

— Шешінген судан тайынбас дейді ғой. Кеппен көргеннің бәрі ұлы той емес пе, Ехлас аға. Балтыр түріп бозбалалық та еттік, өлең айттып ойын-тойды да басқардық. Енді сары азамат сардар бектің ортасында Махамбет батыр ұстаған сүңгіні көтеріп те үйренийік.

Ехлас онан әрі созбады. «Сөз үшін тұған дегдардың баласы жауапқа іркілмес. Кешегі Оразбайдың бас кесеріне ұсап кетіп жүрмесе не қылсын! Офицері сақ болса...»

— Бар. Жарайсын,— деді дәрігер әңгімені тез қысқартып.

«Бұл жігітсің дегені ме? Әлде ғаскер болуга жарайсың дегені ме?» деп ойлап үлгергенше, алып келген офицер:

— Жұнысов, сен ондық болуга да жарайсың. Сені ез жүздігіме аламын,— деп иығынаи қақты.

#### 4

Тып-тымық бір жазғы кештерде қаймақшып жатқан айдын бетін үйтқытып откен құма құйын сияқты, ойда жоқ жерден кездескен Нұрым Мұкараманың маузыраған жүргегін хаттан да қатты толқытып жіберді. Комиссия үстінде қыз не істерін, не дерін білмей қалды. «Ехластан «бұл қай Жұнысов?» деп те сұрай алмады, түрлөрі де ала-құла, мінездері де әлем-тапырық қырдың бір топ тарпақ жігіттерін бастап келген офицер формалы басшы қазактан да жай-жапсарды сұрай қою орынсыз көрінді. Оның үстіне ең қыны: Хакімді кім деп сұрайды? Таныс еді демекші ме? Әлде көніл қосқан болашақ жар деп сыр шашпақшы ма?! Келісі келмеді. Бірақ қыздың анық түйгені: мына Жұнысов сол Хакімнің ағасы, ейткені елібі аумаған Хакім. Бойы онан ұзын, еңі қара сұр болса да сүйкімді.

«Сол ғой! Хакімнің ағасы ғой!— деп ойлады қыз.— Інісінің қайда жүргенін бұл жігіт анық біледі той. Мүмкін хат та әкелген шығар. Маған көп қарады, бірақ дәрігерге де, басқаларға да байқатпауға тырысты».

Аздан кейін ол күдік келтірер жер қалдырмауга тырысып, Нұрымның не сейлегенін де еске тусірді. «Аға, сәлем беруге бара алмадым», деді Ехласқа. Дәрігермен бір ауылдан, тіпті ағайынды жандар. Хакім солай деген. Эттен, Хакімнен мен Оралда жүргенде «ағаң бар ма, аты кім?»— деп неге сұрамадым екен. Бірақ ол күнде тұған-туысқандарын сұрауга уақыт болды ма?! Уақыт болмады. Уақыт болса да алдагы күнге көз жіберуге мүрша келмеді. Алып ұшқан бала-лық шақ не нәрсені байқатар?! Және мұндай алыс са-парға, ұзақ уақыт айрылып кеткенімізді білдік пе!»

деп өкінді қызы, Нұрым шығып кеткеннен кейін. Сол сағаттан бастап қыздың бар ойы Нұрымда, бар ынтасы оның кім екенін анықтап, білуге ауды... Ехластың сезіне де ол аса зейін салмай, айтқанын тек шамамен срындал, ауруды да дағдылы әдеттеп қалай болса солай шығарып сала берді. Ал, комиссия үстіндегі әңгімелерді құлағына да ілмеді.

«Бұл қалай болғаны?» деген сұрақ кездесті бір кез оран.— Хакім революционерлермен бірге. Ол ана саіде, іci де жұмбак Эйтиевтермен бірге! Тұрмеде отырса да қайыспайтын Дмитриевтермен бірге! Атуға да, асуға да сескенбей қарайтын батырлармен бірге! Көптің алдына шығып қысылмай сез сөйлейтін ер қымылды батыл жандармен бірге. Жаздығұні кек қарулы казак-орыстардан сескенбей әлденені сылтау етіп, Хакім Орал қаласына келіп, тіпті төрт бұрышында пулемет құрып қойған ажалдың аузындаі зәрлі тұрмеге барып, революционердің қызы Дуся арқылы хабар алғып жүр. Өз ісінің дұрыстығына сенген жандар гана осылай істейді. Хакім де солай. Ол алған бағытынан, кездеген мақсатынан таймайтын жас болып алған. Маган: «Біз тез келеміз! Күт! Кешікпей келеміз!» деп еді соңғы көргенде... Соңғы хатында тағы соны айтыпты. Үлкен күннің жақын екенін айтыпты, тез келетінін айтыпты. Мен оған сендей! Ол келеді! Бұл имандай таза, берік серт. Мен де сенем бұл уәдеге. Ойткени Хакімді сүйемін... Ал, мына Жұнысов сол менің Хакімімнің ағасы. Бұл да Жұнысов. Хакімдей оқымаса да, бұл да бетінен қайтпайтын ер көлбетті жан. Солай бола тұра бұл Жұнысов Жаншаның жасагына неге жазылды? Жанша Хакімге де, оның серіктері — революционерлерге де қарсы емес пе? Әлде бұл жігіт надандығымен жазылыш жүр ме Досмұхамедовтердің дружинасына?! Бұл қалай? Бұл Жымпіты басшыларының казак-орыс атамандарымен дос екені қару-жарап алғып жатқандарынан-ақ белгілі. Отken жолы офицер Аблаев жолда қолға түсіп, бар жүгінен айрылған. Оны өздері жасырып, Ехлас дәрігердің үйінен қонақасы жемей кетті... Бірақ осының барін Ольга-ханум ертеңіне-ақ маган айтып салды. Бұл қалай? Ағайынды екі Жұнысов біріне-бірі қас болып кеткені ме? Әлде бұл басқа адам ба?.. Жоқ, бұл соның ағасы!»

Мұкарама ауруханадан үйіне қайтып келіп, тап ертеңгідей әйнегі алмалы терезенің алдына барын тағы үзақ ойланып қалды. Бірақ бұл жолы хат жазу емес,

алған хат пен Нұрымды ойлап қалды. Ол Хакімнің хатын тағы да оқып шықты. Енді хаттың қайда жазбақ?! Қай адреске жібермек? Ертептің жүрек түбінен ытқып шыққан бір ауыз ыстық лебіз де осы сұрақтарға соқтығып еді.

Ой!

Ой терең!

Ой шеті ұшы-қыырсыз!

Беттен желліп өткен кешкі самалдай, жеңіл-желліп ой кейде білгісіз бір рақат шаттығына болейді. Алыста қалған балалық шақтың кіршіксіз бейнесі көз алдыңа келгенде «сол кез қайта келсе!» деген тәтті арманға шомдырды.

Ал «ашықтық арманы алдыңды ораса ше! Бастаң кешкен сағат, минут есепке алынса ше?! Өткеннің көбінің болып көрінсе ше? Неге олай дайтін сұраққа көбірек сүріндірсе ше?!

Мұкарама ой тұңғылығына бойлай берді. Оралдагы өткен қыс, ойраны мол көктемнің ойда жоқ жерден кездескен аңы айрылышын көбірек көз алдына алып келе берді.

— Жоқ! — деді ол бір кез өзіне-өзі. Бірақ даусы шығып кетті. Дауысын әлдебіреу есітті ме деп ол сасқанынан орнынан ұшып түрегелді.

Үйде өзінен өзге жан жоқ еді.

— Жоқ! — деді ол тағы да. Бұл жолы әдейі өзіне өзі дем берді, сезін өзі естірісі келді. — Қалайда табамын! Хат әкелген Әмірді де табамын! Солдат Жұнысовты да табамын! Хакімді де табамын! Табамын! Табамын!

## БЕСІНШІ ТАРАУ

### 1

Жан медеуі ән мен жыр...

Ауылда да, қалада да бірнеше күннен бері Нұрымды зілдей бір ой екі иығынан басып көтертпей тұрған сияқтанып еді. Сол зілді қазір ол аздап ысыргандай болды, бірақ әлі де біржола иықтан түсірген жоқ...

«Мен қайда отырмын?» дейді тынымсыз тұртқілеген күдікке төтеп бере алмаған Нұрымның үнсіз тілі. Сөйтеді де ол ұзын үйдің ұзын жарын жағалай қойған қарағай койканы, оның үстіндегі сұп-сұр шинель, сұп-сұр шекпен керпе жамылған қара қоңыр жігіттерді

кезімен аралайды. Олардың бірі тұрған күйінде, бірі отырған қалпында әлдемемен шұғылданған: без кейлектің үзілген ілгегін қадайды; бұрын киіп көрмеген қысық табан ауыр етіктің қонышын сипалайды, жалтыраған сары жез түйменің үстіндегі самұрықтың суретін сыгалайды, былғары белбеуін шырышыңтайды; шамырғандай шатты пішінде қарлығаш қанат мұртыны сылагыштайды. Орамалын құктегіштеп жастық астына басқан, сүргінің ізі саргаймаган ақ қарғай тақтанды үстін үргіштеп, шаң жүқтыврмай жатқандар да аз емес. Шинель ілетін жерге тықылдатып қосымша шеге қағып, гимнастерка шалбарын ұқыпты іліп, қалтасындары тынық-тебенін алысырақ қалта түбіне тыққыштап жатқандар да бар...

«Мен қайда отырмын?»

Әрі жат, әрі түсініксіз жаңа жерге киліккен күні тоғырлаған жандар:

— Нұр-ага, езің бастамасаң мынандай моншаңды керу түріл, атын да естігеніміз жоқ!

— Нұреке, командир не дең кетті?

— Нұрым, мына қағазды тануын танып-ақ тұрмын, жазу-сзызы бар қағаз. Ал, сен оқып көрмесен, мен шорқақтау едім... — дегендер қаумалай түсін еді. Келесі күні Нұрымның өзі көрмеген тәртіп пек өзі білмеген нәрсе қалтап кетті: мылтықты қалай ұстау, қалай оқтау, қалай көздеу асық сийнаганмен бірдей екен. Ал, оның бөлшектері мен аттарын, қалай бұзып, қалай салтау, қалай журу, қалай бұрылу, қалай қимылдан, қалай шегіну өлеңші Нұрымға, тапқыр Нұрымға, беті қайтпаган Нұрымға қиямет-қаймының тар көпіріне тірелгеннемен бірдей болған.

«Мен неге оқымадым? Жасымда неге өнер-білімге үмтүлмадым? Ана Хакім, мына Ораз менен артық па еді? Бұлар біз білмегенді білді, біз көрмегенді көрді, біз естімегенді естіді. Орыс тілін білді, қала сырна жетілді. Не жақсылармен табақтас болды, не асыл ағалардың ақылын алды. Енді өздері әділдік қуып жүр. Қатарының алды болып жүр. Екеуінің де қолынақ не тілесе сол келеді; іс десең — іс, билік десең билік келеді. Ел басқар десең — ел басқара алады. Ба-ла оқыт десең — бала оқыта алады...»

«Мен кіммін? Мен көп қара дүрсінің ішіндегі өнерден бос қалған қара дүрсінімін», — дең тілгіледі ол өзін өзі. «Біздің орын бүгін мына ұзын казарманың қарагай төсек, қамыс жастығы. Кеше пішен шауып,

жер жыртып, өлең айтып, мал басу еді. Ал, ана екі інім кеше де елден озгеше еді, бүгін де жұрттан белек ауызга ілігіп жүр...

Бұл не, қызығаныш па? Әлде күндеу ме?.. Жок, олай емес. Олай болуга тиіс емес», — деп жұбатты ол бір кез өзін. «Ораз бен Хакім — бірі — бас, бірі — көз. Ұшсақ, бізге олардың бірі қанат, бірі құйрық. Олардың орны басқа, біздің орнымыз басқа. Олардай болмасам да, мен де бір кәдеге аспаймын ба?! Мені ешкім зорлаған жок.

Өзім келдім, өзім жазылдым. Әрине, бұған келденең сөз қамшы болды. Мәмбет қамшы болды. Пазыл қамшы болды. Қөптің дурліккені қамшы болды. Жок, мен... мен сол желдей ескен Мәмбетпен біргемін. Мені ешкім байлай қойған жок. Мен де қолдан келгенін істеге үмтүламын. Мен де сол біздің екі жігітпен біргемін. Мен де:

Бұзбай құлақ пісірмей,  
Мұз үстіне от жақпай...  
Тебінгіні теріс тақпай...

неге тынам?!!..» Нұрым жалма-жан бас жағында тұрған кек домбыраға қол созды. Кек домбыраны кеше Пазыл:

— Мынау өз нағашыңың домбырасы. Анда-санда шала шертсем де, үйде тұрсынышы деп әкеліп едім елден. Енді иесін тапты, — деп еді.

Тыңқ-тыңқ еткен домбыраның бұраған үніне бір сәт құлақ елегізе қалды. Түйме қадап, етік сипагандар, белбеуін шиыршақтап, мұртын сылагандар мойындарын Нұрымға бұра бастады. Шеге қаққандар тықылын тыя қойды, қисайғандар бастарын көтерді.

— Е, қабагынды тыржита бергенше, кек домбыраның шегін шерткілесейші, — деді Жолмұқан қасындағы жігітті бүйірден тұртіп Нұрымға қаратып.— Нұрым деген қарамын, қарадан туган дарамын. Мың кісіге бір өзім, корықпай жалғыз барамын, — деп соқ!

Жолмұқанның әлдекалай айта салған тақпагы Нұрымға кенет Қарт Қожақты ауызга салды.

— Эй, Қарт Қожақ, Қарт Қожақ,  
Атыңың басын тарт, Қожақ!  
Мен Қырымның ішінде,  
Ақша ханның қызы едім,  
Атам менен анамның  
Асыранды қазы едім.

Қойда бағлан қозы едім.  
Жылқыда шаңқан бозы едім.  
Әй!..  
Мениң немді сұрайсың?  
Бұхар барсан қолаң бар  
Қоланды көр де шашым көр.  
Зергер барсан қасында  
Алтынан соққан түйме бар,  
Түймені көр де басым көр.  
Молдаға барсан қасында  
Қиюлы жатқан қалам бар,  
Қаламды көр де қасым көр.  
Имран барсан пісте бар,  
Пістені көр де мұрным көр.  
Әр шаһарға қарасаң  
Құрулы тұрган құзлі бар,  
Құзгіні көр де кезім көр.  
Самарқан барсан сандал бар,  
Сандалды көр де тісім көр.  
Ұстаға барсан қасында  
Тартулы жатқан сымдар бар,  
Сымды көр де қолым көр.  
Тогайға барсан тогайда  
Томаланған қоян бар  
Қоянды көр де жоным көр.  
Кара жерге қар жауар,  
Қарды көр де етім көр.  
Қар үстіне қан тамар  
Қанды көр де бетім көр...

Ұзын казарманың әр жерінен мойнын бұрып, бастарын кетергендер бір сэтте Нұрымның қасына сайға Үйрілген қаңбақтай үйисты.

— Ой, сілте, сілте, ағатай!  
— Ой, біздің арамызда жырау да бар екен гой!  
— Болмағанда! Кек домбыраны көзің шалман па еді!

— Кім білген, ақын екенін Нұрекенің. Домбыра күй шертуге, ән шырқауға да керек,— десіп жыр құмар жастар ду ете қалды.

— Ай, сендер тұс-тұстан жамырамандар,— деді Жолмұқан екі қолымен Нұрымның үстінен ентелей түскендерді кері ысырып.— Неге шулайсындар, енесін көрген қозыдай еміреніп. Бұл кәдімгі Қарт Қожак, аргы жағын айтсын.

Нұрым айқайлад алды да, домбыраны қағып-қағып жіберіп:

— Ау Қарт Қожак, Қарт Қожақ!  
Бес жасыңа келгенде  
Жас шыбықтай жай тарттың,  
Жалғыс...

Көс ішек үзіліп кеткендей «дың» етті де, Нұрымның қолы кілт тоқтаған, домбырадан құйылған үн жымжырт бола қалды. Домбырага тене үңіліп, айқайлаш алғып, басын көтерген жыршының көзі қаумалаған қалың адамның кейінгі жағынан қарап тұрган Мұкарамаға түсіп еді. Кәдімгі Мұкарама қадала қарап тұр. Көп адамның шетінде, әлдекалай келіп қалып, не болып жатқанын түсінбей таң қалған киік сияқты. Тұрпат, мүсін, кез жанаң — бәрі киік! Жым болған топ аңтарылып, Нұрымның көз тіккен жағына бұрылды. Қызыды көріп бұлар да су сепкендей болды. Бірінде үн жоқ, қыбыр-қимыл да жоқ! Вір сәт казарма ішін шыбын үшпастай бір тыныштық басты.

Қыздың таңданғаны: өлеңшіні де, тыңдауышыны да бұрын көрген жоқ еді. Ең ғажабы — сырт көзге қораш, түр сипаттары ала-құла, мінез-құлықтары да басқа-басқа, бірі үялшақ, бір пысық, оның үстіне тіпті хат танып, қалам ұстай білмейтін өңкей топыраш өлеңге, әнге, домбыраның үніне үйіп қалған; дүниеден безгендей, бар ынтасты, бар жігері, бар қолқасы жыршыға құлап кеткен. Жыршының аузынан шыққан жыр мен домбырадан тегілген үнге бесіктегі сәбидей тербертіліп, елтіп қалған:

Ал, осының бәрі бағанағы солдат Жұнысовтың аузынан ағылған жыр мен он саусағынан тегілген үнің сикыры! Ұзын бойлы, қара түрік тәрізді көруге епсіз, қимылға олақ дала жігітінің өнері! Балға қонған арадай үймелеп, соны қоршал алған. Бұл өнерші, бұл әнші, бұл домбырашы болғаны ма? Мына иадан деп жүрген қара домалақ даланың момақан жастары әсерлі үн мен толқыған күйге қала жастарынан артық үйығаны ма?

Мұкараманың бөлшек-бөлшек ойы да үзіліп кетті, таң-тамаша қалған түрі де өзгеріп кетті; оны Нұрымнан бұрылып, енді езіке қарай ауган көп қара көздердің жалыны шарпып кеткендей болды. Қыз жүзін казарманың адам сирек жағына бұрды. Әлденені қозімен іздегендей, әлденені байқап қарап, жадына жаттағандай пішін көрсетіп, жұрт назарын басқа жаққа аударуга тырысты. Бірақ, тез іліп түскіш, тез байқағыш және астарлы сөзге үста Жолмұқан орнынан турегелді де:

— Мен жақылмасам бұ сұлу, оразаның соңынан кеп күттірғен айдай бол арамызда пайда болған ару... Кәдімгі ләктырымыз! Аңызақ қағып аңсан тұрган да-

ланы себелеп өтетін нұрлы жаңбыр сияқты, мына жұтаған көздерді тым болмаса ақ жүзіне бір қаратып тамсандыру үшін келген ғой. Қундіз дене сырқатын, кеш көңіл сырқатын емдеші, шырағым! Жоғары шық, теріміз мынау,— деп Нұрым отырган бұрышты мәңзеді.

Кыз оған қарай қалды. Бұл комиссиядан шығып бара жатып көзін қысқан жігіт. Бір сәт көз тоқтатып, бет әлібін көңіліне түйгендей болды. Бірақ тіл қатпады. Ал, Жолмұқсан тағы да сез бастады.

— Жаңға медеу ән мен жыр. Ал оған теңеусіз сұлу тап келсе — тәңірім бақты ашқаны!..

— Рахмет, сізге! — Басқа сез айтпастан Мұкарама Нұрымға жақындай берді. — Мен сізге жолыққалы келдім, Жұнысов мырза. Айып болмаса сыртқа шығып, мені бір кеше ұзатып салсаңыз...

— Ұаһа! — деді Жолмұқсан Нұрымға қарап. — Бақты тәңірім өзі ашты. Ән мен жырга сұлу қосылды. Жұлдызың оқындан туған жігіт едің, енді ай...

Нұрым қабагын қарс жауып бір қарады да, домбыраны Жолмұқсанға үстата салды, өзі есікке қарай аяңдады. Ол Мұкарамаға еріп казармадан шығып кетті.

## 2

Нұрым өмірі сезге іркіліп көрмеген, көрігे де, балага да тіл тауып жанаса кететін жан-ды. Ал елдегі қыз-келіншектің арасында ол нағыз сөнді өзілдің көш басшысы еді. Ол жүрген жерде жарасымды күлкі мен талқырлық сездің сыр сандығы ақтарыла бастайтын. Бозбала жиынында өлеңнен бәйгені шаптай алатын да Нұрым, жақсылардың тобында жырдан өрмек өртін су жорға да сол. Сол ашық жүзді, топжар мінезді, ақын Нұрым бүгін Мұкараманың алдында кенет өзгеріліп кетті, ол тілдесуге лайық сез таптай қызарды, өзінен өзі бөгеліп, ұзын шинельің жарқырауық, жез түймелерін шұқылай берді. Ол сұлу татар қызының жүзіне тұра қарауга қысылды — ажарлы арудың пак шішініне кіршік келтіретіндегі қорынды. Оған үстіндеңі ұзын шинель, дөкір белбеу, қостың төбесіндегі шошайған биік шлем, жуан етік, жел мен күн жеген қара қошыл бет пен қара қайыс қолдар қуыршақтай ұлбіреген жанның жанында қиссаларда кездесетін қара құлдардың пішініне ұқсап кетті. Сылдыраған қыз ле-

бізіне қарлыққан жуан қоңыр дауысмен жауап қату да құран хатіміне күпіршілік келтіргендік сияқтанды. Оның аршындаған адымы да жас қозының қадамын дай бала-бұлтақ қыз жүрісіне серік-сыңар еместігі көрінеді.

«Неге келді? Не айтпаңсы? Мен не демекшімін? Менің елдегі тұздығы аңы, шоқпардай сезім көлдегі бала қазды үркіткен дауылпаздың даңғырындай-ақ бірден бездірер! Егерде Хакімнің туған ағасы мынадай адыр-бұдыр собалақ болса, оның әке-шешесі, басқа туған-туысқандары қандай сөлемек жандар екен демей ме? Әттеген-ай, әзірге мені білмегені, көрмегені жақсы еди.

«Мен сізге жолыққалы келдім, Жұнысов мырза дейді. Біліп келген, әдейі сейлесспекші...» деп ол ішінен білдіртпей, басын шайқап қойды.

Аз жургеннен кейін Мұкарама сез бастады.

— Сіз мені күтпеген шыгарсыз, Жұнысов мырза. Бұл қандай қыз үялмай ізден келіп, мың жігіттің ішін адаспай тауып алған, деп ойладап келе жатырсыз ба? — деп күлді қыз.

Даусы шынында да Нұрым шамалаган «Құран хатіміндегі» нәп-нәзік мұқамды және күмістей сылдырап шықты.

— Жок, жок, ондай деп ойлағаным жоқ... айып етпеніз, лектыр. Мен басқа бір заттарды ойладап келе жатыр едім...

— Басқа затты ойлағаныңыз келіспейді. Қасындыда лектыр келе жатқанда басқа затты ойламаңыз, — деп Мұкарама тағы да ақырында пүліп қойды. — Сіз мені «лектыр» деменіз, мен доктор емеспін. Доктордың айтқанын орындастын сестрамын. Бізді «медсестра» дейді.

Нұрым үндемеді. Бірақ ол бұрынғыдан гөрі сөл жүрек тоқтата бастады. Қызының сынап-мінеуден аулак ойда екенін аңгарды.

— Сіз қай жердікісіз? — деп сұрады Мұкарама.

Нұрым жерінің атын атап, ауылшының жайын айтты.

— Сіз Хакім Жұнысовтың ағасысыңа гой?

— Оны қайдан білдіңіз? — деді Нұрым ақырынғана.

Ол бұл сұрақты әдейі алға тартты — біле тұра іштей қыз сезіне разы болып тартты; інісі үшін төбесі

кекке жеткендей шаттанды, сұлу қыз, аса сұлу... Тек тілім тимесін, Хакім жар тапқан,— деген жүйрік ой жанталаса теңеу іздел жатты. «Құлақ естіп, кез көрген жерде бұл сияқты сұлу адам кездескен жоқ. Білім, тәрбие қандай! Ашық жұз, сезге ұсталығы! Татар халқы ашық келеді. Біздің қыздар мына сияқты іздел келіп керек адамын сұрауга үллады...»

— Сіз ауруханаға комиссияга келгенде фамилияныңдаи білдім. Доктор Ехласпен қейлескеніңізден аңғардым. Хакім: «Біз Ехлас доктормен бір ауылдықіміз» деген еді. Және сіз Хакімге тартқансыз.

— Ол жерінің қате,— деді Нұрым езу тартып.— Хакім ұқсамаған. Ол және менен кіші.

— Жо... жоқ, таласпаңыз, Хакім сізге тартқан,— деді Мұкарама тағы да күліп.

Сейтті де, қызы кенет қабагын шыта қалды. Ай жапжарық еді, Нұрым оның жүзін құндізгіден де анық көріп келе жатыр еді. Қабагын шыта қалған қыздың көзі оған тура қарады.

Аздан кейін тіпті Нұрымның көзінен жоғары оның басындағы шлемге қадалған тәрізденді. Ұзын кірпіктері теп-тегіс қадалатындаидай едірейген, шашақ мұрнының ұшы сөл көтеріліңкіреп, тамагы ұлбіреп тұр.

— Қазір қайда Хакім?

Сасып қалған Нұрым:

— Білмеймін,— деп қысқа жауап қайырды.

— Жасырманыз. Сіз бір кісінің баласысыз, ініңіздің қайда жүргенін білесіз.

— Оллани білмеймін, тап қай жерде екенін,— деп Нұрым қарғана түсті.

— Жоқ, жасырманыз... Маган керек... Хат жазуға керек...

— Сіз наңыңыз, мен жасырып тұрганым жоқ. Ақиқат шындық, қайда жүргенін білмеймін.

Мұкарама қабагын бұрынғыдан да гөрі қаттырақ түйді. Бірақ оның әлі сызық тартылып көрмеген аппақ мандайы жиырылған жоқ. Тек қана әлгіде қызылын тұрган қастары шоқтанып, дәңгелене қалды.

— Ағайынды адамдар...— деп қыз бөгеліп сезін жүтты да, риза болмаган бір назды үймен:— Сіз бұл жерге неге келдіңіз?— деп сұрады.

— Әскерге үйрену үшін. Жастар тегіс жазылып жатыр.

— Ағайынды екі адам екі әскерге жазыла ма?

— Хакім әскерде жоқ.

— Қайда жүргенін білмеймін дедіңіз... олай болса оның әскерде жоқ екенін қайдан білесіз?

Нұрым бұрынғыдан жаман састы. Сөзден ұсталғанын мықтап сезіп және Хакімнің қайда жүргенін әшкерелеуге бармай, ол мінгірлей түсті.

— Әскерге кірмейді дегенім...

— Кірген. Кіргенде қандай әскерге кірген,— деп Мұкарама балаша өршелене түсті.— Жасырмадыз, мен бәрібір білемін. Сіз айтпасаңыз да білемін. Мен әдейі ізdep Жұнысов деп келгенде, сіз маган сенбейсіз...

Нұрым оның өкпелеп қалғанын сезіп жаны шығып кете жаздады:

— Сіз, Мұкарама, ренжіменіз. Маган ренжуге болмайды...

— Неге болмайды? Ініңізді сұраганнан айыпты боламын ба? Маган оның не істеп жүргені керек емес, мен оны өзім де жақсы білемін. Маган қазір тек адресі ғана қажет хат жазуға.

— Мен өзім де білмеймін, лектыр... мен де хабарсызыбын. Қөптен хабар жоқ. Оллаңи шыным,— деп қарғанды ол, Мұкарама ренжіп кете ме деп қысылып.— Білсем сізден жасырамын ба?— Сіз бір сөзіңізде ағайынды екі адам екі әскерге жазыла ма дедіңіз, бұл менің ойламаган ісім еді. Ешкімнен ақыл сұрамай өз еркіммен келіп едім.

— Ол да өз еркімен жүр,— деп салды қыз, әлденеге жұдырығын түйгендей, қолын көтеріп.— Бәрі де өз еркімен жүреді. Мен де өз еркіммен келдім.

Қыз «өз еркіммен келдім» деген сөздің аузынан еріксіз шығып кеткенін байқап қалды да, сөзін аяқтамады, бөгеліп, көзін төмен түсірді. «Мінхайдар абиғой жіберген... Ехлас доктормен бірге» деген ой келді кенет. Осыны жасырып, жалған сейледім. Неге жалған айттым? Мен өз еркіммен келгенім жоқ. Мына Жұнысов еркімен келген. Оны доктор Шұғыловқа да айтты...»

Қыздың бөгелген себебін, оның өзі жөніндегі айткан сезі жалған екенін, әрине, Нұрым білген жоқ. Ол тек қыздың ашуы қайта бастағанына қуанып кетті.

— Мен Хакімді білетін осындағы бір азаматтан анықтайын, лектыр. Ол кісіні ертең барып көруіме болады. Мүмкін ол бір хабарын айттар,— деді.

— Ол кісі кім?— деп қадала қалды қыз.

Ол кісіні сіз көрген жоқсыз. Осындағы әскердің

киім-кешек алатын махкамасында... — деді Нұрым, Ораздың атын атағысы келмей.

— Жақсы, — деді Мұкарама, — олай болса сіз ертеңен қалмай маган біліп беріңіз Хакімнің адресін.

«Адресі» деген сөзді шалалау түсінген Нұрым, шамамен:

— Жүрген жерін білетін шыгар, ейткені ол да жақында Жайық бетінен келді, — деді.

— Ертеңен қалдырмай хабарлаңыз. Маган келіп айтартсыз. Үәде бересіз бе?

— Жақсы, жақсы.

— Сонсоң... — Мұкарама ойланып қалды да, — сонсоң сіз мені лектыр деменіз, мен медсестрамын. Медсестра да деменіз, просто Мұкарама деңіз, — деді.

Ол жалма-жан Нұрымға қолын ұсынды. Қызбен қолдасып қоштасып көрмеген Нұрым антарылып қалды.

— Қолыңызды неге бермейсіз? — деді қыз тагы да қатаң үнмен.

Нұрым қысылғаннан қолын созды. Кішкене сүйрік саусақтарымен уыстап Нұрымның үлкен қолын бір сілікті де қыз жүре берді. Нұрым орнында тұрып қалды.

### 3

Нұрым қапелімде не істерін білмеді. «Казармада қайтсам ба екен, әлде Оразды тауып алып, Хакімнің қайда екенін сұрасам ба екен? Ол білуге тиіс. Ол білмесе не істеймін? Ертеңен қалдырмай маган хабарын беріңіз» деді. Апұрмай, Ораз білмей шықса? Жоқ, Ораз білуге тиіс. Олар бірінің қайда жүргенін бірі біледі...» деп, Нұрым Пазылдан Ораздың пәтерің сұрамақшы болып, қасаңқа қарай жүгіре түсті де, кілт тоқтай қалды. Кетіп бара жатқан Мұкараманың кешкі ала-көленде қараңдаған бейнесі әлі жоғалып кетпеген, тіпті тақыр кешенің бойында тық-тық басқан аяғының дыбысы да құлаққа келеді. Қыз «соңымнан ерді, дер... ұят болар» деді ішінен өмірде ешкімнен қымсынбайтын Нұрым. Сейтті де ол «мені жоқтап жүрер. Казармадағыларға айтып кетейін» деп кері бұрылды.

— Мен жатқан пәтеріме барып қайтамын, — деді ол казармада аяғын асыға басып кіріп. — Балуан, есіттің бе? Мені жоқтаушы бола қоймас...

— Есік пен төрдей жерді бір-ақ аттайсың және

танауыңның желі де үй жыққандай. Естімегенде?! Мұндағыларға жылы тиді деп пе ең? Жоқтаса айтартмыз: қаланың бірінші сұлуын «Ақжұністің» жырымен өлділей кетті, жақында Жанша ханның сарайынан алып қашып кетеді, Қарт Қожаққа құдырмаса да болады,— деп. Ертең ораласың ба?

— Жолмұқан, әзілінді қойсайшы. Ол қыз маган үлкен жұмыспен келген. Мұны соңынаң айтам...

— Айтпасаң да болады. Жұмыссыз қыздар әке-шесінің ірге жағында жатады, кештікүрим жігіт ізден казармага келмейді...

Жолмұқаның сезін аяқтатпай Нұрым казармадан шығып та кетті.

Пазылдың сілтеуімен іңірде ол Оразды ізден, Жәрке тігіншінікіне келді. Жәркенің үйі де Пазылдың кішкене зілменкесі сияқты аядай қонақ болмесі бар, қазан жағына кебеже, сандырын қатарлаап жинаған бір құжыра екен. Нұрым бұрын көрмеген жайдың қай жаты төр, қай жағы ас белме екенін айыра алмай еңкейіп кірген табалдырығы екі елі есіктен ұзап әрі аса қоймады.

— Кеш жарық!— деп тұрып қалды.

Сығырайған бестік шамың өлімсіреген жарығына үңіліп іс тігіп отырған үй иесі кіріп келген жігітке мойнын бұрды, «мұндаиды да ұзын жігіт болады екен-ау» деген қараспен ол иіліп-бүгіліп әрең кіріп, енді шошақ шлем беркі үйдің тәбесіне қыл елі тимей тұрган Нұрымның тұра қисық қара етігінен түсіп, тірсегінен бастал кең қеуде, ұзын мойнын, ат жақты жүзін көзімен өлшеп шықты. Оның бір жақ сабағын қара жіп жалғап құлағына тұзактаған көзілдірігінің үстінен асып түскен бауу нұрлы көздері өлде күлкі; өлде таңырқау тәрізді бір жұмсақ нышан себеледі. Нұрым мұны анық байқады да, бірақ сезіді неден бастарын білмей бір сәт бөгеліп қалды. Оң жақ бұрыштағы қазан жанында наан илең жатқан әйелге кез тастап еді, әйел келген адамға мойнын да бұрмастан оқтауын құшырлана ыскылады.

— Мен жаңылмасам, осы үй тігінші Жәрке деген кісінің үйі болуы керек,— деді ол ақырында босаңдау үймен.

— Тігінші екенім көрініп тұрган жоқ па?— деді Жәрке күліп, алдындағы есқі зеңгірге қарап.— Иә, жол болсын, танымадым, бойшаң жігіт.

Тігіншіңің қуақы адам екенін біліп, Нұрым да оның ыңғайына көшे салды

— Бойшандықтың кесірінен тәменге көзім түспей байқамай қалыптын. Машинаңызды да, мен сияқты бір собалақтың бойына шақ етіп тігіп жатқан бешпөтінізді де жаңа көрдім,— деді ол езу тартып.

— Шын сез: ұзындығы екі аришын бешпет. Бірақ еркектікі емес, Хауана нәсіліне бағышты киім. Иығы сиса — ұзындығы өзіне де жарал қаларлық,— деп Жерке мырс етті де, реижіп қала ма деп күлкісін тыя қойды. Сөйтті де салмақты үнге көшті.— Ұзын адам әділ болады деседі, Ғұмар шаһарияр сияқты. Оқасы жоқ, қалжыңға айтам.

Үй иесінің сезіне енді Нұрым да парасатты жауап қайтаруга тырысты.

— Айып етпеніз мезгілсіз уақта кіріп мазалағаныма. Шалқар жағасынан келіп ем қаладан шайшекер сияқты керек-жарап алу ниетімен. Басқа да азмұз шаруам бар. Апама да барайын, тайлағымды да үйретейін дегендей, осында бір жақынным бар — сырт хабардан сіздің үйіңізде тұрады деп есіттім. Соны көрейін деп ем — Ораз деген жігіт...

— А,— деді Жерке.— Бар. Ораз деген жігіт осында. Жоғары шық.

«Кай жерге ұшырамын?» деген сұрау жүгірді Нұрымның жүзінде. Ол оң мен солына кезек қарады. Бірақ Нұрым ұзақ аңтарылған жоқ. Атын атап үлгермей-ақ оның іздейген Оразы екінші белменің есігінен шыға кеяді. Нұрым қуаныш кетті.

— Айналайын Оразжан, әрең таптым ғой. Көп із-дедім өзінді, ақыры таптым әйтеуір...

Ораз үндеместен оған үлкен көзін онан әрі адырайта түсті. Оның бұл қарасында «сен қайдан келіп қалдың?» деген сұрақ өзінен өзі көрініп тұр еді.

— Иә, неге таңданып қалдың, Оразжан?— деді аздан кейің Нұрым, өте ашық, сезге де іркілмейтін Ораздың бөгелгенін көріп.

Жөн сұрап, амандасудың орнына Ораздың бірінші сезі:

— Қайда түстің?— болды.

— Пазылдікіне.

— Жақсы. Мен қазір өзім барамын саған. Сөйле-семіз...

— Айтатын әңгіме бар еді...

— Сол жерде сөйлесеміз,— деді Ораз сыйырлап.

Нұрым онан кезін айырмай қарап, басын шайқады да:

— Жиен, сен қалага келген соң езгеріп кеткенсің бе? Анау күні елде мұндай емес едің, менен үркіп тұрсың гой. Өлде менің жасақшы болғаныма көнілің толмай жатырқап қалдың ба? — деді.

— Ойбай, жоқ. Өте жақсы. Жасақшы болуың ізденгеге де сұраған... Кейін бәрін де сейлесеміз.

— Менің бір-ақ ауыз сұрайтын сезім бар. Өте тығыз... Ораз елең ете қалды. Нұрым оның қысылғанына қарамастан сұрап сезін аяқтауга асықты.

— Маған Хакімнің қай жерде жургенін білу керек. Өте тығыз жұмыс бар... Хат жазамын...

Ораз шошып кетті. Оның ойына жамандық жүгірді: «Мына аккөніл жыршы. Аронның қармағына түсіп қалып журмегей? Хакімнің адресін қайтеді? Оган хат жазуга бола ма? Бұл не сез? Мені іздеп келгені де?...» деген үздік-үздік күдікті сұрақтар жанталаса қалды.

Сонсоң:

— Қазір, Нұрым, қазір. Мен шығайын. Шыға сейлесейік. Бұл жерде әңгімелесуге жарамас... — деді ол үй иесіне көзін жалт еткізіп.

Сейтті де Ораз шыққан есігіне қайтадан кіріп, әлдекімге күбірлегендей болды: «Бұл неткен жұмбак? Кеше ғана желдей есіп, жан-жагынды орап, сөзден жаңбыр жаудыратын ашық, жігіт. Бүгін ісінің бәрі қүпия. Сейлесуге де қызыла ма, сыйырлайтыны несі?» деп ойлады Нұрым таң қалып. «Мүмкін, менің мына шинель киген түрімнен шошып қалған шығар».

Ораз екінші есікten тез шықты, бірақ ол сыртқа шығуға әзірленіп киінген жоқ, қайта көйлегінің түймесін ағытып жіберіп, сейлесуге кірісетін жаңша тамағын босата түсті.

— Жеке, сіз Ғұбекенің қасына бара тұрсаңыз қайтеді. Мына жігіт менің нағашым еді, бір шаруасы бар ма қалай. Өзіңде естіп тұрсыз сезін... — дей беріп еді, тігінші женге көші қойды.

— Болады, қарагым, болады. Жиеніңді мына төрге отырғызыңыз, сейлесе беріңіз. Қатын, сен де бара тұршы, — деді.

Әйел наразылық пішін көрсетті.

— Жеті түнде қайда бармақшымын? Астың наның салып, улкен қайнағаны жатқызуға жанталасып жатсаң, — деп, оқтауын бурынғыдан да каттырақ ыскылады.

— Женгей, сіз жұмысыңызды істей беріңіз, істей беріңіз,— деді Ораз әйелдің үйден шыға қоймайтынын көріп.

«Бұлардың бір үлкен қонағының үстінен шығып әбігерледім ау, шамасы. Ғұбекесі кім! Әйел «үлкен қайнаға» дейді. Енді не де болса...» Нұрым Оразға жұзін бұрыш алды. Бестік шамның білтесін көтере түсे ме деген бұл жастың да, көрінің де бабын тапқыш жігіт, Нұрымға оны басыңқырап жатқандай көрінді. Бірақ жарығы жұпымы шам Ораздың бедер-бейнесін бұрынғыдан өлдекайда ашыңқырап кетті. Қолдененен қараган жыршыға оның мұрны сөл таңқылау және етектілеу көрінді де, ал ашық қабакты, жазық маңдайына құс қанаттана біткең қою қара қасы бейне деңбіт белбеудің қара бағдарындай шалынды. Бұл жайнаған үлкен көзбен келісті жаққа да өзгеше ажар беріп тұргандай, өсіресе ұзынша жақ ауыздан шыққан екпінді сезді жетер жеріне жеткізе түскендей сияқтанады. «Қандай келісті бет, келбетті жуз? Біздің карт: ақыл көрікке үйір, шешенің сезіне жағы сай келеді,— деуші еді» деп Нұрым ішінен шаттана түсті. Өзі енді бір-ақ ауыз сез сұрап кете қоюды мақұл көрмей, мән-жайды тегіс сұрауға, ақылдасуға бет бұрды. Ол Жәркенің машинасына таяу келіп, тақтага отырды.

— Қызылүйге неге барасың дегендеге «Іс басына тұруға барамын» деп ең. Жиен, қайда істейсің — қай махкамада? — деді Нұрым.

Ораз оған қысқа жауап қайтарды.

— Мына өздерінізді киіндіретін, тамақтандыратын махкамада, нағашы. Жасақшы болғаныңа құтты болсын деу керек пе?

— О, құтты болсынды сұрап алуға болмайды гой, жиен-ау,— деп күлді Нұрым. Сейтті де әлденеге опынғандай сазара қалды.— Іске орналасу үшін білім кепек. Білім болмаған соң гой біздің мына жасақшылыққа жазылғанымыз. Аламан болып мылтық асынудан өзге колдан келері аз.

Ораз оның бетіне қарай қалып, ер көңілді жігіттің білімді қатты арман ететінін байқады, сезінің үніне лайық жұзінде де мұңайған пішін бар екен.

— Олай деме, Нұрым. Сен өнерден құр алақан жігіт емессің. Орысша оқымадым демесең, мұсылманша бәрімізден де жүйріксің. Ал жүртynna жұмыс істеу таляппен байланысты.

— Жалғыз нар тәуекелге сүйену де жеткіліксіз

екен, көппен бірге болғаннан кейін сол көптің тілегіне сай ақыл беру керек көрінеді.

— Оны сен бересі...

Нұрым басын шайқады.

Жаңағы Мұқарамамен кездесу оған өкінішті ой салып еді. «Қаланың әдет-ғұрпына жетік, оқыған адамдардың тіліне сай сейлесе билетін жанның да арманы бар ма екен? Өзімдей жігіттер жүзді басқарып жүргендеге мен тол қара дүрсін жүздің бірімін» деп қынжылған. Ал, қазір келеке еткендей, «көпке сен де ақым бересің» дейді Ораз. Жоқ, кекесін емес... шын жүрекімен айтқаны көрініп түр. Ораз кекетпейді. Ораз ауылда: «Жарайсың, нагашым! Айта бер өлеңді. Махамбеттің өлеңін айта бер» деп жауырнынан қаққаны бар. Жоқ, Ораз кекетпейді. Ол біздің қандай кәдегे жарайтынымызды біледі.

— Нагашы...— деп Ораз бөгеліп қалды да, қайта бастап:— мен Нұрым дейінші бұдан былай. Жарай ма?

Нұрым езу тартты.

— Енді не дейін деп ең?! Нұреке деуге ертерек кой.

Ораз нан илеп болып, енді кесіп жатқан әйелге көзінің астымен қарал қойды. Эйелден сөзін жасырайын дегендей даусын бөсендете қалды.

— Нагашы деген сез Жүкең хажыларға, Мерғали нагашыларға ғана лайық. Ал біз жас жағынан қанжыгалас адамдармыз. Бір жас, екі жас үлкендік етө бермейді,— деп ол тамағын кенеп алды да, басын Нұрымың басына жақындана тұсті.— Сенің көзіңе мақтағаным емес, бұл тұрасын айту: Жүкең ақылды адам...

Нұрым «бұ не айтпақшы» деп ішінен тына қалды.

— ...Жүке аса ақылды кісі. Сол ақылды кісінің бір ауыз сезі бар. Мұны сен менен «қайдан естідің» деме. Сондықтан мен бұл сезді жадыма тұттым. «Біздің ата-бабамыз ханды ақ кіізге салып көтеруден гөрі, наизаның ұшымен көтеруді артық санаған»— дегенді хажы бір мәжілісте. Осыны біз есте үстал қана қоймай, өситет есебінде қолдансақ... сен маган «Қызылуйге іс басына тұрамың деп едің» деп сұрадың. Қаламыммен қағаз шимайлап болса да, сезіммен жөн сілтесем дегап осы Жүкенің өситетін ақтау үшін қара қазақтың қақ ортасында болайын дедім. Ақылды ага да, зейірді

іні де бүгін осындай инетте. Сенің інің, менің әрі құрда-  
сым, әрі замандастым Хакім де осы инетте...

— Хакім қазір қайда? — деді Нұрым сезін беліп.

— Хакімнің қайда екенін... соңынан. Соңынан... —  
деп сыйырлай түсті Ораз.

Нұрым ойланып қалды. «Бұл не дегені? Жүкенің  
сезін ақтау үшін дейді. Маган сенбей ме?...»

— Мына шекпенді маган ешкім зорлап кигізген  
жок. — Нұрым сұр гимнастеркасын нұқып қойды. —  
Оз айтқаның бар гой, жиен-ау, «сөзіңмен, жырыңмен  
қызмет ет» деп. Мен сол үшін келдім хан ордасына.  
Махамбеттің ізін қызып келдім. «Бұзбай құлан пісір-  
мей, мұз үстіне от жақпай!» іс бітпес деп ойладым.

— Аузынан айналса болмас па, — деп Ораз құ-  
шақтап алды.

Нұрым қысқа-қысқа, асыға сейлеп, Мәмбетті көр-  
генін, комиссияда Ехластан қысылғанын, Нұрышты  
аттан аударып тастағанын және ақырында Мұкарама-  
ға берген уәдесі бойынша Хакімнің қайда жүргенін  
сұрауга келгенін баян етті.

— Ертеңен қалмай білгенімді хабарлайын, — деді  
Ораз оны құшақтай түсіп. — Бірақ Нұрым, ешкімге тіс  
жарып сыр жайма. Досынан дүшпаның аз емес.

Осы уәдемен Нұрымды ол шыгарып салды.

## АЛТЫНШЫ ТАРАУ

### 1

Әр басшының бір көз тіккені бар. Уалаят бастығы  
адвокат Жаншаның беделді адамдар ішіндегі көбірек  
қауіптенетіні Ғұбайдолла учитель еді.

Белгілі Коспада еткен оқымыстылар съезінде авто-  
номияны басқару тәртібіне және алым-салық жүйесіне  
қарсы шыққан Мендігерей Елмагамбетов, тобына дәм  
бергеннің бірі осы Ғұбайдолла Әлібеков болды да, бірақ  
бұл жасы елуғе иек сүйеген жасамыс адам екі жаққа  
да қосылмай елдегі оқытушылық жұмысында отырып  
қалды. Тек қана оның інісі Галиасқар Әлібеков Орал  
ойранынан кейін Мендігерей мен Әбдірахман жағына  
ашық шығып кетті — ол жасырын үйім, жасырын от-  
ряд құру ісіне араласты, астыртын елдегі дос-жарап  
жігіттерін өз төңірегіне үйіре бастады. Осы жайды се-  
зіп, бірақ аса беделді Ғұбайдолланы айыптаудан гөрі

өз жағына тартууды жөн көрген Жанша Ойылға кешер алдында өзінің жәрдемші офицері Қаржауовты оған сыр тартуға жұмсаған. Бұл Мәмбеттің казарманы дүрліктіріп кеткен күннің ертеңіне еді...

Сол күні Ғұбайдолла кешегі өзі сілтеген күтірге Мерхайырды жіберген.

— Папа, кешегі Шойқараңыз күтірге тұнемепті. Оның қай жаққа кеткенін көрген де, білген де адам жоқ,— деп келді баласы ертемен.

Бұл жойқын жігіттің айналып соқпай кеткені Ғұбайдолланы үлкен ойга қалдырыды. Өмір бойы өз бетімен жүріп, ойна не келсе, соны істеп келе жатқан бұл сахараның тентек ұлы, бұлай жүре берсе не өзіне, не өзгеге жақсылық істемей қолға тусіп қор болар. Ақылдаса келгендे оны игі жолға сілтемеудім азаматтық арға жатпас. Ғалиасқардың қайда жүргенін сұрап еді, мұны қалайда сол жаңашыл жандардың арасына жіберіп Арон төреңің қармағынан құтқарайын. Қаладағы жігіттер оның қай жаққа кеткенін шамалап отырған шығар деп ойлад, учитель баласына:

— Мержан, ат жектір, қалаға барып қайтамыз,— деді:

Сейтті де Ғұбайдолла киіне бастады. Кешікпей ат жектіруге шықсан Мерхайыр үйге қайта кіріп:

— Папа, қонақ келіп қалды, тусуге рұқсат сұрап түр,— деді.

Учитель басын изеді. Кешікпей үйге капитан Қаржауов кіріп келіп, үлкен учительге қос қолдан көріспөрге озып та үлгерді.

Бұл күтпеген қонақтың лауазымын да, өзін де Ғұбайдолла жақсы білетін. Алты жылдық орыс мектебін бітіріп, учительдік курсте оқыған. Бірақ оқытушылық жұмысқа араласпай әкімшілікке айналып кеткен бұл адам Жаншаның жәрдемші секретары және уалаят кеңесін басқаратын әкім-ді. Үлкен лауазымына оның қосымша даңқы: жүрген жерін бөрліктіріп кететін қатал адам болатын. Әсіресе биылғы жылы уалаятқа алым-салық арқылы қаржы жинау, әскер ісіне байланысты ат-көлік дайындау ісінде төңіректегі елдерде Қаржауовтың қамшысы тимеген шаруа аз-ды. Ғұбайдолланың өз аулына тізесі тимесе де, көршілес отырған Бұлан мен Қожакелдіге салған ойранын учитель өз көзімен көріп, өз құлағымен естіген. Ал қазір енді жұзбез жұз кеңдескен бұл қатал әкімнің жұмбақ журісі түрлі ойға түсіріп, учительді іштен тындыра бастады. Ең

қыны қалай қабылдау керек — алдымен ол осыны ойлады. Сый-сияптаң көрсетеү қажет пе, жоқ па осыған бөгелді. Қонақ етіп мәжілістес болған жайды ол Қаржауовпен қалай сөйлесуді де ойға жүгіртті. Оның қылышын бетке айтып, қарсы бару лайықсыз көрінгенімен, зұлымдық ісін көрмегенсіп, құлғарса де учительге өліммен тең сияқтанды. Сондықтан Ғұбайдолла бұл ойда жоқ жерден келген қонақтың нендей талабы болса да ұттырмау жагын көздеді. Тіпті жүйелі сез, батыл пікірмен оның сағын сындыруға дайындалды. Өркекірек Қаржауов көп күттірген жоқ, столдың төр жагына жайланаңса отырып сипайы түрде есен-сау сұрасқаннан кейін сөз бастап кетті.

— Құрметті ақсақал,— деді ол жайбараптап пішінмен.— Бұрын келмеген адам бұл үйге әдейі арнап ат басын тіреуі қауырт жұмыстың салдары шыгар деп ойларсыз. Аса қауырт жұмыс жоқ. Алайда Жанша мырзаның асығыс сәлемін өкелдім. Ол кісі уалаят орталығын қазақ елдерінің қақ ортасына көшіруді үйгарып Ойыл қаласына жүргелі жатыр. «Әзім барып сәлемдесуге тығыз істер бөгет болды. Алыста болсақ та, іргелес отырсақ та құрметті қарияны қадірменде тұтамыз, осыны айт» деп жіберді.

Ғұбайдолла оның қара сұр бетінен бұл сездің кілтін іздегендей тесе қарап еді, бірақ қонақтың жүзі солғын, көздері жансыз, ой көлеңкесі жүгіретін езулері де көтерілі көрінді; жылы шырайсыз қара жусан жүз. «Тапсырған сезді алмай-қоспай жеткізіп отыратын, берген әмірді іллімей орындастын ағаш мінез адам шығарсың. Басшының Орал фронттың түтегін бетіне шыдамай айладап қаша қоныс аударғанын қазақ ортасы Ойылға жайлыш орын тебу деп түсінуің де мүмкін. Қаталдық топастықтан шығады, үр да жық тереңдіктің нышаны емес» деп сынады учитель Қаржауовтың сезі мен үнін, отырысы мен жүз елібінің жансыздығын салыстырып. Сейтті де ол қонақтың сезіне жауап қайтармас бұрын баласына иек қағып:

— Көп келмейтін әкім ағаңа лайықты қонақасы дайында, Мержан,— деді.

Лайықты қонақасы дегені — мал басын жегізу екенин Мерхайыр әкесінің иек қағуынан-ақ ұқты. Ал, қонақ оны түсінсе де, түсінбесе де үй иесі мен баласының өзірлігіне үн қоспады. Қанатын қомдаган қара құсша көтеріліңкіреп сөйлеген күйінде қала берді.

Бір минуттік шақты шекірт бала әлде қонақтың

«асығысын, рахмет дегенін күтті ме, әлде әкесінің екінші жарлығына қарайлады ма, әйтеуір сөл айналып екеуіне кезек кез тастанда да, «құп болады» дегенді бас мазеумен білдіріп уйден шығып кетті.

Ілкі сөзге учительдің жауабын күтпей, Қаржауов тагы да тіл катты. Енді Ғұбайдолланы мұсіркегендей болды.

— Ғұбеке, сіздің орныңыз қаладағы алты жылдық орысша-казақша оқытатын екі класты мектеп қой. Мына ауыл школасында отырып не бітіресіз. Мұнда жаңадан курс бітірген жастар да істей алады,— деді.

Ғұбайдолла бұған іле жауап қайырды.

— Ұстаздықтың қала мен далада айырмасы аз. Ал, елдегі мектептің қаладағы мектептен кем көрінетіні мына өздеріңіз сияқты басқарушы азаматтардың «ой, сол ауыл школасын қойшы» деп қарауынан туады. Өз басым осы сияқты ерін шүйіруден құтылу жолы — ауылдағы мектептерді жоғары дәрежелі бастауыш мектепке айналдыру деп білемін. Алты жылдық, жә тогыз жылдық орта мектеп жалғыз қаладағана емес, далада да өмір сүру үшін өрекет жасап келемін. Қалған өмірді осыған сарп ету біздің мақсат.

— Уа, сіз ренжіп қалдыңыз гой.

— Жоқ, мен ренжігіш адам емеспін. Ақиқаты сол, мен соны айтамын.— Учитель тамагын кенеп алды да «басшы азаматтың» салеміне кешті: — Жаша мырзаның қадірмен тұтамын дегеніне көп рақмет. Бұл женинде сізді әдейі арнап жіберсе — оған қосымша алғыс...

— Әдейі арнап жіберді,— деп қалды Қаржауов...— Әдейі арнап келдім.

— ...Сонымен бірге, сіздің Ойылға кешіп жатырмыз деген хабарыңыз менің құлагыма өрескел естілді. Өрескелдігі: мына Жылмиты қаласы Ресей жері емес...

Қаржауов учительдің сезін беліп кетті.

— Ресей жері болмаса да қазактың қалың ортасынан мойны қашық қала, учитель.

— Шын айтасыз ба?— деді Ғұбайдолла оған тіктең кірей үн қатып.

Қаржауов таңданған шырай көрсетті.

— Әлбетте. Бұл қалжыңға шаптыратын әңгіме емес,— деді жәрдемші секретарь.

— Шырагым, мен бұрын-соңды жұзбе-жұз тілдес-песем де, сыртыңыздан сізді уалаяттың басшы жігіттерінің бірі деп есептеймін. Теке мен Орынбордың ба-

зарынан аулақ, өнер-білім үйренетін олардың үлгісінен қашықтап кеткен уалаят орталығы жапан тұздегі жалғыз ағаш сияқты тамыры суалып, жасырағы қуарып қалмай ма? Оқыған азаматтар мұны есепке алмады деу қыны. Мұнда басқа бір себеп бар шыгар. Менің: «Ойылға көшіп жатырмыз деген сез құлагыма өрескел естілді», — дегенім осы.

— Жоқ, басқа себеп жоқ. Бұл басшы азаматтардың үйгаруы.

— Олай болса бұл үйгарыс баланың ойынымен тең. Балалардың кәдімгі үй артына тығызып тұрып: «мені тауып ал!» дейтін жасырынбағына бара-бара.

— Бұл сөздің астарын аша кетіңіз, учитель. Мемлекет үйғарымы баланың жасырынбағымен бара-бара дегеніңіз менің құлагыма да өрескел естіліп тұр.

Қаржауов көрер көзге сұрланып кетті; Ғұбайдолла ойын жинақтап, тамағын кенеді; стол үстінде жатқан «Орал жаршысын» жаңындағы кітап тақтасына қарай ысырды, сөйтті де қонақтың сұрлана бастағанына жарап есебінде бұл да қабағын шытты.

— Астарлап сейлеу әдетім емес, Қаржауов мырза. Үстаздық жолды құған адам бүркеп сейлеуді білмейді, әр кез ойын ашық айтып, тыңдаушысын жете түсіндіруге тырысады. Мұны сіз жақсы білесіз. Егерде Жымпіты уалаятының Ойылға кешетіні үйғарылған іс болса, мұны тек Крыловтың мысалындағы орманнан қашып келген қасқырдың кебімен ғана салыстыруға болады. Бұл баланың жасырынбағына әлдекейдә терең теңеу. Ойлап қараңыз: Жайықтың кең алқабындағы Шыңғыrlау, Бөрлі, Теректі, Қанқөл, Қосатар, Үйректікөл, Жезбұта, Қарасу, Дауана, Ұлкен аққаты, Шолақ аңқаты, Тайпак, Өлеңті, Шідерті, Бұлдырты, Жымпіты, Сабандықөл, Қаратебе, Тамды болыстары — Тубек елі атанады. Осы Тубек елінің орта қазығы Жымпіты. Сондыктан да мұны патша хұқіметі уездің орталығы етті. Қазір бұл батыс уалаяты деп атаған уалаяттың жағырапияллық орталығы. Осы жерден жүз елу шақырым қырға көшу — жақағы болыстардан ығысын Манғыстау даласына арқа сүйеу деген сез. Дәлірек айтсақ: бұл шығанға шығып кету болады. Осы шығандауды «қазақтың қақ ортасы болғандықтан көшіп жатырмыз» деп лақап тарату сынныққа сылтауғана.

— Мен сіздің не айтайын деп отырганыңызды түсінбеймін, учитет. Бұл уалаят басшыларының істеп

отырган иғі ісін жерлеу ме, әлде хұкімет көшінің сонынан күл шашып қалу ма?

— Қаржауов орнынан үшіп түрегелді.

— Қаржауов мырза, сіз отырыңыз. Мен сізді ренжіту үшін, жеке басыңызды сынап-мінеу үшін айтқан сезім емес. Мәселе ел мен жердің мұддесіне согады. Солай болса ары бар азамат бұған өз пікірін қоспауды, ойын ортаға салмауды мүмкін емес...

— Жоқ мен... — деп Қаржауов шинелін шеше бастады. — Үй ыетық екен... — Қонақ көзге мінезін өзгерте қалды. Бұрынғыдан гөрі жайланаңыңырап отырган болды.

Ғұбайдолла үйге кіріп-шығып, әкесінің не жарлық берерін күтіп жүрген баласына шайды тездетуді бұйырды. Өзі ішінен: «Мынау шаш ал десе, бас алардың өзі екен. Бірақ бұл күйіп-піседі екен деп көзім жеткен шындықты мен де бүкеспін. Осында бір тықыр таянған соң келдің.

Әйтпесе мені сыйлаап, сәлем беруге келмегенің бессенеден белгілі. Бұл мүмкін Мәмбеттің де ізіне түскен шығар...» — деп ойлады. Оңға қайырган қою шашын уыстап жинап жығыңқырап қойды. «Ендігі сөзді бұл неден бастар екен?» деп күтті. Сөзі шай бөгеді. Шеліркеген қонақ стол басына келген соң шаймен ғана болды. Эңгіме көрер көзге толастана бастады. Тек аздан кейін сырттан қірген Хамидолла ғана қонақтың кәңіл күйін кетере түскендей болды. Ол Қаржауовтан қала жайын қалдырмай сұрады. Әлгінде ғана учительдің әзіл сөзіне шамданып, іштей тіпті тіксініп қалған уалаят чиновнігі өзімен замандас Хамидолланың өзім-сінгендей еркін сәйлескеніне жадырай түсті.

Улкениң де, кішінің де тілін тапқыш Хамидолла сыр тартайын деді ме, әлде уалаят басшысы жөніндеге өз бағасын сенімді серігінің алдына тартып қалғысы келді ме кім білсін, әйтеуір ол: бір қез Жаншаны мақтап кетті.

— Әрі шешен, әрі қырагы юрист қой. Әр кездің өз өрені бар. Сырт көзге ешкім Жанша мырзаны көреген емес деп кеміте алмас. Оның бастаған ісі де кезеңнің тілегінен туған кекейдегі арман. Ал аз уақыттың ішінде әкімдерін сақадай сыйлаап ел басқаруга қосқаны досы түгіл, дұшпаны да сүйсінерлік іс. Әсіреле әскер үйтқысын тез үйстырганы аса шеберлік, — деді.

Хамидолланың Жаншаны мақтаганы Қаржауовтың кекейіне бал қаймақтай қонды.

— Әділ сөз, Хамидолла, дәл баға. Жаншаның да-налығына досы түгіл дұшпаны да шәк келтіре алмайды. Алайда үлкен істі үқпайтын дөрекі надандар көп. Кеше гана Мәмбет деген бір есер уалаятқа пайда келтірудің орнына белден зиян жасады. Басшының салтанатқа мінетін аргымақтарын қуып әкетті, оның үстіне казармадағы надан жігіттерге жел беріп кеткені қын болды,— деді Қаржауов.

Ғұбайдолла құлағын тіге қалды да, бірақ үндемеді. «Ол тентек қалаға қайта соққан екен ғой. Бәсе, бүгін күтірде болса тілдесер еді» деп ойлады.

— Ол есерің Жаншаның ағайыны емес пе? Ол да Тана ғой,— деп еді Хамидолла, Қаржауов бар жаманшылықты Мәмбеттің басына үйіп-төге бастады.

— Бір енеден ала да, құла да туады деген сөз ып-ырас. Біздің Тананың тең жарымы оқымысты дана келсе, бір бөлегі мына Мәмбет сияқты жарты бас мінезді шеннен шыққан бұзық. Ежелден елді бөрліктіріп келе жатқан бұл сотқар қолыма түсетін күн болса, туысқан деп түрмас ем, өзім атып тастар ем ондай ала бүлікті.

Хамидолла басын шайқады.

— Аптырм-ай, а. Ат алумен тынбай жігіттерге дем бергені!

Қаржауов келіссіз әңгіме айтып салғанын жаңа түсінді де аңдаусызда ауыздан шыққан бұл сөзді жалма-жан жұмсарта қойды.

— Дем беріп не жасаушы еді. Саналы жігіттер оған ере ме. Оныңі ат алу ғой, баяғы үйреншікті қарақшылығы.

— Ымм. Ат алып қайда сіңірер дейсің, табылады ғой.

— Элбетте.

Інісі мен қонағының бұл жуып-шайған әңгімесі учительге тағы да ұнамады. Әсіресе Хамидолланың өкімнің ыңғайына кешкені. Мәмбетті қарақшы деген сөзіне тікелей қол қойғаны оны шыдатлады.

— Мәмбет қарақшы емес. Ат алса ол аттан да зор себеппен ұрынады. Кегі кеткен адамға жармасады. Ол ер, мен оның сырын жақсы білемін,— деді.

— Қандай себеп болушы еді! Бәрін Кирилловқа ерекіспін істеп жүргені жүгендіздің.

Ғұбайдолла оған таңырқағандай қарап алды да, қыза сөйлемеп кетті.

— Міне, себеп деп осыны айтады. Тізесі батқан

казак-орыс офицеріне ерекіссе — бұл жөнсіздік пе еken? Қашаңғы көнеді оның тенкісіне? Сол казак-орыстың тенкісінен құтылу үшін тендік алдық деп жүрген жоқсыздар ма? Бұл ар-намыстың ісі...

— Сіз сияқты оқымысты адамдардың тап осындағы құтыртпа сезіне сүйенеді Мәмбеттер. Әңгіме түсінікті... Мәмбет осы маңға соқпай кеппес деп басын дұрыс топшылаған еken. Түсінікті!.. — деді Қаржаяуов.

— Шырагым, мені Мәмбетпен қосақтағыларың келе ме?

Бұл не сез?

— Қосақталып тұрган өзіңіз. Біз Ғалиасқар Әлібековтың де қайда жүргенін білеміз, учитель.

Қаржаяуов орнынан тұрып кетті. «Бар пәле осында еken. Мәмбетті жұмсақ отырган көрі бүлікші. Сез жоқ осы. Мұның інісі де большевик, өзі де солардың жасырын тілекшісі...» деп кіжінді ол ішінен.

Ғұбайдолла ойланып сейледі.

— Шырагым Қаржаяуов, әр сезге ақылды адам жауапты қарайды. Мен Мәмбет емеспін, Мәмбет мен емес. Әркімнің өз тебесі бар шығатын, өз орны бар отыратын. Түсінікті дейсің, Ғалиасқар Әлібековтің де кім еkenін білемін дейсің. Бұл сездер ойланып айтуды керек ететін сездер. Менің кім еkenімді Жанша мырзаның өзі де жақсы білемді. Шікір таласы о бастан бар бізде. Бірақ бұл қолға қару алып жауласуды керек-сіттейді...

— Жауласласа Ғалиасқар мен Эйтіев неге құрал жинал, жасақ құрып жатыр? Элде Ғалиасқар сізге іші емес пе? Мұны қалай деп дәлелдейсіз?

Ғұбайдолла сәл ойдана түсті де, дәлелді жауап талты.

— Ағайынды адам бір пікірде, бір ойда, бір мақсатта қала берді деген заң жоқ. Тіпті өке мен бала да кей кеаде бір-біріне бейтарап қала береді. Бұған дәлелді алыстан іздемей-ақ табуга болады. Бақытжан да Қаратасев, Арон да Қаратасев. Екеуі де сұлтан, екеуі де оқымысты, алайда осы екеуі екі идеяның адамы еkenі барнага аян. Тіпті Арон тере Бақытжан төрені өз қолымен атаманның қолына ұстап берді деседі. Осыған қараганда Ғалиасқардың өз пікірі, өз мақсаты, өз идеясы болуы мүмкін-ақ нәрсе. Ал оның жолын қуу, кумау менің де өз билігімде. Мүмкін, мен оны жақтармын да, жақтамаснын да. Мұны бірақ

мен ешкімнің төрелігіне салмаймын, өз өжданымның терелігіне ғана сала аламын. Бұл менің жеке басымның ғана ісі. Сондықтан саналы, оқымысты, ойщыл адамға «інің анадай еді» деп табалау орынсыз.

— Қойыңыз, сіз де, сіз де қойыңыз. Рақмет, мырза, отырыңыз. Шай суып қалды,— деді Хамидолла араға түсе сейлеп.

Бірақ Қаржауов енді қайтып отырмады. Үй ішінде көз тоқтатар текшелеген кітаптар мен іргеге жағалай жинастырган газет, журналдар будасы да молды. Тіпті учительдің әр кезде түскен суреттері мен кереге басына тізген көне қару-жарак нұсқалары да бар екен. Келгейніне риза болмай, қалай кетудің мәнін де таппай тұйыққа кептелген ашуулы қонақ сәл уақыт сол кітаптар мен газеттерге көз жүгіртті, аяқталып қалған шайды жинастыргаңша уақыт өздөрү ииетімен суреттерді тамашалағандай болды. Бұл жайды сезген Ғұбайдолла «қолқалап қайтесің мына сияқты кеудесінс інан піскен жанды» дегендегі інісіне қарап еді. Хамидолла арбайтын жыланша, толғана оқталып, қонаққа тағы да лебіз тастауға мойнын бұрып алған екен. Учитель қабағын түйді. «Батырып айтудың орнына асты-үстіне түспекші. Көрдің бе, сабыр ет, отыр» деуін...

Ұстаздық әдетімен тұра сейлеп, ашық ақыл айтуга үйренген Ғабидолла ел басқарын қалған інісінің осы мінезін жаратпайды-ақ. Бұл белгілі тұлқі бұландақ. «Жел соққанда ықтасын керек» деп дәлелдейді інісі мәймәңкелеп сейлеуді жақтап.— Сөзбен белдескен адамның қату қабагына қарсы түксигенмен ғөрі, маңдайыңың қос қыртыссыз, жүзіңің жұмсақ шырайлы болғаны әлдеқайда тиімді. Өйткені сұықтың бетін қайтаратын жылы леп қой. Тап осы сияқты берместің бетін бері бұру үшін: «мырза, сіздің жомарттығызызды жүрт сынар шағы осы бір мезет емес пе десеңіз, бұл да жарылған ерінге қаймақ жаққанмен бірдей» дейтін Хамидолла қазір де сол әніне басты.

— Рақмет, мырза,— деді ол Қаржауовқа жұмсақ лебізбен.— Ауыр ғой хұқімет басшысы болу. Әсіресе қазіргі уақытта аса қын. Әлгі айтқан Мәмбеттерді тәртіпке салу өзіңнен басқаның қолынаи да келмес еді. Іске жетік, сіз сияқты жігерлі жігіттер молайса елдің еңсесі көтеріліп кетер еді.

Ғұбайдолла қабағын түйіп қана қоймады. Інісін тойтарып тастауға бет алды және Қаржауов сияқты

адамдықты белінен басып жүрген әкімдердің қылышын бетіне басуды жөн көрді.

— Хамидолла, сен қоя тұр. Мәймәңкелеп сейлеуді о бастаң жек көретінімді өзің білесің... Ал, Қаржауов мырза...

Рұбайдолла бөгеліп қалды да Қаржауов оған тез мойның бұрып алды. «Абыройын айрандай төгіп, айдаң кетсем бе екен өзін» деп ойлады тұксиіп.

— ...Маған көп нәрсе жұмбақ. Өсіресе Жанша сияқты оқымысты, тарих сырына жетік азаматтардың ісі жұмбақ. Жұмбақ демей не дерсің. Өзіндей жандарды — ой таласы, пікір таласы тен түсетін жандарды құдалаудан адамшылық арға жатпайтын қылышқ. Атаман Мартынов монархияшыл адам. Сондықтан оның бостандық көксегендерді, атуы, асуы табиғи. Ал, өзімен бірге ұлт теңдігін көксеген, қазаққа азаттық өнеремін деген Бақытжан Қаратасев пен Мендігерей Епмагамбетовты құдалауының мәнісі не? Қалың қазакты жақтайды, жетім мен жесірді қолдайды деп құғындарай ма?

— Олардың көздегені қазақтың мұддесі емес, олар қара шекпендерге сатылғандар,— деді Қаржауов шатынал.

— Олай, емес, Қаржауов мырза. Азаттық, теңдік сөзді бетіне қалқан қылышп ұстап, ескі әнге басу. Ескі әннің қайда соқтырары бимағлұм, ал тіке мақсаты — ана келе жатқан орыс революциясын жек көргендік, жек көрмese оны түсінбегендік. Ағын судың алдына қазық қагып бөгет қоюға болмайды.— орыс революциясы сол ағын судан да күшті. Ол жердің бетіндегі жарамсыз нәрсені жуып, тазартып келе жатқан тасқын. Мұндай тасқындар ағылшын елінде де, француз жерінде де болды. Оған бөгет жоқ. Мұны қара шекпендер революциясы деп, оны жақтағандарды қара шекпендерге сатылғандар деп кіналау азаматтық емес. Түп тірегіне көз салсаң: егінші қара шекпен мал баққан қазаққа қас болып көрген жоқ, қайта достыққа бейім. Ал, Жаншаның қол ұстасып отырған атамандары ежелгі жау...

— Мен кетемін,— деді Қаржауов Хамидоллага.— Мына кісімен басқаша сейлесемін...

— Жоқ, жоқ... мал сойылып жатыр,— деді Хамидолла.— Ас жеп кетесіз...

— Жоқ, отырмаймын, бұл табақтас болатын кісі емес.

Бұрқыраган әкімді аттандырып келіп:

— Ғұба-аға, хакімің соқыр болса, бір көзінді қысып жүр деген ата сөзі зая айтылмаса керек... — деп бастай беріп еді, Хамидолла сөзін ағасы тоқтатып тастады.

— Не айтарың маған мәлім, қоя тұр, шырағым,— деді Ғұбайдолла қолымен иығынан басқандай тоқтатып.— Хакім деп хакімнің зұлымдығын көрмей астына төрт қабат көрпе тастал төр көрсете берсең «дүниеде менен әділ, менен ақылды, менен алғыр жан жоқ» деп үғрады әлгі бассызың. Ал, сен оның ыңғайына неге көшпедің, осқырған неменің неге мәндайынан сипамадың дейсің. Мұндай сөзді екінші қайтып менің құлағым естімейтін болсың!

— Жылы-жылы сейлесең, жылан да інінен шығады деп, ол қатер жасауы да мүмкін, осы күні шағушы мол.

— Шағатын жыланнан қашып құтылғаннан көрі, оның тілін суырып алу әлдеқайда артық, екінші қайтып оның саған да, өзтеге де зәрі болмайды.

Ағайынды екеуінің әңгімесі осымен бітті де, Ғұбайдолла қонақ келген соң тоқтатқан атын қайта жектіріп, баласына делбе ұстасып қалаға жүріп кетті. «Жыланның тілін суырып алу әлдеқайда артық...» деген сөз учительдің аузына қайта оралды, бірақ оны қалай суыру керек, деді ол өзіне өзі. Осы пәле, Хамидолла айтқандай, қатер жасауы да мүмкін. Өкімет дегенің ақылдының, дананың қолындаған дұрыс өкімет. Ал жаңағы сияқтыларға ұстасып өкімет тізгіні теріс жаққа да бұрылуы мүмкін. Уалаят басшысына ол, Ғұбайдолла қойдан қоныр екен демес-ақ, әңгімені асырып айтуы да сәссіз. Тіпті қаралап салуы да гажап емес... Алайда менің ой-пікірімді әкімдігімен бөгеп, абақтысымен тұншықтыра ала ма?!

Үйден шығып қала жолына түскен соң Ғұбайдолла тарантастың көрпе-жастық салған жұмсақ отырғышы на жайланныса нықталып отырды да, баласына:

— Мержан, ақырын, шаңдатпай айда,— деп қойды.

Ғұбайдолла әлденеге елегізе берді. Ол ойымен тағы да әлгі Қаржауовтың мінезі мен құлқына оралды. «Мени жазғыргандай оның қолында қандай дерек бар? Үмм, қиянат істейтін жаңға деректің қажеті қанша? — деген екінші бір қайшы пікір қарсы тұра қалды.— Қиянатқа үйрентген жан деректі, дәлелді, аталы сөзді

қайтсын! Қиянат! Қиянат дегеніміз әділсіздік пе? Ал, әділдік қайсы, әділсіздік қайсы: ежелден езіп келген, сонау малшы болып жүрген кеңде ит қорлық көрсеткен Кирилловке бүгін бағынбай жұлқынып шыққан Мәмбеттің қылышы әділ қылыш па? Әлде «менің дегеніме сен неге көнбейсің? Мен сенің өмір бойы қожаң» деген офицердің өктемдігі әділдік пе? Мұны саралап жатқан кім бар? Офицер өзінше түсінеді әділдікті. Ол да мына Қаржауовтың сыңары. Бәрінікі де бұрмалау, бәрінікі де алдау...

Учитель неге екені белгісіз басындағы қалпағын алып, оны қайтадан киіп, қалпақ жиегінен шығып тұрған шашын жинақтады. Бірақ мұны неге істегенің өзі де байқамады — әлде не бір ой түйігіна тіреліп, соナン шығу жолын іздел қарманғандай болды. Оның қолы тілті, жолда үстіне шаң тигізбеу үшін сүртек бешпеттің сыртынан киген ұзын түйе жүн шекпеннің омырауын да қапсыра түсті.

— Алдау! — деді ол күбірлең. — Алдау деген билеу әдісі емес пе?! Сонда не болды? Билеудің — алдау, алдауың — қиянат, қиянатың — зорлық. Міне, осы ғой жұз жылдан бергі дала салты. Дала салты емес, далага енген зұлымдық.

Былтыр мына уалаяттың басқару аппаратына, армиясына керекті қаражат жинау тәртібі сез болды. Сонда учительдер тобы болып салғырт әлді адамдарға салынын, жетім мен жесір алым-салық тартпасын, яки қаражат ауыртпалығың бай байша, кедей кедейше көтерсін деген әділдікті қолдадық. Сонда басын азаматтарымыз не деді! Хұқімет ортақ, тендік қазактың бәріне бірдей, ендеше уалаятқа керек қаражат мұржа басына бірдей бөлінуі керек, — десті. Сейтіп барға да жұз сом, жоққа да жұз сом түсті. Міне, билеу әдісінің алдауга айналғаны! Енді уалаятты қорғайтын жасақшыны қалай жинады деңіз! Алдымен тізімнің басына қарсы кедейдің баласын жазады. Атты да бай бермейді. Момын кедей жә болмаса орта дәүлетті шаруа береді. Қазір жасақшылардың ішінде би мен болыстың, бай мен ишаниң балалары жоқ, болса ілу де біреуғана. Сонда хұқіметті қорғайтын да, оны асырайтын да тек кедейлер болғаны ма? Сонда билеуші кім? Қаржауовтар...

Учитель бұл жолы қалпағын қозғап басып киген жоқ, мұрнына шыбын қонғандай оң қолымен әлдененің қағып етті, бірақ оны мазалаған шыбын емес еді,

әділсіз істің әділсіз көрінің шағып алғандай әсер етіп еді.

— Ақырын айда, Мержан. Жақын жер, ат терлет-пей-ақ жетерміз.

Бала атты қатты жүргізіп келе жатқан жоқ-ты. Ол әкесінің бұл сезді жайғана айта салғанын түсініп қалды, сонда да «ақырын келе жатырмын ғой» демеді.

Бір кезде Ғұбайдоллаға «осы Қаржауостар жұрт қамын неге ойламайды екен? Жүрген жері лаң. Ісінің бәрі адамшылықтан тыс. Қарсы келген адамға жә қамшы ойнатады, жа сөгіп тастайды. Тіпті болмаса үстінен шағым жасап абақтыға қаматады. Осының көздеген мақсаты не? Алғыр атану ма?» — деген ойлар келді де, ол өзіне өзі басын изеп — бұл мансапқорлық деген қортындыға тірелді.— Өз басының дөрежесі өзгеден жогары тұру керек. Сол үшін қатал, сол үшін өр кеуде, сол үшін басқаны жапырып, үстінен жүріп ету керек. Өзгенің ары, өзгенің тілегі оған арзан. Бұл қайдан шыққан зұлымдық? Қазақта осындай зұлымшылдық о баста бар ма еді, жоқ, әлде беріде пайда болған нәрсе ме?

Ол көп ойланды. Көп нәрселерді көз алдына алып келді. Орыс білгіштерінің жазғандарын ойга түсірді. Оқыған журналдар мен кітаптарды шолды. Әлдеқайдан оның көз алдына «Русская мысль» және Левшинің «Қыргыз-қайсақ ордасының тарихы» келе қалды. Қыргыз! даласын бағындыру... жаңа тәртіп орнату...

Ғұбайдолла жоғалтықан нәрсесін жаңағана тауыш алғандай қобалжын кетті. Оның ойына бірінің соңынан бірі өткен соңғы кездегі өзгерістер, олар жөніндегі түрліше пікірлер мен айтыстар түйдектелді. Ол сол көп материалдардың ішінен мансапқорлық дегениміз не? Ол қайдан шықты? — деген бір-ақ мәселеңі ірікten шетке шығарғандай болды.

...Мансапқорлық — екпе зұлымдық. Отаршылдық дәуірінің қазақ баласына басқан қара таңбасы. Бұрынғы ру басы билеп, өнері озған шешендер әдет-ғұрып заңымен билік айтып жүрген кезде мансапқорлық болған емес. Бұл руды румен, елді елмен ит пен мысықтай етіп ұстаудың құралы. Бұл Спранскийдің даланы билеу ісіндегі тапқан айласы. Елдіктен айырудың, аздырудың жолы ғой. Тоқсан бес жыл бұрын арқаға аға сұлтандық тәртіп орнады. Бұл тәртіп елу жылдан кейін батысқа келді. Бұрынғы кеше қонып, мал жайып тіршілік етіп жүрген тайпа-

ларды араластырып жіберіп, қырық бір тастан бал ашқан бақсыдай, жұптап-жұптап болысқа бөлді, болысты номерге бөлшектеді. Бір болыста бірнеше рудың тараулары қалып қойса, ал старшина қол астында да атанаңың балалары бас қосып әкімшілік ауыл болып есептелді. Бұрын ру мен рудың, ата мен атанаң арасында жақсы қонысқа — сүй мен оты мол жер шұрайынан кез алартысып қоятын, бірақ етек-жәндік кең сахараға қырылыштай сиысып келген жүргендіккінде жер шұрайы шағындалып, ел етегі жинақталғаннан кейін талас тәртібін басқага бұрды. Болыс болып әкімін журғізуге, старшина тарғына жармасып ауылды билеуге ұмытылысты. Болыс болу үшін старшина болу үшін көпті ақылымен ұстайтын, шешендік тілімен ұйытатын, тапқырлық жолымен билік айтатын жүрттандырып, кесемдіктің керегі болмай қалды. Күн ақшаға ауды. Старшиналар мен судьяларды уезд бастығы бекітті. Сайлаушы да, сайлауды басқарушы да қалтаның қалындығына қарады. Уезд начальникінен бастап елу басыға дейін сыйлыққа көз тікті. Сыйлық қонақасыдан басталып, ат-шапан беруге, тіпті жең ұшынан жалғасып ақшалай парага көшті. Мансапқорлық паракорлықты туғызды. Паракорлық — адамшылық қасиеттен айырды. Адалдық, уәдеде тұрушылық, арын сатпаушылық аяқ асты болды. Әрі-беріден кейін адалдықты ақымақтык деп табатын болды. «Әкімің соқыр болса сен де бір көзінді қысып жүр» деген сүмпайы нақыл шықты. Тап бүгінгі Хамидолланың маган айтқан нақылы. Мұны ата сез деп үгады, зая айттылмаган нақыл деп біледі. Міне, зұлымдықтың иғі қасиет аталаңып, әділдіктің әділсіздікке айналған түрі...

Арбада отырған учительді ауыр ойлар басты. Оның ең бойын езіп-жаншып тұрған бір пөле басын жоғары кетеруге де ырық бермеді. Ол тәмен қарап келе жатты. Бірақ сан рет жүрген, сан рет көрген бұл Қамыстыкел мен қаланың екі арасындағы жер көрінісі кез тартқан жоқ, үзілген ойдың жалғасын қайтадан ұстау үшін ол көзін жерден алмай өсіндеғіні құшпен жиды.

— ...Неге баққұмарлық пен шенқұмарлыққа ауды атқа мінген азаматтың бар ынта-жігері? Иә, бұл елдік, тұтастық, бірлік деген ежелгі халықтық қасиетті жою үшін ғой. Сперанскийдің айлатап-жылдан комиссия шыгарып елдің ғұрпый, әдетін, неге бейімділігін, тіршілік өрекетінің түрін, құлқын, мінезін верттеп алғы шыгарған низам-тәртібі. Ол бір болыста түрлі рудың үекілі

булудын көздеген рой. Патша хүкіметіне бағынышты дала чиновниктерін шығарудың бұл бірде-бір таптырмайтын жолы емес пе! Баққұмарлық пен шенқұмарлыққа, ру-руға белініп қызыл шеке таласқа түскен жұрт тұтастық қамын не қылсын! Ел болуды ұмытып, бірін-бірі жегенге мәз емес пе! Бұрынғы бағынбай бүлік шығарған тайпалар үлкен тартысты қойып ұсақ тартысқа, әз ішінен болыс қою күресіне көшкен жоқ па?! Осы рой түпке жеткен. Осы күнгі мына жаңа әкім дейтіндер де сол патша чиновниктерінің бір сыңары. Егіз қозы тәрізді. Қазір де болыстық мәрге талас, қазір де старшиналыққа жақ жинау, қазір де пара алу, қазір де жұртты алдау, көре кезге алдау...

Ғұбайдолла қала бетке көз тастап қойды да, тағы да тынышын алған Қаржауовқа оралды.

— ...Ия, солай. Бір кезде әдетке құрылған әділдік ғурып сан гасыр бойы өмір сүрсе, оны келе-келе шен тағып, шекпен киу тәртібі жоқ етті. Бұл адамшылық абырайдың бәрін қара бастың қамына ғана айналдырып жіберді. Әр қамалға бір зауал деп, енді бұған не дауа? Адамшылық қасиетке сүйенетін заман туда ма, өлде ол қолға ұстапнас сағым болып қала бере ме? Жоқ, олай болмасқа тиіс. Бұған ана Мәмбет сияқты қара халықтың арасынан шыққан жандардың жұлдынуы куә! Мәмбет біреу емес, Мәмбет кеп. Ол көптің кимылы. Ашынған жандардың бұлдынысы. Оны қалайда өзінің іздеген адамдарымен көздестіру керек. Фалиасқарларға жіберу керек!.. Мыналар мейлі, Ойылдан әрі Маңғыстау тубегіне тығылса да өздері біледі. Мәмбеттің жолы да, арманы да ана алыстагылармен үштасқаны жән...

Сейтің ойда жоқ жерден үйіне келген уалаят чиновниковінің менменсіген сезі, всіресе оның өзір қонақсыра қарамай дастарқан аттап кеткен астамдық мінезі Ғұбайдолланы іштей түтетіп еді. Ол арба үстінде ашы ойлардың талайын актарды, жаңа басшылардың әділсіздігін мінеді, шенқұмарлығын секті, азаматтық арды аяқ асты еткенін жерледі; тіпті, бұл көпті көрген тәжірибелі адам бар зұлымдықтың түп тамырын да барлап көрді, оның қайдан шыққанын талты. Бірақ «енди не істеу керек?» деген ең басты бөгетке тіреле берді, бұл бөгеттен жә аттап ету, жә айналып оту жолын көз алдына келтіре алмады. Ол осыны білмей дал болды.

«Мәмбетке жел беретін сіздің осындағы сезінің» деді Қаржауов. Бақытжанға құрық салған әкімет,

Мендігерейлерді құгынға ұшыратқан мына адвокат мені де әңгімеге іліктіруі мүмкін» деген күдік туды бір кез. Оны кебінесе үйден қозғаган да осы күдік еді. Вірақ бұл күдікке ол үрейленген жоқ, тек қана ойдағы бар сырғын ақтаратын дос іздеді, өзімен ойлас болып жатқан оқигаларды жіктей білетін адамды көкседі. Ондай адам қалада бар да еді. Өзінің түсіп жүретін пәтеріне соқпай, бұл жолы Ғұбайдолла сол рухани сүйениш көретін өзіндегі учительдің үйіне келіп түсті.

Бұл Жымпіты қаласындағы көп заманнан бері білім ордасындағы болып кеткен алты жылдық екі класты орыс-қазақ мектебінің меңгерушісі Хабибрахман Қазиевтікі еді.

Оқыган да, оқымаған да Қазиевтер көп болатын. Ал солардың ішінде Хабибрахман Қазиев басқа Қазиевтерге үқсас та емес, теңдес те емес. Әсіресе қырық жыл управитель болған, қазір Жымпіты уалаятының бас мүшесі Салық Омаровтан ол бір басқа. Бұл екеуі де атақты Сырым батырдың шебересі, Жәңгір ханның он екі биінің бірі белгілі Қазының бел немересі және белді ата, даңқты рудан шықса да екеуінің өмір жолы екі басқа. Бірі — биліктен өзгені білмеген, Байбақтыны жалғыз ауыз сезімен тоқтатқан құдіретті Салық Қазиев болса, екіншісі, көп жылдар бойы ұстаздық жолын қуған, орта дәрежеге таяу білім беріп сансыз шәкірт шығарған, шәкірттерінің көбі қала мен далада еліне қызмет етіп жатқан, әрі халыққа беделді, әрі білгір ұстаз атанған Хабибрахман Қазиев-ті. Салықтан жүрт сескенсе, Хабибрахманнан ақыл сұрауга асығатын, жүрт Салықтың өз үйі түгіл, ауылынан рұқсатсыз тоқтаудан айбынса, көмек-жәрдем іздегендер Хабибрахманның үйінен күні-түні шықпайтын...

Ірі денелі, маңғаз лішінді, асықпай сейлейтін, үлкен кезді, қияппатты Хабибрахман Ғұбайдолланы. өзі қарсылап алды, арбадан түсіріп, үйіне кіргізді. Құрметті қонағын мектеп жанындағы қызыл кірпіштен салған көп бөлмелі, тәбесі биік, терезелері жарық, кіршікіз таза, ак балықпен сылаған өзгеше пәтерінің торіне шығарды — үлкен столының жанына, жұмсақ орындыққа отырғызды. Сейтіп жайлапысып отырғаннан кейін асықпай амандық сұрасты.

— Қалага көп келмейсіз, Ғұбеке. Барым-әзірім сізге. Қонақ боласыз. Атыңызды жайлайтын адам бар. Мына шәкірт Мерхайырға да ермек табылады: кітап бар, журнал көп суреттің қарауға,— деді үй иесі, төмен-

гі жақтағы орындыққа отыра бастаған жас шәкіртке қарал.

Хабибрахманның сейлегенде оң жақ беті жыбырлап кететін әдеті бар еді. Мерхайыр көзін алмастан оның тынымсыз тартқан бет тамырларының бұлқілдегеніне қараумен болды.

Ал, үй иесі әрі жасы үлкен, әрі көргені көп Ғұбайдолланың сөзін күтті, өзі бастап әңгіме-дүкен құруға лайық көрмеді. Жалғыз-ақ қонақтың:

— Оқу жайы қалай болып жатыр? — деген сұрағына ғана жауап қатты.

— Қаражат қыншылығы кездесіп тұр. Ақша арзан және тұрақсыз. Әйтпесе биыл бірінші класқа қосымша шәкірт алу ниетінде едік. Отын мол болғанмен пансионның азық-тұлігі тапшылау,— деді.

Ғұбайдолла құрметпен қарсылап, ашық сейлесетін ақылды Хабибрахманға бөгелмей сейледі. Ол бүгінгі Қаржауовтың келуін, оның оғаш мінезін, өр көкірек қылышын айтты. Ішіне сыймай қелген шерін ақтарды.

— Осындай жандардың жарамсыз істері жүртты тегіс түңілте бастады. Кейде ауыр ойларға кетесің: «елдік дегеніміз осы болса» мұндай тәртіп кімге керек деп түңілесің. Аяқ бассаң бәрі жалған, бәрі алдау, бәрі зорлыққа айналды. Автономия болып шаттанады деген жүрт, алым-салық жинау ісі мен ат-көлік алушылардың төбесі көрінгеннен-ақ қашатын болды. Өйткені ауыл үстіне қамши үйірушілер қебайді, айдалап кету, жауапқа тарту молайды. Мінекей әлеумет өмірін жогары сатыға көтөреміз, езілген елді мәдениетті, білімді етеміз, әділдік туын жогары ұстаймыз, жер мен су байлығын тегіс пайдаланамыз, жетім мен жесірге зәбір-жапа шектірмейміз деген әкімдердің сөзі бір басқа, ісі бір басқа болып шықты. Бұл ілгерілеу емес, кері кету болып табылады. Бұл саналы адамды қынжылта ғұрық жай, халықты қараңғыдан жарыққа жетектеген мына өзіңіз сияқты ұстаздарды ойландыратын жай. Қалага сирек келесіз дедіңіз, бұл рас. Жиі қатынасуға зауық жок, зұлымдықтан жұз таса қылуга айналып барамыз,— деді Ғұбайдолла.

Хабибрахманның оң жақ көзінің асты бұрынғыдан да қатты жыбырлап кетті. Ол ойланып алудың қамын көздеді. Бұл үшін шай әзірлеген әйелінің дастарқаның жайысқан болды, самауырының бұлығын аптып қойды, шыны аяқтарды поднос үстіне жая бастады. Бірақ оның кермелеп кеткен ой толқынын бір арнаға түсіріп

жинақтау ииетімен істеген бұл уақыт үту әдісі өзінен өзі-ақ керініп тұр еді. Өйткені қол қымылы өте епсіз, үйренбеген іске әлдеқайда араласқаның байқатса, жұз елібі түйіліп, терең пікірге қарманғаның көрсетті. Үлкен қонақтың қатты қобалжып, ойындағысын бұппей айтып салғаны оның салуалы жауап беруін көрек етті. Сондықтан Хабибрахман әзірге басталған әңгімені үзіп тастамау үшін:

— Рас, солай гой, Ғұбеке, жарамсыз іс мол, әділдіктен алшақтау кезге көбірек шалынатын болды,— деді. Сейтті де: — шай алыңыз,— деп, қонағын жайлаңысып тағам жеуге мензеді, әңгіменің жалгасын кейінге ысыраңдай болды.

Шай үстінде әңгіме саябырлап қалды да, дастарқан жиналғаннан кейін түйіліп келген Ғұбайдолла тағы да бағанағы өз үйінде басталған тұбі терең әлеумет қамына көшті.

— Мениң ойымша автономия басшыларының орыс революциясынан үркүі қажет емес еді. Жаңа тұған автономияны неде болса сол жаңа тасқынға бейімдеу көрек еді. Кемені ағынға қарсы айдамай, табиғи қең аринаға бұру көрегендік болар еді. Мына атамандар мени патша генералдарының тозығы жеткен монархияны қайтадан жамап-жасқап іске асырамын деген көрі кетпе идеясынан іргені аулақ салу әлдеқайда абзал іс қой. Осындай ілгері ойдан, тарих көрек еткен өзгерістен бой тасалап «әкіммін, басшымын, көрдің бе мениң құдіретімді?» деп елге қамшы үйірген чиновниктерді қалайша шенемессін, олардан қалайша жиренбессін! Тырнадан әкім қойсаң басынан қиңу кетпес деп мұндай берекесіз қиңуга қашан тыйым салынады? Бұлар қашан ақылға сүйенеді? Қашан парасатты іс істейді? Қашан бұқараның қамын жейтін көргенді, білімді, ақылды басшы бола алады? Қашанғы етірік-есектің жетегінде кете барамыз? Қашанғы ашық айтып, айқын мақсатқа сілтеуден бас тартамыз?..

Хабибрахман тәмем қарап отырып тыңдал, бұл әділ қобалжуды бас изеумен қоштады. Ол тағы да үзак ойланып қалды. Бір кезде қонақтың тамағын кенеп тынышсыздана бастағанын көріп, ол да қозғала түсті. «Мениң пікірімді білгісі келеді гой көрияның. Жарайды-айтайын» деді ол ішінен. Сейтті де Ғұбайдоллага мойнын бұрып еді, оның өзінен бұрын оң жақ көзінің асты мен еріндері қосыла жыбырлап сейлеп кеткендей болды.

— Ғұбеке,— деді ол сабырлы үнмен,— сіздің еткен кездегі бір сөзіңіз әлі есімде. «Біз халқымызды іштей түлетіп, ой-санасын жақартып шыгаруымыз керек, ол үшін жасты жаппай оқыту, оған білім мен тәлім-тәрбиені қоса беру шарт дедіңіз. Бұл сез есте тұтып қана қоймай, өмір бойы алға нысана етіп ұстайтын түпкі мұрат болып келеді. Сол мұратқа жету үшін мына жаңа оқу инспекторының алдына: Жымпіты мен Қарасу. Қараоба мектептерін жоғары дәрежелі бастауыш мектебіне айналдыру, сіздің және Үйректікөл бастауыш мектептерін алты жылдық етуге, келесі жылдан бастап гимназия ашуға, бастауыш арнаулы қыздар мектебін ашуға жоба тапсырдым. Бұл жоба іске асса жыл сағын, жұзденген орта дәрежелі білімі бар жастар ел-елге таралуы хак болашақ семинарияға ірге тас қалаңбақшы. Бұл ұлы игілікті істің басы болады деп шамалаймын. Ал, сіздің жаңағы айтқан орыс революциясы жеңіндегі үлкен ойыңызга менің кішкене пікірім қанағатты жауап таппас. Сондықтан сізге оқыту, ағарту жұмысынан басқа еш нөрсе айта алмаймын. Жалғызақ есіңізге салатыным, кішкене аузымен тамшылап су тасыған қарлығаштай біз де әділетсіздікке қарсы қолдан келген амалды істеген болып жатырмыз.

Анау Орал түрмесіндегі аяулы Бақытжанды босатыңыз деп атамандар хұқметінде билердің, халық учительдерінің атынан приговор тапсырдық. Бұл алыстағы кірілтар азаматқа созған елдік қол. Ал жақында ішіміздегі бір адам денесі түршігерлік сүмдүктың үстінен шықтым. Почтада жұмысым болып, гауптвахтаның түбінен етіп бара жатсам айқайлаған әйелдің даусы шығады. Аттың басын бүргізып жақындей бердім. Кішкене түрменің қақпасының алды құлақ тұнарлық: «Қатынмен жауласқан хакімді қай заманда, қай елде көріп еді. Апар мені ана Жаншаңа!» деп жұлқынған бір жас келіншек мені көріп: «Құтқар, мырза! Мына баскесерлер, ерді қойып, енді қатындармен жауласты. Казак-орыстың қамшысынан құтылдық на десек көресіміз әлі алда екен» деп зарлады. Шыдамадым. Түрме аузындағы офицерден сұрап білсем: бұл әйел Әбдірахман Әйтіевтің келіншегі екен де, ал арбада сұлық жатқан шала-жансар жан Мендігереи Елмагамбетов болып шықты. Бұл екеуін сонау Қараобадан айдал екеліп түрмеге қамап жатыр екен. Мен офицерді қоя салып Жанша мырзаның өзіне барып «мына сүмдүкты тыюнызды сұраймын» дедім. Сол менің сөзім әйтеуір

себеп болып уалайт басшысы өйелді босатуға, ана өлім халіндегі тұтқынға дәрігер жіберуге жарлық берді. Міне әділсіздік деген аяқ астынан шығып жатыр. Бірнеше күннен бері ойланып, осындағы бар учитель болып Жаншаның атына өтініш жаздық. «Мендігереі күнәлі болса атамандар алдында күнәлі, бірақ оның өз еліне жасаған жамандығы жоқ. Түрмеден босатыңыз» дедік...

Хабибрахман орнынан түргеліп, екінші бөлмеден жазған өтінішті алғып келді.

— Міне, сіз жақсы келдіңіз, маңул десеңіз бас болып қолыңызды қоясыз. Не бары ойдагы-қырдағы он екі учитель қол қоймақпаз, — деді.

Ғұбайдолла үй иесінің адамшылық істеріне қатты риза болды. Ол өтінішке қол қойып, енді соның қалайда аяқсыз қалмауын, бұған Хабибрахманның бар күшін, бар беделін жұмсауын сұрады. Ол қонақжай үй иесінің қонақасысы дайын болғанша тігінші Жәркенің үйінде (бұл өзінің тұсіл жүретін пәтері болатын) жатқан жас жігітке жолығып қайтпақшы болды. Бұл жас жігіт ішкі беттегі Фалиасқарлардың жіберген «елеусіз» адамы екенін ол бұдан бұрын білген. Мұны сол Ораздың өзі айтқан-ды.

Ал, кешкі келіп Оразбен сейлескеннен кейін Ғұбайдолла Мендігереидің жал-жайына өбден қанды. Оның халі аянышты болса да, сол ауыр жағдайда істеген ерлік істеріне дос сүйеніп, дүшпан күйінерлік-ті.

### 3

Оның халі...

Ауыр жараның зардабынан тән азабын қатты шегіп аса жүдеген Мендігереидің жағы суалып, көз үңгірі тेңрәндеп кеткен еді. Бұрын көзге ілікпейтін шеке тамырлар қазір адырайып сыртқа теуіп, ете-мете кекшіл тартқан. Бір қарағанда, тілті, самайын әлденеге соғып, көгертіп алған сияқты көрінеді.

Богдановқадан шыққан күні конвой тоқтаусыз айдалап, аялдауға, сусындауға бас бұргызыбай қол-аяғы байлаулы жанды рақымсыз қинал еді. Соқпалы жол шоқалақты жерден де ауыр тиіп, астында шебі де жоқ арба загипты тұтқынды есекіретіп тастаған. Қалаға жеткендे оны арбадан сүйреп түсіріп абақтыға шала-жансар күйінде кіргізді. Бас-аяғы он адам сыярлық шошайған гауптвахтаның бір кездей оқшау бөлмесінде

екі күн ессіз жатты. Тыныстауға таза ауасы жетпейтін қапас бұрышта оның аузына дұрыстап су тамызатын да жан болған жок. Үшінші күні ол орнынан аударып салып, кезерген еріндерін су мақтамен шылаған әйелді көрді...

— Жұтыңыз... — деген сез келді оның құлағына.

Бірақ бұл сездің мәғинасын ол біраз жатқаннан кейін түсінді. Аузына жақын төндірген стаканға қолын созды, бірақ оны ұстай алмады. Тек қана әйелдің демеуімен көмейгे сап-салқын тиген сусынды жұта бастады. Көзін аша алмай ұзақ жатты...

— Жұтыңыз!.. — деді тағы да әйел даусы.

Көз алдында бұрын көрмеген сұлу сестра түр... «Қайдан келген жан?» деп таңданғандай пішін көрсетті де ауру тағы да қайтадан көз жұмды. Дауыс анық естіледі. Әйел сезі, еркек даусы, құлағына шалынды.

— Тамақ әкелген әйелді жіберіңіз, — дейді сестра өлдекімге.

— Құп болады, лектыр бикеш... — дейді алысырап дауыс.

«Бұлар кім?» деген ой оралды. Бірақ көз ашып, тіл қатуға дәрмені келмейді.

Аргы жағын Мендігерей ертеңіне тамақ әкелген Күлшаннан сұрап білді. Жылап қоя берген әйелге ол басын шайқап «жылама» деген ишара берді де, ұсынған стакандагы сүтті басын көтерер-көтермес қалыпта жұтып-жұтып жіберді. Аз заман рақат тынысқа батқандай болды.

— Сені босатты ма? — деп сұрады ол Күлшаннан бірнеше минуттан кейін.

Күлшан езін келген күннің ертеңіне абақтыдан шығарып жібергенін, Ергали ағасының осы қалада тұратын балдызының үйін тауып алғанын, сол құдашасымен бірге осында екі күннен бері келіп жүргенін, бүгін доктор татар қызының рұқсатымен тамақ әкелгенін айтты.

Есін жинай бастаган Мендігерей, біраз жатқаннан кейін:

— Шырагым, сен елге қайт. Кемпір мен шалың, балаң бар. Солардың қасында бол, — деп еді.

Бірақ Күлшан оған тік жауап қатты:

— Кемпір мен шалды берген құдайдың езінен басқа ешкім алмайды. Сіз аяғыңызды тік тұрмай мен бұл жерден кетпеймін. Мына сүттің қалғанын ішіңіз. Кешке сорпа әкелемін. Әл-қуат жинауга тырысыңыз. Кеше

Жаншаның өз үйіне барып «қатынмен, ауру адаммен жауласуға кірістің бе?» деп айқайласп едім, ұялды білем, ләктырын жіберді, тамақ әкеліп тұруға рұқсат еткізді.— деді.

Сүттің қалғанын жұтты да Мендігерей үндемей, Күлшанға ұзак үақыт кезін алмай қарап жатты...

Қатты дауыл желден кейін жер құшқан бойын бірте-бірте қайта жаза бастаган даланың жатаған біткен күнге, желге көнбісті қара ағашындаид, әлді тән тіршілік тамырын жандандыра түсуге жанталасты. Мендігерей бір жұмадан кейін орнынан тұруға жарады. Ол сүт пен сорпадан басқа ет жеп, қымыз ішуге де жарап қалды. Денеге қан жүгіріп, бойға әл кіруге айналды. Бірақ та шеке тамырлары көгеріп, көз үңгірі әлі терен, жақтан ет қашып, жүзден нұр тайған қалпы ұзакқа созылды.

Бір күні тұтқынга ойда жоқ жерден пайда болған Ораз сырттан тіл қатты. Сырт емес, кәдімгі түрменің бастығы отыратын бөлмеден сейледі. Ол интенданствоның мүлкін қаттаймын деген сұлтаумен келіп түрме бастығының аядай бөлмесінде қағаз жазып отырды да, тамақ ішуге кеткен начальниктің рұқсатымен қалып қойды. Терезе, есіктегі көбіне ашық қалатын, бақылаушы аса қатты құзетпейтін бір кішкене үй тұтқынмен тілдесуге қынышылық келтірмеді. Еңкейіп отырган әлсіз тұтқынды Ораз бірден көрді де тамазын кеней қойып:

— Менді аға,— деді.

Көлденең дыбысты андым қалған тұтқын дыбыс шыққан жаққа жалт қарап, қарсы терезеден Оразды керді.

— Белан отряды батольонға жетті; жағадағы біздің жігіттердің тобы сол батольонның бір қанаты есебінде деп келді Әмір. Ал, Әбекең Темірден бері шығыпты. Беланның күшіне бара-бар күш жинақтаса керек. Қазір Шыңғырлау маңында деседі. Ішкі беттен дарияның тасқынындағы гвардия өрлең келеді, Орынбор ақтан арылды, Текенің екі жақ шекесінен тоқпақ тиүгө таяу екен. Мына уалаят Ойылға кешіп жатыр, бір дүмпү тақалғанын іштері сезіп қойған білем,— деп Ораз ішкі-тыскы хабарды лектіп айтып-айтып салды да, есікке бір, терезеге бір көз тастан қойып Мәмбеттің оқиғасын жеткізді. «Енді не істеу керек?» деген сұралпен тоқтады.

Сырт пішіні мықтап қажыған тұтқын Мендігерей-

дің шүңгіріе түскен көздеріне жақадан жан біткен сияқтанып кетті, жел үрлеп еткен шоқтай жайнай түсті.

— Бәрі жақсы, бәрі ойдағыдай. Әттеген-ай. Мәмбетті тұғырына қондыра алмай қалған екенсіндер, ол буркіт есебінде қалаған аңға түсер еді. Төрт жұз адамның ішінен он адамды ертіп кету аз — жасақшы атаулыны тұтас толқытуы керек еді. Тағы тәртіпке, теңдік-сіз, малшы айдауга наразы топ бастар адам болса жаппай ереуіл жасауға бейім тұрады ғой. Әлде де осыны ойландар. Мәмбетті құғыншы қолына түсіртпей Әбдірахманмен көздестірген жен. Оны үлкен іске бастаңдар, үлкен күреске баулындар. Кызыл Армияға қосуға күш салындар. Бірақ байқап қымылдаңдар. Соңсоң осында маған Құлшан тамақ әкеліп жүр. Мен отан елге қайт деп едім. Өжет әйел: «Әбілдің қорлығына көнгенше, жастығымды ала өлеңтін Беланның отрядына кеткенім жақсы» дейді. Мүмкіндігі болса Әмір Құлшанды Әбдірахманға бастап апарсыншы — ең болмаса еріне көмек етсін. Әмірді тез аттандырыңыздар. Әбдірахманға тез жетсін. Әбдірахман мұнда «мырзаны» жіберсін, езі түсінеді «мырза» десе. Есіттің бе, шырафым. Өзіңе сақ бол! Қөп келе берме бұл жерге, — деді тұтқын..

Ораз басын изеді. Аздан кейін ол өз жайына кетті.

Сөйтіп, ашық күрес пен жасырын тартығы қос қабаттаса бастап еді.

## ЖЕТИНШІ ТАРАУ

### 1

«Оралды қорғауга сахараның барлық күш-көмегі тегіс жұмсалар деп сенеміз. Войско үкіметі: Мартынов, Михеев».

.Генералдардың телеграммамен қабат Бұкілресей правителінің Оралдағы комиссары Бизяновтың хаты...

Хаттың мазмұны жігер бергендей. Адмирал Колчактың Қыыр Шығыс өлкесі мен байтақ Сібірді өзіне қаратып, енді ол Орал тауынан асқанын, Малороссия мен Кавказды бағындырып келе жатқан генерал Деникиннің армиясымен күзге дейін түйісетінін, екі жақтан Орталық Ресейді алдына жүгіндіретінін айтқан; Алаш хұқіметінің Шығыс пен Жетісудағы бөлімдері адмиралдың өзімен тікелей байланысып отырганын, ал,

Жымпіты уалаяты Омбыдағы Кіндік хұқіметпен комиссар Бизянов арқылы байланыс жасап тұру қажеттігін ескерткен...

Телеграмма да, хатқа да Жанша жауап өзірледі. Ол атақты би болса да, білімі жоқ Салық Омаров пен хазірет Қуанайдан ақыл-кеңес сұрау артық деп санады, олардың айтары аз екенін ескерді. Ал Халелмен ақыл-даспауга уалаят бастығының амалы болмады. Дәрігер Халел тізгінді берік ұстауды талаң ететінін біле тұрса да:

— Доктор, сіз қалай деп ойлайсыз: Войско хұқіметі дагдарыста отырса комиссар Бизянов шын жағдайды сұлулап бақдан, а? — деп күлді Жанша, хат сыртындағы уақытша хұқімет мәріне қарап отырып.

— Бұл Бизянов нағыз шындықтан аулак, жаңа правитель шарт сынған ескі державаны қайта қындастыру мақсаттан қашық жатыр деген сөз бе, Жанша мырза? — Халел Жаншага «Несіне құлесің» деген салқын шырай байқатты.

— «Орал жаршысының» ақбары да Бизянов сезіндей қайрат беруге бейім; «Ержүрек Дутов Орынборды тастап, ығысып кетті... Колчак Батыс Сібірді қызыл бүлікшілерден тазартып, тоқтаусыз шеру тартып келеді» депті. Қатар берілген осы екі хабар мосының бұты сияқты әрқайсысы әр жаққа тіреліп тұрган жоқ па?

Халел ойланып қалды.

— Ал, Кіндік хұқіметпен байланыс жасау ҳында?

— Ресми турде ғана.

— Колма-қол берері жоқ ол кіндік кімге қажет? Онан да Семейдегі, Торғайдағы басшы азаматтармен қол ұстасу жағы көзделсе. Қол бір жеңиен, бас бір жағадан шықса ғана елдің елдік сипаты көрінеді. Бақа мен шаян сияқты, Сырдария, Қоқанга. Жетісу, Қашқарға, енді тағы біреуі тағы бір жаққа тартса, автономияның басы бапан, аяғы сапан боларына күмән жоқ.

— Доктор, бұл пікіріңіз ақиқаттың ақ жолына бастайтын асыл ойдан туған пікір. Кіндікке сүйену мақсатқа жеткізәр жол емес, бұл ежелден келе жатқан сыпайыгершілікпен бас изеу ғана сияқты дәстүр. Мұны сондықтан қарым-қатынас демесе де болады, ресми ғана байланыс деу жөн. Абылхайыр хан Анна патшага қолды оның шашпауын көтеру үшін емес, өнегелі, іргелі елдің өнерін үйренуге, құл болып бас ию үшін

емес, есейіп алып терезе теңестіруге, одақтасып отырыл Жонгарга жал құдірейтуге берді...

Жаншаның сөзі Халелге үнап кетті. Ол керер көзге әлгідегі салқын шырайды жұмсарага бастады. Сұлу қара сақалын тараشتап қойып, биік арқалы орындықтың жағалауына сүйене түсті, шіреніңкіреп отырды, қостауга сараң мінезін өзгертіп жіберді.

— Элбette! Сол мақсатты үқпаган Абылхайырдың шебересіне Беріш біі Исатай мен қызын Махамбет иықтасуға барды. Бұл Николай Романовқа көрсеткен иық еді.

— ...Доктор, иық тіресуге тұтас ел керек екенін ол сексен жыл бұрын откен кішкене тартыс дәлелдеп еді. Қазір де сол шағындық қол бөген келеді. Элгі айтқан бақа мен шаянның кебі келіп жүрмегей.

— Бұл бақталастық жөніндегі уайым ба, адвокат?

— Бағы да бар, жағы да бар.

— Өлекен мен Ақаңның көзі тірі кезінде өз бағым, өз жағым деуші алайқтар алашты алтыға бөле алмас. Сол үшін де уалаяттың жұдырығы жұмсақ болмауга тиіс. Баланы жастан, келінді бастан тый. Ана Аронды мен жаратпаймын. Патшаға сатылған чиновник. Бірақ оның ала аяқтарға дегендеге қолы қатты. Оның қолындағы құдайдан безгендерге қатал жаза қолданамын деген сезін қолдаймын.

Жанша дәрігердің жүзіне қарай қалды. Қатал жүзді, жылы шырайға сараң, екtem үнді бұл оқымыстыны ол ішінен «саясатқа жүрдек емес, сондықтан көлденең көзге қарыспа, тік бақай көрінеді» деп бағалайтын.

— Саясат та өнер, доктор. Ал өнер зеректік пен іске жетіктікті қос қабат керек ететін талаптының гана іci гой. Осы жағын ескерерсіз,— деп күлді тағы да Жанша.

## 2

Сол күні кішкене қала Батыс аймагының барлық байлығы мен атақ-даңын шағын бойына сыйғыза алмай жатқанды үсады.

Сыр түste қалага Адайдың атақты Ниязы алпыс жігітімен келіп кірді. Алдыңғы пәуескеге шаңқан қос боз ат жеккен; басына тік кара берік киіп, оны ақ орамалмен бастыра байлад алған ысқаляқ қара жігіт, шылбыр тастан сүйреп келе жатқандай, есік пен төрдей үлкен қара атқа жайдақ мініп пәуеске алдында те-

кіректен келе жатты. Тап сол алдыңғы аттылы сияқты жайдақ мінген, бастьарын ақ орамалмен баса таңып алған үшеу пәуескенің шаңын шашау шығармай жұтып үлгерейін дегендегі тірсектесе қалған; бұл үшеудің қолында тобылғы сапты жалаң дойырғана; іш тартып алған бекен сан қара аттар алдыңғы атпен бір енеден туғандай мойыл қара; кекілі гана ақ шашақты, басқа жерінде жалғыз тал ақ қылышық жоқ; ерсіз жалпақ құрмен баstryқташ алған, жалаң жоны да қара; мәсі тәрізді өкшесіз етікті ұзын аяқтары салақтап келеді. «Мынаны көрдің бе?» дегендегі, бұлдіргесін білезігіне орап алған кек қасқа дойырларын октатекте үйіріп-үйіріп қояды. Бұлар батыр бидің күтуші, атқосшылары еді. Бұлардан кейінгі аттылар да біркелкі, бір түсті, өңкей қара кек мінген; бірақ бес-бестен келе жатыр.

Бірінші бесеу он қолдарына кек сұңғі ұстап, ұшын үзеңгідегі аяқтың басына тіреген; ал қалғандары тегісінен қигаштап садақ асынған, белдеріне қорамсақ байлаған. Қарудан өзге бәрінің де білектерінде кек дойыр көрінеді. Ең соңында: қос қара ат жеккен пәуеске бос келеді. Оның козлосында жалғыз гана делбеші отырып. Бұл қосалқы пәуеске.

Бүгін Нияз атақты Салық правительдің үйінен шығып еді, салтанатың мен шырышының бұзбайын дегендегі, белгілі Қазы бидің немересі бұл шорман Тобанияздан белек өз нөкерімен келді. Оның қаласында гимназияда оқыған баласы Габдынасыр бар. Уалаят басшысының лайықтауымен белгілі ағайынды кепестер Мұса мен Жаншаның сарайына Ниязды түсіріп хұқімет адамдары қол қусырып қарсы алды. Салық өзінің байтараты Уәлидікіне тоқтады.

Жауынгер Адай елінің әрі би, әрі көсем басшысы Тобанияз мен белгілі би помощник және Батыс уалаятының мүшесі Салық Омаровтан басқа сан билер мен байлар, хазіреттер мен хажылар, оқымыстылар мен мырзалар жиналған-ды.

— Игі жақсылардың мәжілісін Жаншаның өзі басқарып, өзі сез сейлейді екен. Шіркін, қызыл тілге мұнан шешен жан туган ба?

— Нияз ше! Нияз аузын ашқанда бесіктегі бала да мұлги қалады деседі!

— Дұрыс айтасың. Ол шешендігімен емес, құдіреттілігімен қожа. Елі Нияз жат десе жатады, тұр десе — тұрады; онсыз үл үйленбейді, қыз үзатылмайды.

— Бұл да осал қазақ емес қой!

— Салық олардан кем түсіп пе? Крестьянский начальникті сходтан қуып шықсан губернатордың помощнигі емес пе!

— Бұлар билігімен атақты болса, біздің Қабыл байлығымен атақты. Қабыл сияқты бес мың жылдысы, мың жарым ақбас атапы бар қазақ та губернатор алдында жоргалай қоймас.

— Қызыл нары мен кок арғымағы «Шеген құдышты» ендең жатқан Ақметше білімімен атақты. Бір арғымағының өзі мың сом алтын көрінеді ғой! Өсіріп көр сондай малды!

— Қуанай хазірет Ая София масжидіндеге де имам болған!

— А, ағайынды Мұса мен Жаншаны неге айтпайсыңдар. Бұл Текесің Қаревінен кем түспейтін көрінеді ғой. Петербургтің банкісіндегі екі жүк алтыны мен күмісі бар дейді!

Осы сияқты, сол күнгі жиналған атақты адамдарды мадақтаған, көтермелей сөйлеген, тіпті әркім өз болысы, өз ауылышына қарай бұра тартқан сөздер дүкен ішінде де, мешіт жанында да, базар алаңында да құлақ тұндырарлық болды.

— Ардақты ағайындар! Кіші Жұз елінің игі жақсылары! Бала дүниеге келгенде ата мен ана қуанады. Аға мен іні шаттанады, апа мен қарындағы гүл-гүл жайнай түседі. Ал, еңбектеп төрге жетіп, қаз тұрып табалдырық аттаң, ұл ашамайға қонған кезде ел дүрлігеді. Егерде ол ұл ержетсе не болады? Егерде ол ұл некер жинап салтанат құрса? Егерде ол ұл ту көтерсе! Онда жан тілеген мақсат, тәңірі қостаған мұрады орындалды дейді.

Жаһанда әр нәрсе бір-біріне сипаттас келеді. Ұл перзенттің дүниеге келуі — ерте кезде билігінен айрылып, өз тізгінің өзі ұстауды арман еткен алты алаштың автономия болуына, мемлекет қуруына ұқсайды. Бұл да нәресте. Бұл да шілдехана тойындағы шаттықпен бас қосады. Бұл да қырқынан шығып, бесікке белеп әлдилеуді көрексітеді, қаз тұрып аяқ басқанша күні-түні мәпелеуді тілейді. Мәпелеу — жас бөбекті таза ұстау, ұзбей қоректендіру, әл-қуатын молайту, баптау, өсіру, буынның бекіту, сахараға қарату, кеңшілікке талпындыру.

Мемлекет және оны басқаратын орындар тап осы айтқандарды басынан атқарып келеді. Казір осы нә-

ресте хұкіметтің бөлімдері Торғайда, Жетісуда. Арқада дүниеге келіп, аяғынан қаз тұра бастады. Мына өздерің көріп отырган Батыс уалаяты талпының табалдырық аттады. Табалдырық емей немене, өзінің администрациясын, яки басқару орындарын жасақтады, қарожат ісін жүйеледі, әскер мәселесін тәртіп-теді,— деп бастады сезін Жанша Досмұхамедов.

Ол аса ұзақ сейлемесе де тыңдаушысын үйітіп, ұлттық сезімін қозғарлық сұлу сөздерді лекітіп-лекітіп тастады.

— Ескі Иран мен Тұран патшалығы сияқты, Хиуа мен Бұхар хандықтары тәрізді қазақ елі де мемлекет болмаған, оған байлық та, басшылық ететін білімді азаматтар да мол. Тек жұмдық керек, бірлік керек, ез хұкіметім өзгенікінен артық деген биік сезім мен азаматтық ар керек,— деп түйді.

Жиналған адам кеп болса да, мәжіліске қатынасқандар санаулы еді — бас-аяғы қырық жеті кісі үлкен кабинетке жағалай отырган болатын. Оларды хұкімет мүшелері: Қуанай хазірет, Салық правитель, дәрігер Халел Жаншаның оц қолында, құрметті қонақ Нияз бен оның биі және жергілікті оқымыстылар Ақметше мен Дәuletше сол жағында тізілген-ди. Бұл қатардың ең түбінде молдадан қысылған шәкірттей жаутандап Қабыл бай және оның жанында кішірек көзін сол қасындағы тыптырышыған Қабылға тікендей қадап, Шұғыл хажы отырды.

Жаншаның сезі біткенде, оны қол шапалақтап ма-дақтау орнына, Қуанай хазірет:

— Мерейің үстем болсын, әмин! — деп қол жайып дұға етті де, отыргандар жамырап:

— Өумин!

— Аллаһу акбар! — десті. Ал, үйге сыймай есіктен сығалағандар, иықтап қаумаласып аула ішіне толғандар:

— Не айтты? Не айтты? — деп анталасты.

Жұрт тамақ кенеп, сақал сипасты, отыргандар орындарында қобалжи түсті. «Енді кім сейлер екен? Не сейлер екен?» — деп күтті.

Орнына отыра берген Жанша оц жактағы Қуанайға кез тастады да, бірақ оған тоқтамай, сол жағындағы Нияздан әрі стырган Ақметшеге қарады. Оған «кезек сенікі» дегендей болды. Осы кездे есікке таяу жердегі Шұғыл хажы:

— Шытыр жеп жаталақшыған түйедей тыптырыши-

сың. Элде айтып көрмеген аталық сөзінді осы жерде айтып қалғың келіп шыдамай отырсың ба? Сөзден көрі Шідертінің сорына сыймай жатқан түйенің бірер жүзін уалаят иғлігіне бөліп бермейсің бе? — деп Қабылға қадала қалды.

Жұрт тегісінен Шұғыл мен Қабылға көз тікті. Қабыл сасып жан-жагына алақтай бастады. Аздан кейін жүзін тәмен салыш, өкпелеген адамша:

— Хажы, жоқ, жоқ,— деді ол, әлде сөйлемейтінін, әлде бермейтінін хабарлап, күбірлей түсіп. Жұртқа Шұғылдың сөзі тегіс естілді де, Қабылдың жауабы жетпеді.

— Хажы сөзі қасында отырган ақсақалға бағыщталса да, осындағы әлеуметтің әрқайсысына да ой салатын сез болды,— деді Ақметше, жанындағы Ниязға сөйлесіп отырған адамша, жүзін бұрып.— Басын азаматымыз Жанша мырза бастап, оны қадірлі дәрігеріміз, Петроградтағы ғалым дәрігерлер қоғамының мүшесі Халел қостап, мына өздеріңіз сияқты ардақты ел ағалары қолданған жас мемлекет, адвоқат айтқандай, нәресте мемлекет уызында жарып, балғын шағында бұла болып осуі үшін барымызды алдына тартуды қажет етеді. Сондықтан біз осы жайлы әңгіме қозғасақ, азаматтық борышымызды өтеу жайын бастасақ. Өйткені ғасырлар бойы аңсаған автономиямыздың мәні мени сипатты, тілегі мен мақсатын сезге шешен, басқаруга көсем Жанша алдарыңызда байымдаған етті. Біз ол кісіден артық жарасымды сез таппасыңыз. Осындағы үлкен мәжіліске мәғұлым етпекіні екінші бір мәселе бар. Ол: хұқімет орнын басқа жерге, ең қолайлы, қалың қазақ ортасы Ойыл шаһарына көшіру. Ойыл шаһары Үйшік дең Маңғыстау шектес, Ақтөбе мен Ырғызға, онан әрі Торғайға, тіпті Арас, Қазалы, Ақмешітке бір табан болса да жақын тұрған шаһар. Ал, ел ортасына таяу тұрған хұқіметтің орталығы — төрт жағы бірдей құбыла хұқімет болып табылады. Өз басым осы істі, яғни орталықты Ойылға көшіруді қаты құптаимын. Құптаумен қатар хұқімет орындарын көшіруге байланысты көш көлігін, шығын-қаражатын өзім көтеремін. Сонымен бірге, сол Ойыл шаһарында даярланып жатқан жас хұқіметтің күш-тірегі, кадет мектебін бітіріп шыққан жас офицерлер тобына сыйлық есебінде он аргымақ тарту етем.

— Рахмет, Ақметше мырза, адал ниетке бағышталған азаматтығының бен мырзалалығының үшін хұқімет

атынан, осында отырган хұқимет мүшелері атынан көп-көп алғыс айтамын.— деді Жанша.

— Менен елу ат, Жанша мырза, сол айтқан гаскер басшыларына бағыштаймын,— деді Шұғыл. Сейтті де, ол тағы да қасындағы Қабылға қадала тусти.— Мына Қазангаптың байы Қабыл екі жұз ат сыйласа да бір жылғы төліне жетпейді. Көне, мұнан өзгелерің де, ана сырт жақтағы Мұқай, Қоданбайлар атасын сыйлықтарын, көрсетсін мырзалығын. Қалыбай, жаз, сен бе жазатын?

— Хажы, атау сізден, жазу бізден. Елу де жақсы сан. Алайда «жұз» деген айтуға да, жазуга да келісті. Әсіреле жұз ат, жұз атан, жұз қой...— деп жазғыштай бастады интендант Қалыбай.

Қабыл күйбенде еш нәрсе айта алмады. Бірақ қасындағы Шұғылдан төмен отырган жуан адам:

— Хажыдан қалмайды, бұл кісі елу ат жаздырады,— деп Қалыбайға қарады.

— Елу ат,— деп жазды Қалыбай.— Қабыл Ақметұлы елу. Сізден де елу, отағасы. Елуден кем жазуга қының және қағаз да шақ келмейді. Қырық сегіз, қырық тогыз деген сандардың әрқайсысы жарты жолдан алып кетеді,— деп күбірледі интендант әлгі жуан кісіге «жұз» бен «елудің» жинақтылығын дәлелдей.

Әлде не уақыт Қалыбайдың қалың тізімін аяқтауға белінді. Жұрттың қозғалысы күшейді, дабыры молайды.

— Енді сырт жақтағыларды қаттаймын,— деп Қалыбай есікке беттей берді.

— Писарь шырақ, тоқта,— деді оған Нияз.— Сен жаз. Ойылдары кадетке жұз бала жаз. Жұз баланың офицер оқуын оқып шыққанша керекті қаражаты менен. Бітіріп шыққан соң ат-тұрманы менен. Жаз.— Нияз Жаншага қарады.— Игілікті ісің құтты болсың! Адай сені қолдайды, мырза. Ана оқытып шығаратын жұз балаға жиырма жігітten жігіт қосамын. Бұл Адай полкы атанады. Адай полкы жел жағында үстайтын панаң. Басқа да мұқтажыңа көмектесем,— деді.

Жанша Нияздың қолын алды, алғыс айтты.

### 3

Күнде келіп тамақ беріп тұруға рұқсат алған Құлшан серік сияқты болып еді. Бұл алғыр әйел күзетшіні де, түрме бастығын да «Жаншага айтамын» деп қор-

қытып, тұтқынның қасында емін-еркін отырып, тамағын ішкізіп, жарасын байлаپ, әңгімемен де қарқ қыллып еді. Қаланың ішінде не болып жатқанын ол бұлжытпай хабарлайтын болған. Ал, Күлшан кеткелі үш күн boldы, бұл үш күн Мендігерейге үш айға татыды. Сөйлесер жан жоқ, тергеу де жоқ. Ол ой теңізіне шомды. Ісінің немен бітерін шамалауға тырысты. Қашшама жаксылықты көңіл қалағанмен, безбениң басын жамандық басып кете берді. «Оралдың әскери соты қолындағы тұтқындарды өлім жазасына кеседі. Атамандар сотынан жеңіл жаза күтуге болмайды. Ал, мына Жымпіты үкіметі не істемек? Бұл да Орал жендеттеріне еліктейді. Соттайды. Жаза.. Өздері Ойылға көшсе, сотты тездетер. Бірақ неге жауап алмайды? Әлде сотсыз...» деп ойлады ол. Бұл ой оның басынан шықпай қойды.

Кіріп келген солдаттың:

— Отагасы, киін! Тез киін! — деген бұйрығын Мендігерей капелімде түсінбей қалды.

Мезгіл іңір, қарбалас шақ еді. Жә «хұп!» деп, жә «қайда апарасың?» деп сұраудың орнына ол солдатқа танитын адамша, бірақ қайда көргенін жадына түсіре алмай тұрган жанша, ойланып қарады.

— Киін деп тұрмын. Саңырау емессіз бе, неге аңтарыласыз? — деді солдат.

Мендігерей тағы да жауап қатпады. Есік ашылыш, онан екінші солдаттың басы көрінді. Іштегі:

— Тез киін! — деді тағы да.

Әлде аңы ойдың, әлде кенет кездескен оқыс жайдың құшагында бір сәт қозғалмай қалатын, тіл де қатпайтын қалт тұрыс болады. Тұтқын осындағы қалышта еді.

— Мынаның есі дұрыс па? — деп, бірінші солдат есік аузындағы надзирательге қарады. Надзиратель оған жауап берудің орнына:

— О-та-ға-сы, те-з киін! — деп буындағы, бейнебір құран сезін мәділекендей.

— Мен дайынмын, — деді Мендігерей аздан сои.

— Цайыя болсаңыз журінің, — деді алдыңғы жігіт. Сейтті де ол есік алдындағы серігіне: — Есі дұрыс екен, — деп иек қақты.

Бұрын көрмеген тұтқынның аса жүдеу түрі, всірсес басын бір жағына қисайтып, есептіреп қалған жандай құты қашып көрінген жүзі оларға «сау жан емес шығар» деген ой салып еді.

Әсіресе кешкі қара көлеңке шақта тұтқын тар бөл-  
меде ербендерген аруақ сияқтанған.

— Жүріңіз, жүріңіз,— деді жігіт, есі дұрыс екенінө  
қуандай даусын жұмсартып.

— Қайда?

— Оны енді барғасын керерсіз.

Тұтқынның дайындалатын еш нәрсесі жоқ-ты; киі-  
нуге — бар киімі үстінде; жырттық көйлекті жасыру  
үшін өзі ескі, әрі уқаланып, жолдың шаңы айғыздаган  
бешпетті құндіз киіп, тұнде жамылып жүрген. Бас  
киімінің қайда қалғанын өзі де білмейді: қараңғыда  
Абылаев жігіттері кішкене бөлмесінен сүйреп шыгар-  
ғанда сол жерде қалды ма, әлде арба үстінде қол-аяғы  
байлаулы, қан қақсатқан жарага шыдамай жан аза-  
бын шеккен шақта жоғалтты ма — кім білсін. Шалба-  
ры да бешпетіндей — үстінен түспейтін. Өліп тірілгені-  
не ғана қуандай Құлшан да киім жаңартуды ескерө  
қоймаған, ескерсе де бөтен жерде киім таба алмай,  
сатып алуға қаржы жоқ, енді бәрін де елден жіберmek-  
ші болып кеткен-ді.

— Қайда? — деген сөз Мендігерейдің аузынан тағы  
да шығып кетті де, бірақ келген адамдардың кім екені  
жаңа ғана есіне түскендей болды.

— «Бұлар не біледі: алып кел десе — алып барады,  
ат десе — атады... — деп ойлады. — Қайда апармақшы?  
Тергеу ме? Өлде тергеусіз...»

— Тезірек жүріңіз! — деді гауптвахта-түрменің  
қақпасынан алып шыққан солдаттар.

Олар қаланың ортасына қарай жүрді. Тұтқынга үн-  
дер де қатаң естілмеді. «Тергеу шығар...» деген ой бас-  
қасынан дәлелдірек көрінді...

«Жаманы — жасырын жазала, жақсысы — тергеу,  
соттау» деген ойдан шыға алмай келе жатқан Менді-  
герейді қараңғыда жете танымайтын бір үлкен үйдің  
қақпасына кіргізді де, қарсы шыққан үзын бойлы қа-  
вак офицеріне тапсырып, екі солдат честь берді.

Офицер ешбір үн қатпастан есікten есікке жетелеп  
Жанша Досмұхамедовтың алдына алып келді.

Ұлық сәлемдесудің орнына басын шайқап. аяған  
адамның пішінін көрсетті. Бірақ жасы да үлкен, түрі  
де аянышты кіріптар адамға отыр деп те менземеді, өзі  
де отырмады; төрдегі үлкен столдың оң жағында туре-  
геліп тұрган күйі Мендігерейге қарап тұра берді.

«Мұнысы несі? Құдіретін көрсету ме? Адам айып-  
тауга тіс қақсан прокурорлығын алға тарту ма? Жа-

сыту ма?..» Мендігерейдің зығыры қайнап кетті. Әлгідегі шұбәлі, сақтану сезімі ашуға орын берді; ол озінің нашар күйін де ұмытты; еткен кездегі Халелмен қатты сезге келгенде де осы сияқты сұр қалпында қалған сезге ұста, жүзге жылы, іске үткыр, жылан юристі жан-тәнімен жек көріп кетті — бар қылышын азы сезбен бетіне басуға кірісті.

— Бұл не, мырза, тергеу ме? Әлде адамшылық атаулының бәрін аяққа басып жерлеу ме? Сұраңыз тергейтін болсаңыз,— деді Мендігерей Жаншаны көзбен жеп.

Жанша тіл қатпады, орнынан да жылжымады. Ол тек Мендігерейдің кез оғынан тайдырайын дегендегүзін бір кез түкпір бөлменің есігіне бұрдм. Түкпір болмеге «неге қарай береді?» деген оймен ашу кернеген Мендігерей де көз тастады. Есік ашық, бірақ оның қалың пердесі түсірулі тұр. «Әлде біреуді күте ме? Бөлменің ішінде адамы болса бір нышан бермей ме?»

Жым-жырт. Басшы да, тұтқын да үнсіз қалды.

Уақыт аса ұзаққа созылған жоқ еді, бірақ іштей түйіліп әр қыбырды, әр дыбысты, тіпті кешкі масаның ызылдағанын да сарапқа салып тыңдал үйренген Мендігерейге ойламаган жерден кездескен жаңа көсемнің өзі де, безерген тұрысы мен жұмбақ әрекеті де қиямет-қайымның тұзағындай шеті де, шегі де жоқ азапты көрінді; бір жыл ішінде айқын ажырастырған сана алшактығы қазір Мендігерейдің жүргегіне өшпендейлік уын тамызын түрғандай болды. «Сөз сөйлегечде халық деп тіл майын тамызасың, іске келгенде сіңірі шыққан бұқараның нәрін сору түгіл, қанын ұрттаң ішуге де шіміркенбейсің, хан-сұлтаншыл қаратаяқ!» деп кіжінді жаралы тұтқын.

Тап сол кезде тұтқынның ойы бір басқа, уалаят правителінің ойы екінші басқа еді. Жанша жаңа гана Халелмен пікір алысып, бірақ өз ойынан шықпаган тіпті бір сезін де мақұлдамаган дәрігерге большевик Мендігерейдің өзін тілдестіру үшін алдырып еді.

Тірідей қолға түскен Мендігерейді Жымнитыра алып келгениң ертеңіне-ақ Жанша алма-ғайып тағдырыңың тар көпірі алдан шыға қалса медеу боларлық керме арқан тастауды көздеген-ді. Мұны күні бұрын «ел аман, жұрт тыныштықта бастауды! мақұлдаган. Егерде большевиктер күш алып, атаман Мартынов пен генерал Толстовтың апшысы қуырылар күн туса, жарылған бас берік ішінде, сынған қол жең ішінде қалатын ағайын-

шылықтың алды Әбдірахман мен Мендігерейге құшақ жаю ғой... Солай болса Мендігерейді жәбірлемей ішке тарта, қайырымды қарындағас есебінде ерікті кіріптар етіп ұстау» жағын қолдан еді. Мұны ашықтан-ашық Халелге сыр етіп айтпаса да Жанша түсінгендей-ақ ишарамен: «Түбі татулық жеңеді, егес ұмытылып, бір елдің, бір жердің қамын көздейміз» деген мейірбандық сөз тастаған. Және Мендігерейдің жатқан жері қылапсыз таза, тамағын тоқ етіп ұстауды тапсырган. Өсіреке бақылаушы адамдарға қаталдық көрсетпей жағын көбірек ескерткен-ді.

Бұл жайды Мендігерей болжай алған жоқ-ты. Өйткені Жымпіты хұқіметінің сорақы істері оның күн санап көз алдынан өтіп жатты: партизандық бүліншіліктің үйтқысы деп Алексеевка мен Александровканы тегіс ертеп жіберген, сан адамды жазықсыз атқан осы Жанша мен Арон төрениң жасақтары, аузын ашқанды кәрі-жас демей жонынан таспа алғып дүре соқтыратын да, қарсыласқанды қамауга алатын да, сұраусыз атқолікті айдал әкететін де осы автономияшылар ғой. Өзінің көз алдында екі бала мен Фроловскийді кескілеп кеткен Абылаев сол Аронның қолшоқпараты. Эйел екеш Құлшанды да екі қолын артына байлан айдал келмедин ме! Бірақ «хан мен тере қатын-баламен жауласты» деген жаман атақтан қашты ма, Құлшанды келісімен «ұлкен басшылар» босаттырып жіберген ғой...

— Жанша мырза,— деді Мендігерей тағы да шидай алмай,— мен тұтқынмын. Еркінен айырган кіріптар тұтқынға білгенін істеу заң-законге қылапсыз қызмет етемін деуші юристерге лайқат іс болмас. Менен керегініздің сұраңыз да, абақтыма қайтарыныз.

— Менің сұрагым жоқ, доктор,— деді Жанша, әлі сол түкпірдегі есікке қараап, теріс айналып тұрган қалпында мойын бұрмастан. Неге екені белгісіз, жақсы билетін фельдшерді бұл жолы Жанша «доктор» деп тіл қатты.

— Білгенін істеу деп осыны айтады. Сұрагыңыз болмаса неге алдырдыңыз?

Жанша тағы да үндемей қалды. Аздан кейін ол әлдекімді күткендей сырт жаққа құлағын тосты. Есіктен әрегіректен нық басқан аяқтың «дік-дік» еткен дыбысы естілді. Сырттан келе жатқан дыбысқа көніл аударып үлгергеше есіктің ашылғаны, бір-екі адамның ішке енгені, тез жүріп бұлар тұрган бөлмеге де жеткені құлаққа анық шалынды. Әлдекім есік ашып жол бер-

ген адам бөгелмestен кіріп те келді — бұл белгілі Халел Досмұхамедов болып шықты.

Халел әдетінше тік жүріп, бұрылмастан Жаншаның қатарына барыш, арт жағында, есік тубінде қалған Мендігерейге жаңа ғана бұрылып тесе көз тастады. Соңшама жүдеу, жүзі де, түрі де былтырғы қалпынан көп өзгеріліп кетсе де Мендігерейді ол бірден таныды. Таныды да оны еткір козбен атып жібергендай болды, іле-шала жауап қатты.

— Жанша мырза, мына сүркияны не үшін алдырыңызы? — деді.

— Сіз үшін алдырдым, доктор..

— Рақмет. Бірақ босқа машақттанғансыз. Мұндай адамдармен сейлесетін сөздің құйрығы шолақ, жалы күзеулі — бөрінің бөлтірігімен қоштасардагы «қанжығада корісерміз» деген нақылы деп келеді. Эйтпесе, өз адалын езі харамдап жатқан Ресейдің жалаң аяқтарымен қосылыш қазақ елін жарылқаймын дегендерден не үміт, не хайыр! Әлде есі кіріп тәубеге келіп қалды дейсіз бе? — деді Халел өршелене түсіп.

— Мен де сағынғаннан келгенім жоқ, доктор, бұл жерге. Ал, қанжығада кездесу бөлтірікке де, бөріге де бірдей айырмасы: бірі аңшының оң қанжығасынан, бірі сол қанжығасынан ғана орын алады. Алайда мен аңшының қанжығасында емес. Нағыз аңшы кейінде, оның аулайтын аны да бөлек.— деді Мендігерей.

— Сөз жарыстыруға уақытым жоқ... — деді Халел жекіріп, сейтті де өкпе артқандай Жаншага бұрылды, оған қабагын шыта қарап, сөзін дақпа-дақтан сейледі.— Аламан қазақты алқы-қотан қондыру үгіт-насихат жолымен шешілмейді. Ондай дәрежеге біз әлі кете-ріле алған жоқпыш, Жанша мырза. Әсіресе ақылынан адасқан Бақытжан мен мына тұрган жол тонағыш қаракшыларды хақиқатқа бас идіремін деу көнілшектік.

Мендігерей неге әкелгенін енді-енді аңгара бастады. Келіспекші ме?.. «Үгіт-насихат... Аламан қазақты алқақотан қондыру... көнілшектік» дейді... Бірақ Халелдің сөзін ол талдаپ, жіктеп жатуга шыдамады. Бұрыннан түздай сөздерді бетке бүркіп үйреніп қалған мына шар мінез доктордың езі түгіл, өрбір дыбысы, үні оның өзменінен қадалғандай болды. Ол не де болса ежелгі жауының мірдің оғындан сөзіне құлақ тосқанша езі қарсы қару жұмсауды дұрыс деп тапты.

— Сөз жарыстыруға менің де зауқым жоқ, доктор. Ал, аламандықты алға ұстап жүрген мен емес, мына

еңің сияқты, қаратаяқтылар: ханшыл, бекшіл, төрешіл вадалар. Мен емес, Батысты Шығыстан бөліп уалаят, хандық, автономия деп тамақ жырта айқай салған. Мына азамат Жанша мырзамен екеуініз Жымпіты уалаятын құрып, Әлиханыңыз Шығыстың автономиясын жасақтап, Шоқаевыңыз Қоқаның хандығын тірілтіп, үркердегі қазакты жан-жаққа таратып, баяғы Әбілхайырдың сансыз сұлтандарындағы бөліп алып боріше талаған сабаздар аламан ба, әлде Жетісүй мен Семейін, Арқасы мен Адайын, Торғайы мен Жайығын бір ел етеміз, бір республика құрамыз дегендегер аламан ба? Хандыққа, сұлтандыққа қарсы қара қазакты ханмен тең етем деген кешегі Сырымың мен Исадайыңың арманын көксегендегер халықшыл ма?

Әлде Салық правитель мен Арон сұлтандардың, Қуанай имам мен казак-орыс атамандарының ақ батасын алып, кек қаруды сілтеи, даланың қара қаңбағындей жеңкіген тәндіксіз, панасыз, қорғансыз қалтыраған қазакты табан астына салып тепкілеген жандар халықшыл ма? Айтты, кәне, қазактың досы кім, қасы кім? Қараның қамқоршысы кім, жендеті кім?..

— Сабыр етіңіз, Мендігерей мырза, сабыр етіңіз. Сіздің ашына сейлесуге себебіңіз мол. Түсінісе алмай сырт беріп, тілдесе алмай алшақтаң кеткен жай бар. Доктор ағалықпен ашы айттар кезеңге де ұшырап келеді. Алайда ашы сездің тұңы жарасымы бар. Екеуіңдің де көздегеніңіз қазактың қара шұнақ баласының қамы той. Қалай деп атасаңыз да қазактың қара шаңырағын қайта көтеру, оны мейлің республика де, мейлің автономия де, мейлің уалаят де, қалай атасаң да магынасын халқың түсінсе, тіліне жеңіл, ұғымына оңай болса мақсаттың орындалғаны. Сабыр етіңіз, ашу дүшінан, ақыл дос...— деп, Жанша Мендігерейге жақындағы түсті.

Халел терісіне сыймай кетті. Ол жаілма-жан қара сюргутінің түймесін ағытып жіберді. Кезілдірігін кулагынан сызырып алды, ол да Мендігерейге жақындағы түсті.

«Тықыр таянғаның сезген екенсің, мырза,— деп тістеніді Мендігерей ішінен.— Ойылга әкіле аударатын болдындар ма! Оралға қызыл әскердің төңгенин көріп келдіңдер ме? Бірің төреші, бірің итке жонын күдірейткен қамаудағы қасқырдай тісінді ақсита бастадын ба? Е!.. солай ма екен!»

Қатты шеке тамыры білеудей болып кеткен әлсіз

Мендігерейдің сөзге ұсталығы мен қайсарлығына Жанша қайран қалды.

«...Дініне берік болмаса большевик бола ма! Қайсар болмаса — мақсатына жете ала ма! Ең басты қасиеті табандылығы ісіне имандай сенетіндігі. Әсіресе осы Мендігерей Епмагамбетов! Әйтіев сүм деседі. Ал, мынау көзі жеткен нәрсеге сүмдық жолымен емес, қайыспас қайсарлығымен жететін жан болуы керек. Большевизмге сенуі — мұсылманның құдайға, пайғамбарға сенуінен де күшті. Мұндай жандарды бетінен қайтару үгіттеу жолымен емес, іспен сендіру жолымен ғана мүмкін нәрсе. Ал, кәне мына көп болып көксеген автономияны құрдық. Енді сендердің ойларыңша не істелу керек? Қазақты қалай мемлекет билеу ісіне үйрету керек? Халықтың ұғымына сай, көксегеніне сай, кәдімгі мәдениетті елдердің үлгісімен: сот жүйесін, әкімшілік, басқару, финанс құрылышын, баланы европаша оқыту тәртібін, орынша қоныстанып бір жерге жиылышта сауда, почта орындарын жасау істерін қалай етсек өркендете аламыз? «Отырысыз мына орынга, басқарызыз, қолыңыздан қақпаймын, билік тұтқасын тұтасымен ұстаңыз!» десем... не дер еді? Көнер ме еді? Әлде «біз белек ел бола алмаймыз. Ресейдің бір большегі есебінде ғана өмір сүре аламыз. Белек ел болу үшін өз акшаш, өз банкің, өз фабригің, өз заводың, өз темір жолың болуы шарт!» дер ме еді..

...Солай, белек ел болу үшін көп нәрсе керек. Алайда бастамасын көрсетіп «ел» деген атқа ие ету... тым болмаса Керенскийдің уақытша хұқиметі тәрізді гұмыры қысқа болса да автономияның ізін салу... ертен большевиктер таратып жіберсе де... Большевиктер! Самираны, Саратовты, Орынборды алды. Текені де алуға жақын. Жоқ, жоқ! Бұл қарыспа большевикті қолдан шығармаған мақұл. Жасытыңқырау үшін тұтқында бола тұрганы да залал емес. Алайда Ойылға барған соң оны Халел көнбесе де бір үлкен орынға ұсыну қажет!..

Большевиктер хұқиметін орнатып алғаниан кейін қазақты белек ел етемін дегенін орындаі қойса кубақүп?! Мә, автономия! Даляр автономия. Терезесі тәң, сөйлесуге, қоян-қолтықтасуға жарайтын автономия! Қосылу әрекетіне соз салса!..» деген Жаншаның көз алдына кебірек тартылыш жүрген ойлары тағы да дүркін-дүркін оралып өтті.

Ал тұтқынға жақындаі түсіп, тутеп кеткен Халел:

— Сен кімсің, өзің, алдымен соны айтшы,— деп түксиді.— Хан мен бек, хазірет пен сұлтан деп бір қойыртпақта, қара қазақ, жалши, малши, жетім мен жесір деп тақылдайсың. Хан мен сұлтаниң қараны езіп келгенін сенсіз де жақсы білеміз..

— Жақсы білсеңіз мына отырган жаңа ханның — (Мендігерей Жаншага қарай қолын сермен қалды) — он екі уәзірлі Жәңгірден айырмасын аршып берініші. Жер мен су, мал мен басқа сол кезде де қара қазақ ие бола алмаған, қазір де солай...

— ...Алдымен хандықтың автономиядан, он тоғызыншы гасырдың жиырмасыншы гасырдан айырмасын біліп ал! Соңан кейін бостандық, теңдік, қара халық, жалши, малши деп алақаныңмен ауаны бауырдай тіл! Тіліп көр, не шығарар екенсің! Мен көріп алайын! Ана алжыған Бақытжан мен азғын Арғыншаевқа ер! Қалың қазақтың арасына іріткі сал! Хазірет деп, би деп абыройын айрандай тәк! Байсың деп малын құрт! Бисің деп аяғыңа тапта! Бақытсыз қазакты жебір патшаның тепкісінен жұлып алып қара сирақ тобырдың қолына бер! Соңсоң көр, не істер екен! Өз дінін, өз асылын, өз даңқын өшіруге кіріскең надан заводшы мен қайыршы қарашекпен қай мұратқа жеткізер екен! — деп ке-кетті Халел. Ол сәл тоқталаудың қалды да, ойын жинақтап қайтадан бастады.— Қазақтың қамын жетін осы сен кімсің? Соны айтни алдымен: Қамқоршы болғандай сен не істедің? Элде сен жеті қат жер астынан жан біл-мейтін бір даналық таптың ба? Элде сен Әлихан мен Ахметтен ақылды болып шықтың ба? Элде мына қараңғы қазақтың аузына қарлығаштай су тамыза бастаған Жаншадан данасың ба? Қазақты жіктеу алауыздықта айналдыру — ел етпеу. Қазақ бауырмал халық, рақымшыл халық. Атаны бала, ағаны іні жағадан алатын зұлымшылдық қазақтың қанында жоқ. Қазақ қарындасқа жақсылық етумен қазақ атанған. Қай заманда аштан өліп, кештен қалған қазақты көріп едің? Қай заманда әділетке жүгінбей жақынды жақтап, жаманды даттаған қазақты көріп едің? Жақынды жұтып, ағайының жүнін түтіп жеу ашынған қара-шекпен мен жанынан безген заводшыдан шыгады. Ол сени ертең алдымен жұтып қояды. Өз тілін, өз абыройын сактамаған, өз жақсысын таптап келе жатқан, өз байлығын обып келе жатқан көп тобыр қолынды қол, бұтынды бұт етіп жоқ етеді..

— Сен маған, Халел мырза аждананың аузын көр-

сөтіп, құтымды ұшырма. Қара құбыжықтың атынан да зәресі кетіп бұрышқа тығылатын мен сәби емеспін. Сенің айтып отырган алты басты аждаң маган ете таңыс құбыжық. Ол кешегі айдарлысын құл, тұлымдысын тұл қылған обыр патшаның озыры судіні. Соның мың қарага бір кесек әдісімен қожайындық етіп келген қарақасқа салты. Мың қараашекпен құмырсқадай қыбырлап бір помешиктің көмейін толтыра алмай еңсесі түсіп кеткен шақтың кейпі. Болмаса қызыл кәз атамандар мен сұғанақ казак-орыстар қанды қылышын бетке ұстап Ресейдің қол астына қошкен ұсақ елдердің ата заңын аяқ асты еткен зұлматтығы. Сенің құбыжығың кешегі құбыжық, ол бүгін жоқ. Бүгінгі Ресейді дүрілдетіп келе жатқан аждаң емес, революция. Зұлымдықтан тазартатын революция. Ол революцияны жасауышы сол помешиктің құл қараашекпендері, алпауыттың аш-жалаңаш жұмыскерлері екенін сен білесің. Біле тұра жасырғың келеді. Аяқ астында қалған бұрынғы бұратаналардың жігерлі ұлдарының соларға қосылғанын, бұлардың езілген қазақтың еңсесін көтеруге қол бергенін қастық деп білесің. Ұлынды ұл, қызынды қыз қатарына қосатын еңбекші бұқараның туыскандық туы «қазаққа жат» деп қорқытасың. Тендердікке жеткізетін жолды «зұлымдық жол» деп үркітесің, ақ ниетті «арам» деп жерітесің. Сондағы қамқор болған қазаққа әперетінің кәне? Берерің не? Көрсеткенің көз алдында тұр.. Ату... асу... талау... соғу...

— Сабыр, сабыр, Ешмагамбетов мырза! — деп кірісе кетті тарғы да Жанша сезді бөліп. — Сіз ашумен өзіңізді мейдептің аласыз. Жаралы жансыз. Сізге қатты сейлеуге де болмайды. Саясат мәселесі ете ұзақ мәселе. Ол-бір көргенде, бір тіл қатысқанда бітіре қоятын іс емес. Уақыт алда. Әңгіменің бәрі алда. Мен тек сізді мына доктор көрсін деген ниетпен алдырып едім. Бұл кісі де қазір ашу үстінде. Оның да себебі мол. Істеліп жатқан істі біреу түсінеді, біреу түсінбейді. Сол ушін ренжиді бұл кісі де. Бізге сабырмен, шыдаммен, қайсарлықпен тана алға, әлеумет ісін ілгері жылжыта беру шарт. Бұл жөнінде де әңгіме кейін. — Жанша тамағын кенеп қалғандай болды да, есіктен Арон тере көрінеді. — Сұлтан, сіз мына кісіге бүгін дем алғызып, ертең жолға шыгарыңыз, — деді Жанша оған.

## СЕГІЗІНШІ ТАРАУ

### 1

Үрейлі хабар желдей улеп еді...

Екі күннен бері әскерге тынышсыз тиген «Хан салауаты» болды. Өлеңді бір рет оқып, жә болмаса біра-ақ рет ауызша естігенде көбін түйіп қалатын Нұрым бұл «салауатты» ілезде жаттап алды. Тіпті жырға ебі жоқ Жолмұқан да сол күні тұтас біліп шықты. Ал, екінші күні:

— Салла аллаһи нәбиге!

Айт! Тағы айт:

Салла аллаһи нәбиге!—

деп езінің жігіттеріне жол-жолымен үйрете бастады.

Бірақ Нұрымның жігіттері де, Жолмұқаның жігіттері де ондықтары қашама дігірлесе де салауаттың әрбір жолын ең кемі он рет қайталағанда да өздігінен айтып шығуды пішен шабудан жеңіл көрген жоқ. Ира болмаған соң Нұрым бұл өлеңді ежіктең түсіндіруге кірісті.

— Нәби деген сөзді білесіндер ме? Білмесендер «Пайғамбар» деген мағынада. «Яки пайғамбарға», оның әскер басы Ғалиге» деген сөз бірінші-екінші жолдары. Ал кейінгісі: басшы болған мына Жаншаларға дұға қыл!— деген сөз. Қосып айтындар:

Салла аллаһи нәбиге  
Аскаблары Ғалиге  
Басшы болған біздерге  
Азаматқа қыл дұға.

Айт! Солай! Онан әрі:

Жанын қіған жұрт үшін,  
Сары қылған бар күшін.  
Ғадалатты жол құған!—  
Азаматқа қыл дұға!

Кешкес дейін өлең үйретуден өздері әбден салығып, басқаларды да салықтырып болған бұл екі ондық, зармарға қайтқасын өзара күжілдесе бастады.

— Сен, Нұрым, жән-тәніңмен кірістің мына іске,— деп кетті Жолмұқан тағы да.— Мен сені жай ермек үшін жиын-тойды сағалап, өнерінді көрсетеп домбыра тартып, жыр жырлау үшін жүр гой деп едім баста. Қазір ханның оң қолы болуга қалдың.

— Мен оң қолы болсам, өмірі тәртіпке көнбекен,

«барып кел!» десе, «алып келетін» сен де сол қолы болуға әбден бейімделдің.

— Сен ежелеп түп мағынасын да миға құятын халғе жеттің. Сөз жоқ, сен оң қолы боласың. Басшы азаматқа бір сезің емес, бүтін жігіттерге дұға оқытуды үйретіп шықтың. Бір жақсы жері менің миқеңшелерім езім сияқты өгізше қисайып, өткелден қашқан түйеше шегініп, бір жолын айтса, екінші жолын ұмытумен келеді.

Жауырыны қақпақтай, бойы ұзын, ат жақты Нұрым әскер киімін кигеннен кейін көзге өзгеше ілігетін келісті жауынгерге айналып кетті. Қысты құні тері шалбар мен шидем киіп жүретін жігіттің өзіне де бұл форма теріс көрінген жоқ, тіпті оның қалыңдау сұртылт тіккен френчінің өзі дәрігер Ехластың әдемі кительдерінен бір де кем түсер емес, алғыстан қарағанда нағыз сымбатты командирдің түріндей. Жұқа, таңдаулы мауыт болмаса да доктордың да, үлкен командирлердің де формасынан айырлыш емес. Оның ұстіне Нұрымның келісті мүсіні, ер келбетті, мұрынды, қасты, жабықтау қабақты жузі оны қатардағы жігіттерден әлдеқайда ілгері қойған еді. Және қара танитын жігіттердің саны ете тапшы болғаннан кейін жүзбасы Жоламанов Нұрымды да, оның қасындағы сөзге шебер балуан денелі Жолмуққанды да бірден ондық етіп белгілеген-ді. Қарамағына берілген он адамның аты-жөнін жазып алып, оларды тәртіппен жинап, уақытында командирдің қолына ұстау Нұрымға қызын жұмыс болған жоқ. Ал, қалған «әскерлік істің» бәрін командирдің өздері үйрете бастаған. Оқу ойдан артық емес дегендай, сапқа тұрып, сан тузеу, онды-солды бұрылыш, аяқты дақ-дақ басуды үйрену де оған қынға соқлады. Бірте-бірте жаттығып, қылыш асыну, мылтық ұстау, құрал тазарту, ату-шабудың тәсіліне жетілу де жөнделе берді. Ең қыныңы қыр жігіттеріне уақытымен жатып, уақытымен ерте тәсектен көтерілу еді, бірақ бұл тәртіпке де көндіге бастады. Тұннің бір уағына дейін өлең мен жырға зеріклей отырып құлақ тосатын және өзі айтып басқаны мүриттей шұлғытатын Нұрымға кеш жату да аса қынға соқпаган-ды.

— Айттым гой, оң қолы боласың деп. Онаи да әрі сен бара-бара бәріміздің ұстімізден қарайтын бастық боларсың сірә, тым зейініңді салып кеттің кісі елтіру өнеріне,— деді жатарда Жолмуқан оған.

Нұрым кешкі үйқыға қоңырау берілгеннен кейін,

агаш койкасының үстін қағаз жайып, винтовкандың оқ коробкасын айналдыра бастап еді.

— Құрттаған қойға да адам кескекті дұрыстап тағады гой, қай жерінің қандай тетігі барын жете түсініл алмай, мынаны иыққа асынудың не қаснеті бар,— деді ол оқ салатын қорабының түпкі винтін саусағының ұшымен шұқылап отырып.

— Басында еріккеннен кірдім деп едің, шынында да сен еріккен қазақсың,— деді Жолмұқан басын шайқап.— Еріккен адам ғана мойнын тұзакқа өзі келіп сұгады.

— Жолмұқан, сен мені қажай беріп қайтесің, еріксіз нокта кигеннен гөрі өз жөнімен құрыққа тұрганың артық деп мен саған баяғыда айттым гой. Ал, енді оны қайталай беруден пайда өнбесе керек.

— Мен құрық деп тұрганым жоқ, енді құрық та емес, нокта да емес, тура қыл тұзак қыл мойнынан қысқалы тұр. Нанбасаң анау ұзын сары жігіттен сұра. Бүгін солардың бір ағайыны келіп амандық біліп кетіп ті. Оның әкелген хабарын сен тыңдама — мен айтпайын.

— О не хабар, аспан жерге түсіп пе?

— Онан да ауырырақ — жер аспанга бір-ақ шығатын, тозаңын да жинай алмай қаларсың.

Нұрым таңырқап Жолмұқанға «шын айтып тұрсың ба, өлде әзілің бе?» деген жұзебен қарады. Бірақ Жолмұқан оған тура қарамастан:

— Есің барда ел тап деген қазақ сөзін иек сүйер етпесек нетсін,— деді жұмбақтап.

— Сен өзің бүкпей, айтарыңды ашық айтсаң етті, алде шетін көрсетіп, аргы жағын жасыра қоятын әдетке бастың ба?

— Сен берірек кел,— деп ымдады Жолмұқан Нұрымта. Нұрым жақындаған түсті:— Жігіттер ұйықтастын, бірқатары онсыз да бүгін елегізіп күбір-күбір әңгімелесумен болды. Бірқатары менен сұрайды, Ресейдің орыстарын қантатқан мендей-ақ.

— Орыстар... қызылдар келіп қалып па?

— Текені алышты дейді. Алса ала берсін, онда мениң шаруам жоқ. Ал, бізді соларға қарсы атысқа айдаиды екен...

Нұрым сұрланып кетті.

— Рас па?

— Алары да, қосары да жоқ. Жанымнан шығарып тиын-тебен жинап алайын деген ииёт жоқ. Қызылдар

қисапсыз қаптап келеді дейді. Соны тоқтатуға бүткіл қазак, орыс болып ат қойса керек. Бізді де солардың көмекші әскері етеді деседі.

2

Топтың толқуына кейде жалғыз адам да себеп болады.

Ондық, елу басы, жұз басы болып командаға жіктеліп қазак-орыстар тәртібімен құрылған Жымпіты әскерін бір күні ертемен сапқа тұргызыды. Шала түйілген тарыдай ала қауызданып бір түске, бір темір тәртіпке келіп жетпеген бұл жауынгерлердің аттары да ала-құла, өздері де іркіс-тіrkістенген салбыр-салак топыр еді.

— Жұздік, он қанатқа бастап! — деп айқай салған Жоламановтың даусы шыққаннан кейін де бірінің аты шегіншектеп қатарға келмей, бірі ойқастап ондықтың алдын орап, енді бір ала бие мінген ебедейсіз солдат шинелінің етегін зорға деп тақымына басып жатты.

Зығыры қайнап, үлкен бастықтары келіп жеткенше «темір тәртіпке» түсіруге жанталасқан жұз басы:

— Ондық Жұнысов, шақыр тәртіпке ана ала биеліні, — деп жекірді, түймелері ағытылып кетіп дөле-гейленген, етегін жиып ала алмай әуре-сарсақ болған солдатты нұсқап.

— Мениң жігітім емес, Жолмұқандықі, — деді Нұрым, өз жігіттерін бөлегірек жіктей түсіп.

— Жоқ, мен оны саған бергемін, ол сенікі, — деп Жолмұқан маңдайына сырғыған шлемін шалқайтың-қырап қойды. — Мениң жігітім түгел.

— Түгел болса, бұл қосымша.

— Қысқарт әңгімені, Жұнысов, — деп, жұз басы қатулана қалды.

— Мен емес, жасауыл-ага, әңгімені бастаған. Ала биелі ана Жолмұқанның жігіті, — деді тағы да Нұрым.

— Жолмұқан, сана, ондығынды сана!

— Ондығым тоғыз, бәрі орында.

— Қысқарт! Тоғыз адамнан ондық бола ма? Бұл не деген бейбастақтық?

— Атының басын алып журе алмайтын бос белбеудің маған керегі жоқ, тоғызы да жетеді, — деді Жолмұқан, ала биеліге қарай қолын бір-ақ сілтеп.

Тәртіп бұзушы ондықты жөнгө салу оп-опай жұмыс

та емес еді, өйткені балуан денелі, сөзге үста Жолмұқан жұз басының жекіруіне ыға қоймайтынын саптағы жігіттер де, айқайы зор болғанмен зәрі жоқ жұз басы Жоламановтың өзі де жақсы билетін. Сондықтан ол, беріше жалын күдірейтіп өз дегеніне бақсан Жолмұқанға қабағын бір түйіп өтті де, етегін дұрыстап жинап алыш, енді тебіншектеп атын қатарға ендіре алмай өуре болған бишаараның өзіне төнді.

— Кір қатарға! — деді ала биені сауырдан қамшымен тартып-тартып жіберіп, сейтті де, Жоламанов бейне бір айда п келген қашағанды желіге тыққан адамша, қатарға ілесе алмаған босаң жігітті өз қолымен ондықтың арасына сыналады.

— Бұл ала бие бәрібір мал болмайды. Мен оны же-тектеп жүріп мал ете алмаймын, — деді Жолмұқан.

— Ала биені қайтесің мал етіп, анау үстіндеі жігіттіңді қатардан қалдырымасаң болды, — деп іліп еді Нұрым, Жолмұқан әңгімені тұра басқаға бұрды:

— Бізді базарға сала ма қаз-қатар тізбектеп? Әлде, ана Текенің казак-орыстарының жау жағына қалқан етпекші ме? — деді ол.

Оның сөзі Нұрымға дәптелсе де, жұз басы Жоламанов жағымсыз әңгімені өзіне айтқандай сезді.

— Бараков, әскерді қалай тізбектейтінін, қайда жүргізетінін командир солдаттан сұрап жатпайды. Басы артық әңгімені қысқарт. Ондығынды орында тәртіппен үста, — деп зекіп қалды.

Оның даусы қаттырақ шығып кетті, қатардағы жігіттер қысылып-қымтырылып әрқайсысы өз басының мұлтікіз болуына тырысты — тізгіндерін тежең, ер үстінде отырысын жинақтай қалды. Көбі «енді қайсымызға кезек келер екен?» дегендегі жаутандап коман-дирге көз жүгіртті де, Жолмұқаниның сырын жақсы білетін Нұрым «қандай жауап қайтарар екен?» деп бір-беткей өр жігіттің аузын бақты.

— Біз мал емесніз фой, қайда барып, қайда тоқтайтынын білмей айдаған жаққа жөңкіле беретін. Текеге жүргізетін болса — жүргізеді де, жүргізбесе жүргізбейді де. Құлбілтелейтін еш нәрсе жоқ, — деп Жолмұқан бір-ақ қайырды.

Көп толқи түсті. Тым-тырыс түрган жұрт, енді тәртіп үшін қысылған түрден етек-жекін кеңейте қалды, «шынымен алыш барып қыргынға сала ма?» — деген әрқайсысының ой түкнірінде жатқан жебір күдік кенет бас көтеріп қалғандай болды.

— Бәсе десейші, қаз-қатар тізіп базарға сала ма, шынында, апаратын шығар..

— Рас, казак-орыстың қалқаны боламыз деп талқаны болармыз!

— Талқаннан да зорын көрсетер.

— Онаи да зоры бар ма?

— Тәбенен түскен зеңбіректей бір добы мың қойдың қотанында жерді бір-ақ төңкөріп тастантын көрінеді. Оған ұшыраған аттың да, адамның да, арбаның да күл-топырақ болып кеткенін білмей де қалады — дейді.

— Құдай сақтасын!

— Айта көрме, шырағым, бетін ~~улақ~~ етсін... — десті жігіттер күнкілден.

Жолмұқанның жұртқа жел беретін ереулі сезі де, әлденеге үрейленіп қорқынышты құдік құшағында тұрган мына шикі жігіттердің үрпіскен түрі де Жоламановтың құлағына тұрпідей тиді. Ол жауап беруге оқталды, бірақ ақырып-жекіріп қаталдауға батыл бармады. Жолмұқан сияқты бір адамға әлі де келетін, сезге де ұттырмайтын және соңына көбін ерте алатын алғыр жігіттерді құр айқаймен жөнге сала алмайтынын ол жақсы түсінді. Сондықтан тәртіпті түсіндіре отырып, нығайту әдісіне кепті.

— Жігіттер! «Қайда апарады, қайда қояды» деген мәселе жоқ. Ондай әңгімені мына сияқты сапқа тұрып, өнер көрсететін әскерлік салтанат үстінде қозғалуы орынсыз. Мұны бір деп түсінідер. Екінші, қазір сіздердің алдарыңызға әскер басшысы Белоустың өзі келмекші, өзі келіп сез сейлемекші. Сол үшін сіздерді сапқа тұргызып, өнерлі жүріс, тәртіпті турыстарыңызды көрсетуіміз керек. Тәртіп бұзған, әскерлік аитты бұзған адамдар жөнінде әскерлік соттың үкімін есіттіреді — соны тыңдайсындар. Тыныш тұрындар. Басы артық сезді тастаңдар. Абыройлы азамат болуға тырысындар. Сендерді ат ойынына жетік, мылтық, қылыш өнеріне судай, жұзіктің көзінен өтетін нағыз жауынгер етіп шығару үшін ойнатыл жатыр,— деді.

Саптағы іркіс-тіrkіс бол қобалжыған аттылы топ бір сәт саябыр тұта бастады. «Бастық келеді», «тәртіп бұзған адамдар жөнінде соттың үкімін есіттіреді» деген сездер оларды жымдастыра түскендей болды. «Ол қандай тәртіп бұзушы?» деген сұрақ аттылы топтың өн бойын қуалай жүгіріп о шеті мен бұшетіне бөгеусіз жетіп жатты.

— Қараңғы үйде кім бар еді? — деп күбірлесті кей-  
бірі. Бірақ тұрмеде отырған жігітті де, оның айыбының  
не екенін де ешкім ашып айта алмады.

Жан түршіктір «қанды қырғынға айдайды» деген  
үрэйлі сезім енді бастықтың тәртіп таразысына ауды.  
Жапырласа қала жаққа қарасты. Атты әскер сапқа  
түрган жер қала мен арқа беттегі бақша арасындағы  
көлемі шаршы шақырымдай көгілдір тартқан келта-  
бан еді.

Бұл жердің құйқасы шымыр болғанмен ұдайы ат-  
тұяғы түрпілеп тақыр тулақтаандырып тастанған-ды.  
Қазір ертеңгі желі тымық, ауасы тұнық шақтың өзінде  
де жүздеген аттылардың аяғы ақ бордақ етіп шаң  
буалдырына айналдыра бастады. Мүшелік жердегі  
казарма мен әрекірек түрган өзен жағасындағы гаупт-  
вахтаның аралығы ғана шаңсыз, бейне бір жел үрме-  
ген айдының ықтасын жағы сияқты көгіс тартыш  
бұлдырап тұр. Ауруханадан аргы Жетікөлге үлкен қа-  
ра жол үстімен өріске шұбырған майдың, қалаға асық-  
кан арбалардың шаңы салақ ораған жауалықша шұба-  
тылып жатыр.

Кешікпей сол гауптвахта жақ тепсендін екі атты-  
лы, бір жаяу адам шыға келді. Аттылының бірі алда,  
бірі жаяудың соңында тақымдан келе жатты. Жаяу  
адамның ұзындығы алыстан да көзге өзгеше шалына-  
ды... Оның басындағы шлемі алдында келе жатқан ат-  
тылы адамның қатарласа қалғанда қолтығына тіреліп  
кеle жатқан сияқты. Бірақ бұл екі аттылыны да, олар-  
дың ортасындағы ұзын «жауынгердің» тұтқын екенін  
санта түрган әскер жақын келген соң сезді: ұзынның  
екі қолы кісенді, үстіндегі әскер формалы киімінің  
ниққа таққан тілдей сары шуберегі мен омырауында-  
ты жез ілгектерінің жұлынғанын олар енді байқады.

— Әлгі сотталған мына собалақ болды той, — деді  
Жолмұқан әлдекімге.

— Бұл кім еді?

— Кім болса да мынауың ойында түк жоқ, ыржы-  
ып тұр, көрдіңдер ме?

— Көрдік, соқыр теке ойнайтын баладай, екі қо-  
лын артына ұстап ыржия қарайды, — десті жігіттер.

Нұрым қылмыстыны бірден таныды. Айдаң кел-  
ген аттылы солдаттар оны топқа жақыннатпай оқшау  
жерде ұстаса да бесенеден белгілі алпамсадай тұлға-  
сы, үлкен мұрны, қалқыган құлақтары «мен Қәрімта-  
лимын» деп-ақ тұр. Кішкентайынан бірге өскен, әнеу-

гүні ғана Жол старшина тізімге іліктіріп, хан жігіттегі болысқа айдаң кеткен Кәрімғали. Тек қана үстіндегі жыртық шекленнің орына өскери сұр кейлек, сұр шалбар, аяғына етік киген. Бұл формалы киім оның ұзын бойын бұрынғыдан анағұрлым ұзартып, бұрынғы кең шекиені колбаңдап тұратын сиңі сыптығырдай.

«Мұны не деп жазғырып екі қолын артына тас байлаң айдаң әкелді? Не істемекші? Өлде әлгі... Сібір жіберетін бір бәлеге душар болды ма? «Сорлының аты — сорға, қайтып келіп орға жығылады» дегендей, әкесі анда қайтыс болып, інісін Шұғыл қуып жіберіп, Нұрыш сабаған, шешесі зорға қун көріп отырган сорқасқаның өз басы өскерге алынғаны аз болғандай, мұнда таты бір қысымға түскені ме?..»

Нұрым қатты қобалжып кетті, ат үстінен жан-жагына бүркітше кез тастап бір орында тұра алмады, бірақ мәнісін сұрап білетін маңында адам да болмады. Кәрімғалидың өзінен барып сұрауга «темір тәртіп» рұқсат етпеді.

Және оның үстіне он-оннан буындалып, ат үстінде қатарын жаңа ғана түзеген жұздіктің сапын бұзу өз білдігімен жүрген Жолмұқан сияқты бір бетті жігітке де қазір мүмкін нәрсе емес еді. Бірақ не шықса да менен шығады, басқаң ештеме бітіре алмассың дегендей:

— Әй Нұрым, мынау сенің кешегі айтқан собалақ туысқаның емес пе? Бойы да, сойы да тап езің сияқты сырыйтай неме екен. Және қыз-алдында тұрган жігіттей ыржияды, ду-думанға жаңа қолым жетті дей ме, калай езі. Өлде сені көрген соң арқа сүйеп босатып алады деп қуана ма? — деді Жолмұқан Нұрымға. Оның бұл калжыны Нұрымға да, ішінен тынып тұрган үрейлі жігіттерге де ұнаған жоқ.

— Тыншқанға өлім, мысыққа ойын керек дей, мұндаі кіріптарлыққа күлу орынсыз,— деді қасындағы бір жігіт.

— Өзі ыржып тұрганда, сол ушін мен қайғырамын ба, күлмегенде не істейсің,— деді Жолмұқан даусын көтерінкіреп.

Нұрым қабағын қарс жауып, Жолмұқанға зекіп жауап қатты.

— Батырлығың өзіце. Аяқ-қолы кісенді, жазықсыз сорлыны жазалауга әкелгенде мұндаі сүмдікты есерлер ғана қалжыңға шаптырады. Құлетін нәрсе емес, бұл жылайтын нәрсе.

— Жыласаң баста, қостаушы табылса!

Нұрым іштеп тынып қалды. Оның ашулы түрін көріп, Жолмұқан да енді қайтып сөйлемеді. Жігіттер қылмысты адам мен ол жөнде тіл қағысып қалған ба-луан мен жыршыға кезек-кезек қарасты да, енді алаң-ға келіп енген әкімдерге бақты.

— Жауынгер сап, тапжылмай орындарында қа-лындар! Бастарыңды жоғары үстаңдар! — деп айқай салды жұз басы команда беріп.

Тым-тырыс, үнсіз тәртіп орнай қалды. Қара көк ар-ғымаққа мінген ұзын орыс командирі, қасына ерген екі-үш серігімен алаңға екпіндеп енді. Ортага келіп тұра қалған кезде командирге жан-жақтан шапқылап жұз басылары жетті, бірнеше минут қоршалған жұз-діктермен тіл алысты да, командир қолын сілтеп қалды. Жұз басылары қайтадан орындарына шапты.

— Тынышталыңдар! Бастарыңды көтеріңдер! Тап-жылмай орындарында тұрындар! — деген жарлық-ко-манда жан-жақтан жамырай қосылып, алаңды ай-қайлы унге толтырып жіберді.

Кашама тыныштық тәртіп сақталса да, қобалжы-ған жандардың өзара қыбыр-қимылы, аттардың үздік-сіз тыныры мен пір-пір пысқырысы, тамақ кенеген-дердің «қық-қықтаған» дыбысы, жүген айшықтары-ның шылдыры біріне-бірі ұласып үлкен командирдің даусын құлаққа тегіс шалдышында; арттағы сапта тұргандар тұғіл, ілгері жақтағы тізбектердің өзі сезді айцын естімеді, оның үстіне тілі аса оралымсыз бас-тықтың шалалау қазакшасы естігендердің аса кеке-йіне қона қоймады.

— Тәртіп бұзғандар... қылмыс жасағандар қатты қатты жаза алатын болады,— деді бір кез комантир.

«Байқандар! Тәртіптен бас тарғаның қатты-қатты жаза аласыңдар!» дегендегей бұл соңғы сездерді бас шүл-ғып құптаған жұз басылар бейне бір кең басындағы қораз сияқты қоқандай қалды. Олар едірейте тұрген шлемдерін одан бетер едірейтіп, ат тізгінін қыса тар-тып, узенгіге шірене түсті.

Командир сезін бітіріп, қошаметтің екі адамның қа-тарына тұра қалған кезде, екеудің оң жағындағы алаңға жаяулап кіріп, кейінгі жағында тұрган бір шо-ғыр адамра иек қаққандай ишара етті. Бұл бір шоғыр алты-жеті адамның кім екенін әскер анық айыра ал-ған жоқ, тек қана олардың ішіндегі өздеріне таныс Ехлас доктордың ақ кіттельді формасы, алтын кезіл-

дірікті ақ құба жүзі, бойшаш денесі көздеріне шалынды да:

— Ләктыр...

— Ләктыр да келіпті! — десті өзара күбірлеп.

Нұрым өзгеден бөлек ұзын бойлы, әдемі киімді сұлу Ехласқа бір, онан әрі шеткегі тұрған қолы кісенді еңгезердей Кәрімғалиға бір көз тастап, бұлардың не істеріне көзі жетпей іштей тынды. Бірақ ол не боларын бұлдыр болса да болжауға тырысты. «Мұны жазалау ниетімен әкелген жоқ. Бұл қалай, әлде ата ма?» деген мұздай ой денесін шіміркендіріп жіберді. «Не үшін? Ораздың айтуынша керуенін талатқан атаңа нәлет офицер сол түнгі шабуылдан өз басын зорға алғып шыққан. Енді соған кінәлі Кәрімғали болғаны ма? Кәрімғалиді жауаптағанша офицерді неге қолға алмайды. Басқалары қашып кетіп, ағынан жарылып соцына ерген Кәрімғалиға бар кінәні жаппақшы ма? Бұл не деген жауыздық?..»

### 3

Бар кінәнің Кәрімғалиға жабылғаны удан да ашы шындық еді.

«Өзінен он есе көп жауга кішкене отрядым қана-  
мандық ерлік көрсетті. Қолма-қол ұрыста жеті жігітім  
қаза тапты да, бесеуі ауыр жаралы болды... Бір жігітім  
міз бас қорғал арба астына тырылған екен, жылап-сық-  
тап таңтертең сонынан жетті... Бұл арба астына тырылған  
қара басқырдың айтуына қараганда оған: — «Біз  
қызыл гвардиямыз, қаруынды таста да елге қайт. Біз  
кінәнді кешірдік», — деп үгіттепті. Өзін босатып жібе-  
ріпті деп малімдеген еді Абылаев төреге қару тасыған  
керуениң түнде қолды болған себебін жалған дәлел-  
деп. Тергеуде Абылаев Кәрімғалидің құнөсін онан да  
әрі тереңдettі. Ағынан жарылған Кәрімғали офицерге  
түнде керуен үстінде қеле жатқан Хакімді көріп қал-  
ғанын да актарып салған еді. Бұл оқиғаны Айтқали  
Абылаев: «Карулы отрядымның ішіндегі мына Кәрім-  
ғали Кайыпқожаұлы деген большевиктердің жіберген  
тыңшысы Хакім Жұнысовты көре тұра маған мәлім-  
демеді. Жұнысов Кайыпқожаулының туғаны. Большевик  
басшыларына қарсы тұрмай бұл солдат уалалт ал-  
дында берген антын бұзып опасыздық жасалы, каруын  
тастап қолға еркімен берілді. Бұл түнгі шайқаста се-

ріктерінің қаза табуына, керуениң қолға түсіне бас себепкөр болды» деп дәлелдеді.

— Койылған кінені мойындайсың гой, айыпты Қайыпқожаұлы? — деп сұраған тергеушіге, Кәрімгали ыржия күліп қана қойған.

Бұл, онды-солын шаққа айыратын жарлының на-дан баласы көргені де аз, білгені де жоқтың қасы мұ-сәпір жандардың бірі болатын. «Старшина мықты ма, болыс мықты ма?» деген замандастарының келеке сұ-рагына да «Біздің Жол мықты» деп ыржиятын. Оның ете шағым ұғымында старшинадан құрметті жан жоқ. «Осы старшина сияқты атқа мініп ел араласам» деп ойлайтын. «Ал, сен елде босқа жүргенше ат мініп, мылтық асынып адам бол» деген Жолдың «ақылыны» ол бірден құптаған еді. Сол арман еткен мылтық асынуы қолға еркін тигенде ол құдіретті старшиналарға тәцел-дім деп ұқты. «Ал, кімді кім жеңбекші, неге жеңбек-ші, «ұқімет», «билік», «басқару» деген түсініктеге талдап жауап беру оның ұғымына шақ келмейтін інер-селер-ді. Соңдықтан да ол Абылаевтың айтқаына бас шүлгумен тынды. Оны «зиян істеп тұр» деген ойдан да аулақ болды. Соттың: «әскерлік атын бұзып, жау-та қарсылықсыз беріліп опасыздық жасаганы үшін сапта тұрган әскер алдында атылу жазасымен жа-залаңсын» деген ұқіміне де ол реніш шырай көрсет-кен жоқ. Бұрынғы екі езуі екі құлагына жылжитын қалпында тұра берді. Кім біледі, жасынан жұмсалу-ды ғана біліп, айтқаңға жүре беретін үйреншікті бас июге мойын созды ма, әлде өмірі ешбір жаңға қия-нат етіп көрмеген жан өзіне де ешбір адам зиян ет-пейді деп түсінді ме екен!

Командир сейлен болып әскер сотының бастығына кезек келгенде тым-тырыс қалпында тұрган әскер енді толық қара кісіге көздерін тіге қалды. Орта бойлы, мұртты, денелі, алыстан қараганда көзге ете-мөте қара көрінетін бұл сот ағасының үстінен киген шинелі де қара екен. Ол жылтыраған барлық түймесі тегіс са-лынған сол ұзын шинелінің етегі жерден екі елі ғана көтерілген күйі ілгерірек шығып, басындағы әскери биік қара фуражкасын алып қолтығына қыстырын-да, өзі кейінректе қалған сот хатпысына мойынын бұ-рып әлденені сұрағаңдай болды, писарь оған тез-тез адымдаш келіп қос қолдаш папка тәрізденген інерсе ұсынды. Судья асықпай, сол ұсынған қағазды алып, қолтығындағы фуражкасын писарьдің қолына ұсташ-

ты; мұртын сипады, кеудесін керіңкірей түсті; жуан қоңыр дауыслен бір сазда үкім оқуға кірісті.

«Халық қалаған иғі жақсылардың тегіс бас қосып кіші құрылтай мәжілісіндегі бір ауыздан қалап, алқа-лаган Батыс уалаяты атанатын автономия атынан, шаригатқа хилаңсыз заң низамы мен гадалаттік кек-сеуші әскери дала соты, сот ағасы Көпжасаровтың басқаруымен осы үстіміздегі 1918 жылдың октобрь айының 28 жаңасында уалаят әскери басқармасының хұзырында әскерлік қызмет атқарушы жауынгер Кәрімғали Қайыпқожаұлының әскерлік уставты аяқ асты еткен ауыр қылмысты іс-деласын қарады...

...Уалаятқа опасызыңық еткен солдат Кәрімғали Қайыпқожаұлы уалаят әскерінің алдында атылу арқылы елім жазасымен жазалансын...» — деген соңғы сөзбен бірге тұрган жұрттың жүзі тегіс Кәрімғалиға бұралды...

Кең аспанның астында тарылар демнің ақтық аңы минуттары самсаған жанның көз алдына айқын келгендей болды. «Жүзінде не белгі бар?» дегендей жа-мырай қараган кеп көздердің түбінде тап сол шақта талай тамшы еріксіз домалап, талай қабак қарс жа-былған да шығар. Талай кеуде күрсіне қалып, талай таңдай өкінішпен қағылуы да ықтимал ғой. Бірақ сол тұрган кең алаңындағы бейғам, жалпақ даласындағы момақан, кеудесі кере құлаш аңғал жігіттің жүзінде оймақтай наразылық ныশаны жоқ еді. Сантагы сан-сыз көзге жай қалпындағы езуін жимай тұрган күйі, алаңға келгендей аржайы пішіні елестеді. Оның көз алдында бәрі баяғы: аспан да, жер де, жұрт та баяты, үйлер де, казарма да сол күйінде, бәрі де қаннен-қа-персіз, қаз қалпында тұр... Оның әлтіргендегі өшіккен кімі бар? Ол не жазынты? Жұрттың бәрі де жаны бар, иманы бар, бірі туған, бірі туысқан, тамыр-танаистар мен достар, жаны ашыр ағайындар ғой...

Жұз басы Жоламанов көрнекті-көрнекті жігіттер қарамағына келгенде аса қуанып кеткен еді. Өйткені Нұрымның жыршы екенін, кезі ашық, хат танитын есті адам екенін ол жүздік құрылмaston бұрын білген. Оның айқай салып домбырага қосылып өлеңдетіп жатқанын әлденеше рет көріп, кейде үймелеген жігіттермен қосылып «куаттан» та қойғаны бар-ды. Бұл мұнан бірнеше жұма бұрын, жаңадан дайындаған казарма-ның бітіп, оған «коңыр солдаттарды» топ-тобымен орналастыра бастаған кездес еді. Ал, соңынан «ысылып

«калған» қара қоңыр солдаттарды жүздікке жіктеп, оннан жұптаған кезде сол бақалардан бойы да, ойы да озық үзын қара үлесіне тиғенде оны бірден ондық етіп тағайындаған еді. Нұрымның қасындағы шақпак денелі Жолмуқан да оған ете қолайлы, белді жігіт есебінде көзге түскен-ді. «Тәртіпті тапжылдырмай сақтап, жән-жосық көрмеген шикі жігіттерді бір уысқа сыйғызуға бұл екеуі әбден керек» деп ойлаған болатын. Бірақ ойын үйрету ісіне күрт кіріскең кезде бұл екі жігіттің екі түрлі жан екенін үққан. Нұрым тіл алғыши, ал Жолмуқан дегенге көз көнбейтін мінездер көрсетті. Оған айқаймен келу бұл мінезді одан әрі өшіктіре беру екені де байқалды. Бір күні Жоламанов:

— Бараков, сенің ана көк биелі жігітің шырықты бұза берсе, алдымен сенің өзінді гаупвахтаға отырғызамын, неге дұрыстап үйретпейсің? — деген.

Жолмуқан оған барынышты солдаттық әдет бойынша «құп» деудің орнына:

— Үйреткіш болсаң өзің үйрет, ал, гаупвахтаң жайлы болса мен үшін өзің отыруыңа болады,— деді бірден сойқандық мінездер көрсетті.

Қып-қызыл болып кеткен командир жалпақ жігіттің қасқырша құдірейген түрін көріп командирлік қатандыққа бара алмады, ол Жолмуқаннан көрер көзге ыға түсті, әңгімені басқаға бұрып, өзге ондықтармен айналып кеткен еді.

Ал, ішінен «бексерінен түртсең қайырылып бас салуга жұз жанбайтын берінің түрі сияқты, судіңсіз не ме» деп қойған. Сонан бері ол «шойтабан жалпақ бас» Жолмуқанға тіктеп келуден бас тартқан.

Бас командир шақырып алып үшінші жұадікке:

— Он жауынгерді үкім орындауға шыгар, жұзбасы Жоламанов! — деп жарлық етті.

— Ҳұп болады, аса мөртебелі мырза, үкім орындауға он жауынгер дайын болады! — деді Жоламанов честь беріп.

Сейтті де ол кері шапқылап өз жүздігіне жетті де, көлденендең тұрған жалпақ жауырынды Бараковқа қарады. «Бұл деуде болса бір қарсылық көрсетіп қалар-ақ» деп ойлады жұз басы сол мезет. Сонда да ол:

— Он жігітіңмен, Бараков, үкім орындауға шырасың... — деді солқылдақтау үймен. Оның жүзіндегі осы күдікті ойдың нышашын таса баспай тошылаған адамша Жолмуқан да қарсы жауабын қамти қалды.

— Жазықсыз адам қанын ішкендей Жолмұқан өзір жауызыңға үйренген жоқ,— деді Бараков әдептіше жайбарақат қалпымен үзенгіге бабымен шірене түсіп.

«Соның жақсы... өзім де білгемін, сенің аяқ баса қоймайтыныңды» деді жұз басы ішінен. Сөйтті де ол қатардағы Жұнысовтың жүзіне көз тастай беріп еді, тышқан алатын мысықтай оның кимылын аңдып, бар назарын бір өзіне тұтас аударған Жолмұқан:

— Жұнысов та бармайды. Анау езу тартып тұрган жазықсыз собалақ оның туысы. Жұнысов қана емес, басқа жігіттерің де қолын кетере бермес оған. Ал, бұзық Абылаевты ат демей-ақ, қарауылдың ұшына алуға тегіс дайын осы тұрганның бәрі.— деді.

Жолмұқанның түсі езгерे қоймағанмен, соңғы сезерді ол аузынан тістене шыгарды, жаңағы жайбарақат қалпы мұлдем жоғалып кетті.

Белгілі сотқар бір бет жігіттің бұл бойысынбауын жұз басы табиғи нәрсе деп білді ме, әлде мына қысылшаң тар кезеңде онымен сөзге келу артық деп тапты ма, әйтеуір ол оған да қайырып тіл қатпастан Жұнысовтың да жауабын күтпестен, жұздігінің жұз қадамдай жерге созылған екінші басына қарай тізгін бұрды. Оның бірінші жарлығы да, жарлығын екі еткен Жолмұқанның сездері де жұздік құлағына тегіс шалына қойған жоқ-ты. Сондықтан ол жуадің екінші қанатындағы жұқа өнді сары жігіт басқарған ондықты тез беліп шыгарды да, күні бұрын әзірленген үкім орындағатын әскер етіп уәкілдеріңің қолына табыс етті.

Кешікпей қатар-қатар тізіліп, шеті әлдеқайда созылған жұздіктерге:

— Бастарыңды жоғары көтеріп, тынышталада қалыптар!— деген қазақша команда берілді.

Тегісінен жұздері арқа бетке қараган аттылы ала-мандар тынышталада қалды. Өлімге үкім алған адамның қасындағылар өз жұмысына кірісті. Өзгелерден ала-беле қынжылған Нұрымның көзі Кәрімгалидың қасына таянған бес адамның бірі Ехлас доктор екенін алыстан-ақ таныды. Бұрын мұндай өлім жазасы түгіл жай өкім естіп көрмеген, тіпті сот деген сездің тек атты гана болмаса, «затын» жақсылап кез алдына келтірлерлікте жете білмейтін Нұрымға доктордың арас-ласканы ерсі сияқтанды. Ол өлімге бұйырылған адамның өлтірілген-өлтірілмегенін доктор қарап айыратынын естіген жоқ-ты. «Шұғылдың мына ақ жағалы, қа-

ра қалпақты ақсүйек баласы, қызық үшін, Қайыпқо-  
жа кедейдің баласын қалай атар екен деп келді ме  
екен? Уа, құдайдан безген қайырымсыз жандар! Адамды адам өлтіріп, оның қалай өлтірілгенін тама-  
шалап қарайтын қара бауыр қасқырлар. Ізгілік деген-  
мен, әділеттілік дегеннен біржола безген дінсіздер!  
Бірі түнде алдырган қару-жарагын жазықсыз Қерім-  
галиға жауып, оны өлтіруге үкім шығартса, екіншісі  
қалай өлтірер екен көрейін деп басына келіп тұр. Бұ-  
лардың құзғын қарғадан айырмасы бар деп кім айтар.  
Өліктің басына келіп қақылдайтын құзғын, малғұн-  
дар!» деп тістенді ол Ехластан көзін алмай. Бірақ  
Ехлас доктор атылатын адамның қасына барғай жок,  
кейінректе қалған әскери сот бастығы жуан қазақпен  
және әскери киімін киген бір әкімнің қасында қалды.

Нұрым енді Қерімгалиға көз тікті. Қасына жетіп  
барған ақ шалмалы полк молласы Хайырша Қазидің  
ол бетіне қарап бір сөз айтқандай болды. Бірақ оның  
сөзі қулаққа келуге еki ара өте алшақ еді. «Шамасы  
иман айттырып тұр гой» деп ойлады Нұрым. Ал, көзі  
молдадан бұрын Қерімгалиға қайта қадалғанда оның  
сейлеген адамның аузына қарап күләтін елдегі бұрын-  
ты әдеті көзге айқын шалынды.

Қерімғали анық күліп тұр... Қазидың аузына қа-  
рап күліп тұр. Оның не айтып тұрганы Қерімғалидың  
миына жетлеген сияқты, кәдімгі елдегі үлкендер ақыл  
айтқанда ыржия қарайтын күлкісі!. Тіпті балағаттан  
жатсаң да езу тартатын әдеті...

Нұрым бетін басып, ат үстінде теңсөліп кетті. Ас-  
тындағы кер ат оның ерден сәл ауытқи түскеңін түзе-  
йін дегендей аяғын тіреңкірей түсіп белін қарсы қа-  
йыстыра қалды. Сейтті де тұрган орнынан қозғалып,  
ішін тартты, күрсіне демалды.

Нұрымның ойына жаздықуні шеп басындағы Қе-  
рімғалидың қызық мінезі тусти.

...Тояш, Бекей, Нұрым Шұңқырсайдың белуардан  
келетін көк қасқа бидайығын қатып кетеді деп жұрт-  
тан бұрын үш шалғымен ерте келіп, күн сәскелікке ке-  
терілгенше жайпап шауып тастанады да, демалуға қыс-  
таудың көлеңкесіне келіп отырды. Солақпандай болып  
келе жатқан ірі Қерімғалиды олар: «жәрдем бере ке-  
леді гой шамасы, шалғыға олақ еді, қамбалауға ерте,  
бұған не істесек екен?» деп кеңесті. Біреуі: (Тояш бо-  
луы керек). «Асқа жіберу керек, ауылға барып жүр-  
генип, осы жерде тамақтанып кешкі салқынмен сайды

женіп алайық» деп ақыл берді. Қалғандары, әсіреле Нұрым мұны «табылған ақыл» деп ойлады да, бәрібір аргы беттегі ауылдан барып бір торсық айран, наң мен май әкеледі ғой деп, Кәрімғали келісімен бар сусынды соның алдына тартты.

— Кәрімғали, шөлдеп келген шыгарсың, мына айранды іш те, соңсөн бізге аргы беттен тамақ жеткізіп бер. Сенің жәрдемің осы болсын,— десті.

Аяғын жай басып келген Кәрімғали, әдетінше Нұрымға ыржия езу тартты да басын изеді. «Макұл» деп іске кірісті. Ол асықпастан торсық түбіндегі айранды сары тостағанга құйып алды, сейтті де оны баса бір сіміріп ортайты да, тостағанды шайқап-шайқап айранның бабын келтіріп болып, түбіне шейін ұрттап-ұрттап тауысты. Оң қолының сұқ саусағымен аяқтың жиегіне жүкқан айранды сыптырып жіберіп ұрттап қойды да, соңсөн тостағанды жалап-жалап алды. Карны ашып келгенін отыргандар айтпай сезіп, тағы да торсыққа кез қырын салған Кәрімғалиға: — ішіп қой, бәрібір айран әкелесің ғой,— десті. Кәрімғали тағы да бір тостағанта жұық торсық түбіндегі айранды құйып ішіп, онынан түрекеліп:

— Мен қашан әкелейін асты?— деді.

— Қазір барып әкелсең де болады,— десті орақшылар.

Орнынан тұрып босаған торсықты алып иштена салып жатқан Кәрімғалиға Нұрым:

— Кәрімғали, сен бізге жәрдем бере келдің бе, әлде жұмыссыз еріккеннен жүрсің бе?— деді. Кәрімғали соңда ғана әдетінше езуін жимай тұрып:

— Қайыпқожа деген кісі қайтыс болып еді, соны айтайын деп келіп едім,— деген еді.

«О, сорлы,— деді Нұрым күрсініп, Кәрімғалидың әкесі өлгендеге де жайбарақат жүрген сол сәбилігін кез алдына келтіріп.— Әулиеден де аққөніл сорлы! Барлық сирыйды жауыз офицердің алдында ақтара салып, өз басынды өзің жүттүң. Бейкүнә сәби! Өмірде бір қызық көрмей өткен бишара! Бақыттан құр қалған сорқасқа!»

Нұрым кенет басын жоғары көтеріп алды да селк етті — курс еткен мылтық даусынан үлкен ойпат зірк еткендегі болды, аттар селт аңтарылып құлақтарын қайшылады, кейбірі пысқырып-пысқырып жіберді; өмірі көзі көрмеген адам ату сүмдышқа үрейі үшіп кеткен жандар үріккен киіктей едірейісе қалды, кей-

бірінің аузынан «алла» деген сез шығып кетті. Жаңағана Кәрімғали тұрган жерде отауланып қалған ақ боз түтін, арба соңындағы буалдыр шаңдай, ақырындан шеңе бастады. Сол өлі бозғылданып тұрган селдір түтіннің ішінде орнынан тұра алмай, тек кеудесін көтере түсіп, сәждे қылған адамша жер сүзіп қалған Кәрімғалидың ірі денесі Нұрымның көзіне анық шалынды.

Арғы жағын Нұрым байқаған жоқ. Ол жүзін кері казармага бұрган күйі тістеніп қалды. Нұрым қанша уақыт өткенін де айырған жоқ, тек кері қарай лоблыған кеп дүрмекке ілесіп ат үстінде жансыз қарақшадай қалқып бара жатты.

## ТОҒЫЗЫНШЫ ТАРАУ

### 1

Казарма іші жәрмеңкеге айналып кетті. Күндізгі оқиға өзгеше әсер еткен жауынгерлердің үні үйге келгеннен кейін ала-бөле шыға бастады. Үш жүздік орналасқан бұл ұзын үйдің үй сияқты сиқы аз-ды. Ағайынды күпецтер Мұса мен Жаншаның жұн мен тері жинайтын бұл коймасын жаңа хұқіметтің әскери басқармасы тез уақыттың ішінде қоймадан казармага айналдыра салған-ды. Алдымен жіңішке терезелерінің темір торларын әйнеклен алмастырды да, ұзын жарын жағалай екі жағына тізіл ағаш тапшан қойғызыды. Екі маңдайға екі үлкен есігі бар, бұл ат қора тәрізді ете ұзын, бірақ ені жіңішке үйдің ортасы тұра кеше болған да қойған. Ана шет: мен мына шетіне жеткенше бірқыдыру уақыт өтеді. Ал жауынгерлер кешкі тамактан кейін тегіс жиналғанда жамыраган қойдай у дашу, адам сез сейлеп, әңгіме тыңдарлық емес. Тек қана бұрыш-бұрышта одаша қалып шүйіркелесе сөйлескен жандар болмаса шудан құлақ тұнарлық. Қазір осы ушудың ең ортасында отырған Жолмұқан, әңгіме де Жолмұқан женинде. Жолмұқанға көбі дін қойып қарайды, оның күндізгі жарлыққа бағынбағанын көсіз ерлік деп түсінеді. Біреулер басын шайқап, іштей күдіктенсе де, көптің ыңғайымен «шіркін, жігіт емес пе! Атадан тусаң осылай ту!» деген мадақ-қошаметке үнсіз қол қояды. Біреулер атылып қалған жазықсыз Кәрімғалиды аяп таңдайын қағады; біреулер: «На-

шармыз!» «Қорқақпыш!», «Бәріміз тегіс Жолмұқаидай батыл болсақ ол аман қалар еді. Үкінің ондығы табан сыйзық етті!» деп қынжылады. Ал, көпті көрген кейбір орта жасты қара сақалдар: «Балдар, байқаидар! Орыстың қағазына ілігіп қалып жүрмендер. Бұл елдеңі бас жарылып, қол сынса да жабулы қазан жабуымен бітісе қоятын ағайын-тұғанның ортасы емес. Атшапан айып та, ақсақалдық билік те мұнда жүрмейді» деп ақыл айтysады.

— Ай, Жолмұқан,— деді бір ірі сары жігіт Жолмұқанның жігіттері жататын орта жердегі улкен терт қырлы қарагай бағаның түбіне кимелеңкірең келіп,— Жолмұқан сен қатерсіз болма. Сақ бол. Жаман айтпай жақсы жоқ, жарлықты екі етті деп жазалауды мүмкін.

— Сақ болғанда қайт дейсің, жаңынды шүберекке түйіп, қалтаңның түбіне тығыңқырап қой демекпісің?— деді Жолмұқан тапшанына шынтақтай түсіл.

— Жоқ, сен әзіл-қалжыңға шаптырма, Жолмұқан. «Сақтансаң сақтармын» деп иең айтқан. Батырлықтың да ебі мен орны бар. Менің тілімді алсаң, орын алмастырып жат, менің тесегіме бар, мен мұнда болайын.

— Сенің тесегіңнен мені іздеушілер таба алмай ма?

— Тапқанмен бірден үстіңнен түс алмайды ғой.

— Бірден үстіңнен түспеді, ал сонда аргы жагы қалай?

— Аргы жагы ойлануды қажет етеді.

— Қаш дейсің бе, ізден келетін болса?

— Мен енді тап солай ет деп тұрғаным жоқ қой, ойлан деп тұрмын ғой.

— Жолмұқан істейтін істі уақытында гана ойланады. Күні бурын ойлап-пішіп іс істесем Жолмұқан емес. Сақмұқан, қоян жүрек Қоймұқан, жә болмаса үркек Мұқан, қашаган Мұқандардың бірі болар едім, мырза. Ақылыңа рақмет,— деді Жолмұқан.

Нұрым жақындаған түсті, бірақ ол үндемеді. Құндізгі ыза мен кек кернеген күйі жүзі көгілдір тартыл салын жігітке көз тоқтатып қарап қалды. Соңсоң мойнын Жолмұқанға бұрып:

— Жолым, мен қалага барып келемін,— деді.

— Жолың болсын,— деп Жолмұқан қала берді.

Нұрым казармадан шыға бергенде, есік жақтан:

— Келіл қалды! Келіп қалды!..— деген бір аңы даусы ұзын казарманың екінші жақ басынан шыр ете қалды.

Нұрым селк етті де, мойнын енді дауыс шыққан жаққа бұрды. Бірақ дауыстың кімдікі екенін, «келіп қалғаның» не екенін де үға алмады, шегініп, өз орнына қарай жылжыды.

— Ойбай! — деді екінші біреу, тап Нұрым мен Жолмұқан жататын жерден. — Арон төрениң адамы!..

Бір кез ішінен тына қалған көп жандар құлағын тосып, көзін ілкі аңы дауыс шыққан жаққа тігісп еді, шырылдаған дауыс қайта шықты, ұзын касарманы жарып әткендей шықты.

— Жау жорыққа айдайды, жау жорыққа!..

Шешінген жауынгерлер төсектерінен үрпісіп бастарын көтерісіп алысты да, шешінбей қисайғандары орындарынан атып тұрып дүрліге қозгалды. Келіп қалған кім, қайдағы жорық, қай жаққа жүргізбекші, мұны сұраган да жан болған жоқ. Сұрау түгіл бұл үрейлі сездің мәнін ұғынуға тырысқан адам да шықлады. Енді үріккен қойдай дүрліккен тоң казарманың есіктеріне қарай көз тігісті және қару-жарагын тез-рек қолдарына іліктіруге жанталасты. Бірі шинельдің де түймесін салмастан қылышы мен винтовкасын бауынан сүйрөй ығысты. Біреулері қос қаруды колтыктаі алға ұмтылды. Ал, енді біреулері шала-шарни тағынған күйінде бірін-бірі жапыргандар қатарына ұмтылысты.

Елде «қыз алып қашты», «барымтага әкетті», «қорыққа малы түсті», «шабынга жылқысын жапты» деген қиқулы дүрмекке жи араласып қалған қазақ жігіттері қамшы сілтесіп, сойыл соғуга ежелден бейім гой. Кейде мән-мәнісіне түсінбей де жага жыртысып аттан аударып, басын жарып, тақымға басып женеле беретін жайсаңдар әскер ойынын ойнап, тастай төртіп-ке үйренсе де ескі әдетіне басты.

— Ұрып жық! Ұрып жық келгенін!

— Тұмсыққа соқ сотқар төрени!

— Мешітке кірген иттей етіп қуала!

— Тапқан екен бұлар табанына салатын төленгіті! — деп күпілдесті.

Дүрліккен жұрт бір мезет судай тына қалды, тына қалды да ит көрген мысықтай жиырыла түсті. Қасында мылтықты екі жігіті бар жалаң қылыш асынып, беліне наган таққан Абылаев казармага еркіндеп еніп келе жатты. Ол топтанып, үрпісін ереуілді тоңқа аса назар аудармастан, ілгері қарай, казарманың орта ше-

ніндегі Жолмұқан мен Нұрым жігітерінің жатқан орнына беттеді.

Бұл белгілі офицердің тегін келмегенін жігіттер төбесін көргеннен-ак тошыласа керек. Бейне бір тұлкі көрген орман құсының шу ете қалған дыбысындаи «жау жорық! Келіп қалды!» деген үрейлі сездер аузынан еріксіз шығып кеткенге ұксайды.

— Барақов, бері шық! — деп жарлық етті Абылаев, басқалар дүрліксе де әлі орнынан қозгала қоймай илинельсіз отырған Жолмұқаның төсегіне төйіп.

Жолмұқан орнынан тұрмады. Ол әдетінше, кезінің аласымен бір қарап алыш:

— Сәлем, Абылай мырза, төрге шық, шаруаң болса отырып сейлеселік, — деді.

Жолмұқаның міз бақпай отырған түріне, жер астынан шыққандай дүңк ете қалған үніне офицердің дәті шыдамады.

— Тұр, киін! Әдепсіз айуан! — деп ақырды, Абылаев оған тепсімін, — офицер келгенде жабайы жауынгер аяғынан тік тұруға тиіс! Қара мұның, тойда отырғандай шалқиуын.

Нұрым да үрке қоймай қарсы беттегі бір топ жігіттен әрі казарманың қабырғасына таяу жерде тұрып қалып еді. Ол бұл келген адамның баяғы өз ауылында, су басында, Хакімді ұстауға келіп әзірейілдей тиген офицер екенін Абылай деген атынан білді. «Бұл сұрқия Абылаев тағы кездесті ме? Енді Жолмұқанды ұстауға келгені... Сол бағынбағаны үшін ғой» деген ой шарқұрды. Ол офицерге көзін алыстан тікті. Оның сезін де, пішінін де жадында әбден түйіп алардай тесілді.

Жолмұқан орнынан тұрегеліп бір адым ілгері жүрді де, ақырған офицердің жүзіндегі еттей зәрді онан әрі ушықтыра тусты.

— Қайда апаратың мені? Біздің елге қыз беріп, құда тусіп, соның тойына шақыра келдің бе, әлде?

— Екі қолын байла артына! — деп жарлық етті Абылаев екі жігітіне қарап. — Уалаятқа қаны мен жанын беруден бас тартқан бұзық!

Қаумалап тұрган қалың топтың үнсіз тұнерген сұық жұзінен сескеніп және бірер адамға тегіндікпег қолын байлата қояр түрі жоқ балуан денелі жалпақ жігіттің кескінін тайсалып офицермен келген екеу айналага жалтаң-жалтаң қарады. «Мына пері... сол сары — кәдімгі көк көз сары ғой! Жаздығуні Сүлейменді сабайтын! Аттан аударып алыш, жаяу жіберген, әнеу-

гүні атыма жармасқан бұзық Маймақов!» деді ішінен Нұрым. Жолмұқанға бас сала алмай тұрган кілшірек келген солдатты танып. Бір мезет Нұрымның ойна «осы сұмырай мені танып қоймаса иғі еді?» деген күдік келді. Ол аса жақындай қоймай, бұл аяқ астынан кездескен шатақ оқиғаның ағы немен тынарын күтті. Нұрымның көз алдына іштеп тұнып тұрган қабагы қатулы жігіттердің бір сойқан салары да елестей берді. «Жолмұқанның өзі-ақ қазір мойнын жұлып алар мұның. Өзі жұлмаса басқасы істер. Жолмұқанды ұстап беріп мына тұксиген қара балалар қарал қалмасақ. Қалай-қалай деп зекіреді, а?! Ұрып жығып, қаруын тартып алғанда бұл көпке ол не істемекші? Бәлкім оның ізімен басқа біреуі келер. Келсін! Бірі емес, оны келсін. Сонда не істемекші. Тас-талқанын шығарып, командирлерді буыш тастап кетпей ме жүрт. Қарулы қалың колға бастықтар не істемекші? Тек кимылдал қалу керек?» деп түйді Нұрым Абылаевтың Жолмұқанға шүйілген қылышына анадайдан кіжініп:

— Байла! — деп, Абылаев енді өз адамдарына жер тебінді.

Маймақов шап беріп Жолмұқанды сол жақ білегінен ұстай алды. Екінші жігіт жақындаپ үлгергеніне селекеттеу пішінмен көзінің аласын екі жігітке бір, Абылаевқа бір алартқан Жолмұқан білегін ұстай алған Маймақовты оң қолымен шықшыттан сарт еткізді — кек көз сары қылжаң ете қалды. Ол бір қолымен жағын басып, екінші қолымен өлденеден басын қорғатан жандай құлап түскен күйі ербен-ербен етті. Жолмұқан жердегі адамға енді қайтып үмтүлмастан, «не істер екен, не дер екен?» — деген жанша екпінді офицердің аузы мен қолын бақты.

— Бунт! Оң басы қайда? Жұз басы қайда? Командирлер қайда? — деп айқай салып, Абылаевтың түсі бұзылып кетті. — Мен сен бұзыққа көрсетейін...

— Қоңе, көрсет! — деді Жолмұқан ілгері жылжып.

Абылаев кері шегінді. Ол сүзетін бұқадай мойнын ішіне алып, жұдырығын түйе өзіне қарсы жүрген маңдайы тайпак, жұзі қызыл, денесі құйып койған сақадай нық жігіттің түрінен қорқып кетті. Қасындағы өзінің ірі солдатына да жаңағыдай байла деген жарлығын қайталамады. Өзі де қол қатудан біржола безген пішін көрсетіп шегінген күйі шегіншектей берді.

Жолмұқан сабырлы еді, өзі тиіспей өзгеге өмірі қол жұмсал көрген жан емес-ті. Ал осындау ду жерде

ежелден арқасы қозып кететін Нұрым оның жанына қалай келіп қалғанын жүрт байқамай да қалды. Бұл екі арада Жолмұқаннан сескенген Абылаев, адам алатын үлектей қирата-жаныра ишкін келіп қалған ұзын қара жігітті көріп қайда шегінерін білмеді. Жандермен қып бас сақтау ниетімен ол беліндегі нағанның қабына қолын апара жатты. Еірақ бұл қимылын Нұрым байқаған жоқ еді. Ол өңменін созыңқырай төніп келіп:

— Мен он басы! — деді. Оның даусы құр келіге дүңк еткен келсаптың дыбысындей, сырын білмейтіндердің иманын зірк еткізді.

Шыны ма, етірігі ме деген жанша Абылаев Нұрымга сенер-сенбесін білмей күдіктене түсті де, бірақ жүзі сұсты көрінгенімен қызынған түрі байқалмағансын:

— Бұл қандай тәртілсіздік, он басы! Мынау сенің қарауындағы... жігіт пе? — деді босаңдау үнмен.

Абылаевтың алғашқы екпіні қайтқан судай серпіліп сала бергенін көріп, Нұрым да ілкі бетікен бас тартқандай болды. Ол баста офицер: «байлан алу» жарлығын тағы да қайталаса, бас салып өзін байлан алуға үмтүлыш еді.

— Бұл мениң қарауымда емес... Алайда, мұның не жазығы барын білуге болмас па еken, мырза? — деп сұрады Нұрым, ете сыпайы жігіттей ақырын үнмен, — «бұзық» деген сезге түсінбей қалдық. Өйткені бұл жігіт ең момын адам. Серіктеріне қылдай қиянаты жоқ жан, қолда барын дос-жарапарына бөліп берерлік ер. Абылаев күш ала бастады. Мына қолапайсыз ұзын қара оның «әділетті» қадамын құптастын, тәртіпсіздерге тыйым салатын, хұқіметке берілген он басы сияқтаанды.

— Оның жазығы көп, он басы! Бұл жерде оның бәрін ұзын сүрелеп тұруға уақыт та жоқ, заң да қоспайды. Сен хұқімет атынан берілген жарлықты орындас — Бараковты тұтқынға аламын. Полковник сұлтан Арон төрениң бүйрығымен келдім. Бүйрықты екі еткендер болса, оның жазасы бәрінен де ауыр. Бойында қаруы бар ма, болса тінт те ал!

Сұлтан Арон төрениң жарлығымен Хакімді ұстауға келгенін, Қален учительді пішен басынан алып кеттіп, бүкіл елді бөрліктіргенін жақсы білетін Нұрым «нағыз кездесер адамым келген-ақ еken» деп түйді. Сейтті де осы бәле қате жасамағай деп ойлад:

— Сіз, мылтық сұрманыз, мырза. Қазақ жігіт-

тері осы ойыншықты аса жарата бермейді,— деп Абылаевтың қабын ашып наганын сұрыра бастаған оң қолына мұрнын тыржита қарады.— Елде де зәрені алушы еді осы бір таңқылдаған неме. Ана Маймақов мырза талай тарсылдатқан... Тарсылдатқан жоқ-ау, тарсылдатамын деп өүре болған...

— Сен жарлықты орында, он басы, қысыр сезді көлденең тартпа. Тінт Барақовты.

— Жоқ, тінту болмайды, ол жақсы жігіт.

— Қысқарт! Сенің өз фамилияң кім?

— Менің фамилиямның керегі не, мырза? Барақовтың жазығы не, жігіттер соны білгісі келеді. Және жігіттер жаман хабар естікті: бізді Текеден әрі казакорыстармен бірге соғысқа жібереді екен.

— Қысқарт! Бұл сенің миңи жететін нәрсе емес.

— Менің миым жетпесе, сіздің миңыз жетеді гой, мырза. Соңсоң сұрап тұрмын.

— Мен сені Сібір жіберемін, мына сезің үшін...

— Шынымен абақтыға жабасыз ба, Жолмұқанды?— деп сұрады Нұрым кенеттен тісін қайран.

— Бұлік шығарушының орны абақты. Оған басқа орын жоқ...

— А,— деді Нұрым, оның түсі бұзылып кетті.— Көрімгалидай етпекшісің бе?..

Нұрымның ұзын қолы Абылаевтың жағасынан ұстал бір-ақ сілкіп қалды да, құлап бара жатқан офицерді Жолмұқан ішке теуіп жіберді.

— Байландар!— деді Нұрым қаптал түрған қараларға.— Кол-аяғын байлаган қандай болады екен, білсін.

Бірнеше жігіт Абылаевты умаштап астарына басты да, анталаган көп, қармаққа шашуға қаржыған сары шегірткедей етіп, жерде еңбектен жүрген Маймақовты уыстарына алды.

— Ойбай, үшіншісі қашып кетті.

— Ұста!

— Ұстандар!— деген айқай шықты казарма ішінде.

Үшінші солдаттың қалай қашып кеткенін жүрт басында у-шумен байқамай қалды да, ал дүрілдесіп дүрілдесіп басылғаннан кейін ол жөніндегі әңгімені мұлдем дөгарды.

— Үшіншісін қайтесің, мына малғұнды айтсан-даршы... Босағана байлап қойып не бітіреміз, үй күзет-

тіреміз бе, бұл тәбетке? — деді Жолмұқан Абылаевты көрсетіп.

— Өлтіру керек,— деді арт жақта тұрған бір жасақшы. Сейтті де ол, әлдекім көріп қалды ма деп, жолдасының тасасына түсे қойды.

«Өлтіру керек» деген сөздің кімнің аузынан шыққанын жұрт елеген жоқ, тек сол сөздің өте ауыр сезекенін салмақтағандай тегісінен темен қарасты. Аз уақыт үнсіз бөгелісті. Бұл бөгелісті де Жолмұқан бұзды. Ол үндемей ойға кетіп қабагын түйіп тұрған Нұрымға:

— Жырши, сен айтты: сен тимесең мен тимеймін бадырақ көз, абзалау жайына жүргенің мақұл, деген екен бір қазақ сузеген бұқасын жондап-жондап алды. Сол сияқты мына шілдектің ақылы кірген шығар, «Аяз, әлінді біл, құмырсақ жолынды біл», — десек қайтеді? — деді.

Нұрым бұл сезге жауап қатпады.

— Өлтіретін адам Кириллов еді. Мәкең оның да жайын сауға еткен ғой. Жолмұқан дұрыс айттып тұр, — деп, бағанағы «сақ бол, орын алмастыр» — деген сары жігіт келісімте келе билік айтуга кірісті. — Ағайынышылық керек. Бұл Абылай да істейін деп істей ме, нашандік жұмсағансын келген шығар. Енді сол нашандікке «жігіттер балуанын беретін емес, абзалау қоялышы, халық айтса қалып айтпайды» деген. Біз шатақ ізден жүргеніміз жоқ, бізге әділдік керек.

— Рас, Кирилловты құрту керек еді. Сот құрғызған да сол малғұн. Жазықсыз өлтірілген Кәрімғалидың қаны сол жаһаннамға кеткірдің мойнында, — деп, енді біреуі сары жігітті қолдады.

— Әй жігіттер, осы Мәкең қайда? Біз Мәкенде неғе тауыш алмаймыз? Бір ақылын сол айттар еді.

— Мәкенде мен де кездестіре алмадым... Ол оралмайды ғой, — деп Нұрым өкініп басын шайқады. Сейтті де ол Жолмұқанға: — мен бір жерге барып келемін... ағайындарға. АナンЫ не істесең де өзің білесің. Босағаға байлан қоямын десең де өз еркің. Иттікке иттік етпеймін десең де өзің біл, — деді.

Нұрым казармадан шығып кетті де, оның ізінше Жолмұқан Абылаевты босатып жіберді.

Әлденеден оянып кеткен Ораз тәсектен басын көтеріп алыш, кезін терезенің кішкене әйнегіне қадады да, құлагын сырт жақтағы болмашы бір дыбысқа тоса қалды. Ол кеше кеңседе ұзақ отырып, толып жатқан жабдықтау документтерін тіркеумен болып, пәтеріне жұрт тегіс жатқан кезде ғана келіп еді. Қаиша уақыт үйкетағанын, түннің қай кезі екенін ол қапелімде шамалай алмады. Сырт жақ тас қараңғы, ай тумаған шақты. Үлкен көшедегі әр жерде бір өлімсіреп сығырайған фонаръдің жарығы оның пәтеріне сәулесін де түсірер емес, бұл түкпірдегі үй, көлденең көзге түспейін деген жанша, бой тасалап қараңғыны бүркеніп тұрган сияқты. Сөл ғана көгілдір тартқан әйнек түнде аулада жүрген жанды көзге іліктіргендей-ақ, бірақ тамыры талғанша тіксе де Ораздың көзіне ешбір елес шалынбады. Құлак та еш нәрсөні іле алмады. Тек қана қазан жақтағы үй иесінің орнынан тұрган сыйбыры естілді. Ол қараңғыда кебісін іздегендей болды да, оны қоя салып есікке қарай жүрді. Үй иесінің жалаң аяқ жүрген болмашы сыйбыры Ораздың құлагына айқын шалынды. «Сыртқа шығып бара жатыр гой шамасы» деп ойлап үлгергенише, есікті тық-тық қақкан дыбыс естілді.

— Кім бар? — деп үй иесі іштен, акырын ғана. Ол үйкіда жатқан айелі мен баласы оянып кетер деді білем, дыбысы ете сабырлы шықты.

— Жәркенің үйі ме?

— Иә. Кім бұл?

— Жолаушымын. Есік ашсаңыз, тілдесуге...

Үй иесі енді кері жүріп шам жағу әрекетіне кірісті. Оның қараңғыда қазандықтың мойнын сипалағанын, сылдыр еткізіп сірецке алғанын Ораз анық есітті. «Вұл кім?» деген сұрақты жан-жақтан ақтарыштап, бірақ жауабын таппай, ол орнына қайта қисайып, енді тек құлагын ғана тосты. Үй иесінің қимылы мен келген адамның сөзін қадағалады.

Әйнекіз бестік шамның сарғыш сәулесі үйдің төбесіне алдымен шашылған жіцишке қара жалынды білtenің түтінін ойнатты. Оны акырын жүрген үй иесінің көлеңкесімен бірге есікке қарай жылжытты. Ортадағы пештен Ораздың кезіне оның өзі түспей, жогарыдағы көлеңкесі ғана шалынды; есіктің аргы жағындағы келген адамның бейнесі де оған көрінбеді.

Тек қана ішке кіріп келе жатып сәлем берген бейтасыс адамның дыбысы естілді. Дыбыс жас адамның жіңішке үні сияктанды, бірақ үйқыда жатқан жанды оятпайын деген ниетпен бе, әлде өте құпия жұмыспен жүрген жан ба, әйтеуір келген адам естілер-естілмес сыйбырмен:

— Айыпқа бүйірманыз. Жолаушымын. Ғалиасқардың жолдасымын, соның сілтеуімен таптым сіздің үйді,— деді.

Үй иесі ілкі тосырқаған сұрауды қоя қойды. Ғалиасқардың амандық білдіріп жіберген жолдасы ғой деп ойлады.

— Жаксы, өте жақсы. Жалғызыбысың? Ғалиасқар аман-есен бе? Көп уақыт болды...— деп күмілжіді ол.

Ораз басын көтеріп алды. «Ғалиасқар?.. Бұл кім Ғалиасқардан келген?» Ол жалма-жан шалбарын кие салып, үй иесінің түнгі қонақты кіргізген қазан жағына пеш үстінен мойнын созды. Ол Қапиды кере сала «ағай» деп дыбыстап жібере жаздады да, үй иесіне сыр бермеу үшін өзін өзі тізгіндегі еш нәрсені де білмеген, естімеген, көрмеген болып төсегіне қайтадан жатып тыннады.

— Ғалиасқардан көп-көп сәлем, отағасы. Аманшылық. Сіздің үйді сырттан көзделген сол. «Түсетін жерің жоқ қой, сол кісіге мен жіберді десеніз үйіне қондырар» деп еді. Әрең таптым. Қаланың түкпір-түкпіріне бармаган жерім жоқ.

— Кеше өте қарангы. Тауын келгеніңіз жарайды. Үй тар болса да бейіл қең, шырагым. Ентек сиысарсыз. Үйде қонағым да бар...— Жәркө әйеліне бұрылышпен:— Қатын, тұр, қонақ келді, шай қой,— деді.

— Оятпаңыз. отағасы, шай ішпеймін... Бүйірса таңертеш ішерміз. Түн жарымы болып қалды. Маган тек қисаятын жер болса жетті.

— Қисаятын жер табылады. Шай ішкеніңіз мақұл еді, шырагым.

— Жоқ, жоқ, шай дегенді ауызга алмаңыз,— деді. Қапи үй иесін шай қайнату ниетінен бездіре түсіріп.— Жеті түнде керегі не оятпаңыз... Маган тек қисаятын жер болса жетіп жатыр.

— Үмм, үйде қонағым бар. Сол қонағым жатқан белмеге ентек орналасып қонып шыгарсыз.

Ораз шыдай алмады, оянып кеткен болып, тамағын кенеді.

— Бері жүрініз, мына жаққа, мына жаққа,— деді ол не болса да көрейін деп.

Басын кетерген Ораз бен қонақ амандастыра асық-  
нады.

— Таныс адам білем қонағыныз... көргем жігітім  
бе,— деді де қойды келген адам үй иесіне қарап.

— Келіңіз, кіріңіз. Жоғары, мына жаққа,— деп  
Ораз оған төр көрсете берді...

Ораз оны бірден таныды.

— Апымай, шай-су ішпін жатсаңыз...— деп абыр-  
жыған тігіншіге тұнгі қонақ қайырып жауап қатпас-  
тан шешініп:

— Осы жерге қисайсам болады гой, үйқы басып  
тур.— деп терезеге таман отырып шылым орады.

— Қазір, қазір, осы жерге...

Үй иесі көрпе жайып, жастық әкеліп салды, абыр-  
жыған күйі тағы да күбірлеп, қонақтың шай-су ішпе-  
геніне қапаланған пішін көрсетті де, бөлмесіне кетті.  
Шылым орап тұтатып, ақырындан оны сора бастаған  
бұл оқымысты адамға Ораз да шешіліп әңгіме бастай  
алмады — езі бастар деп күтті. Өйткені, Теренсайда  
болған мәжілісті басқарысып журген бұл белгілі кісіні  
жас жігіт сол жерде ғана көрген. Оны бассының бірі  
деп топшылаған. Сөзіне, жүріс-тұрысына қарап, «өте  
байсалды, ақылды кісі екен» деп жорыған. Енді оның  
жеті тунде мына жерге... Алаштың туын тіккен жерге  
жетіп келуін ол тегін емес деп ойлап еді. Бірақ әңгіме  
сұрауга да, өзімен жақсылап танысуга да Ораз бата  
алмады.

— Сенің елің жоса қазып, соны кәсіп етуші ме еді,  
қалай еді?— деп сұрады қонақ Ораздан.

— Ия, Қапи аға.

Қапи шылымын сорғыштай бастады.

— Жоса қазу жақсы кәсіп. Осында, оқып па едің,  
мына Қазиев мектебінде?

— Жоқ, Қапи аға. Қарасу мектебін бітірдім. Жол-  
дыбаев Молдағалидың шекіртімін.

— Үмм...

«Неге оспақтайды. Әлде сенбей ме? Әлде Мендігे-  
рейдің жібергенін білмей ме?» деп Ораз шыдамады.

— Сіз Әмір Елмагамбетовты кездестірмединіз бе?  
Қасында Құлшан женгей бар...

— Оны қайтесің?— деді Қапи жылы шырай бермей.

— Қапи аға, ол менің жолдасым гой. Әкесі мында,  
абақтыда...

Қапи Ораздың бетіне қарап сөл отырды да:

— Үйықта бала. Ертең де уақыт бар аман-сау сұра-  
суга,— деді.

Қали жастыққа басы тиісімен қор ете түсті, ал Ораз  
кез ілмей жатты. Ол ойдан ойга көшті, бірақ мына  
үйықтап жатқан адамның мінезіне түсінбей қайран  
қалды.

Бір кез ол жаман ойға да ерік берді. «Бұл Қапи  
Мырзагали болыстың баласы. Ал. Мырзагали атақты  
Күрлениң Мырзагалиы; Реальное училищенні бітіргені-  
не көп заман. Галиасқар Әлібековтермен бірге бітірген.  
Онан кейін Саратовта ма, бір жерде оқыған студент...  
Осының өзі революционер ме?.. Қарына тартып жүрген  
жоқ па?.. Қой олай болмас! Олай болуға реті жоқ. Эй-  
тиевтермен бірге жасырын съезде болды. Богдановка-  
дағы уақыттарға катынасқан адам емес пе?» деген екі  
ұшты ойлар таң саз бергенше бірі келіп, бірі кетіп  
жатты.

Күн шыға Қапи да оянды, оның көз ашуын күтіп  
жатқандай Ораз да төсектен басын көтерді. Тілдесудің  
орнына Қали шылымын орады, оны тұтатып, асықлас-  
тан балтап сора бастады. Тез-тез киініп, жуынып ке-  
ліп, сұртініп, Ораз үй иесіне қызметке ерте кететінін  
ескертті. Қонақ сол шылым тартқан күйі, ұзақ уақыт  
әлденені ойлап отыра берді. Оразben ісі де болған жоқ.  
Ол жуынуға да асыға қоймады. Сыртқа шығып қисық  
табан әдемі қара етігінің шаңын сұртті, шалбарын қа-  
ғып, қылышқ-қыбырдан арылтты; бешпетін сілікті. Со-  
нан кейін қалбандаган Жәркеге қолына су құйдырып,  
сабындал беті-қолын жуды. Сұртініп, шашын тарады!..

Шай үстінде «ақсүйектік» мінез көрсетті. Бір шын-  
тақтап жастыққа қисайып жатып, шайын ақырын  
үрттап қойды да:

— Ғұбайдолла учительге сәлем беріп қайтуым ке-  
рек еді, отағасы, сіз маған атын жалдайтын ногай  
тауып әкелмейсіз бе?— деді жалтаң-жалтаң қараң  
стырган Жәркеге.

Ораз төмен қарады. «Қызық адам екен. Күрлениң  
терінде отырғандай сыйздайды» деген қонақ мінезін  
құптамайтын ой келді оған.

— Табармыз, табармыз. Шайдан кейін қаасты-  
райын,— деді Жәрке, сейтті де әйеліне:— Шайың сұып  
кетіпті, шоғынды жаңарт. Бұл кісі Галиасқар қайның-  
мен бірге оқыған жолдасы керінеді, алыстан келген  
кісі. Сыйлайтын қайның, Галиасқар сияқты,— деп,  
Галиасқарды бетке ұстай берді.

— Ол қайным аман ба екен? — деді әйел еріне қарал. Әйелге жауап берудің орнына Қапи Оразға мойнын бұрды.

— Бала, сен қай жерде қызмет істейсің?

— Интендантства, Қапи аға.

Аз кідіріп, тағы да шайын үрттап қойып, Қапи Оразға:

— Интендантства істесең сен Орақты білесің. Маган соны тауып жібере аласың ба? Ат-көлік солардан тез табылар, — деді.

— Ат-көлік әр жерден де табылады ғой. Орағыңыз қай жерде қызмет істейтін кісі? — деп сұрады Ораз, — мен мұндай есімді естіген жоқ едім.

— Есімі емес, фамилиясы. Осында ғаскер жұмысында, кіші офицер.

— Орақ деген қызық фамилия екен. Сұрастырып тауып алайын. Осында келсін бе?

— Осында келсін. Мені Ғұбайдолланықіне апарып тастасын. Кеше Мергеннен почта айдаушы Сагиттың арбасымен келдім.

Оразға Қапи жұмбак адам болып көрінді. «Мерген жактан келсе бұл Әбдірахманды да білмейді, Әмірді де көруге тиіс емес. Бұл қалай? Әлде менің жаздығуні көргенім басқа Қапи ма? Әлде мұнда басқа бір сыр бар ма? Ол сырды менен неге жасырады? Әлде мені баласына ма? Менсінбей ме? Әлде...» деген шырғал ой қызметіне кетіп бара жатқан Оразды онан әрі шырмай тусты. Бірақ ол, «не де болса мұның Орағын тауып алайын» деп, полк басқармасына келіп, кіші офицерден:

— Сіз Орақты білмейсіз бе? — деді.

— Мен, — деді офицер құліп.

Орақ орта бойлы, өзінен бес-алты жас үлкен, жұзінен оты шығып тұрған пысық қазақ екен. «Орақ» деп қойған несі деп таңырқап, Ораз офицерді көзбен сынап етті де, Қапи Мырзагалиевтің сәлемін айтты.

— Қазір барамын. Жерке тігіншінің үйінде дейсің бе? Қазір, қазір, — деді пысық офицер.

### 3

Сол түні Мендігерей кірпік қақпай шығып еді.

Күтпеген жерден Жашаның алдына апарғаны, оның жұмбак ісі мен екі үшты сездері, өш Халелдің жекірісі мен еті жарылған түрі қажыған тұтқынды қалпынан шыгарып жіберіп еді. Ақырында уалаят

басшысының «ертең жолға шығарыңыз» деген түсінік-сіз бұйрығы кез ілдірмей түнімен теңбекшіткен-ді. Қаншама тырысса да шым-шытырық сыйдың көңіл тоқырар тұрақты түйіні бері оралудың орына әрілей бергендей.

Таң алпақ атқанша оның көзі ашық жатты да, күн үясынан шашырап шыққанда ғана ілініп жетті. Сонда да құс үйқы болып, қылт-қыбырға селт етіп үйренген жан есік сыртына келген солдаттар ішке әніп ұлтгергенше көзін қайта ашып жіберді.

Мендігерейді жолға шығарды...

Ат жеккен жайдақ арба өріске шығарған қаланың сиырымен бірге үлкен қара жолға қарай аяқдады. Бұл көдімгі Бұлдырты үстімен Қаратөбеле асатын жол еді. Атшы делбе үстап, кешегі екі солдат салт мініп қабырғаласып келе жатыр. Бірақ тап кешегі сияқты дігірлей қоймай, екеуі де жайбарақат келе жатыр. Ұзын жол әр кезде де жай қимыл мен сабырлы сезге бейім — екеуінің асықпай сейлеп, әрең аяңдауы да соның салдары шығар. Оның үстіне бір қоржын жайдақ арбаның арт жағына төңкеріліп байланып, енді бірі жасырақ солдаттың бектеріне орналасқан. «Ойылға жүргізгені ме?» деді Мендігерей, кейінгі жаққа қарап ақырын құрсіні.

Кейінгі жақ...

Кейінгі жақта жиылып бас қосып, ел қамы үшін ор кез әңгіме-дүкен құрған үйренишкіті Қызылуй қалыш бара жатыр. ОНАН ӘРІ КЕНАЛҚАП. Жайлыш тубек, Жайық жагасы. Үй, туған-туысқан. Дос-жар. Опышыны мен күдігі мол күндер, қатерінен шаттығы басым тартыстар сол жақта қалды. Үлкен үміт, биік мақсат та сол жақта көз ілдірмеген... Бәрі қашықтап бара жатқандай. Қашықтаған сайын тынымсыз көңілге тынышсыза бір мұң себелегендей.

«Әмір... жауынгер достарға аман жетер ме екен? Аман жетіп мұндаидай жайды кез алдыңа елестете алар ма? Онда қандай өзгешелік бар? Бәрінен де бұрын: мұнда болып жатқан шым-шытырық қимылды, айқыш-үйқыш тартысты ежет қимылымен, откір сөзбен, гнегелі іспен бір арнага құйдырар ма? Әлде бас біріктей тентек-тел өскен ер көңілді жігіттер жауға жем болып кетер ме?!

Әмір қашан оралар? Күлшан... өжет жан, алғыр жан, серігімен табысар ма?..» деген ойлар орайды оның алдын. Кейінгі жақтан жүзін ілгері бұрғанда да сол ойлар қарсы алдында тұра қалады.

Ойылға апара жатқанын айдаушылар айтпаса да, Мейдігерей дұрыс шамалады. «Текені тықсырып келген майдан шебі Жымпіты уалаятын жай қалпында қалдырмайтыны анық. Бұлар кейін шегініп, Гурьевте туын тіккен ақ генерал Толстовтың қол астына ығыспакшы шығар. Бұлардың әскери мектебі де, әкімшілік орындарының бірқатары да Ойылда. Көшер орталығының көш басшысы етіп мені аттандырды Гой шамасы» деп езу тартты ол бірқалыппен бүлкілге басқан мәштек торышың сауырына қарап стырып.

Оның мініп келе жатқаны жайдақ тараптас, қасында делбесін ұстаған бейтаныс шаруа отыр. Ал, екі жауынгер салт аттылы арбаның соңында келеді. Иығы жаралы, отыруға дәрменсіз жүдеу адамды ешқайда кетпес деп ойлады білем, екі жігіт қаладан жиырма шақырымдай жер шыққаннан кейін тұтқының артына байлаган қолын шешіп арбага бос қойды.

## ОНЫҢШЫ ТАРАУ

### 1

Таңертек Арон төре Жаншаға «бұлік» шықты деп мәлім етті. Ол әскер басын жамандай сейледі:

— Ұлы дәрежелі Жанша мырза, әскер арасында бейбастақ сөздің молайғанын естіл, командир-басшыларды арнайы ескертіп едім. Алайда полковник Белоус пен Кирилловтың о бастан темір тәртіпке жүгіндірмей босбелбеулік еткендігінен ақыры бұлік шығартты — тұра бұлік! Жарлықтан бастартқан бұзық ондықты гауптвахтарға салмай, жауапқа тартпай, бірнеше күн бос үстал, енді мына мениң тұтқындауга барған офицерімне бас салғаны. Бұлай жібере берсе әскер қатары тегісінен бунтарлыққа айналады. Айыптыларды тез әскер сотына сottaуга тәртіп беруінізді сұраймын. Бұлік шығарған жұздікті қоршап, басқадан бөлектеу қажет. Бұған сіздің төтенше жарлығыңыз керек деп білемін.

Неге екені белгісіз, сол күндері уалаят басшысы Арон айтқан қатаң тәртіптен бойын аулағырақ сала бастады: Ол төрениң бұл сезіне аса зор мағына бере қоймай: «Жау шапты, бұлік туды» деп жүртты камауға өзір тұратын осы полицмейстр сұлтан жоқтан өзге-ге араласуын қоймады» деп ойлады да:

— Сұлтан, сіз, бұл жөнінде полковник Белоустың өзімен ақылдастып алуыңызды сұраймын. Жауынгеріне де, он басы мен жүз басына да жауапты алдымен сол мырағой,— деп, Аронды өскер басына жіберді.

Бірақ кешікпей Кириллов келіп:

— Казарма іші бүлікке айналды, митингі жасап, үндеу жариялада жатыр. Большевиктік үндеу,— деп мәлім етті.

Жанша ойға қалды.

«Бұл не болып кетті? — деді Жанша өзіне өзі күбірлеп.

Соңғы кезде ол көп отырмай, келген адаммен сейлескенде де түрегеліп тіл қатысатын. Халелден басқаңыц әрі, ұлық отырғаннан кейін, кол қусырып тұрып сейлесіп тізе бүкпестен шығып кететін-ди. Оңаша қалып әлденені ойлаганда Жанша екі қолын қусырып, терезенің жақтауына сүйеніп тұрган адамша темен қарап қалатын. Қазір де терезе алдында тұрып көп нәрселерге болжал-бага берді, көп адамдарды ойша пішіндеді.

Оқымыстың «ау» десіп бас қосуға келмесе, жігерлі жасың әскер қызметінен бас тартса, иғі жақсың бір мойындықпен өз білгенін істеп старшын мен болысты сабауга шықса не болды, не елдік қалды?!»

— Штаб мәжілісін шақырыңыз... Жоқ, оған уақыт жоқ. Фаскерді алаңға жинаңыз. Мен езім барамын. Фаскерге сөз айтамын... — деді Жанша беліл-бөліп сөзін жұта сейлеп.

Кириллов кері штабқа шапты. Бірақ штабтың тәртіп орнатары екіталай еді.

## 2

Подполковник Кирилловтың «бұлік» деген оқиғасы былай басталып еді.

Штаб начальнигі Кириллов пен командир Белоус жүз басыларын жинап алды да командованиеңің бүйірігін еңлан етті. Оның бірінші бабы: «Жұздікті басқара алмаганы үшін, жүз басы Жоламанов орнынан алынсын, атағынан айрылсын, өзі жасақшылар қатарында солдаттыққа көшірілсін. Екінші бабы: Әскер тәртібіне бағынудан бас тарткан, командир бүйірігін орындаған солдат Жолмұқан Баракұлы әскери сотқа берілсін» — делінген еді. Штаб начальнигі Жоламановтың погонын өз қолымен жұлып, бірінші ондық Жұ-

нысновтың қарамағына жіберді. Қалған жұз басыларға өскерді жауынгер тәртіппен алаңға жинауға жарлық берді.

Бірақ жасақшылар тан сол сағатта казарма алдында митинг жасап жатыр еді.

— Жасақшылар советінің атынан барлық солдаттар мен кіші офицерлердің тотенше мәжілісін ашық деп жариялаймын. Мәжілісті жасақшы Жамантайұлы, ондық Баракұлы және кіші офицер Орақов басқарсын деген пікір бар. Мақұл дегендерің қол кетеріндер,— деді жайдак арбаның үстіне шығып айқай салған Батырбек.

— Мақұл!

— Мақұл! — десті тұс-тұстан шулап, абыр-жұбыр мойындарын созған жасақшылар.

Біреулер қолын кетеріл, біреулер: «Не деді! Не деді?» — деп жатқан кезде жұз басылар да келіп жетіп еді.

— Тарқаңдар! Аттарыңа мініп алаңға шығындар! — деп айқай салды екінші жұздіктің командири.

Жұрт жалырласып, арбаның жаңына жақындаған жұз басына қарал аңтарылсып қалды.

— Бірінші жұздік, тыңда менің жарлығымды!

— Тарқаңдар да аттарыңа мініңдер! Алаңға! Базар алаңына! — деп Студенкин дейтін писарь жұз басына ілесе айқайлады.

— Мынау кім? — десті, мойнын бұрып үлгірген бірінші жұздіктің жасақшылары. — Жоламанұлы қайда?

— Ойбай-ау, Жоламанұлын қайда жіберді? Мынау не дейді, бірінші жұз мені тыңда дей ме?

— Бұл не? Қайда апарады?

— Әлгі Текеге айдау басталған шыгар!

Дүрліккен топ үрпіссе қалды.

— Тоқта! Тоқта! — деді мәжілісті ашқан Батырбек, — Орақов, Баракұлы, Жамантайұлы, бері келіңдер!

Орақов жақын тұр екен. Мінбе-арбага секіріп мінди де:

— Шуламандар! Тынышталындар! — деп қолын сермел жасақшыларды үйірмелеj тұсті. — Бір мәжіліс басталып жатқанда екінші мәжіліске халық бармайды, бұл бір. Әскер советінен хабарламай жұздіктерді алып шығу — бұрынғы патша заманының тәртібі. Қазір тәртіп басқа, заң басқа, бұл екі... Үшінші: қазір сіздер-

ге мына Батырбек жасақшылар советінің маглұмдамасын оқиды. Тынышталыңдар!

Жүрт тыныштала қалды. Жұз басылар біріне-бірі қарасты, олар мына түрде жүздіктерін алаңға алышып, Кириллов жарлығын осы сағатта орындай алмайтынын айқын сезді.

— Командирге маглұм ету керек.  
— Ол жер телкілейді және ізімше қайта қайырады.

— Сонда не істейміз?

— Мына мәжілістің ақырын күткен жен.

Жұз басылар өзара кеңескен шакта, Батырбек үндеу жарнилауға кірісіп те кетіп еді.

— Агайындар, жасақшылар, мынаны тындаңдар. Бұл нағыз қара қазақтың қамын жеген азаматтардың сіздерге жолдагы сәлемі. Ашынқырап айтсам бұл Орал қаласындағы қоқтем кезінде ақ атамандар күшпен құлатқан Орал советінің үндеуі. Орал советі қазір Орал қаласын ақ казак-орыстардан босатқалы жатыр. Міне, осыны сіздерге еглан етіп, азаматтық борыштарынды өтеуге шақырады. Тындаңдар! Ал оқыдым...

«Қазақтың қадірлі жігіттері!

Натша үкіметі адам қатарына қоспай, қалың қара қазақтың жер мен сүни өзіне билетпеді, бұған алпауыт пен помешиктер — мыңғырган дәулетті байлар ие болды. Баста билік, ерде ерік қалмады. Крестьянский начальник деп аталатын хұқімет иесі қалаған адамдарын болыс қойды, болыстап төмен старшиналары мал бақсан елді бір шыбықпен айдады. Момын шаруага теп-тегіс салық салды; қазынадан қалған бір жердің шұрайлышын шабындығым деп бір, егістігім деп екі — елдегі бай мен би, молда мен қожа иемденді. Кедей мен малышға, жетім мен жесірге жердің тисе ең құтсызы ғана тиді; тимесе мұлдем тимей қалды.

Қазақтың қадірлі жігіттері!

Қара қазақтың ұл мен қызын оқытуға жеткілікті етіп мектеп ашпады, ашқан бірен-сарап мектептерге алдымен правительдердің, құдіретті байлардың, болыс пен судьялардың балалары алышыды. Ауырған-сырқаған қара халықты емдейтін елде дәрігер де, аурухана да болмады. Жүрт тегісінен надан қалды. КаSTERЛІСІ ДАРУСЫЗ, КҮТИМЕІЗ МЕХНАТ ШЕКТІ. Ал, адам қатарлы өскер жұмысына қазақ жастарын тіркемей қорлады, соғыс шыққан кезде оларды мал есебінде шетінен тізіп

айдап окоп қаздыру үшін қара жұмысқа салды. Ал, қазір автономия боламын деп, қазаққа тендік әперемін деп арамтер болып жүрген Жанша мен Халел Досмұхамедовтердің құрган уалаяты жоғарыда аталған патша кезіндегі хұқіметтен бір де айырмасы жоқ: бұлар да салықты кедейлерге салды, кедейдің балаларын еріксіз жинап ескер етті. Бұлар да сол бұрынғы билеп келген атақты адамдардың айтқанын істеп қара халықты атып, асып, сабап, зәбірлеп екі аяғын бір етікке тығып отыр. Тендік деген сез босқа қалды. Қой үстіне боз торғай жұмыртқалатам деген ғадалат ісі алдау болып шықты. Осыны көріп, біліп, малшы мен жалшиға, көріп пен қасерге, жетім мен жесірге — бүтіл момын елге шын бостандық әперу үшін Совет хұқіметі дейтін кедейлер хұқіметі құрылды. Осы кедейлер хұқіметін барлық жерде тегіс орнату үшін еңбек ететін шаруа мен жұмысшыға, малшы мен жалшиға ерік алып беруші Қызыл гвардия жасақталды. Қызыл гвардия Ресейдің барлық жерінде бұрынғы патша чиновниктерін, алпауыт байлар мен генералдарды қуып жіберіп, ел билеу ісін қаратабан жұмысшы мен жалшиға алып берді. Қазір Қызыл гвардия Самараны, Орынборды, Саратовты алды, Теке қаласын қоршап казакорыстар мен олардың атамандарын қуып жатыр. Сол үшін бұл бақытқа, тендікке қол жеткізетін, шын бостандық орнататын Қызыл гвардияны құшақ жайып қарсы алындар. Алдан жүрген Досмұхамедовтерді қуып шығып Жымпітыда, онан арғы Ойыл мен Қында, Жем мен Сағызда, Атырауда, Үйшікте, барлық казақ жерінде Совет хұқіметін орнатуға ат салысындар.

Бұл жаңа хұқіметке мал бақын шаруа мен кедей жалшилар сайланады, олар өз билігін өз қолына алады. Кедейдің кезі ашық ұлдары ауылдық, болыстық, уездік басқару комитеттерін басқарады. Өз баласын оқытуға мектеп ашады, өз ауруын емдетуге емхана үйымдастырады. Егіндік, шабындық жердің шұрайлысын кедей шаруага беліп береді, салықты байларға ғана салады. Бұл Қызыл гвардияның қолындағы туы — бақыт туы — Қызыл ту деп аталады.

Қызыл ту ерлер қодда алған жолы,  
Соныдан жарып тіске салған жолы.  
Жер бітіп су ақжалы адам ұлы  
Жете алмай қарал кезі талған жолы,  
Алындар қолға бостандық туын!  
Жогалсын зұлымдық!

Оралдың губерниялық советінің атқару комитеті атынан:

Бақытжан Қаратаев,  
Петр Парамонов,  
Әбдірахман Эйтіев,  
Сакыпкерей Арганшеев.

— Жасасын бостандық! — деп айқай салды Орақов.

Батырбек жалма-жан арба үстінен секіріп түсіп көптің арасына кіріп кетті. Оның сезіне аузын ашып қарап қалған қалың қара қоңыр жігіттердің ішінен бір-екеуі:

— Жасасын бостандық! — деп қалды.

Кел арасына бірте-бірте енген улы қобалжу бір кез дүр ете түсті. Жапырылған жұрт бірін-бірі иықтай ілгері ұмтылып Батырбекті көзбен іздеді.

— Ау, қайда кетті әлгі азамат?

— Сұрақ бар!

— Бұл қалай? Бізді Текеге айдаймыз деп жатырғой. Сонда?..

— Ия, ия, айдаймыз дейтін көрінеді.

Батырбекті көзімен жеп қоярдай-ақ қадалып, оның бар сезін жұтып тұрған Нұрым:

— Айдар атасының басын. Айдауына көнетін мал жоқ!.. — деді түнере түсіп. Ол: «осы жігіт нағыз... сол Хакім айтқан жігіттердің бірі болмағай. Қайда кетті өзі, ең болмаса бір ауыз сөз сұрап қалатын...» деп ұмтылды. Нұрым Батырбектің кім екенін біле қоймаса да шамалағандай болды. Шеттен келген шығар деп тоңшылады. Кимелеген жандар оны арбага жеткізбеді. Жарға соққан ағын судай лықсып, кері шегіндіріп әкетті. Жан-жақтан:

— Айдар атасының басын?

— Біз мал емеспіз айдағанға жүре беретін! — деп жатты.

— Мәмбет қайда? Ол неге келмеді бізге? Әлде ез бетімен басқа жақта жүр ме? — деп айқай салды Нұрым Орақовқа қарап.

— Мәмбет Әбдірахман Эйтіевтің, Ғалиасқар Әлібековтың, Қали Мырзагалиевтің отрядына кетті деседі, осыдан ертіп кеткен жігіттерімен бірге барып қосылған да шығар. Қазір ақ атамандардың шетке шыққан жүздіктеріне бөрідей тиіл журмесе нетсін. Жолдан сәлем айтыты. Тез бізге қосылсын, өзім қарсылап ала-мын депті: жалдамалы Кирилловтың таяғын соғуды қойсын, бас кесер казак-орыстардың күні санаулы.

Қазір Орал қаласына, ондағы бауырларға көмектесуге аттанамыз. Абактыдағы Бақытжандарды босатамыз. Жігіттер тез қозғалсын! — деп сәлем айтыпты. Есіттіңдер ме? — деп айқайлады Орақов, Мәмбеттің тапкай жерде екенін білмесе де сырттан болжап.

— Есіттік!

— Есіттік!

— Жарып шықпағанда, оны кім ұстай алады?

— А, сені кім ұстап тұр? Мыналарды тас-талкай етіп қаладан қуып шық та, сен де Әбдірахманның әскеріне барып қосыл! — деді Орақов Нұрымның жаңындағы жігітіне қөзін тігіп.

Жігіт үндемей қалды. Оның орнына Нұрым жауап кattты.

— Енді ешкім ұстай қоймас, ұстай қалса Қерімғалидың... — деп бөгелді ол. — Қерімғалидың өлімі бізге акты — ақ, қараны — қара дегізді. Мұндай ғаділетсіздікке енді қайтып жол берсек, бізді ешкім адам екен деп санамас.

Үндемей қалған жігіт:

— Онда біз де Мәмбеттің соңынан кетуіміз керек, — деді.

— Ал, қазір казармаға кіріңдер. Тамақтаныңдар. Тәртіп бұзбаңдар. Не істейтінің жасақшылар советі хабарлайды, — деді Ораз.

Сейтті де, ол Нұрым мей Жолмуқанға казарманы құзетуді тапсырды. Өзі тағы да Қапи Мырзагалиевке кетті.

### 3

Өлдекалай, именің жасуында үшқындан лып ете қалған от, ал дегенде көзге ілікпей, қураған шепті жіңішкелеп жалап, шекеден шекеге секіріп, бейне бір дастарқанға тегілген майдай-ақ жайылып жүре берді. Оны тоқтатудың әдіс-айласын ойлад үлгергенше, желпіл кеткен сахараның бір сұғанақ желі лап етуге дайын тұрған қомағай қауданға қызыл жалынды жыға салады да, көз ілескенше болмай ұзыннан-ұзын шуақ қызыл арқанды сүйрей жөнелді. Қара қаудан мей шөңгешеленді қылғымай жұта бастаған кең көмейлі өршіген жалын тұтіні көзге, жалқыны бетке согатын, жоргалған жолында сынық салам қалдырмайтын, үйдей маяларды қылқ еткізетін, теректерді а дегенше күйелі кесуеге айналдыра салатын жалпақ өртке айналады. Са-

хараның мұндай өрті сөндіруге бой бермейтін тілсіз күш, қорқынышты алат...

Сол күнгі дур ете қалған қалың қолдың беті саха-раның күйіп тұрган сарша тамыздағы қызыл-жалыны-ды өртімен тең еді. Оны тоқтатуға амал-айла жоқтың қасы еді, ол қапырық қаудаңды, пайдасыз шеленді жа-ламай тынбайтын, тазартпай тоқтамайтын жойқын күш еді.

Кешікпей:

— Атқа мініндер!

— Жігіттер, атқа ұмтылындар!

— Атқа! Атқа! — деген айқай казарманың бір ба-сынаң екінші басына жаңғырықтай соғылып жатты. Бұл айқай салған Орақұлы еді.

Аңтарылып кері лықсып, не істеуге, қайда баруға білмей тоқыраған топ енді казармадан сыртқа акта-рылды. Ежелден атқа<sup>үйір</sup>, оның үстіне әскерше ойнап, сап тұруға бейімделіп қалған қазақ жігіттері көзді ашып-жұмғанша ат бағандарының бойына өрілді де, әп-сөтте лек-легімен толқыған дүбірлі қол, дүрмекті топқа айналып кетті. Әлгі айқай тағы да ектем-өктем шығып, үйірліп қалған қалың аттылының ірмегін қол-мен жазып жібергендей болды.

— Базар алаңына, марш! — деп команда берді бая-ғы Орақов.

Базар алаңы бос болатын. Жалғыз-ақ жылқы үс-тайтын көпір жақ бетте тиеген екі арба пішени бар бір Жаугашты тұр еді, лап беріп почта жақ беттен сау ете қалған қалың аттылы сол пішенишіге тұра тартты. Лекі-тіп жортыл келген бойы арбаны қоршалай тұсті. Ал-дында Орақовтың өзі жүздігі, оның екшесін баса Жол-мұқан жігіттері, оған жалғаса басқалары да үйреншік-ті ондық тәртібімен казармадан той-тобымен қозғалып еді. Пішениші сасып қалды. Ол бейне, мына жаланган атты әскер «шеп жетпей қалып, аттарына пішен ала келді ме?» деп күдіктеніп еді. Бірақ тұп-тура келген атқа отырысы берік, келбеті де айбатты, мұрты қою-өткір көзді қара жігіт алдыңғы арбаны жанамалай келіп ер үстіне дік етіп шашылып қалды да, қарғын пішениң үстіне шығып кетті. Оның соңындағы бір жігіті жерде тақымынан босап қалған аттың тізгінің үстай алды да, үзенгісіне шірепе түсіп, кейінгілерін қолын көтеріп бегеп, қатарынан асырмай, пішенді арбаны қоршай қойды. Арт жактаң лек-легімен ентелей жеткен аттылар алдыңғыларға бөгелді. Бірнеше минут-

тың ішінде өзінен өзі дәңгелене қалған үлкен аттылықорған пайда болды, қорғанның ортасында арба пішенің үстіне әдайлеп тұргызыған мінбедегі шешендей қол сілтеп Орақов сез бастады. Оның бастапқы айқайы кейінгі жақтағылардың дүбіріне тұншығып, дабыршуына төтеп берे алмай жоғалып жатты.

— Жі-гіт-тер! — деп шұбатылды әрідегі адамдарға әлсіз естілген дауыссыз дыбыстар.

Аздан кейін жұрт қымылы саябыр тартты. Пішен үстіндегі шешен дауыстың жетпегенін қолымен меңзеп, жігерлене түсіндірді. Ол оң қолын жоғары көтеріп саусақтарын санандар деген адамша жая түсті де, жұдырығын түйіп, алдыңғы жақтағы, алыстағы әлдекімге күш көрсеткендегі кіжінді. Жақындағыларға оның тістене түскен жағының бұлшық еті бұлқілдей қалғаны да көзге шалынды. Алайда оның сездері бейне бір жәрмеңкеге жиналған қарақұрым жандай, қаптаған аттылы жауынгерлердің құлағына тегіс жетпеді. Осыны сезген Жолмұқан арбадан кейінрек тұрып, Орақовтың сезін қайталап жеткізе бастады.

— Үш адамнан басшы сайланадар!

— Үш адамнан басшы сайланадар!

— Жоламан басшы болсын!

— Жоламан басшы болсын!

Бұл сездерді жалғыз Жолмұқан емес, кейінгілер де қағып алып, алаңның шетінде аттары ішке, қалыңға кірмей ойқастап жүргендерге де жеткізді. Бір кез Жолмұқан:

— Көсшысы Орақовтың өзі, есіттіңдер ме, жігіттер. Орақұлы! Орақұлы!

— Батырбек болсын үшеудің бірі...

— Батырбек! — деп айқай салды.

Алдыңғы салтағылар Орақұлының сезін жадына жақсылап түйгендегі болды.

— Бір жағадан бас, бір жеңнен қол... бір адам бастамай іс бітпейді. Бәріміз бір басшыға бағынамыз. Өйтпеген күнде береке болмайды... — деп ұғындырыды. Оның біраз сездерін жұрт жақсылап тыңдан үлгермей, арт жақтан бір адам:

— Почта! Почта! Телеграмма! — деп барқырады.

Қапелімде жұрт бұл сезіндегі мәніне түсінбей толқи түсті. Бірақ кешікпей дүр ете қалды.

— Почтаны қолға түсіреміз... — деп шаба жөнелді жаңағы барқыраган адам. — Айда! Почта!..

Бір топ атты барқыраган жігіттің соңынан шапты.

Әлденені ойна мықтап түйгендей, Жолмұқан қасындағы жігіттеріне:

— Кеттік! — деді.

Оның жігіттері бөлініп, топтың ортасынан сұртпақтан созылған жіптей, іркілместен жылжып, шетке қарай жүре берді.

Нұрым пішен тиеген арбаға таяу жерде тұрып Орақұлының сезін басынан бастап тындал еді. Ол жақындаپ келген Жоламановтың жасағына қосылды да, жұз басының тәртібімен полктың интендантың қоймасына ат қойды. Лекітіл келген қырық-елу қаралы әскерге қарсы тұрарлық қоймада адам жоқ еді. Уәлидің флигель үйінде бұққан қойма бастығын Нұрым тани кетті.

— Ағайын, қойманың кілтін бер, әйтпесе есігін қиратамыз, — деді ол өзіне таныс татарға.

Бұл татардың атын білмесе де, тап осы флигель үйдегі Оразға сан рет келіп жүргеннен, Нұрым онымен сырттай таныс-ты.

— Уаллахи, мені харап еттің, малай. Лучше Қалыбай әпенденің өзін келтіру керек еді, — деп татар қарсыласа қоймаса да, жалына-жалбарына өтініш жасады. — Сен малай, таныс малай едің...

Ол татарға жауап беріп үлгергенше, саудагердің үлкен үйі жағына Орақ шыға келді де, сезге араласа кетті.

— Жігіттер, бұл мұлік көптің мұлқі, мына өздеріңіздің мұлқіңіз. Сондықтан бұл полковой складтың кілтін өздеріңіз алыңыз. Сенімді адамнан бақташы қойыңыз, — деді ол анталаған жігіттерге. Сөйтті де өзі көптің арасына кіріп кетіп, Жоламановтың қасына же тіл барды. Екеуі оңашалана қалды. Көп кешікпей Жоламанов бұрылыш:

— Жұнысов, сен мына қойманың кілтін өз қолыңа аласың, жігіттеріңмен бірге мұлікке ие боласың. Бір жанды маңынан жүргізбейсің, күш көрсетер офицерлер кездессе қару жұмсаисың. Штабқа хабар етесің. Қалған жарлықты өзім беремін, — деді.

— Хұп! — деді Нұрым.

Қапи Мырзагалиевтің ісіне де, мінезіне де түсінбей, бірақ әлденеге іштей сеніл, интенданствога келген Ораз өз құлагына өзі сенбеді, өз көзіне өзі нанбады.

— Ешбір адамға кіруге де, шығуга да рұқсат жоқ,

писарь мырза. Киім-кешек, мұліктің бөрі ғаскер комитетінің қарамағында,— деді Нұрым, Ораздың алдынан шығып.

Ораз күліп жіберді де:

— Хұп, ондық Жұнысов,— деп. Оң қолын құлаққа апарды.— Сізге ғарза беруге бола ма?

Нұрым «Ғарза беруге бола ма?» деген сөзге жауап таба алмай қалды. Ол тек қасындағы жігіттеріне:

— Ешкімді жіберменіз!— деп ішкі кеңсенің кіре берісіне басын сұқты да, Оразға кір деген ишара берді.

— Кім қойып кетті?— деді Ораз сыйырлад.

— Орақ.

— Орақтың кім екенін шамаладың ба? Не айтты?

Нұрым еш нерсе білмейтінін, тек қана жасақшылар комитетінің бүйрығынсыз бір жасақшы қаладан шықпайтынын, әркімнің өзіне жүктелген міндеттін орындайтынын айтты.

— Өз құлағыма өзім сенбей, өз көзіме өзім наңбай тұрмын,— деді Ораз.

Сейтті де Нұрымға:

— Жақсы, Нұрым. Өте жақсы! Мен кеттім. Өз жұмысыма...— деді.

Ораз үлкен сійға қалды. Оны ойландырған оқиғаның бірінің соңынан бірі тізбектеле бергені, аз уақыттың ішінде тып-тыныш жатқан қала мен жайбарақат жүрген жандардың сеңдей соғылысып, әлдеқайда үлкен бір ариага жөңкігені болады. «Осының бәрі бір адамның дегенімен жүріп жатыр ма, әлде бет-бетімен, біріне бірінің байланысы жок, кім қалай толқыса солай кетіп жатқан стихия ма? Бас себеп неде? Неден басталды? Енді немен тынады?.. Орақ кім? Батырбек қайда? Үріккен жылқыдай жүрт жәнге ойыспай кетпесе не етті. Мұны тектен-тек тастамайды... Басуға ғаскер шығып қалмаса қайтын!..» Қала кішкене болса да, жаяу жүрген адамға о шеті мен бұ шеті бір кеш жердей еді. Мекемесінен пәтеріне, пәтерінен казармага жеткенише Ораз алқының қалды. Ығы-жығы болған жасақшылар казармага бірі кіріп, бірі шығып жатыр. Біреумен біреудің ісі жок, әлденеге елегізе түскен халық. Демін алып, терін сұртіп отырып Ораз, қарапайым жасақшылардың не болып жатқанын түсінбейтінін аңғарды.

— Командирлерің қайда?— деп сұраган Оразға біреуі:

— Командирді қойып, енді аман-есен елге жетіп алсақ болар еді,— деп көкейінде ойын айтты.

Батырбектің, Орактың да қазір қайда екенін казарма ішіндегілер білмеді. Тек қана казарманы бақылаған ондық барын айтты, бірақ ол ондық асханаға кетті,— десті.

Күн бесінен төмен түскен кез еді. «Әлде пәтерге барып дем алсам ба екен. Мынандай қаланың асты-үстіне шығып жатқан кезде жатуға да болмайды. Әлде тұрмеге согып, ебін тауып Мендігереймен ақылдассам ба...» — деп бөгелген Оразға жоқ жерден Батырбек кездесе қалды. Бұл екі арада сойлесуге де мұрша бермей казарманың арт жағынан шауып шыға келген бір тоң аттылының алдындағы командир жігіт келе айқайсалды.

— Оң бес адам, тез аттарыңа мініндер де, мына Батырбектің соңына еріндер. Он бесің маған ересің. Тез! Атқа ұмтылындар! — деп команда берді.

Бұл Ораздың кеше ғана Мырзагалиевке жіберген Орагы еді. Ал қасындағы Батырбек Оразға:

— Ойбай-ау, сен не істеп жүрсің, мұнда, атың қайда? — деді.

— Ат болмай қалды. Қалекең жегіп кетті, — деді Ораз жаяулығына қорынғандай.

— Тез бар да, конюшнядан ат алып мін. Өзің жә маған, жә Оракқа ер.

Ораздың аяғы жерге тиместен конюшняға қарай жүгіре жөнелді.

— Қазір біз абақтыдағыларды босатамыз. Абақтыны алуға келген кісіні білесің бе? Кәдімгі Мәмбет! — деді Батырбек қатарласа шапқан Оразға.

Ораз үндемеді. Бұл түсініксіз қымылдың басында да Мәмбет, аяғында да Мәмбет болатынына ол шек келтірген жоқ еді. Ол Батырбекке білемін деп те, білмеймін де те тіл қатпастан оңай табылған әскер атын тебіне түсіп ілгері ұмтыла берді.

Абақты бұлар жетпей-ақ ал-сап болған екен. Бір қора жаяу адамды соңынан шұбыртып интендантствога қарай жөнелген аттыларға келіп қосылған Батырбекке Мәмбет жәнді жауап бермедин.

— Интендант Қалыбай бар ма, әлде қашып кетті ме?

— Соның өзін де ерту керек,— деп, Мәмбет өз ойын ортага салғандай болды.

Ал Батырбек оған:

— Интендант жоқ, мүлік басында біздің Жұнысов дейтін жігітіміз тұр,— деп еди.

— Қай Жұнысов? — деп, Мәмбет құлағын тіге қалды. Батырбектен бұрын оған Ораз жауап қайырды.

— Өлеңші Нұрым дейтін жігіт. Фамилиясы Жұнысов.

— Білемін. Өлеңші қара.

Онан басқа сезге орын болмады. Мәмбеттің пішініне, атқа отырысина риза болған Ораз «Шойқара десе — Шойқара екен ғой. Бір-екі адамды қамшымен үріп жығып кетуге де шамасы келерлік» деп ойлады.

— Небәрің қанша адамсыңдар? — деп сұрады Мәмбет абақтыдан босағандарға қарал.

— Бір санағанда алпыс сезіз адам болып едік. Қазір онан кем болуга тиіс,— деді бір әскер киімді тұтқын ілтері шығын.

— Неге кем болуга тиіс?

— Қашып қалғандар бар...

— Қашып қалса қала берсін. Қалғандарың да жетеді.

Сендерге мына жерден етік пен шинель бергіземін. Егерде ғаскер қатарына кіремін деушілер болса, оларға ат-тұрман, қару-жарақ беремін. Ұқтыңдар ма? — деп айқай салды Мәмбет.

— Ұқтың!

— Ұқтың!

— Ұксандар сол. Ғаскерге кіремін дегендерің былай шығындар.

Әлгі жауап қатқан әскер киімді жігітке ілесіп, берекесіз тоptың ішінен гимнастерканың погоны, түймелері жұлдынған, белінде белбеуі жоқ бес жігіт беліне берді.

— Біз өзіңмен бірге боламыз, Мәмбет аға,— дестіл олар жамырап.

— Мыналарга жаңа шинель, жаңа етік, ер-тұрман бер, Жұнысов,— деп жарлық етті Мәмбет.

— Хұп, Мәке,— деді тілдесуге білмей тұрган Нұрым қуанған пішінмән.— Ақыры кездестік, Мәке...

Сейтті де ол жігіттеріне иек қағып қоймадан керек шинельдер мен етіктерді шыгарта бастады. Етік пен шинельді көргенде, күні бойы не қыларын білмей тұрган қазақтар өзара күбірлей қалды.

— Жасақшы болғандарға ат-тұрман да бере ме, сонда?

- Ат-тұрман түгіл мылтық, қылыш, оқ-дәрі береді.
- Біз де жазыламыз десек қайтеді?
- Мәмбетке ерсөң...
- Су түбіне кетерсің дейсің бе?
- Жоқ-ау...
- Жазыл... Нен кетіп барады...
- Пеле болып жүрмесе?

Күбірлескен шаруалардың бата алмай тұрғанын көріп Мәмбет ақыл айта бастады.

— Сендер ғаскер болмай-ақ қойындар. Оナン да елдеріне қайтып, бұзық старшындарының ауыздықтаңдар. Ал мынадан бір-бір аяқ киім, қаласандар шинель алындар,— деді.

— Кожаң берсе қойныңа сал деген. Керек тастың ауырлығы жоқ,— деп, шаруалар шинель мен етікке жармаса бастады.

Мәмбетпен бастапқы тілдескен жасақшы жігіт Нұрымға қарап:

— Аға, мына үйде тамақ жоқ на екен? — деді қоймадан ілгері кеше бетте тұрған саудагер үйіне көзін сатып. Жасақшы болғаннан бері тамаққа көңілі кете беретін Нұрым, бұл ашықтан жігітті аяп кетті.

— Қазір сіздерді тамақ ішкізіп, казармаға орналастырады. Бұл үй саудагердің үйі ғой. Мынау қойма соның шоланы болса керек,— деп жұбатты өзегі талған жас солдатты.

— Жұнысов, мұны сен істейсің, бесеуін де тамаққа тойғызып, ат-турмандарын қолына беріп, өз қарамағыңа аласың. Кешке маган жолығарсың,— деп Мәмбет қозғала берді.

— Қай жерде жолығамыз? — деген Нұрымның сұрағына ол:

- Табасың ғой,— деді жүре сейлен.

Өздері тобын жазбастан қару-жарак қоймасына асты.

#### 4

Кешікней Жымліты көшесінде шолақ аттылар пайдада болды.

Ұлы жолдан аулак жатқан бұл аядай қаланың үстінен бейне бір сел жүріп кеткенге ұсады. Ойқастаған жасақшылардан өзге көшеде бір жан аяғын ция бас-

пады; жай халық терезелерін тас бекітіп үйді-үйіне бұлды; саудагерлер дүкендерін қос құлыптап үлгерді; чиновниктер мекемелерін тастай салып бет-бетмен шашылған сынаптай жоқ болды; басшы правительдер үлгергені қаланы тастай қашты, үлгермегені берік шоландардың түкпіріне тығылды, кейбіреулері мешіт пен шіркеудің қойнына сұнгіді. Эскер басшылары да, үкімет адамдары да бұл бүліктің неден тұғанын, не-мен тынарын шамалай алмады. Тек қана лап қойған аттылы-жаяулы жасақшылардың бет алдында тұрмая-га тырысты.

Тұрмені, қару-жарақ қоймасын, интендантствоны басып алған топ бір кез ұзын көшениң бойымен жүйткіп мекемеден-мекемеге тәнді. Бекітулі есіктер топсасынан қайырылып, жақтауымен қоса опырылып шалқасынан түсіп жатты; қақпақты терезелер өжелене түйген мылтық құндағына төтеп бере алмай күре-курс сынды; көшеде қараздан боран борады: кеңсе делосы жарылған жастықтай бұрқырады; правитель кеңесі мен Земуправа үйінде көптеген іс пен сан қабат дүниекі от жалап жатты...

Бас кезінде, базар алаңынан штабқа жөңкігей жи-ырма-отыз жіліттің уш-төрт офицер жолын бөгөндей болып еді, бірақ таңқылдаған наған даусына ешіге ұмтылған қалың аттылы қарсы шыққандарды жапырып тапап өтті: екі офицер мылтықтың құндағы мен қылыштың қырынан-ақ қаза тапты. Ал, асауга ақадайдан бұғалық тастап үйренген қазақ жігіттері бір-екеуін мойнынан шылбыр тұзактап тақымға салып әкетті...

Мұнан кейін офицердің «тәртіп орнатуға» тырысқан ақырыс-жекірісі су сепкендей болды. Эсіресе Мәмбеттің араласқаны жасақшыларға жел берді де, штаб адамдарына үрей тұгызыды.

Белоус пен Кириллов «казак атамандарына бас имейміз?» «Жоғалсын казак-орыстар!» «Жоғалсын бас кесер Кириллов! Вас кесер төрелер!» деген шу күшегеннен кейін бас қорғау әрекетіне кіріспін еді. Бұлар кешке дейін аттарымен мал дәрігерлік пунктінде бұрып отырды да, қараңғы түсіп кез байланған кезде қала-дан шығып кетті.

Абақтыдан босандардың ішінде Мендігерейдің жоқтығы Оразға күдікті ой салып еді. Бірақ бетіне қа-рауга жұз сескенерлік Мәмбетке бұл жөнінде сөз ай-

туға бата алмай, дүрмекке еріп ол біраз жүрді де Батырбекке:

— Батырбек аға, біз осы ең зиянды адамдарды неғе тұтқынға алмаймыз? Бұлар ес жинағаннан кейін аямайды ғой,— деді.

Батырбек оған жауап қайтара қоймай әлдене ойлардың құшагында келе жатқанын көріп Ораз тағы да:

— Ең болмаса полицмейстр төрени қолға түсіру керек еді,— деді.

Бұл сөз Мәмбеттің құлагына шалынып қалды.

— Жігіттер, еріңдер соныма!— деп команда берді ол кенеттен.

Мәмбет бастаған жаққа қалғандары да шаба жеңелді. Бірақ Ораз да, Батырбек те оның қайда бастағанын анық білген жоқ-ты.

Әдемі қақпала, кәшекті теревелі үлкен үйдің кесі ауласына Мәмбетке ілесе топ аттылының кебі еніп кетті, тек бірер жігіт қана қақпа алдында қалды. Не ит дыбысы, не қыбырлаған жанның жүрісі жоқ бұл салтанатты жай сырт қарауға бейне бір иесіз қалған үй сияқты көрінді. Бірақ үй иесінің зәре-құты қалмай үисіз бұққаны жайнап тұрган жиһаз бен жаюлы жатқан тағам жайлардан көрініп тұр еді. Мәмбеттің соңынан ере кірген Батырбек пен Ораздың кезіне екінші бөлмеде әйел жүргендей болды да сол мезет:

— Бері жүріңіз, Мәмбет аға,— деген дауыс естілді. Төрге қарай адымдай озған Мәмбет үлкен бөлменің ортасында тұрган столды айналып өтіп, екінші бөлменің есігіне беттеді.

— Мынау кімнің үйі өзі, тұзакқа түсіп қалмайық.— деп сыйыр етті Батырбек.

Бұл сөзге елең ете қалған Ораз ілгері ұмтыла берді, бірақ Мәмбет дыбыс берген әйел бөлмесіне кіріп те үлгерді.

— Айттым ғой, Мәмбет аға келеді деп. Қалайда келеді деп едім, ақыры айтқаным келді. Жоғары шығыңыз, Мәмбет аға,— деді баяғы европаша киінген үлкен кезді сұлу қара торы қызы.

Шаңзаданы Батырбек те көрген жоқ еді. Мұндай қызы кездесерін Ораз да білген жоқ. Үйдің де, қыздың да кімдікі екенін білмей екеуі де аңтарылып қалды, кірген бойы босағада тұрып қалды. Мәмбет қызға сәлем-жауап қатудың орына:

— Тере қайда? Бері шықсын!— деген сұрақ пен бүйрығын қосарлай жекірді.

Қыз Мәмбеттен жасқанбады да, қабақ шытын қаты үніне ашуланбады да.

— Мәмбет аға, сіз менің шақыруыммен келген қонақсыз. Өтірік десеңіз айтыңыз. Тұнеугұні келгендеге мен сізді үйге шақырып қалдым. Қалайда келікін дедім. Міне, келдіңіз, жоғары шығыңыз,— деп езу тартты.

Мәмбет қатаң үнін жұмсартқандай болды.

— Төр осы ғой... Маган алдымен төрені көру керек, бикеш,— деді.

— Отырыңыз, отырыңыз. Сіздер де отырыңыздар,— деп, қыз есіктегі екеуге де орындық ұсынды, столға қарай меңзеді.

— Мен Арон төрені көруге... жұмысым болған соң келдім.— деп Мәмбет аса екіндей, отыруға бет алды. Батырбек пен Ораз қайда келгенін белгілі Арон төренің аты ауызға алынғаннан кейін ғана түсінді. Уалаяттың Жаншадан кейінгі басты адамын қолға түсіру ең шүйделі және одан іс емес екенін сезіп, екеуі Мәмбеттің талабына қосыла кетті, қыздың сиқырлы сезі мен жүзіне қарап «батыр» баяулап қала ма дей састы.

— Қарындас, біз амандасуға, болмаса әңгімелесіп отырып шай ішуге келгеніміз жоқ. Арон тере қай үйде, шақырмасаң өзіміз де алып шығамыз,— деді Батырбек.

— Жігіттер, кәне, бері жүріндер. Мәке, біз бастап кірейік...— деп, Ораз ілгері жүре түсті.

— Ол белмеде емес, аға, басқа үйде. Папамды өзім шақырайын... қазір,— деп қыз сыртқа шығуға айналды...

— Шақыр!— деді Мәмбет.

Сейтті де өзі стол жанындағы орындыққа отыра кетті. Қыз шығып кеткен соң Ораз «қайтеміз?» дегендегі Батырбекті бүйірден түртті. Бірақ Батырбек оған сыр бере қоймай, үнсіз қыздың келуін тосты. Ол: «Мәмбет ашуланып қалар, өзі бастады, өзі аяқтасын» деген ойға келді.

Қыз кешеуілдей түсті. Оның неге кешіккенін, әкесімен не сөйлескенін бұлар білген жоқ. Тынырышыган Оразға да, шыдамай бірер рет насыбай иіскең үлгерген Батырбекке де бұл үйдің иесі мен қызы, өсіресе олардың ойы мен мақсаты жұмбақ қалды.

— Қазір келеді,— деп хабарлады қыз, үйге асықпай кіріп.

Ілесе Арон да келді.

Полковник чинді төрениң қасындағы қарулы офицер Абылаев есік ашып оны өткізіп жіберді де, қаумалаған қазакы солдаттарды жол беріндер дегендей қолымен ығыстыра тусти. Өзі көріп жүрген сұсты төрениң формалы келбетінен сескенді ме, әлде бұрынғы сәлемдесіп қалған әдетіне бақты ма, әйтеуір бет қайтпас Мәмбет орнынан үшіп турегелді. Мәмбетті жөне қаумалай тұрғандарды көзімен бір шолып, Арон көңілсіз түрде:

— Так, так! — деді.

Аз кідіріп, Мәмбет жеңін сыбанғандай бір колын кезек-кезек көтеріп алды да Арон мен Абылаевқа:

— Екеуінді де тұтқынға аламын. Себебі: істегендерің зорлық-зомбылық. Қара халыққа зәбірден басқа еш нәрсе көрсетпей келесіндер. Түсінікті ме? — деді. Сейтті де ол Абылаевқа тесіле қарады.— Сен ана қылыш пен нағанды үстап жүре алмайсың. Таста. Шеш тез.

Абылаев селт етті. Ол не істерін білмей Аронға қарады. Арон оған көзін бұрмады, ол тек Мәмбетке:

— Так. Так, соңсоң? — деп жауап күтті.

— Соңсоң көремін. Солдаттар не десе, үкім со болады.— Ораз бен Батырбек кейінгі жігіттерге ым қақты, Абылаевтың қаруын сыпырып алуға шақырды. Екі жігіт жалма-жан Абылаевтың қаруына жармасты. Қызы арага түсе қалды.

— Мәмбет аға,— деді ол Аронның алдына шыға келіп.— Папам жалғыз емес, ел болып ауыз біріктіріп жатқан жоқ па? Мына сіз де сол елдің бір батырысыз. Ал, зәбір-жапа көрсеткен жері болса папамды кешіріңіз... Күнәсіз жан жоқ...

— Күнәсі бастан асып кеткен кісі.

— Олай болған күнде батырдан сауға. Екеуін де, папамды да, офицер Абылаевты да маган беріңіз... саугага...

Мәмбет қызы бетіне қарай қалды да, Шаңзададан көзін бұрып:

— Бикеш десе бикеш,— деп күңк ете қалды.

Тағы да Ораз араласты.

— Мәке, бұл төреден Мендігерейді қайда жібергенін сұрау керек. Жазықсыз жанды сотсыз, сұраусыз жазым етсе... онда кешірім жоқ,— деді ол.

Арон Оразға «қайда көрген жігітім» деп тесіле түсті. Тергеу-тексеруді көп жүргізіп, адам сынап қалған

төре қараган сайын Оразға жеп қоярлық аш көздің сұғына қадағандай болды.

— Жас жігіт сіз... — деп ол әлденені айтып қалғандай Оразға сұс көрсетті де, Мәмбетке бұрылып: — Мен дігерей Елмагамбетов өлім жазасына кесілген қылмысты. Оны сottаган Войско қарамағындағы Военисполевой суд. Сондықтан бұл жөніндегі запросты сол Войско хұкіметіне бағыштауыңызды жөн деп білемін.

Мәмбет қабарын түйді. Оразға:

— Ол кім еді? — деп шүйіле түсті.

— Мәке, ол өзіміздің халықшыл оқымысты. Атамандардың хұкіметі жазғытуры жазықсыз кескілең, оның үстіне сырттан хұкім шығарып қудалап жүрген кемеңгеріміз. Өткен жұмада мен осындағы абақтыда отырғанын көрдім. Жұрттың бәрі біледі Мен дігерей Елмагамбетовтың осында кіріптар болып қалғаны, — деп Мәмбетке түсіндіре сейлең, ара түсуін сұрады.

— Сен де соның kicisi! Так! Так! — деді Арон Оразға әлде күш көрсеткеидей, әлде анықтай түскендей екішты түрде так-такташ.

Арон тұра жауап бермеді.

— Атып таstadtың ба? — деді Мәмбет Аронға.

— Ол Войско хұкіметінің тергеуіндегі адам.

— Онда Войско хұкіметінің қолына ұстап берген шығарсыз? — деп, енді Батыrbек те кірісті. — Истегендерің зорлық-зомбылық деп Мәмбет ағай әділ айтты. Зорлық-зомбылық қана емес, атып-асу, атамандарға қазақ қайраткерлерін ұстап беру де сіздің кәсібіңіз, Арон сұлтан. Мұндай зұлымдықты қазақ баласы, қазақ баласына өмірде істеп көрген жоқ.

Істің қыынға кетіп бара жатқанын Арон тере сезе бастады да тез жауап тапты және бұл жауабы ете айлалы жауап болды. Бірақ мұны қызу үстінде Батыrbек те, Ораз да тереңірек ойлан түсінуге мұршасы келмеді.

— Жақсы, азаматтар, Елмагамбетов керек болса мен алдыртып берейін. Оны Жанша Досмұхамедовтың жарлығымен Ойыл қаласына жөнелтіп едік. Ол сонда, — деді.

— Кеше... Үш күн турасында осында еді ғой, — деп Ораз кимелей қалып еді, оның сезін аяқтамай Мәмбет ез билігін айтты.

— Елмагамбетовты үш күн ішінде Ойылдан осында алдыртасың, сұлтан төре. Олай етпеген күнде бұған ез басыңмен жауап бересің. Менен ешқайда құтыла

алмайсың. Кәне, жігіттер, жүріндер! — деді Мәмбет жігіттеріне.

— Рахмет, Мәмбет аға. Офицер Абылаев айтқаныңызды орындаиды. Келіңіз, аға. Ашу дұшпан, ақыл дос. Ашуыңыз басылған соң келіңіз. Сізге есігім ашық, аға. Герой аға, — деді қызы, шығып бара жатқан Мәмбетке.

Абылаев жарты сағат өтпей-ақ Ойылға шапты...

Күні бойы білгенін істеп, қаланың астын-үстін шығарған жасақшылар күн батып, қас қарайғаша казармаға тегіс жиналып болмады. Кеш қайтқан бірқатарының қолында кеңсе, мекемелерден іліктірген жайма перде тәрізді өлі бүйымдар да көрінді, ал кейбірі әдемі папка, портфельдер ұстал қайтты. Бірақ «қара халықтың мұлкіне тиме» деген жарлықты ешкім де екі етпеді. Жасақшылардың соңынан ере келген зәбір-жапашылар болмады.

Ертеңіне ертемен Мәмбет елу жігітін сапқа тұрғызыды да, өзі аттан түсіп қалтасынан үлкен қара шаппа пышақты суырып алды. Сейтті де ол тізгінін қантарапп, ерінің қасына іліп қойған атының құйрығын нақтірсектің деңінен орып-орып жіберді де, қаз-қатар тұрған жасақшыларына бүйрығын жариялады:

— Бұғін тап осы сағат, осы минуттан бастап мен Жымниты хұқіметімен ат құйрығын кесістім. Міне, мен шолақ атты большевикпін. Қарамағымдағы жасақшыларға бүйірамын: оң жақ шеттөн бастап аттан түсіп аттарының құйрығын кесіндер. Кімде-кім бұл бүйірекқа бой ұсынбаса — ол хан жасағының тобында қалғаны. Ондай адамдар біздің қатарымыздан біржо-ла кетсін. Кәне, баста! — деді ол оң жақ шетте тұрған Нұрымға қарап. Атын бір тебініп қатардан шықты да Нұрым секіріп жерге түсті, шылбырдың ұшынан ұстап тұрып Мәмбеттің қолындағы пышақты алды да кер аттың құйрығын тірсегіне жетер-жетпес етіп шорт кесті. Сейтті де өзі Шойқараның жарлығымен атына қайта мініп, басқалардан бөлек шеткерірек шығып тұрды. Нұрымның соңынан оған жалғас тұрған жігіт ілгері шығып, ондығының істегенін істеді. Кешікпей елу адаминың бірі шашау шықпастан ат құйрығын кесісті. Бұрынғы күлтеленіп үшін жерге тиғен ұзыны да, қамшаудай сида сырттығыры да, қылса жұлдынып қысқарған шала шолағы да теп-тегіс тірсекпен тірсек, келте

қүйрық болып шыға келді. Жаңа тәртіпті халық әбден көрсін деп, шолақ атты Шойқара елу адаммен қасқыр текірекке салып қаланың үлкен көшесінің ұзын бойымен шұбай тірсектесе шоқырақташ етті.

Терезеден қараган адамдар:

— Астағыпрыралла! — десті.

Балалар:

— Бай шолақ! Шойын қара балшабай! — деп айқайласты.

Таяқты ат қылып мініп үлгергендері шолақ аттылардың соңынаң қиқулай жүгірді.

## 5

Ақылға бой бермей кей кез адамды сезім билеп кетді деседі. Ал, сезімнің өзі де түрлі ғой. От пен суғада бөгелмейтін жан ұшырған сезім бар. Бұл көбінесе жа өлім қаупі туған шақта, жә ұлы арман бойды билеп кеткен кезде ырық бермей жетектейтін сезім. Бұл тоқтаусыз үрей мен қайтиас қажыр талабының бүйдагері болса керек. Ал, офицер, Абылаевты сол күні қара дауыл алдындағы қара қаңбақтай женкілтін сезім басқаша еді. Оны өзгеше сезім билеп кетті.

— Бұларды ма бұларды!.. — деп тістендей әл шауыш келе жатып.

Сұлтан Арон тәренің жарлығы оған Жаншаның жарлығынан әлдеқайды пәрмендірек. Өйткені Жанша оған тете жарлық беріп көрген де жоқ және оның ісі Абылаевқа «кіш-кіштеп» қой қайырған өрістегі қойшының марымсыз қимылындай ғой. Тіпті сол Жаншаның басқаруы басқару емес. Дүре салатын адамды ол сыйлық тартып аттандырады. Абақтыда ұстал қозін кегертертін жандарды қарқылдалап құліп үйіне қайырады. Осындай да тартіп бола ма! Жаздығұні Қален мұғалімге ат-шалан айып бергізіп Қаржауовқа шығартып салды. Ал, кеше уалаяттың қас жауы Әbdірахман Әйтиевтің қызылдарға тамақ тасып жүрген дінинен безгөн қатынын босаттырды. Тіпті Абылаевтың абыройын айрандай тексті...

— Тфу! Басшы болғаныңа! — деді ол атты үсті-үстіне қамшылап. — Осының өзі... мүмкін қызылдардың жасырын тыңшысы шығар... Бұларды ма! Бұларды! Көрсетермін мен көрімді!.. Бүкіл кадет кориусын алыш шығайын!

Ол сұлтан Аронның жарлығын ала сала Ойылға шауып еді.

— Жә өліп тын, жә бір жайлыш ет! — деген оған Арон төре.

Ол бір жайлыш етпекші. Ойылда үш жұз елу адам дайындал жатқан, кәдімгі казак-орыстың сапалы-армиясының тәртібімен офицерлер шығаратын школа бар. Қазір сол школа үш жұз елу офицер шығарғалы жатыр. Сол әлекедей жаланған, әлі тауы шағылып көрмеген, әскер өнерін алған, қылышылдаған офицерлерді үлкеншілердің алдынан шығармақшы. Уалаяттың болашақ полктерінің басшы үйтқысын ертең бірнеші рет томагасын алып топқа салмақшы!

— Бұжүгенсіз кеткен содырлардың жәлкесіне қылыштың жүзін жалатындар. Рақымшылық болмасын. Мұны бір өзіңе ғана жүктеймін. Бір өзіңе ғана сенем, — деген Арон төре.

— «Рақымшылық! Тоқтай тұр! — деп тістендей Айткали Абылаев. — Бұлардың мейманасы асып болды. Бір емес, екі емес, жалғасқан бүлік. «Дәндеген қарсақ құлағымен ін қазады» деп — дәндеді. Ат айдаң кету, тәртіпке бағынбау, офицерге бас салу!.. Бұл да аз екен... Енді уалаят орталығын талқандап, бүлік шығаруға кірісті. Қап, тоқтай тұр!..»

Абылаев бір кез, бір жыл ішіндегі сәтсіздікке ұшырап сүрінгенін санап етті. Өте кеп екен. Бірнеші сүрінгені, ойлап бақса, бұзық қажының ауылынан басталған екен. Аңқаты басындағы тұтқынға алған азғын студенттің кере кезге жер соқтырып, су үстінде амалайла жасап кеткені қарабасудың алды болды. Бұл қапыда жаңылыс басқан ізі сүймай жатып, таң сол азғын Жұнысовтың жеті тұнде ойламаған жерден керуенді қызыл шұнақтарға ұрындырғаны ең өкініштісі... «Күдай бақ бергенде, Жанша мен Арон алдында дәлел тапқаным абырай болды». Абылаев Өлеңті поселкесінде Мендерейді қолға түсірген тұні өзін ұрып жығып кеткен «сүркіяның» тағы да сол Жұнысов екенін білген жоқ еді. Сондықтан ол «ушінші сүрінгенім казармадағы бұзықтардың бассыздығы» деді. Сейтті де мұндағы өзін байлаپ тастағандардың бірі... Нұрым Жұнысов екені оның тұла бойын мұздатып жіберді. Аздан кейін майдайынан сұық тер шыққанын сезді.

«О, Жұнысов!.. Жұнысовтер! Жә өлемін, өлмесем көрген күпінді кеп етермін сендердің! Асты булардың

қылсығы! Бірі ана жақта, бірі мына жақта! Көрі қасқыр елде сойқан шыгарып жүр. О, қасқыр атқан бас бұзарлар! Тоқтай түр, азгана тоқта!..»

Көсіле шауып келе жатқан құла атты Абылаев тізгінің тәжел шоқыраңқа салды да, кителінің жағасын ағытып, тынысын кеңейтті. Аздан кейін атты сар желіске түсірді, соңсоң бірте-бірте аяңға кешті. Күш жинап құрысқан тақымын жазды. Шапқан аттай жүйткіген ұздік-ұздік ойларын бір сарага салып жинақтай бастады. Жан-жаққа көз салды. Бұлдырты қырқасын басып барады екен. «Қаратебеге аялда, ат шалдырып түнделете әрі асамын», — деді ол ішінен.— Басшы алу жөн болар. Бұл жақтың жолын жете білмеймін».

Інірде Қаратебеге жетін ат шалдырды да, таң саз бергенде тағы жолға шықты. Түскен үйдің иесі қалаңың сыртындағы үлкен қара жолға салып тұрып:

— Осы жол Жақсыбайға апарады, одан әрі Аққозы, Сарбиеге қарай аса бересін, мырза, — деді.

Абылаев аса берді. Жақсыбайға жетпей жол үстінде жүргіншілер көрінді. Жүргіншілерді алыстан айыра тануға болмаса да, Абылаев шүйіле қарады. Ол әлденені сезгендей, ат тізгінің тәжел қалды да, алыстағы қарасынға көз тоқтатты. Жүргінші үшеу: ат-арбалы және екеу салт мінген...

— Уш күннен бері жұз шақырым жер... — деп күбірледі офицер.— Мен саған көрсетейін көрімді.

Ол дауыстан жіберді. Алыстағы жүргіншілер оның осыдан уш күн бұрын Ойылға айдатып жіберген тұтқыны еді — Мендігерей еді. Абылаев жаңылған жок, арбаның қасындағы екі солдаттың киімін де, иығындағы қаруын да, оның көрінім жерден айыратын кезі тапбасты. Кешегі Жымпітідағы оқиға, онан бұрынғы келіссіз жайлар, өз қарабасының үзбей тасқа соғылуы тап сол минутте оның өзегін өртеп жібергендей болды. Ол бірнеше минут тістеніп қалды. Соңсоң екі көзін алдағы жүргіншілерден алмай қарап әлденені ойлап пішті де аттан жерге түсті, айылын бекітті, өз белбеуін жөндеді. Жағасын босатып, тарылған тынысын кеңейте түскендей болды. Сейтті де ол жалма-жан ер үстінедік етіп қайта қонды да құла атқа қамшы басты.

— Я бақ! Я Абылай! — деді ол қамшымен қоса төбінің қалып.

Ол «бақ орнар, аруақ қонар» деп ойлады. Онан арты ойы оның: «бұл бас бұзарды уақытында жөнелттік.

Жақсы жөнелттік. Бір күн кешіккенде ана бүлікшілер абақтыдан босатып алғатын еді де, хан көтеретін еді. Кәдімгі жалшы-кедейлердің туын көтеретін басшысы! Босағадан төрге ұмтылған тобырлардың топжары. Қорсетсійін мен саган туды...» — деген қара ииеттің тәңрергіндегі болды.

Ол ілкі шабысқа қайта түсті. Жүргіншілерге тезірек жетуғе, өш алуға асықты. Өш алғаннан кейін, Ойылдағы көң офицерге «есіктен төрге» ұмтылғандардың бастарын қырықтыруға асықты.

Сіңірлі құла ат сол өлкедегі бір ішек жануардың езі еді. Құніне алты қасқырдың соңына түссе де қайырып әкелмей тынбайтын Жаугашты Щәңгерейдің белгілі шелек танау, ботатірсегі еді. Оған бір күн шабыс — мүше алғанмен бірдей, екі күн шабыс — бауырын жаза түсетін қыл құйрық-ты. Қорінім жердегі жүргіншілерді көзіне қан толған офицер өкшелеп те қалды.

Сар желіп келген бойы Абылаев екі солдатқа команда берді:

— Арбаны тоқтат та, екі солдат он қадам шетке шық! — Өздерінің жүзі сұық командиріне жетіп келгенде-ақ бұл жайбарапт келе жатқан екі жігіт шошып кеткендей тізгіндерін жинап, қолдарын құлақтарына тосып, честь беріп тұрып қалып еді. Енді не жарлық берерін үрейлене күткен екеуі арбаны кілт тоқтата салып, шабандау аттарын қамшылай ұмтылып, шеткегі шыға берді. «Бір жақпас іс болып қалды ма?.. Бұл қандай сұыт жүріс?» деп састьы олар, ат үстінде бір қолымен шекпен-шинелінің етегін жинақтап, иықтағы қаруларын түзей түсіп. Ық жақтан орағыта келіп айдаушыларға Абылаев тағы айқай салды:

— Арбаны тастап, екеуің де менімен бірге жүресің. Ол үшін алдымен... Жел оның сезін аузынан жұлып алыш кетті. Мендігерейдің де, атшының да құлағы аргы жағын шала алмай қалды: Жалғыз-ақ оның соңғы... «Өзірлен!» — деген жарлығы желмен аударылып-төңкеріліп жеткендей бірінші буыны айқын естілмесе де... «лен» деген аяғы самп етті. Абылаевтың езі де енді мүше алыш қашатын адамдай оңтайланған түсіп, арбага омыраулаш келіп қалды.

— Түс арбадан! — деп ақырды ол Мендігерейге екі көзі үясынан шығып кетердей шатынап. — Айт имаңыңды!..

Жендет пішінді бұл қанды қол офицерді айдалада қуып жеткеннен-ақ «зұлымдық істеуге келді» деп ой-

лап еді Мендігерей. Мезет ол «отырған күйім отырған» деп тістеніп қалды. Жаздыгүні арбаның үстінде қылышпен тураган екі бала мен Фроловскийдің жан түршіктірер бейнесі тағы көз алдына келді. «Апа! Апатаі!» деп айқай салып, ілесе басы қеудесіне «сылқ» еткен Ықатайдың актық құлында-құлыны шыққан ашы даусы құлағына шалынып кеткендей болды.

Мендігерей арбадан ақырындап асықпай түсті. Оның екі қолы бос еді. Кісенін айдаушылар тунде қонған жерде салып, құндіз айдалада адам көрмес оңашада «жаксылық етіп» ағытып келе жатқан. Екі солдат алыстан көрсө де, Абылаевты әлдекім деп ойлап, кісенді қайтадан сала қойған жоқ-ты.

— Көззап,— деді Абылаев шатынап. Сөйтті де нағанын қабынан суырып алды.— Қолыңды босатып алдың ба? Босат, босат. Берібір босайды!.. Білесің бе, иманыңды? Әлде иман айтуға да қарысасың ба?

«...Ажал!.. Ақтық дем... Жау... Қас дүшпан... мейірімсіз... Зұлым!..»— деген сөздер әлде ойдағана тізілгендей, әлде ауызға келіп тірелгендей...

Жау жүрмей турмеде де, арбада да кеп отырып мезі болып қалған дene үйып қалды ма? Аяқ басуға дөрмен жоқ, әлде айнала — бар әлем қарауытып кетті ме? Бас айналғандай... Бір сәт көз жұмылып кетті! Неше заман етіп кетті! Қанша ойлар шарлап ойран болған миды талқандап өтті! Ой да жылжып, жер де жылжып бара жатқандай!..

Ойды сана, әлсіздікті жігер билеп кетті. Мендігерей көзін ашып алды. Аяқ та ілгері аттай берді. Бұл дүниенің әзірейліне қарсы барды...

Оның даусы да күнгірттеніп, әлдеқайда жер астынан шыққандай ауыр дүңкіл ендірді құлағына...

— Иман деген сөзді мен білемін. Иман — адамның сенері. Сенері бар жан жауына жалынбайды. Оның алдында жорғаламайды. Сауғалап жан қорғамайды. Өйткені оның ісі өзіне де, өзгеге де аян. Ал, сенері жоқ адам да бар. Ол кешір деген сөзді ғана қалқа етеді. Соны бетке ұстайды. Сол сез құтқарап деп қалтырайды. Бұл мына сенсің. Өлім деген тірі жанның тіршілікten тыйылуы. Қазір мен тыйылсам, ертең бе, аргы күні ме, әлде бір айдан кейін бе — сен де тыйыласың. Бірақ сенің сол тыйылар алдыңда медеу ететін иғлі ісің жоқ. Бұл істі «бар» деп өзіңде, өзгеге де есеп бере алмайсың...

Мен өзім де, өзгеге де әлдеқашан есеп беріп бол-

дым. Ол есептің аты: халқым үшін қызмет етіп келем. Сондықтан маған халқым раҳмет айтады. Ал, саған әнеугүргі сәбиді қылыштағаның үшін, әйелді жерлеғенің үшін, мына маған істеген қара қылмысың үшін лағынет айтады... Сен ең қымбат нәрседен айырдың. Тіршілік пен бостандықтан айырдың. Мен тіршілік үшін, бостандық үшін қызмет еттім...

— Тоқтат! — деп ақырды Абылаев. — Тоқтат!

Сейтті де екі солдатқа бұрылып:

— Ат! — деді.

— ...Саған кешірім жоқ. Жас үрпақ кешірмейді. Ана тұрған екі солдат кешірмейді. Ана делбеші қазақ кешірмейді.

Таңқ еткен наган даусынан денесі селт еткендей болды да, Мендігерей сурініп кетті... Ол еңкейіп жүре түсті де, кенеттен еңсесін жазып алды. Бірақ жалғаса шыққан мылтықтың егіз даусы оның өзін де, сөзін де жалмап жұтып қойғандай болды...

Ол дыбыссыз қалды. Маң далада... Жол үстінде қалды. Офицер бетін де бүркетней кеткен, бір жыл ішінде ажал аузына екі рет түскен бұл аяулы жанның аяулы жүзін ызғыған жел тана тынымсыз ызындалап, тынымсыз сипап жатты.

Екі солдат пен Абылаев әрі асты. Ойылдағы кадет мектебін алып келіп бүлік шығарған төрт жұз жігіттің басын кестіруге асты. Жә кесу, жә кесілу үшін асты...

## БІРІНШІ ТАРАУ

## 1

Ойыл мен Қылды өрлей, Қосқобданы кесіп ұлы тәңізге асатын тубек елінің құмды, шағылды, ақшаңдақ басқан қасқа жолы жатыр. Бұл жол, дәл өзі сияқты, түйе мойнақ иір ғасырларды белінен басып келеді. Бұл жол көз жетпейтін көне заманинан бері Жайықтан Аралға, Аралдан Амуге, Амуден Хиуага, онаи әрі Бұхарага тіршілік тамырын тартып жатыр.

Бұл жолмен кім жүрмеді! Кімдер жортып, кімдер ілбімді? Кімдер шаршап, кімдер салықпады? Кімдер асқақтап, кімдер баяуламады? Кімдер талықсып, кімдер шөлдемеді?

Желмая мінгей шайхы Кутуби де ислам туын қолға үстап, Аму бойын сағалай сар желді.

Шығыстан шеру тартқан Шыңғыс немересі де қара-құрым қолын қаптатып өтті.

Кесілген бастан мұнара үйіп, Ақсақ Темір де саныландатты.

Жонгардан Еділге жосылған шегірткедей апатты, айдарлы қалмақ та осы жол бойын ақтабандатты...

Бұл жолмен есіл ерлер де жортты: хан нәсілін наиза ұшына көтерген ер Сырым да осы жолда қаза тапты; «Хиуадай базарлы», «ай мүйізді арқар» Исатай да бармагын тістеп кетті.

Әлді де, әлсіз де, кәрі де, жас та, патша да, қайыршы да, жер күніренткен қолбасшы да, момақан сопы мен ел кезген жолшы да үзілмей шұбырды. Бетін өжім, қабагын қыртыс жапқан кариедей, бұл жол көне жол. Сол жолмен бүгінгі көк есегін тебініп қыбыр-қыбыр келе жатқан шал да көне еді.

Шалдың басында күн жеп, шаң басып өз өңінен айрылған боз шалма, үстінде сол түсті шапан, аяғында ақ жұлық мәсі бар. Шапан ішінен көрінген қайырмажаға баулы көйлектің түсі де қуан тартқан, есектің еріне асылған қоржын да ак шаңылтақ — бір кездегі бедерлі оймышы жоғалып тықыр тулақтанып кеткен.

Үздіксіз ыстық, тынымсыз жел мұжіген су тозықтаңбасын молайтқан сары даланың ала қожалақ, боз бұжыр бетіндей шалдың жүзін де салалы әжім, қат-қат қыртыс жалқан. Қылаң тартқан қою қас, таспа, мұрт, сыдырым сақалды боз быламықтанған шаң қырауы бүркеген. Қарақошқыл тартқан етсіз бет пен тарам тамырлы қол сыртынан өзгениң бәрі қара күзге орнаган — қуан жылғы дала тәрізді.

Көк есекті осы адам апталап, айлап жүріп жаз Хиуадан Арап сыртына, Арап сыртынан Ойыл бетке ойысатын. Шапан — тесек, қоржын — жастық, елсізде шағыл түбіне түнеп, елді жерде құдай қонақ, қонып асып әрілей беретін. Айлдайтын жері мешіт, сағалайтын төрі имамдар қанакасы болған бұл пендекі бір жерде Қалендір бір жерде Дәруіш, бір жерде Көк есекті әулие дейтін. Бұлай деуге дерек те мол: үстінен шыққан жиынды жерде, жұма оқыған мешіт маңында, ас айтқан алқалы топта құдайы деп берген қайыр-са дақаны сол жерден шықпай жатып пақыр-міскінге үлестіреді. Қоңілі келген бай көйлек берсе, оны ауыл шетіндегі қараша үйдің иесіне тартады. жомарт мырза әлдеқалай шапан жапса, қойшыға кигізеді. Вәйбішенің қоржынына тыққыштаған құрты мен ірімшігін де «әулие аталап» артына ерген балаларға шашу етіп шашады.

Осы пендениң жаз бойы жүретін ұзак сапарының түлкі төрі: сонау Жайықтың қойнауындағы екі езенің айқасқан Қоспасында тұрған Қуанай хазіреттің мешіті еді. Ол бұл Кіші жүздің белгілі имамына жаздыгүні келетін, кешіккен жылы — күз басында сәлемдесетін. Ал биыл ол Қоспа хазіретімен қара күзде ғана дидарласты. Хазіреттің қол берген мұриттері көк есекті әулиеге бас иіп тағзым етіп, көз жұмыны жол берді. Қанақасында Қуанай әулиемен бір күн, бір түн сұхбаттасты.

Мұриттер арасында:

— Хиуа, Бұхара хазіретілеріне көктен әуез еніпті. Көк есекті әулие сол Әуезді барша мұсылман қауымына еғлан етуге келіпті,— деген лақап тарады.

Ертеңіне Қуанай хазірет жар салып халайықты мешітіне жинатты да өзі екі рақағат намаз соңынан уағаз айтты. Уағаз өзгеріссіз тақрарланатын: пайғамбардың тәңдесі жоқ сипаттары мен жолының ҳақтығынан, Әубекір Сиддихтың даналығынан, Ғұмардың әділділігінен, Ғұсманиң ғалымдығы мен Галидың ерлігінен басталды да, дін үшін Кербала шөлінде жан берген шәһиттерге қоңыр дауыстады:

— Алланың бірлігіне, Мұхамбеттің пайғамбарлығына, құранның шындығына шәк келтірген бини Хатап қауымымен һәлак болды. Мұхамбеттің әулетіне қол көтерген Язит ұрпағы Хинзир<sup>1</sup> суретінде шыр айналып жүр. Ол замана ақырға дейін жерге қараумен шыр айналып жүре бермек. Тәңірі үшін малынан зекет бермен ғен дүниедегі ең дәулетті Харон бай тірі күйінде жерге батты. Терт жұз жыл тағат еткен Барсиса ғалым құлқы нашар әйелге назар аударғаны үшін мәңгі дозаққа кетті. Қазір ислам дінінің қануына хилап іс істеген адамдар көбейе бастады...

— Жамағаттар! — деді мұнан кейін Қуанай хазірет, аз тыныстап алып. — Алдарыңызда тәңірінің сүйгендегі құлы, көк есегімен көгбага үш рет тауап етіп қайтқан, Самарқандагы Шаһизада қабіріне бас иген Қожа Ахмет Яссавидың ұзырына түнеген, Хиуа мен Бұхараның ақ жүзді имамдарымен қалам-шарин актарысқан, шайхы Кутубидің желмаясы жортқан жолмен Ирандағы мешнеге, Стамбулдағы Сулеймания мен Ая Софияда болып жеті күн, жеті түн салауат оқыған пірәдар Құтқожа сәждे қылыш отыр...

Басын төмен салып жүгініп тыңдал отырған халық ақырын қозғалып, бас көтеріп мойындарын мінбе жаққа бұрды. Күні бойы демін ішінен алып, тыныспен тыңдаған жандар енді көзбен, бар денесімен тыңдаулы.

— ...Хорезм жеріндегі Қара әулиеге көктен әуез енген. Солай ма пірәдер?

— Әлай! — деді көк есекті көне адам мұқамды, жіңішке үннен.

— Ие, Ахмет құлақ ұста, деген әуез. Солай ма пірәдер?

— Әлай!

— Ҳак тағала, уә тәбарака, мың бір есімді ракмәті кең рахман алла құлдарын тұғыры жолға салу үшін, аллага құлшылық ету үшін, гибадат арқылы фа-

<sup>1</sup> Доңыз бейнесінде. Х. Е.

ни жалған күнөсінен пәк болу үшін Мұстафасын жіберді. Кәләм шарифі тартты. Исламның бес парызын үйретті. Қараңғыда адасқан ұмметін мәсжидке шақырды. Солай ма, пірәдәр?

— Әлай!

— ...Енді сол мұсылман дінінен оның мәсжиделхарамынан бездіретін Дажал шықты...

Жұрт дір ете қалды.

— ...Дажал адам баласын һәлак етеді. Мұсылман қауымын аздыруға, хақ дінінен бездіруге агуалайды.

Солай деген бе, пірәдәр Ахметке енген әуезде?

— Әлай, хазірет.

— ...Жамағаттар! Бұл ақырзаманның басы...

— Алла!

— Алла! — десті дір ете қалған халық.

— ...Түрлі-түрлі пітна толар деген. Сауық-сайраң моляр деген. Есірткіш шарап ішушілер толар деген. Зинашы хатұнлар ерлерді аздырар, жалғаншы жандар ізгіні аздырар деген. Атаға — бала, анаға — қыз қарсы тұрар деген. Харам мен халалдың айырмасы жоғалар деген. Малдыға малсыз ұмтылар деген. Қазидің ұққіміне, хөкімнің әміріне бой ұсынбас, исламның бес парызынан бас тартар деген. Соның үшін, жамағаттар, мәсжидке жиналындар, мұриттер, сопылық жолынан таймаңдар. Мұсылмандар парыздарынды мұқият етедер. Басы болған азматқа дұға етіндер. Діннің, қазақ халқының мерейі үстем болсын! Әумин!

— Әумин!

— Әумин!

Мешітке толған жандар ұзақ отырысты. Қайта-қайта сәждеге бас урып сопылар тасбиқ тартысты. Соңсоң екі рақағат намаз оқып, хазірет қасындағы қази Хайыршаға:

— Жолың болсын, қази,— деп батасын берді.

Ойылға жүретін полк молласы Хайырша қазиді бас имамның өзі мешіттен шығарып салды.

## 2

Жаншаның жарлық — телеграммын Ойыл гарнизонының бастығы войсковой старшина Әзмұратов ерте-мен алғын еді. Сол күні түстен кейін оған Абылаев хат-бүйректы жеткізді. Мән-жайды ауызша толықтырды. Ойылдағы бұл әскер басы төрт жүзден астам курсант-

тарды казарма алдына тізді де, төтенше жорық жайын хабарлады.

— Уалаяттың болашақ жауынгер басшылары, жас офицерлер! Қазақ халқының ең бақытты еркін уалаят құрып, ел болған шағында сіздер әскер ғылымын үйренип, жаңа армияға қажетті білім алсыңдар. Бұл білім сын кезінде берілген білім. Мектеп ішінде алған жауынгерлік енер енді майдан терінде сынға салынбақшы. Қайтпас қаһармандық пен жау бетін жапырар ерлікті, тапқырлықты халқың үшін аяnbай жұмсайтын күн туды. Сендердің бірінші жорығың басталғалы тұр. Бұл жорықтың абырайлы орындалуы мына сендерге ғана байланысты. Сендердің жүректілігіңе, ғаділет үшін қанын тегіп, керек десе жан бере білулеріңе байланысты. Азаматтың ар үшін, офицерлік ұждан үшін, уалаяттың даңқы үшін, еліңнің ардақты салты үшін бірінші рет абырай аламын деушілер он адым аттал, ондан солға қарай ілгері шық! — деп бұйрық берді.

Оқудан өзге еш нәрсе көрмеген, «соғыс» деген сез-дің мәнісін кітап пен дәрістен ғана үйренген жап-жас юнкерлер бұл құпия сапарды жеңсік тамақтай көріп елегізе түсті. Бұл сапар жазықсыз жандардың әзиз қанын төгумен, жан түршіген өліммен, тән мен жанды қабат қажытатын ауыр жорықпен біте қайнайтын сөз-сіз сапар екенін олар сезбеді. Албырт жастық сұлу сезге еліктіріп, жұмбак майданга жетеледі; жау қамалы бөгетсіз бұзыларлықтай, ерлік есік пен төрдей жерде тұргандай-ақ көрінді...

Старшина кос тізбектелген ұзын сапты көзбен шолып шыққанша юнкер мектебі тұтасымен он қадам онға жылжып, жерді теуіп қалғандай дүңк еткізді.

Әзмуратов басын шайқады. Оған керегі үш жұз еді, жорықта аттануға төрт жұзға таяу курсант тұтас қалаганын білдірді. Командир тағы айқай салды.

— Азаматтың борышты ынта-жігермен атқаратын-дарыңа адал ииеттерің толық айғақ. Рахмет, юнкерлер! Енді әрбір төртінші адам төрт адым ілгері аттаңдар!

Төрт адым ілгері аттаған жұз курсантты казармада жіберді де, Әзмуратов үш жүздікке жорық жарлығын берді.

— Жолға жиналуға жарты сағат уақыт. Кавалериялық қару, отыз оқ, екі таулікке шақталған күргақ тамақ аласыңдар! Міндет жол-жөнекей белгіленеді. Марш!

Жарты сағаттан кейін войсковой старшина ат үстінде сапқа тізілген юнкерлерге жұз басыларының фамилиясын атады. Сонсоң:

— Алыс сапарга шыгарда сендерге ізгі ниетті ақ батасын беру үшін, бас имам хазірет Қуанайдың өсіетін еғландау үшін хазірет дарежелі полковой молла Хайырша қази сез сөйлейді. Жұздік бастарыңды көтеріп хұп тында! — деп айқай салды.

Әр кез көл алдында сез сейлеу үшін құрылған алаңдағы мінбеге Хайырша көтеріле берді. «Хазірет дәрежелі» қазидің тал сол минутта көз алдына өмір бақи ел кезген ізгі пірәдәр Құтқожаның кеше ғана: «заман ахир әуезі енді, оны ұлуг Хивадағы Қара әулие құлақ тұтып есітті» дегені, бас имам Қуанай хазіреттің Қосна мешітіндегі уағазы көз алдына келіп қөңілін елжіретін жіберді білем, сезін мұқамды тұнжыр үнмен бастады, кезін қекке көтере түсті, барлық жан-тәнімен тілек-дұрага беріле күнірәнді.

— Үа, қасіретті мұсылман ұғлы, бір ұданың газапты құлы, хақ пайғамбардың гарип үммәті, құлақ ұста! Ҳақ қәламды тында! Ҳақ дінді дәріпте! Ҳақ жолға бас и! — деп тына қалған жандардың жүзіне бір қарал алып, қази қайтадан қекке бақты...

Тыптышыған аттың жер тарпын, пысқырынып, тынымсыз қозғалып қази даусын шала есіттіргеніне қарамастан үйи қалған атты әскердің екі көзі молдада, екі құлагы үнде болады. Оның үстіндегі ұзын ақ мұнара шапаны, соған лайықтағандай шошак пәс мақаға ораган бастағы ұзын сәлдесі, қолындағы ақ балдақты ұзын асасы, бір мінбеде бір өзі тұрган келбетін ұзартып жіберді, жерден әлдекайда жоғары тұрган бойлы, сындарлы, шаң тимесе таза, о дүниеден келген бір әулие тәрізді әсер етті. Дөңгеленген қара сақалы мен таспадай қап-қара мұрты ақ сәлдеге бағдарлап қойғандай, молданың көздері мен қастары шымқай қара көрінді.

«Шығыс пен батыстан Яңжуж бен Мәңжуждың шығатынын жер жүзіне пітна толатынын, адамның азатынын, тек қана мешітке паналаган мұсылман пенденің аман қалатынын» Хайырша қази бас имамнан да асыра сейледі, бас имамнан әлдекайда күшті мұқамды үнмен үрейді ұшыра түсті...

Аяғында ол:

— Ұданың бірлігі, пайғамбардың хақтығы, комем шарифтың пәктігі үшін талай ерлер қан майданға ат-

танды. Дін үшін қара қазан, сары баланың қамы үшін талай жандар шаһит болды. Халқы үшін талай азamatтар қанағамандық іске бел буды. Енді мына тар заманда зұлымдар зұлымдық жолға шықты. Азғын агумен қоректенгендер асылды мыс етуге — дін мен ғадиетті аяқ астына салып таптауға аттанды. Халқы қалаған хәкімдерге ел ардақтаған дана азаматтарға қол көтерген күнәңгарлардың күнесі кешірілмейді. Пайғамбардың ақ туының астына жиналуға үндеген хазіретілерге бағынбаған дінсіздерге жаза — бір гана өлім. Мәсжидтен тыс өлім. Қауымнан тыс өлім. Қаһар тегіндер зұлымдарға! Лагнет оқындар азғындарға! Қеңе, қосылышындар салауатқа!..

Үш жұз аттылы хан салауатын күнірентті:

Салла аллани иабиге  
Ас-ха-била-ри Ғ-лиге  
Басшы бол-тан біз-лер-ге  
Аза-матқа қыл дұға!  
Жанын қиған жұрт үшін  
Сарп қылған бар күшін,  
Аза-мат-қа қыл дұға!

Қази кекке қолын жайып:

— Бір тәңірге қыл дұға — деп бетін сипады.

— Бір тәңірге қыл дұға! — деп дүр етті.

Сонсоң Хайырша жүзін төмен түсіріп бір сәт тұрып қалды. Отряд та үнсіз төмен қарады. Бір мезгіл кенет басын көтеріп алған Хайырша, асасын Арқа бетке мензеп, кекжиекке қадай нұсқады, алысқа нұсқады...

— Екіден сапқа тізіл, жүздік! — деген Әзмұратовтың жарлық-командасы шықты.

Аздан кейін:

— ...Марш! — деген бүйрек жалғасты.

Әзмұратов отряды жорыққа шықты. Оны бастаушы офицер Абылаев алдағы Әзмұратовтың нөкеріне қосылды.

### 3

Не күшті — дүрмекті топ күшті. Топтың дүрмегі кейде болмашы гана нәрседен де басталып кетеді. Сура кептеліп тұрган қалың қойдың ішінен бір ерек тоқты қарғып кетсе болды, ізінше топырлаған қоралы қой езенге лап қояды; дүрмектелген топты тоқтатып болмайды, шырмауы жазылған арқандай ол ендең жүзіп жүре береді, екінші жағаға жеткенше құлақ тұндырар.

лық ушыны мол тогыт тоныры басталады. Еркек қозының батылдығы мен батырлығын дәріндеуге келгеймен дәлелдеуге келмейтін өзеттік, адам дүрмегі де кейде осыған ұксас. Ақылға бой бермей кетеді.

Жасақшылар комитеті : «Теңдік туын ұстаған Эйтіев отрядына қосыламыз» деп кесіп-пішті. Бұл еріксіз құралған жасақшылардың көптен қөксеген бір бұлдыры арманының алайқын көзге елестеген шешімі еді. Бірақ...

Бір гана адам бұл тете жолды бегетті арнага бұрып жіберді. Ал қалың топ соның соңынан лап қойды.

— Қашып кеткен басшыларды жүндемей ешкімге де қосылмаймын. Алдымен Ойылды ойрандаймын. Ондағы жігіттерді қосып аламын. Соңсоң... Соңсоң Ақбұлаққа аттанамын. Маган еретіндерің шығындар бермен!— деп алайқай салды Мәмбет, бірнеше күн дүрліккен тояқа.

— Ереміз. Тұтас ереміз!— деп шу етті топ.

Комитет бастығы Батыrbек үндемей қалды. Ол жұрттың Ораз соңынан кететініне көзі жетіп екі-үшты пікірге иек сүйеді.

— Ойыл сапары ойландыратын сапар. Өйткені онда бірталай жасақшылар бар, жас офицерлер мектебінде оқып жатқан жігіттер бар. Оларды ерітсек — мақсат орындалар еді. Ал, бұл жол, алдымен бір бүйір. Ойыл қаласының бұл жерден жұз елу шақырым екенін бәрің де білесің. Темір демей-ақ қояйын, Ақбұлаққа, тілті Шыңғырлау басына тура беттесек, Қызыл гвардияның қарасын көріп те қалар едік. Шыңғырлау басы жұз елу шақырымнан артық емес,— деді Батыrbек.

Ол қалайда Ақбұлаққа тура жұру керек деп ашып айтпады. Жүрт үндемеді. Көп Мәмбеттің өктем сезіне бас ұрып: «Мақұл! Ереміз!» деген бетінде қалды. Жасақшылардың арасында көріне қоймаған, біраз күннен бері шеклен, шинель үлестіретін гана писарлік қызметіндегі Ораз сейлеудің де мәнісін таппады, сейлемей қалуға да шыдамады. «Әттеген-ай, осындай жерде тәжірибелі белгілі басшылардың бірі болса ше! Жұмбақ жүрісті, салқын жұзді Мырзагалиев бір көрінді де жоқ болды. Басқаратын көреген адам болмаған соң осылай болады» деп ойлады ол. Аздан кейін:

— Ал, жігіттер, сонымен Ойылға жүреміз гой, — деп Батыrbек Орақовқа қарады.

Бұл әдейілеп жиналған митинг емес, екі-үш күннен бері дүбілген жасақшылардың өзінен-өзі жиналып қалатын казарма алдындағы топтануы гана болатын. Мәмбеттің сезінен кейін өз пікірін айтуга жасқанды ма, әлде басқа бір себеп болды ма, Батырбектің «сен не дейсің?» деген үнсіз сұрағына Орақовта тіл қатпады, ол әлденені есіне түсіре алмай тұрган жанша темен қарап желкесін қаси берді. Ораз қозғала түсті. Ол, Батырбектің арт жағында тұр еді. «Менен сұрамас па екен» деген адамша жылжып оның алдына шықты. Бірақ Батырбек оған мойын бұратын болмады.

— Бұл қалай болды? — деді Ораз оған.

Батырбек жалт қарады да, «қайдан білейін» дегендей дағдарған пішін байқатты.

— Ағайындар! — деді Ораз қолын көтеріп, топты озіне қаратуға тырысып. — Тұысқандар! Жасақшылар комитетінің тоқтамы Әйтиев отрядына қосылу. Бұған ешбір жан қарсы емес. Солай ма?..

Жұрт үндемей қалды.

— ...Ал, «Ойылға аттану — бір бүйір», — деді Батырбек Элжанов. Бұл дәл сез. Бір бүйір гана емес, бұл қауіпті жол. Неге дейсіз ғой? Біз алдымен өз бойымызға қарауымыз керек. Біз әзірше әлсізбіз. Әлдену үшін, жорыққа үйрену үшін, тіпті қолма-қол ұрысатын жер келсе, жаумен жағаласа түсуге дайын болу үшін бізге Әйтиев отрядына жетіп буыннызды бекіту қажет. Яки ұрыс өнеріне үйрене беруіміз керек. Бұл бір. Екінші сез мынау: мына уалаяттың сорнага шығарының бәрі қазір Ойылда, Жаншаң да Ойылға қашып кетті, Ароның да сонда, штаб офицерлері мен басшы командирлер де солай жосыды. Ана үшікте қазір Толстов дейтін генерал күш жинап жатқан көрінеді, ал мына Текедегі наказной атаманның гаскери үй іргесінде тұр. Осы екі жақтағы бас кесер генералдарға Жанша хабар бермеді деп ойлайсындар ма? Әлбетте берді. Олар мүмкін бізге қарсы атты казак жұздіктерін шығарған да болар. Сонсоң... — Ораз жан-жағын қарап алды. Жұрттың құлақ салып тыңдай қалғанын көріп, даусын үдете түсті. — Сонсоң, жігіттер, мынаны естен шығармау керек: Ойылда офицер мектебі бар. Олар уалаяттың сезін сейлей ме, біздің сезімізді сейлей ме? Бұған кез жеткізу қын. Осыны естен шығармау шарт...

— Сонда не істеу керек, шешен жігіт? — деді Жол-

мұқан кекесінді үнмен қабагын керіп, басын шалқайта түсіп.

— ...Өзіміздің қазақ жігітерінің басын қосқан, теңдік туын көтерген жерге тұра тартуымыз керек...

— Мен өзім, өз туымды көтеремін. Ойылыңа да бармаймын. Ақбұлағыңа да бармаймын. Осы мына Өлеңтіде боламын,— деді Жолмұқан.

Сейтті де, кері шегініл, топтан шығуға бет алды.

— Оңдағы уалаятың мұндағы уалаятыңдан мықты емес, төрт жүз жігітке қарсы қол кетеретін күш қайдан бітті, Жаншага! Ойылды бір күннің ішінде өзімізге қаратамыз. Айтқаным айтқан. Еретіндерді шығындар, былай,— деп дүңк етті Мәмбет.

Ол да бөлініп топ ішінен шығуға айналды.

— Айтқанымыз айтқан, ереміз!

— Тұтас ереміз!..

— Ойылға аттанамыз. Баста, Мәке!— деп шулады жасақшылар жамырап.

Жорықтың беті айқындала берді. Ойылға беттеді. Ораз петеріне тұңжыр қайтты. «Әттеген-ай, Әбекең болса бұлай болмас еді. Мендігерей де жоқ. Қатерлі жол. Жан-жақтан жау қоршап алуы мүмкін...»— деп ойлады жасақшылар Ораз.

— Мені тұнеугұні сіз іздең келіп едіңіз, енді мен іздең келдім. Мұның екеуінің себебі бір-бір адамның тәнірекінде,— деді Нұрым Мұқараманың кішкене белмесіне кіріп отырганнан кейін.

Басында Нұрымның келуіне таңданып «ұялшақ мінезді жан, қалайша келді екен? Менен кере көзге қысылып жүреді»,— деп ойлаш, қыз оған тесіле қарап қалып еді, енді елегізе түсті.

— Әлде бір хабар әкелдіңіз бе... Хакімнен хат алдыңыз ба?— деді сәлғана езу тартып.

«Бірінші рет езу тартқаны! Баяғының күлмес ханы сияқты нағыз күлмес қызы. Біздің қазақ қыздары болса күйеуін сұрау түгіл, оның атын атауға да ұялар еді»,— деп, әлденеге риза болған пішінмен Нұрым күліп жіберді.

— Неге күлесіз?— деді Мұқарама кенет, түсін өзгерте қалып,— айтыңыз тезірек.

Тап бірінші көргендегідей Нұрым тағы да қысылып қалды. Ол қызды ренжітіп аламын ба деп састы.

— Менің күлкім, лектыр...— деп қалып ол, жалма-

жан жөндең кетті.— Менің күлкім, доктор, сестра, мағынасыз күлкі. Ойыма басқа бір зат түсіп кетті, мұлде басқа нарсе. Ал, менің ізден келгенім сізбен актық рет көрісіп, қоштасу...

— Қалай? Сіз басқа жаққа кетесіз бе?— деп қыз үрейлене қалды.

— Жалғыз мен емес, барлық жасақшылар.

— Согысқа жібере ме?

— Соғысқа жібереміз деген жарлыққа қарсы бас көтердік қой, есіттіңіз бе?

— Есіттім. Бірақ түсінбедім. Уәли абза әлде не сездер сөйлем кетті, қазақ жігіттері соғысқа барып көрмеген, соғыстан қашып бытырап жатыр дейді. Мен наңбадым.

— Соғыстан қашатынымыз рас, Бірақ өз билігімізді өзіміз алуға бас тігісуге де барамыз.

— Ол қалай?— деді қыз түсінбей қалып.

— Бостандық алуға бар күшті жұмсау деген сез. Керек болса басымыз да құрбан.

— Молодцы!— деді Мұкарама.— Қолыңызды беріңіз!

Нұрым сасын қалды. «Қол бергені қалай? Болашақ Хакімнің келіншегінің қолын алмақ па? Қайнағасы...»

— Сіз қол беруге қорқасыз ба?

— Жоқ, жоқ, әншайін,— деп Нұрым ұшып турегеліп, қыздың ұсынған қолын алды.

Нұрымның үлкен қолын баланың саусағындай жұлжұмсақ және нәп-нәзік ақ саусақтарымен Мұкарама қысып-қысып қойды. Соңсaн Нұрымның қызыл күреңтарта бастаган жүзіне тесіле қарап:

— Нагыз жігіт!.. Ер жігіттер! Хакім маған айтқан: бостандықты өз күшімізben аламыз, бізге теңдікті ешкім бермейді деп. Мен, міне, жаңа білдім кім екеніңізді, сізді де, сіздің серіктеріңізді де...

Қыздың жүзі жайнап кетті: оның әлденеге қадалып едіреіле қалатын кірпіктері жұп-жұмсақ шырайға бөлениген сұлу бетпен бірге балқып кеткен тәрізді; жаңағы бірде үрей, бірде кату пішін жүгірген нагыз қара қоңыр көздің өзгергіш жанарынан енді ұшқынды бір шүғыла төтіліп тұргандай көрінді.

Қыз қолын кері тартып алыш, енді алақанын шапалактай бастады.

— Сіз де мақұлдайды екенсіз...— деп күмілжіді Нұрым.— Рақмет. Көп рақмет!

— Мақұлдамай бола ма мұндай ерлік істі! Әлдене-

ні ойлап қыз мұдіріп қалды да, сонсоң: — Мен мүмкін жүрттың бәрінен бұрын макулдармын, өйткені менің туған қалам қанды майдан астында, ең жақсы көретін адамдарыммен көрісуге зармын. Бұгін ұзақ күн Оралды ойлаумен болдым... Ондағы адамдарды сағындым,— деді.

Нұрымның аузына кенет «бірге жүр, бізben бірге жүр деп айтсан қайтеді?» деген сөз келіп қалды да, оны «мына уылжыған Мұкараманы еркек қойдай бөлінген жасақшылардың арасына шақыру күпірлік болар. Салдыр-күлдір әскердің жүрісіне қыз түгіл еркек лектыр да көне алмас» деген қарсы ой бөгеді. Ол тек жай-мәністі ашық айтып кетуді мақұл тапты.

— Осындай тәуекелге бел байлап, сапарға шығуды үйгарды жігіттер. Жолымыз болса басқа қаладағы қазақ азаматтарына қосыламыз. Сондықтан жүрер алдында сізben амандастып кетейін деп келдім.

— Кай қалаға жүрмек болып үйгардыңыз? Оралға емес пе?

— Жоқ, Текеге емес. Теке өзіңіз айтқан соғыстың астында. Біз Ақтөбеге қарай жүреміз, басқарып жүрген азаматтар Темір қаласына барамыз дейді. Бұл құпия іс. Құпия болғанмен сізден жасыруға болмайды. Менің інім қазір сол жақта. Әйтиевтің отрядында. Әйтиев деген қазақ халқын теңдікке жеткіземін деп жүрген ардақты адамымыз...

— Алақай, мен де кетемін, сіздермен бірге кетемін. Ура! Әскермен бірге дәрігерлік қызметке! — деді Мұкарама жас балаша секіріп.

— Шын айтасыз ба? — деді Нұрым, қуанарын да, қуанбасын да білмей әрі-сәрі пішінмен. — Сізге қыны болар. Өңкей әскер адамның арасында жол бейнетін шегу...

— Менің ең арманым осындай әскерге еру, соған көмек беру, жарагалысының жарасын байлау, ауырганының қасында болып дәрі беру. Қалайша қыны дейсіз? Сестра болғаннан кейін, есіресе хирургия сестрасына әскерден қалуға бола ма? Сонсоң, сіздермен бірге менің де ең қымбатты көретін жақындарыма жету көрек емес пе? Әлде мына ацыраған Жымпітідан айрылма дейсіз бе? Нұрым енді кедергі келмес жағын көзdedі. Қыздың ниетінен қайтпайтынын анық түсінді.

— Сізді доктор Шұғылов жібермес. Сол кісінің қарауындастырылған гой. Ол және Жаншаны қолдайтын адам.

— Доктор Шұғылов қазір Орал қаласында. Науқастаның сондағы докторларға қаралу үшін кетті, бүгін бесінші күн. Кеше хабар келді, ауруханаға салған ол кісіні. Соңсоң мен ол кісімен ақылдаспаймын, өз еркім өзімде.

— Олай болса жақсы. Мен Жоламановқа айта-йын — сіз бірге жүреді деп.

— Айтыңыз Мен қазірден бастап жолға шығуға әзірленемін. Керекті дәрі-дәрмек, жара байлайтын материалдардың бәрін даяр етемін. Кухня бар ма?

— Айтқандай аспазшы әйел бар. Тамақ пісіретін құрал-сайман және басқа жабдықтар бар. Бірнеше көлік.

— Тамаша. Мен сол обозда боламын. Менің затым да бір көлікке жүк... Құрал-сайман, байлау материалдары, дәрі-дәрмек толып жатыр...

— Онда жақсы. Бірге жүретін болдық. Қоштаспайтын болдық.

— Бірге жүреміз. Бірге сапарға шығамыз...

Нұрым басын изеп, үйден шыға женелді. Мұкарамың мына иесіз қалада жалғыз қалып қоймай сапарға бірге шыққаны үлкен бақыт сияқты көрінді.

Нұрым үйден шығысымен қыз балаша секірді — алақайлас қол шапалақтады; жүгіріп жүріп терезені шалқасынан ашып тастанды; кровать астынан қол чемоданын суырып алып дүниесін түгендеді, киім-кешегін жинастырды, әлденені іздең үйдің астын үстіне шыгарды. Салдыраган дыбысқа сырттан жүгіріп кірген Майсараны Мұкарама құшақтай алды.

— Апа, мен жүремін. Оралға жүремін. Орал емес Жайық бойына... Орынбор жаққа,— деп аptyқты қыз.— Көп адам, полкпен бірге...

— Ей алласы,— деді әйел аң-таң қалып.— Терезе шатырлап, кровать шартылдағанға не болды шол деп есім китсе, үйге баруга қуанасын икән. Яри, алай иса яри. Жолың болсын.

— ...Апа, хош тұр. Сау бол!..

— Қазір ғана йұрасің міни?

— Қазір, апа, қазір. Полк походқа жиналды деп әлгі Жұнысов мырза хабарлап кетті.

— Қашан қайтасың, сіңлім?

Мұкарама қалт тұрып қалды. Бұл сұрақ оған тосын сұрақ болды. «Қашан қайтады? Енді қайтып келе ме? Неге келеді? Оралда болмай ма? Туган қаласында бол-

май ма?» Кыз басын шайқады, білмеймін деген ишарат көрсетті.

— Ей, алласы! Алай иса, жолға күмәш салайын...

Әйел қыздың жолына «барым-әзірім» даярлауга кірісті. Ал, Мұкарама дүниесін жинастырып отырып «Үй» ойна сүңгіді...

...Қаланың іші-сырты әскер. Көше сайын қарауыл солдат, атты пикет. Бар жұрт қару ұстаған. Қару жогы қолына кетпен алған. Жер қазған, тонырақ тасыған, бөрене сүйрекен, құм толтырып, қапшық арқалаған жандар. Қыбыр-қыбыр. Үйге қалай бармақшы? Барғанда не іstemекші!? Жоқ, мұның бәрі өзгереді...

...Тізілген атты әскер. Сансыз әскер! Ұшы-қыры жоқ әскер! Қаптап келе жатыр. Оралды алуға келс жатыр. Көптің алдында Хакім келе жатыр. Атамандар ығысып, Шағаннан әрі жылжып барады. Хакімдер көпірден етіп жалаң қылыш көтеріп шауып бара жатыр... Көпір аузында тірелген обоз: зеңбірек сүйрекен жалау байлаған жорық кухнясын артқан, азық-тулік тиеген обоз... Обоз алдында шинельді, ақ беретті, ақ сумкалы Мұкарама... Үлкен жинальс. Хакім мінбеде сез сейлем тұр. Жұрт жамырай тыңдаған. Ду қол шапалақ. Хакімді көтеріп алып бара жатыр, губернатор үйіне апара жатыр...

#### 4

Қалың жасақшы ақыры бір бүйір, алыс сапарға маңдай тұзеді.

Күздің ызғыған бір қоңыр күні еді. Етек-женді жаздырмайтын ертеңгі сұық леп сәске түсте жұмсара бастады. Күн көзі көрінбесе де аспан да қылаң тартып, кәрі қабагы қыртысын жаза түскендей болды. Бүгежектеген кейбір қоңыз ат пен жалаң шинельді жігіттердің де бойы жазыла бастады. Алдыңғы топ қаланың шетіне жетті, алдымен қозғалған обоз Қызыл-үйден әрі асын та кетті. Біріндең шұбан, іркіле топтанып, тәртіпсіз түрде аян-бұлкілмен әскер дені аурухана мен мектептің аралығындағы алаңға ойысты. Сол жерде бас қосып, үлкен жолға тастай түйініп, қол тәртібімен жұздік-жұздік болып белініп аттанбақшы еді. Бірінші жұздік бел асқанша, келесі жұздік сап түземек, онан кейін үшінші жұздік аттанбақ, аралары бір көрінім жер болуға тиісті. Өйткені жол щаңын көтермей, әлдеқалай іркілген жасақшы болса, оның

екшесін баспай кең жүріс, еркін тыныспен аяңдауға бас командирдің атынан Жоламанов жарлық жариялады еді. Бірінші жүздікті Мәмбеттің өзі, екіншісін — Орақов, үшіншісін — Жоламанов басқармақ болды. Нұрым соңғы жүздікте — Орақовтың қарамағында қалды да, алдыңғы лектер жөнел үлгергенше ауруханадағы Мұкарамаға келді. Ол қызы жайын басшыларға бірден жарияламай, «шын бел байлаш шыққан кезде гана айтпақшы болған. Бұған «әлде де Мұкарамамен көңірек сейлесейін, көппен бірге аттанған жорық жолы әйел балаға ауыр соғар. Мүмкін Әбдірахман отрядына қосылғаннан кейін тіпті Хакімнің өзі келер, өзі келмесе лектыр қызды алып кетуге мен қайтып оралармын» деген екінші ой себеп болып еді. Бірақ бұл ойын Мұкарама ортага салуға келтірмеді.

— Ат-арба қайда? — деді қызы оның алдынан жүгіріп шығып. — Әлде салт жүргізуге ұйғардыныз ба?

Нұрым тағы да сасып қалды.

— Мен сізбен ақылдасайын деп едім, — деді ол сүріне сейлеп. — Бұл сапар аса қызын сапар...

— Біз сізбен қызындық жайлы емес, қалайда журу жайлы үәделескенбіз.

Қарсы жауаптың жолы біржола кесілді. «Апымрай салдырлаған арбамен бүркүраған шаңың астында, гүлдеген көп еркектің ішінде қайтып күн кереді? Жолда қайда түсіп, қай жерге қонбақшы? Қаптаған қалың қолмен бірге күн-түн қатып журуге шыдай ма? Ұыздай қызды кім бақпак? Кім басы-көзі болмак? Сапар ұзаққа созылса ше? Алдан жау қамалы кездессе не болмак?.. деген уайымды ой келді оған. Бірақ бұл ойын қызы тындайтын көрінбеді.

— Мен ат-арба туралы ойлаған жоқ едім... — деді Нұрым, айтар сезін жұтып қалып.

— Онда салт журуге де дайынмын. Мен атқа мініп жүре аламын. Минхайдар абый қішкене кезімде атқа салт журуді үйреткен. Ол кезде біздің үйде бірнеше рысак бар еді. Жұма сайын салт мініп «Хан орманына»<sup>1</sup> серуен жасайтынбыз. Бір жылы абый екеуміз Каменкаға салт атпен барып қайттық, — деді Мұкарама өзінің атпен жүре алатынын өбден дәлелдей.

Өзі де атқа салт мінуге дап дайын: аяғына қызыл сақтиян етік, үстіне камзол, басына татар берік киген. Оның үстіне жүзі бейне баланың жүзіндегі шаттық

<sup>1</sup> Ханская роща. Орал жанында. X. Е.

шырайга белене түскен. Үстіндегі ықшам кім қазақтың көш басын жетелейтін сұлқым қыздарына ұқсатып тұр, басындағы дәңгелек құндыз бөрік те бұрынғы сопақша бетін бүгін деңгелентіп көрсетіп, қасы мен қабагын да қоңырқайтып, ақшыл жүзді қара торыға айналдырган сияқты.

— Жоқ, жоқ. Мен қазір ат-арба әкелемін, табамын. Салт жүруге болмайды,— деп Нұрым жалма-жан кері шегінді.

Мұкарама оған тіктеп қарады. Оның абыржығанын түсінсе де түсінбеуге тырысты. Ол енді ілік таға сейледі.

— Мен сізді, Жұнысов, бәрін әзір етті деп ойлап едім. Және көп күттім. Өзім ертемен келдім ауруханаға. Жолға керек дәрі-дәрмекті жәшікке салып шегелеттім. Жол киімін кешке кешке дайындал қойраимын. Сіз маған амандаса келген адамша сейлейсіз,— деп Мұкарама қабагын шытты.

— Қазір, қазір әкелемін ат-арбаны...— деді Нұрым. Ол тез атына міне сала, кері Жоламановқа шапты. Жұнысовтың:

— Доктор қызың бізге ереді. Ат-арба керек... Дәрі-дәрмек салуға керек,— деп ентіге хабар бергенін командир таңырқап тыңдаған жоқ.

— Обозға мінгіз. Дәрі-дәрмегін дұрыстап орналастыр. Керек тастың ауырлығы жоқ. Ертең бас ауырып, балтыр сыйздаса өз докторымыз болады,— деп ол жарлық етті.

Командирдің бұл жарлығына Нұрым іштей риза болмаса да, қайырып жауап айтпады. Оның бар құдігі: «Мұкарама ана обозға отыруға көнбес. Көнбесе жігіттердің бірін арбаға қондырып, атын алып берермін» деген тоқтам еді. Бірақ Мұкарама ләм-мим деместен:

— Қай арбага?— деп қана сұрады.

Нұрым оны бір әдемі тарантасқа отырғызды. Тараптастың жүгін басқа арбаларға беліп салып, қызды дәрі-дәрмегімен бірге жеке орналастырып:

— Докторды жаяу жүргізуші болмандар. Бүйрық солай,— деп тапсырды обоз бастығына.

Обоз бастығы оған қарсы болған жоқ. «Дәрігер қызы менің обозыма да көрік» деген адамша маңғаздана қарады.

Айдалада бір қара...

Жалпақ дала, ұзын жол. Эскер жүріп келеді. Кешеден бері Нұрымды талай уайымды ой да қоршап еді. «Елден аулак, жерден аулак, әке-шешеден аулак, әзілді құрбы, назды замандастан аулак кеттік. Алда не күтіп тұр. Жер де, ел де таныс емес, сапар да ойда жоқ жерден киліккен сапар. Қыыр шет, күдікті жол». Бірақ ол дүбірлі жорықтың дүрмегімен, әлденеге аңсал ұмытылған көптің ден ортасында бірде әңгімеге, бірде жігітерінің қону-түстену қамына кірісп кетіп, ой шырмауынан тез арыла берді. Самиян сары даланың алысқа жетектеп, көңілді сергітетін салқар сипаты демдей берді. Еркіндеп жорыта алмайтын тығырық кеше өлшеусіз жазыққа ауысты; тынысты буатын кепшілік казарма кепшілік мұхитына ауысты. Тебеде түпсіз аспан, төрт жагың көз жетпес маң даала. Айдала. Алыстан көрінген адыр «асып түссем» дегізеді. Даланың төрінде тұрган тәбелер «басыңа шықсам» дегізеді.

Еңку, еңку жер шалмай,  
Ерулі атқа ер салмай.  
Ерлердің ісі бітер ме!—

дегізеді.

Мұны Нұрым Махамбет ақынның өлеңін жатқа билетін Ығылманнан естіп еді. Қазір соны айтЫП ерні жыбыр-жыбыр етеді. Вір кез оның жанында жау қамалына іркілмей кіретін қайратты долы жандар қаумалап келе жатқандай болады, айналасындағылардың бәрі батыр болып көрінеді. Кескілесіп жан беріспей ат мандаіын бұрмайтын өңшең бәрі құлақ дән санаи, сай аттаң жортып келе жатқандай болады. Ат үстінде тақымын жинай алмайтын кең етек, жалпақ бөрік, жалпақ жалап желетін жамантайлар емес, сұр шекпенді, ықшам белді, ат үстінен тұрып оңды-солды оқ атуға жарайтын онтайлы жауынгерлер! Қылыш соғып, қасарыса шабыса алатын бес қарулы берік топ саулап келеді! Бәрі қымбат, бәрі дос!

Барінен де асыл, аяулы жан бар осы топтың ішінде. Ол бейне бір сыңарынан көз жазып қалған ор киік сынды.

Әлденеге сенген, әлдене бір кіршіксіз арманның

құшагында келе жатқан періште сынды ару! Көп ердің, түсі суық, жүзі күнгірт өжет жандардың арасында тотыша таранған жан. Қөрмеген жерді басып, ішпеген суды татып, қабағы қату, жүзі кірбің жат жандардың ортасында тәуекелге бел байлаган балғын қыз... татар қызы Мұкарама келеді!

Мұкарамаға бұл сүр шинелді суық өнді адамдар жат емес. Бәрі өзінің шарапатынан бөлениген, айтқаңын істеп, қасы мен қабағына қараган сәбидей, Мұкарама бұлардың құтқарушысы сынды.

— Біздің доктор қыз,— дейді оның арбасын көрсетіп қоңыр домалақ жігіттер.

— Ләктыр қызга байлатып ал қолыңды,— деседі әлдеқалай саусағын жаралап алған жауынгер болса.

Бұл Нұрымның қеудесіне ерекше сезім құяды, ала-бөле мақтаныш! Ол мына жүрттың құтқарушы «лек-тыр қызымен» жете таныс, таныс қана емес, оның жақын-туысындей адамы. Оның керегін тауып, сұрағанын әкеліп беруге әзір. Өзінің он жігітін әдейі обозға жақын ұстаудың қамын көздейді, басқалар ілгері кетсе, ол кері шегініп кешеуілдей береді, обозды тосып алады. Ал, обоз ілгері асса оны тақымдал ілесе кетеді. Тамақ жабдығын тиеген, жорық қазаны қайнаған, ортасында ләктыр қызы бар обозды әскер қоршалап жүріп келеді. Әлден уақытта айдалада бір қара көрінді.

— Бейсауат аттылы келе жатыр!..

— Солдат білем!

— Жай қазақ шығар,— деп елегізе қол шошайтып, алыстағы белге көз шүйген шеттегі жасақшылардың сезі тол ортасына қарай жылжыды.

Аздан кейін әскер, ай қарагандай алысқа тегіс кез тікті. Алда қара қырқа көрініп еді, қара жол сол қырқаның белін басып әрі құлап жатқан. Аттылы жолдан бір бүйір, қырқаның батыс жақ етегімен ойыса жүріп келеді. Мұның әскери адам екені аныла түсті: киімі сыптығыр, атқа отырысы шошақтау және иығында мылтығы бары байқалады.

— Аң құған біреу шығар,— десті бірқатары.

— Жалғыздан-жалғыз, мына маң далада неткен аңшылық,— деп қалды Нұрым, әлденеден күдіктентендей қабағын түйіп.

Аттылы бұл кезде ат маңдайын бұра бастады — әскердің жолын орай, көлденеңнен қосылуға бет алғандай. Аздан кейін сүйт жүрісті жан екенін байқатып,

бірде текіректеп, бірде сары желіске басты, тезірек қауысуға асыққандай бой көрсетті.

— Нұрым, қасыңа бір жігітінді ал да, кім болса да жалғыз атты жолаушының жолын кес. Өскери адам болса — оны көр. Өзіңнен жән сұраса маған алып кел,— деді Жоламанов қасында келе жатқан жырышыға.

Жұз басы аттылының бір бүйірден бой көрсеткенімен «екше арты Ойыл шығар» деп жорыды. Аз жүрген-нен кейін ол жолаушының шапқышы елбетті нағыз өскери жан екенін көрді. Шинельді, беліне қылыш байлаган және офицер формалы сияқтанды, Нұрымға ол честь беріп қалғанға да үсады? Бұл кім? Ойыл басшылары жіберген адам емес пе? Не деп жібереді? Әлде... жолымызды барлап, бағыттымызды байқагалы жүрген шолғышы ма? Онда бұл арам ниетпен келген жан болады гой...»

Жоламановтың ойын басқа басшылар да ойлады ма кім білсін, ілгерірек кеткен Ораковтың жүздігінен «Кім екен?» деген сұраққа жауап алушы жасақшы жол тосты. Үшінші жүздік оған жеткенше көлденең кездескен тосын аттылыны Нұрым Жоламановқа жолықтырды.

Аттылы оңтайлы, етті ғана келген, қара мұртты, қырыстай қара жігіт екен. Екі көзі караганға батыл қадалатын, өткір жүзді көрінді.

— Оң салар болсын, азаматтар! — деді ол Жоламановқа честь бергендей құлақ қағып қалып, бірақ сезін көпке мецзен.

Өзі шоғырлана қалған топ жігітті жіті көзімен бір шолын өтіп командирдің лебізін күтті.

Ағайынды Әлібековтерге жақын, соларды үлгілі ага тұтып өсken Жоламанов қазақ жігіттердің қатал тәртіппен үретуге басынан-ақ қас еді. Ол тентек Жолмұқаның оғаш мінездері мен уставқа жатпайтын қылыштарын «қалай-солай қараумен» келген-ді. Сол үшін оны штаб басшылары орынан алып, солдат қатарына қости. Ал, бұл жазаны орындар күні «улкен бұлік» туды да, ол қызығыштай қорғап келген қоныр жүзді момақан жігіттерін тәндік жорығына өзі бастауға бел байлаган болатын. Мөмбет көпке беделді болғанымен ақылға салып іс істеуден гөрі жапырып журуді жаны сүйетін ер. Бұл мінезі Жоламановқа қарама-қарсы мінез — ойлауга жол қалдырмайтын шартта-шұрт құлышқ-ты. Сондықтан бұл келген адамның кім екенін,

не пығылы барын Жоламанов алда кеткен Мәмбетке хабар бермей тұрып ашып алмақшы болды. Ол «бұл тегін адам емес» деген күдікті ойға келді.

— Иә, өзіңзге де оң сапар болсын, азамат. Түзде тұз жаласпай тіл шешілмейді деуші еді біздің елдің кәриелері. Эйтсе де жөн сұрау шет емес,— деді Жоламанов сазарыңқы пішінмен.

Жолаушы оған назарын аудара қоймай, өзімен-өзі болып кетті: аттан секіріл түсіп, тізгінін ер қасына ілді, шылбырын босатып қолына алды да атының мойнынан қақты, жалын бір сипап өтіп кекілін жазды. Қара кер жылқы тұрпартты түріне қарағанда ат сияқты көрініп еді, бірақ аргымакқа шатыс бие екен; Жоламановтың сыншыл көзі оның ересі ұзын, тұрқы биік, тік-бақай, жалаң құйрығын құм жағының белгісі деп тапты. Жұмыр дene, тер қатқан тебінгісіне қарап «алыс сапарға сыр бермейтін баптаған жылқы» деген ойға келді. Атынан да иесі ой саларлық.

Қарсы жауап қатуға асығарлық түрі жоқ, ез бабымен аман, жұрт тыныш; адамның өзі де, аты да бабында жүрген жаңдай; қимыл-әрекеті: күндегі ісім осы; ел жүруі керек,— деп тұр. Ол қаумалай қалған қазақ жігіттерін оның басшысы «кімсің?» деген сұрақпен төніл тұрғанын жаңа ғана сезген жанша ат шылбырын тастай салып басып жоғары көтерді.

— Иә, сапарларың оң болсын, азаматтар. Жақсы лебіз, жарты ырыс, маган да оң сапар тіледіңіз, замандас, рақмет.— Ол Жоламановқа енді ғана тіктең қарады.— Сапарым онын болды деп тұрмын. Өйткені сіздерге тез қауысып, іздегенімді тез талтыйм. Басшылық етіп келе жатқан... (жолаушы Жоламановтың әскерлік чиніне көз тастап мұдірді) өзіңзі бе, старшина? Аттан түссеңіз, оңашарақ отырып тілдесер едік.

Жоламанов тез жауап қатты. Оған бұл адамның сез саптауы да, маңғаздана түскен офицерлік мінезі де үнамады.

— Оңашалап сейлесіп мына жігіттерден жасырар менде сыр жоқ. Ойымыз ортақ, талабымыз бір, сапарымыз бір біздің, прaporщик мырза. Осы келе жатқан қазақ жігіттерінің бірі басшы, бірі қосшы есебінде,— деді ол қаталдау үнмен.

— Жоқ-жоқ,— деді іле-шала прaporщик.— Құпия сыр бар деген ишет емес. жұз басымен жекелеп жөн сұрасайын дегенім гой. Сіз жұз басысыз той?

— Шамалап тұрсыз.

## Прапорщик езу тартты.

— Жол жүрген жанның қабағы қату келеді, өсіре-се танымаған адаммен кездескен жайда бұл заңды, ете заңды түйткілдік. Оның үстіне, әділетсіздік зардабын шегіп, ашынған жандардың сіркесі су көтермейді. Әбден түсініп тұрмын, заманас, түйткілдік пен тұксю-ді... ашу-ыза, кек кернеген жігіттер қара дауылмен тең шығар-ақ, жолындағыны жапырып, жығып, тапташ кетуге де жұз жанбас деп ойлад ем баста, қайта аза-маттар салмақты, парасатты пішін көрсетті. Турасын айтсам, бұл сапарыңыз ерліктің сапары, жұмдықтың жорығы. Дегенине жетпей тынбайтын қайсарлығы ба-сым бұл жігіттердің, бастап келе жатқан мына езіңіз-дің бұл сапарыңызы ерліктің сапары деу аз, бұл қа-нармандық қимыл, қанармандық сапар...

Көруге шымыр, тығыншықтай бұл қара жігіттің сезі іркілмей төгілетін жан екені және ете жігерлі, әрі қисынды, шебер сәйлейтіні де байқалып қалды. Жал-ғыз-ақ Жоламановқа жақпай қалғаны: оның бірден «ерлік, қанармандық» деп аспандата сейлегені болды. Жоламанов қабағын шытты, бірақ қаумалаған жігіт-тердің көбі аузын ашып қалды.

Бірқатары иек қағысып, шынтақпен тұртісіп, «бэ-ле, жігіт екен» дегендей болды.

## Прапорщик сезін соза түсти.

— Мен прапорщикпін, мұны мына погонынан ездеріңіз де көріп тұрсыз. Прапорщик деген үлкен чин емес және оны мен қалап та алғаным жоқ. Кешегі он алтыншы жылы қазақ баласын окопқа айдағанда, бас көтергеннің бірі болып солардың ішінде кеттім де, орысша оқығаным бар, кептің қамы үшін істеген ісім бар, эйтеуір тылда болсам да, осыны ескерді ме кім білсін, маган, әскерлік атақ берді, иығыма погон тақты вестовой кіші офицер етті. Сіздердің түйілінгіреп қа-рауыңыз да осыдан шығар. «Патшашил әскер қызы-метінде болып шен-шекпенге не болған, енді мына ба-тыс уалаяттына офицер! Бұл бізге не айтпақшы?!» деп қату қабақ, көрсетуіңіз дүп-дұрыс. Алайда, бұл бір көргенмен, жігіттер. Бір көргенде аю да аңың жексү-рыны, ал екінші, үшінші көргенде оның адамға қас емесін білесің. Атамыз қазақ, дініміз мұсылман діні, көксегеніміз тендік, тілегеніміз ел болу, ағайындар. Сондықтан... Сондықтан еіздер әлгі Жымпітыдан шыққан азаматтар болоаңыз арнап айттар сез бар. Бұл

сөз ағайынның сөзі — у ішсең кеппен бірге іш, бал жесең боліп же деген ежелгі елдік сөз...

Нұрым Жоламановқа қарады, ол тыңдайық деген ишарат білдірді.

— Көктен жасақшы жаумаганын да, өкше-артымыз Жымпіты екенін де көріп тұрсыз ғой, мырза!..— деді Жоламанов салқын лебізді қоңыр үнмен.

Жоламанов іштей түйіле бастады. Прапорщик қаншама сөз кестесін ірікней жайып, қоршаған жігіттерге «шіркін, көпті көрген, сөзге шебер жан екен» деген ой салса да, жұз басы оның сөзін алдып, шешіліп әңгімелесуден бас тарту ниетіне көшті. Аз кідірістен кейін ол:

— Мақтауды да, боктауды да көріп журміз, прапорщик мырза. У ішуге де аса құмар емеспіз. Тіпті көп болып ішуге де жігіттер онша емес. Бізге алдымен өзіңіз кімсіз? Жолдастарыңыз бар ма, әлде жалғызысыз? Соны айтыңыз,— деді.

— Жалғыз емеспін, жұз басы, көп адамның бірімін. Барлаушы есебінде озып кеткен адаммын...

Жұрт ентелей түсті, Жоламанов қадала қарады. Бірақ прапорщик ешкімге жұз бұрнастан:

— ...Егерде атусті сейлейтін болсақ, мен де атыма мінейін,— деп шылбырын жинап, ер қасына іле салды да, дік етіп биесіне мініп алды.

— Қанша адамсыздар? Қай жаққа бара жатырсыздар?..— деп бөгіліп қалды Жоламанов.

Нұрым да, басқалары да құлағын тіге түсті. Біреулер:

— Не дейді, көп адамбыз дей ме?

— Әскер болды гой онда...— деп күбірлесті.

— Әңгіме былай, жігіттер!— деп прапорщик үзенгіге шіреніп ер үстінде көтеріле түсті, ақырын тамағын да кенеп алды.— Ойыл қаласында офицерлер дайындастын юнкер мектебі ашылғанын сіздер естігей шығарсыздар. Сол мектепті бітіріп отырган үш жұз қазак жігіті, мына таң өздеріңіз сияқты, осыдан үш күн бұрын бас көтерді. Ондағы мақсат: есің барда ел тап деген қазақтың дана сөзін ақыл тұту; күні бүгінге дейін табанының астына басып келген қазақ атамандарының сойылын деп қырылмай, сидагы-қырдағымыз бас қосып өзімізді де, елімізді де аман сақтап қалу. Ол үшін мына сіздердің бет алып шыққан қалың қазақтың ортасы Ақтөбеге, оның аргы жағындағы Ақменшіт пен Қазалыға қол арту — сол

жақтағы азаматтарға жалғасу. Осындаи ниетпен дүрліге көтеріліп, ішіміздегі ақ казак-орыс офицерлерін айдал шығып, бірқатарын тұтқындал, олардың шашпауын көтермелеп жүрген азғындарды жүгендеп, біз де жолға шықтық. Мен сол жолға шыққан елу адамның барлаушысымын. Олар осыдан он бес-жырыма шақырым жерде ел арасымен келе жатыр. Мен барлаушыға еманспін, солардың жіберген елшісімін. Жұз басы айтқандай аспаннан жасақшы жау маған шығар, сол Жымпітыдан шыққан туыскандар мына сіздер шығар деп топшыладап тұрмын...

— Біздер.

— Біздер.

— Жаңылысқан жоқсыз,— деп қалды бірқатар жасақшылар шуылда.

— Тоқтандар, шуламаңдар,— деді Жоламанов жігіттеріне.— Иә, сонсоң?

Сонсоң, осы шамадан кездесерміз. Көп адам көзге түспей кете қоймас деп топшыладап едім, болжалым дұрыс шықты.

— Елу адамбыз дейсіз бе? Уш жұз офицердің басқасы қайда қалды?— деп сұрады Жоламанов.

— Басқалары Ойылда...— деді прaporщик.

— Ойылда олар не бітіреді?

— Бізден хабар алғанша сонда бола тұрады.

— Елуіңіз неге шықтыңыз? Елшілікке бірер адам да жетпей ме?

Прaporщик бөгеле түсті де езу тартып:

— Сіз күдіктеніп қалдыңыз. Мен мұны бастан-ақ байқадым. Бұл заңды күдіктену. Әскери адам айнала ойлап, не мәселе болса да ойлап-пішіп, сонан кейін әрекет етуі керек. Сіз замандас, маған қатты ұнап қалдыңыз...

— Азамат, мен басында да ескерттім сізге, мақтауды да, боктауды да естіп журміз деп.

— Жоқ, мақтаған емес, адал сез, ойдағы адал пікірімді алға салып жатырмын.

— Жақсы, жақсы!..— деді де Жоламанов Нұрымба бұрылып:— Мына прaporщик мырзамен бірге келе жатқан офицерлерді көріп қайт. Елу адамбыз дейді гой — біл. Біз анау көрінген ауылға аялдаймыз. Сол жерге орал, кешке дейін келіп жетесің гой,— деді.

Нұрым Жоламановты оңашалай беріп:

— Жалғыз барайын ба?— деп сұрады.

— Бір өзің бар. Қай жерде екенін, қанша адам

екенін көзіңмен көр. Соңсоң мына прaporщик мырзаны ерте кел, Орақовтармен жүздестірейік,— деді жұзбасы.

Прaporщик пен Нұрым топтан бөлініп шыға берді.

— Жігіттер!— деді Жоламанов айқайлас, әлдене уақыт шоғыр-шоғыр болып тоқтап қалған жасақшыларға.— Ойылдағы әскери ағайындар бізге қосылмақшы деген хабар әкелді жаңағы офицер. Оны бірқатарың өз құлақтарыңмен естідіңдер, ал естімегендеріңе жаңалық осы. Бізге қосылуға шыққан елу офицер дейді. Мен хал-жайды көзбен көріп келуге жыршы Нұрымды жібердім. Сендерден талап ететінім: қатардан шашау шықпай, түстенген, қонған жерге бет-бетіңмен бөлінбей, халыққа жат мінез, жайсыз қылық көрсетпей, бір кісінің баласындаі бір сезді, бір мақсатты түрде жылжи беру. Ертең қай жаңқа, калай қарай жүреміз, оны кешке ана алға озып кеткен жасақшылар комитетімен ақылдасып шешеміз. Мына офицерге қосылу-қосылмау жөнінде де әңгіме кешке қонған жерде шешіледі. Алаң болмайсындар. Керексіз дүбіліс-дурмекке жол бермейсіңдер. Ілгері тартындар!

Аттылыға кездесіп іркілген жүздік тагы да ілгері жылжыды.

## 2

Айдалада кездескен офицер Хакімнің жолдасы болып шықты.

Откір жүзі мен келісті сезіне және өз ісіне балуан екенін байқатқан салуалы мінезіне қарап, Нұрым прaporщикті «кет әрі жігіт емес екен, біздің Хакім мен Ораздар сияқты оқыған жігіт қой. Жасы өзім шамалас шығар» деп бағалап, тіпті іштей оны жаратадастан еди. Бірақ Жоламановтың сенбеуі жыршыға да әсер еткен. Ол екінші қырдың астындағы жас офицерлерге жеткенше бұл бір көрген адаммен шешіліп сейлесе алмады, тіл қағысып қалған шақта сыр бермеуге тырысты. Сондықтан прaporщиктің:

— Күн суытар білем, жел откірлене бастады,— деп әлдеқалай бастаған сезіне әзір жауап қатты.

— Уақыт жетті гой.

— Дұрыс айтасыз, туысқан. Желтоқсан желтоқсандығын көрсетер-ақ.

— Желтоқсан — қыс алды деп қазақ біліп айтқан.

— Далада сирек жортып, от басында көбірек отыратын шақ дей ме кәриелер?!

— Кәриелер кейде сапар айы қара күз деп те нақылдайды...

Андысқан әңгіме осы сияқты күн райының төнірегінде болды. Андыса сөйлессе де Нұрым бірден-бірге қара жігіттің ақылды және адамға аса жанаңсыз екенине көзі жете бастағандай болды. Бірақ бұл «елшінің» жеткізген шатты хабарына елу жігітті бастап келе жатқан қара сұр адам «қанын ішіне тартумен» қалды.

— Сапар онға айналды. Мына азаматтарға тез көздестік. Бұлар да бізге қосылуға бет алса керек. Кешке аялдаған жерде кең отырып сөйлесетін шығармыз. Старшина мырза, сіз мақұл тапсаңыз, біз де сол жерге жетіп аялдармыз,— деп мәлім етті прaporщик.

Нұрым қара сұр бастықтың түрінен де, түсінен де не жылы, не сұық шырай таппады. Ол мына жігіттің мәлімдемесіне жауап та қайырмады, «бар» дегендей басын ғана шүлғып, иегін қақты.

Өскер тәртібімен екі-екіден тізіліп келе жатқан жауынгерлердің алдындағы бастық бұлар жеткенде тізгінің тежей қалған еді. Оны көріп басқалары да тоқтап, аз уақыт аттарына тыныс берді, бірақ Нұрымдардың жігіттеріндегі, бірінен-бірі асып шоғырласа қалмады, алдыңылардың сезін естүге де анталаса қоймады — бәрі де қаз-қатар қалпында қалды. Қара сұр бастықтан көзін аударған Нұрым, бұл оқыған тәртіпті тоңтың ұзына бойын көзбен шолып санына жетті — жиырма тәрт қатар, бастығы мен прaporщикті қосқанда — тұп-тура елу екен. Шинельдері әрі жаңа, әрі жасақшылардікіндей ақ сұр емес, көгілдір және инежіптен жаңа шыққандай су жаңа көрінді, погондарының оқасын да шаң шалмаған, иықтарында қылыш, белдерінде наган, кішкене жапон винтовкаларын тоңқайта ер қасына ілген. Нұрым ішінен риза болып, бай-каттай басын шайқап қойды.

Атынан түсіп, айылын қайта тартып, бойын жазып алған прaporщик ерге қонды да:

— Мен журдім, старшина. Жігіттерге аялдайтын жер даярлаймын,— деп құлақ қақты.

Басшы офицер бұл сезге де басын шүлғып, иегін қағумен тынды.

Нұрым аң-таң қалды. «Бұлардың тәртібі осылай ма, әлде ішінен тынып бізден бүккен сырғы бар ма? Ойлап-пішіп, бәрін күні бүрын біліп, енді ыммен нұсқауға

кіріскені ме? Мұндай командирді көрген емен...» деген ой келді оған. Әскердің санын, түрін, келе жатқан жолын көргеннен кейін оның сұрапы да, білере де қалмаған сияқты. Сөйлесуге онша құмар болмаса да, бірер ауыз тіл қатысу орынды да еді, бірақ аман-сau сұрасыл, сез бастамаған командирге Нұрым өз тарапынан «сапар оц болсын!» деуге де аузы бармады. Оған бұл келе жатқан жандардың өні де түрі де сұр, әсіресе қара сұр бастықтың жузі өте-мәтеп жансыз, тіпті сұық көрінді.

Ілгері үзап, қарасы үзіліп кеткен жасақшылардың түскеи жеріне қараңғы түспей жету үшін Нұрым да, онымен бірге қайта аттанған прaporщик те бұлкілден жортаққа көшті. Біраз жер жүріп жолды өндіріңкіреп алғанинан кейін, тізгінін тежеп екеуі тағы да аяң-бұлкілмен келе жатты.

— Қай жақтың жігітісің, замандас? — деді бір кез офицер Нұрымға.

Жауап берудің орнына Нұрым:

— Сөзге сараң қара сұр кісі бас командирің бе? — деп сұрады.

Жыршы прaporщикті: мынау жәрдемшісі шыгар, ал ең үлкені қара сұр болды гой» деп тоңбылаш еді.

— Иә, иә, — деді прaporщик. — Ойылдағы әскер белімінің бастығы войсковой старшина Эзмұратов деген кісі осы. Ақылды, әскер ісіне жетік адам. Сөзге сараптың: жол жүріп салығып келе жатқанынан. Алыс сапар адамды қажытады гой.

Нұрым ойланып қалды да, әйтсе де қара сұр бастық жөніндегі өз сынның айтып таставды.

— Катал жан болуы керек. Сырын ішіне түйген адамның сөзі де буулы жатады. Әскер басы дейсіз бе? Әскер басының да Жаншаға қарсы шыққаны ма?

— Қазақ қой, — деді прaporщик жұлдып алғандай. — Қазақ болған соң мына сияқты жас азаматтарды басқармауга қаны шыдар ма?

Нұрым үндемеді. Оның ойына: «Жанша да қазақ. Бірақ қазақ біткеннің бәрі жасақшылардың сойылын соғады дегенге кім нана. Анау Арон тәре, анау жуан судьялар сорлы жасақшыны атып-асып жатқан жоқ па? Ол аздай-ақ, Текені қорғатамын деп қырып салуға да жүз жанаар емес» деген шәлкес сөздер оралды да, бірақ мына қасындағы оқымысты офицермен пікір таластыруды әделсіздік болар деп бөгелді. Аз жүргеннен кейін ол:

— Сіз менен: қай жақтың жігітісің деп сұрадыныз ба? Мен Ақцаты бойыныкімін,— деді.

— Ақцаты бойында менімен бірге оқыған Хакім Жұнысов дейтін мектептесім бар еді, мүмкін, сіз оны билетін де шығарсыз. Текедегі реальное училище де оқыдық.

Нұрым ат тізгінін тежел, офицердің жүзіне қадала қалды.

— Не дейсіз? — деді ол шошып кеткен жанша офицерге.

Бірақ офицер оған сөзін қайталаудың орнына, сасқалақтаң не айтарын білмей, қызырып кетті. Ол бағана Нұрымдарға: «Он алтыншы жылы окопқа алынған жігіттермен бірге мен де кеткенмін, сондағы істеген ісім бар, оқығаным бар, әйтеуір кіші офицер атағын берді» деп салып, енді Хакіммен бірге оқыдым дегеніне мына ұзын қара наанбай қалды, өтірігім шығып қалмай деп сасып еді.

Оның «не дейсіз?» деп шошынғаны да содан деп ойлады. Бірақ Нұрым оған шошынған жоқ. «Хакімнің мектептесімін» дегенге таңырқаған. Жыршыға бұл сөз айдалада інісін кездестіргендей әсер етіп еді.

— Хакіммен бірге оқысаңыз, оның үй ішін де білеттін шығарсыз, — деген сөз түсті Нұрымның аузына. Сейтті де ол езу тартып, күні бойы танымай тұрып, енді ғана есіне түсірген кісіше, офицерге көрісуге қолын созды.

«Мынаның есі дұрыс па, өзі?» деп ойлады да, прaporщик:

— Неге білмейін, бірнеше жыл бірге оқып, бірінің үй ішін бірі білмейтін шәкірт болмайды. Мен оның, ол менің үйімді көрмесе де сырттан қанықныз. Хакімнің үйінде: Эке-шешесі, ағасы және інілері бар, — деді.

— Мен сол Хакімнің ағасымын,

— Прaporщик Нұрымның көрісуге қол созғанын жаңа ғана түсінді.

— Үмм, сіз онда... Әлгі Хакімнің жыршы ағасы болдыңыз гой. Солай ма?..

— Тап өзі. Нұрым Жұнысов.

— Иә, Нұрым, Нұрым. Кәне көрісейік...

Офицер жалма-жан атының басын бұрып Нұрымға жақындаған түсті де, жалма-жан келіп оның ұсынған қолын алды. Екеуі де езу тартып бет сипасты.

— Мениң атым Сәлмен. Хакімнен жазғытуры айрылып кеткеннен бері хабарсызбын. Апурмай, бірге

тұрып, бірге оқыған Хакімнің туған ағасының кездескен жерін қара!.. Тфу, адам деген ойламаған жерде көрісे береді еken гой,— деді офицер.

Ол сезін аяқтамай басын шайқай берді де, Нұрим бейне туған інісі Хакімді кездестіргендей қуанды. Оған бұл адам кеп жаниның ішінде сыр алысар, қол ұшын беріп тар кезеңнен алыш шығар жақынындай көрінді.

— Анырмай, а,— деді тағы да офицер,— ойламаған жерде кездестік. Хакім менен кіші, кеп кіші. Сондықтан менің туған інімдей көретін мектептесім... Сіз қанша жас үлкенсіз Хакімнен?

— Үш жас.

— Құрдас болдық. Мен де үш жас үлкенмін. Ал қазір не істеп жүр Хакім? Үйленіп ауылдан шыға алмай қалып жүрген жоқ па? Оралда оның сүйген қызы бар еді, жар етуге уәделескен татар қызы. Өте сұлу қызы, Мұкарама дейтін қызы... Хакімнің нағыз теңі-ақ еді.

Нұрим не айтарын білмеді. Ол тек қана:

— Хакім ішкі бетте... жоқ, үйленген жоқ,— деді.

— Ішкі бетте дейсіз бе? Ол жақта не қызмет істейді? Текеде қаламын деген ойы жоқ, әлгі земствоға істейтін доктор туысқанының нөкеріне жазыламын деп жүрген,— деп, офицер мұқшай түсті.

Інісінің тап қай жерде жүргенін, не істеп жүргенін талдаپ айтып бере алмаса да жырышы білгенін інісінің жолдасынан жасырмады.

— Атамандарға қарсы шыққан ағаларының тоңі-регінде білем... Ішкі бет деп біз Жайықтың бергі түбіндегі Кердерілердің жерін айтамыз...— деді.

Кенет оның көзілі шалқып кетті. Ер үстінде желініне түсіп ат сауырын сипай қамшилады.

— Кәне, жүріңкірейік!— Офицерге жел беріп, өзі сар желіске түсті.

Офицер үнсіз басын шайқап, әлденені еске түсіргендей ақырын ілбіп тәмен қарап келе жатыр еді, Жұнысовтың жетектегеніне еріксіз ерді. Ол да желіске түсті. Қазанат бие өте желшең еken, мүшелік жер желгеннен кейін алдында келе жатқан кері аттың дәңінен есіп өтіп алға шығып кетті. Бірақ ол бар желіске салмады — тізгінің тежеп жыршыны жетектей желді. Біраз жер екеуі желіне желіп алғаннан кейін қайтадаң аяңға көшті.

— Шабысқа қалай? Жануар желшең мал еken,— деп, Нұрим офицердің биесіне риза болды.

— Бірінші рет мініп шыққан малым. Сырын аса білмеймін. Бірак желеді, жақсы желеді,— деді Сәлмен.

Аздан кейін Нұрым:

— Хакім ініціздің үйленемін дең серт беріскең қызы алдағы обозда келе жатыр. Ол біздің лектыр қызымыз,— деді.

— Қойши!— деді Сәлмен. Сейтті де,— болар-болар! Қыр мен ойды сапырылыстырып жіберген биылғы кектем — тасыған сендей, біреуді бастан, біреуді сағадан шығарып-ақ жатыр. Ол бала қайдан келді?

Нұрым Мұкараманың көктемнен бері Жымптыдағы емханада істейтінін, қазір жасақшылардың сүйікті «лектыры» болып алғанын айтты. Бұл офицерге Жоламанов сенбей тілдессе де, өлеңші Нұрым таныса келе оған бар сырды айтып салды. Оның достық ниетіне ие-нің жасауындай шубә келтірмеді. Жыр мен өн, сауық пен әзіл-күлкі құшагында өскен сері жан бауырмалдық сезімге балқи түсті.

— Сіз менен бұрын билетін сол жас ару бақыт сапарына шығып келеді. Хакім ініцізге жеткенше ұшуға қанаты жоқ. «Ауыр сапар, қын жол, Мұкарама, қалғаның мақұл!» дегенге қонбей «жауынгердің жарасын байлаң, басын сүйемесем менің дәрігер қарындастығым кімге керек» дейді. Мұндай жанды ертпеуге бола ма! Періште сияқты кіршікіз адам,— деді Нұрым аса бір шаттық жүзбен.

Сәлмен ойланып қалды. Оның көз алдына не елестегенін, қандай ойлар ойлаганын Нұрым білген жоқ. Сол минутте оған жақсылықтан өзге ешбір құдікті нәрсе оралмады. Бұл жақсылыс сезім еді. Нұрымга да, Нұрымның достарына да зұлымдық басқа жақтан тәнді...

Отряд қарасынға көзі іліккен шақта күн ұясына телміріп қалған екен. Мұны жігіттер батыс жиектің, кенеттен сөгіліп кеткендей, қызыл сызаттана қалған көбесінен керді.

Аспанда тас бүркеп тұрган қара сүр бұлттың тап сол кетеріліп кеткен іргесінен жел де азынай қалды. Ажары солып бүріскең қырды қара сұық бұйықтыра түсті; ат пен адам кішірейіп кетті; маң даланың ықтасынға қарай дәңгелеген ербең ебелегіндей, кешкі көлөнде күржен қаққан көп жасақшы жетіп жығылған сай сағасына тығылды.

Нұрым қайтып оралғанда қонақтар жерге алдымен жетіп Орақовтың жүздігі орналасқан екен. Бұлар сай

бойындағы жиырма-отыз үйдің тен жарымын иемденіп жайғасып та үлгеріпті. Бірақ соңғы кіргең қонақ-қа ығысып төрден орын берген жанша, Орақов кейінде гел елу юнкердің келетінін естіп ауылдың ағы шетіне барып орналасты. Юнкерлерге кіре берістегі бес-алты үйді қалдырды. Қазақтың басқа ауылдарында, бұл үлкен сайдың бойын мекендереген ел де екі-үш үйден тебе-төбе болып бүтін өзекті бойлай жайлапты. Сағаға таяу ең шеткі үлкен үйді жасақшы командирлері өздеріне ыңғайлады және медсестра мен аспазшы әйелді де осы тәуір пәтерге түсіруге лайықтады. Бұл бір қора-жайы да етекті, пішени де мол дәүлетті шаруаның үйі екен. Сыртта малы бар, іште от жағылып, түтіні шығып жатса да көпке дейін күтпеген қонаққа есік ашпады — бейне үйінен безіп иесіз тастап кеткен қыстауша дыбыс та бермеді.

— Кім бар үйде? Есік аш! Арамызда тоңып келе жатқан әйел бар,— деп терезеден айқайлаған Орақовтың қазақ екенін көрген соң ғана үй иесі есікке жылжыды. Үйден бала дауысы шыр етті.

— Женеше, ашыңыз, қорықпаныз. Біз өз адамдарыңыз,— деді Мұкарама, іш жакта екі ойлы болып тұрган әйел барын сезіп.

Әйелдің үрейленер себебі де мол. Ері мен атасы алыстағы пішениң кеткен. Қасында үш жасар ғана қызы баласы бар бұл бір уыздай жас әйел еді. Ол, сау ете қалған әскерді көре сала ашық аулаға қоралап жатқан қойын тастай салып, шарбақ қақпаны шала қапсырып үйге жүгіріп еді. Жалма-жаш сенекті де, ішкі есікті де тас бекітіп, терезе біткенді жайнамаз, дастарханмен қымтап та үлгерген.

Ол есікті ашып қалғанда етегіне орала бірге шыққан қызы бала жат адамдардан шошып кетіп, енді жылап отыра қалды. Орақов:

— Қызым, бері кел. Жылама. Мен тимеймін,— деп үлгергенді Мұкарама қызды көтеріп ішке қарай алып та кетті.

— Мен қазір саған қуыршақ көрсетемін. Қасық беремін. Қағаз бүктетемін,— деп, баланы бір-екі рет жоғары ыргыта көтере бастап еді, есі кіріп, сөйлеп қалған қызы күліп те жіберді.

— Мен орыс маржасы десем...— деп күбірледі келіншек, Мұкараманың қазақша сөзіне қуанып кеткендей, езу тартып.

Келіншек сонда да сенімсіздеу көз тікті. «Қазақша

білетін орыс қызы ма, әлде ногай ма екен? деген екі үшты ой келді оған.

Тоңып келген Мұкарама от басына жетіп барды. Қазақтың қара қазаны қайнап жатыр да, қазандықтың ішінде жұмарлай тыққан ірі қамыс шытырлай жанып, ә дегенше болмай оттықтың жебір көмейіне түйдектүйдегімен жогалып кетеді. Қызыл жалын бетті шарпып, бір сәт оның қызыл ала сәулесі үйдің жарын ақ шабдарландырып жіберді. Күн әлдеқашан батып қас қарайып қалса да, үйде шам жоқ. Мұмкін кешкі жаққан қамыс отынның жарығы бұл үйлерге тамақ пісіп, ас жегенше керосин қаттығын жоқтатпайтын да шығар. Мұкарамамен бірге кірген аспазшы әйел де от жанынан көпке дейін күйбелектеп шыға алмай, қайта қайта қолдарын жалынға жанап жаны кіре бастаған саусактарын үргіштей береді.

— Қандай қызу отын,— деді аяқ-қолы жылынып, енді ақ жүзіне қызыл шырай нұр жүгірген Мұкарама.— Біздің Оралдағы үйдің камин пештеріндей шарпып тұр.

Келіншек Мұкараманың өзіне де, сөзіне де таңдана қарай берді.

— Мен мұсылманимын, жеңгей қорықпаңыз,— деді Мұкарама оған, әйелдің әлі жатырқап түрғанын көріп.

Әйел үндемеді. Тек қана жүгіріп жүрген тап өзі сияқты мөлдіреген қара көзді кішкене қызына бір, Мұкарамага бір қарап қойып:

— Апаң тіл біледі, Зәуреш, ақырын, отқа түсіп кетте,— деп, қонақпен жағаласа бастаған сәбимен сейлесті.

Бала Мұкарамага келіп тағы да көтер дегендей болды.

— Кел, Зәуреш, кел. О, қандай матур бала,— деп, Мұкарама қызы баланың атын бірден қағып алып, қолынан ұстады, өзіне қарай тартып, тарап қойған тұлымынан сипап қойды.

Зәуреш үйіріле кетті. Тұлымын сипаған Мұкараманың басына қол созып, кішкене ақ шапкесіне жармасты.

— Э, менің шапкемді кигісі келген екен,— деп, Мұкарама жалма-жан шапкесін басынан алып балага кигізіп, от сәулесінің жарығымен, бейне бір көптен ойнатып жүрген баласындағы Зәурешпен болып кетті. Келіншек мұржасы жоқ бестік шамды жағып, қазандық-

тың жиегіне қойды. Үйдің іші әрі жарық, әрі жылы лепке бөленип, жолдан келген жандардың көңіл хоны ашыла бастады.

«Лектыр» қызды, аспазшыны түсірген үй екі бөлмелі екен. От жағылып жатқан қазан жағынан ұзын пешіп бөлінген қонақ бөлмесі қаракөлеңке тартып, келгендердің көзіне түсे қойған жоқ-ты. Әйел шамды сол жаққа шыгарып:

— Мына бөлмеге кіріңіз, төрге отырыңыз,— деді Орақов пен Нұрымға бір қараң алыш, әдемі қызға. Бұл бөлменің едені тақтайлы, тақтай үстіне киіз теселіп, кілем жайылған. Төр жақтағы көрпе үстіне бір-екі құс жастық тастаған, үйдің жайлы екені көрініл түр.

— Бізге мына жағыңыз жақсы,— деді Мұкарама әйелге қазан жақты көрсетіп.

Мұкарама жататын жерді де бірден белгілеп қойды; ана пештің қасына екі кісі мол сыйярлық, кысыла-қымтырыла жатуға тұра келсе — төрт адамға да орын табылатын. Өйткені бүрши жақтағы аяқ-табак, шелек сияқты ыдыстарды және одан әрі шашылыңқырап жатқан ер-тоқым, қамыт-доғаларды жинастырыңқырап қойса, өзіне де, аспазшы әйелге де, тіпті қызы мен үй иесі келіншектің бәрі сыйып кетерлік.

— Қонақ бөлмеден осы жағыңыз ұнап түр, жеңгей,— деді ол тағы да.

«Осы сөзге тоқтам етесің, бәйбіше» дегендей, есіктен топтанып кірген Орақовтың қасындағы қосшы серіктері:

— Лектыр, сіздер осы жылы жаққа жатарсыз. Біз мына бөлмеде демаламыз. Адамдар тегіс орналасып болды.

Жалғыз-ақ Жұнысовтың екі-үш жігіті ыңғайлы орын таба қойған жоқ. Мүмкін, оларды да бірдеңе етіп, осы жаққа сыйыстырамыз,— деді.

Төргі бөлмеге бірден сегіз адам жайлана бастады. Олар қару-жақташтарын сыптып, шинельдерін шешіп, бұсышқа үйіп, өздері жеңілtek күйі пешке жақындаң дастанарқан басына жиналған жандардай иірілісе қалды.

— Тамақ жағын реттендер,— деп әмір берді соңынан келген Жоламанов.

— Шай да, ет те бар,— десті есік жақтағы қапшық-қоржын көтеріп кіргізген екеу.

Кешікпей қазанда қайнап жатқан су самаурынға

құйылып, оттығына шоқ толтырылды. Тамақ салынды, қамыс отынға тезек қосылды. Адамның жылуы, пештің қызуы, қазандықтың шарыған лебі үйдің ішін ілеңде моншадай етіп жіберді.

— Тамақ ішкенше де, ішкеннен кейін де кезектесіп қарауыл қарайсындар,— деп Жоламанов жылынған жігіттердің екеуін ат жайлауга, біреуін күзетке шыгарды.

— Сонымен офицерлер бастығын шақырмаймыз гой,— деді Жоламановқа Орақов, ас алдында.— Мениңше жай-мәністі командирдің өз аузынан сұрап көру де теріс емес еді.

— Ертең төрт көзіміз түгел отырып сейлесерміз. Батыrbексіз және Мәмбет келмей болмайды. Алдымен өзара ойласып алуымыз керек.

— Ойласу дұрыс қой. Бірақ сенбеген адамша бүтін көш жұз көріспеуіміз оғашырақ.

— Сол сену-сенбеу жөнінде өзіміз бір пәтуага келуіміз керек.

Орақов басын шайқады.

— Сіздің мына сезініз қызық сөз. Елуін үшке бөліп алып енді Темірге қарай аса бермейміз бе,— деді ол.— Мінез шығарғандарын көріп алармыз.

— Қосылмаймыз десе не істемекшіміз?

— Галеке, қосылмаса келмейді гой,— деді Нұрым Орақов жағына шығып.

— Жоқ, ертең сейлесеміз, жігіттер. Мен Мәмбет пен Батыrbекке шапқышы жібердім. «Келе алсандар түnde келіндер, түnde келе алмасандар, ертең сәскеден қалмаңдар» деп хабар айттым. Олар алыс жерде емес, Қалдыгайтының басына аялдауы керек. Әрі кетсе жиырма шақырым жер.

Орақов пен Нұрым үндемей қалды.

Кадет корпусын бітіргенмен кейін бірнеше жыл Орынбор гарнизонында қызмет істеген жырынды Эзмұратов Ойылдағы шыға бүлікшілерді тез қолға түсірудің айла-амалын жасап еді. Ол жасырын жобасын ешкімге әшкөрелеген де жоқ, жас офицерлермен «кан-дай ақылдарың бар?» деп кеңескен де жоқ. Елу адамын ілгері оздырып әкетіп, «біз де булік шығардық» деген жалған лақаппен жасақшылардың арасынан ену тәсілі қазір орындалып та қалды. Ол Сәлмен Аманбаевтай сөзге ұста ақылды адам арқылы «жүнбас жасақшыны» алдаң бірге қонып жатыр. Бұған жалғыз Жоламанов қана сенер-сейбес ойда қалып, көбірек қабак

қатты. Бірақ оның да қолда дәлелі жоқ, тек «офицер рақымсыз, атаман рақымсыз» деген жек көруден шыққа болатын.

Астан кейін ол күзетшіні мықтап қадағалауға кірісті. Сай бойын жұрт үйқыға кеткенше әлденеше рет езі аралап қайтты. Шешінбей жатып, түн ортасы кезінде де сыртқа шығып тәңірекке құлақ тосып ұзак отырды.

Бірінші түн тыныш етті.

#### 4

— ...Хакім, давай біз де барып қайтайық...

Өз сезінен Сәлмен өзі шошып ояиды. Бірақ не айтқанын білмеді. Қасындағы жігіт шалбарын киіп, енді етігіне қол созып жатыр екен.

— Мен не дедім? Үйқысырап бірдеме айттым ба? — деп сұрады ол киініп жатқан уыздай жігітten.

— Сәлмен аға, сіз кеп сейледіңіз, ұзақ жүріс қалжыратқан болуы керек. «Жүр-жүр, митингке барайық дейсіз әлдекімге. Ал, соңғы сезініз: Хакім, давай біз де барып қайтайық,— деп көзіңізді ашып алдыңыз.

Сәлмен аң-таң болып аз жатты да, өзі үйқысы ашылмаган көзің қайта жұмды. Бірақ ол үйықтай алмады. Ұзақ жатуға болмайтын жорық қауырты, әлдеқайда жатқаны, кешегі күннің дүбілісі еске түсіп, үйқы құщагына ендіре қоймады. Жаңағы сез жаэға салым Текеде болған оқигаларды көз алдына алып келді. Астан-кестен күндер зулап өтті бір сәт: дүрсілдеген ат тұяғының дыбысы, гурс-гурс еткен мылтық даусы құлагына шалынған сияқтанды; үлкен көшениң бойын қантап кеткен қара папақты казак-орыстар тап қарсы алдында тұрғандай болды... Көзін ашып жатқан соң да ой тізіле түсті.

«Хакім, давай біз де барайық!.. Бұл сезді мен қашан айттым? А, Текеде, большевиктер съезд ашқан күндері. Әлгі кішкене қара жігіт... Хакімнің гимназист досы келгенде айттым. Аптырмай, кешегі ағасын көрген-нен кейінгі ойлар ғой шырмай бастаған, іә, шырмай бастаған! Шырмай...»

Ол қабағын сипап әлдебір зілдей ойды жазып жібермекші болды. Қабағын қатты-қатты үқалап та жіберді. Бірақ ой шырмауы тарқаудың орнына иірген жіптей молайын бара жатты.

«Бұл ие? Анау Нұрым жырыши. Анау сұлу Мұка-

рама. Анау бас көтерген қазақ жігіті. Ана жігіттер, қара домалақ қазақ балалары, әлдеқайда ұмтылған ер көңілді жандар... Бұлар... шынымен қара жердің қойнына... жазығы не? Не үшін? Бас көтергені үшін бе? Тендік іздегені үшін бе?..»

Сәлмен орынан үшіп түрегелді.

— Жігіттерді оят! — деді ол әлті бала жігітке.

Ол бұл сөзді ойланып айтқан жоқ, үш күннен бері қарауындағы жандарды ерте оятып, дағды алып қалған әдет үйренішкі жарлықты ауыздан еріксіз шыгарды.

— Сәлмен ага, жігіттер киініп жатыр. Тамақ жеңінде не жарлық бересіз? — деп сұрады жас жігіт.

Белгілі қосшы баласы болмаса да бұл жас жігіт Сәлменге жолға шыққанан бері інілік ете бастаған: түскен жерде өзінікімен бірге оның атын жемдеп, жүрер кезде оны өрттеуге көмектескен. Эзмұратов Сәлменді барлаушы есебінде алға оздырғанда жас жігіт «мен бірге барайын» деген тілек айтып еді, бірақ отряд бастығы рұқсат етпеді. Ал мына Ащысай басына жеткенде ол бірден Сәлменнің қасына орналасты. Сәлмен де, бала жігіт те әскер қызметінде болып ысылған жандар емес-ті. Бірі Оралдың Реальное училище сін бітіргеннен кейін жазғытұры елге оралып, Ойылдағы юнкер мектебіне писарь-интендант болып қызметке кірген-ді. Орта дәрежелі білімі бар бұл алғыр адамға аздан кейін-ақ кіші офицер атағын берген. Ал, жасы он жетіден аса қоймаған бала жігіт Қызылқаның төрт жылдық орыс-қазақ мектебінен келіп түскен курсант болатын. Бұл болашақ офицердің аты — Жанғожа еді.

Тамақ жөнінде жарлық күткен Жанғожага Сәлмен қолын бір сілтеді де, жауап қатпастан сыртқа шығып кетті. Жас жігіт аң-таң болып тұрып қалды. Ол офицердің өзегін өртей бастаған ауыр ойды білген де жоқ, сезген де жоқ. Оның бар күдігі «үйықтал жатып көп сөйледіңіз» дегенім көңіліне келіп қалмагай, қол сілтегендей басқа себеп жоқ еді ғой деген балалық ойдың төнірекінде болды. Аздан соң Жанғожа да сыртқа шықты. Бірақ ол төніректен Сәлменді көре алмай, бастық түскен үйдің сенегіне кіріп еді, оған басын таңған бейтаныс офицер қарсы шыға келіп:

— Аманбаевты шакыр, тез. Командирге керек, — деді түсін сұтып.

Бұл басын таңған офицердің Ойылға құпия бүйрық

әкелген адам екенін естігеммен Жанғожа оның фамилиясын білмейтін.

— Сәлмен ағай сыртқа шығып кетіп еді әлгіде, төңіркте жок,— деді Жанғожа оған.

— Жерден қазсаң да тап,— деп, жер тепсіне қалды басын таңған, түсі сұық арық өнді офицер.

Жанғожа қорқып кетті. Ол сасып қарсы жауап қата алмай жүгіре жөнелді. Бірақ бұлар түскен торт үйдің төртеуінде де Сәлмен болмай шықты. Не істерін білмей, түсі сұық офицер тағы жекіре ме деп қысылып, бірақ таба алмағанын мәлім етпеуге амалы болмай, ол қайтадан Эzmұратов түскен үйге келді. «Бұл қай жаққа кетті? Менен азғана уақыт бұрын шығып еді үйден. Маған ақырғаны ешнөрсе емес, Сәлмен агады сөгіп тастайды-ау өнді...» Сәті болғанда белмеге жалғыз ғана Эzmұратовтың өзі терезе алдында түрегеліп тұрып стакаимен шай ішіп тұр екен. Барлық өскери тәртіппен Жанғожа:

— Төтенше отрядтың бас командирі войсковой старшина мырза, прaporщик Аманбаев пәтерінде де жок, юнкерлер орналасқан үйлерде де болмай шықты. Енді не бұйырасыз?— деп тік тұра қалды, оң қолы құлагынан аса кетерілді.

Эzmұратов стаканын терезенің алдына қоя салып, жас юнкердің бетіне бағып бір сәт ойланып тұрды да. Сәлмен жөнінде емес, басқа әңгімеге көшті.

— Сен өзің қалап шықтың ба? Әлде дуга еліріп отрядқа еріп кеттің бе?— деп сұрады ол Жанғожадан.

— Дәл өзіңіз айтқандай, өзім қалап шықтым, войсковой старшина мырза,— деді бала офицер іркілместен.

— Жасың нешеде?

— Он жетіде, войсковой старшина мырза.

Жап-жас, жүзінен сүті шығып тұрган бұл юнкерді жанына алыш іске үйреткісі келді ме, әлде мына болғалы тұрган жанталас қырғын үстінде (қырғын боларын Эzmұратов бастаң-ақ білді) бикүнә жазым болып кетер деп аяды ма, кім білсін — Эzmұратов Жанғожадан көзін алмай қарап тұрды да:

— Қазірден бастап маған вестовой боласың. Шарт біреу: не көрсөң, не сезсөң тұра айтасың,— деді.

— Хұп, войсковой старшина мырза, көрген-сезгенимді бүкпей тұра айтамын,— деп, оң қолын құлагынан жогары көтеріп тұрган күйде Жанғожа өкшесін дік еткізіп жерге қадап қойды.

Бұл кезде Жанғожага жер тесінің прaporщикті «жерден қазсаң да тап» деп жекірген офицер Сәлмен-нің соңынан өзі кетіп еді. Бұл басын таңған офицер ақ орамалын қайта шешті, енді маңдайын ғана қигаштап байлаған жоқ, ол оң жақ, көзін бастыра, бір жағын тұтасымен таңды, мойнының да тәң жарымын қоса қамтыды. Басындағы қара сүріклем тыстаған бүйра құлақшын бөріктің жоғары түрліп тұрган жалпақ етегін темен түсіріп жіберді; орамал жапқан көзінің айналасын күйемен (үйден ала шықса керек) бір сипап етті; оның көрер жерінен қымтат тұрган шуберек жиегін кетерінкіреп те қойды. Сырт қарауга аяқ басысы шымыр, денесі тік, бас қондырысы тұзу бұл адам дені сап-сая сияқты да, ал, көзі мен бетіне әлдеқалай аңдаусызыда зақым келтіріп алған жан дерлік. Ол юнкерлер түскен торт үйден әрі асып, кеше кеш жасақшылар орналасқан қыстауларға кетті.

Аспан сұп-сұр. Құн көзі тас жабық. Қар ұшқындауга таяу тұрган ертеңгі шақ. Бұрынғы қораш қалпынан әлдеқайда қарасыны молайып, тайпақ тәбе жатаған үйлердің ығында да, аула жанында да, тіпті қора тебесіне үйген шөптерге де бойлай түскен шоғыр-шоғыр ат қантап кеткен.

Бірақ бұл қыс алды жағымсыз күні бүріскең баланы да, салықсан жасақшыны да, тіпті құйбендереген үйнесін де жылы жерден жібермей тұрганға ұқсайды. Сырт жансыз, үй қолайлы екенін дәлелдегендей тек қана сол томпиган қыстаулардың жұдырықтағ мұжық мұржаларынан солғын тұтін шыжымдайды.

Аттан өзге мал мен жан көзге шалынбаганмен бұрыш-бұрыштар бұғып отырган жасақшылардан да құр емес екен. Жақындал келген бөтен адамның алдынан бір қара жігіт қарсылай қалды да:

— Сіаге кім керек еді? — деді.

— Еіздің прaporщик қай жаққа кетті? — деп сұрады оған офицер жабық көзін шенгел астынан қараган қыргауылща сығырайтып.

— А, кешегі бізге келген прaporщик пе? — деп, қара жігіт оны білгендігін айтып салды. — Ол жаңа ғана асып кетті. Жұз басы жатқан аргы шеткі, анау қос мұржалы үлкен үйге. Қазір сонда жеткен шыгар.

Қайырылып тіл қатпастан офицер тұп-тура сол үйге аяңдады. Ол еш жерге тоқтамады. Ербен ете қалған ық жақтағы шаруага да, сиыр саууга шыққан әйелге

де, тіпті «мырза, сіз қайда барасыз?» деп дауыстап қалған жасақшыға да жүз бұрмады.

Улкен үйдің құбыла бетінде не жылры шіріп сүрленген шөп-шөлеңнен салған биік шеген бар екен. Шегеннің ішінде ұзыншалап үйген пішен. Пішеннен өрі батыс жақта ірі талды ескі шарбактан тұргызған үсті ашық күзгі қой қора. Қой қораның бір шеті қыстаудың арқа жағындағы бұрышына тіреліпті. Бір жағы үй, онтүстігі пішен, батыс жағы шарбак қора, төрт бұрышты үлкен ауланың ішінде шөп жеген аттар көрінді.

«Үйге кіріп барып, сені командир шақырады, десем не істеп, не сейлесіп жатқанын байқармын» деп ойлады офицер есік жаққа қарай пішенді айналып өтіп. Сейтті де ол кілт тұрып қалды; оның құлагына сейлесіп отырған адам дыбысы шалынды. Бірақ ол бұлардың қай жерде екенін шамалай алмады, тек қана бір адым кері шегініп, ауланың ішкі бұрышына кез жіберуге тырысты. «Мені танып қоятын сұмырайлардың бірі тап келсе қайттым?» деген ой сап етті басын таңып, көзін бастырып, мойнын орамалдың ұшымен орай салған офицерге. Ежелден із аңдып сез тыңдал, қимыл бақылап үйренген бұл офицерді сақтық сезімі де нықтан тартты, сонымен бірге оны «біл! Қалай да біл іште не барын!?» деген сұғанақтық та желкеледі. Аулада кім барын, олардың не әңгімелескенін ол аңгара алмады. Үйге де кіріп кете алмады. Кейде адамның бағы болмашы нарасеге де байланысты, ал, бұл офицердің іздегені бұл жолы іштен шығып келе жатқан қызы сезінен... Қедімгі Мұкараманың сезінен табылды, қызыны асыл сезі андушының қара ниетіне жетектеді.

Бұл — белгілі офицер Айтқали Абылаев еді.

Абылаев Әzmұратовқа ергеннен бастап өзгелерге өзін әшкерелемеуге, жөні келсе танытпауға тырысын бақты. Өйткені жасақшылармен бетпе-бет бір кездесетініне ол күмән келтірмеген. Ал, Әzmұратовтың «булік-шілерді» айламен жою жобасын сезгенмен кейін Арон төрениң сенген серігі амалды асыра беруге ұмтылды. «Юнкерлер арасында менің барымды жасақшылардан тірі пенде білуге тиіс емес. Білсе — іс бітті, мені алдымен Әzmұратовтың өзі құртады, өйткені жасырын сыйрының ашылғаяны алдымен ол менен көреді» деп түйді. Сондықтан Абылаев бет келбетін байқатпау үшін Ойылдан шыгар сагатта-ақ басын таңып алды. Оған себеп те бар еді: жасақшылар қол-аяғын байлаған кезде оның майдайы ағаш тапаншага тиіп терісі сыйы-

рылып қалған болатын. Соны бүркеу сылтауымен бетінің де тең жарымын таңып жүрген-ді. Бүгін оған оң көзін қоса, мойнын да орай түсті.

Абылаев төніп келіп, кіруге екі ойлы болып тұрған кезде ішкі жақтан келе жатқан адамның аяқ басқанын есітті. Кім де болса қарсы келмейін деп ол кері жалт беріп бұрыш айналды да, өз жәнімен жүрген адам бола койды. Үйден шыққан кісі оған қарай журмей екінші жаққа кетті; ал оның аяқ басысынан офицер әйел екенін аңғарды. Жүре түсіп бұрыштан сыйғалаған Абылаевқа әйел ту сыртынан да таныс жаның пішінін көз алдына алып келді: тіп-тік мусін, ашық мойын, асыға басып киікше үмтүлған бұл әйел... әйел емес, сүйріктей білектері мен денесінің бар сымбаты, аяғындағы қызыл сақтиян етік пен жайылып кеткен шашы Мұкарама екенін қарамай танытты. Абылаевтың тұла бойы мұздап кеткендей болды.

Ол бір сәт қозғалмай қалды. Бірақ қыстаудың екінші қабатына түсіп жоқ болған қыздың даусы оны селкете түсірді.

Сәлмен!.. Жұнысов! Неге айтпадыныз?.. — деген сөздер узіліп-узіліп құлаққа келді.

Абылаев сәйлескендеге жақындай түсті.

— Кәдімгі өзіміздің Мұкарама Құрбанова!..

Абылаев бұрыштан сыйғалағанда, Сәлменге асылып мойнынан құшактаған қызды көрді.

— Хакімге, Оралға баrasың ба? Ой, молодец! — деді Сәлмен прaporщик оны арқасынан қағып.

— Бірге барамыз, Маған Жұнысов... мына кісі айтты сіздің осында екеніңді, — деді қыз Нурымға қарап.

— Ойбай, айналайын, тоңасың, үйге кір! Мен қайта айналып согамын. Әңгіме көп, бұл жерде сәйлесуге болмайды, — деген прaporщиктің сөзі Абылаевты кеудеден итеріп жібергендей болды.

Абылаев жалма-жан өзі келген бұрышқа жүгірді де, ізінше үйдің екінші қабатымен әрі асып Әзмуратов-қа жетуге үмтүлді. «Пасықтық! Тыңшылық! Жауға ұстап берушілік!» деген сөздер оның ішіне сыймай өзегін өртеп бара жатқан сияқтанды.

Бұрын көрмеген, сырын білмеген бұл офицердің соңына түскенін байқамаса да, Сәлмен де пәтеріне қайтуға асықты, Әзмуратов жоқтар деп ойлады.

— Ал, мен асығыспын... Қундіз келіп әңгімелесем. Үйге кір. Мұкарама, үйге кір! — деп, Сәлмен кетуге

ыңғайланып Нұрымға жақындаған түсті де: — Кешір, мен кеше жалған сейледім. Окоңқа барғаным жоқ, езгесі де... бізде бұлік шығардық дегенім өтірік... Соны айта келдім. Басқасын кейін айтамын, бірер сағаттан кейін қайтып келемін,— деді.

Ол асықпай ең шеттегі өзі түскен үйге келді; көнілі енді ғана жай тапқандай болды; иығынан басқан зілдей күнә ысырылып жерге түсіп, денесін де жеңілдетіп жіберді. Өзіне өзі: «Жоқ, біз мына көзі мөлдірекен қара қоңыр жігіттердің өлуі үшін емес, өмір сүруі үшін оқыдық. Солай! Сол үшін! Мен мұны баста неге ойламадым?! Жақсы. Өткен қашан да өкінішті. Ойламай бастаган сапарым болды, тек ендігісі ізгі іске айналсын...» — деді. Сәлмен беті-қолын жуып, таранның үлгергенше Жанғожа жетіп келіп:

— Сәлмен аға, сізді командир шақырып жатыр,— деді бәсек үнмен.

Бұрын тақылдал тұратын жас жігіттің баяулап қалғанына таңданып «саған не болды? Неге ренжідің?» деген аяныш көзбен қарады да, Сәлмен мұның мәнісін сұраудың орнына:

— Жасақшылармен сейлесу жөнінде керексітіп жатқан шығар. Қазір, Жанғожа, қазір. Ал, сен жақсылап тұрып шай өзірлет, екеуміз рақаттанып отырып ішнейік,— деді.

— Мені өзіне вестовой етті...

— Кім?

— Бас командир Әзмұратов мырза.

— Соган ренжіп тұрсың ба, Жанғожа? Бәсе, үнің баяу, қабағың да жабыңы. Оқасы жоқ, қайта бұл жақсы болады саған.

— Жоқ, Сәлмен аға, оған ренжіп тұрғаным жоқ...

— Жарайды, кейін сейлесерміз,— деп, Сәлмен пәтерінен шығып, қасындағы бас командирдің алдына мәлім болды.

— Мені шақырыпсыз жарлығыңызды айта беріңіз, құлағым сізде, Әзмұратов мырза.

Әзмұратов Сәлменге үндемей қарап тұрды да, аздан кейін:

— Үйіңізде жоқ болдыңыз... Әлде ана жалаң аяқ жасақшылармен әңгімелесіп жүрсіз бе? — деді.

— Жоқ, дей салды Сәлмен. Сейтті де «жалаң аяқ жасақшылар» деп қорлаган сөздің аңы уы өзіне тиіп кеткендей: — жалаң аяқ жасақшылармен әңгімелестім

той кеше, енді сіз өзіңіз сейлеспейсіз бе? — деді сұрланып.

Бұл сөздің кекесінің Әzmұратов жақсы ұқты, оның аргы жағында тұрган Абылаев та әбден түсінді.

— Жақсы. Мен өзім сейлесемін. Бара беріңіз, — деді Әzmұратов түсін де, үнін де езгерпей.

Сәлмен үйден шығып кеткеннен кейін Абылаев асқаттай бастады:

— Есіттіңіз бе? Өтірігі табан астында шықты. Өңкей бұзықтың басшыларына барып ойындағы бар сырлын жайып салды: «Хакімге, Оралға барасың ба? Ой молодец» деді қызға. Ал қыз оған: «Бәріміз бірге барамыз» деп қол шапалақтады.

Бұл қыз большевиктерге тыңшы болып үгіт таратып жүрген студент Жұнысовтың қалыңдығы. Ана қасындағы сол Жұнысовтың ағасы — жасақшыларды жырмен аздырган сұрция. Ал, ана Мәмбет дегені белгілі бас кесер, Кирилловке шабуыл жасаған, Арон төрениң үйіне келіп бейбастақтық еткен, ат құйрығын кесіп «шолақ атты большевик» болып шыққан жүргенсіз. Міне осылармен барып сырласып, мына сенген пропорцигіз іштен шалу ісіне кірісті. Бұлардың тыңшылық ісі, іштен шалу әдісі көптен басталған, теренге кеткен пасықтық. Уалаят мұқтажына жіберілген каружақтасты талап алған Богдановка бойындағы партизандармен байланысты. Бұлардың Оралға барамыз деуі де соларға қосылу, Әйтіевке жету. Міне, жаудың түрі мен ісі, — деді Абылаев жерге түкіріп.

— Жанғожа, Аманбаевты шақыр! — деді Әzmұратов.

— Командир мырза, шақырсаныз да, шақырмасаныз да, оның ииеті белгілі, — деп Абылаев «мынаны да байқаңыз» дегендегі бұрыла берген жас жігіттің сыртынан иек қақты.

— Жарайды, шақырма! — деп, ілкі жарлығын командир қайтып алды.

Ол Абылаевтың жас жігітке де сенбей иек қаққанын іштей мақұл көрді. Аз үндемей тұрганнаң кейін:

— Байқаңыз, пәтерінен шыққасын, — деді Абылаевқа. Абылаев басын изеді — Сәлменді пәтерінен шығармау амалын өл ойлап та үлгірді.

Жасы да үлкен, тіпті бүкіл Жымпіты әскерінің жабдықтау ісін басқарған лауазымы да зор, оның үстіне батыр келбетті, албырт Мәмбет үйге кіріп келгенде Жоламанов пен Орақов орнынан ұшып турегелді.

— Қаратаяғың қайда? — деді Мәмбет Жоламановқа төрге шығып отырмай жатып.

Оның «Қаратаяқ» дегені Ойыл офицері екенін үйдегілер түсінсе де, сырттан Мәмбетті ертіп кірген Нұрым аңгармады.

Ол күліп Жоламановқа «онысы кім?» деген ишаралған қабагын қақты. Жұз басы мәлім етті:

— Қаратаяқ офицер түскен пәтерінде, өзектің арты басында. Батырбек<sup>8</sup> екеуізді күтіп отырмыз, алдымен өзара ақылдасып алайық деп...

— Шақырт! — деді Мәмбет.

Офицерлер бастығын шақыруға Жоламанов екі жігіт жіберді.

— Сіздерді отағасылар шақырып жатыр. Бастап алып келуге бізді жіберді деңдер. Әдептен жүріп, әдеппен тұрындар. Олар қазір бізге қонақ есебінде,— деп ескертті жұз басы жігіттеріне.

Әзмұратов келгенше Жоламанов бұл офицерлер жөніндегі шікірін ортага салды.

— Мәкең жаңа «Қаратаяқ қайда?» деп тегін сұралған жоқ,— деді ол Батырбекке қарап.— Офицер де оқымысты. Олар да ана біздің қос Досмұхамедов пен Арон тере сияқты ақсаусақ азаматтар. Ауызша: теңдік, бостандық жолында басымыз құрбан, деп өңештесе де, іске келгенде қара қазактан жоғары тұра қалады. Осылардың уалаятқа қарсы көтерілдік, сендерге қосылуға іздел шықтық» дегеніне менің ішім сенбейді.

Батырбек үндемей Мәмбетке көз тастан еді, шойқара қабагын түйді.

— Сен де солардың бірі емес пе едің. Міне, үйірінен белініп Кирилловты тастан салып бізге қосылдың гой,— деді Мәмбет Жоламановқа.

Жоламанов сасып жауап қатты.

— Менің жөнім басқа гой, Мәке. Мен қаратаяқ та емен, оқымысты да емен. Менің білімім де, өнерім де

өздеріңмен бірдей. Соңсоң... жоқ, аргы жағын айтып та керегі жоқ,— деп, Жоламанов бөгеліп қалды.

«Офицер болған соң ақсүйек деп жиырылады. Өздеріндегі менің де қара қазақ екенімді білмейді екен гой» деп ойлады Жоламанов, әлденеге өкінгендей, білдірмей басын шайқап.

— Ал, сонда бұлар бізді алдамақшы ма? Не макаттеп алдамақшы? Не істемекші сеніңше? — деді Мәмбет Жоламановқа өктем үнмен.

— Не істемекші дейсіз бе? Міне, соны ойласайық. Дүшпандық ойлаган адам жаулықтың түрін де таба алатын шығар.

— Қолынан бοқ та келмейді,— деді Мәмбет.

Сейтті де кері шегініп терезенің алдына барып да-лаға қарады. Батырбек те, Орақов та сезге араласа қоймай, бірақ Жоламановтың күдігіне құлақ қойып ойланып қалды, өндөрі сұрлана Фұсті.

Адамның біріне бірі өте үқсасы жоқ, тіпті егіз ба-ланы да оп-оңай айыруға болады,— деседі. Ал, мінез бен құлықтың сан қырлы келетіні де даусыз. Бәрі де бір әріптес байтақ даланың әр жерінде туып-өскен бұл бес жігіттің жігіттік қыры да дара-дара болатын.

Ес біліп, етек-женін жинағаннан бері жиырма жыл бойы өзгенін дегеніне көнбей, шанышқыдан жырылып қара суды қақ жарып келе жатқан сары сазан сияқты, Мәмбет бүгін ор кездессе аттап етіп, тор кездессе қақ айырып кетерлік еді. «Орданы кеше ойрандал шықтым. Көнбенгенді токпақтал бас идіремін, білімдімін деген шіләяқтар міне өздері келді» деп өңмендер түрі бар Мәмбетке Ойыл жорығы осымен аяқталғанға ұсады. Енді қазақ азаматтарының туын тіккен жеріне отрядты маңдайлата беру жөн сияқтанды.

Ал, кеше тастай тәртіпті әдейі жұмсартып, жасақшыны аяғаны үшін Кириллов орнынан түсіріп тастаған Жоламановтың алдында асқар таудан биік асу кездесті. Мәмбеттей өжет емес, Орақвтай алғыр емес, мінезі ұяң, ар-ұяты керініп тұрған Жоламановтың бар тілегі басшы большевиктерге тез жетуғана еді. Әскер ісіне араласқан күннен бастап оны жақыны Галиаскар Әлібеков ішке тарта бастаған-ды. Мүмкін, оның жасақшыға командир болып кіру себебі де сол оқыған туысканының сілтеуімен болған шығар. Өйткені ішкі Жайық жағасынан Жоламанов «жасырын сөлем» алумен болды.

Әсіресе Жылмиты уалаяты атты казактарға «әскер

көмегін көрсетеді» деген хабар тарағаннан бері: «булік шығарар кезең туды» деген большевик Әлібековтың соңғы сәлемін алған. Жөні болып бұл бүлік өзінен өзі бұрқ ете қалды да, енді осыны аман-есен аяқтау жүз басының күндіз-түні көзін ілдірмейтін уайымға айналды. Ол офицер біткенге сенуден қалды. Ойылдағы жалаңдаган жауынгер мектебі өзінен өзі келіп қосылады дегенді жә алдау, жә арбау деп білді. Бұл оған айлалы жандардың орга жыгу тәсілі сияқтанды. Соңдықтан ол Батырбек пен Мәмбеттің келуін күтіп кешегі прaporщикке жылы жүз көрсетпеген. Енді міне күткен Мәмбеті мұның өзін де өзгениң қатарына қосқандай «сен де солардың бірі емес пе ең, Кирилловты тастай салып бізге қосылдың гой. Аналарға неге сенбейсің» дегенді ілік тағады. «Бұған не деу керек? Менің ойым да-ниетім де большевиктер жағында» деп сендерудің қандай ғрны бар? Кімнің кім екенін іс көрсетпей ме?!— деп ойлады ол. Сөйтті де ол бұрылыш Орақов пен Батырбекке кезек кез тастады, «неге үндеңсіңдер?» дегендей болды.

— Галеке, мен айттым гой, прaporщикті біздің Хакімнің жан қияр досы деп. Аты Сәлмен, қазір сол Сәлмен келеді. Ол «кейін сейлесеміз. Әңгімені сендермен бірге бетпе-бет ортага саламын»,— деді. Өзі бастығынан бөлек келгенге қысылды білем, асырып кетті,— деді Нұрым сөзге араласып.

— Сәлмен? Текеде оқыған Сәлмен Аманбаев па?— деп, Батырбек Нұрымға жақындей тусты.

— Иә, Сәлмен Аманбаев, Хакіммен бірге оқыған.

— Ойбай, оны мен де жақсы білемін.

— Білсеңіз сол қазір келеді... Оның адап екеніне шәк келтіруге болмайды,— деп, Нұрым Сәлменді жақтай қалды.

— Ойбай-ау, өзіміз ең жақсы көретін жігітіміз. Таныс болғанда қандай,— деп, Батырбек те қуаныш кетті. Батырбек бұлардың бәрінен де өзге бір жан еді. Ол Барбастау бойында көп жыл бойы бай казак-орыстардың малын бағып, қалаға жақын жерде емір сурған Әлжан настухтың жалғыз баласы. Орысша-казақша төрт жылдық мектепті бітіріп, жағадагы «көзі ашың» Сақыпкерей, Мендігерей, Әбдірахмандардың төңірегінде ескен жас-ты. Ол жаздығуні уалаяттың қару-жаралын қолға түсіруге астыртын хабар бергеннің бірі. Жақында жасақшылар комитетінің бастығы болып сайланып, «Еркін ел», «Ерікті әскер» деген ұғымдарды қазақ

жастарының миына құя бастаған; жасақшылар оны «біздің Батырбек» деп көткен-ді. Керуге өнді ете жүдеу, екі иығы шошайып гимнастеркадан шығып тұрган ақ сары ауру өнді жігіт. Бірақ жан-тәні жастар жағында. Казарма ішіндегі елден келген көп қоңырлардың адам қатарына қосылып азаматтық халге жетуіне басын берерлік бір жалынды адам болатын.

Бірақ басшылықты өктем мінезді Мәмбет ез қолына алғаннан кейін Батырбек бұл қайратты ерге дең қоюмен келді. Оны қазақтың ескі батырларымен бар-бар санаады. Мың кісіге бір өзі жалғыз баратын және сол мыңды қайраты мен жүректілігі селк еткізетін заманның тәңірі берген қолбасы деп түсінді. Мәмбет не айтса да оған қол қоя берумен ғана тынды. Қазірде ол ер сөзіне қарсы жауаптауды балалық деп қарағандай еді. Жоламанов кез тіксе де ақыл қоспай, Ойыл офицерлерін күтіп, олардың ойламаған жерден қарсылап келген ниетін өз ауыздарынан естімекші болды. Соларды күтті.

## 2

Алқа-қотан отырып әңгіме-дүкен құрган ел адамда-рының отызы-қырқы еркін сыйрлық бұл үйді әскер киімді, қаруын асынып, бірі кіріп, бірі шығып жүрген жа-сақшылардың онға таяуы да толтырып жіберді. Әзмұ-ратов келгенше серіктерімен бірер қабат тіл қатқан Мәмбет төр алдына тастаған жастыққа бір шынтақтап, кішірек келген екі терезенің бойын бір өзі алды. Оң жа-ғында пешке таяу жүресінен отырган Батырбек, Шой-қара қисайған соң ол да малдас құрды; ал, Орақов бір тізерлеп отырган Нұрымға әлдене бір әңгімені баян етіп еңкейе түсті, Жоламанов есікке таяу жарға сүйен-ген бойы қалды.

Қыстау қос есікті еді. Оның бірі сол басшы жасақ-шылар отырган қонақ болмеде, бірі қазан жакта, еке-үі де алдыңғы сенекке шығатын. Кешеден бері қазақ ауылшының бұрын көрмеген тұрмысы мен адамдары және жоқ жерде кездескен ежелгі танысы Сәлмен Мұ-караманың ойын өзгеше серітіп жіберген; ол ертемен теңіректегі әлденеше үйлерге кіріп шығып, жасақшы-лардың хал-жайын біліп шыққан. Енді Сәлменді іздең, бірақ оның қай үйде жатқанын білмей, «ертіп апар» демекші бол Нұрымға кіріп келді.

— Жырши аға,— деді ол екі беті албырап үйге

екпіндеп кірген бойы.— Келемін деген Сәлмен әлі жоқ. Мені соған ертіп апарыңызы. Ертемен бір көрінді де жоқ болды. Оралдың жайын сұрайын деп едім. Сағындым.

Бір тізерлеп отырған Нұрым да түрегелді, қисайып жатқан Мәмбет те басын кетерді.

— Келуге тиіс Сәлмен... Біз де күтіп отырмыз оларды,— деп Нұрым қызға қарап езу тартты.

Қыз күліп Нұрымның үй төбесіне тиіп тұрған шошақ шлеміне бір, қызара бастаған оның солак жақты қара сұр жүзіне бір қарады. Нұрым оның ойын бірден сезіп:

— Ұзын кісі кірмейді деп ойлады ма екен соншама аласа салып үйді. Мәкең мен мені келеді деп күткен жоқ-ау шамасы,— деді қыз қараган тебені оң колымен тірең тұрып.

Орақов күліп жіберді, Мәмбет қабагын түйді. Ол қызды жаратпай қалды. «Әнеугүні қалада Арон тереңін оқыған қызы сөзге араласып бәле қылып еді, енді мына ногай қызы арамызға еніп кетті. Бұл бикештердің еркектің ісіне араласпаса іші ауыра ма екен, түге» деп ойлады.

— Мәмбет ага сізден аласа ғой,— деді Мұкарама тебені тіреген Нұрымға. Сейтті де өзі риза болғандай Мәмбеттің ер пішініне бақты.

— Ага деме, қайнага де, Мұкарама. Қазакта күйеүінің ағасын қалыңдық солай атайды,— деп әзілденді Орақов.

Кыз отан косылмады.

— Бұл оңай ғой. Ағаның алдына «қайны» деген сөзді косса болды екен. Мұны маган Айша үйретті,— деді қыз.

— Бұл қалай?— деп сұрады, Мәмбет әлі сол қабагын түйген күймен Орақвтан.

— Мына Нұрымның інісі біздің доктордың... жары көрінеді. Біз бір жағынан Мұкараманы жаңа жұртына ұзатып әкеле жатырмыз. Мәке, сіз бас құда болып та қаларсыз.

— Ол да оқыған жігіт не?

— Оқыған жігіт. Ана Ойыл азаматтарының ішіндеңі бір басшысы сол Хакім Жұнысовтың бірге оқыған мектептес досы корінеді...

Орақов сезін бітірмей есіктен Әзмұратов кіріп келе жатты.

Үйде отырғандар жаңа шинельді, оқалы погонды,

тік бойлы, сұр жүзді, кішірек біткен шошақ мұрынды және тесе қарайтын, бірақ жанары солғын қой көзді, жасы отызың үстінен шығып кеткен офицерге жамрай қарады. Офицердің өкшесін баса кірген жас жігіт табалдырық түбінде қалды. Бірер минут үйдегілер десырттан кіргендер де үнсіз, көзбен сыннасты. Әzmұratov үйді, отырғандарды, бір шетте тұрып қалған қызды көзбен сүзіп өтті. Ол сәлем де бермеді, төрге озуга да қамданбады.

Орақов:

— Былай шығыңыз,— деп, терезе жаққа иек қағын еді, оған:

— Осы жер де жарайды,— деді.

Тағы да бір сәт үнсіздік басты, тағы да екі жақ шырай аңдысқандай болды.

— Отыр! — деді Мәмбет Әzmұratovқа өктем үнмен.

— Мен отыру үшін келгенім жоқ, мына жасақшылардың бастығымен тілдесу үшін келдім. Командир қайыссың? — деп сұрады Әzmұratov.

— Мен,— деді Мәмбет үнін қоңырландыра түсіп.

Осы шын айтып тұр ма деген адамша Әzmұratov томардай болып отырган шойқараға тұра қарады. Оның бар сом бейнесін көзбен бірақ қамтып, оң құлагының кетігіне тоқтады. «Түйенің ойық ені сияқты екен» деген ой келді офицерге Мәмбеттің ажарсыз құлағы көзіне түсіп. Ол Мәмбеттің білімін, шенін ақтармақ бол:

— Қандай училище бітірдіңіз? Званиеңіз қандай? — деп сұрады орысша.

— Мергеневский кадетский корпус с отличием. Офицер действующей дружины, — деген орысша жауап ілести сұраган на.

— Мергеневский деген кадет корпусы жоқ.

— Мен өзім құрганмын. Өзім жаптым оны жақында. — Орақов мырс ете қалды. Қиқар жауап қайтарып, Мәмбеттің жөн сәйлеспеуге бет алып кеткенін Әzmұratov бірден түсінді де:

— Мен мұны сұраган мәнісім: соғыс уақытында жауынгер жанына жауапты командир. Командирдің көрегендігі мен әскер ісіне жетіктігі ғана жеңіп шығудың басты шарты дегенім. Алдымен қандай мақсатпен калай қарай жол шеккендерінді білгім келеді. Басқа енгімені содан кейін бастаған мақұл деп ойлаймын, — деді.

Мәмбет тіке кетті.

— Мен сұлуулап сейлеуді білмеймін. Алып келген

отрядтарыңды маған қосасың да, езің мына жігіттермен бірге боласың. Неше адам келдіңдер?

— Отрядты қосу үшін оның құрамы қандай, дайындық дәрежесі қай түрде, алға қойған мақсаты не? Осыны білу керек.

— Ойыл офицерлерінің бізге қосыламын дегені распа, жоқ па? Соны айтсы!

— Ойыл офицерлері сізге қосыла ма, сіздер бізге қосыласыз ба, мұны кім салмақты болса соның безбеніне салып шешеміз. Ал, сіз менің бірінші сұрағыма жауап бермедіңіз: мақсатыңыз қандай? Қай жаққа сапар шегуге бет алдыңыз? Басшы болғаннан кейін мен осыны білгім келеді.

— Қалай дейсің? — деп Мәмбет жүргіне қалды.

— Түпкі мақсат қандай? Соны білгім келеді, — деді Әзмұратов.

Мәмбет сөзге тік келіп, күшке сала сейлекеннен-дұ Батырбек «шатақ шығарып алмаса нетсін» деп қауіптеніп еді, енді ретін тауып сөзге араласу жағын көздеңді де, үтімді, ақылды сөз тастауға тырысты.

— Мәке, менің түсінуімше офицер Әзмұратов «екі отряд та теңдік көксеген қазақтың баласы, енді қай түрде күш біріктіреміз. Осының әдісін ойлайықшы деңгенді айтып түр... — дей беріп еді, Мәмбет оның сөзін бөліп кетті.

— Сен араласпа, бала, — деді Мәмбет оған түксіп. — Мен бұл мырзаның ойын жаксы түсініп түрмyn. Біз офицерміз, сендер жасақшысыңдар. Соңдықтан істің жөнін білмейтін надан қараларды қатарға қосып алып, езім үйретемін, езім басқарамын демек. Тіпті бұл жігіт біздің бет алған жолымыздан қайыру талағын да ойлан түрған шығар.

— Дұрыс айтасыз, — деді Әзмұратов. — Сіздер кеше ғана мылтық ұстаган жасақшысыңдар. Әскер біліміне жетік менің офицерлерім бөліп-бөліп алып, нағыз жауынгер етіп шыгаруға міндетті. Бұлай ету үшін ана оқу құралдары, жататын жері, азық-түлігі дайын Ойыл қаласына алып кетуім керек...

Мәмбет ұшып түрегелді.

— Менің мақсатым Ойылга барып Кирилловтерге арқамды тосу емес, мына өз билігін өз қолына алған шолақ аттыларды көп қазақтың ту тіккен жеріне жеткізу. Соңдықтан, Әзмұратов мырза, бар адамыңды менің үш жүздігіме тең бөлесің де бірге жүресің. Жүрмесен оныңды айт, — деді.

Әзмұратов көп ойланбады. Мына шойқараның бас имейтінің түсінді де, өз жобасын астыртын іске асырудың жайына көшे сейледі.

— Жарайды. Мен офицерлерімді бөліп-бөліп отрядың қосамын. Ал бұл істі іске асыру үшін маған бір жұма мерзім бересіз.

— Қалайша бір жұма?

— Бір жұма емес, бір сағат шығар,— деді Мәмбет пен Батыrbек қосарлана бірінің сұрағына бірі жауап бергендей.

— Ең кемі бір жұма. Бұл жерде офицерлер мектебінің елу адамы гана. Қалған екі жұз елуі Ойылда қалды. Ойылға осы арадан сұыт жургенде ара қоныш жетеді, ал ондағы офицерлер мектебінің курсанттарын жолға азірлең шығару үшін де бір-екі күн өтіп кетеңі. Сондықтан ең аз дегендеге бір жұма, әрі кетсе он күн керек,— деді Әзмұратов.

Орақов пен Жоламанов Батыrbекке қарады да, Батыrbек Мәмбетке бұрыльып:

— Мәке, біз өзіміз...— деп бастап еді, Мәмбет тары да ойын түптетиеді.

— Бір жұма! Тура бір жұмада алып келесің. Ешбір дәлел есепке алынбайды,— деді.

— Табысатын жер осы ара. Мен өзім барып, өзім бастап келемін офицерлер отрядын. Бір жұма уақыт жетер,— деді Әзмұратов.

— Бұл жер болмаса осыдан отыз бес шақырым Шыңғырлау бойынан табысамыз. Онда Эйтіевтің полкы жатыр.

Әзмұратов құлағын тіге қалды да, жалма-жан алдыңғы пікірін бекіте түсті.

— Жок, азаматтар, осы арадан табысамыз, алдымен бірігіп алып, алыс сапарға журу жабдығын сонаң кейін қамдаймыз. Әскер жорығы — қалага мал айдаған шаруаның базаршылығы емес. Сіздер тыныға беріңіз. Бір жұма деген аса ұзақ мерзім болмайды. Жатканға да, жургенге де тиімді мерзім,— деп келгендері түйік бетін жадырата түскендей болды. Қебірек көз қадаған Жоламановқа жансыз жүзінде езу тартқан тәрізді кілмік шырай байқалды.

— Жарайды!— деді Мәмбет,— осы арадан табысамыз.

Ақырын бас иген іспетті бір қимыл көрсөтті де:

— Әзірге қош!— деп Әзмұратов шығуға ыңғайланды.

Әзмұратовтың көлденең көзге зорға бас иіп, амалызыз икемге келген өр көкірек мінезінен төрі жайлас тастарлық Мәмбеттің адам қорқарлық кәрін тіккен қара қошқыл түрі мен өктем үнді сөзіне көбірек іш тартып тұрган Мұкарама:

— Командир мырза, Сәлмен Аманбаевты біздің жаққа жіберсеңіз жақсы болар еді,— деді Әзмұратовқа.

Әзмұратов қызыға аяғынан тік бұрылып, басын иді де оған әзер жауап берді.

— Бикеш, уақыт тар, Аманбаев менімен бірге тапқазір осы сағатта Ойыл қаласына жүреді. Айып етпеніз, қайтын оралғаннан кейін қарамагынызға табыс етермін.

— Онда мен өзім барып сөйлесіп қалайын, оған рұқсат етесіз гой.— деп езу тартты Мұкарама.

— Кешіріңіз, жеке бастың әңгімесі жорық үстінде жауынгер офицерге де, әскер қызметінде жүрген дәрігерлерге де лайық емес. Мен қате түсінбесем сіз дәрігер шыгарсыз,— деп Әзмұратов бұрық түрінде қатал тіл қатты да, тағы да басын иіп, кері айналып үйден шығып кетті.

Мұкарама бегеліп қалды. Не оған ере шыгарын, не тұра берерін білмей Нұрымға қарай берді.

Ешкімге ақылдаспай, Әзмұратовпен өз бетінше өктем сөйлескен өр мінез Мәмбет серіктеріне де түнере қарады. Ол үндемей біраз отырды да:

— Мен Шыңғырлау бойына түсіп қайтамын. Сендер ана Ойыл әскерін осы жерде күте беріндер. Олар келіп жеткенше, мен де қайтып ораламын. Бұл жерде босқа жатқанша Эйтіевтің, Ғалиасқардың тап қай жерде тұрганына бақылау жасаймын. Бәлкім олармен кездесіп те қалармын,— деп орнынан түрегелді.

Жоламанов басын шайқады. Бірақ Мәмбетке «Бұл қалай болды?» деп ойласудан мән шықпайтынын байқап үндемеді. Батырбек Мәмбетке еріп кері өз жүздігіне кетті.

### 3

Әзмұратов шойқарага тісін қайрай түсті. «Бұлікшіге рақым жоқ. Жә сениң басың, жә менің басым қанжығаға қонақтар. Аманбаев та жау жағына шықты» деді ол ішінен. Пәтеріне қайтып келіп тізе бүкпестен жас қосшысы Жанғожаға:

— Аманбаевты шақыр! Өзің де жолға жинал. Қазір жүреміз,— деген пәрменді жарлық берді.

Жангожа жүгіре жөнелді. Ертегі сияқты жұмбагы мол әскер жорығы оған кейде өлдекайда алып ұшатын сиқырлы жолдай көрінетін.

Бұл жолы да ол бұрын көрмеген, білмеген биікке өрмелеп бара жатқандай сезді.

— Сәлмен аға, сізді старшина Әзмұратов шақырады, тез жетсін деді,— деп есік алдына шанишыла қалды. Сөйтті ол түсі өзгеше сұнынып кеткен өзінің сырлас прaporщигін өз құлагы естіген жаңалығымен қуантастын деген адамша: — Сәлмен аға, біз жасақшылармен табысатын болдық, командир солай деп уәде берді. Сіздерге соны айтпақшы,— деді жүзі жайнай түсіп.

Бұл сез үйде отырган екеуге екі түрлі әсер етті. Бар сыры ішінде, бірнеше күн түйік пішінде келген Абылаевтың екі көзі Жангожаны жеп қоярдай бөріше тігілді де, Сәлменнің жүзінде таңырқау пайда болды. Бірақ екеуі де тіл қатпастан орындарынан тұрды да есікке қарай жылжыды.

— Сәлмен аға,— деді тағы да Жангожа үйден шықкан соң, артына қарап қойып.— Әлгі шекесі жарылған сұрқиядан сақ болыңыз. Білдірмей ізіңзге түсіп жүр.

Өз ойымен болған Сәлмен жас жігіттің жүзіне мейірлене көз тастады да, үн қатпастан жүре берді. «Ракмет, қарагым! Мұның зұлым адам екенін өзім де ту-сіндім» деген сез тілге оралғанмен ауыздан шықпай қалды. Оның бар ойы: «рас па, әлде мұнда басқа сыр бар ма? Жасақшылармен табысатын болдық, командир солай уәде берді»,— дейді. Мына уалаятшыл офицер «қырамын, жоямын» деген ниеттен шынымен қайтқаны ма? Бұл қандай тез істелген іс, тез берілген уәде? деген сұрақтарға сүріне берді. Бірақ ашық жауап таба алмады. Кешікпей бұл оғаш лебіз де оның алдын тосты.

— Аманбаев мырза, ана кейінде қалған офицерлерді барып алып келіңіз. Мен табыстым,— деді кіріп келген Сәлменге Әзмұратов.

Командирдің күлкі нышаны көп көрінбейтін жузінде езу тартқан шырай байқалды. Ал ілесе келген Жангожа бұрынғыдан да қатты жайнай түсті. Ол: бұл жорыққа Сәлмен ағаны жібермекші болды, мені ерте кетер деп қуанды.

— Мен түсінбедім, старшина мырза, кіммен табыстыңыз?

Әзмұратов езу тартқан күі ойын аяқтаған болды.

— Ағайындармен табыстым. Жауласуды әділет-сіздік деп таптым. Ана кейінде қалған офицерлерді алып келіп жасақшылармен араластырып бір отряд ету керек.

Сәлменнің басына үздік-үздік ойлар жүгірді: «булікшілерді құртуға аnt еткен командаир. Кеше ғана алдақ қолға түсірудің айласын тауып мені ілгері оздырыды. Бір сағаттың ішінде бұл қалайша тәубеге келе қалды? Бұл...— деп ол байқамай басын шайқап салды.

— Сұлу доктор бар көрінеді... Енді офицерлер арасына шығарып алуға болады,— деді Әзмұратов ілкі ойын бекіте түсіп.

«Сұлу доктор» дегені Мұкарама екенін Сәлмен бірден сезді.

— Түсінбеймін, Әзмұратов мырза,— деді ол сүр командирден көзін алмай.

Әзмұратов құлығын асыра түсті. Зорлап жүгірткен құлқі шырайды бетінен тез ала қойды. Суық пішінмен:

— Мені опасызыңық жолға көшті деп айыптауға да қақыңыз бар, прaporщик мырза... Олай болған күнде ашып айтыңыз: осы сағаттан бастап біздің жолымыз онда екі айрылады,— деді.

Сәлмен шыдамады:

— Бұл «жасақшыларға қосыламыз» деген арам ниетті адалға айналдыру ма? Әлде мені сынау ма? Әлгі Жымпітыдан келген Арон төрениң шапқыншысы да менің ізіме түскенін айтып салды. Айтқан жоқ — ашып алды...

— Э,— деді Әзмұратов әлденені жаңа ғана түсінгендей.— Сіз сол кісіден үркіп қалған екенсіз ғой. Оның жарасы жеңіл. Бір полицияның бар-жоғын жүрт жоқтамас.

— Сонда қалай болады? Мен кейіндегі жігіттерге не деп түсіндіремін? Олар менің өз басымды қагыл тастауы мүмкін ғой?

Әзмұратов Сәлменнің қолға түскенін сезе қойды. Опасызыңық қармағына әбден іліктіру үшін ол енді ақылдастан адамның түрін танытты.

— Ол да дұрыс болжал екен, Аманбаев мырза. Мен мұны ойламаппын. Оларға түсіндіруден гөрі бүйрықпен барған жөн. Сондықтан сізді жұмсауым қате, езім баруым керек. Әйтпесе уалаяттың алдында аnt еткен офицерлер мұны измена деуі де заңды.

Сәлменді енді бірі шаттық, бірі өкінішті ой қабатта-са жұлқылағандай болды. «Кешеден бері үйқы бермей теңбекшіткен асыл арман бүгін шынымен орындалды ма? Тендер іздел топырлаған ана көп жігіттермен тас-тай құшақтасып бұдан былай бірге аттанамыз ба? Бір-ге жортып, бірге аялдаپ, еңсесі түскен ел мен жердің ата мен баба көтерген еркіндік туын бірге көтереміз бе? Артта қалған қайғылы жар мен қасіретті баланың енді қайтып ақ жүзін мұң, ай қабағын кіреуке шал-май өтуге бас береміз бе? Алыстағы тұн қатып, тусі қашып жүрген ер жігіттерге ертең барып туысқандық қол созамыз ба? Мұны баста неге ойламадық? Неге жазықсыздан жазықсыз қан тегу жолына бел байла-дық? Кімге қарсы қару көтергенімізді ойламай нелік-тен досқа күлкі, дүшпанға таба болу жолына түстік? Жоқ, бұл тәубеге кеш келу емес. Бұл: адасқанның алды жөн, қайтып үйірін тапқан соң деген дана сөзге келетін оң сапар, оң жол болуға айналды. Бұл бақыт, бұл шын бақыт. Бұл тәңірінің оң жолға бастауы. Бұл аруақ қолдап, бақ жану.

Сәлменнің Ойылда қалған үйі, екі жасар бала-сы, жас аруы, әкесі мен шешесі көз алдына келе қал-ды...

— Неге ойланып қалдыңыз, прaporщик мырза? — деді Әzmұratov оған кекесін унмен. — Мен өзім бара-мын, сізге хауіп...

Командирдің үніндегі кекесін дыбыс оның құлагы-на келмеді. Ол бір сәт жан ырзалығына белшесінен батқандай болды, шаттық ойдың құшарында қалды. Аз уақыт откен соң ол терезе алдында теріс айналып тұрган Әzmұratовтың қасына жақындаш келіп сыйнда-тысын ағытып салды.

— Мен мұны кеше гана ойлап едім, командир мыр-за. Мұным өте кеш болды, ел алдында, жүрт алдында қара қылмыс істегендей жүрекке зіл салдым деп өзімді өзім тілгілеп едім. Енді мына сіз де әділет жолына бет бұрып шын ерлікке қадам бастыңыз. Бұл бақыт! Бұл ел үшін, ер үшін басқан ізгі қадам! Адам тоқсан түрлі ақылмен пішіп, оймен өлшеп, азаматтық арды тек аза-матқа гана ариау қолынан келетін жан аз. Аз өмірін көпке бағалайтын жан да санаулы. Мен сізді түйік көрінген соң бұлай болмас деп ем. Қателескен екем. Сіз қыын-қыстау жерде оң қолының үшін халқына бере алатын ардагер жан болып шықтыңыз. Түзде жан қияр жолдас, үйде бөліп жер сыйлас, кең пейіл

қазақтың кең ойлар оқымыстысы екенсіз, Жаңылса түзеп, сүрінсе демейтін аға тапқаным ризамын...

— Эрине, жаңылғанды түзеу міндег...

— Оған менің шәгім жоқ. Бір қыспақтан бой жазып, кеңге құлаш сермеген анау жүзінен иманы шыққан қырдың момақан ұлдарын құрулы тордан алып шығарар азамат кездесер деп күтіп едім, міне кездестіңіз. Ойылдан шыққанда алдында жазықсыз жан бар, кездесер дос бар, ар-ұятыңды алдыңа тартар ағайын толы деп ойлаған жоқ едім. Білім мен өнерден құр қалған, өзгениң тепкісінде қан қақсаған, еңбегі еш, тұзы сор жандарды жау деу күпірлікпен бірдей екенін бүгін түнде гана түсініп едім, оларға қол көтеруді ақ сүтін емген анаға қол көтерумен барабар деп ойлаған едім. Мені сіз Әбілді өлтірген Қабылдың күнәсінен де зор күнадаи құтқардыңыз. Сізге мың рақмет, ұлы табысудың үстінде менің кішкене басым құрбан болса арманым жоқ. Сіз тынығыңыз, мен өзім барып үгіттейін Қаратөбеде қалған азаматтарды. Олар түсінуге тиіс, тәубеге келуге тиіс.

— Жоқ, жоқ, мен өзім барамын. Мен командирмін,— деп, Әzmұратов кілт бұрылып, Сәлменге тік қарады.

Сәлменнің қатты толқыған қызыл жүзінен шаттық шырай атып тұр еді. Елжіреген жүрек лебізі оның ішіндегі барлық адалдық шуағын сыртқа жайып нұр жалынын лаулатып жіберіп еді. «Қара ниетті зұлым!— деді ішінен Әzmұратов.— Абылаевтың айтқаны шын болды. Астыртын барып жауга сыр ашып жүр екен, бұл ақиқат екен...»

— Юнкерлерді есік алдына жина!— деп бұйрық етті ол Жанғожага.

Оның сыр бермес бозаң тартқан сопақ беті сүр қалпында қалды. Сәлменнің взекке тиіп қорғасындағы балқытарлық жалынды сөздері өлдекайда асып кеткенге — желге кеткенге ұсады. Әzmұратов арбалған торғайға актық уын шашар жыландай қадалып қалды.

Аяғын жүгіре басып, шүйкедей шошайған төрт-бес қыстаудан Жанғожа жас юнкерлерді ертіп келгенде екі офицердің екеуі бірі мұз, бірі от пішінде екен: «Әzmұратовтан ызгар, Аманбаевтан жалын атып тұрғандай жарқын көрінді».

Әzmұратов байлаулы тұрған қара кер атқа мініп те алды.

— Айбынды офицерлер! Мен кейінде қалған ез жі-

гіттерімізді осында әкелуге аттанғалы тұрмын. Өзім келгенше мұндағы отрядқа басшылық ету міндептің мына алдарыңызда тұрган Абылаевқа жүктеймін. Бұл кісінің шені үлкен, атағы зор, жасы да бәріңізге ага. Оның бұйрығын екі етпейсіңдер. Жолыққаша сау болындар!

Офицер атын тебініп қалды, Жанғожа оған тірсектесе ауладан шықты. Ат тізгінін тежеп, Эzmұратов кейінгे мойнын бұрды.

— Капитан Абылаев! — деді ол дауыстап. — Прапорщик Аманбаев екеуінде мені өзек басына дейін шыгарып салыңыз.

— Құп! — деді Сәлмен.

Абылаев жауап орнына басын иді. Ерттеулі атына қарай жүрді.

Аңысай өзегінің құбыла бетінде қара дәң атанған бір бел бар-ды, жаз бойы жауын көрмей шөкесінде дейін түтеленген сол қара құйқа жонайтқа сары желіспен келіп иек сүйеді де, кейінде қатарласа шоқытқан үщеуді күтіп Эzmұратов кілт тұра қалды. Сәлменнің астындағы аршыны алымды, қазақ ат жылқы желіске түссе, бастық атын артқа салып та кетерлік жайы бар болатын. Бірақ офицердің бүгінгі «ізгі» өзгерісіне қатты сүйінген прапорщик сыпайыгерлік көрсетті, командирдің алдына түсуді әдепсіздік деп білді. Ол Абылаев пен Жанғожаның қатарынан озбады. Тоқтай қалған кезде ол Эzmұратовтан тағы да тәтті лебіз күткендей әдеппен атының басын тежеп, құлақ тоса бастады. Командир күттірмеді.

— Сұлу доктор таныс емес пе? — деді Эzmұратов шылбыр тастандық жерде тұрып қалған Сәлменге әлденені сырласар адамша қабақ түйіп.

Сәлмен елең ете қалды. «Мұкарамага көзі түскен екен» деген қызғаныш ой келді оған. Ол түсіндіре бастады.

— Таныс, таныс, старшина мырза. Ол кісі доктор емес, медсестра. Мен Оралдан білемін. Көптен таныспыз... Менің бірге оқыған мектептес досымның қалыңдығы. Оралдағы белгілі Құрбановтың қарындасты. Хирургиялық тәжірибе алу үшін ағасы доктор Шугуловтың ауруханасына жіберген. Қазір мына жігіттердің арасында келе жатқан көрінеді. Мұсылманша билетін қымбатты адам...

— Ымм, солай деңіз. Қалыңдығы дейсіз бе?

— Иә, қазақтың бір көрікті жігітінің айдар таққан

қызы. Келіншегі десе де болады (Сәлмен Мұкараманы қызығыштай қорғап кетті). Қыз да, жігіт те құдай қосқандай тен, екеуі де сұлу жандар.

— Ол досыңыз қайда? Фамилиясы кім дейсіз?

Фамилиясы Жұнысов, аты Хакім. Қазір ол сырт естуім, Әйтиевтің полкында көрінеді. Жазғытуым атамандар көтерілісінде түрмеге отырып шықты... Содан бері көргенім жоқ.

— Әйтиевте полк бар ма?

— Иә, мына жасақшылардың түп мақсаты соған қосылу керек.

Әзмұратов қабағын түйе қалды.

— Полк құрганда қару-жарақты қайдан алмақшы?

— Ойбай, қару табылады гой. Атамандардың өз қаруын өзіне жұмсан жатыр деген хабар бар.

— Мұны сіз қайдан есіттіңіз? Сіз өуелден сол Әйтиевтің тілекtesі болмагай едіңіз?!

Сәлмен құліп жіберді.

— Әйтиевке тілекtes болу үлкен бақыт емес пе, Әзмұратов мырза...

— Сұлу қыз да большевик де...

Әзмұратов сезін аяқтамай Абылаевты шақырды. Түсі оте-мете көгілдір тартқан полиция капитаны атын омыраулата келіп, Әзмұратовқа құлақ қағып жарлық күте қалды.

— Ал, мен кеттім, капитан мырза. Екі күн өтіп, үшінші күні таң алдында ораламын. Сіздің ақпаратыңыз толығымен ыспатталды. Сәлмен Аманбаев большевиктердің тілеулесі, досы, жан ашыры екен...

Неге екені белгісіз, Абылаев Сәлменнің аргы жағынан келіп тоқтап еді. Әзмұратов оған иек қаққандай болды. Бірақ бұған магына бергенше, бұрылып капитан жүзіне кез жіберіп үлгергенше болмай, ағ үстінен айнала беріп Сәлменнің ту сыртынан тартып қалған наған дауысы тарс етті...

— Ah!— деді Сәлмен ат жалын құшып, қазанат бие қарғып кетті.

— Сәлмен аға!— деп шыр етті Жанғожа. Басқа сез оның аузынан шықпай қалды,— жас офицер ат жалын құшқан Сәлменге үмтыхала берді...

Кешеден бері ізін андыған түсі сүйк сүр офицер үкімді де өзі шығарып, орындаудың да өзі орындан еді. Қарғыған биеден құламай қалған Сәлмен, ер үс-

Тінде дұрысталып отырған жанша ат жалын тіреп, басын көтеріп алды.

— Эттең!.. Қапыда кеттім... Жонгожа!

Ол қайтадан ат жалын құшып қалды.

— Аға, Сәлмен аға! — деді айқайлас жас офицер. — Бақыл бол, аға!..

— Эттең! — деді тағы да басын көтеріп алып Сәлмен. Ол Жангожаның агалаган даусына құлақ тосқан жанша басын қисайты. Соңсоң тағы да көтеріле беріп жүзін Жангожаға бұра түсті, мойны жар бермей, келесі сезі тап сол сәтте ызыра қалған желге кеткендей уілдеп шықты: — Қапыда кеттім. Достар... Жангожа, жеткіз... Жұнысовтарға... жеткіз... қош! Адалмын. Арманда кеттім!.. Хакім! Қош!.. Адалмын!..

Екінші рет тарс ете қалған мылтық даусы Жангожаны аттан ұшырып жібергенін Сәлмен көрген де жоқ еді, білген де жоқ еді. Өзінен бұрын аттан құлап қалған уылжыған жас Жангожаның бал аузынан қара қан кетіп жатыр еді. Сол күнгі бұл екі ізгі жанның актық тілегі алыстағы Хакімдер түгіл, Аңысайда жатқан Нұрымдарға да жетпеді. Кейін жетті.

## ТӨРТИНШІ ТАРАУ

### 1

Бұл күндері Хакімнің татар дәмі мен бітер демі безбенге түскен шақ-ты...

Сол жылы күзде жаңбыр мол болды да, жауын арты қара суыққа айналып кетті.

Күндіз солтүстіктен түрган жел ызгары сүрғылт бұлттарды бірін-біріне қоспай түйдек-түйдегімен онтүстікке қарай жәңкілтіп жатты. Ал, кешке қарай жел бөсекси қалып, кері серіпкен қою, боз-қоңыр бұлт жерді суық жаңбырмен толассыз сабалайтын болды. Бұл күндізгі азынаган жел мен түнгі қалың жауын қара малды қырға шығармай қарасынға, қорага айдал тықты: қырдағы басы бірікпейтін үйір-үйір жылқыны бөрідей ніріп сай мен салага, бауыры ықтасын биік жондар мен түбі шұңғыл обаларға тықсыратын болды. Жонда мал, түзде жолаушы сиреді. Сығырайған шым үйлер мен сары балшықтан салған жатаған қыстаулардың қиуы қашқан қисық есіктерінен, әйнегі сынып шүберекпен тығындаған терезе көздерінен

ызырық азынады; киімі жыртық, етігінің жұлдызы тесік жалбыр қара шұнақ балалар бүйірғып от басына үймеледі; кемпір мен шалдар үстеріне тон-шапандарын қабаттай түсті; үздіксіз сұық жаңбырдан қалжыраған көрі саулық пен арық торпақ үйдің қазан жақ болсағаларына біржола орналасты да, бықсыған тезектің аңды тұтіні мен мал астының ылғалды ауыр қышқылт иісі қосылып, іші тар, жұпның қыстаулардың тынысын тарылта бастады; оның үстіне тунге қарай шалдардың жетелгені, балалардың түшкіргені, танауына тұтін иісі кірген саулықтың пысқырғаны, жарығы кем, жылуы аз, ауасы ауыр жеркепелерден ышқынғандай бір дыбыс шығаратын болды.

Қара топырақты жаңбыр сұына мейлінше қандырган бұл қараша айы жер бетіне телегей-тәңіз қақ тұрғызып болды да, қақаған бір түнінде бүкіл өлкені аязбен сипап өтті; өртеңіне-ақ ой мен қыр, сай мен сала теп-тегіс кекала мұзға оранып шықты. Бірақ көпке дейін қар туседі, жылтыр дала желтоқсанда да жап-жалаңаш қара қатқақ күйі жатты.

Арқадан тұрған ызырық жел күшейіп, оқтын-оқтын қар үшқындаپ тұрған бір кеште Жайық жарасынан шығып, Аңқаты басы Тіксайға қарай Хакім келе жатты. Оның астына мінген тұрқы ұзын, жүрісі жұмсақ қара кек биенің бұлкілі де сар желіске татырлық — желдей есіп келеді. Бірақ желкеден соққан қара сұық жүрісті еріксіз жеделтетіп, ол ауық-ауық шауып алады. Жолға шығарда Хакім үстіне шолақтау сары тон тауып киген еді, қазір үсті ете жылы, байпаксыз қара етік болғанмен аяқ та тоңар емес, жалғыз-ақ тізе мен қол шыдатпайды. Бір кез тізгінді босатып жіберіп екі тізесін кезек үкаладап, жылдытып қолдың жаңын келтіргендей болып, ол қайтадан текіректейді. Дала қашама жалпақ, ел-елдің арасы қым-қиғаш шалғай келсе де, жортуылға үйренген қыр жігіті шалымды атпен әне-міне дегенше-ақ көп жерді еңсеріп ала береді. Бір жағы сұықпен жөне есі дерті түнделетіп өз еліне жету болып, Хакім де сол сапарда елсіз асуды тез белден басты. Ол жолының жарымынан көбін екінді мен ақшам арасында-ақ жеңіп алды. Ал оның жолы Аңқатының басын кесіп өткенде жетпіс шақырымға аяғын жимайтын жер-ді.

Сырым шыққан обага іліккенде алдынаи өреге жайған құрттай боп, кешкі алакелеңкеде жыптырлаған қалың жылқы кездесті. Жаз күні бет-бетімен жайы-

лып, үйір-үйірімен ендең жататын бозды даладағы кең жылқы көзір шогырланып, етек-женін жинап, екшеле түсін: сауыр жұні үрпиген жабагылар ыққа қарай домалаи, біріне бірі бұйыра жабысып, басың жерге салмастан жылжып барады; сауырлары зәнтектей, тұғі қалың денекін, бесті жылқылар мен аяғын алшақ басқан қазылды ту биелер ықтаған тай-тулақтың соңынан бір қырындай жайылып, амалсыз ере түседі.

Қызырақтың қызғаншақ келген қапсағай дөнендері қалың қабак қарт айғырларға құлақ жымитып, жал құдірейтуді сиреткен сияқты; үйір мен үйірдің алшақ арасын да қара сұық жымдастыра бастағандай, ел мен елдің, бай мен байдың бірі құлалы, бірі алалы жылқысы салырлыса түсін.

Обаның қүнгей жақ түбінде ықта отырған төрт жылқышы Хакім үстінен шыға келгенде орындарынан ұшып-ұшып тұра келді. Бұлардың қатты сасып қалғанын Хакім байқаган жоқ. «Обаның ығында жантайып жатып өнгіме соққан ғой» деп ойлады кешігіңкіреп тұрып жатқан басқаларынан жасы үлкен кісіге жақындай түсіп. Сейтті де ол басындағы үлкен сенсөң беркін алышынан киген, аяғында киіз байпакты етігі бар, күпілі қара мұртты кісіре:

— Ассала-ма-лайку-мм.— деді, сәлем беруге тілі өрец келіп.

Ол сұыққа шыдамсыз қолы мен тізесін көбірек қорғап келе жатып, беті-аузының да қатты тоңын қалғанын сезген жоқ еді. Сәлем беруге аузы келіспей, тілі бұралғанына езі де сасып қалды. Оның үстінен мына күпілі қазақ кезіне бір қараганда жылқышы сияқты емес, елдің бас көтерген қатардағы адамның бірі төрізденді.

— Уәликсәлем. Жол болсын!— деді күпілі, ақырынғана жұмсақ үнмен.

— Күн ете сұық екен,— деді Хакім оған қадала қарап, тоңып қалғанына кешірім сұраған адамша жасылықтараң пішінмен.

Сейтті де тізгінің ерінің қасына орай салып, екі қолын біріне бірін үқалап-үқалап жіберіп, алақанының сыртымен бет-аузын ыскылады.

— Тілеуберлі алыс па бұл жерден?— деді ол аздан кейін, оның сезі бірден-екі анықтала түсті.

Шеткөріек шығып Хакімге, астындағы оның би-

сіне көзін қадай түсіп өлшеп-пішіп қараған бір күржіктеу жас жігіт:

— Оллаңи, мен какол екен деп бағанадан тіліне түсінбей тұрсаң, қазақ екен ғой,— деді қасындағыға құліп, санын соғып қалып.— Кәпір өтейін какол екен деп едім.

— Какол емес екенін қайдан білдің? Шолак тон... қара етік... түсі де құба,— деп екінші жігіт алдыңғының пікіріне едәуір дәлелді шәк келтірді.

Хакім бұл екеуінің сезін естіп құліп жіберді.

— Өздерің қай жердің каколысындар?— деп сұра-ды ол, әзілден.

Күржіктеу жігіт Хакімнің қазақ екенінे көзі әбден жетіп:

— Мырза, біз осы тәңіректің жылқышысымыз: мына жігіт Кердері Мұқайдың жылқышысы,— деп ол Хакімнің қазақ екеніне шәк келтірген ашаң жігітті көрсетті.— Мырзалының Мұқайын естуің бар шығар. Соның, кәдімгі болыс Мұқайдың жылқышысы. Мынау Абыз болыстың жылқышысы; мен Элібек ауыллының кімін,— деп аузын толтыра сөйледі.— Ал, Қайрекең (қара мұртты кісіге қара), ол жаутандай түсті)... Қайрекең, өз жұмысымен жүрген Қайрекең... Тілеуберлінің қайсысы керек еді — иұны Қайрекең біледі.

«Қайрекең» дегенге Хакім құлағын түре түсіп, мұртты кісінің сырт пішінін түгел қарастырып шықты: орта бойлы, қара торы, жұмақ жүзді адам, «іздеген Хайроллам тап осы болмагай! Меңкең: бала сияқты кісі, сенімен ол замандастындаі сөйлеседі, ете кішіпейілді және өзі жаратылышынан қойшы-қолацмен үйрі деген еді» деп ойлады.

Атақты, дәулетті адамның жылқышысы екенін мақтанышпен көлдененде түскен бұл пысық жігіттен Хакім іздеген адамын тік сұрауға сеніцкіремей:

— Өзім Шалқар сағасының кімін, какол емеспін,— деп әзілін араластырды да:— Тілеуберлілерге соға кететін шаруам бар еді,— дей салды.

— Тілеуберлі де, Абыз да міне тиіп тұр. Кәкен болыстың үйіне барсаң — сонау ағаш,— деп пысық жылқышы атқа көшті:— пай шіркін, мына қара кек биенің керген тәстіктең түрі-ай! Тап болыстың қара айғырындаі ұзындығы есік пен төрдей екен. Жүйрік шығар бұл да.

Ол Хакімнің арт жағына айналып, биенің салынғы

келген сұлу сауырын, желең құйрығы мен тік бақай, сида шашасына дейін көзімен сүзіп өтті.

«Болыс Қәкец... қара айғыр» деген сөздерден Хакім белгілі болыс Хакім Бакебасовты айтып тұрғанын біліп, оны күні кеше Қаленді босату үшін әкесінің үстап аламын деп жиынмен аулына төнгені ойна түсті. «Сол жүйрік қара айғыр ғой құтқарған, ейтпесе ана жылғы жігіт алғанда тізімді өртейміз дәп ауылына ат қойран ереуілшілердің қолына түсетін едің. Кім білсін, осы жолы да қара айғырмен Жымпіты асып кеттің бе? Маган сенің керегің шамалы. Маган керегі басқа кісі...— деп ішінен ол қара мұртты, күпілі адамнан көзін айырмады.

— Шалқар сағасынікі... Аты-женің кім болды, інішегім?— деп сұрады күпілі адам, Хакімнің қайта-қайта қарап, бірақ тосырқап тұрғанын сезіп.

Хакім аты-женің айтты.

— Іімм!— деді созып бейтаныс адам, айтатын сезін салтағандай, аузын аша түсті.

— Сізді мен танып тұрған сияқтымын. Жаңылмасам сіз Хайролла дейтін кісі шыгарсыз. Жаңылсам кешірерсіз аға!— деп Хакім, нede болса бұл кісінің аты-женін білгісі келіп.

— Иә, Хайролла менің атым. Габидоллин дейтін кісімін. Шырагым, мен де сенің әкесінің атын да, өзін де жақсы білемін. Марқұм, Жүкек қайтыс болды деп есіттім, жақында. Қайырлы болсын, шырагым. Жампоз жан еді,— деді Хайролла көңіл айтқан аяулы пішінмен.

Хакім ат үстінде қалшиып қатып қалды; жүзі алдақ болып кетті; Хайролланың аузынан тагы да бір сөз күткендей көзі үрейленіп үлкейе түсті; еріндегі өлденеге жыбыр ете қалды. Ол мезет, тежей түсейін деген адамша, тізгінің оқыс тартып қалды да, дем алдып аяғын сұтып тұрған бие басын кетеріп қалып, орнынан қозғалып кетті. Хакім бірер минуттей не істерін де, не айтарын да білмей есептіреп булығып, тек биенің бір жақ тізгінің тарта берді. Қолдың ыңғайымен үршиყаша айналып, бие тұрғандарға сырт берді. Хайролла жас жігіттің әке өлімін бірінші рет естіп тұрғанын білген жоқ еді, «қатты қайғырады екен әкесіне. Өзі шын жампоз, қайғырларлық та кісі еді» деп ойлады ол, Хакімнің теріс айналғанын кез жасын жасылды ма деп болжап. Сөлден кейін өзіне қарай бұрыл-

ғанда ол Хакімнің көзінен жас таппады, оның тек жұз құқылдығын байқап, дауыс дірілін ғана сезді.

— Менің сізде жұмысым бар еді,— деді Хакім сыйбырлағандай баяу үнімен.— Былайырақ шықсаныз...

— Кәзір, кәзір. Өзім де ауыл жаққа қайтқалы тұрмын.

Әріске бір болмашы шаруамен келіп, мына балаларды көрген соң айналып қалғаным. Әңгіме сұрап жібермейді, іші пысқан немелер,— деп Хайролла тобылғыға байлаулы ыққа қарап тұрган атына қарай жүрді.

Бұрын көрмеген, әңгімелесіп сыр алыспаган бұл адаммен Хакім шешіліп сөйлеспеді, сөйлесуге оның шамасы да келмеді. Оны жалғыз ғана: тезірек оңаша шығу, өзі мен өзі болу ырқы билеп кетті. Ол ілгері жүрген сайын, бірден екі ойы тұрақтаған сайын көмейіне бір нәрсе тығызып бара жатқандай сезді. Оңаша шығып еңіреп жіберуге асықты.

— Мына прокламацияларды Совдеп басшылары сізге табыс ет деп еді. Мә, алғызыз, аргы жағын өзіңіз білесіз фой.— Коржынның аузын ашып бір түйдек қағазды Хайроллаға ұстата салды да:— хош тұрыңыз, аға!— деді.

Тұрган кездे тері қата бастап, денесі дірілдей түсін көк бие бірден сар желіп кетті. Хайролла түйдек қағазды алыш қойына тығып, белбеуін қайта буынып, ер үстінде тақымын қымтап, асықпай жайласып болып, енді басын көтергенде Хакім көсле шауып бара жатыр еді.

— Қап, асығысын-ай, мына баланың, әңгіме сұрай алмадым-ау,— деп басын шайқап ол қойындағы түйдек қағазды қайтадан сұрып алды.

Әріптен әріпті зорға айырарлық қоңырқай тартқан бейуаққа қарамастан Хайролла мұғалім, ақша санағандай, сүк қолымен белінен буулы текше қағаздардың шетін қайырып: «Байбақтының атакты бес қартына!..» «Халқы үшін қам жеген қазақтың оқыған саналы заматтарына!..» «Букіл жалшы, малшы, жарлы-жақыбайларға!...» — деген бастарын ғана оқыды, аргы жағына көзі жетпіеді. Ол кері бұрылып келіп, кейінде қалған жылқышыларға:

— Жігіттер, күн сүйк екен, ана ауылға барып жылынайықшы... Сога кететін шаруам да бар еді,— деп жаңадан поселке болған «Қырық үйге» ертіп кетті.

Обаның тубінде естіген күннен де сұық хабар Хакімнің іші-бауырын мұздай қып жалап етті де, ол біраз уақыт үнсіз, ойсыз, жансыз қатып қалған құр сулдедей, тек болғаны алға қарай шаба берді. Қашша жер шапқанын, не үшін асыққанын, бағанағы шыдат-паған тізе мен қолдың енді неге тоңбағанын ол білген де жоқ, оны ойлаған да жоқ. Ол бейне бір сайдан төмен қарай өзінен өзі тоқтаусыз домалап бара жатқан дон сияқтанды. Екі арасы едәуір жер-қыраттар мен тебелер мойын бұрып қарагаша артта қалып жатыр. Қас қарайып, көзге еш нәрсе ілінбес уақытқа дейін шапса да, тағы да талай ондаған белдерді артқа тастай беріп, ілгері шауып аса берсе де, бедеу бие сыр берерлік емес. Дағаны тынбай аршындау үшін ғана жарадған жануар танаудың қағып, бүйірін бір соққан жоқ. Ол бүтін Аңқатының ұзын бойы дерлік шалгай жолын бір сағат ішінде-ақ алыш қояр ма еді, кім білсін! Тек бір кез атының тізгінін иесі тежей тусты.

Хакімнің тұла бойы күйіп кеткендей болды: ұзақ шауып ол бұлығын қалған екен, атты аяңға түсіріп, жағасын босатты. Еркіндей дем алыш, аздаң жайлана-са тусты. Айналасына енді ғана көз тоқтатып қарап, Алакөлге келгенін жаңа білді.

Жүргіс бәсендеп, тыныс қалпына келген сайын қызған дene салқындаі берді де, ауыл төбесі көрінгеннен кейін белшектелген шым-шытырық ойлар жинақтала тусты. Өлген әке тірі күндегідей көз алдына елестеп кетті...

...Жаздыгуні екеуінің Ақлан моласына арбадан түсіп келіп жаяулап кірген, терт қырлы жуан құлпы тастың алдына таяу келіп хажының толық денесі бегеп, қолымен жер тіреп тізерлеп отырғаны, аят оқы дей Хакімге иек қаққаны, езінің қатты қысылым қа-лып, бірақ алхамдыны айтып, оған құлнуалланы үш рет тіркестіре салып, амал тауып кеткені, орнынан тұра бергенде әкесінің дұғага қенілі толмай ренжіп тас-таған қаһарлы көзі, одан арғы жолда арба үстіндегі екеуінің Бақытжан жөніндегі әңгімесі, мешіт алдында-ты хажының жүртқа: «Кандай адам боларын баланың ақылы мен бағы білер. Біз тек балалардың заманына лайық білім алудына себепкер болсак, тиісті тәлім-тәр-бие берсек дейміз» — деген аса парасатты сезі, осыны айтқандагы оның дөңес мұрынды сопақша беті мен ұзынша ақ бурыл сақалын соза сипай түскен етті том-пак қолына дейін көз алдына келе қалды. Хакім күр-

сініп қалды да: «Ақпан бейітінен енді өзід де орын алдың. Атадан бала ширек кем туады деп, құранды да шала білетін мына шалағай Хакімнің сол օқыған шолақ аятын енді өзіңде оқиды. Оны үзбей оқып тұратын-тұрмайтынына да балуандығы шамалы. Басыңа тас қойып, асыңды беру оның қолынан келе ме, келмей ме?! Ширек кем... ширек кем бала атасынан!.. Күні кеше ғана тірі, алып әке — бүгін жоқ. Ертең біз де жоқсыз. Тірі жүрген пенденің бәрі жоқ. Бәрінің де жатар жері сол сұық көр, қайтар орны қара жер. Жалғызырама, әке, біз де келеміз!..

«Неге жанталасып қасқырдай қырқысамыз? Неге күні бұрын бірімізге біріміз өлім тілейміз? Не жетпейді бізге? Неге ұрыс саламыз? Неге бас кесісуге өңменімізді соза ұмтыламыз? Бәрі бір сұз қара жер табысатын, тыныштық табатын, татуласатын орын!..»

Хакім селт ете түсті де, үйқысы ашылып кеткен адамдай басын көтеріп алды. Құз тубінен қияға кете-рілген қырандай, тұпсіз қара үңгір ойдың құламасынан оның аузына бір ерлік сөз іліге кетті: «Тұн қатып жүріп тұс қашпай... — деп жыбырлады оның ерін. — Темір қазық жастанбай». Бұл не қылған сары уайым? Бұл не қылған үмітсіздік? Жыл бойы үйді, жарды, жұмсақ тесек пен тәтті үйқыны көрмей, киіммен жатып көз іліп, жан қабырын қайзалаң; қара су жұтып таңдайын жібітіп, ой мен қырды жаляу кезіп, алысып өліммен алма-кезек түсіп, үңірейген кердің аузына бір емес, екі барып қайтқан Мендікереі мен Әбдірахман неге жасымайды? Олар неге әділдік пен ақиқаттың үнінен бір жаңылмайды? Айналасы кек тас пен темір, тордың ішінде тогыз ай отырган Бақытжан: «Ау, Кердірі кезінді аш!», «Тында, қазақтың қадірлі қарттары!» — деп тар лахаттың тәріндей «қырық тұрбадан» үндеу жазып шығарып, халқын тәндікке, бостандыққа неге шақырады? Елі түгіл, құдайдың берген күнінің көзі де түспейтін қапастағы революционер неге жасымайды, неге безінбейді?..

Жоқ! Мұңаюға орын жоқ!.. «Алты малта ас болмай, іс бітпейді! Ағаға берген серт бар. Сүйген жармен кездесер күн алда. Мақсат алыс! Жол ұзак! Жарты жолда қалу — өлім!..

Ол биесін тебініп қалды.

Хакім үйіне жұрт жата жетті. Қазандық айналасына бұйыққан кішкене інілері мен көрі шешесі үйге

кіріп келгенше оның дыбысын естімей де қалды. Біраз уақыттан бері көрмеген, әкесінің бақылдығын алғы басында бола алмаған баласын кемпір құшақтап қысып, үн салып жылады. Сарнаған дауысқа жүгіріп келген Бекей мен әйелі және қосылып еңіреп, жоқтауы аралас ашы зар сай-сүйекті сырқыратып көпке дейін басылмады; оны басатын адам да болмады — сезге олақ және әйел дауысты шырылдақ Бекей өзін өзі тоқтата алмай, Әлібек пен Әділбекті кезек құшақтап жылап, жұбатып ақыл айтудың орнына өзі мықтап егілді. Сейтіп қам-көніл Хакімнің езілген жүрегін жабыла босатып, үй іші түн ортасы ауғанша жылап-сықтаумен болып еді. Шай да дұрыс ішілмеді, пісірген тамақ та сол күйі желінбей қалды. Әрі жолдан тоңып, салығын келген және оның үстіне ұзак жылап, тесекке шаршаш қисайса да, Хакім көзі көпке дейін ілінбеді. Оны тағы да ауыр ойлар басты...

Көптен бері тілсіз, қымылсыз жатқан көрі әкениң бул дүниенің адамы емес екенін ол әлдекашан білсе де, тан мұндай орны үңірейіп қалатынын, әкесіз үй ішінің жетімдік хасіретіне кеңдесетінін ойлаған жоқ еді. Көзір мына аңыраған үлкен үйде Нұрым да жоқ, өзі де жоқ, тек кемпір мен жас інілері қалған. Бұларға тірек, шаруага бас-көз әке қайтпас сапарға жол шекті. Кешегі үлкен әке, бүгін ауылға пана әке, жұрт алдында басын иіп отыратын беделді әке, ел-елге аты жайылған атақты әке енді жоқ! Ендігі күн не болмақпы? Ендігі тіршілік нeden басталмақшы? Нұрым қайда? Ол үйге тез оралса да жақсы болар еді. Өмірінің жартысын ойын-сауық, жынын-тоймен откізсе де. Нұрым шаруага да, жұмысқа да жойқын еді. Әлде Нұрым келгенше үйде болып, мойыған анаға сүйеніш бола тұрамын ба?! Онда қалай болады? Жолдастар қайда? Ана қағаздарды тиісті адамдарына тапсырып, тез қайтып келемін деп оларға берген уәде қайда! Шаруа деп, үй іші деп айналактасам... жоқ! Бекей ағай қез бола тұrap, айтартын. Бастаған істі тастай беріп бас қамын көздең кетсек бұл мақсаттан безгендік болып табылмай ма?! Ел арасы ғой үй іші ентең жаң сақтай тұrap. Және мына екі қара домалақ — дұрыстап жұмсасаң малға шеп салура да, оны суарып, қоралауга да әбден жарап қалды. Бірақ бұлардың да окуы бар. Құндіз Қален учительдің қолында. Жоқ, қалайды, әзірінше Бекей кез бола тұrap...

Сейтіп Хакім ұзак уақыт үй ішінің жайын ойлап

жатты, бірақ кідірмей ертең кері жүріп жетуғе бел байлады. Оның ойына үздік-үздік басқа да көп бұлдыр суреттер келіп жатты. Оның кебі Жайықпен байланысты болды. Бірде ол паромға мініп еткенін, бірде киімін басына түріп, өзеннен жүзіп етіп қалага кіргенін кез алдына келтірді. Бірде қайықпен келе жатқанын көрді. Ақырын, ақырын еседі... Ол ұйықтап кетті.

...Үйдей-үйдей тұтас сеңдер бірінің үстіне бірі шығып, мұз мұнара болып қалған. Мұнараның биіктігі Макаровтың зәулім диірменінен әлдекайда аспандап кетіпти. Бір мұнара, екі мұнара. Кеп мұнара. Жоғарыдан арнасына сыймай келген көк ала су мұнара мұздарды етегінен соғып, шөлмекіше қирата Мынамнай беттегі үлкен тоғайды жапты да кетті. Дүниені зелзала су қаптады. Ағылған жан мен мал, арба мен көлік бүтін қара жердің бетін қаптап алған. Біреу күрек; біреу сырық ұстаған. Біреулер судың алдын бөгеп тас, тонырак, шәп-шөлең тәгіп жатыр. Енді біреулер тырдай жалаңаш, мұздай суға сұңғип-сұңғип алып, қайтадан шығып, екі санын шапалақтап жүгіреді. Біреулер Текенің азындағы паромның үлкен қайықтарын шешіп алып, жыбырлаған қос ескекпен есіп бара жатыр. Сол үлкен паром қайығының қақ тұмсығына бір кез дөмбырасымен Нұрым шыға келді де, айқай салды. Жағада тұрған Хакім оған үмтұла түсіп, қол бұлғап қарсы жүріп еді, Нұрым шыққан қайықтың биік басы оның салмағына шыдамай суға шым батты да, Нұрым екінші басына қарай жүгірді. Оны қайықтың екінші басы да кетере алмай, бата бастады. Әне батып барады... Жоғалып барады... Хакім қатты айқайлап, қасындағы адамдарга қол бұлғай берді. Бірақ оның даусы шықпай, ешкім үнін естімей, батып бара жатқан Нұрымға жәрдем беруші болмады...

Хакім булығып оянып, жан-жағын қармана түсті. Оның қолы қасындағы үйықтап жатқан Әділбектің басына тиді. Кіші інісі жатарда ортаға жатып, сағынған ағасын құшақтап үйықтап кеткен еді. Ертеңгі тәтті үйқыда жатқан бейғам баланың бетін, шашын сипалап, ол кенет ақылына келгендей, бұл жер өз үйінің төрі екенін біліп қатты қуанып кетті. Тасқын су, қайық, мұз, халық — бәрі оның түсі. Нұрымның суға батып бара жатқаны да өңі болмай шықты. «Уң» — деді ол жайланаңып. Бірақ екінші минут оның көңіліне қайтадан кобалжу енгізді...

Таң аппақ болып атыпты, бірақ үй іші әлі сыртта-

ғыдай әбден жарық болып кетпеген, қоңыр көлеңке. Кішкене шағын терезелердің әйнегі сыртынан мұз қатып және қыстауга тақай үйгөн пішen шығыс жақ бетті тегіс бүркен алышты. Алакөлең үйдің жарына тура қарап, көзін тоқтатып аз жатқаннан кейін Хакім мойнын сол жаққа бұрып еді, ілулі түрған әкесінің ұзын боз шидемі мен түйе жүн тымағын көрді. Бозаң тартқан үй ішінде шидем мен тымақ оған түрекеліп намаз оқып түрған Жұныс хажының өзі сияқтанып кетті. Тап осындаі өртемен, бозала таңмен тұрып, сол жақ бұрышта ол таң намазын оқитын; намаз соңынан жүгінген күйі құбылаға қарап, басын төмен салып тасбих санайтын. Боз шидем, боз шалма бозғылт тартқан үй ішіне әбден жарық түскеніше тапжылмай мұлгіп отыратын. Хакім ақырын күрсініп қалды да, шыдай алмай орнынан тұрып кетті; етігін қоңылтаяқ киіп, шинелін үстіне жамыла салып, сыртқа шықты.

— Қарағым, күн суық көрінеді, шашшу қадалып қалмасын. Алыр-ай, мынадай күркіреп түрған күнді мен бұл кезде көрген жоқ едім. О, тәңірім, сақтар көр! — деп жалбарынды сырттан кіріп келе жатқан кемпір Хакімді көріп.

Хакім үндемеді. Бірақ күркіреген күн емес, дүңк етіп дірілдей қалған алыстағы зеңбірек даусы екенін ол бірден-ақ ұқты. «Күні кеше жетпіс-сексен шақырым жердегі бұл еміс-еміс дүңкіл қалай жақындалап қалды. Мынау тіпті Текеден де көп бері гой. Шынымен жақындалап қалғаны ма?» деп ойлай сенектен шыққан күйі ол үзақ уақыт құлағын тосып, сыртта тұрып қалды.

«Анық. Өте анық. Кешеден бері көп бері жылжыған. Бүгін бұл зеңбірек даусы тағы да жақындейдай. Жоқ, тез жүріп кету керек. Мамам жылар. Жылағанмен басқа амал жоқ, — деді ол ішінен. — Қален ағайға сөлем берейін де, қағазды тапсырып тез аттанайын».

— Әлібек, сен тез барып Тойекенді шақырып кел, көк биенің алдыңғы екі аяғын тағалай қойсың, жүгір! — деді.

Өзі сөлемдесіп шығуға Қален учительдікіне кетті.

## 2

Жұмысқа алғыр, әрі қайраттылығымен қатар Шолпан ете малжанды еді. Ол суыққа төзімсіз бұзау-торпакты арқасын аязға сорғызбай жылы жерде, астынан сыз отпейтін құргақ қора-жайда бөлек бағып, жемдеі,

жетілдіріп жіберетін. Ірі қарасының қыстап түгі жырылмай, қой-қозысының жабағысы қатпай шыратын. Был да Шолпанның қайраттылығымен күміс шепті жеткілікті етіп шауып, мезгілінде жинап, үйіп алғанды. Жауынды қара күз басталғаннан-ақ малды алысқа айдап аздырмай, төңірекке ұстап, ертерек шепке қаратқан болатын. Күйек асты болып ерте қашып кеткен екі саулықты «әбден желіні жетіп қоздасын» деп, Шолпан бір жұмадан бері басқа қойлардан беліп алғып, пішen ауласының ішіне бос жіберген еді. Бұғін ер жеткен балалары жолаушы кетіп, шалы қайтыс болған, жұмсайтын келіні де жоқ жалғызлікті Балым кемпірге су әкеліп, малын жайлап бергеннен кейін ол Загипага кіріп әңгімелеспекіші болды да, ауладағы өз малдарын бір қарап етті. Пішen ішіне бос жіберген қойларының желінін тағы бір ұстап, ысыған ысымағанын байқамақшы болды. Ол екі қойдың бірін қақладан кіргеннен-ақ көрді, ал екіншісін кезіне түстіре алмады. «Бір жерде туып жатыр ма» деп ол жалма-жан ортасы қорадан жып-жылы, ауланы қоршап үйген пішеннің ішін айнала қарап, екі қойдың күнде-күнде тұрткілеп жеп қуыстаған жерін қарады. Қой сол қуыста екен. Алысырактан қараган адамға көрінерлік емес, тұмсықтан тескен кішкене қуыстың ішін үндіп қоянның кеүегіндегі етіп жіберген. Шөл үйген кезге кебенің қанаттасып қосылған жерінде жік қалса керек, дой ауыздытар, тубі кең ін сияқты етіп ішіне сұнгіп кетіпті. Шолпан үндіден қойды шығарып алғып «мына сорлы бір күні жентектеліп тәмен сұысқан шөл басып, пішen астында қалады екен» деп ойлады да, үндідің аузын қой жемейтін қогажаймен бітеп, тығындап қойды. Сейтіп шаруасын жайлап болып үйге кірді де, үстіндегі шапанын шешіп тастап бешпетшөң қасындағы Қаленің үйіне кірді.

— Хакім келіпті, ағаңа барып амандастып шықпайсың ба? — деді ол пеш жанында тұрган Загипага.

Қыздың жұқа өнді, қуқыл жүзі кенет өзгерे қалды — екі бетін тұтасымен ақшабдыр қызғылт жауып кетті. Оның тосын хабардан тез құбылған түрін көріп, Шолпан сәл ойланған түсті де, ақыл бере:

— Әке өліміне қатты қайтырған қам кенілді ағаңғой. Және өзі ұзақ сапардан қайтқан адам. Кіріл шыққан жөн, — деді.

— Сен өзің көріп сөйлестің бе? — деді Загипа жүрегі дүрсілдеп.

Кыз қатты қобалжып кетті, қолындағы шетін жібекпен шалып тұрған орамалын жерге түсіріп алды, онан әрі қызара түсті.

Шолпан оған білдірмей басын шайқады да:

— Жоқ, мен сөйлескенім жоқ. Сөйлесуге реті келмеді, үйінде ағайынды қос кебік ауыз отыр. Ол екеуі бар жерде не айтуға болады. Онсыз да мені сыртынан келістіріп өңгімелеп отырған шығар.

— Онда екеуміз кіріп шығармыз, үйінде адам жоқ кезде,— деді қыз аздал қалпына келе бастап.

Шолпан мойнын созып қонақ белменің есігінен қарады да, үйде Мәкканың жоғын көріп:

— Бір сөз айтсам ашуланбайсың ба?— деді Загипара.

— Ол қандай сөз?

— Хакімнің аты аузынан шықпай жатып шоқтай қызардың, оның өзін көргенде не істейсің? Мен соншыңда түсінбеймін. Бозбалалық ретінде ойнап-кулуден өзге Хакімнен әлі шын көңілің бар ма?— деді Шолпан салмақты үнмен.

Сырт жақтан шыққан тықырды естіп Шолпан есікке жалт қарады да, оның сезінің аяғын Загипа естімей қалды; екеуі де әңгімені догара қойды. Бұлар сенекке кірген Мәкканың:

— ...Қайным, қарагым, хажы қайнаганы ұзақ са-парға аттандырық. Иманы жолдас болсын. Басқа не айтамыз. Көп қайғырыдық. Учитель ағаң аhlap-үhlеп бірнеше күн үйіктамады. Сабырлы адам гой көп сейлемейтін. Іштей қатты қайғырып жүр...— деген сөздерін есітті.

Бұл сөзге құлақтарын түре қалған Загипа мен Шолпан келе жатқан Хакім екенін, Мәкканың оған көңіл айтқаның түсіне қойды. Загипа жалма-жан бастап бүккен орамалының шетіне инесін қадай түсті де, еш нәрсе естімеген адамша Шолпан оның қалтыраган жіңішке саусақтары мен тышқан ізі тәрізденген кестесінен қарай қалды.

Хакім үйге кіріп амандасып терге шыққаннан кейін Мәкканың қасына Шолпан да бір тізерлеп отыра бастады. Ол алғашқы үнсіз кідіріс сөлғана созыла түскен кезде, болар-болмас тамағын кенеді де Хакімге жүзін бұрып алды.

— Құрдас!— деді Шолпан ашық дыбысты өзінің батыл үнімен.— Хажы атамның алды өзіне жайлыш, арты сіздерге қайырлы болсын. Әркімнің атар таңы мен

бірге батар күні де бар деуші еді менің көрі әкем. Бұл сөздің мағынасын мен был гана түсіндім. Әсіресе соңғы кезде... Мойымаңыз. Үлкеннің де, кішінің де басына келетін іс.

Шолпанға іле-шала Загипа да ернін жыбырлатты. Бірақ оның сөзі Хакімнің құлағына анық естілмеді, оның бар ойы Шолпанның терең мағыналы, аса келісті айтылған сөзі мен үнінде болды. Ол:

— Рахмет, Шолпан, көңілге сүйеу замандастық сөзің! Өз үй іштеріңіз аман-есен бе? — деді қысқаша гана.

Шолпан:

— Шүкір, әзір! — деді.

Күні кешегі қалжыратқан қара суық, жалықтырған үзак жол, ауыр ой мен қалың қайғыда өткізген қара түннен кейін учительдің үйі Хакімге ұжымактай көрінді. Бағы жарқыраган таза бөлме, шансыз текемет, жұмсақ көрпе. Бәрінен де өзге — жылы жұзді көркем жеңге; сүйікті жас қызы бен ой-ерікті арбал алғандай от Шолпан тұр. Бұл үйдегі үзак кештер лаззетті сөзі үстінде тым қысқа да, сөйленетін сыр-жай аяғы теңіз сарқылмас бастаудай көрінетін. Сая іздеген көңілге медеу боларлық мейірбан үй еді.

Елден аулақ алыста жүріп өткізген қысылшаң ми-нұттары мол ерлік құндер Хакімнің ойына жырдай қызық санқылды оқигаларды үздіксіз еріп келіп еді. Ол сағатын тауып құрбы жанында одаша отырып көзімен көріп, бастан кешіргенің актаруға құмартып кетті. Ол Загипа мен Шолпанның көздеріне кезек қарап, жандарына наздана қисайғысы келді. Бір көздерде бас қаратқан болып тізеге басын салғанда жеңгелері Хакімнің шапын саусағымен тараشتап, бетін жұп-жұмсақ алакаңымен еркелете сипайтын. Кәзір Хакім Загипа мен Шолпанға кезек жантайғысы келіп кетті.

Өмір өлімді де тез ұмыттырады ғой. Адам көнілі өмір қызығына тез көшіп: қасірет уын әп-сәтте жуып-шайып кете барады. Хакім де ертеңгі зілдей ойдын құшагынан тез босанып кетті. Ол қызы бен келіншекке алма-кезек қарады. Қайта-қайта қарай берді. Бұл кезде көз тілінен басқа ойды жеткізерлік сөз орайы да келе қалмады.

— Шай қояйын,— деп орнынан тұра берген Маккага, Шолпан:

— Отыра беріңіз. Мен қояйын шайды, женеше! — деді де орнынан тұрып қазан жаққа кетті.

Оған ептеп жылжып Загипа да ілесті.

— Қайным, отыр! Шай ішіп, ас жен кетерсің. Өшітеп ағаң да кешікпей келіп қалар. «Бастағы ауылда шаруам бар, түске дейін қайтып келермін» деп кеткен,— деп Мәкка да қазан жаққа бет алды.

Хакім үндемеді. Қызы мен Шолпанға оңаша кездесуге құмартқан адам «асығысының, асқа қарамаймының» деп айта қоймады. Оның бар ойы тек сол екеуінің айналасында болды.

Төр алдында жалғыз қалған Хакімнің кез алдына бір кез Мұкарама, Шолпан, Загипа үшеуі қатарласа тұра қалды. Ол үшеуінің сипатын да соңшама айқын көріп тұргандай болды. Ол басын аздап қисайта туспіп, оң қолымен жағын таянып отырды да, үшеуін салыстыра бастады. Жан-жағын қалдырмай тенденстірседе, оның кез алдында тап сол минутте: бойы, керкі, сезі, өнері, тәрбиесі белек Мұкарама екеуінен бір басқыш жоғары тұрды.

«Толысыңқыраса, дүниені кебірек көріп ысылыңқыраса, орысша киінсе: жазық маңдай, үлкен кезді, солақша келісті бетті, мұрны әдемі, сұрғылт тартқан аш өнді Загипа қай сұлудан да кем түспес еді. Өскенсін күйгелек, балалық мінезі кетер еді. Ал, Шолпан!.. Ол біраң ойланып отырып: — Хазірет Фалиды састьярған балуан қызы сияқты! Ауган жок, балуан қызы! Бойы тіл-тік мінсіз есken құба талдай. Білегі жұмыр, тоқ бұрым, беті аздан суық шалып қоңырқай тартқан алма! Өзі өткір, езі тапқыр, езі ақылды. Суыққа тоңбайтын, күн көзіне бүріспейтін, желге жығылмайтын да-ланың жайнаған қызғалдағы... Нәпсі неліктен қомағай, адам кезі неге тоймайды? Мұкарама шаң тигізбес қамқа сияқты. Бірақ мына екеуін қоса құшактасам! Үшеуін қабат құшсам! Тоймас ем...

Ол селт ете түсті. Өз ойынан езі қорғанғандай. Жағын таянған қолын сермен қалды. Шолпаниң қазан жақта әлденеге күліп жіберген күлкісі оның тұла бойын қытықтап еткендей болды. Хакім Мәкканың үйден шығуын, үшеуінің оңаша қалуын күтті. Бірақ тәтті тілек орындала кете ме?! Әсіресе сол қала тулап, қыр бұлқынған ойран өзгеріс кезінде талайдың тағдыры қыл үстінде қалған еді. Бұл үшеуі де басын қосып, тап сол сағат құмарта сырласып, тәтті сейлесу түгіл енді қайтып бір дидарласуға да зар құнғе кездесті. Ауыл үстін отряд басып қалды.

Бұл декабрь ішіндегі Қызыл Армияның Жайық бойын ақ казактардан арылту үшін ірі операцияға кірісken кезі еді. Орынбор қаласын Дутовтың қолынан жұлып алуға, Орал қаласын босатуға 4-інші армия белімдерін шығарып, Шығыс фронты жаппай шабуылға аттанған шагы еді.

Атағы шықкан 25-інші атқыштар дивизиясы мен Алгай бригадасы Саратов жағынан төніп келіп, 22-дивизия Самар беттен ат қойып, Орал казактарын қос бүйірден қысқан ұлы дүркіннің алды болатын.

Улкен шең темірмен құрсаулағандай Орал қаласын кектемде атты казак әскерімен орап алғанда Михеев мықтап ойланып еді. Бастық қазір ол кездегіден тереңірек толғануда. Толғанбасқа не? Михеевтің алдында майдан мәлімдемесі жатыр. Түрі шағын, мазмұны мұздай мәлімдеме! «...Генерал Акутиннің бүгін тағы екінші полкы Саратов жолының үстінде қаруын тастан қызылдармен ой бауырымдан құшақтасып табысын кетті... Іру! Натыз іру! Штен іру!..

...Самара беттегі майданда қызылдардың сансыз роталарын тегіс қызып, полковник Бородин қаһармандық ерлік көрсетті. Ол қыя елі шегінбей сарқасқа шеңірткедей қаптаған жалаң аяқ мұжықтарды өртте қалғандай етті. Бірақ... Плясунковтың жаяу әскери мей Кутяковтың атты полкының қыспағында қалып, аяулы полковник аса қайрат көрсетіп, ақырында амалсыз кері шегінді. Бородин өзі екі жерден жаралы. Полкы тегіс қаза тапты...»

Бастық Михеев мәлімдемеден кезін кілт бұрын алды да, жиренген адамша мұрныи тыржитты. «Плясунков! Кутяков!»— деді ол ернін жыбырлатып, мәлімдемегі қызыл командирлердің аттарына қайтадан кез тастан «Плясунков!.. Кутяков!» Ол өте тұнжыр отырып қалды.

«Шенсіз, атасыз, нәсілсіз, аты мәлім емес адамдар! Олардың әскерлік білімінің бары-жогы да белгісіз. Бірақ тәжірибесі мол жауынгер казак полктарының бірін тез қаруын тастанып, «ой бауырымдатып» алдынан жүргіртіп құр қолмен алды; екіншісін — қыспақ-қа салып диірменге тартқандай ұнтап жібереді. Міне, бүгінгі күннің Наполеондары! Бұл да?! Әлде біздің ғаскер дегеніміз баланың ойыншығы ма?! Әлде ғаскер басшылары шетінен су ми мәжнүн бе? Кім ақымақ?

Генерал Акутиннің ақылынаң өркекіректігі басым — бұл анық нәрсе. Оның «жауды жақыннан соғу — жеңідің басты әдісі» деген мениң пікіріме қарсы шығуы, әрине, көрегендік емес. Бұл тікірге қарама-қарсы әрекет жасап, алыс-алыс рейдіге шыққаны зияннан өзге еш нәрсе берген жоқ. Жаз бойы ірікten алған полктарын алышқа сүйреп, батрак Чапайдан әлденеше рет соққы жеп қайтқаны бұған кәміл дәлел. Жорықпен тірсегі созылып, қажып барған ғаскер жері, сұы, елі таныс емес жерде өмірі абырай алған емес. Дивизиясынан үздік шығып кетіп, Самара беттегі майданда әрілен барып ұрыс салған «аяулы» Бородиннің полкын қырып алуы да осы теріс басқарудың салдары. Бұл дүшпанды іздел барып соғысу — тәжірибеде терістігі дәлелденген нәрсе. Бірақ... мына жаңа шыққан Наполеондардың жаңу себебі басқада...» — деді ішінен генерал.

Михеев батыс беттегі терезенің алдына барып Шаған жаққа кез тікті. Бұл кішкене өзенниен бергі келшиmek ойпат үзбей жауған жаңбырдан теп-тегіс көл болып кетіп, кәзір беті айнадай үлкен мұз айдынына айналып кетіпті. Осы үстінде көз тартар қыбыры аз жылмагай мұздың қалага таяу жерінде бір сиыр көрінді. Аяғын батылсызыдау басып ол ілгері қарай жылжи туследі. Малға көніл белмейтін салақ жаңының сиры ма, әлде қарап-бақылайтын адамы жоқ жетім-жесір біреудің күн көргіш жалғыз қарасы ма, кім білсін, бірақ генерал бұл жағына көніл белген жоқ. Оның наазарын бүтіндей аударған сиырдың қалт-құлт басқан адымы болды. Бір аяғы тайып кетіп, оны қайта жөндеп алыш бұл хайуан ілгерілей берді. Аздан кейін оның артқы екі аяғы бірден сыррып ілгері кетіп қалды да, өзін өзі билей алмай, итше шоңқайып отыра кетті. Бірақ сиыр сонда да, сол шоңқайған күйі ілгері жылжи туспі, бірте-бірте төрт аяғын төң басып кетті де, сол уақыттан кейін тағы да шатқаяқтады. Ол бұл жолы шоңқая кетпеді. Төрт тағандап қалды. Алдыңғы жағында оның, женіл қолтық шөп жатыр екен. Сол шөпке жете алмай, ілгері басуға төртеуі төрт жаққа тарбиып кеткен аяқтарын жинап ала алмай, көтерем малша дәрменсіз халде қалды. Сиыр бұл өзінің мүгедек халине ызалаңды ма, әлде шәптің иісі шыдатпады ма — әйтеуір тұмсығымен мұз тірей, тәмен үциліп мөніреп-мөніреп жіберді. Сиырдың қылғынғандай әлсіз жіңішке даусын, әрипе, алыштан — терезеден керіп тұрган генерал ести ал-

ған жоқ, оны естігісі де келген жоқ шыгар — ол мойнын басқа жаққа бұрып кетті.

«Сенің көзіргі халің мына ғұз үстіндегі сиырдың халінен де мүгедек. Сиырды сүйреп кері шыгарып алуға болар. Бірақ бишара, Россия, сені...» — деп құбірледі Михеев. Оның ойы ілкі «жаңа Наполеондардың жекеніштігі неде?» деген сұрауға қайта оралды. Көргені, оқығаны, естігені мол тәжірибелі генералдың ойына ағылшын жазушысының жазғаны түсті де, кезіне соның бір суреті елестей қалды.

...Африка жерінің көгерісі мол бір кең алқабын мекендеген сансыз хайуанат бір кездे жер ауды. Жауын тоқтап, шәп қурап, су тартылар шақта аңдардың кенет қоныс аударатын әдеті. Алдымен қора-қора боп бұлтша төңкөріліп, ең іргелі, ең ұшқыр қамыс аяқ антилопалар қозғалды, ізінше аспан мен жердің арасын боз тұман шаңға айналдырып, үйір-үйірімен дәңгелек тұяқ қыл құйрық құландар дүркіреді,— сол біртіндеп ырысын, бара-бара дүрмектеле жылжып, ағылған сендей бір кез дүркірей қозғалған қалың аңың басы-көзіне қарамай тапап кетерлік қауіпті жолында бір арыстан жатыр еді. Бұл арландар айқасында май табанына әлді арланның азы бойлап, үйірдөн шығып, тұралап қалған жалғыз жыртқыш еді. Жай шақта қауіп пен ажалды алыстан сезетін, әсіресе, арыстанның бетінен көш жер аулақ жүретін антилопа отсыз-сусыз өлкеден безу үрейі билеп, дүрмек-дүрмегімен жатқан арыстанның үстімен асты. Әлді жыртқыш бірінші топ үстімен дүркіреп өткенде түйедей аңдарды да ұшырып жіберетін жалпақ табанымен бірнешеуін оңды-солды соғып қиаратып, бірнешеуін ауызben лақтырып, бірақ көпке төтеп бере алмай, екінші дүркіннің астында қала берді. Есі шыққан аңың бірі оның үстінен қарғыш өтті, бірі тастай тұяқпен басып, бірі теуіп, бірі соғып барады. Бұл апаттан жаңа ғана құтыламын деген үміт туып, топыр саябыр тартқан кезде арыстанның үстіне қалың құлан тенді де, аспан жерге түскендей әлемді солқылдатқан дүрсіл мен дүбірге бет баға алмай, үйірлі құландардың ыңғайына көшіп, ол да бірге шашты. Аздан кейін кері шегінуге ырық бермейтін, бұлтаруға жол қалдырмаган қалың топтың арасына еніп көрінбей кетті...

«Бұл хайуандар дүниесінің сипаты, бірақ шын және дәл сипат. Ал, біздің қорамның, адамның өмірі мұнан қаншама бөлек?! Тіршілік қамын, өлмеу қамын

көздеген қалың жан иесі алдынан шыққан арыстанға қарар ма? «Мен арыстанмын!» деп ол қаншама жалын күдіретсе де, табанымен соғып, тісімен тістеп лақтыраса, үдере қозғалған топты қалай тоқтатар?! Уш жұз жыл билеген Романовтар тұқымы қара дүрсін көпті жолға сала алды ма? Адвокат Керенский мен генерал Корнилов ше? Мұны... мына қаптаған жалаң аяқ, жалаң бас, аш жандарды... сендей қозғалған қала мен қырдың сансызы сорлыларын алыстан соғамын деп аусарланған Акутин мен «аяулы» Бородин жуасыта алар ма?!

«Плясунков! Кутяков!.. Бұлардың алдында жеті басты жылан тұрса да қарамас! Жалмауыз кемпір тұрса да ықлас! Айтқандай... (Михеевтың ойына кенет бір оқыс нәрсе киілкендей қабагын түйіп сәл уақыт отырды да) қара халық сенгіш келеді... Бұл да тірек емес, ел-далда амал, нәтиже шығуы екі-талай. Сонда да бұл ақтық шараны қолданып байқау керек болар...» деді ішінен кубірлеп. Ол бұйрық орындаушы шабарман офицерлерді шақырып алды.

— Қаладағы барлық дін басыларын: архиерейден бастап бүкіл поп атауларыны, монахтар мен иегумендерді, понамарълар мен шырақ жағушыларға дейін қалдырмай, діни семинария оқушыларын қоса вице-губернатор мәхкамасының алдына жиындар! Шіркеу хорларының құрамында қанша діндар жан болса, соншасын қалдырмай әкелідер! Берінің қолында кетеріп шығатын бір-бір крест пен Иисус Христостың образ-суреті болсын! Ескертіндер, жылы киінсін! — деп бұйрық етті.

Михеевтың есебінше Орал қаласындағы шіркеу мен дін қызметшілерінің саны бір батальонға аяғын жи-майтын аса мол сияқты көрінді. Піскен тарының арасындағы басқа арам шептерден ала белек көзге түсетін қаптаған қастауыштай осы ұзын сақал, жалбыр шаш, қара күімді, о дүниенің қамын қайғырган діншіл халайықты Қызыл Армияның алдынан шыгармақшы болды. Бұл көңілге күдік, жанга үрей салғыш жандарды шинель киген сенгіш шаруаға қарсы апарып, саппен тұргызып қойып: «Күдайдан қорық! Тәубаға кел?», «Сакта тәңірім, патшаны!» дейтін дұғаларды зарлаттырмақшы болды.

Михеев христиан дінінің күшін де бір сынап көрейін деп ойлады білем...

Сол Орал қаласындағы бас штаб мекемесінде Михеевтың алдында жатқан «Қызылдардың сансыз роталарын тегіс қынып, полковник Бородин қаһармандық ерлік көрсетті... Бірақ... полкы тегіс қаза тапты» деген мәлімдеменің ең соңғы буыны амалсыздан мойынданған қалтқысыз шындық еді. Шисунков пен Кутяков полктары тас-талкан еткен Бородин әскерінің өлім аузынан жырылып шыққан бір уыс жауынгері Ташлының түбінде қызылдардың тылында қалды. Оларға ілгері аттауға да болмады, кейін шегініп, Орал қаласына қарай қашуға да жолы қыркылды. Өйткені алды — жаппай шабуылмен ілтері ұмтылған қалың қызыл жауынгер болды да, арты — казак озбырларына қаны қас Совет өкіметін қолдаған қарулы деревнялар болды. Қебінің шинельдері күйген. Іштерінде бас киімдерінен айрылғандары бар, өрттен шыққандай үсті-басы қара күйе, шаң-топыраққа батқан. Бірқатары жеңіл жарақатты, өңсіз, түссіз үрейі қашқан бұл он-он бес казак үріккен қойдай бет-алды құлатұз Жайыққа қарай дүркіреді. Ешбір қарасынға соқпай, атыс дүбірінен бірте-бірте аулакташ келіп, Бөрлінің тұсынан Жайықтың қазак бетіне етіп кетті. Әзірге қанды майданнан қағажу жаллақ сахараның қойнына шүлдіреген он-он бес солдат түгіл, полктар мен дивизиялар да сіңіп кетерлік-ті. Демін алыш, ёсін жинап, үсті-басын, ат-тұрманын тәртілке келтіріп бір қонды да, бұл қашқын казактар сртедіне оңтүстікке қарай маңдай түзеді. Құн суық болса да, тоқтамай жүріп отырып Қөпірлі Аңқатыға тірелді. Бастаған жас хорунжий қауіпсіа кең даламен жүріп отырып, алystan ойысып, қызылдар жете қоймаган қолтықтан шығу ниетінде болды да, Оралдан төмен бірінші кездескен казак әскерлерінің бөліміне қосылуға тырысты. Қозғе түспеу әдісімен сай мен саланы бетке ұстап жылжыды. Әсіресе Аңқатының қыр-қабагы оларды жағалай жатқан ауылдардан да, қысқы жолмен шұбырған көлденең көзден де жақсылап жасырды — олар өзеннің жарын қуалады. Сәске түс кезінде нақ жағадағы ауылға соғып, ыстық тамақ ішіп, ат шалдырып алу үшін шұбырып келіп, бұлар қорага шабатын қасқырдай, Бәшкең көлінің тұсынан шыға келді. Бірінші ат басы өзенге таяу тұрған Қадестің үйіне тірелді.

Өзен мен бұл үйдің арасы бесжұз қадамдай-ақ жер еді. Жер астынан самсан шыға келген аттыларды алдымен көрген Қадестің айелі Мәуім, аспан сұргылт,

күн сұық болса да, көзің шағырмак күннен қорғаған дай. қолымен көлеңкелеп қарап тұрды да:

— Шырағым-ау, мынау аттылар кім шұбырган? Әлде хажы қайнағаның үйіне бата оқуға келе жатқан бастағы ауылдың еркектері ме? — деп әлдекімді танып тұрғандай шұқшиды. Мәуім жасы көрі болмаса да әр-гүректегі түйені аттан айыра алмайтын аңғарусызы адам еді. Ол екі-екіден тізіп, шоқақтай жортып келіп қалған солдаттардың қару асынған эскери адам екенин үйдің сай бетіндегі үйілген күлдің нақ түбіне келген кезде танып қалды.

— Ойбай, шұнақ! Шұнағы шықты! Ойбай орыс келіп қалды! — деп ол айқай салып, үйге жүгірді.

Бірақ оның ойбайына қапелімде жұрт көніл аудара қоймай «Мәуімнің көп ойбайының бірі шығар» деп үйде отыра берді де, аттылы солдаттардың бірқатары қатардағы үйлерге, біреулері Жұныс хажынықіне қарай беттеп, екеу-үшеуі Қадестікіне түсе қалғанда көрді. Халық шошып кетті: әйелдер қазан жаққа, босагаға байлаган бұзау-торпақтың арасына тығылды, балалақ бұрыш-бұрышты сағалап ілулі тұрган тон шекпендердің астына кірді. Сыртта ит біткен шабалана үріп, үйде үрейленген үлкендердің түрінен шошып жас балалар шырылдады.

Сенекке шыға келген Қадес қарсы келе жатқан қарулы екі қара орысты көріп, кері шегінді. Шегіншектеген бойы ол келе жатқан солдаттардан үйге өзі бұрын кірді де, тақтайдың босага жақ шетіне отыра кетті. Ал Ақмадия онаи бұрынырақ үйден шығып үлгіріп, аттан түсіп жатқан солдаттардың көзін ала беріп, сиыр қорага кіріп кетті, оның қараңғылау бұрышына барып бой тасалады.

Үйге кірген екі солдат тақта үстінде отырған қожайынга назар аудара қоймады — олар маздаң жанып жатқан қазандықтың аузына тенді. Қазандықтың жанында бір қап тезек тұр еді, шақпак денелі қара орыс қапты сүйреп отқа жақындасты да қасындағы жасырған қаптың үстінен құйрығын қойып, еңкейіп жалыны бетті шарпыған қидың шогына жылына бастады. Екіншісі де оның жанынан тізерлей отырып, шоққа қолын созды.

Үйге кірген үшінші казак от басында отырған алдыңғы екі жолдасын көріп, оларға жақындаудың орнына, кері шегініңкіреп, есіктің оң жақ босага-

сына тұра қалды. Ол бүйрігын күткендей жылымып отыргандарға бір қарап, мойнын ақырындаң қана бұрып, үй ішіне көз тоқтата бір қарап алғып, егін басына қойған қарақшыдай қақшип қалды. Үн-тұн қаттай тік тұрган күйі ол сөлден кейін тақтайдың үстінде өзіне жалтаң-жалтаң қарап отырган үрейленген Қадеске көзін тікті. Тап өзінікіндегі оның шоқша сары сақалын сиректеу сарғыш мұртын, кез жанары әлсіз момақан түрін көріп Қадес ішінен: «Мынау бір иман жүзді жуастауы білем. Қиімі де аналардан гері жұпнылау ма қалай? Ана екеуі төресі, мынау сірә төлеңгіті шығар. Қәдімгі өзіміздің казак-орыстар ғой. Түрінен көрініп тұр. Мен баста әлгі ана қызыл пале келіп қалды ма деп үрейім үшін кетіп еді. Казак-орыс болғаны жақсы болды. Дегенмен кәпірдің аты кәпір, айлашарғылап ығыстырып басқа үйлерге жіберген жен болар» деп ойлады. Бірақ ол от басындағы толық қара орыстың жер астынан шыққандай дүңк еткен жуандасынан селк ете түсті. От басындағы есік алдындағы орысшалады да, ал бұл шоқша сақалды момақан сары:

— Жол билетін адам бар ма? Бударинге қарай шыратын жолды? — деп сұрады ол Қадестен.

Ішінен сасып қалған Қадес, не дерін білмей:

— Мен орысша тіл білмейді, тамыр, — деді.

— Мен сенен киргизше сұрап тұрмын ғой, — деді шоқша сақал.

— Жоқ, жоқ. Білмейді, Бударинды да, тілді де, — деп Қадес онан жаман абдырай қалды.

Қазақшалаған жуас орыс «есің дұрыс па өзінің» деген адамша таңырқаған пішінмен:

— Ақсақал, сен қалай айтасын. Өзің үлкен адам, но үлкен болсаң да балаша сөйлейсін, — деп ренжігендей тұр көрсетті.

— Не айтады мына арда киргиз? — деп сұрады от басындағы толық қара, қалтасынан кісесін алғып, темекі орап жатты.

Ол орысша сөйледі. Есік алдындағы оған Қадестің жауабын жеткізді. Екеуі де Қадеске ала көзімен қасқырша бұрылып қарады да, тағы да бірдеме деді.

— Жен білетін, тіл білетін киргиз жоқ па. бұл жerde? — деді сақалды.

Қадес қуанып кетті.

— Қален дейтін ешетел бар, тамыр. Орысша біледі. Содан сұраңыз. Ол бәрія айтып береді, тамыр. Үй

де жақсы, казайка да жақсы,— деп орыс тілінде сейлеп тұрғандай-ақ салдырлата бастады — үй анда жақын. Мен көзір көрсетемін, тамыр. Қароший өшетел, соナン сұраңыз. Және өшетелден басқа орысшага судай Жұныстың баласы да бар. Текеде оқыған жігіт,— деп қойды.

Қадестің көп сезіне тілмаш орыс көңіл аударған жоқ. Ол тек жолдастарына бұл жерде учитель барын гана айтып берді. Мұнан кейін үш солдат өзара сейле-сіп сыртқа шықты.

Солдаттар үйге кіргеннен кейін қораның қараңғы бұрышына тығылған Ақмадия іштен сығалап көріп, әйелін шақырып алғып, пішен ішінде бос тұрған сары атты өзі отырган жерге кез таса қылуға кіріспін еді, бірақ атты жетектеп қораға бет алғанда үйдегілер шығып қалды да, жуан қара Қадишаның жолын бегеп тұра қалды. Қыс мініп-жегуге күйлі ұстап тұрған се-міз ат оған көктен сұрағаны жерден табылғандай көрінді. Жемсіз, тынымсыз бірнеше күн жорық қажыт-кан өз аты әлдекашан ер астынан босауды керек еткен еді. Толық қара Қадишаға «қайда апарасың?» деп қа-багын түйген адамша түксіп, атты өз колына алды да, алдымен аяғына қарады. Аттың алдыңғы екі аяғы тағалы, әдейі әзірлеп көлденең тартқандай-ақ. Ол ой-ланған жоқ. Өз ерін сыптырып алғып сары атқа салды.

— Ойбай-ай, қайнаға-ай, мынаған бірдеме десеніз-ші. Сорладық қой, қасқа құдай қайдан тап келді, мына пәле. Қайда, тіл білетін кісі бар ма бұл жерде... Жү-гірсеніші хажы атамның баласына. Айтсын. Жалғыз ат. Қасқа құдай-ай,— деп зар қағып, аяғына шоқ басып кеткендей, олай-бұлай жүгіріп, не істерін білмеді.

Ал, толық қара ерін салып, әйелге сүзетін бұқадай кезін алартып қойды. Қадес:

— Ойбай, тамыр, бұл ат мінейін деп тұрған жал-ғыз жылқы. Ана өшетелден, болмаса басқалардан ал. Олардың жылқысы көп, тамыр,— деп жақындал еді, казак оны итеріп тастап, сары атқа мініп алды да, езінің атын тілмаш орысқа жетектетті.

— Ойбай-ау, қайнаға-ау, күрылдық қой. Қасқа құдай, не жазығымыз бар еді,— деп Қадиша тағы безек-тей қалды.

— Тамыр, тамыр, бұл жаман іс...— деп қайтадан үмтүлған Қадеске, сары атты мініп кетуге бет алған жуан қара, жуан дауыспен жекіре үрсып жатты. Қадес оның сезіне аузын ашып қалды.

— Ілбішінге, Текеге мал айдал баруды білесің. Жүн мен тері сатуды білесін. Насыбай атуды белесін. Ал жөн сұраган адамға шыныңды айтуды білмейсін. Сен арда, атты қандай қорғайсын,— деп ұрсып тұр начальник. Сен қарт бекер жол көрсетем деп айтпадын. Іс жаман,— деп тілмаш орыс Қадеске басын шайқады.

Қадес оның сегіп балағаттаған сөзіне құлақ асқан жоқ. Жалғыз-ақ:

— Тамыр, айтшы, атты тастап кетсін. Ана ауылдан алсын. Менікі ат жалғыз ат,— деп қолын жайып, атқа қарай жылжып еді, қайрыла беріп ат үстінен тартып кеткен жуан қараның откір қамшысынан қайқаң ете қалды. Қадес теріс айналып, басын сақтап бұрып үлгергенше омыраулата атпен бастырмалатып келіп онды-солды сілтеген қамшы оны қара жерге тығып жүрелетіп таstadtы да, алтыншы рет арт жағына келіп сілтеген қамшының ұшы бастан асып барып, он жақ кезге сарт етті. Қадес көзін басып етпептеп жата қалды...

Уш казак аттарының басын Қалендікіне қарай бұрып алып, текіректей жөнелді.

Бұл үшеуді кәдімгі Тырбықаның орыстары болатын: жас хорунжий Мендігерей мен Быковтың жолын тосып ұстап алатын Захар Калашников те, ал жуан қара Гречкоға тұнде Мендігерейді салуға жылым ойдырган белгілі Архип Волков еді. Қазақша білетін мөмін жузді тілмаш орыс сол Быковтардың көршісі, қамытшы Иван Андреевич Гречко болатын.

#### 4

Захар Калашников пен Архип Волков Қален учительдікіне кіріп келгенде төр алдында отырган Хакім орнынан қалай тұрып кеткенін өзі де білмей қалды. Ол бұл жерге, тап осы кезде табаны қашық жатқан казак-орыстар түгіл, ел аралап жүрген хан жігіттері де келе қалды деп ойлаған жоқ еді, өйткені өзі келген көпір бетте бейсеует жүргіншінің төбесі де көрінбеген, хабары да естілмеген...

Оның тусі қуарып кетті, төр алдын босатайын деген адамша, ақырын жылжып пеш жанына қарай ығысты; сасып қалғанын білдірмеуге тырысып, өзін өзі уысына алғандай жиырыла түсті. Оның бірінші

минутте-ақ ойына сап ете түскен: «Сыртынан айдып, үстімнен түсірген кісі болды ғой» деген аңы ой болды.

Шолпан мен Зарипаның дыбысы да кенет басыла қалды. Мәкка қолына табақ ұстаган күйі қазан жақ пен қонақ белменің екі арасында есіктен кіргендерге қарап қалт тұрып қалды да, аздан кейін есін жиған кісіше, Хакімге қарай бұрылып:

— Қайным-ау, қарагым-ау... орыс келіп қалды ғой... Ағана... тағы да... О, сорлы болған басым...— деп тақтайдың жиегіне сүйене кетті.

— Учитель осында тұра ма? — деді Захар, орысша киінген Хакімге өлшеп-пішкең кезбен қараң.

Хакім сelt ете түсті — тұла бойын шым еткізіп ине сұғып алғандай бір шымырлад кетті.

— Осында тұрады, мәртебелі хорунжий мырза. Бірақ өзі үйде жоқ,— деді азырақ толқып, қобалжыған үнмен.

«Қалекене келгені ме... Онда мені де тегін қалдырымайды ғой... Бұлар кімнің кім екенін қайдан біледі. Бір көрсетуші бар ғой». Тағы да оған «аңдыған адам бар» шығар деген ілкі күдікті ой қайта оралды.

— Сен де орысша білесін ғой. Иә, ученый екенің керініп тұр. Учитель екенінді айтпай өлде сен алдаң тұрсың ба? — деді тағы да Захар хорунжий сенбеген тұрмен кабагын жиырыңқырай түсіп.

— Жоқ, мәртебелі хорунжий мырза, неге жасырайын. Учитель үйде жоқ. Мына кісі соның әйелі, ол менен үлкен, орта жастағы адам,— деді Хакім сендіру үшін Мәкканы көрсетіп.

— Имм... бізге тіл білетін, жән сілтейтін кісі керек. Учитель болмаса басқа адам да жарайды. Мына өзің де жарайсың. Ал, сен өзің кімсін? — деп хорунжий Хакімге жақындей түсті.

— Большевик шығар,— деді жуан дауыспен Архип Волков.— Осы сияқты шала піскен оқымысты малғұндар жиналады сайтандардың тобына.

Архип белгілі боз айрандау көзімен сүзеген бұқаша Хакімге бір қарап қойды да, жанынан кісесін сұрып, шылым орай бастанды.

«Тап солай шығар» дегендей Захар хорунжий Хакімнен сескеніңкіреп кері шегінді.

— Мен студентпін. Оралда оқыдым.— Реальниде. Қазір оқу тоқталған соң ауылда журмін,— деді Хакім батыл, сенімді үнмен.

Архип оған тағы да сүзе қарады. Ол шиырган шы-

лымын тілімен сулап жіберіп, қағазын жабыстырып жатып, Хакімнен кез алмастан, мөшкай тусти.

- Үйің қайда сенің?
- Осы жерде.
- Жақын ба?
- Жақын.

Сырттан Гречко кіріп келіп, есіктің көзіне тұра қалды.

Архип аяғын талтақтай басып, ешкімнен шырлы сұрамастан, шылымын тұтатуға қазан жаққа қарай жүрді. Қазандықтың ар жағында, пеш тасасында демін ішіне алып тыңдал тұрган Шолпан мен Загипаны көріп, ол сәл кідірістеп көзін тоқтатты да:

- Мына жакта сұлулар бар еken гой, әлі,— деді.

Ол шоқты шымшұырмен қыспай-ақ қолымен алып, екі алақанына кезек-кезек секіртіп тұрып шылымын тұтатты, өзі екі көзін Шолпаннан алмады.

— Захар!— деді ол шоқты Шолпанға қарай шертіп жіберіп. Шоқ Шолпанға тимей, асып барып киізге түсті де, оны Шолпан жалма-жан қолымен қағып жіберіп жерге ысырды.— Захар, бері кел. Сұлуларды көрсетемін.

— О! Асыл бүйім мына жакта еken гой. Сау болыңыз, сұлулар.

Хорунжийдің орысша амандасқанын Загипа түсінді де, бірақ сескеніп Шолпанның тасасына түсті. Шолпан ықлады. Ол да киік көрген қасқырдай, ыржия түскен сұғанақ кезді жат жандардың сезін де, ниетін де жақсы аңгарып қалды.

Архип хорунжийдің құлагына сыйыр ете қалды. Хорунжий оның сезін ыржия тыңдал, басын изей түсті.

— Так. Өнгіме былай,— деді кері бұрылыш келіп Захар Хакімге.— Сен бізді бастап Солянканың<sup>1</sup> сагасына дейін алып барасың. Түсінікті ме? Көзір үйіңе барып киін, атыңды ертте. Түсінікті ме, оқымысты. Өзірлен. Біз жылынғаннан кейін жүреміз.

Захар көрер көзге өзгеріп кетті, оның үні жұмсарап, езуіне күлкі шырайы ене түсті.

— Солай, туысқан, бізді бастап алып жүресің. Тығыз жұмыспен кетіп бара жатқан отрядпыз. Сен біле-

1) Соляника — Аңы-шалқар келіне құйып жатқан Жайықтың саласы.

сің ғой, әскер жайын, Реальниде оқысаң. Архип, әлгі, езеннің аты Соленая ма еді, қалай еді?..

— Солянка.

— Солянкадан өткізіп, Бударинге қарай шығарып саласың. Тездет. Бар үйіне,— деді ол Хакімге.— Гречко, сен мына студентті үйіне ертіп бар.

Бұлардың қайдан шықкан казактар екенін, не пигылы барын әрі аша алмай және кенеттеп кіріп келген заматта түсі бұзылып, қатты қобалжып кеткен Хакім хорунжийдің мына «агайыншылық» сезінен кейін аздап жайланаңса бастады. «Бұларға шамасы, жол көрсетіп, жән сілтейтін, тіл білетін адам керек болды ғой. Егерде шын ниеті осы болса, бұлардың бабын табу киын болмас еді. Басқа келген пәлден бастан құлақ садаға. Сасайға дейін шығарып та салар едім. Бірақ жұғымсыздардың түпкі сырның кім білсін...»— деп ойлады.

— Жарайды, мәртебелі хорунжий мырза. Солянкаға дейін бастап алып барайын, арғы жағын өздеріңіз де табасыз: Бударинге баратын жол біреу-ақ,— деді Хакім хорунжийге.

Сейтті де ол, «Үйіне бар, тез әзірлен!» — деген бұйрықты екі ете алмай, үйіне қайтуға бет алды. «Учительдікі осы ма?» — деп сұраганға және Хакімнің аса қобалжып кеткеніне қарап Мәкка Қаленнің басына тағы да қара бұлт төнді деп зәресі үшіп, не істерін білмей Хакімнің аузына қарап қалып еді. Хакім:

— Жен сілтейтін адам керек екен, Қаленді сол үшін сұраган сияқты. Мен бұл кісілерді ел шетіне шығарып салмақшы болдым. Біздің үйде ол кісіге табыс ететін қағаздар бар еді, балаларға беріп кетермін,— дегенинен кейін Мәкканың жүргегі орнына түскендей болды. Бірақ ол:

— Мыналарды ерте кетпейсің бе, қайнам-ау. Мен бұларға не істеймін, не деймін,— деп үйден Хакімнің соңынан ере шықты.

Есік алдында тұрған Гречкоға.

— Иван, бар! Ана студенттің соңынан қалма, бір жаққа кезінді ала беріп қашып кетпесін. Біз барғанша үйден шығарма! Бар, тез! — деп бұйырды Архип.

Гречко кезін жыпылықтата түсіп, Хакімнің соңынан ере шықты.

Дала әйел-қызының ол кезде орыс адамын өмірінде бір рет көрмегені де көп-ті. Ал Шолпан қаладан

жырақ жерде ауылда өссе де, орыстың басқадан көрі көбірек көрген-ді. Ол жас кезінде бір рет әкесіне еріп базарға да барып қайтысан. Жасынан өткір, жұмысқа көнбісті болып ескен қыз әкесінің қаладан алған астығын, шәй, шекері мен мата дүниесін өзі тиесіп, өзі туңіріп еркек баладан артық жәрдемдескен еді. Мал алушы орыспен сыртқы базарда Шолпан саудаласып та қалған болатын. Базарға апарған қызыл құнажын мен екі үлкен іскекті бас жібінен ұстата салып:

— Шолпан, сен тұра тұр. Мен Жәкенді тауып жолыгайын. Алушы келіп: «Құнажының қанша сұрайсын десе, он екі сом де, ісекке бес сомнан сұра!» — деп әкесі көп кісінің арасына кіріп кеткен.

Кешікпей-ақ, қызыл құнажынды олай қарап, бұлай қарап, сары сақалды орыс:

— Сен кіз бала құнажының қанша сұрайсың? — дегенде, Шолпан:

— Он екі сом елу тының сұраймын. Берер жерім он екі. Он екіден бір тының кем сатпаймын, — деп қасындағы сиыр сатушылардың саудаласу әдісін қағып алғып, безеріп тұрып алған еді. Орыс басын шайқан:

— Ай, сен кіз бала, пысық. Өте пысықсын. Кез өткір сенікі, — деп кетіп қалып еді.

Оған көп жыл өтіп кетті. Әкесі өлгеннен кейін Шолпан енді қайтып базарға бармаған...

Көзір Шолпан түрі адам қорқарлық, даусы дүрледеген Архипті көргенде ішінен жиырыла түсіп: «Ал басты басқырдың түрі қандай жаман, адамға шабатын Шұғылдың қара бурасы сияқты. Орыс сары келуші еді, мына пері аумаган қара бура. Тұксиген қырма сақалы да қара, беті де қара, қолдарын көрдің бе, әрі қап-қара, әрі томардай жуан. Өгіз болсаң сабанға жетіп, ала жаздай арқанды шыбыртқымен тіліп отырада едім», — деп кіжінді.

Аздан кейін Шолпан бұл төртбақ қара орыстың шоқты екі алақанына алма-кезек секіртіп, шылымын тұтатып, шоқпақтай қара мұрнының кеп-кең танауынан тұтін будактатқанына қайран қалғандай еліге қарады. Қос тұrbадан шыққан тұтін сияқты парлап төмен қарай ытқиды. Ауылда темекі тартатын адам жок, ол темекі тартуды анықтап бірінші рет көргені осы еді. Жел үйтқып қалғанда қазандықтың аузынан бір құшақ болып ытқып шыққан тұтінді екінші сөтте лап берген отпен араластырып, ошақтың кең көмейі кері жұтып жібергені сияқты, мына қараның да аузынан

бір түйдек тұтін көрініп қалып, көмейіне қайта құлап кетеді...

Ошақ жаңында бойы жылынып, қатты-қатты жұтқан екіп темекіге елтіп, сұрлеген шұжықтай Шолпанға қарал, қараған сайын құныға құмартып, Архип са-магонды көп ішіп, бедері кетіңкіреген жансыздау көзін қысып-қысып қойып, Шолпанға арландаі шүйілді. Оның өзіне қарай жылжыған келіссіздеу жымыған тілемсек сиқын көріп Шолпан:

— Мына қарабасқыр қайтеді? Ақенже дуана құсал көзін қысып, ернін тістеп! — деп бір адым кері шегінді.

Загина оның тасасына түсे берді.

— Қорықпа! Мен сені жемеймін, — деп күрілдеді Архип. Оның жел мен сұыққа қарлығыңдырап қалған жуан даусы Загипага бураның гүрліндей болып естілді. Қызы Шолпанға жабыса тұсті.

Шолпан оның ниетін анық түсінді.

— Карабасқыр, кәпір неме, не істегің келеді? Менімен ойнайтын құрбым емессің, қара ніетті, қағынған қара жалмауыз, — деп Шолпан оны сыйбай тұсті де, бірақ сөзбен бөгеуге болмайтынын біліп қазандықтың үстінен қарғып екінші жағына түсіп, жердегі үлкен шымшуырга жармasti. Ол шымшуырды жерден көтеріп үлгере алмай қалды — оны сырт жағынан шал беріп Захар хорунжий екі қолын қоса қалсырып құшақтай алды.

Шолпан шынтақтап қару жасап, жұлқына бастады. Ол қалайда хорунжийдің қолынан босануға тырысты. Керуге төртбак қарадан көп нәзік хорунжий Шолпанға аса әлді көрінбеді, қолы жұмсак, денесі майысқақтау сияқтанды. Бірақ қуаты бар жас жігіт Архип сияқты аса катал болмаса да, әйелді жібере қоймады; Шолпанның денесін мейірленгендей қысып-қысып қойып, оның мойнын, бетін аймалауға кіріsti. Сейтті де ернімен өлденені іздегендей Шолпанның тамағынан асып, жұлқынып жүріп өзіне қарай жүзін бұра бергенде ол Шолпанның аузынан сүйіп алды да, құшыны жазып жіберді...

— Мына кәпір қайтеді, аузы темекі сасиды ғой, жауыздың. Тіфу, сілекейін жүқтывып, — деп Шолпан жерге түкіріп жіберді.

Сейтті де ығысып мойнына түскен орамалын дұрыстал тарта бастады. Өзі аяқ-табак, шелек және басқа ыдыстар тұрған бұрышқа шегіне тұсті.

Улкен іс бітіргендей жас хорунжий күлімсіреп, бойын жазып, шинелінің кеудесін қолымен жоғары көтеріңкірей түсіп, Шолпанға жымия қарады.

— Қорықпа! Мен сені жемеймін. Сен әдемі қызыны. Маган сен бірден ұнап қалдың. Біздің қыздар сияқтысың. Қандай қайраттысың,— деп мақтады ол Шолпанды.

Бірақ оның сезін Шолпан түсінген жоқ, түсінбесе де ниетінің қандай екенін әбден білді. Ол орамалын мықтаңқырап байлаш жатып:

— Ой, адыра қал-ау сол. Сары майдан дәметкен сүдінің құрсын; мысық сияқты шегір көз пері. Қара, қара, қарақұс сияқты қомдануын! Топ еткізіп бауырыңа баса қоятын мені бір қоянның көжегі деп тұрсың ба?— деп сөгіп сейлем, шымшұырды жоғары көтерді:— мынаны көрдің бе? Жаныңдан үмітің болса артыңды қыс. Әйтпесе мыныңда аузыңа түсірермін,— деді.

Шолпан Захарды көзімен өлшеді: бойы Хакімнің бойынан ұзынырақ па қалай? Бірақ онан жасы артық болмас. Бұл оқыған адаммын дейді-ау, тал түсте қатын-қызға жүгіріп, ар-ұят деген болмайды екен гой, сіре!..

Бұл кезде үміт еткен Шолпанды Захар құшақташ алған соң Архип бұрышқа жабысып, екі көзі шарасынан шығып, үрейі ұшып кеткен Загипага ұмтылды. Тең жарымын қалың қылтанақ сақал жауып және оның үстіне жел мен суыққа жарылып баржысып кеткен жалпақ бетті, қызыл тарғылданған бұза кезді, томар денелі Архиптің түрі мен түсі қызға жан-қолқа, екпе-бауырын тұтас суырып алатын алbastы сияқты көрінді. Загипа дір-дір етіп бұрышқа тығыла берді. Архип білегін сыйбанғандай, қолын делегейлете түсіп, қорбаң адыммен бас салатын дәу перідей жақындай берді. Не күшпен, не амал-айламен қарсыласып бағарлық дәрмені жоқ, тағының шенғелінде қалған киіктің лағындай бұйыққан талдырмаш денелі қызды ол оң қолымен орай құшақташ, қаңбақтай етіп кетеріп, екінші бөлмеге алып кетті...

Өз басының қамымен болып, қалай құтылудың жолын ойлап жанталасқандай түйіліп қалған Шолпанның құлағына аздан кейін екінші бөлме жақтан әлде тыптыр, әлде жыртылған шүберек, әлде ыңырысған дыбыс шалынғандай болды. Ол бул оған оқиғаны түптеп жатпады — ойлауга уақыты да, шамасы да жоқ болды.

— Не керек, саған?— деді Шолпан хорунжийга

өтірік езу тартып, құшақтарлықтай қымылмен жақын-  
дай түсіп.— Жақсы!— деп сәл басын изеді.

Ойнын ыммен түсіндіріп, есі кетіп тұрган жас хо-  
рунжий Шолпанның «мақұлдағаның» көріп, езілген  
жуз бен тілемсек көзін сүзе қалды. Шолпан қолымен  
шақырып «берегірек жұр!»— деп ымдады. Хорунжий  
ілгері аттай түсті. Шолпан қаттырақ байладап тастаған  
орамалын босатыңырап тамағын ашты. Басын сәл қи-  
сайта түсіп, хорунжийге езу тартқан күйі:

— Құрттаған қойдың кескегіндей етпей мына ады-  
ра қалғырыңды сыпырмайсың ба?— деді оның қылы-  
шын ұстап көрсетіп, жогары қарай көтөре түсіп.

Хорунжий әйелдің сөзіне тіл білмесе де, түсіне қал-  
ды; оның жүзіне елжіреген бір тәтті шырай да пайда  
болды. Ол көзір қылыш түгіл үстіндегі шинелін лақ-  
тырып тастауга да дайын болды ма, кім білсін, әйтеуір  
өте шапшаң қымылмен мойнынан қылышын сызыра  
бастады; орта белінен ұстап қылышты жогары көтер-  
ген оның сол қолы басынан да жогары көтеріліп кет-  
ті. «Қайтсем қапысын тауып сыбағасын берер екенмін»  
деп ішінен кіжініп тұрган Шолпан шымшұырмен оны  
әкпеден түйіп келіп қалды. Жұмыр темірден иілген  
жуан шымшұырдың догалдай басы жүректің нақ ба-  
сынан тиді. «Eh!» деген тәрізді аузынан бір дыбыс  
шығып хорунжий екіге бүгілді; ол Шолпанның өзіне  
қарай дәрменсіз тұрде, қолымен жер тірейін деген  
адамша еңкейе бергенде, қарсы ұмтылып, өжет Шол-  
пан оны қос қолдан тағы да итеріп қалды. Жанды  
жерге деп келіп, қанқақсата тиген темірден талықсын  
кеткен Захар тіаесі еріксіз бүгіліп кетіп, жығылып тус-  
ті. Делегейлеген қолы су толы шелекті актарып салды.  
Жұмыстың бұлай қауырт біте қалатынын да, хорун-  
жийдің талықсын кеткенін де түгел ұға қоймаган Шол-  
пан кірпік қаққандай уақыт өзіне риза болған жанаша,  
құлаған жігітке үйіле қалды да, басын көтеріп жан-  
жагына қарады. Мекканың бірнеше күннен бері тоқ-  
тышақтың төрт терісін илеуге салған үлкен күбі-мал-  
масы тұр еді. Ол жалма-жан сол үлкен күбінің ішін-  
дегі өңез басқан аңы айранды сұйық-мұйығымен ба-  
сын көтере алмай жатқан хорунжийдің үстіне тәңке-  
ре салды да, үйден шыға жүгірді.

Жолдағы сенектен, ауладан, онан әрі кездескен  
ордан Шолпан жүгіріп еткен жок, қоянша қарғумен  
асып түсіп, кірпік қаққанша өз үйінің ауласына сүн-  
гіп кетті. Сыртта да, жолда да, өз ауласында да оның

көзіне ешкім түспеді, түссе де ол ешкімді көрерліктей, байқарлықтай халде емес еді — оның есі-дерті бағанағы өзінің екі қойдан жасырып, бетін қоғажай шөппен келкештеп бітеп қойған қуысында болды. Ол қуыс Шолпанға жан білмейтін, жан таппайтын және ешкім ала алмайтын берік қорғандай көрініп кетті.

Куысқа ол қақпа алдына сүйеулі тұрган өзінің сүйменін — өзенин малға жылым оятын ұшты сүйменін ала кірді. Үңгірдің ішінے кіріп алып, қойлардың тапал жентектеп тастаған астагы дымқыл шөпті құшақтап тығып, оның аузын бекітті. Куыстың түбі едәуір жерге дейін баратын терең және іші кеп-кең екен. Ол сәл жайласқаннан кейін:

— Бәлем, жаныңдан үмітің болса келіп көр. Мен саған мына сүйменмен онан да зорын көрсетермін,— деді сырт жаққа құлагын тосып.

Оның албырт қимылдаپ, жан ұшыра жүгіріп, аттай шапқан жүрегі аздан кейін қалпына келе бастады. Оған сырт жақтан адам дыбысы естілмеді. Тек қана қуысқа едіреиे қарап, қытыр-қытыр шөп шайнаған өзінің екі буаз саулығының таныс дыбысы гана құлағынан үзілмеді.

Еір-бірінен шақырымдай жерде тұрган екі үйдің арасы Хакімге бір көш жер көрінді, ол үйде ашық қалған қоржын мен жастық астындағы алты атарды тезірек жетіп, хорунжий келгенше жасырып үлгіруге асықты. Оған атпен еріп келе жатқан кәрі солдат соңынан қалмай қауғалайтын аса ыждағатты адам сияқты көрінбеді. Бұл үстінде ескі шинелі бар, атқа отырысы салак, әрнәрсеге таңырқай қарайтын шаруа пішінді адамның жүзі жылы, басқаларында зәрі жоқ, мұлде өз бетімен келе жатқан жандай айналага асықлай, көз жіберіп, көзін келкештеп алыстағы қыр қабаққа, тілкемденіп жатқан егістік жаққа тоқтап тұрып қарайды. Көлдененін оның істік мұрны мен шоқша сақалы артына жалт қараган Хакімге қырға қарай әлденені шошайтып көрсетіп тұрган қос саусақ тәрізденіп кетті. Сол көп нәрсені сұрап тастарлық едәуір жер бойына ол Хакімге сынық лебіз де сындырган жоқ. Сөз лебінен қандай адам екенін байқау үшін Хакім онан:

— Аңқатының қай жерінен өттіңіздер, сіздер әлде көпірлі жағынан келесіздер ме? — деп сұрап еді, сол-

дат шошып кеткендей оған сескене қарады да, жауап қатпай, тізгінің түйіп қойған жерін берігірек етіп қайтадан түйе берді.

«Мынаның менімен ісі шамалы. Мұның қозіне ту-  
сірмей амалдауга болар. Әттеген-ай, ең болмаса қор-  
жынды шоланға кіргізе салсам етті, әйтеуір қөзден  
таса жатар еді. Ай, шатастырган құдай! Бұл казак-  
орыстардың төбеден түскендей сау ете қалатынын кім  
ойлаган. Қай жердікі, қайдан келе жатқан казактар  
екен; Бударинге қарай, Ашыға жеткіз... дейді. Сонда  
булар мына бас жақтан — жә Қабанбайдан, жә Терек-  
тіден шыққаны ма? Онда қалай болғаны, бұлардың ор-  
дасы ойранға ұшырап, Текеден қашқан болмас па?!  
Жүрістері суыт. Аттары да қажыған аттар...» деп ой-  
лады Хакім, бұл күтпеген жерден кездескен казактар-  
дың қай жақтан, не пигылмен келгенін түсіне алмай,  
бірақ ол бұлардың казак екенін білгенмен не қылыш  
жүргенін айыруға мүмкіндік болмады. Үндемес кәрі  
казак та қырдың егістігін қөзімен өлшеп өзінің бір  
қауырт шаруасын ғана ойлад, басқа дүниені мұлде  
ұмытқан жаинша ілбіп келе жатты.

Үйіне жақындағанда Хакімнің ойына ілкіден де  
қорқынышты, ете қауіпті екінші бір ой орала кетті;  
«көп адам болып, бірқатар біздің үйдің астын-үстіне  
шығарып жатса не істедім? Қару мен қоржынды тауып  
алса не болды?! Ана Қалендікінде қалған жуан қара  
кіріп келгеннен «большевикпісің?» деп түйіле келіп  
еді, үндеу мен алты атарды көрсе не болмақшы?! Оның  
тула бойы шымырлап кетті. Бірақ жақсылықтан жа-  
мандықтың ұшқыр екені мәлім, ол үйге жақындаған-  
да-ақ дабыр-дүбыр дауысты құлағы шалып қалды. Тे-  
резе алдына, күн шуақ жаққа ыққа байлаған ерлі ат-  
тардың шеткі біреуі қөзге түсіп кетті. Оның алып ұш-  
қан жүргегі су ете қалды. «Жоқ жерден жау қолына  
ілігіп, ең болмаса, жастығымды ала өлмедім... Шыны-  
мен төнгені ме жау қылышы!..»

Сенектегі дабырлап сейлегендер оған аса назар сал-  
мады. Оз ісімен болып жатты. Олар төбенің көлденең  
ағашына тірсегінен іліп қойып сойып жатқан қойдың  
терісін сыптырып үлгірген екен. Кемпірдің сыптырыш-  
тап тазартыл қойған сенегі кесіп тастаған қой басы,  
ақтарылған қан мен жын, жас құмалақ, сыптырынды  
бәрі араласып, ауыр іісті былғанышқа батып қалған.

Хакім қой төшкесімен шұғылданған бұл жүрген  
жері бүлік-сотқарларға басын изеді де, асығып үйге

кіріп кетті. Үйдегілердің әрекеті онан кем көрінбеді: қырма сақалды екі қазақ кемпірдің құмыраға жинал жүрген піскен қаймағын таба нанға қосып, соғып жатыр екен. Бірі пеш түбінде көлбей түсіп, шынтақтай жатып түйіліпті де екіншісі көрпе-жастық біткенді жинал құйрығының астына басып, орындық етіп алыпты. Кемпір қолы қалтырап шымшуырмен жанып жатқан тезекті жанған үстіне қаластырып, ішінен күбірлеп дұға оқып, жалбарының қалған. Үйге кіріп келген Хакімді көріп, ол дауыс салып жылаш жіберді.

— Кой, мама, қой! — деді Хакім сасып. — Жылама. Қорқып кеткен шығарсың. Бірақ өз бетімен жүрген зиянсыз солдаттар сияқты. Ақырын, мама, ақырын, — деді жалынғандай шешесіне жақындей түсіп.

— Несіне жыламайын, саған келді ме деп зарем ұшып кетті, садағаң кетейін, құлымын... Келгеннен тасталқан қылып, құранға дейін аяғымен теуіп жыртып жатыр. Сенің қоржыныңдағы қағаздарыңды да, әлті тұтіндегетінінді де кесіп, жонып бұрқыратып, үйдің ішінің мынау көкпенбек тұтінге толғаны... — деп жылады кемпір, екі иығы солқылдан.

— Мама, ақырын, ақырын. Жарайды...

— Қақса тұсакты сойып тастанды... Малы құрсын, бас садағасы. Тек сендер аман болсандар...

— Мама деймін, қой енді. Сабыр ет. Ештеңе етпес, — деп жұбата тұсті, Хакім оны иығынан сүйеп.

Қазан жақтың тақтайның астынан Әділбек шыға келді де:

— Сою қайда, бауыздаган да жоқ. Балтаның ұңғысымен басына бір қойды да, көзін ақшаң ете түсірді. Арам өлтіріп, терісін сыйырып жатыр. Арамға шығып, орысқа бұйырды жау алғыр тұсак, — деді. Ол аздалап қынжылғандай қабағын түйіп, басын шайқап қойды.

— Сен не қылып жүрсің тақтай астында? — деді қоржынды ақтарды дегенге түсі бұзылып кеткен Хакім.

— Сенің алты атарыңды тығып қойдым... Қағаздарыңың да қалғанын жинал жасырып жатырмын, — деп сыйырлады ол Хакімге.

Хакім кезін қысып оған үндеме деп ернін тістеді.

— Кожайын ба? — деді жантайып наң жең жатқан аузын толтырып сейлеп. — Бие сенікі ме? Қайдан келдін?

Хакім оған тура қарамай:

— Иә, қожайынын. Қырдағы жылқыға барып едім. Жылқы алыста, отыз шақырым жерде тебінде — жайылыста,— деді көк биенің тер қатқан түрін көрген екен деп.

— Жылқы көп пе? — деп сұрады аздақ кейін солдат.

— Бар рой.

— Сен оқыған жігіт, ә?

— Иә, Оралда оқымын. Қазір үйдемін. Мектеп жабылып қалды,— деді ол шашаңдаш, өзінің окушы екенін көлденең тартып.

Жатқан да, отырған да үндемеді. Екеуі бір таба наңды, жарты құмыра ауыздан дәмі кетпейтін күзгі сарғасқа қаймақты да құп соғып алғып, шылым орауға кірісті. Хакім өзінің екпе темекі салған дорбасын да, кітаптың қалындығындағы етіп текшелеп, белінен кендірмен бір бұған үндеу қағаздарын да анадайдан көріп, жүрегі келгендердің де қатты соға бастады.

Улкендігі кітап бетіндей үндеу қағаздың біреуін алып жыртып, соядай темекіні аса шырышықтай алмай дәрекілеу етіп орап жатып, жастық үстінде отырған екінші қағазға үніле түсті. Араб әрпімен жазылған бұл жат қағазға ол сиқырлы нәрседей таңырқай қарап, басының қайсы, аяғының қайсы екенін аңғара алмай, аударып екінші жақ бетін көрді. Сейтті де Хакімге бұрылды. «Не жазылған мұнда?» — деп сұрады.

Хакім оның қазақша оқи алмайтындығына күмәнданған жоқ. Және оның қағаз ұстауга өте ебедейсіз қолына қарап «хат танымайтын адам шығар» — деп ойлап қалды. Ол жауапты тез тапты.

— Макаров, Ақчуриндер компаниясының рекламағазы — солардың товарларының артықшылығын баяндайды. Осы қағазға приказчиктер сабын орап береді халық оқысын деп. Осы жердегі таныс саудагерлерден шылым орайын деп сұрап алдым, — деді.

Байлығына ішін тартып қарайтын белгілі миллионерлердің атын естіп солдат казак таңданып басын шайқап қойды да, жауапқа толық қанағаттанған адамның пішінін көрсетіп Хакімге басын изеді.

Захар хорунжий мен Архип келгеннен кейін казактар топырласып қонақ белмеге жиылды да, Хакім ат ерттеуге шықты. Аздан кейін қой тешкесін арқалап Иван Андреевич келіл, ерінің артына көлденең салды. Оны мұқияттап берешнік қайыспен жылжымастай етіп

байлап болып, биесінің жалын тараштап тұрған Хакімге жақындай түсті де:

— Сен большевик пе едің? — деді Хакімге қазақшалап. Сейтті де өзі үй жаққа қарап қойып: мыналар жаман ой ойлайды... Бударинге жақындағанда сені өлтіруге ойлайды...

Хакім оның аузына қарап қалды. Оның миына Гречконың бұл сөздері үзіліп-үзіліп зорға талып жеткен сияқтанды...

Кешікпей қыс алды қара қатқақ сұықта сол күнгі қақаған аяздан да қатал бір топ жандар Ащының сағасына қарай асты. Ол рақымсыз жандардың артында бетке үстарын алдырған аяулы ауыл қалды; үрпиген әйелдер, тығылған балалар, таяқ жеген еркектер қалды.

Қасқыр тартқан тоқтыдай теңселіп, бұрышты аймалап, жарға сүйеніп, көзде үрей шатынап, жұзден нұр үскіп, бағы мерт болған жас қыз қалды.

Өң мен түстей бір қайғы, бір үміт үстінде кездескен бұл қарулы солдаттардың арасында құралсыз, дәрменсіз, торға түскен торғайдай бұйығып Хакім кетіп бара жатты. Татар дәмі мен бітер демі безбенге түсіп, ол арт жағында келе жатқан шоқша сақал Гречкоға қарайды. Оның аянышты үні мен сыйырлаған сырынан кейін тағы да не шырай бар деген адамша жүзінен жылдылық іздейді...

## БЕСІНШІ ТАРАУ

### 1

Хакімнің аласұрган ойы: «Бұл кім?» Мына мейірімсіз жандардың ішіндегі бұл көктен түскен шапағатышы ма? Әлде... әлде бұл да мендей аңсызда қолға іліккен пенде ме? Қаруы, түрі казак-орыс қой. Айырмасы тіл біледі. Жоқ... тіл ғана емес, жүзінде мейірбандық, үнінде жылы лебіз бар. Рахымды шырай бар. Жоқ, жоқ, айырмасы жер мен көтей...» деген болжал үмітке тіреледі. Сейтеді де отрядтың соңында келе жатқан шошқа мұрын орыспен қатарласа қалады. Онан тағы да бір жылы лебіз күтеді...

Хакім бұл шоқша сақалды шаруа пішінді орыстың Гречко екенін Гречконың бұлардан ойы да, бойы да белек екенін білген жоқ-ты. Ол сонау Ямбулатовка езенінде Мендігерейді ажал аузынаи алып шыққан адам

екенін білсе, ашықтан-ашық ағайынды адамша сейлесер еді. Сөйлесіп қана қоймас еді, актық қимыл жасауға, қалай құтылуға ақыл сұрар еді.

Актық қимыл! Актық қимыл жасау бастан шығар ой ма! Хакімді бір жандырып, бір тоңдырып келе жатқан осы өлім құшагы емес пе! Өлім... қай пендениң өмірмен оңай қоштасар ниеті бар! Мына тұрган туған жерді, ана мен ініні, досты, замандасты кімнің кезің қияр! Серттескен жарды бір көрмей, бір тілдеспей, бір құшақтаспай кім аттанар! Алысқа, келмеске, мәңгі сапарга кім аттанар! Кім мұның берін тастап сүк жер қойнына сұңғір! Жоқ! Жоқ! Хакімнің көзінен ыстық жас ыршып кетті. Ол жауға бұл жасты көрсетпеді, жен ұшымен бетін сүйкеп етті...

«Эттең дүние, қалыда түстім қолға,— деген жыбырлады оның тоңазыған ерні.— Ойда жоқ жерден түстім қолға. Жастығымды ала өлеңін ашық жерде, айқаса түсетін бірге бір кездеспеді. Қарусыз отырганда басты, аңсызда басты, аяқ астынан келіп басты жау. Қутағдырдың құрығын кім болжар...

Оның ойын подхорунжий бөліп кетті:

— Киргиз, аттан түс!— деді ол атының басын кері бұрып.

Серіктері де тұра қалды. Хакім шошып кетті — ішінің дір ете түскенін сезді. «Кенеттен... әлде...» деген үрейлі үздік ойлар аяқталмай шашылып, жоғалып жатты. Ол кідірістеп қалды. Атынан түсіп жатқан подхорунжийден көзін алмастан:

— Жақсы, подхорунжий мырза!— деді ол әлсіз үнмен.

Кенет жарлықтан жаны түршігіп кеткенін ол байқатпаған болды. Атынан түсे бастады.

Үздік ойдың «әлде... ата ма?» — деген көмейдегі бөлшегі қайтадан ауызға келді. «Шынымен біткені ме демнің...» Аргы жағы тағы үзіліп кетті.

— Биенің ерін сыпыр!— деген екінші бұйрық Хакімнің құлағынан ағып отіп кеткендей болды. Хакім түсінбей қалды.

— Тез!

— Хұп!— деді бір кез Хакім, қаһарлы бастыққа жалт қарап.

Оның аузынан «үн» деген леп те қоса шықты. Бұл бұйрықтың мәні енді жетті. Жүрегі жаңа ғана орнына түсे бастады. «Иттің көздегені көк бие екен ғой. Баганадан бері айтпай, сүрі қылайын деді ме бұл ниетін?».

Хакім жалма-жан биесінің айылын ағытып ерін алып тастап маган беретіні мынау шығар деген адамша, подхорунжийдің астындағы атқа көз қызығын салып еді, ат оған өте белді жылқы сияқты көрінді. Етті болмаса да қонды, сауыры кең және тегіс, кек биеден әлдеқайда биік, бірақ түркы қысқарап қара ат екен. Иесі дік етіп жерге түсे қалды, тізгінің ұшынан ұстан қазақша билетін шошақ мұрын орысқа ұсынды. Шошақ мұрын оның ниетін бірден ұқты; ол аттан секіріп түсіп бастықтың қолынан қара аттың тізгінің алды да оның ерін сымырды.

— Еріңізді биеге салайын ба! — деп ұшрап еді шошақ мұрын кісі подхорунжий оған:

— Солай етпегендеге ол ермен өзінді ерттейін деп пе едін, ақымақ, кек ми, — деді жіп-жіңішке жұғымсыз дауыспен.

Жер-жебіріне жеткізе сөккен бұл өркекірек мырзаның сезіне қазақша билетін орыс жауап қатпастан кек биені ерттей бастады. Ал, Хакім жазықсыздан-жазықсыз сүйектен өтерлік бұл тіл тигізуді дәл өзіне айтқандай сезді. Ол үнсіз, қыржың қабақсыз, бәріне көнген пішінмен биені мұқияттап ерттеп жатқан бұл шоқша сақалды, шошақ мұрын, шаруа пішінді сабырлы жанга жалт-жұлт қарай қалды. Ішінен оған жаны ашып, бірақ ара түсер дәрмен жоқ, іштей елжірет түсті. «Бәсе, бұл сорлының да халі мен сияқты мүшкіл жан болды. Мына соғылғандардың тепкісінде жүрген басында еркі жоқ пенде екен. Түскен жерде атын жемдеп, суарып, ерттеп, қызмет істейтін құлы ғой бейшара. Бұлардың ат қосшысы осындай жазықсыз сегу, жерлеуге кене береді екен. Бұл байғұстың маган сырын айтуы да мына мейманасы асқан бузықтарға риза болмай ашынғаннан болды» деп ойлады ол бұл бір уыс адамның арасында да теңсіздік барын көріп.

— А, сен не күтіп тұрсың, киргиз-большевик, — деді шырылдақ үнді подхорунжий. — Өлде атынды мен ерттеп береді деп күтіп тұрсың ба?

— Маган қай атты беретініңізді білмей тұрмын, подхорунжий мырза.

— Қара, түкке түсінбеуін.

Мұнымен сезге келудің қауіпті екенін түсінген Хакім, ер-тоқымын қолтықтал қара атқа жақындағы берді. Ол алдымен аттың мінер жақ алдыңғы аяғын сұтып тұрғанын көзі шалды. ерттеп жатып оның жатырқай қараган жанарының жасаурай түскен төменгі жа-

тында ақ тарыдай ағы барын да байқады. «Ағы бар жағынан үркетін шыгар. Бірақ міні мұнысы ғана емес, аяғы кете бастағансын ауыстырган екен», деп түйді ол ішінен.

Қара көк биеден айрылғанына екінсе де, Хакім бұл оқигадан өзіне керекті екі нәрсенің шет-пұшлагын аңдал қалды. Ол: қазақша білетін жуас орыс бұларға амалсыз ерген «мобилизованный» шаруа болуы керек. Бұл нағыз казак-орыс болса, онда сол казак-орыстың ішіндегі батырағы — мыналардың біреуінің жалшысы. Болмаса Жайықтың бергі бетіндегі көп қарашекпеннің бірі. Екеуінің қайсысы болса да біздің қызылдарға бейім, Советке тілекші. Мұнымен ебін тауып тілдесу қажет...

Біраз жүргенниен кейін Хакім сөз тартты:

— Кешіріңіз, сіздің аты-жөніңіз қалай? — деді де акырындаш, өзі бірнеше рет тамағын кенеп қойды.

Қазақша білетін орыс атын шаужайлай түсті. Ол Хакімнің сұрағын естімеген кісі сияқтанып алышқа көз таставды, жолдың бойын сұзді, ілгерірек кеткен серіктінің сөздеріне құлақ тоқандай болды.

— Аттың аяғы кеткен екен, — деді Хакім, бірінші сұрағына жауап ала алмаған соң.

Қазақша білетін орыс түсінбеген адамша оған мағынасыз пішінмен бір қараң қойды. Бірақ тағы да үн қатпады.

Бұлар Жалғансайдың ішімен келе жатыр еді. Сайдың тепсес қабағын қуалай қара жол жатыр, бірақ аттылы отряд жолдан темен, арбалы жүргінші кезге ту-сірмейтін жылғаның тубімен жүріп, алыштан қараған адамға тәбелері әр жерден қылт-қылт етеді. Бұл жылғаның жазга салым су тұрып, құзғе қарай шоқалақ қататын көлтабанын, ирім-ирім бүгістері мен жазық алақандарын Хакім бес саусағындаі біледі. Жә төмен өзен бойына ойысатын, жә жоғары тау жонына бектерлейтін салалар да оған аян. Алдында қалың елді саға бар. Сағада медіресе мен мешіт бар. Кел мен өзеннің құнарлы нәрін сүзіп отырган қалың балықшы бар. Бұл жерге соқса мына аяқ астынан тап болған казак-орыстардың басшы етіп өзін айдал бара жатқанын, инетінің жаман екенін Хакім айтып кетер еді. Мүмкін елді-күн құтылуудың бір амалын көздейтін жігіттер басқосып әрекет жасар ма еді...

— Мына сағаға соғып жылымамыз ба, әлде... —

деп қалды, Хакім алдында келе жатқан жуан орысқа орысшалап.

— Жоқ,— деп ол жауапты шорт қайырды.— Бізді Солянкага баста. Тура баста.

Хакімнің көңілі суып жүре берді. «Әттеген-ай, ең болмаса Қажымұқан мен Асанға да хабар бере алмай кететін болдым. Ханжұртының сыртымен асып түсіп, Сасайдан бір-ақ шығатын болдық. Ол жақта кім бар еді? Кейінге хал-жайды жеткізетін таныс қайда?»

— Бұл елді жер киргиздар ма?— деп сұрады сагана көрсетіп.

— Иә, киргиздар. Мешіт бар, мектеп бар. Жылышатын үйлер бар. Дүкен де бар ол жерде,— деп қызықтыра түсті Хакім сағаның жайлы орын екенін сипаттап.

— Тура Будариннің өзіне түсеміз.

Хакім басын шайқады.

— Алпыс шақырым жер. Жолда түсіп, ат шалдырып, жылынып алмай шыдамайсыз.

Қара орыс ойланып қалды. Ол алдында кетіп бара жатқан подхорунжийге:

— Захар!— деп айқайлады.

Ол тоқтаган Захарға жанамалап келіп:

— Бударин алпыс шақырым жер дейді, мына киргиз. Қай жерде тамақтанамыз?

— Дәл алпыс шақырым ба?— деп сұрады шырылдақ Захар.

Жуан қара Хакімге «дұрыс айтасың ба?» деген зілді көзқарас таставы.

— Жұрт солай дейді. Артық-кемі болса да, аз жартымсыз шығар.

— Онда дәл отыз шақырым жер жүрген соң түсестін ыңғайлы жер табасың. Қазір ешбір елді-жерге соқпайтын жолмен жүргізесің,— деп нығытты подхорунжий.

Хакім басын изеді. Ол бұлардың Бударинге тез жетуге тырысқанын, өздері қашып келе жатқанын, елді жерге жолағысы келмейтінін бұлардың жүріс-тұрысы мен сез ыңғайынан әбден түсінгендей болды.

«Әскер белімшесінен лағып кеткен бұл құдайдан безген бұзықтар ел табанынан аулақ алып кетпек. Шынымен осы жауыздардың қолынан өлгенім бе?! Ақтық демнің таусылған жері анау Бударин тубі болғаны ма?..» Хакім абыз ажалдың қай түрде, қалай келерін ойлауга дәті шыдамады. Оның тұла бойы мұз-

дап кетті; көзі бұлдырап ешқандай жанды-жансыз нәрсені де айыра алмайтын күйге түсті. Жауын ерік-сіз бастап, саймен жүріп отырып, Сагадай жоғары әке-ліп шығарды да Ханжұртының етегімен Ерекең бейітіне қарай бет түзеді.

Бұл бейіт үлкен қырқаның үстінде еді. Оナン асып түскен соң сол жақ қолда тау бар; тау етегіндегі кең қолтықта Шұғыл хажының ауылы қалады, ал оң жақта Шалқар көлі ендеп жатыр. Осы тау мен келдің ара-лығындағы қыспақ тар жазықтың үстімен Ащының сағасынан ететін үлкен қара жол асады. Осы жолдың ұзын өрмегін амалсыз шумақтап, буалдыр ой, бұлдыр көз, бойды басқан зіл қайғының құшағында дел-сал бол жас Хакім келе жатты. Ол бие орнына тиген орыс қол қара аттың шолақ тізгінің қытпастан бір бұлқіл, бір текірекпен үріккен топтың дүрмегіне ілесе берді.

Шұғыл хажының үлкен қыстауының денінен де асты, қарсы алдында міне енді, көлге төніп келген Қараөңір тауының қошқар тұмсығы түр. Суыт жүріс-ті жандар бұл мүйістен де ілеңде айналып кетпек. Оナン әрі Ащының кең жазығы — жуық маңда көзге демеу ел де жоқ. Хакімнің жүргегі аласұра бастады — қошқар тұмсық жота оған соңғы аттар адым сияқтанды, ар жағы басқа ел, басқа жер...

Артта асық ойнап, доп құған Ханжұрты жатыр. Көшкен елдей жиын-думанды күнде бір көрмесе кеңілі көншімейтін Сага қалып барады. ОНАН әрі, кейінгі жақта Ақпан мен Кеңтүбек бұлдырайды. Ол орта ауылда көрі ана, жас інішек, назды құрбы қалды. Та-балдырығын еңбектеп аттап, төрінде еркелей шалқа-лаган мекен-жай қалды. «Енді қайтып көремін бе, көр-меймін бе?» деп ол кейінгі жаққа мойнын бұрып еді, суық сапардың суық ызгарын үдете түсейін дегендей Шалқардан соққан ызғырық жел бет бақтырмай маңдайдан соғып, көзден жас парлатты. Хакім мойнын тез бұрды, ол желкесін ғана тосып, енді тек амалсыздан алға қарай берді.

Алдында жан сүймес жандардың дәкір жүздері мен жұғымсыз бейнелері: беті-жүзі жел мен күн жеген бұқа мойын шоң қара, сары аттың өкпелігіне жалпақ өкшесін қадап-қадап қояды, өмірі Қадестің кебіс-месілі ұзын тірсегі кеудесін қысып көрмеген ат, жуан қараның күшті тақымынан тек шабысымен құтылғандай-ақ ұмтылады. Ол оқ бойы озып шығып кеткен. Шырылдақ подхорунжийді жол ұшына жылдам

жеткізейін дегендей Хакімнің бір ішек қара көгі жер баспай ол кетіп бара жатыр. Қалғандары бір шоғыр — қасқыр текірек, шошақ тымақ бір ырғалып, бір басылып, көріктей қопандаған бос бексе солдаттар...

«О, жасаган! Бұл не қорлық, не бейнет! — деп жыбырлайды Хакімнің ерні.— Не жаздым мұндай күйге түскендей? Шынымен су түбіне кеткенім бе! Я, бақ, я, ару-ақ!..» Кенет оның өн бойы өзгеріліп кетті, тарық-қан ойы да шарт үзіліп кетті — көзі жұлдыздай әқ-қан жалғыз аттылыға қадалды.

Жәңкілген солдаттардың дені биік мүйістен аса бергенде сол жақ иықта түрган тік жотадан шашыла төмен аққан аттылы бейне бір тастаған кесектей домалап келеді.

Хакім оны бір сәт түлкі құған жан ба деп қалды — екі етегі екі жақта жалаудай желбіреген, өзі ат жалына етпептеп жатып алыпты; көлденең көзге құған азын тақымдал, барын соны согуға ғана салғандай; өрден төмен кесілген атты онаң да әрі кесілте қамшылап ысқырып келеді. Бет алды мына төмендегі, алды-артына қарамай шоқытып бара жатқан жандардың қалайда алдынан кесіп өтейін деген жанша қүйғыта түседі.

Тау мен жолдың екі арасы таң осы жерде көл жағасы мен қыспақталған тап-тар алқап еді. Өрден ойға құлдыраған адам қояндай ағып төмендегілерге жуық-тап-ақ қалды, ал, өндіре шоқырақтаган орыстар екі араны көре көзге жақындана түсті. Биіктен құйылған бұл аттылы әлденеге тезірек жету үшін бар ынтасын соған ғана салып, шабыстың қаттылығынан жол бойындағылардың әскери жандар екенін байқамай да қалған сияқты, өйткені әудем жерге келгенше атының тізгінін де тежемеді. Бірақ, алыстан да байқағыш Хакім, оның кім екенін де танып қалып еді. «Аманқұл. Сөз жоқ Аманқұл. Сұппа бөркі де соныкі. Ат жалын құша шабатын, тіпті тегіс жерде де атын пәрмендете жөнелетін әдет бір ғана Аманқұлдың әдеті. Бұл неге біздің алдымызды орайды? Әлде менің қолға түсіп кеткенімді естіп, бір хабар біліп қалайын деп шапты ма соңымнан? Болмаса басқа бір мәніс бар ма мұнда? Бұл жерде қандай жай болмақ?..»

Құйындай үйтқыған ой қимылы ми қазанын асты-үстіне шыгарғандай болды — оның шеке тамыры солқылдан қоя берді.

Есі кете шапқан Аманқұл жол үстіндегі жәңкілген

атты лардың қарулы екенін, олардың және өз жаңына жолауга жүрексінетін казак-орыстар екенін жаңа байқап кілт тұра қалды; сейтті де қалай қарай қашуын көздеген қоянша шүқшишіп, үзенгіге шашыла қарады, бір минуттей аңтарылған күйі орынан қозгалмады.

— Мына ардага не керек? — деп айқайлады атының басын тежей түскен подхорунжий кейін келе жатқандарға қараң.

Шошақ мұрын орыс «сұра!» дегендег Хакімге иек қақты. Хакім атының басын бұрып үлгергенше, Аманқұл жалт беріп қаша жөнелді.

— Тоқта! Аманқұл, тоқта! — деп айқайлады Хакім жалма-жан оны қуа шауып. Аманқұлмен екі арасы мушелік жердей-ақ еді, қара атқа қамшыны басып жиберіп Хакім тағы айқайлады:

— Тоқта, Аманқұл, тоқта! Менмін... Хакіммін!

Хакімнің даусын анық естіген Аманқұл, өз құлатына өзі сенбеген адамдай құлақшынын кетере түсті де, кілт бұрылыш, енді Хакімге шүйіле көз тікті.

— Жай ма? Мыналар мені айдал әкетіп барады, Аманқұл... — деді Хакім аптыға сөйлем. Ол Аманқұлға есік пен төрдей жер келіп қалды.

— Хакімбісің?

— Танымай тұрмысың. Мыналар мені айдал барады.

— Жау келді дейді. Жылқыны талап мінеді дейді. Ауылға хабар етуге шауып барамын.

Хакімнің ойына жан-дәрмен айла сап ете қалды. Ол енді еш нәрсе сұрамастан атының басын бұра сала деңнен шұбатылыш өтіп бара жатқан орыстарға қарай шапты — қараның бауырына қамшыны үздіксіз төпеледі.

— Жау!.. Жау!.. Қызылдар!.. Жау!..

Хакімнің даусы тау бауырынан көлге соқты, кел жаңғырышып оны тауға кері әкетті.

— Жау! Жау! Қызылдар! Жау! — деген аңы даудың бүкіл алқап лық толып өрнектеп кеткендег болды. Бұл құлақ жарған үрейлі дыбысты Хакім онан ері үлғайтты.

— Бір полк қызылдар таудың аргы астында жылқыға тиісіп жатыр! Порхорунжий мырза! Жау келіп қалды! Жау! Жау! Қызылдар!

Өзі сәл кідірген казак-орыстардың жүйіткіп алдына қарай озуға тырысты. Атқа қамшыны үсті-үстінен

басты. Не жүйрік — үрей жүйрік. Ол үшқалақ ақылдың алдын орай кетеді. Онсыз да үш күннен бері табан сұыта алмай жортуылға түскен казак-орыстар ойлауға мұршасы келмеді. Хакім бет алған жолдың ангарымен дүркірей жөнелді. Қарт қек биеге мініп шырылдақ подхорунжий «ә» дегенде бәрінің алдына шығып кетті. Ұзақ шабысқа аса сенімді болмағанмен Хакімнің көптен бері жаны сүйіп тақымына басқан бұл жануары мүше бермейтін жылқы еді, қазір ол серіппедей жазылып, басқалардан оқ бойы озық ағызып бара жатты. Қадестің сары атына мінген жуан қара да онан қалу инетінде емес көрінді — подхорунжийді басып озардай ұмтылды. Бір минут өтпей-ақ құйындата женип берген он бес солдат бірі ілгері, бірі кейін, қатқақ жолдың бойын тасыр-тұсыр дыбысқа көміш, бәйге атындаи шұбытылды.

Аң-таң қалған Аманқұл еш нәрсеге түсінген жоқ.

Ол жаңағы Хакімге тіл қатқан орнында қарақышыдай қақшиып тұрып қалды. Бұлар кім? Неге жын соққандай?.. Хакім неге бақырады? Неге орыстарға ереді? — Оның азырган жүзінде осындаи сұрақтар пайда болып еді.

Ал, тап сол мезетте Хакім дүркіреген орыстарды басынан санағ асырып бара жатты: он... он бір... он төрт... Ол ат басын сәл тежей түсті де, енді асар жан жоғын көріп кері бұрыла салып, алды-артына қарамастан бұл да құйындата шаба жөнелді — Аманқұла қарай жөнелді.

Шоқша сақал сары орыс онан көп оза қойған жоқ еді.

Хакім бұрыла сала шапқанда ол да соны істеді. Ол құйындатқан топқа қарай-қарай шапты. Хакімді ұстайтын адамша оңтайланған шапты. Алдыңғы топ бұл кезде жарты шақырымдай жер өрлең, екі ара алишай бастады.

Тіпті тез алшақтан бара жатты.

Бір кез мылтық гұрс етті де, тап кек желкесінен жерді солқ еткізген жойқын дыбысқа Хакім бұғып қалды. Ол «Мені атты!» деп үқты, бірақ бірінші оқ дарымастан әлдеқайда асып барып, тау қойнын берліктіре жаңғыртып жоқ болғаннан кейін кеңілі тоқырагандай болды. Сол мезет оны тағы да «қайтадан ата ма» деген үрей билеп басын ат жалынан жогары көтермеді. Жас кезінде бәйгеге шапқанындаи кесіле сілтеген атпен бірге етпеттей ұмтылды. Мылтық атқан

оның соңына түсіп ілесе шапқан шошақ мұрын орыс болатын. Тау жаңғыртқан гурсілге жолмен шұбай қашқан солдаттар да құлақтарын тосып, мойындарын бұрақалған еді. Тап осы кезде тау басында шоғырланған топ-топ қара көзге шалынды да қашқан казак-орыстар бауырлай қамшылаған аттарын онан да қатты бауырлай түсті — тау басындағы қара шоғырлар оларға қалың әскер сияқтанып қорыққан көзге қос қөрінді. Бұл Аманқұлдың өрге қарай тырмысқан қалың жылқысы еді, бірақ бөрі тиген қойдай үркітіп сонау Жайықтың арғы бетінен бері қызылдар өкшесін жерге тигізбей бостырған казак-орыстар оны айыруға шамасы келмеді. Ашының сағасына қарай сілтей берді.

Казак-орыстар әрі қарай асықса, еш нәрсенің мәнісіне түсінбеген Аманқұл жалт бұрылып кері тау басынан асып түсуге жанталасты. Ал, айламен жауды басынан асырып жіберіп, көп жылқыға бас паналай, Мыңшүқырга еніп кетпекші болған Хакім оны өкшелеп қалды.

— Сілте, Аманқұл, сілте! — деді Хакім басқа сез таппай, соңынан қуып келе жатқан орыстың тағы да атар-атпасын білмей сасып. — Сілтей бер, мына тұмсықтан асып түспек болды.

Мылтық даусынан Аманқұлдың да иманы зірк ете қалған, алайда құлық-сұмдықтан құр алақан емес жырынды жылқышы Хакімнен асып оқ маған тие қоймас деген сенімге иек сүйеген-ді. Ол енді Хакімнің жетіп алғанын көріп, қамшыны атқа баса түсті де, онан оқатым жер алға шығып-ақ кетті.

Ол арт жағына жалт қарап:

— Ойбай, орыс келе жатыр! Қуып келе жатыр! — деп шыр ете қалды.

Хакім де атты аямастан қамшылады. Сонда да оның астындағы ұзақ жорық салықтырған қара ат шабысын үдете қоймады, тосан қимылмен кібіртектей берді. «Мылтықты қойып, жалаң қылышпен тиіспекші ме?» деген жаман ой келді оған бір кез, — «солай... ежелден қылышқа шебер казак-орыстар. Солай!.. Аруақ!» дей берді ол ішінен.

Бағанағы ойға шапқанындағы өрге де құйындана сілтеген Аманқұл кешікпей Жыланқырқаның басына жетіп, кейінгі жаққа қояндай шұқсия шілдесінде оның арғы жағына қылт етіп түсіп кетті. Тіп-тік Жыланқырқаның қабағына өліп-талып Хакім де ілікті.

Ол тынымсыз тебініп, үзбей қамшылап, аттың ак-

тың терін сығып алардай жанталасты, езі де қара теге түсті, ақыры қырқаның басына да шықты — өкпесін қолына алып нысанага шақ жетіп жығылған жанша «Ун!» деді. «Енді құтылармың» деген үміт тәжарт ете қалды. Сол қолымен жұлқып жағаның түймесін де ағытып жіберді, қыр басының бір құшақ ауасын бір-ақ жұтып қалған кеуденің де тынысы кеңеі түсті. Қысылған жан, булықтан дене тар қапастан жаңа гана босса-нып, кең дүниеге енді енгендей болды.

Таудың екінші беті бейне бір сырғанақ тебетін жер сияқты қиялап тәмендеген кең ойпат еді, ойпаттың қазантұп шұңқыры «Мыңшұқыр» атанатын, ол Хакім шыққан тау үсінінен екі шақырымға жуық тәменде жатты. Жаудан пана, көзден таса бұл шұңқылға түсіп кетпес бұрын Хакім кейінгі жаққа кез тастап қалды. Оның томағасын алып жіберген қырандай жіті көзіне: жап-жазық көл жағасы, жағадағы өрмектей тартаған Аңзы жолы, жол үстіндегі ұсақталып әрілеп кеткен солдаттардың тым-тырағай тізбегі шалынды; онан бері тау етегі етектен ізінше өрмелеп келе жатқан шоқша сақал сары орыс керінді. Бұл шошақ мұрын кәрі солдат Жыланқырқаға тырмыса шауып өңмендеп келе жатыр... «О, тоба, енді не қылдым? — деді Хакім қара атқа тағы да қамышыны баса түсіп.— Мұның қолында мылтығы да, қылышы да бар... Мыңшұқырға» бір іліксем көз жаздырып кетер ем...»

Өрге тосаңсып шауып, мінер жақ аяғын қорғана басып, кей жерде оны жерге тигізбей, бар күшті сайяғына салып, ойпатқа шапқанда зымырай жөнелудің орнына керер көзге тағы кібіртіктен қалды. Ат жанталаса тебініп, қамшы үстіне қамшы салған Хакімнің қыстағанына көнбеді. Тілті бір кез шегіншектей түсіп, ордан ырғитын атша басын кекшендете берді. Бұл жаймен құғыншыдан құтыла алмайтынын біліп Хакім ілгері кеткен Аманқұлдың атын алмақшы болып қол бұлғап еді, ол қайрылмaston ілгері қарай шаба түсті — алыстағы ендеген көп жылқының бергі бөлегіне жетіп те қалды. Хакім айқай салып, оған бөркін бұлғап та көрді, бірақ жылқышы оны байқамады. «Жаудан жылқыны қорғап қалайын деп жанталасқан адамша шеткі бір үйірін бөріктіре күып, екінші үйірге тықсырды. Күзгі салқынға бойы тоқазыған тай-құнандар құйрықтарын кекке тігіп ұлан-асыр ойнаққа басты, әп-сәтте көп жылқының ендеп кеткен шеттері киіздей жиырылып, шұрқыраған дабысты қалың дубірге айнала баста-

ды. «Енді не қылдым, не істеймін? Көбінен құтылып, бірінің тырнағына ілігіп, шынымен оқза ұшқаным ба?» деген сұңқ үрей Хакімнің өн бойын мұздатып жіберді. Ол булығып, шыбын жаны алқымға келді...

2

Хакім ішінен «Шошақ мұрын» деген ат қойып, бірақ өзін мейірбан жан санаپ келе жатқан Гречконың халі де адам аяғандай еді. Басында жапай мобилизациямен Требуханың казак-орыс атаулысымен бірге қару алып атқа мінген бұл шаруа белгілі Калашниковтың баласы подхорунжий атағын алған жас офицерге қосшы есебінде болды. Жалғыз Захар емсе, мұны сол селоның бері мінезді Архип Волковы қосыла қосшы етті. Тіпті Захардан бұрын Гречко Архиптің атын бұрын жайлап, бұрын ерттең, бұрын жетектеп әкеліп алдына тартатын. Өйткені Захардай Архип анағұрлым сотқар және мейлінше қатал жан. Оның дегенін Гречко өмірі екі етіл көрген емес-ті. Екі етуге лаж жоқ. Архип сотсыз зәбірлеп, тергеусіз тенкілеп білгенін істеп келген зұлым. Ел қорғау борышы Архиптің құлды есебінде әскер қатарында қару көтеріп журумен бітпейтінін Гречко жақсы-ақ түсінетін. Ол қорғаймын деген Войско үкіметінің де кімнің таяғын согатынын көрген. Гречколардың жоғын жоқтарап, таяғын соғу үшін сельсоветін құрган Игнат Быков сияқтыны қан-жоса етіп тұрмеге тыққан зұлымдықты да көрген. Артта әйелі мен баласы, үйі мен шаруа жайы иесіз қалғанын, өзі жазатайым болса олардың көрер күнінің не боларын шамалаған Гречконың бар тілегі тұбімен қопарылған дүниенің бір жайлы болғанын көру еді, тезірек көру еді. Ол сонау Ташлының тубіне дейін барып, жер қайысқан қалың Қызыл армияның Бородин полкын тас-талқан еткенін де өз көзімен көрді. Керіп қана қойған жоқ, шапқан ағаштың жаңқасындаид үшіп, жұздігінің қайда қалғанын білмей мына бас кесерлермен бірге үркіп келеді. Не үшін үркіп келеді? Кімнен үркіп келеді? Енді қайда бармақшы? Анау қалың қызыл әскер ендігі Орал қаласын да алып қойған шығар. Председатель Быковтар қайтадан селога оралған да болар. Олар бір уыс офицерді айдашығып, өз тәртібін қайтадан орнатып жатқаны көміл. Сонда Гречко кім болғаны? Тендеркісіз есken шаруа ездерінің қыстығұні құрган советінен қашып жәңкіп келе ме?..

Осы сияқты ауыр ойлар, бірақ әділ ойлар Гречко-

но соңғы күндері үйқыдан қалдырган. Ол үнсіз жүрген. Ішінен тынған. Жені келген жерде бұл мағынасыз босудың бір шегіне шығуға бел байлақ келе жатқан.

Хакімнің кім екенін ол әрине білген жоқ-ты. Бірақ киргиздердің теңдікке үмтүлғанын ол ез кезімен көрді. Өзіне таныс Эйтіевтердің істеп жүрген ісін ол түсінді, оларға жаны аши қарады, Мендігерейді құтқарғаны да сол жаны ашығандық еді. Ал, жаңа бұл жас жігіттің жылқышы киргизге жолыға салып «Жау келіп қалды! Қызылдар келіп қалды!» деп айқай салғанда ол бұған шынымен нанды. Ішінен «турт, шайтан. Қаптасын. Қалай қолға тусу керек? Мына киргизбен бірге қайтып бас қорғау керек...» деп ойлап еді. Сол ойының бір ұшына жетпестен кері қарай қашқан киргизді көрді де, ол бір сәт аң-таң болды. Бірақ бұл аңтарылу ұзакқа барған жоқ, оның кепті қөрген тәжірибесі, тапқырлығы бірден жол танты: «бірге... кері қарай... сол қызылдарына қарай қашу...» деді ол өзіне өзі. Сонымен бірге кейінгі қалған өзінің әскери серіктегі көре қалса не демек? — Бұған да дәлел бар екен. Ол қашқан киргизді құдым демек. Сол үшін екі рет мылтық та атып, бірақ, оқ дарыта алмадым демек. Бұл теріске айналған сәтте. Ал іс оңға айналса — киргизбен бірге қызылдарына-ақ қосылу...

...Қырға иек сүйеп, оның басына шығып алғанша Гречко да серіктегіне көп кез сала қойған жоқ еді.

...Оның бар ынтасты қалайда қашқан киргизді тоқтату болды. Қыр басына шығып қанша жер екенін шамалау үшін Аңы жолымен кеткен серіктегіне қараганда, олардың қас пен көздің арасында төрт шақырымдай, тіпті бес шақырымға жуық алысқа асқанын олардың құлдыраған ұсақ қарасындарынан білді. Гречко басын шайқады. «Ох, жауынгер немелер, деді ол ішінен. Сейтті де ол алдында жатқан қалың қарасының әскер емес, өз бетімен бейбіт жайылып жатқан жылқы екенін, тау басынан шауып түскен жылқышының ендеғен жылқысына жетіл қалғанын, алдындағы қолбасшы жігіттің қара атпен ұзай алмай қысылып бара жатқанын, артына қарап қойып атын қамшылағанын көрді. Ешбір әскердің жоқ екенін ол енді түсінді. «Сүм! Ой сүм! Жарайсың, жас киргизім», деді ол жымиып. Сейтті де жалма-жан:

— Жігіт, тоқта! Мен қастық жасамаймын. Тоқта! — деп айқайлады.

Гречконың даусын шала естіген Хакім, «Бұл не

дейді!» деген адамша жалт-жұлт қарап алып, атын төпей берді.

Гречко оған қуып жететінін жақсы түсінді. Өйткені Захардың қара атының бір тағасы Жайық бойынан қашып шыққан күні түсіп қалған. Оны қайта тағалауға уақыт та болған жоқ, уақыт тапса — тағашы да кездескен жоқ еді. Кеше Гречко аттың аяғын сұйта түсікенін байқап, оны көтеріп қарап еді, аздаш табанының тандайы есе бастиған ат өн бойы тоңды қатты жерге соға бергеннен кейін, тағасыз аяғы тұралап қалуға жақын екен. Оны ауыстырганы Захарга тиімді болғанын ол бүгін жақсы білген. Сол қара ат қазір мінер жақ аяғын кейде жерге тигізбей; үш аяқтан бара жатыр; оны кешікпей-ақ қуып жететін. Өйткені Гречконың ез аты белгілі жылқы — қоңы да жақсы, бабы да жаман емес, төрт аяғы сау және шаруаның жексе көлік, мінсе жүріс беретін көнбістісі. Гречко жас жігітті қуып жетіп, онымен түсінісуге, түсініп алып ілгері асудың жайын сейлесуге асықты. Ол да атқа қамшыны баса түседі. Кеп ұзамай ол жылқышының ізімен қалың жылқышының арасына қарай ойысқан Хакімге жақындаш қалды.

— Жігіт, тоқта, мен саған қас адам емес, дос адам,— деп айқайлады ол тағы да.

Бірақ өлденеден мықтап белең алып қалған жылқыдай шошының сілтеген Хакім тоқтамады, ол қалайда алдындағы атқа шапқыш шекпінді жылқышыға жетуге жанталасты.

«Бұл обден қорықкан екен» деп түйді Гречко. Ол жалма-жан мойнына қайтадан ілген винтовкасын сиптирып алды да:

— Мен қас емеспін саған. Дос! Дос! Мә, мылтық! Қорықпа!— деп айқайлаш, Хакім артына бұрылып қараган кезде винтовкасын лақтырып жіберді.

Құндағынан жерге шашыла сорылған мылтық шоршып барып, шептің арасына құлаш түсті. Хакім Гречконың сезін де жақсы есітті, лақтырган мылтығының жерге түскенін де анық көрді. Қуған бұл шошақ мұрын орыстың езі екенін және бетен ниеті жоғын ол енді ғана байқағандай болды. Бұл екі арада дөкпектеген қасқыр текірекпен жерді жеміріп келе жатқан шоқша сақалдың астындағы мықты жирен ат онымен құйрықтасып та қалды.

— Азырак тоқтасайшы, жігіт,— деді Гречко оған.— Қорықпасайшы, мен айттым той, доспын деп.

— Дос болсаң, ақсақал, шаба бер ілесіп,— деді Хакім бұлығың сөйлей алмай, сезінің аргы жағын жұтып, оған әлі де жалтаңдай қарап.

Аз уақыт құйрықтаса шапқаннаң кейін Гречко тағыда сез бастады:

— Неге бұлай қарай шабасың. Ауылға неге шаппайсың?

Хакім оның бетіне қадала қарады:

— Көрмейсің бе, қария, мына аттың... аяғы... жерге тимей қалды...

— Оны үйге таста.

— Үйге жеткенше анау... — деп Хакім казак-орыстар кеткен жаққа қолын сермединде.

Гречко оның ат ауыстырар ниетін түсінді де үнде меді. Атын аса қыспай, қара аттың солтаңдай шоқақтаганына еріп текіректей берді. Бұл екеуін көре салып, қалың жылқының арасына кіре бастаған Аманқұл қоянша із тастады — ол бұрыла салып бір бүйір шапты, аздан кейін қайтадан кері бұрылды.

— Аманқұл! Ау... Аман... құл!

Хакімнің айқайынан бұрын Аманқұл бұлғаған қолын көрді. Ол кілт тұра қалып, бағанағы қыр басынан шауып түскендергісіндей, бұл екеуінің кім екенін әбден айырып алайын деген адамша шашылып тұрып қалды.

Хакім оған тары да айқайлап, тары да қол бұлғап, «бері кел?» деп шақырды.

Әңгіме құмар, жақалықты жұрттан бұрын есітетін, күніне елді екі айналып шықтай көнілі көншімейтін Аманқұл жылқышы Хакімнің шақырған-шашырмажа-нына қарамастан келуге тиіс еді, бірақ ол оның мына орыспен келе жатқанына қайран қалып бөгелді. Екеуі қатарласа шауып келеді — біріне-бірі жау еместей-ақ үзеңгі қағысып қалған. Аманқұл түсінбеді Аманқұл Хакімнің орыстармен бірге кетіп бара жатқанына да, енді басқасынан белінің мына біреуін ілестіре шапқанына мулде миы жетер емес.

— Ат! Ат! — деп айқайлады Хакім ақырап қалған жылқышыға.— Тез, Аманқұл, ат ұста.

«Вұларға ат керек екен гой. Кәдімгі балшабайлар тап осылар екен. Бәсе. Хакім балшабай болғанына кеп болып еді. Ат керек болса сендерге мына Шұғылдың бар жылқысын алдыңа салып берейін».

Аманқұл шеткерірек жайылып жатқан алты ірі жылқыға қарай құйындасты да, оларды жын соққан-

дай қуалап, екеуінің алдына қарай көлдененде берді. Алты жылқының алтауы да ат екен. Кәдімгі Шұғылдың көк ала жылқысының төл түкімы, ірі қара кек аттар. Бәрінің де қоны жақсы, бір екеуі өте семіз көрінді.

— Қайсысын ұстайсың? — деп қиқулады да, Аманқұл жауап күтпестен алты аттың екеуін беліп алды.

Беліп алған аттарды аса желіктірмей, қайыра айдай түсті, соңсaн өзі:

— Кіш-кіш! — деп ыскырыңқырап қойып, атынан қарғып кетті, шылбырын шұбатып, астындағы биесін тастай салып, аттарға қарай журді.

Танымал жылқышыға құлақтарын едірейте қарап қойып, екі қара кек аттың бірі оған қарсы барды.

— Кіш-кіш! — деді оған тағы Аманқұл.

Етегін туре дорба етіл кетеріп ол көк атқа жетіп барды да, оны жалынан ұстай алып, жалма-жан беліндеңі белбеуін шешіп жіберіп мойнына салын жетектей берді. Бұл кезде Хакім мен Гречко да желе булкілден жетіп еді.

— Айналайын... — деді Хакім ентігіп. — Айналайын, мә, мына қара ат саған. Басымен бердім.

— Бұл сақойды мен қайтейін? — Аманқұл Гречкоға қарады.

— Мен үйге дейін мініп кетейін көк атты...

Аманқұл Хакімге енді ел жайын баяндай сейледі. Көптен көрмеген Хакімді ол көп әңгімeden қағажу қалды деп түсінді, білем.

— Хакім, алдымен хажыны құтты жеріне қондырыңық. Алды өзіне, арты бізге қайырлы болсын...

— Рақмет, Аманқұл. Есіттім... үйде болды...

— Ал, ауылдың басқасы тегіс аман. Аман болғанмен жаманат көп. Кеше кешке Нұрым келді, ол бұрнағы күні Қызылуйге кеткен. Сұрама, онда болып жатқан жайды — бүтін ғаскер балшабай болып кеткен. Аттарының құйрығын шарт кесіп, нағыз балшабай болыпты да, Қызылуйден хан Жаншаны қуып шығыпты. Орыстарды елтіріпти. Өздері қолдарына ту ұстап Текениң көп балшабайларына қосылуға аттаныпты. Ехлас агай Текеге кетіпті — ауру дейді. Жамалды Нұрыш мұнан бір жұма бұрын көшіріп келген. Ал, енді ауыл үсті у да шу. Шұғыл хажы жылқыны төмен Үйшікке айдатамын деп еді. Нұрыш Үйшікте казак-орыстар тұр, жылқыны қоймай алып жатыр деп айдатпады. Хажы күні-туні ұйықтаудан қалды, мені ерте де, кеш те шақы-

рып алып жылқының жайын сұрайды. «Мыңшұңқырдан» шығарма, елге келтірме, Қособаға апарма деп қақсайды.

— Тоқта, Аманқұл, тоқта,— деді Хакім, оның сөзін бөліп.— Мына атты ерттеп алайын.

Ол тез-тез қымылдаپ атының ерін сыйрып, кек атқа салды да, езі жалма-жан оған мініп те алды.

— Ал, енді сен биеңе мін, бізді Қособаға дейін шығарып сал. Әңгіменді жолда айтарсың,— деді.

Жүре түсісімен-ақ айта бастап, еріксіз үзілген хабар-ошарын Аманқұл қайтадан лекітті.

— Ел ішін орыс жайлап кеткен. Кеше кешке біздің ауылға орыстар келіп, білгенін істеген. Қален ағам үйде болмапты, үйде болса бассызың қызы істепес еді. Қадестің атын алып кетті, езін ұрып, көзін шығарған. Ой, сұрама, дінсіздердің қылмаған қылышы жоқ... Загильты зорлаған...

Кай жаққа жүрерін де, кімге еріп жүрерін де әлі аның түсінбеген Гречко ауыстырып жақсы ат мініп, жүруге бет бұрган Хакімге жай-мәністі ұқтырайып деген ниетпен:

— Менің аты-жөнім Иван Андреевич Гречко. Требуханың казагімін... бағана айтуға болмады, серіктеп рім жашар адамдар. Сенімен сейлескенімді көрсе зұлымдық жасайды. Солардың көзінше сейлесе алмадым. Енді олардан біржола бөліндім. Требухага қайтамын,— деді. Требуха деген сез Хакімнің құлағына жылы ұшырай кетті. Бірақ мына адамның онда неге баратынын анықтай түскісі келді.

— Қазір онда фронт шығар?— деді ол екі-үшты үнмен.

— Фронт біткен шығар. Бітпесе де Требуха казак атамандарынан босанған шығар. Мен ол тұстан өткелі екі күн болды. Қызылдар Текеге де келген.

Хакім Гречконың жүзіне қадала қарады. Оның ойына Требуха да, бұл селомен байланысты Мендігерейдің оқиғасы да енді келіп түсті.

Есіміңіз кім дедіңіз... Иван?

— Иван Андреевич Гречко.

— Сіз ол жердің қазақтарынан кімді білесіз, Гречко?..

— Бәрін де білемін, бергі жақтағы Эйтиевтерді, Епмагамбетовтерді жаксы білемін...

— Эйтиевті? Иә, олар қазір қайда екен?

Хакімнің айлалы сұрагына Гречко шын ойын айта жауап қатты.

— Мен бәрін білемін, олар большевик. Бергі селолардагы ана Богдановка, Федоровкаларды айтамын, сондагы Довженко, Беландар таныс. Мен Беланның отрядына кіремін деп, кіре алмай кеткемін,— деді.

— Ол қызыл гой,— деді Хакім құліп.

— Сен жігіт, мені тусінбейді деп қалдың ба? Қызылдар кешікпей бәрін де алады. Қөп жеңеді, әділдік жеңеді. Сен оны жақсы білесің...

— Ямбулатовкага сұңғітіп жібермей киргиз комиссарын Абылқайыр Эйтіевке әкеліп берген сіз бе, Иван Андреевич?— деді Хакім оған сүйсіне қарап.

— Сен оны қайдан білесің?

Жауап берудің орнына Хакім оған қос қолын беріп көрісті де:

— Жүрініз, Иван Андреевич, Беланға мен өзім кездестіремін сізді,— деді.

Аманқұл бұлардың орысша сөйлескен сезін ұққан жоқ еді. Бірақ Хакімнің қолын алғанын көріп, мен де қалмайын деген оймен:

— Тамыр, аман,— деп, жанамаласа келіп Иван Андреевчің ол да қолын алды да,— ат керек пе? Менікі жылқы қөп,— деп қойды.

Иван Андреевич оған болмашығана езу тартып:

— Менің атым мықты, жолда қалдырмайды,— деді қазақша.

Оның тіл білгеніне Аманқұл қуаныш кетті.

— Уа, қызық. Судай екенсіз қазақшага. Айда ауылга барамыз, барап соямын, той жасаймын. Балшабай боламыз біз де. Қызылуйді де балшабайлар алған. Текені де алған. Байлар қашқан. Кеше ішкі беттен келгендер айтты: казак-орыстардың маржалары, қарттары, мұлкімен, жиһазымен, балаларымен босып жатыр дейді. Алды Кердері сағасына келіп те қалса керек,— деп лекітті Аманқұл.

Бірақ Хакім Аманқұлдың әңгімесін тындан бөгелгісі келмеді, ол қашқан казак-орыстарды қайта оралады деп қорықты.

— Сен шап, Аманқұл сенің атың жүрдек — тез Жыланқыраның басынан бар да қарауылдан қайт, әлгі орыстардың қарасы көрінбей ме екен. Егерде олар кері оралса — бізге тез жет. Ал, біз Қособага қарай аса береміз. Қособаның түбімен төмен түсіп, ауылға ораламыз,— деді Хакім оған.

Аманқұл бұл сияқты «қының-қыстау іске» жұмсағанын өзіне үлкен дәреже көрді және орыстардың бетін байқап қайтуды ерлік деп санаады.

— Мен қазір көзді ашып-жұмғанша барып барлап қайтайын. Бұғын Аңшының жолын сонау кез ұшына де-йін тінтейін, — деді.

Өзі атының тізгінін бұра сала, шапқылай жөнелді.

— Тоқта, тоқта, Аманқұл, деді оған Хакім.

Аманқұл шоқырақтай түсіп кері бұрылды.

— Мына кісінің мылтығы қалды анау жақта... Иван Андреевич, қай жерге лақтырып едіңіз?

Иван Андреевич бір шақырымдай жердегі бір темпеге қол шошайтты.

— Сол шама шығар деймін. Винтовка керек. Мен сіздерді үркітпейін деп сендіру үшін тастап кеттім.

— Анау төмпені көрдің бе, Аманқұл? Соның маңында мылтық жатыр. Ала қайт. Біз тосамыз, есіттің бе?

— Мылтығын тастап... жаны бар адам мылтығынан безер ме? Түү, тамыр-ай бала екенсің гой өзің, — деп, Аманқұл құйындата жөнелді.

Хакім оның төмпені екі айналып, олай-бұлай шапқылағанын, соナン кейін аттан түсіп мылтықты алғы, ердің қасына келгенін, қайтадан биесіне қонып әрі шапқының кез алмай қарал бара жатты. Аманқұл Жылан-қырқаның басына жеткенше бұлар жылқыдан бір бүйір Мыңшұқырға түсіп кетті. Бірақ бұл әлденеше үйір жылқыны да көлденең кезден жасыралық жықпылжықпыл жыралы, қоралы қой сиярлық сансыз шұқырлардың қойнына еніп кетпеді, қауіп-қатер бола қалса алыстан атойлан хабар беретін Аманқұлды тосып, қырбасында қылтиып қана бой көрсетті.

Бұл оқиға басынан аяғына дейін небары он-он бес минуттік уақыт алып еді. Өлім құшагынан жырылып шыққан Хакім енді өте-мөте сақтық жасауға тырысты. Ол тіпті елге оралмай-ақ Богдановкага тіке аспақшы болып та ыңғайланып еді, бірақ мына оқиғаны Қален учительге білдірмей және керекті мәліметтің бәрін түгелдемей кетуді мақұл таппады. Ол қалайда бұғын кешкे ауылға соғып, тунделетіп болса да өз отрядына жүріп кетуге бел байлады. Мына Гречконың сенімді жан екенине ол шұбаланған жоқ. Ол тіпті, бұл шоқша сақалды шошак мұрын шаруа Мендігерейді құтқарғанын дәлелдемесе де, бір ғана «сені Бударинге барған соң әлтіруге ойлады» деп сыйырлағаны үшін құшак-

тап суюге дайын еді. Мұны ол ішінен «маған тағдырың тап қылған қызыры» деп сакады. Жан серік боларлық адам деп білді. Ол төмен қарал біраз ойланып тұрды да, әбден көнілі жайланаң, құтылғанына көз жеткеннен кейін Гречкоға рақмет айтты.

— Сізге мен борыштымын, Иван Андреевич. Мені бір ажалдан алғы қалдыңыз... Құтқаруға жердем бердіңіз, мен мұны өле-өлгенише ұмытпаймын. Қолымнан келсе қайтаруға тырысамын,— деді аздап көнілі босап сейлеп. Гречко оған қарай қалды да басын шайқады.

— Мен құтқарғаным жок, өзің құтылдың. Мен ойлап едім: бүгін түнде қонған жерде қашырармын, өзім де қашармын, деп. Оған жеткізбедің, өзің құтылдың. Маған рақмет айтпа, өзінің тапқырлығыңа, жастық албырттығыңа рақмет айт, жігіт. Атың кім сенің, балам?

— Атым Хакім, фамилиям Жұнысов... Олай емес, Иван Андреевич, сіз ескертпегендеге мен журе берер едім, қашуға бел байламас та едім, «Жә өлім, жә өмір» деген екі-ақ таңдау, екі таңдау емес, бірақ тәуекел қылған соң не де болса көрдім дедім. Ал, түнде қонған жerde қашыратын едім дегеніңізге тағы да рақмет. Мың рақмет.

Аса қатты шаппай, желе жортын текіректеп келе жатқан Аманқұлға бағыт көрсетіп, Хакім Мыңшұңқырга түспей, қырраттың үстімен аса берді. Ал, бұл жердің қырын қарысталп, ойын сүйемдел есken Аманқұл бұлардың Қособага беттегенін көріп, жолын қылп тусы үшін бір бүйір зулады.

«Бұл Хакім балшабайларға қосылды. Тұбі осы мықты болып шыгар әлі. Ең мықты деген Жанша ханды аналар Қызылұйден қуып шықты. Ендігі жүртты бір шыбықпен айдайтын дәу Шұғылдың баласы емес, Жұныстың осы баласы болар тұбі. Бұл болады, қаргадайынан Текеден шықпай қойды. Аузына орыс біткенің бәрін қаратады дейді сөйлегендеге. Әй, өзінің әкесі де мықты еді, марқұм. Алдынан адам етіп көрмеген белгілі Жұныс. Шұғылының өзін ықтыратын еді жемежемге келгенде. Мұның енді баласы да үйезді билейтін жекім болар. Хакім деп атын тауып қойған той тұкті қошқар» — деп ойлап келе жатты Аманқұл.

Ол тастап кеткен орыстың мылтығын алғын, атып көрсем деп бір оқталды да, батылы бармады. «Жазтайым біреуге тиғізіп алсам кесірі тиер. Бұл құрғырың құндағы өзімді теуіп қиратып та кетер. Құс мыл-

тың екеш құс мылтық та кейде адамды шалқасынан салып кетеді кері серпіп. Ал, мынау болса кез үшін-дагы түйені де оғы кектей өтіп кететін көксіл гой» деп қозғап қойды ол, ер қасына жетесін төмен қаратып тұ-қырта ілген үзын винтовканы.

Екеуінің қиялап алдын орал келіп қосылған Аман-құлдың бірінші сезі Гречкоға бағышталды.

— Тамыр, ана кеткен сенің ағайындарың енді бір ет пісірімде Аңының сағасына жететін жайы бар. Қа-зірдің өзінде құдай біледі деп айтайын, Сасай Өмірәлі-нің қыстауынан асып кетілті. Өмірәлінің қыстауы тап осы тұрған Қара Мектептен он шақырымға аяғын жи-майды. Былтыр құрбан айтта сол Өмірәлінің қыстауынан жібергенбіз бәйгі аттарын айдалап апарын. Тура он шақырым. Олар қайда барады, Шалқарды айналып Текеге аса ма? Менің шамалауымша олар кері айнала-тын түрі жоқ. Бір тықыр таянғанын сезген қулар той деймін. Өздері, а? — деді ол.

Хакім Аманқұлдың өзі женінде еш нәрсе түсінбеке-нін басында-ақ білген. Бірақ бұл ақ кеңіл сөзуар жыл-қышының үғымды екеніне, асыра сейлесе де көп нәр-сені біліп алып жүрттан бұрын елге жаятынына бағып, ашық сөйлесуді жөн көрді. Тіпті ол «осы Аманқұлды ертіп кетсем қайтеді. Керек жерде бұл атқа жеңіл құ-бащаны шаптырып алсаң: мұның қолынан келмей-тін нәрсесі жоқ — алып кел дегенінді алып келеді, бе-ріп кел дегенінді беріп келеді. Өмірі атпен журуге жа-лықтайтын, көнбісті болып алған кәдімгі өзіміздің сенімді жігіт. Мұнан сенімді адам жоқ» деп ойлаган еді.

— Аманқұл, сенің Қызылуй женіндегі айтқаның шын хабар ма, артық-кемі жоқ қой әйтеуір, — деп еді Хакім, Аманқұл оған ашуланып қалды.

— Мен Жаншаның қашқанына сенен ақша сұрай-ды деп тұрсың ба? Өлде Текені казак-орыстар тастап, босып кеткеніне қорқасың ба? Шын болмаса Шұғыл жылқысын Үйшікке айдатамын деп өлек бола ма? Ке-кім баласының халі шамалы болмаса келінің қолына кері кешіріп алдырта ма? Бала екенсің гой өзің әлі. Мен сені ертең ел билейтін кәкім болады деп уміттеніп, бәрін біледі деп тұрсам!

— Жақсы, Аманқұл, шын болғаны керек. Ал, сен ана орыстардың мені өлтіріп кете жаздағанын білген жоқсың. Сен болмағанда, сен шауып келіп бізге кезде-сіп қалмағанда бәлкім мені енді қайтып көрмеген де

болар едің. Олар қашқындар. Айтып тұрган казакорыстарың, Текеден қашқан бұзықтар,— деді.

— Сезіп едім,— деді Аманқұл тамсанып койып.— Керініл тұр қашқын екендері. Мына тамыр да бірге қашқаны ма, әлде сенің серігің бе?

— Бұл да амалсыз ерген адам. Солардан құтылғанына садақа беруге дайын.

— Мылтығын неге тастап кеткен, бұл тамыр? Әлде енді мылтық ұстаудан безгені ме?

— Сен алсаң саған берейін, жігіт,— деді Гречко Аманқұлға.

— Мен, әрине, шын сыйласаңыз... қашпаймын алушын. Мылтық керек қару. Бірақ оны атып үйрену керек,— деп Аманқұл іші жақсы көріп қалды.

— Бердім, ал. Үйретемін атуды. Оңай. Үйренесін.

Аманқұл қызара бастады. Ол мұндаиды мылтықты тек қана солдат болған адамдар ұстайды деп ойлайтын. Солдат болу қолдан келмейтін іс және қорқынышты нәрсе деп түсінетін.

— Ала бер, Аманқұл. Мүмкін сен тіпті бізбен бірге жүрерсің. Ер жігіттің қолы қарусыз болмауы керек. Қазір өзін қорғауға да, өзгені қорғауға да қару керек, қарусыз болмайды,— деді Хакім оған.

Аманқұл бұл сезге ойланып қалды. Аздан соң ол атын қатарластыра түсіп, винтовканы ердің қасынан алды, олай-бұлай айналдырып қарай бастады.

### 3

Қален сол кез айнала дағдарыста еді.

Өрімдей шағында бағы мерт болған Загипаның ауыр халін де, казак-орыс қолында кеткен Хакімнің қатерлі сапарын да учитель үрейі үшін кеткен үй ішінен есітті. Өң жоқ, тұс жоқ, әлденеден үріккен ботадай елеурен екі кезі шатынап кеткен жас қызды маңдайынан сипады да, не деп жұбатарын, не ақыл берерін білмей, ол темен қарап, екінші бөлмеге шығып кетті. Тіл қатпай бармагын тістеп біраз отырғаннан кейін ғана Меккага:

— Сырқатсың, бірақ жазыласың де. Тесектен тұрғызба, ешкімге тілдестірме...— деп, бақытсыз қыздың жан жарасын жұрт көзінен аулак, ақыл-насихатпен ұмыттыруға тапсырды.

Сейтті де Қален, бүгінгі сүмдық оқиғаның ең ауыры — Хакімнің казак-орыстар қолына қалай түскенін

анықтанкырау үшін және оның соңынан адам жіберу иниетімен Жұныс хажынықіне келді. Учитель үйге кіре бергенде:

— Хакімді алыш кетті... Нұрым да жоқ. Шиеттей мына екі баламен жалғыз қалдым,— деп, Балым кемпір дауыс көтерді.

Екі бала үн салған анасының қолтығына тығыла берді де, қатты қобалжыған учитель теріс айналып кетті.

Аздан кейін ол төменин жоғары қарап көз алмай қадала қалған Әділбектің арқасынан қакты. Бүкіл ауыл баласының ішіндегі ең пысығы және сөзге өткірі «Учитель де жылайды екен!» деп таңданғандай еріксіз көзіне жас алған Қаленнің жүзіне бағып қалып еді.

Учитель аға, мен орыстардан қорыққаным да жоқ, сасқаным да жоқ. Қоқандап Ақмадияның үйінен шығып үш орыс біздікіне қарай шапқанда, мен Хакім ағамның қағаздарын да, алты атарын да тақтайтың астына тықтым. Әлі сол жерде. Көп қағаз,— деді Әділбек.

— Жарайды, Әділбек, жарайды. Сен жігітсің. Орысша мұны не дейді?

— Орысша? Орысша...— деп, Әділбек бөгеліп айтта алмады.

— Орысша, молодец дейді мұны, Әділбек.

— Шәкіртінің ісін құптаған болып, ол өзінің босаңып кеткенін байқатпауга тырысты.

— Әділбек, сен үлкен жігітсің, ағаларың үйде жоқта шешене қолқанат болуға жарал қалдың. Өзі келгенше ағаның қағаздарын тығып қойғаның қандай жақсы болған. Қаруын ешкімге көрсетпе. Жарай ма, көрсетпес!— дей берді.

— Жоқ, көрсетпеймін. Тат баспасын деп ескі киіз байпағым ішіне салып қойдым,— деді бала.

Учитель оны тағы да арқасынан қағып қойып, енді шешесіне тіл қатты — еңсесі түсіп кеткен кемпірді жұбатуға кіріsti.

— Сабыр етіңіз, жеңгей, сабыр етіңіз. Қорықпазыз. Менің шамалауымша Хакімді жол көрсету үшін ертіл кеткенге ұсайды. Бұл адасып полкынан айрылып қалған казак-орыстар болуы керек.

— Қайдан білейін, молда қайным... Бірі алай, бірі былай үйден жырақтап кетті...

Кемнір мырсылдаپ жүріп учительге шай қоюға кірісіп еді, Қален:

— Жеңгей, әуре болмаңыз. Мен қазір Асанды тауып алып Хакімнің соңынаң жіберейін деп отырмын. Егерде орыстар Сагаға соқпай асса, онда Дуанаға түсер. Алдын орап, қалай жүргенін байқап, қонған жерде жолығуга тырысар. Керек болса Сулейменді де қосамын,— деді учитель орнынан тұрып бара жатып.

Бұл екі арада нар-тақтайдың астына бір сұңгіп шыққан Әділбек:

— Учитель аға, мынау Хакім ағамның әкелген сары қағаздары,— деп бір уыс жарнаманы Қаленге ұстата берді.

Учитель көре салып, бұл өзіне таныс махорка орайтын сары қағазға жазылған ірілі-уақты Совдел үндеуінің алды мен аяғына көз жүгіртті: «Тағы да Бақытжанның қолы... Тіпті ең алдында тұр. «Карт» тірі екен гой. Өзі түрмеде отырса да үні келіп жатыр сахрасына» деді ішінен.

Жұныс хажының үйінен шыққан бойы учитель жолдағы Асандікіне бас сұқты да, тізе бұкпестен оған:

— Асан, сен қалайда Хакімнің соңынаң жет. Өзімен тілдесуге тырыс. Керек десе бірге еріп бар, баар жеріне. Жат адамдардың арасында жалғыздықтың зарын тарта көрмесін,— деді.

Сейтті де, епті Асанды жолға шығарып, өзі үйіне асықты — көп үндеуді балықшыларға оқуға, Шалқардың екінші бетіндегі Үйректікөл мектебінің учительдеріне жібермекші болды.

Жаңа ғана кейінде қалған Әділбек, үйіне кіріп келе жатқан учительге қарсы ұшырады. Қален шошып кетті.

— Әділбек, сен қалай менен бұрын келіп қалдың, жарқыным, жай ма? — деп сұрап еді әлденеден үрейлене қалған учитель. Әділбек:

— Жай, учитель аға, мен Жұмайға ашытқан күшала әкеліп бердім. Екеуміз тұлқі аулаймыз,— деді аңшылық ісіне жетік адамша салмақты пішінмен.— Кеше мен құмақтың үстіне шығып қайттым, екі тұлқі кердім. Жер қатқақ, ойдың бері мұз. Тышқан азайды, енді тұлқі жемге оралады. Қар түскен соң тілті күл басына да келіп отырады. Былтырғыдай күшікше шәуілдейді әлі...

Қален ең кіші шәқіртінің үлкен кісішіне сөйлейтін мінезі мен сезіне тақталып, басын шайқады. Оның бетіне қарап ойланып тұрды да:

— Эділбек-ау, тұлкіге қақпан құрмайсындар ма, күшәланың не керегі бар оған? — деп сұрады.

Бала ұстазының аңшылық ісіне жетік емесін байқап:

— Қақпанга тұлкі түспейді, ол сақ аң. Біз ашытқан күшәләні етке тырып улап өлтіреміз. Сіз оны көрген жоқсыз, — деп, оған ақыл айта бастады.

— Күшәла салуды кім үйретті?

— Сүлеймен үйретті. Былтыр Нұр-ағам екеуі күшәла ашытқан итке саламыз деп. Күшәланы өкпеге тықты да жылы құлғе көміп қойды. Үш күннен кейін ушырып қап-қара болып кеткен. Мен де мамамның жастығының тубінде жатқан күшәласының көк тамырлысын таңдал алыш ашыттым, жартысын өзіме қалдырыдым, жартысын Жұмайға әкелдім. Ертең ертемен Қызылқұмакқа шығып қайтамыз — Қособаның түбіне дейін барамыз. Мыңшұңқырдың бергі жағында тұлкінің іні бар.

Баланың әңгімесі учительдің көділін басқа жаққа аударып, үй ішіндегі келіссіз қасіреттен ойды серпілткендей болды. Бірақ бұл әңгіменің қауіпті жағын Қален де, үй ішінің басқа жандары да ойлаған жоқ еді. Тек қана қазан жақтагы бұрышта төсек тартып жатқан Загипа көбірек құлағын түріп, Әділбектің әкеліп берген жарты күшәласын Жұмайдың қайда жасырғанын аңдып жатқан. Қыздың ойы ессіз ой, бірақ мәңгі мақсатқа тез жеткізеді деген өзгеше сенімнен тұган жан безер жай-ды... Інір кезде Аманқұл кіріп келді. Сөлемдесней жатып ол:

— Қален аға, мен Хакімді алыш қайттым, жаңағана үйіне кіріп қалды. Қасында бір орыс бар. Басқасы менен үркіп Ашының сағасына қарай асып кетті. Сіра, мені қызылдардың қалың әскерін бастап келген дәүі деп қалды білем, артына қарамастан зытты. Бір мылтық олжам бар — бізге ерген орыс сыйлады, — деп, сезшең жылқышы әңгімені есіктен кірген бойда актара бастады.

— Шының ба, қалжыңың ба? — деді учитель сабырлы пішінмен. — Үріккені қалай?

— Уаллахи шыным, Қален аға. Басқамен қалжың дассам да, сізben қалжыңда спаймын гой. Қажының баласы үйінде, наңбасаңыз шақырып келейін. Бір түйір жалғаны жоқ сөзімнің. Қашқанда көдімгі құйрығын түйіп үріккен бұзаудай тым гырагай, біріне-бірі

жеткізбей қашты. Он бес орыс екен, он төрті тайып тұрды, біреуі Хакіммен бірге келді. Соның үйінде қонып отыр.

Кален үндемеді. Ол тек басын шайқап — бұл қисыны кем хабарға сенбес ырай керсетті. «Аманқұлдан қашқан ол қандай казак-орыс? Мұның басқа бір мәні бар шығар» деп ойлады. Оның өз тусінігі солай-ды. «Қашқан жауга қатын ер. Берекесі кеткен казак-орыстардың көзіне қорыққаннан қос көрініп, Хакімнің: «Жау келді! Қызылдар келді, қызылдар!» деп үркіткенін жылқышы менен сескенді деп білген. Аз отырғаннан кейін Кален:

— Онда мен өзім барып шығайын,— деді.

Ол Хакімнің амандығын білуге асықты. Және қайтыс болған қажының аруағын сыйласп, баласына барып көзіл айтуды жен көрді.

Ертемен торға түскен торғайдай, қауіпті сапарға еріксіз еріп шығып «құдіреттің қүшімен» құтылған Хакім алып-ұшқан жүргегін қолына ұстап келгендей болып еді. Ол шешесін тас құшақтап, екі інісін сүйіп, үй ішінің тебесін көкке жеткізді де, тізе бүкпестен Қалендікіне жүгірген еді.

Киініп жатқан учитель ашылған есікке мойнын бұрып үлгермesten Хакім оны құшақтай алды. Өмірі аптырып көрмеген салмақты ұстаз бұл жолы өзгеше қобалжып кетті. Балаша құшақтап, Хакімнің бетінен сүйіп, көзіне жас алды.

— Аман-есен қайттың ба, әйтеуір. Айнала бақытсыздыққа душар болып жатырмыз. Қажыны ұзак жолға аттандырдық. Оның үстіне мына жоқ жерден кездескен бәле...

Бірнеше минуттан кейін ғана көнілі жайласқандай болды.

— Солай болды. Хакім,— деді Кален бұрынғы са-бырлы қалпына кешіп: — Адам тұған күннен бастап өмір үшінша бір табан жақындей түседі. Оны тіршілік байқатпайды. Бірақ өлім қорқынышты емес, өмірде игілікті іс істей алмай өту қорқынышты. Жүкен армансыз. Ол сендерді тәрбиеледі. Дүние танытты, мұқтажсыз есірді. Сендер оған риза! Сендерге ол риза...

Ол Хакімнен қай жақтан келгенін, қалай қолға ілігіп, қалай құтылғанын сұрап, оның тапқырлығына көнілі толды.

— Аманқұлдың айтқаны да дұрыс болып шықты

той, казак-орыстардың үріккені шын екен,— деп езу

тартты ол.— Үлкен үркү енді басталар. Қызылуй басшылары да бірге үркөр, сірә. Бір полк жасақшылары бас кетеріп, уалаят офицерлерін де, басшы қызметкерлерін де қаладан қызып шығыпты. Енді Ойыл қаласындағы әскери мектепте оқитын жас юнкерлерді ertіp алыш, қызыл гвардияға қосыламыз деп шығыпты. Ал, Теке де бүгін-ертең атаман әскерінен босатылады десіп тұр көзі ашық азаматтар,— деді Қален.

— Аманқұлдың бұл хабары да дұрыс болды ғой.— деп құлді Хакім.— Жымпіты жайын мен сіаден бұрын содан есіттім. Бұл қуанышты іс. Ондағы-мұндағымыз қосылатын болдық. Мұны көп болып тілеп едік...

Қален Хакімнің соңғы сезіне құлағын тоса түсті де, мұны байқап қалған Хакім учительге білген жайын қалдырмай айтты.

— ...Әбдірахман Әйтиев інісін және бірнеше жігітті ertіp Ақбұлаққа, одан әрі Темірге жүріп кеткен. Ондағы Тама, Табын, Әлім елдерінің басын қосып көп жігіт, мындаған ат-көлік жинаңты. Құрал жеткілікті. Жаздықунгі Жаншаның керуенінен тусірген мылтық пен оқ-дәрінің өзі бір полкке мол жетерлік. Жымпіты жасақшыларын кетеру және Ордамен хабарласу Қали Мырзагалиевке тапсырылған. Қызылуй «бұлігі» сол кісінің ісі. Енді ол Орда мен Жаңақалада жасақталған полктерді бері әкеледі. Бері штабтың жұмысы ғой. Андағы-мындағымыз қосылатын болдық дегенім осы.

— Онда біз де қарап қалмайық,— деді Қален Хакімнің сезінен кейін.— Ана Сағадағы көп балықшыдан бастап ер көңілді жігіттің берін атқа мінгізу керек. Отрядына жарайтыны жазылып, Әбекене солдат болар. Жарамайтыны ат-көлік, тамақ дайындар. Сен қашан жүресін?

— Мен ертең ертемен жүріп кетемін. Қален аға, бірақ кешікпей қайта ораламын. Отрядыңызды дайындаі беріңіз, өзім бастап әкетем.

— Жолың болсын. Онда әзірге Аманқұлды ertіp кет.

— Мұны өзі де айтты.

— Серік болады, мықты серік. Және шабармандық-қа Аманқұлдан ыңғайлы жан жоқ. Екі арада хабаршы болып тұрсын. Әбекене сөлем айт, жігіт керек десе жігіт дайын, көлік керек десе көлігі дайын. Азық-тұлік табамыз.

Қазан жаңа белмедегі әйелдердің дыбысына қайта-

қайта құлақ тосып, Хакім қарай беріп еді, Қален сның алдын орады.

— Загипамыз сырқат. Бүгін сұық тигізіп алған ба, қалай... — деді ренжіген пішінмен.

Хакім ойланып қалды. «Ертемен сап-сау отырган қыз қалайша ауырып қалды?» деген сенімсіз бір ой келді де, бірақ аргы жағын түлтеуге ұялды. Ол кетерде Қаленмен және Мәккамен қоштасып, қазан жаққа үңіле түсіп еді, қыз төсегінде тұрып отыр екен. Екі көзі жайнап Хакімге қадала қарады. «Мен бар әңгімелерінді естіп жаттым. Сен алысқа бара жатырысың. Мүмкін көз көрмеске... енді қайтып көріспеске?» деген сұрақ жүгірді қыздың аласұрган жүзінде. Хакім басын игендей ишара білдірді де, «қош тұр!» деуге ұялдып, ернін ғана жыбырлатты. Қыз көз шарасына бутің Хакімді тұтас сыйғызып алғандай жұта қарады — актық рет қарады...

Ертеңіне Хакім күн шыға алыс жолға бет түзеді — Аманқұл мен Гречконы ертіп Әйтіев отрядына жүріп кетті.

#### 4

Ал, қыз өлімге бел байлады.

Адам ойын, ешқашан да адам жете білмейді. Оны тек шамамен болжайды. Қыз бен жігіт жөнінде: «Кездері айтып тұр гой сүйеттінің» деседі. Болмаса: «Түрі келгеннен тұңцілме» дейді біреуден жақсылық күткен кезде. Мұның бәрі сырт пішіндеу гой. Ал, ішкі сыр? Бұл — тарауы мол, кеп жұмбақтың бірі. Талай адам Загипаның сырын да сырттай болжаған. Әсіресе Шолпан: «Хакімді көргеннен-ақ құлагына дейін қызырып жүре береді. Білемін сырынды» деп сан рет қалжыңдаған. Қыздың шын сырын ешкім талдап, таразыға салып өлшеп-пішкен жок. Хакімге көнілі ауғанын шамалагандар тек қана: «Жастықтың сағымға да қол создыратын балалық ісі гой. Аталас адамдар ақ некелі жар боламын деуге аузы бара ма?» деп әңгімені әріге апармайтын.

Ал, Загипа биыл жаздан бастап Хакімге ғашық болды. Нагыз ғашық. Өзі оқыған «Жүсіп пен Зылиқадай», «Қыз Жібек пен Төлегендей», «Сейфулмәлік — Жамалдай» ғашық!

Қыз ғарап ертегісін кеп естіп, кеп оқыды. Жасынан молдадан оқып хат танып, қисса мен жырды құ-

ранмен қатар ұстаган әрі сезімтал, әрі діндар, ертек дариясына шарықтаумен өсті. Ол: «ғашық тәңірінің жазғаны, ғашықтар бұл дүниеде қосыла алмаса, ол дүниеде табысады» деген тәтті ұғымға шәк келтірмей өсті...

«Сені мәңгі сүйдім. Сен менікі» деп таңба басты Загипа Хакім жаз елге келгенде. Шолпанның «аталас адамдарсыны» дегенін ол: «құншілдік, өз басына бұрганы» деп білді. Жаз бойы Шолпанинан Хакімді қызғанумен болды. Ал, Хакім ше?

Жақсы көретін қызы ниетін сезсе де, Хакім жастық өуестігінен әрі аспады. Кей кезде көз леззаты мен сез леззатына бой үрып, қызбен ол әңгіме-ду肯 құрды. Бірақ «сүйікті қарындас, жақсы көретін қарындас» деген сезден теренде бармады: Оның сүйікті Мұкарамасы бар той... Мұны Загипа қайдан білсін.

Сәске кезінде бейғам жатқан ауылға кездесіп, білгенін істеп кеткен қашқын казак-орыстар қызы әмірін табанга салып таптап кетті. Атын да, затын да бұрын естіп білмеген Волковтың айуандығынан кейін қызы ұзақ күні меңіреу жаңша отырды. Үлкен бақытсыздыққа душар болғанын ол жақсы сезді. Бірақ бұл өрескел істі ақылға салуға қапелімде шамасы келмеді, немен тынарына да көзі жетпеді. Тілті не болғанын да, қалай болғанын да ол анық айыра алмады. Жауыздық зорлықтың аңы-тұщы жағын талдап ұлгермеді. Ілкі үрей, жанталасқан қарсылық, дәрменсіз қымыл, ызылды қорлық, бұрын сезіп, білмеген тән жарақаты — кезді ашып-жұмғанша етіп кетті, бейне бір қара дауыл үскірік жығып-жанышып кеткендей болды. Бәрі сұлық басылды. Жансыз адамша тас сезімде қалды. Тек әлденеге үрейленгендей магынасыз елеурей берді. Ақыл-ой, сүйіну-қүйіну бір жақта қалды...

Кешке Хакім кіріп келгенде дүние өзгеріліп кетті. Қызы тәсегінен үшып түрегелді. Сүйікті жанының даусы, Қаленді құшақтағаны, учительдің қатты қобалжып сез бастағаны... бәрі қызы құлағына үздіксіз еніп жатты. Қайтадан басталып әдемі жаз, қызықты жайлау, алыш-үшқан жүрек лебі құшағына алғандай болды. Ол ақырын жылжып, пеш жанына келіп құлақ тосты. Пеш тасасынан Хакімнің жан тоймас жүзіне қадалды. Ол өзгеше нұрланаپ кеткен Хакіміне қарай берді. Қараған сайын, ойлай-ойлай алыс шетіне азаппен қол согзан асыл арманы тағы да көлденендей қалды. Көлденендең қойған жоқ, ол енді кенеттен әр-

мендеп бара жатқанға үсады. Бір тоқырап, бір лұпілдеп жай таппаган бұйғын жүректі бір кез оқыстан киліккен әзірейіл-әлемет жұлқып еткендей болды. Бар уміт, бар шаттық іле зеңіп қалды. Балғын шақты бақытсыз халге түсіріп, әлдекім рақымсыз қолымен езгілеп-тілгілеп жоқ етті... Сәби сезім жарғақтанып қалғандай, шұбарланған күйге ұшырады. «Сәби емен әйелмін...» дей берді ол іштей.

Солай! Ой ақыл өлшеуіне түсті. Асыл арман безбенге салынды. Қол жетер жағы алыстап бара жатты, аспандап бара жатты. «Мен әйелмін! Мен Шолпандай әйелмін! Мені кім алады! Маган кім көзін салады! Мені әйел етіп кетті! Маган енді Хакім жоқ! Ол ұшты! Көзден ғайып болды. Эне, кетіп те қалды!» деген апсы түйін келіп тірелді қыз көмейіне. Ол булығып қалды... Іңірде шығып бара жатқан Хакімге көзімен осыны айтып үлгеріп еді.

Мәкка ала таңдан тұрып, құнделгі әдетінше шам жақты. Киініп қазан жаққа келді. Шамды қазандықтың жиегіне қойып, ертеңгі шайға қазанға су құйды. Сейтіп от тұтапнақшы болып пеш үстіне қойған сіреңкеге қол созғанда бұрышта тұрған Загипаны көзі шалып қалып, ол шошып кетті. Сәске тұс болмай басын көтермейтін қыз киініп алған жөне түрегеліп бұрышка сүйеніп тұр. Жаздықунгі киімі: белін қынап бүрген қос етекті қызыл шейі кейлек, аяғында көксауыр кебісі, үстінде қызыл мақпал камзол. Кейлек астынан тас қылып таңып тастаған қыз кекірегі томпия түсіп, жаздықунгідей камзолын керіп кеткен. Әйел киімнен жоғары қыз бетіне көз жіберді. Өң жоқ: үңірде түсken кез ұсынан нұры қашқан жанаары кіртие қарайды. Шеке тамыры білеуленіп, жақ еті де солып қалған сияқтанды. Қимылы да баю, қас-қабақтарын қара көлеңке бүркеп тұрғандай қарауытып көрінеді.

— Қарағым-ау, молдақызы-ау, саған не болған? Тұнімен үйықтамаған жаңыныц... кез ілмеген адамның тұрлідей өңің қалмаған. Шешін, жат. Ойлама еш нәрсені! Жат! — деді әйел үрейлене қарап.

Қыз үндемеді. Тек қана қолына уыстап қыскан ыстық нанды жұмарлай берді. Нан — өмірмен қоштастыратын нан болатын.

Кеше інісі Жұмай Әділбектің әкеліп берген күшәласын сол күйімен пеш тубіне іргеге жасыра салды. Бала бұл уды жасырған да жоқ:

— Ертең ертемен тұлкіге тастаймыз, — деп киіз

астына, пешке тақау іргеге — жылы жерге қойған-ды. Тұні бойы көз ілмей шыққан қыз бұл наңға ораған улы күшәланы әлденеше рет қолымен ұстап көріп еді. Нан, наң ішіне тыққан бес тиын қара бақырдың үлкендігіндегі күшәла барлаған сұқ қолға жұмсақ, тіпті ылғал тиеді. «Мұны қалай жұту керек? Шайнап жұтқан дұрыс па, әлде сол күйінде жұта салу жөн бе? Қемейден өтеді ғой» деп ойлап еді қыз ұстасан сайын. Аргы жағы не боларын түптеген жоқ. Оның бар арманы: ол дүниенің төріне өту болды. Оған сұлу әлем елестеді. Жан тәннен белініп кекке — гарышқа асады, өлген ата-бабалармен қауысады, бәрінен де шаттысы — сүйген ғашықпен қол ұстасады,— деді оның көзге көрінгендей елестеп тұрган ой тілі...

— Қарагым, еңің қашып кеткен, жатсайшы...

Мәкка сезі оған әлдеқайдағы алыстағы үн сияқтап кетеді. Өйткені оның ойы да, барлық жан-тәні басқага ауган... «Күшәланы жұтқан соң не болмақ? Жан бірден үшіп кете ме? Мәңкүр-Нұңқір қалай сұрайды? Жазық жоқ қой! Күнәсіз жандар азапқа түспейді. Мәңгі-бақида, Фаршының төрінде. Апаммен бірге, барлық ғашықтармен бірге. Мен де ғашығымды күтемін... Қыз уысындағы жұмарланған ыстық наңның ішінен ылғал тартқан күшәланы аршып алғы аузына салды. Ауызға удай кермек абын дәм келді. Ол жалма-жан жұтып жіберді...

— Ойпырмай, бір нәрсе болды. Тегін емес. Молдақызы қысылып жатыр. Тұршы, тұршы,— деді бір кез Мәкка учительді иығынан шайқаң.

Оның тұрмай Қален не болғанын көз алдына келтіруге тырысты. «Қыз бала бақытсыздыққа ұшырады. Ауыр бақытсыздық. Құсамен сарғайып, жүдеуі мүмкін. Өзі жүқа бала, ете сезімтал бала. Іштей қатып, кекірек ауруға шалдығуы негайбыл. Бірақ қазір неғе қысылады?..»

Ол түрегеліп шалбарын киді де, бешпетін иығына жамылып, қазан жақтағы Загипага келді. Жақында май жатып, оның құлагына қысылған адамның демін зорға алғып жатқаны шалынды. «Бірден қалай ауырып қалды?..»

— Қарагым, Загипажан, немене? Қай жерің ауырады? Салқын тиіп қалған шығар...

Қаракөлеңкелеп тұрган терезенің жабындысын ол ысырып тастап еді, киінген күйі тесегінде жатқан қызың жүзі күлдей көрінді. Учитель жақындаі түсті.

Сұп-сұр бол, тіпті көгілдір тарта бастаған жұқа жүзде  
қиналған белгі — ажал белгісі әліптей тартылып жа-  
тыр.

Қабақ қинала шытынап, азап сыйығы тартылып  
қалған. Әлденеден үрейленіп, бойын қорғағандай, оң  
қолымен құр ауаны серпіл-серпіл тастайды. Ерін кезе-  
ріп танау қусырылып кеткен. Көз жанары сөнер шақ-  
қа таяу, тура қарамай аласұрып жатыр...

— Шырагым, қиналып жатырсыңғой, не болды?

Жауап берудің орнына шап беріп учительдің қолын  
ұстай алды да, қыздың етсіз саусақтары қысып жы-  
пышып бара жатты. Әлеіз қыз қолына бұл күш қалай  
біткен, сыйып барады. Қален жалма-жан қыздың сау-  
сағынан қолын босатып алды. Енді езі қысып ұстап  
білегін сипап еді, дene діріл қағып түрғандай көрінді.

Ол себеп ізdedі: Не болды? Аяқ астынан кездескен  
не ауру? Оба емес пе? Басқа мұндай кенет ауру бар  
ма?.. Аласұрмаса да, учительдің салмақты мінезі тез  
өзгеріп кетті. Ойы кешеден бергі оқираны шарлай бас-  
тады. «Казак-орыстар. Сорақы оқиға. Хакім. Аманқұл.  
Басқа кім келді? Әділбек!..»

— Жұмай қайда? — деді Қален орнынан ұшып ту-  
регеліп.

— Сыртта жүр.

— Шақыр!

Сырттан жүгіріп келген жұқа сары баланың көзі  
ұясынан шығып кете жаздады.

— Күшеланы қайда қойдың? — деді Қален одан.  
Бала қорқып кетті.

— Маган Әділбек берді оны. Тұлкі аулаймыз деген  
сол. Мен емеспін.

— Алып кел, бері. Қайда қойдың?

Киіздің іргесінен бала қойған нанын таппады.

— Осы жерге тығып едім... Жоқ...

Әңгіменің ута тірелгенін Қален анық сезді. Ол жал-  
ма-жан Жұмайға:

— Құбайраны шақыр, теа! — деді.

Кыз ажал аузында жатты. Оның жүзіне үңілген са-  
йын Қалениң ойына ауыр нарселер жүгірді.

«...Кеше ғана еңбектеп төрге жетіп, қаз тұрып ке-  
рек бойын қармаган нәзік денелі Загипа. Әке-шешеден  
жасынан жетім қалса да кемшіліксіз есіп еді. Бірақ,  
әте шамшыл, қам көніл бала болып есіп еді. Молда-  
ның алдында зерек Загипа атанған бэла еді. Көп оқи-  
тын еді. Орысша да оқып, жаза бастап еді. Өрім тал-

дай балғын қыз. Өмірмен қоштасқалы жатыр. Оның есігін ашар-ашпастан дүниеге қош айтпак. Күшэла... У ішті. Не үшін? Зұлымдық зардабына шыдамай ішті...»

Кірген бойы тізесін бүгіп ұлгермеген Құбайраға Қален:

— Жангали фельдшерге шап, Құбеке. Загипа ауыр жатыр,— деді.

— Не науқас дейін?..

— У ішкен...

— Сүт ішкізу керек,— деді Құбайра.

Өзі үйден жүгіре шығып атына ер салды да, отыз шақырым жердегі Бұкі Жангалиға щапты.

Ажал адамға әр жақтан келіп жатты. Ол түзде де, үйде де аузын арандай ашты.

Жаз айран-шалапты талшық етіп, ашық-тесік шым қыстаудың көлеңкесінде күн көріп келген сыйызғышы Қайышқожаның жесір кемпірі күз тесек тартып алды. Төсектің аты бар, заты жоқ — шыңылтыр алашаның үстіне жайған ешкі тулақ пен не заманғы құрама көрпениң қалдығы еді. Құс тесек, құс жастықтардың қалдықтарының қайда қалғанын да табу қынға соғатын, олардың орнына сыйызғышының көне шидемінің бір енірі жастық, бір етегі көрпе. Ауру кемпірдің алғашқы кезде көзілін сұрап жиі-жиі кіріп жүргенabyсын-ажындарының күн қара суыққа айналып, азынаган аяз бала-шаға мен бұзау-торпақтарды қазан жаққа иіргелі мұршалары да санаулы қалды. Ертелі-кеш отын тұтатып, көже-қатығын дайындаған Тояштың Мәдінесінен өзге Балым кемпір бірнеше рет тамақ әкеліп, «үйін жинасқан болды. Шешесінің басын сүйеп, сусынын беретін кішкене Қали да бір күні бүгежектеп үйден шықпай қалды. Балымның тапсыруымен езі ыстық сорпа-су ішіп кететін, шешесіне сүт апаратын бұл қолды-аяқты бала от жағып, тұтін тұтегуден де қалып қойды. Хакімді казак-орыстар ертіл кететін күні кішкене Қали күні бойы ауру шешесіне тығылып, бүрісп отырды да, ертеңіне ауру кемпірдің жұпымны төсегіне қатарласа қисайды.

Таңертен хал білуғе келген Тояш, мендеген кемпірдің жанындағы бір уыс болып жатқан баланың басын ұстап еді, қолы шоққа тигендей сезді, баланың қызуы бетті шарпығандай екен; дөңгелек жүзі бейне бір от іш-

інде қалған жез табаның түсіндей, көз жанары магынасыз, ойқастап кетті.

— Қалижан, басың күйіп барады гой, қай жерің ауырады? — деді Тояш, бала жауап қаттай, оған тұрақтарастан сыйырайған соқыр терезеге багып көздерін аударыстырып-тәңкесіріп әлденені іздегендей болды.

— Сен ауырып қалған екенсің, — деді Тояш оған ете салмақты пішінмен.

Оның бұл тап осы сияқты көзге көрініп тұрган шындықты ешбір естіп білмегендей жаңалық есебінде айтатын әдеттін бала аңдады ма, аңдамады ма кім білсін, бар болғаны ешбір жауап қатпастан кез жанарын тәңкерістіре берді.

— Су ішесің бе? — деді онан Тояш сәл уақыт көзін айырмай, баланың албыраған дәп-дәңгелек жүзіне қарап отырып.

Бала бұл сұрақта да жауап қатпады, әлденеден қорыққандай үрейлі пішін көрсетті.

— Ауырғанына бірнеше күн болды. Менің әлім кеткесін басымды сүйеп, сусын беріп жатпай жүр еді... Бүгін... — деп күбірледі кемпір тамсанып. Ол сусын сұрағандай Тояшқа әлсіреген пішінмен көзін аударды. — Бүгін қызы қатты, сандырақтап жатыр...

— Қызы қатты болса сандырақтатады, — деді Тояш темен қарап. Аз отырғаннан кейін: — Қын болған екен саған, — деп, жеңгесіне аяныш білдірді.

— Құдайдың басқа салғанын көрдік. Тек Көрімғали жаным аман жүрсе... Үйге аман оралса...

Алдымен сол жылғы апатты сузектің жаздығуні кекірек аурудан қайтыс болған Қайыпқожа сыйызығышының үйінен басталатынын, оның артынан үлкей ауыртпалықпен бүтін ауылды аралап шығатынын Тояш білген жок. Бірақ ол көпті көрген және шалдардың тәжірибе-болжалдарын кекірегіне жақсы түйген жан еді.

— Жұбай, сенің науқасың да, мына Қалидың науқасы да сузек, — деді Тояш аздан кейін. — Сузекке күтім керек, күтім болса тез көтерілесіндер.

Әйел тағы да тамсанып, Тояшқа көзін тігіп еді, бірақ оның не тілегі барын аңдай қоймаган етікші шекпен бешпентінің қалтасынан шақшасын сұрыба бастады.

— Шебер қайнам, Мәдіне келіп кетсе. Аз-мұз сусын қарастырса... Сонсоң... — Арғы жағын айтпай ауру кемпір әлсіз қолың ептең көтеріп, сылқ еткізіп түсіріп алды.

— Мәдіне келеді... жіберейін, Жұбай, жіберейін. Сусын әкеледі,— деді ол жалма-жан есікке қарай жүріп. Әйелін өлім халінде жатқан Жұбайға жіберіп, Тояш ақыл сұрауга Қаленге келіп еді.

Еңіреп жатқан Мәкканы көріп ол шошып кетті де, бірақ аз отырганнан кейін бойы үйреніп, Қаленге келген жұмысын айтты.

— Жангали фельдшерге адам шаптырдым. Келген соң қаратармыз сорлы кемпірді. Баласы тұзде, өзі үйде дүниесалу деген осы.

Қалениң үшін Тояш үқпай қалды. Ол әскерге алынған Қерімғалидың жайын естіген жоқ еді.

Екінші бөлmede Мәкка тағы да үн салып еді, Қален соның қасына келіп:

— Сабыр ет. Докторга жібердім. Үлгеріп келе алса жанын алып қалады,— деп жұбатты.

Өзі аз уақыт төмен түсіп кеткен еңсесін зорға кете-ріп, қиналып жатқан қыздың көгілдір жүзіне қайта бақты. Ол өз көзіне өзі сенбеді. Қыз бетінде өзгеше бір нұр жайнай қалған. Қас пен қабактың арасында қысқа мезетте жан мен тән мүлде өзгеріп кеткен: әлгідегі қату қабақ кенеттен жарқ етіп шаттық нұрын шашып жіберген. Әлгідегі құла тұздей қуқыл бетте қазір жан шырайы алаулап тұр. Бұл не ғажал?— деді Қален ішінен.— Жас дene у ашуын жеңгені ме? Қысылшаң кезең өтті білем...»

Есікten ентіге кірген Шолпан қызы қасында еңкейіп тұрған Қаленді көріп кері шегінді. Бірақ оны Загипа байқап қалды.

— Шолпан,— деді ол ақырын ғана.— Шолпан... мен онымен қауысам...

Арғы жағын айта алмады. Шолпан жақында түсіп еді, қызы кезін жұмды. Қенет оның тусі сүйп жүре берді. Қален еңкейіп қыздың қолын ұстап үлгергеніше жас дene жан тансырды... Ол мең-зең болып біраз тұрып, екінші бөлмеге шыққанда, Тояш насыбай атып, төмен қарап жер шұқып отыр екен.

— Бақытсыз жандар... бәрі бақытсыз. Айнала бақытсыздық,— деді Қален үй ішіндегілерді көзімен сүзіп.— Үйде де, тұз де. Қашан бітеді!?

Ол соңғы сезінің әлдекімнен жауабын күткендей тұрып қалды.

Хакім Әбдірахманға жетуғе асықты.

Ол Богдановкадағы тапсырылған жұмыстардан өзге де көп іс бітіргендей болды. Бақытжанның өз қолымен жазылған үндеулерді, жасырын штабтың жарнамаларын елдегі тілекtes учительдерге жеткізумен қатар аса керекті ақпарларға ұшырады: Жымпіты жасақшыларының өреуіл көтеріп хан ордасын талқандағанын есітті. Естіп қана қойған жоқ, оның ақиқат оқиға екеніне үш жүзден астам қарулы жігіттердің Әйтіев отрядына қосылуға шыққанына әбден көзі жетті. Мұны жалғыз Аманқұл емес. Қален учитель мен Жымпітыдан сол күні келген адамдардың бәрі айтып келді. «Бұл хабарды тез жеткізу керек. Әбдірахман отрядының қай жерде екенін айтатын шапқыншы жіберу керек. Бұл ержүректі жасақшыларды қарсы алу керек. Мен сол қарсы алушылардың ішінде болуым керек. Нұрымды қарсылап алсан, сонсоң Мұкараманы көрсем арманым болмас еді! Жоқ, мен қалайда қосылуым керек. Қалайда отрядқа жетіп бірге Текеге кіруім керек. Текенің босатылуы анық. Бұл ақиқат. Бұл күні өртең көз көретін қуаныш. О, шіркін. Дусяны көрсем, оның ардақты әкесінің босаганын көрсем? Шешен Дмитриевтің сейлегенін көрсем! Әттең, осы арманға жетсем...» деп ойлады ол Есен Аңқатысынан асып, тұра Қабанбайға бет түзеп келе жатып.

Хакімнің күні кешегі өлім аузынан қалғаны бүгін есінен шығып кеткен сияқты. Оның жүзінде қазір бір тал реніш көлеңкесі де қалмапты. Жайнаған шуакты күн сияқты. Қозаңнан шаттық нышаны ұшқындаиды. Өте-мәте бір жарқын сөздер ішке сыймай, бейне өрнектеп тұрған тәрізді, еріндері жыбырлап-жыбырлап кете-ді. Сызыла тартылған езуі жібектей жұмсак, шұғадай жайнайды... «Мынау... Гречко. Қадімгі дос Гречко. Віргана Мендігерейді құтқарған жоқ, менің құтылуыма да бас себеп болған ізгі жан. Бұл болмаса мен тәуекел етіп қауіпті амалға бел байлар ма едім! Бұл болмаса мен Ащыдан әрі асып Бударинге дейін ана сотқарлардың арасында кete бармас па едім! Кete беру емес... жоқ, бұл ізғінің ізгісі. Жауыздардың қан ішер ниетін құлаққа сыбыр етті. Мұндай дос, мұндай ізгі ниетті жанашыр сирек кездеседі. Мұның істеген жақсылығын өмірде де үмітпан. Айтқандай, Гречко Бородин полкының тас-талқан болғанын өз көзімен көрген жан. Көзі-

мен көріп қойған жоқ, кәдімгі оның ішінде болған. Қырғын ішінде болған тірі айғақ. Қызыл гвардияның жойқын қимылын бар жанымен, тәнімен сезген жан. Мұны Әбдірахманға тезірек жеткізіп, өз аузынан сей-летіп бергенің өзі қашшама жаңалық! Мұнаи қандай қорытынды шығарар екен?! Жоқ, тез жету керек»— деп тебіне түсті ол Аманқұл «сыйлаган» көк атты.

Хакім Гречкомен қатарласып, жолдың қатқақ шоқалағынан қашқақтай шеткерірек жүріп келе жатқан Аманқұлдың алдына түсін жортқтай бастады. Ол екеуінен ілгері озып кетті. Оймен нақыштаған оның арман сарайы бейне көз алдына елестеп кеткендей, соған тез жетуге үмтүла түсті. Ал, жол журуге жалығын көрмеген және өмірі аузы әңгімeden босап үйренбеген Аманқұл есі-дерті Гречкомен сөйлесу әрекетінде еді. Оны қызықтырган бұл момақан жұзді орыстың қазақша сейлейтіні, сейлегенде тіпті қызық етіп мұқамдарап созып, мақалдан сейлеуі оған қатты ұнап кетті.

Әй, орыс отағасы, сіз мұқым, дәмдеп сейлейсіз. Кәдімгі біздің елдегі тамсаның сейлейтін Ақмадияша сейлейсіз. Ақмадия кейде келістірмей бұзып алады, панданам деп әлек болады. Ал, сіз бар ғой, құдай біледі деп айтайын, тап азаншы Айғожа сияқтысыз. Түрінізді айтам. Айғожага үқсайсыз. Оның да шоқша сақалы тап сіздікіндей, бірақ сары емес, қара. Оның да атқа отырысы ауган жоқ, тап сіздің отырысыңыз: құйрығынан шашылып қалады, бейне ерге қадап қойған тебен ине сияқты. Тіпті бар ғой, тізгін ұстауыңыз да Айғожадан аумайды: мына сіз құсап қолын ілгері созып отырады. Мұқым қолы талмайды ғой деймін, сірә. Мен олай ұстап отыра алмаймын. Айғожа да арық, сіз сияқты жағы сопайған адам. Жасы бәлкім сізден үлкен шығар. Елуғе келген адам ғой. Сіздің жылышыңыз не?— деп сұрады Аманқұл Гречкодан.

Қызығы: Гречко жыл қайыра біледі екен. Аманқұл шың қиетімен сұрап еді. Оны сынау үшін емес еді, ол орыс та жыл қайырып жас санайды деп түсінетін.

— Был жыл жылан болады. Жыланнан жылан қырық тоғыз. Менің де жылым жылан,— деді ол Аманқұлға қарап.— Сен Айғожа дейсің, анау дейсің, мынау дейсің. Адам адамға толық үқсамайды. Мына сен де басқа жылқыштарға үқсамайсың. Бізге еріп кеттің. Сенікі мақсат басқа. Мақсат қана үқсас болады.

Аманқұл не дерін білмей қалды. Ол қайта-қайта

Гречконың бетіне қарап, оның сезінің шын мағынасын үга алмаганын байқатты.

— Сен тендікті жақсы көресің. Сені тең ететін ана қызылдар. Мен де сол қызылдарға қосылуға шықтым. Мен де тендік іздеймін. Міне, мақсат бір деп осыны айтады.

Аманқұл басын шайқады.

— Орыс отағасы, сен ақылды адам. Біздің Шұғылдан көп ақылдысың. Сенің ақылың Қален ағамдардың ақылымен шамалас түседі. Қатын-бала бар ма?

— Бар. Соларды тендікке жеткізу үшін, өзім де тендікке жету үшін әнеугі кеткен бұзықтардан қашып қалдым, жігіт. Мен орыс кедейі, сен қазақ кедейі.

— Сен де малшы?

— Мен малшы емеспін. Зәбір көрген крестьянмын. Атым бар, сиырым бар, жерім де бар. Бірақ, соны тыныш отырып пайдалана алмаймын. Казак-орыстар жақсы жерді бермейді, жақсы шепті шаптырмайды. Ат керек болса — сенікін алады, арба сынық болса — сенікін жегеді. Адам керек болса — атаман алдымен сені айдайды. «Сен хохол, сен казак-орысқа тең емессің. Сен де, киргиз де бір. Хайуан» дейді. Ал, соғысқа зорлатп жазады. Қөрдің бе, мен олардың атын суарамын, жем жегіземін, ерттең беремін, отын жағамын — тура малай боламын. Аманқұл тағы да басын шайқады. Оған мына момақан орыстың халі аса нашар көрініп кетті.

— Қақол қарашекпен бе? — деп сұрады ол.

— Хаҳол деп малорустарды айтады. Қарашекпен деп егін еккен шаруаны айтады. Казак-орыстардың байлары олардың қайсысында болсын өзінен кем сарайды. Тегін жұмыс істетеді, зәбірлейді.

Бұларға жолда ешбір бөгет кездеспеді. Қебінесе елден аулақ өрісті даламен асты. Құзгі қара қатқақта селевулі қыр, үйір-үйір жылқы табаны жыбырлаған үлкен ойпаттар шоқалақты, жылтыр табанды ауыл жолынан өлдеқайда жүріске жайлыш тиді. Кей жерде оба ығында паналаган жылқышыларға тоқтап, олардың торсық бүйірін бірге сыйысып, қоржын түбін қағысты, кешке қарай жалғыз үй отырған шеткегі қыстауларға тунеді. Болыс, билер кездесіп қалған жерде:

— Ақтөбе уалаят бүйрүгін жеткізетін шабарман<sup>\*</sup> дарымыз деп ас-су ішудің сыйлы жолын да тапты.

Көбінесе кедей-жалшыларға қонақтан:

— Тендік жорығына аттанған Эйтіевтің адамдары-

мыз. Кешікпей келеміз. Бостандық өпереміз. Тере билеп, бай тепкілер заман бітті,— деп сыйырлады.

Үшінші күні Шыңғырлау тубінде қалың жасақшы жатыр деген хабарға да кезікті. Бұны кешікпей өз кездерімен де көрді. Алыстан сұрап, қарасынға қарап тұра болжап үйренген Хакім мен Гречко бұлақ бойындағы өзгеше қыбырды бірден шамалады.

— Сонау пішені көп шеткі үлкен үй мен ойдағы екі қыстаудың арасында ерсілі-қарсылы жүрген аттылы тегін емес,— деп еді Хакім. Гречко көзін шүйе қарап:

— Штаб бар ол жерде.. Қырға қарай кеткен екеу барлаушы. Мен бағанадан бері байқап келемін,— деді. Қалай болғанда да өздерінің әскері екенін анық білгеннен кейін Хакім сол пішені көп үйге қарай бет бүрді. Алдынан шығып документ сұраған үстінде шинель, басында жүрынды беркі, аяғында байпақты қазақ етігі бар шала солдат қара жігітке Хакім:

— Штабқа алып жүр, баетығына айтар қупия сезім бар,— деді.

Жігіт «бұл қандай адам?» деп ойланған да жоқ.

— Мынау орысты қай жерден тұтқындасты? Сыры бар сайтан шығар,— деп штабқа бастай жөнелді.

Аманқұл оған штабқа жеткенше біраз сез айттып та салды.

— Мен мұны тұтқынға алған,— деді ол.— Қашып бара жатқан казак-орыстарды таудан аса бергенде қиқулап шауып... к..... түсіп беріп едім, аты жақсылары құтылып кетті, аты нашар мына ағайын қолға түсіп қалды. Бұл бірақ, казак-орыс емес, қақол көрінеді. Қақолдар момын, қазаққа бір табан жақын ғой.

Шинель киген қара жігіт оған көзін аларта бір қарап қойды да:

— Бізге сендей суайт жігіттер де керек,— деді ол Аманқұлдың жауға шауып тұтқын алар түрі жоғын байқап.

— Сен де суайтты көрмеген екенсің, жігітім. Суайт деп сен біздің Рақымғалиды айт. Қазақ «көзін жұмып етірікті қоя береді» дейді. Ал, біздің Рақымғалилар көзін жұмбай айтады. Анау күні Текеге барғанда Рақымғали атаман Мартынның үйінде болыпты. Сұлу қызы бар екен, сол қызбен би билеп, бірге шарарап ішіпті. Атаман Рақымғалиға: «Сен, Рақымашка, молодец. Қызын жігіт таңдал жүр еді, сен үнадың, келіп жүр»— депті. Екінші барғанда, Аманқұл, сені ертіп барамын. Күйеу

жолдас боласың. Бәлкім сен жанаral Ақкөтеннің қызын алып қашып кетерсің. Ол да қазаққа тиемін деді. Қазаққа тимей қайтын, сені мен мендей жігіттерді көріп тұрганда,— дейді Рақымғали. Міне, осыны айт айтыш деп. Менің бір орысты қолға түсіргеніме сенбейсің, мұның тіпті келіп тұрғой...

Жігіт басын шайқады да қойды, ішінен «мынаған сөз айтып болмас» деді.

Гречко мен Аманқұлды көп жігіттің ортасына тастап, езі басшылардың үстіне кіріп келгенде Хакімнің жүргегі алыш ұшып бара жатқандай болды. Жазда керген жас Андреев терезе алдында карта бетін шимайлап жатыр. Әбдірахман сары қағазға шылым орап, кішкене столдың айналасына қолдан істей салған қарагай скамейкаға тізіле қалғандардың қақ ортасында түрегеліп тұр екен.

— Уа, Жұнысов, бері кел. Аман қайттың ғой әйтеуір,— деді ол есіктен қысыла жылжыған Хакімге қолын созып. Хакім жағалай отырғандарға қол беріп амандасып етті де, хал-жайды баяндай бастады.

Сақыпкерей мен Әбдірахман да, оның қасындағы Фалиасқар мен жыға танымайтын қара кісі де Хакім сезін зейін салып тыңдады, көп адамның алдында төсөліп тіл безеп көрмеген бұл жігіттің асығып сейлеп қызара түскенін байқамаған болды Сақыпкерей:

— Жақсы, жақсы. Рақмет, ерлік істегенсің. Енді тынық, тамақтан да ұйықтал ал,— деді Хакімге.

Әбдірахман орнынан түрекеліп, Хакімнің қасына келді де, он қолын иығына салып:

— Жұнысов, сенің жаздан бергі отрядқа тигізген көмегің ұмытылмайтын көмек. Ал, мына қазіргі, осы жолғы үш болысты аралап өтіп, ондағы кезі ашық азаматтарға Совдеп сәлемін жеткізгенің, саналы жігіттерді отрядқа тартқаның. Жымпты хабарын толық мағлімдегенің — сенің революцияға жас солдат болып піскенінді дәлелдейді. Ал, қазір жағдай мен міндет мына турде: Қызыл гвардияның 4-армиясы Орынборды босатты, Оралды үш жақтап қыспаққа алды. Осы айдың ішінде... осы ай емес, осы жұманың ішінде Оралды ақтардың қанды шенгелінен құтқарады. Біз соны қосыла құтқарысамыз. Біздің орыс, қырғыз болып қураған отрядымыз сол Оралға арқа бет пен батыстан ат қойған 22-дивизия мен 25-дивизияға көмек-

тесіп бергі жақтан тиісеміз. Анау қара кісі — деді Әбдірахман Мәмбетті көрсетіп.— Жымпіты жасақшыларын бастап бізге алың шықсан батырдың бірі. Олар осыдан қырық шақырым жерде Ойыл офицерлерін күтіл қалған көрінеді. Оларды күттірмей осында шакырып келуге сенің замандасың Оразды шантыргалы тұрмыз. Ол басы-қасында болып, сол ер жасақшылардың арасында жүріп дем берген жас. Сен қазір Сақыпкере ағаң айтқандай, жат та дем ал. Кешке жігіттер жорыққа шыгады... Бәрімізде көтерілеміз. Оралға қарай...— деді.

Хакім Әбдірахманды құшақтай алды.

— Әбдірахман аға, мен шаршаганым жоқ. Кеше бір шаруаның жылы үйіне түсіп, үйқыны қандырып алдық. Сізден тілейтінім: мен Оразбен бірге сол жасақшыларға қарсылап шығайын. Сіз осыған рұқсат етіңіз...— деп етінді.

Қалайда Жымпіты жасақшыларының алдынан шығуды арман етіп Хакім Әбдірахманың аузын бақты. Қарсы алдында тұрған бұл ісі ертегі бола бастаған қайратты басшының жауабын күтті. Әбдірахман Мембетке бір қарап алды.

— Мына Оразбаевқа қосып сені ең қызын іске, бірақ қызын да болса ер жігіттің қолынан келетін абыройлы жерге жұмсайын деп едім. Енді тілек етсең амал жоқ,— деді ол тағы да Хакімнің иығына қолың салып. Соңсоң аз бөгелді де ойын түптеді.— Сенің орнында болсам мен қазір үйкітап тынығып алып, таңсәрідең полкін бірге Текеге ат қойысуға аттанар едім. Есінде ме, Жұнысов, жазғытұрым атаман казак-орыстар отряды өлсіз Совдепке аңсызда бассалып, басшыларын тұрмеге тыққанын? Енді сол ардақты азаматтардың босанғанын көру де теріс болmas еді! Өзің бірге араласып, «батыр казак-орыстардың» батырлығын сынау да жігітке керек-ақ нарсе.

Тап сол минутта Хакімге Әбдірахман өзгеше көрініп кетті. Оның шымқай қара мұрты мен қара қасы, өсіреле ақ еті бағдарлаган мойылдай көзі, келісті мұрны, тік иықты сұлу денесі тек қана осындай қылапсыз көптің сүйікті басшыларына бітетін сияқтанды. Ол Әбдірахманың өзіне мықтап сеніп, сынды сапарға бейімдей, оны қайрай түскенін елемеді. Тек қуанғаннан ол:

— Әбдірахман аға, жасақшылардың арасында ала жаздай көрмеген дос-жарандарым бар еді,— деп жүзі

жайнай түсті.— Солармен бірге полкты қуып жетеміз гой.

— Жарайды,— деді Әбдірахман.— Ал, бірақ полкты қуып жету оңай болмас. Бұл іс артқа қарайлауды күтпейді...

Сейтіп Хакім мен Ораз Ашысай басында қалған қалың жасақшыны полктың ізімен Теректіге бастап келуге жиналды да, 4-армиядан тығыз жарлық алған Әйтиев пен Парамонов бөлімшелері Акутин дивизиясынан бергі беттегі жұздіктерін бүйірлеуге аттанбақшы болды.

## 6

Таңсәріде Мәмбет Шыңғырлау түбіндегі елден екі тұлыш алып келді де:

— Жасында қайсың бәйгеге көп шаптың?— деп сұрады, қоршалап үйіріле түскен жігіттерден айқайлап.

Жүрт оның сұрауын түсінбей қалды. Айнала жымжырт, біріне-бірі қарап «не айтайын деп тұр?» деген түйсінге тіреліп бөгеле түсті. Жасында бәйге атына мінбеген қазақ баласы аз, ең болмаса мүшіе алып қашып үйренген дала қу тақымдары гой. Бірақ бәрінің бөгелгені қазір: «Мәмбет бір енер шыгармай қойған емес. Әлдекалай оның дегенін орындаі алмай қалыш, пұшайман болғанша аңдысын аңдып, жауап қатпай тұру аbzал шыгар» деген тосырқау еді.

Аңқатыдан келіп қосылған Хакімнің бір орыс, бір қазағын Мәмбет өлі тани қоймаған. Олармен тіл қатысып та көрген жоқ-ты. Тіпті өз жігіттерінің қасында күні кеше келіп олардың бүтін енер көрсетуге жарапы бар деп ойламаса керек. Көптің алдына жүгіріп шырып:

— Мықты аға, мына мен көп шаптым бәйгеге. Бұқіл Даан мен Аңқатының, Қашарсойған мен Ашысайдың бойында менің тақымым тимеген бәйге көк, мұқым болып көрген емес. Және оның үстіне Шұғылдың мың жылқысының бәрі шетінен бейге бермеген қыдыра жалды қыл құйрық, ал, соны бағып өсірген, құлышынан бастап алты жасар ат болғанша құлақташ үреткен осы алдында тұрған жаман інің гой. Ана жылы касқа айғырмен Тұрлан балаларының атакты тойында бейгеден келген де осы...— деп, Аманқұл желдіре же неліп еді, оны Мәмбет:

— Эй, сен қайдан шыға қалған екі құлағы тік, жер астынан жік? — дед ақырып қалды.

Аманқұл шошып кетті. Кері шегіне түсті. Бірақ даусын бәсендектеммен айтқанынан қайтпады:

— Дәу аға, мен және атқа да жеңілмін. Дөнен туғіл құнан да мені жүк көрмейді. Берік сияқты да көрмейді. Оның тәсілі де бар ғой... атқа шабудың деймін-ау. Шапқанда аттың жалын құшып жатып қалсаң, екі аяғын жүзіп бара жатқан адамның сирағында созылып кері кетеді, өзің бейне суга сұнгитін жаңша кесілген атпен ат болып, алдыңдан соққан желді наизадай сүзесің. Қой, мен бәйгеден қалып көрген емеспін.

— Ендеше сен түстен кейін менімен бірге жорыққа шығасың. Текеше бақылдап көргенің бар ма? — деді Аманқұлға сөл езу тартып.

Сұсты үлкен қара жігіттің бастапқы ектем үнінің жұмсара бастағанына Аманқұл да, езгерлері де жайласа түскендей болды.

— Теке болып көргенім жок, бірақ қошқарша бірер мекіренетінім бар еді...

— Мекіренген адам бақылдай да білер. Өлде беріше үлітін ба едің?

— Мұны менің кәсібім дей бер, дәу аға. Іңдердегі аш қасқырдың сыңсып ұлуы керек пе, әлде таң алдындағы тоқмейіл берінің торқалы бикешін шақырган есік-терезесі жок иесіз қыстаудың аңырағанындағы гүлеме уілі керек пе?

— Екеуі де жарайды, — дед Мәмбет сөзді қысқартты да, — атынды бапта. Кіші бесінде шығамыз. Өзің бір сөзшеш неме екенсің, — деді.

Мәмбет жігіттерінің арасынан шығып, штаб жаққа кетті.

Көруге, білуге әуес Аманқұл Мәмбет кетісімен тұлыптың неге қажет екенін мұқашауга кірісті. Әңгімені алыстан бастады.

— Біздің хажының үйінде ғана бола ма десем, мына өлген бұзаудың терісін бұл жақта да керек етеді екен ғой. Жігіттерге ойнауға керек екенін білгенде мен оның түрлі-түрлісін әкелетін едім: бұқанікі керек пе, бұзаудікі керек пе, құлындікі ме, қозынікі межане оның қай түстесі қажет — бәрін де табатын едім. Хажының шоланы толы: тіпті неше жылғы тұлып керек болса, соңша жылғысын. Хажының туған жылынан бергісін де табар едім, — деді.

— Эй өзің де көбік ауыз жігіт екенсің, сөз емес, ау-

зыңа түскеннің бәрін сөйлейсің. Мұны ойынға керек деп пе едің соңшама,— деп, бір жігіт оған реніш білдіріп салды.

— Жоқ-ау деймін,— деп әрілей түсті Аманқұл.— Экелген соң бір ондысын әкелсейші. Мынау не? Шала тұган бір ала бұзаудың терісі. Және өзін нығызыдан кептементі де. Бұған сиыр да ыңыранбайды, көрерсің.

— Бұзаусыз сиырды ііту үшін емес, надан неме. Бұл жау үркітуге. Жаудың атын үркітуге,— деді әлгі жігіт қабағын түйіл.

— Бәли. Ішіне сабан тығып қатырған өлген бұзаудың терісімен жау үркітетін болсаң, онда соғысудың керегі не! Орыстарға қарсы мен Шұғыл хажының шоланындағы бар тұлышты шығарып қояйын онда.

Таныс емес жігіт Аманқұлға наразы пішінмен тे-  
ріс айналып кетті.

— Аманқұл, мұның неге керек екенін Мәмбет ағай айтады ғой. Қосшылыққа сені таңдал алды. Енді тек айтқанын талжылдырмай орындауға тырыс. Оңай бі-  
тетін іс жоқ, бәрі де табандылықты керек етеді,— деп шындағы түсті Хакім оны бұл әңгімeden бөліп.

Аманқұл сонда да қоймады.

— Жоқ, енді дегенім-ау. Білмеу жақсы емес. Тұлыш екеш тұлышты да енесінің қай жағынан апаруды ке-  
рексітеді. Мынаны мен орыстардың жел жағынан апа-  
рамын ба, ық жағынан апарып көрсетсем бе?

— Тфу,— деп жерге түкірді әлгі жігіт.

Алайда, бүгінгі жорықтың мән-жайын толық түсін-  
ген ешкім болмады. Әсіресе тұлыш жайы көбіне жұм-  
бақ болды. «Жау үркітуге керек» деген жігіттің болжа-  
лы да дәл болжал емес еді. Аз уақыт еткеннен кейін  
Мәмбет қайта оралды. Оның қасында Әбдірахман Эй-  
тиевтің өзі бар еді.

— Жігіттер!— деді ол өзгеше бір нық үнмен. Соң-  
соң аз кідіріп айнала анталай қалған жігіттерді көзі-  
мен бір сүзіп етіп:— Жігіттер! Атаман әскерінің атты  
полки Жайықтың осы бетінде. Оның бір бөлшегі Шың-  
ғырлауды өрлең Ақдалага жетті. Бұл бөлшектің саны  
бір-ақ жүздік. Бәрі де кәдімгі Орал бойының казак-  
орыстары. Осы жүздікке қарсы амал жасаймыз. Егерде  
ісіміз онға басса жауды келген ізімен кері қашырамыз.  
Ал кері қашканың да, Тасқұдыққа қарай өрлеген екін-  
ші жүздікті де Белан отряды бір бүйірден соғады. Сок-  
қанда ондырмай соғады. Өйткені жау күшінен біздің  
күшіміз анағұрлым басым. Және біздің сүйенішіміз

күшті — өз еліміз, өз жеріміздеміз. Сондықтан асқан жігермен, қайраттылықпен, қайыспас табандылықпен іске кірісіндер. Өзекті жаңға бір елім. Азаттық үшін, тендік үшін қан мен жан лида. Дайын болындар!

— Дайынбыз! — деп қалды жақынырақ тұрган жігіттер.— Баста, Әбеке!

— Баста!

— Баста! — десті жамырап..

— Мәмбет, жинал, — деді Әbdірахман, Оразбаевқа қарап.

Сейтті де өзі қайтадан штабқа қарай журді.

— Мініндер атқа! — деп бүйрық берді де, Мәмбет — өз атына беттеді.

Мәмбеттің он жігіті «бәйгеге көп шапқан» Аманқұлды қосып алғып, он бір болып жөнеле берді.

Ақбұлақтан шыға беріп, Мәмбет екі жігітін, мұлықтарын ерлерінің қастарына тұқырта ілгісін, алға қарай жөнелтті. Енді біраз жүргенмен кейін Аманқұлды қолының үшымен нұсқап өзіне шақырды да:

— Сені жылқышы дейді. Алдыңдан бір үйір жылқы шықты, сол жылқыны берліктіре қуып кетуге тұра келді. Сонда сен бақташыға бой бермей қалай қуып кетер едің? — деді.

Аманқұл оның бетіне қадала қарап алды да, езу тартты.

— Берліктіре қуу деген бөріше қуу деген сез. Ал, берінің бірі жатып қалады да, бірі алыстан бүгежектеп келіп жылқыны үркітіп жібереді. Үріккен жылқыны жанамалап шауып, қайырмалап, жатқан бөріге қарай айдайды. Жатқан бери деңіне келгенін қарғып барып шаптан алады да жарады...

— Мен саған бөрінің қалай жаратынын айт деп тұрганым жоқ. Бір үйір жылқыны өзің қалай қуып әкесің, соны сұраймын.

— Алдымен тонымды айналдырып киемін. Соңсоң құрықтың бауына қара қаңбақ байлаймын да, ықсыра шауып, қалаган жағыма бір үркітіп алғып сілтей беремін. Бір еліріп алған жылқы өмірі тоқтамайды — тек тоныңды жөлпілдетіп, қара қаңбақты қалтақдатып көзіне түсе берсең болды, жау құған малдай жосып береді.

— Ендеше, қазір ана күпінді айналдырып ки. Соңсоң ала тұлыптың мойнына жінішке қыл арқанды байлап жіберіп, бір үшін тақымына бас та сонау те-

бенің басына қарай шап. Жылқы алатын жайынды көрейін,— деді Мәмбет Аманқұлға.

Аманқұл бүйрықты екі еткен жоқ. Ол күпісін айналдырып киіп, сұппа беркінің ішкі елтірі жағын сыртына қаратып киіп те алды. Ала тұлышты артына бектеріп, қанжығасына байлап соңында келе жатқан жігіт жалма-жан жіңішке қыл арқанды ішін кергіштеп қатырып тастаған бұзаудың мойнынан тұзактап бекітті де енінші жағын Аманқұлдың қолына ұттатты.

Өмір бойы ат үстінде өсіп, жылқы қуып үйренген Аманқұлдың аты да өзіне лайық екен: жігіт ысқырып қалып, ат жалын құща ілгөрі ұмтылғанда бұл жылқы бейне қасқыр құғандай қос құлағын жымпитып алыш кесіле жөнелді. Алыстан қараган жаңга Аманқұл ат үстінде таңұлы жатқаң бір жануардай көрінді. Ал ұзын қыл арқан тағып сүйреткен ала бұзаудың тұлышы бейне бір жынша секіріп, қарғып құлап, қайта тұрып, төрт аяғы әр шекенің басынан бір аттап жатқаң әлдебір үрей шошырлық жанды хайуанаттай-ақ селтедетеді. Аманқұл ысқырықты ұдетіп, шабысты көслідірінкіреген сайын ол бір мал түгіл адамды үркітерлік дәу-перінің өзі болды да кетті...

— Жарайды. Бірақ алдыңдан шыққан жылқышының қолында қаруы да болады. Содан жасып қалып, өзінді де, өзгені де шерменде қылып журме. Ер жігіт өледі, өлмесе істерін істеп шығады,— деді Мәмбет, Аманқұлды кері шақырып алыш.

Он бір адам Шыңғылаудың жағасымен төменгі Аққалаға қарай аса берді. Аққала Ақбұлақтан отыз бес шақырым жер-ді. Бұл екі селениң нақ ортасында Тіксай жатыр. Кеше кешкі хабарға қараганда казакорыстардың барлаупшылары Тіксайға дейін өрлең көліп, бірақ өлдөнеден үріккен жандарша өзінше кері шапқылаш кеткен. Мәмбет жарықта сол Тіксайды басып етуге тырысты. Ол жігіттерін жалғыз аяқ қыр жолымен қасқырша шұбыртып, сирек шоқырақтап, жиі-жій аяндаумен отырды.

Күз күні қысқа, кеші ұзак. Да лада көп жортшы дағды алған Мәмбеттің ойы күн ұсына кірер-кірместе Тіксайдан өтіп жұрт орынға отырып жетпей Аққалаға құлап кету еді. Бұл көздеген жеріне жетіп жығылған кезде арт жақтағы қалың қол да Тіксайдан өтіп Аққалаға төніп улгермек. Егерде жау қарсы кеңдесіп жол бөгелмесе, бар әрекетті інірде бітіріп алыш, түн

бойы торып, таң ата кішкене қалага қиқулап кіру ғана қалмақшы.

Тіксайға төніп келгенде жортуылышыларды. қара қасқа атты дембелше сары жігіт қарсылап алды.

— Жол ашық, батыр. Аялдан ас жең, атыңа тыныс бер. Арғы жағы сәті түссе көзді ашып-жұмғанша бітептін нәрсе,— деді ол Мәмбеттің жанамалай келіп қолын алды.

— Малшың да яр ма, соны айтшы, Ергали,— деп сүрады Мәмбет,— ас жеуге уақыт-жетпей қалар.

— Он бес, он алты шақырым жерге көз байланбай жетесің.

— Жеткенде...— деп бөгеліп қалды Мәмбет.— Кешкі ат суарудан қалса, істің теріске айналғаны. Мына қақаған сұықта таңды далада тосу қыныға согар.

— Дегенмен жылынған жөн, Мәке.

— Малшыны айт.

— Малшы қарсылайды...

— Онда Ергали, бір-бір тостаған құрт. Тек тезірек болсын. Басқасын кері оралғанда дәмдерміз.

Ергали кері шапты.

Сай басындағы үйге Ергали арқан бойы-ақ озық келсе де, Мәмбеттің айтқан бір-бір тостаған құртын да, қарпып жейтін қойдың салқын етін де дастарханға қойып үлгірткен екен. Аттарын есіктің көзіне іле салып, жау-жорық салтымен үйге екі-екіден кіріп он жігіт ә дегенше қой сорпасына еағен құрт сіміріп, қос қолдап ет асал шықты. Мәмбет соңынан кірді. Төрғе үнсіз сәлем етіп, бір тізерлей дастархан шетіне отыра кетті де, табақ ішіндегі оңаша қалған бастың маңдай құйқасын сыйдырып аузына салды, таңдайын жеді. Бармагымен басып, көзді ұсынан шыгарып асады. Ұсына берген әйелдің қолынан алып тостаған құртты тұтас сімірді.

Сонсоң:

— Рахмет, женғе,— деп орнынан турегелді.

Орта жасқа келіп қалған бидай өнді әйел ілесе шығып, Мәмбеттің қасына таман жақындаі түсті. Мәмбет оны аттандырап деп үміттенді білем, тізгінін үстап, атын көлденендете түсіп еді, әйел он қолымен жағын сипады да:

— Батыр, жорыққа ерді жар аттандырады, жарға

жігітті жеңге аттандырады. Екеуін де көрген шығарсың. Ал, мен апалық етейін, жолың болсын! — деп, әйел келденеңдеген атқа жетіп келіп маңдайынан сипап етті.

7

Жортып отырып жеті-сегіз шақырым жер алғаннан кейін Ергали:

— Мынау, Қарасайдың қырқасы, қазір Аққала да көрінеді, — деді Мәмбетке.

Мәмбет бұл жақта болып көрген жоқ еді.

— Қала өзеннің қай бетінде? — деп сұрады онан.

— Аргы бетте.

— Онда қай жерден өтеміз?

— Жаман откелден. Суы ат бауырынан келмейді, биыл жаңбыр аз және мұз қатып қалған. Әсіресе Ақсудан әрі өзеннің көп жері ат көтерерлік, — деп Ергали оған билетін жерінің сырны баян ете бастады.

Мәмбет енді сұрақтамады, ол өз ойымен шұғылданып, айналаны көзге шүйе берді де «зәнталақ бір он жанбастан келсе» деп күбірлең қойды. Оның бұл сезін Ергали Аққаладагы казак-орыстарға айтқаны шығар деп толшылады.

Бұлардың сонында шыққаннан әңгімелері жарасып келе жатқан Жапалақ пен Аманқұл тұра қалып, батыс жаққа қолдарын шошайтысты.

Ергали оларға:

— Жүріңкіреңдер! — деп айқайлаң еді, екеуі әлдегеге есі кетіп алыстағы қала жаққа қадала түсті. Олар қаланың ішінде аттылы адамдар барын байқады.

Кан майданда екі жақ жағасында саптағы қолдың әскерлік өнері, құралының басымдығы және оған қолбасшының талқырлық әдісі тең келсе жау қамалың боксеріп жүгіре берері хақ. Бірақ кей кездे құрал мен сол құралды қолдану өнерінің мұлтіксіздігіне қарамай қара басатын әскер дө болады. Соның бірі сақадай сайланған атты корпустың генерал Акутин басқарған дивизиясы еді. Бұл дивизия алға жаздай «жалаң аяқ». Чапайдан таяқ жеп, Орал қаласының батыс жақ арқа бетінде майдан шебін берік ұстай алмаған-ды. Ал, 25-дивизияға 22-дивизияның бригадалары қосылып декабрь дің бас кезінде қалага екі жақтан ат қойғанда Акутин-нің атакты казак-орыстары тозған бөздей тігісінен ыдырай берді. Каменканың түбінде оның бір полкы қызыл гвардиямен қаруын тастай беріп ой бауырымдал

табысты. Бұған бас себеп: адамшыл мақсатты үгіт пен насихаттың нысанага дәл тигендігі болса керек. Окопта, жауынгер арасында: «Жер шаруанікі», «Завод жұмысшынікі», «Орыс еңбекшісі орыс еңбекшісінің жауы емес», «Совет өкіметі қанаушы алпауытқа ғана қарсы, оның таяғын соғушы ақ генералдарға қарсы» деген ұран-үндеулер талайға ой салған; ой салумен ғана қоймай, қылыштасқан екі жақты құшақтасып табысуға жетектеген...

Мұның үстіне, ойда, қырда, село мен станцияда, тіпті алыста жатқан бейғам ауылдың ішінде арқасына зұлымдық батқан жандардың қару үстап бас көтеруі «ер жүрек казак-орыстарының» ерлік салтын түп көтере өзгерте бастаған. Басыну орнына бас қорғау, шабуылдан гөрі шегіну сезімі көбірек билеген-ді. Бұған бұрынғы «тұқ сеzeбітін қара шекпен» мен «тағы ескен қыргыздың» іштен шалған айла-тәсілі қосылып, Жайық бойын бір шыбықпен айдаған казак-орыстың күн санап берекесі қаша берді. Бірақ соңғы соққы шекесіне тие қоймаған генерал Акутин Бұқар беттегі партизандық қимылға қарсы бір полкқа жуық казак-орысты Меновой двор мен Теректі станциясында ұстады. Негізгі жауы Самара мен Саратовтан шыққан қызыл гвардияны тоқтату үшін іш жақтың тыныш тұруы көрек болды. Бірақ бұл болімдерді де тынбай ығыстырып келе жатқан қызылдарға қарсы аттандыруға тұра келді. Осы сағатта Бұқар беттегі жұздіктердің орнын басып тылды берік үстап тұруға Оралдың Войско өкіметі Жымпітының жасақшыларын алдыруды мақұлдан еді. Ал, бір полкқа таяу жеті жұздіктің бір тунде бесеуін Орал қаласын қорғауға алдырды да, қалған екі жұздікті Жаншаның жасақшылары келгенше орнында қалдырып қойды. Қалдырып қана қойған жоқ, партизан отрядтарын қорқытып әрегірек ысырып тастау ниетімен казак-орыстар абай-қоқай қимыл жасады. Екі жұздікті Теректіден Қабанбай Қақпактыға дейін, онан да әрі Шыңғырлау бойына өрлең бой керсегу маневріне жіберді.

Осы бой керсегу маневріне шыққан казак-орыс жұздіктерінің жолын тосып, бергі жағынан Белан, арғы жағынан Әйтіев қозғалған. Бұлар казак-орыстың қанша жұздік екенін күні бұрын білді. Оралға тықыр таянғанын алдында Ташлиға барып қайтқан Андреев айтып келген. Ақтардың лағып шыққан жетім жұздіктерін тоқтату ғана емес, Андреев Оралды алғаннан

кейін негізгі Войско әскерін қазақ бетіне шыгармау, тегін тамақ пен тегін жем, шөптен қағып, Жайықтың елсіз жатқан он жақ жағасымен ысыру мақсатын көздең еді...

О заманнан бері кең сахарада бір күндік, екі күн дік жердегі дұшпанына қара құйын шабуыл жасап үйреніп қалған қазақ жігіттері бар өнерді жаудың төбесінен тусуге, қазақ тәсілімен қарсы тараптың атын алып қара жаяу қалдыруға жұмсады. Бұган Әбдірахман ең сенімді, ең мықты, өмір бойы жылқы қуып есken, орыс арасында сан жыл болып, білегінің күші мен бас тенденгін қорғап келе жатқан Мәмбетті жұмсады.

— Қалай, алсаң, олай ал, Аққаладағы атты қазақ жүәдігінің атын қуып ал. Жаяу журіп қойныға да қол көтеге алмайтын батырлардың артына содан кейін мен мына қараларды қаптатып көрейін,— деген ол кеше.

Сейтіп, мәмбет Аққалага төніп келіп күн екіндіге таянғанда қазак орыстарды алыстан торып тұрды. Ол ымырт үйіріле ат алу шабуыллына кірсіудің қамын жасады. Қаладан тіл алуға жансыз етіп Эйтіевтің қайнағасы партизан Ергалиды жөнелтті. Қалғандары жарастына түсіп ықтасынға бой тасалады, қорага түсер қасқырдай, әр жерден бір бас қылтиып қарауыл қарал, жылжи-жылжи Ергали айтқан Жаманеткел аузына да жетті.

Ергали ақпам кезінде-ақ қайта оралып, он жігітті енді қаланың түбіне жетектеді.

— Казір бақташы дыбыс береді,— деді ол, ең шеткі кішкене шым қорага тігіп.

Шым қора-жай езеннің қойнауына үйірілген қаладан керіне оқшау тұрған бір жарлының жалғыз үйі болса керек, бірақ осы кез оның иесіз екені алыстан-ақ керініп тұр; төңірегінде не мал жоқ, не пішен жоқ, кешкі сығырайған шам жарырының орнына сокыр жанның кезіндей, кішкене терезелері анадайдан үңіре-йіп көрінеді.

— Дыбыс емес,— деді Ергали аздан кейін, жаңалыс айтқанын байқап қалып.— Ана иесіз шым үйдің терезесінен «шайтан шырак» жылтылдаса болды, ілгері ұмтыламыза.

— Казірден-ақ сонда жетіп бұқсақ болмай ма?— дед еді Жапалақ, Ергали оны тойтарып таставады.

Казак-орыстар ақымақ халық емес. Олар кешке

қарай қаланың түбін торып өтуіне де мүмкін. Ал «шайтан шырақ» көрініс, «андушы жоқ, атты суатқа айдайды» деген сез.

Ат суару, суат ою десе білгіштігін бір байқатып қалатын Аманқұл да сез үлесін алды.

— Суат нешеу екен өзі? Біз бұл жағынан күтіп отырганда, қаланың екінші жағына айдал кетпесін мәстектерің. Ақсақал, сен о жағын ойладың ба?

— Саспа. Суат аузындағы күтір анау шым қора. Өзеннің қалаға ең жақын жерінің өзі осы. Әрмен қарай айдаса бір қиыр жол. Казак-орыстар ақымақ халық емес.

— Ақымақ халық емес, ақымақ халық емес... Маган солардың ақымақ болғаны керек еді, ақсақал. Сен қайта-қайта ақылды дейсің, құда тусетін адамша, тегі.

— Ай, сен суайт бала, сөзді азайт. Көп сәйлейтін неме екенсің өзің. Бос әндімені қойып онан да ана тұлыбынды қалай «ойнатудың» қамын көздесең етті.

— Бос сез емес, ақсақал. Казак-орыстың ақылды болғанынан ақылсыз болғаны артық...

Бағанадан істің неден басталып, немен тынарын долбарлап келе жатқан Мәмбет аттан түсіп айылын бекітті, бәркін баса киді, белбеуін жендеді. Соисоң қала жакқа еңкейіп бір қарап алыш, әлденеге құлағын тосты.

— Казак-орыс ақымақ та емес, айласыз да емес, оны қой. Аттарын қазір бірін жетектеп, бірін айдал суатқа келеді. Эне қозтала бастады... Қорқақ адам қолта түседі, қорқақ адам іс бітірмейді. Алдымен осыны ойла. Жылқышы, сен Жапалак екеуің үркітесің, басқа сабалап әлті өткелге айдайсың, Ергали екеуміз қарсылық етері табылса, жанын жаһанинамта жібереміз. Үқтындар ма? Әзірленіндер,— деді Мәмбет атына мініп алыш.

Бәрі де етек-женің жинай түсті, тізгіндерін тежеп тақымды қысуга дайындалды. Аманқұл басына шалмасын орай салып, бір үшyn қолтығына қысты. Сейтті де ол:

— Ой, тонды айналдырмалының гой,— деп шашацап үстіндегі ақ тонын шешіл, оны айналдырып жібебірін қайтадан киді. Шалмасын да қайта орап, сұлпа беркіне белбеуlep бекітті де, үзын үшын сол қолына орап алды. Соисоң ол бектерген тұлыпқа да «ақ кейлек» кітізді. Бәрін істеп болыш, даусым шығар ма екен деген

адамша екі рет ішін тартып таңертенгі қаншығымен қауысатын қасқырша, үнін бұлықтырып іштеп шығзып «ұлын байқады». Бұл қасындағыларға бейне алыстан келген бөрінің жан түршіктірер үніндей күмпілдеді...

Шым үйден «шайтан шырақ» жылтылдамады. Жарастында бұққан он адам кезек-кезек бас қылтиның қарал жатты. Уақыт созыла берді. Шым қыстаудың түбінде қыбыр да көрінбеді, уәделі шырақ та жағылмады.

— Бір нерсе болмағай еді... — деп күбірледі Ергали шыдамай.

Бірақ осы кез жар жиегіне атымен көтеріліп қарауыл қараган Мәмбет кері бұрылды да:

— Жігіттер, еріндер соңымнан! — деп өзеннің жиегімен қалаға жорта жеңелді.

Ол бөгеместен жар астымен лекіте ілгерілей берді, ешбір қауіп-қатерсіз, бейне өз үйіне келе жатқан қожайындан, елең етпестен асты.

Артындағылар шұбыра түсті. Өлден уақытта Мәмбет жардан тік көтеріліп, қыр басында қазықтай шашылып қалды. Ол жақ, бұл жағына көз тастай салып, кейіндегілерге қолын сермел:

— Тарт, Жапалақ! Жылқышы, жөнел! Ана арт жактан! — деп көзеді.

Сейтті де езі қалаға қарай жөнел берді. Қыр басына шауып шыққан Жапалақ, пен Аманқұлдың көзіне доңінен өтіп кеткен бір үйір жылқы шалынды. Ол үйір жылқының алдында үш аттылы, артында қайыра айдал екі адам жинақтап барады екен. Алдымен жапалақ ысқырып қалды да Мәмбет көзеген қала мен екі ортадағы бос алаңға қарай құйындана женилін еді, ізінше атының басын тежей түсіп, Аманқұл тәке болып бақылдалап-бақылдалап алды да, мекірене шанты. Ол суатқа айдаған кеп аттың соңынан тұра шанты. Мүшелік жер ағызып келіп тағы да бақыллады... Сонан соң тағы да мекіреніп алдып, енді дүңкілдете келіп дауылпаз қақты. Кешкі інір әлемінде койнауды не жын, не шайтан жайлап кеткендей болды. Каладан бір шақырымдай жерге шығып кеткен ойында түк жоқ казак-орыстар құты қашарлық текеңің бақылы, дауылпаздың сатыры, ысқырық пен өлдебір жер бүйірін түсірерлік әлем-тапырық дыбыс мидай араласып ыры-жығы болды да кетті. Мүндай жайды бұрын көру түгіл құлагы естімеген казак-

орыстар мен иокта-жүгенін басына түріп айдаған ес-  
кер аттары дур етіп жөңки түсті. Тал осыны күткен-  
дей не болып қалды?» деп елеңдеген атышыларға  
Аманқұл енді тура шапты.

— Иисус Христос! — деді бірі, сонында жын секі-  
ріп, ақ шашы шұбатылып жанынан өте шыққан жанды  
елесті көргенде.

Жолдан жалт берген казак-орыстың аты қарғып-  
қарғып кетті — әлдененің түбі түсіп кеткендей жанды  
елестің өн бойы тағы да сатыр-сұтыр, күтір-күтір ет-  
кендей болды.

Ат та, адам да енді дүркіреген шабысқа салды, ала  
келенде не болғанын айыра алмады. Шұбатылған ақ  
шашты албастымен қатар, онан да үрейлі қара албас-  
ты пайда болды, бір өкіріп, бір ішін тартып, жапырып  
сүзіп бара жатқан зеулім қара бұқа сипаттас албасты  
еді. Бұл, ақ тоңды, ақ сәлделі, ақ тұлышты Аманқұлға  
қарама-қарсы өкірген «қара тоңды құбыжық» белгілі  
Жапалак болатын.

Қаладан шетке қарай жәңкіген аттарға енді Мәмбет  
пен Ергали және басқалары араласып кетті. Бұлар  
белен алған аттарды иесімен қоса қуып, ес жиуға  
мұрша бермей, оларды ұрып жығып кетуге кірісті. Бұл  
ниет оп-онай орындалды: жолын кесе шауып қуып  
жетті де, бір аттыны Мәмбет соққымен ұрып аттан  
түсірді, енді бірінің қамалап жүріп басқалары мойны-  
на тұзақ салды. Бірақ кеп аттың алдындағы үш кісінің  
екеуі бір бүйір шауып жеткізбей кетті де, енді бірінің  
қайда жоғалғанын бұлар білмей қалды. Тек әлден уа-  
қытта, бұл алпыстан астам атты өздері келген Жаман-  
еткелге жеткізгенде қала жақтан мылтық атылып, у-  
шу болған берекесіз дыбыс шықты. Бірақ құғыншы  
болмады.

Таң ата Эйтіевтің қаптаған қара-құрым аттылы  
өскери Аққалага төніп келгенде кешегі жүздік жатқан  
бұл шағын қала жым-жылас еді.

— Казаков не выдашь — спаю хату<sup>1</sup>, — деп ақы-  
рып түсінен жан қорқарлық Мәмбетке, орта дәүлетті  
шеткі мекем-жайдың шоқша сақал арық иесі:  
Вси повтикалы. Нимае никого<sup>2</sup>, — деп басын иіп,  
шашшандап бір шоқынып алды.

Жан жогы рас екен. Түндө бірнеше арбага тиеліп,

1. Казак-орыстарды ұстап бермесең, үйінді өртеп жіберемін.

2. Бірі қалмай зытып түрдү. Бөтеген адам жок. (Украинша).

арба жетпегені жаяу-жалпылап, атты казак-орыстар екшесін көтергені анықталды. Эйтиевтің отряды Белан батальонына қосылып ақ казактарды бүйірден түйгіштей беруге бет түзеді.

Арқадан, батыстар және шығыс жағынан килігін, Орал қаласын, келіге салып түйіп жатқандай, зенбірекпен токпақтаған Қызыл гвардияға шылбыр тастаута асықты.

## АЛТЫНШЫ ТАРАУ

Г

Қара жел ішін тартып тұр...

Кей кезде адамның еи бойын күннің құбылысы билеп кетеді. Нөсерлеп құйған қара жаңбыр бойды сергітпей, иықтан басып, жарқ еткен нажагай мен шатыр ете қалған күн әлденеден еріксіз бұқтырады.

Нұрым іңірде сыртқа шыға келгенде жер тербеліп, аспан селкілдеп тұрганға ұсады: арқадан сокқан дүлей ызғырық шарбак қораны сындырып бара жатыр; қамыс шеген басы шулап, мая төбесі желп-желп етеді; үй жапсары турліліп, мұржадан жоғары ысқырған жел бебеу қақкан бақсыдай. Үілдеген ызғырық, сықырлаған шарбак, қап-қара тұн панаңыз дала, бұйыққан ауыл — бәрі қосылып көңілге қайты құйып жібергендей болды. Әлденеден елегізіп, әлденеге жүргі түйткілденіп, арқасы шымырлап қоя берді де, Нұрым шарбак қораның ығына отыра кетті. Тұла бойын қалтыратып еткен бір сұық леп отырған соң бәсең тартты. Бірақ тап сол мезетте жел тына қалып, жаңағы айиала ысқырған уілді дыбыс жоқ болды. Енді әлдебір кезге көрінбейтін дәу жан танданып ішін тартып-тартып қалған сияқтанды. Нұрым шарбакқа құлағын тосты, ішін тубіндегі биік шегеннің ішінде тұрган аттарға мойнын созды. Шарбак қорадағы ұйысып жатқан қалың қойдан жабагының жылы лебі есті, ұсақ қүйістің қытыры құлаққа шалынды. Басқа дыбыс жым-жылас, әлде ат па ішін тартқан?

Жел қайта уілден, әлгіден де күшті сарнап кетті. Шарбак қора бұрынғыдан да темен бұға түсті, қабырталары сыйырлап сыннып кетердей, жермен-жексөн болардай, іштегі қалың қой дүр етіп ақтарыла жел етіне шыдамай, әлдеқайда ығып кетердей...

«Апымай! Үйтқып бара жатыр. Бұл не деген қа-  
харлы түн!»

— Күн жағымсыз. Өте жағымсыз,— деді ол үйге  
кіріп.

Оның арқасы құрыстаған сияқтанып қабагы тыры-  
са бастады; ен бойы қайта шымырлап қоя берді. Элде-  
неден шошынған жүрегі аттай тулады.

— Жыршы, неге құрыстаң тұрсын, арқаңдан сұық  
ұстаган жоқ па? — деді Орақов.

— Күн өте жағымсыз,— деді тағы да Нұрым.—  
Бейне бір әлем сарнап, әлденеге ішін тартып тұрғандай  
болады.

Ұдайы ат үстінде, қара сұықта ұзақ жол жүрген  
адамдар кешеден бері жылы үйде тыныс ала бастап  
еді. Бұгін жайланиса түскең — көбі ез терінде жат-  
қандай, семіз ет, ыстық сорпадан кейін көріле есінеп  
ауыз басу жиленген.

Әзіл-қалжынды әңгіме сейілгеннен кейік шынтақ-  
тап қисайып, кейі мызығы кетіп отыр.

— Нұрым, мына жүртты өлеңмен серпілтіп таста-  
майсың ба? Қас қараймай үйқы баса бастады,— деді  
Орақов. Ол Нұрымның арқасы құрыстаң, көңіл қоны  
келмей тұрғанын сейілтпек болды. Бірақ Нұрымның  
аузына батыр ақынның:

Баданамды бас бектеріп,  
Қасыма жаттан жолдас ертіп.  
Күн-түн қатын жургенім:  
Ана Нарында жатқаң  
Жас баланың қамы ушін...—

деген өлеңі түсіп еді, оны айтуға селқос көңілі тарт-  
пады.

— Жігіттер көз шырын алуды көзден отыр гой.  
Менің де өлеңге асқа зауқым жоқ. Оның үстіне ана жақ-  
тағы әйел балалар мен жас сәби әлдеқашан жастыққа  
басын салып жайланисып қалды білем,— деді.

Орақов оны қыстамады. «Үйықтаса үйықтасынның  
жігіттер» деген ой келді оған. Бәрінің де бұгін кешеден  
бергі елеуреген үшпа көңілі жай тапқандай — «Ойыл-  
дағы офицерлер бір жетісіз келмейді. Оған дейін Мем-  
бет те оралады» деген ойға берік иек сүйеп еді.

Қазан жақта да қамсыз әңгіме бар-ды. Кешеден бе-  
рі бойы үйренигем қішкене Зәуреш Мұқараманың ойын  
құмарлығын көргеннен кейін иырына шығып алған.  
Шешесі:

— Зәуреш, апа шаршады, болды енді. Жат, тесегің-

ді салып берейін,— деп зорлап жатқызғанин кейін де, ол ойнап жатты.

— Тағы-тағы,— деді сәби, қыздың «коза рогатая» деп ойнатқан саусақтарынан көзін алмай.

— Идет коза рогатая... идет...

Мұкараманың нәп-нәзік ақ саусақтары лақша жор-ралап, өзіне жақындағанда бала бетін бүркей салып, керие астында сықылықтады.

— Тағы!.. Тағы!..

— Кой, Зәуреш, жетті.

— Идет коза рогатая...

— Хи-хи-хи...

— Кой, Зәуреш, жетті.

Кыз басын шайқал шешесінің дегеніне көнбейтінін, қойғысы келмейтінін білдірді.

— Зәуреш оған көне қоймас. Апамен ойнайды. Солай ма, Зәуреш?

— Тағы...

— Зәуреш, сен нешедесің?

Кыз оң қолын кетеріп бес саусағын жазды да, сонау кейін сол қолымен екі бармағын басып жұмып, үшеуін көрсетті.

— Ш жастамын де. Ой ақылды Зәуретай.

Бала «ақылдымын» дегендей басын изейді.

Сен «ақылдысың, Зәуреш. Сен доктор боласың. Доктор боласың ба?

Бала оған да басын изейді.

— Болады. Үлкен доктор болады. Жаралы адамды кесіп емдейтін доктор болады.

Айша шошып кетті.

— Астарыпрыалла. Кесіп емдейтін дейсіз бе?

Мұкарама жалма-жан түсіндіре бастады.

— Айша, ауру тұрлі-тұрлі. Біріне дәрі беріп емдейді, ауруханага енді бірін алып емдейді. Адамның аяғы шығып кетсе, же қолы шығып кетсе. Ал, жараны жарып, іріңін тазартып емдейді. Кесіп емдейді деп осын-дайды айтамыз.

— Корықпай қалай кеседі?— деп қалды әйел.

Мұкарама оны да түсіндірді — оқып, үйреніп, дәрігерлікке жетілетінін айтты.

— Мен сізді тілмаш болып журген кісі екен деп едім. Бәсе, лектыр екенсіз рой.

— Жоқ, мен доктор емесім,— деп жөндеді Мұкарама,— доктор болып шығу үшін кеп оқу керек. Віз

тек докторларға көмекші болып аурудың жарасын бай-  
лаймыз, доктор айтқан дәрісін ішкіземіз...

— Сіз неге көп оқымадыңыз? — деп сұрады Айша.

— Мына соғыс кесір болды. Соғыс біткен соң Петербургке, болмаса Саратовқа барып оқимын.

Айша да бүгін қыз сияқты бой үйретіп алып еді.

Ол қызыны шайқап қойып, қызық әңгімеге құмартта түсті. Зәуреш қалғи бастады. «Жас қыз... Жас та емес. Күйеуі болмас. Қыз шығар» деп ойлайды әйел. Аздан кейін ол Мұкарамаға қарап қойып:

— Үят та болса сізден сұрайын... — деп кезін тәмен түсірді.

— Не иәрсе? Сұраңыз. Неге үят болсын.

— Сіз жассыз гой. Менен кіші шығарсыз,

— А, сіз нешедесіз?

— Мен биыл жиырма бірге шығамын.

Мұкарама аң-таң қалды.

— Сіз Зәурешті он сегізіңізде тудыңыз ба?.. Кешіріңіз, таптыңыз ба?

— Иә.

Мұкарама басын шайқады. Ол Айшаны «жасынан бала көтерген екен» деп таңданды.

— Сіздің күйеуіңіз жоқ па? — деп сұрады Айша.

Бірақ өзі тағы ұялып, көзін тәмен түсірді.

Әйелдің сырласуға құмартқанын көріп, қыз ашық жауап бермеуді лайық көрmedі. Және оның үстіне іштегі сырын мына сияқты мәлдіреген қазақтың жас келіншегіне ақтару айып емес сияқтанды. Тіпті сол сөт Айша сенімді замандағас, жақсы дос тәрізденді. «Хакім сияқты білімді, көрікті өзгеден анағұрлым артық тұрған, жан-тәнімен жаратқан жанды жасыру қажет пе? Сол үшін емес пе, осы ерлік жолда әскермен бірге түн қатып, қауіпті сапарда саз кешіп келе жатқаны?»

— Бар, — деп Мұкарама терезеге қарады.

Тас қараңғы түнде томсара мұлгіп тұрған күзгі дала да мына кішкене үйдің көрінің көзіндегі күңгірт тартқан қималы әйнегінен әрі не барын көрсетпеді. Бірақ қыздың ойымен бейнелеген өзіне таныс айқын бейнесі көз алдына келіп тұра қалрандай болды. Ол өзінің соңғы кездे түсінен шықпай қойған Хакіміне қолын созғандай бір қымыл жасап, терезеге телміре түсті. Алыстан... анау Жайықтың бергі беттегі ойлықырлы жағасынан қалың әскер қаптағандай көрінді; мына келе жатқан қара қоңыр жігіттерден анағұрлым көп, анағұрлым келбетті. Ат үстінде ойнаған, жалаң

қылышты жаркылдата шауып, желмен жарысып жүйтікіген ерекше әскер: алдындағы ақ тонды командир, ақ боз атының үстінде узенгі шіреніп дұрбісімен алқапты шолып келе жатыр. Кейінірек нәкерлер тобы көрінеді. Ақ боз атты жарқ еткізіп қылыш сермегендей болады, жер дүние зуылдаған қылыштың, желмен жарысқан аттың дыбысына толып кеткендей уілдейді...

— Сыртта жел күшейіп кетті,— деді Айша, терезеге телміре қалған Мұкараманы тағы да сезге шақырысы қеліп.— Оқыған жігіт шығар. Ол да әлгі лектыр оқуын оқып шыққан жігіт пе?

Мұкарама жалт бұрылып Айшага қарап қалды.

— Жоқ, доктор емес. Мүмкін кейін доктор да болар.

Мәскеуге оқуға бармақшы соғыс біткен соң. Мен де... екеуміз де оқимыз. Вілесів бе қандай жігіт екенин?

Айша күліп, басын шайқады.

Қазақ жігіті. Бір жерде оқыдық, бір жерде жүрдік. Биыл гана екі айырылып кеттік... казак-орыстардың кесірінен. Ана жақта ағасы бар, жыршы. Біздің беріміз де сол Хакімдер тұрган жерге барамыз. Олар да осындағы әскер. Әскер болғанда нағыз әскер. Қалың әскер. Мәскеуден бері қаптал келе жатқан гвардия. Кешікпей көрісеміз. Біз соған қарсылап шықтық...

— Сағынтан екенсіз ғой күйеу баланы. Балаларыңыз жоқ қой?

Енді Мұкарама қызырып кетті.

— Жоқ, жоқ, мен әлі жаспын. Ол да жас, 18-де. Косылғанымыз жоқ... Уәделескен жар... Сізден кішімін.

Торт жасы кішімін,— деді қызы сасып.

Қызың ұялын қалғанына әйел езу тартты да, тағы да басындағы күдігін қайталап айтып, соған бір орныңты жауап күткендей болды.

— Біз де кеп деп естідік. Бірақ адамдарды атып, мал-мұлікті талап жетеді дегені қорқытады. Әлгі большевиктерді айтамын. Сіздің айттырған күйеуіңіз солардың ішінде екен ғой.

— Айша, айттырған күйеу емес, біз өзіміз уәдестік. Бірімізді біріміз сүйдік, сонсоң мәңгі бірге боламыз дедік.

— Айттырмай күйеуге шытуға бола ма?— деді Айша таңданып.

— Қызы тек сүйгенін жар етеді.

— Оқыған адамдар той ол,— деді Айша, әлде екіншіті, әлде ерсі көрерлік бір болбыр үнмен.

Сонсоң Мұкарама Хакімнің жолдастарын да, мына қазақ жігіттерінің талапты сапарын да ақтай сейледі. Айшаның «жұртты қырып кетеді» дегеніне дәлелді, түсінікті жауап берууге тырысты.

— Жалған сез, Айша. Олар да мына сіз бен біз сијакты қазақтың, ногайдың, башқұрттың еркіндік сүйген ер жігіттері. Орыстары да солай. Олар казак-орыстар сијакты емес, «қырып кетеді» деп бекер айтады, сырттан жамандайды. Мына жігіттер, ана жақта отырғандар қандай болса, келе жатқандар да сондай.

Әйел үндемеді, ол енді төсек жабдығымен болыш кетті. Мұкарама кішкене сәбиді төсекке жатқызын, қолымен қозғап қойып үйықтауға кірісті. Шешесінің қолын бегемей:

— Зәуреш, үйықта, үйықта,— деді ол көрпесінің сыртынан ештеп қана тербете қозғап.— Бөле, үйықта. Өскен соң үлкен-үлкен доктор боласың. Мамаң доктор болғаныңды жаратады, есіттің бе?

Әйел Мұкараманың бала жаңан екенине қайран қалып, ішінен: бишара күйеуіне жеткенше асығыс екен... өз баласында көріп, жатырқамай ойнатып, ерінбей тербетеді. Мұсылман қызы той, ногай болса да...» деп қойды. Аздан кейін Зәурештің төсегіне басын салып, шешінбестен Мұкарама да үйықташ кетті.

Айша оның жастығын қызының төсегіне жалғастыра салды да, өзі қонақтар жатқанша үйықтамады. Зәурештің қасында мәлдірең жатқан сұлу Мұкарамага қарал отырып, әлдебір тәтті ойларға батқандай болды. «Кішкене қызыым тан осындағ лөктыр болса» деп армандады ма, кім білсін?!

## 2

Ал, алдыңғы күні:

— Екі күн өтіп үшінші күні таң алды! Белгі сөл бағанағы айтқан: өрт! Алдымен командир жатқан пәтердің үні ешірілуғе тиіс! Қапы қалып, сан соғу болмасын, Абылаев мырза!

Дақпа-дақташ тәртіп беріп үйренген аскер старшинасының бүл сезі де аузынан бүйрық есебінде шықты; тапсырма емес, бір өзі ғана ойлан шығарған жұмбак жүріске сай сыры ішіне түйілген келте жарлық.

— Өрт жалынына бірінші тамыздық сол үй бола-

ды, мұрза. Бұған қам жемеңіз, жаңа көрген жауым емес,— деп, Абылаев атына мініп алған Әzmұratovқа құлақ қақты.

Бұл Сәлмен мен Жанғожаны атып тастағаннан кейінгі Жанша мен Арон тереңің ең сенімді екі офицерінің уеде-байламы еді.

Әzmұratov атына қамшы басып жөнег берген. Бірақ «бір жұмада Ойылдағы юнкерлерді тап осы жерге жеткіземін. Табысар төбе осы «Аңысай» деп Мәмбетке айтқанындай, юнкерлер Ойылда емес, онан алпыс шақырым бері Қаратебеде қалғаны мәлім. Қаратебе екі күнде айналып соғарлық — Аңысайдан небәрі елу шақырым-ақ жер. Бейғам жасақшыларға Абылаев үйкетап жатқан жerde бас салып бастықтарын қырмақшы да, ал үшінші күні тунде жетіп үлгерген Әzmұratov қалғандарын қару жұмсатпай таң алдында жайпап салу әрекетін жобалаған. Мұны тек Абылаев қана біледі, Абылаев қана орындан алады. Бұған Әzmұratovтың көзі толық жеткен.

Серттескен үшінші түн де келіп жетті. Дайын жатқан жас офицерлерді Қаратебеден алып шығып, жолда бір аялдатып ол Аңысайға да тәнді. Түн жамылыш шұбырып келген ордалы қасқырдай, айлакер офицер сақар тауығы бірінші рет шақырганда нақ уәделі жерге ат майдайын тіреді. Шеткі елу офицер орналасқан үйлерге екі шақырымдай қалғанда өрттің бүрк етуін күтіп, ііріліп тұрып қалды. Аттың дүбірі, қару-жарактың сыйбыры, адамның күбірі құлаққа шалынарлық жер болса да, қарауыл жасақшы тап сол күні елең ете алмады, бұған қара түннің қара сұық желі келденен тұрды — аяғын аңдып басқан жау ық жақтан келді: және өзектің екінші сағасынан алыс, кәдімгі Әzmұratovтың өзі орналасқан пәтерге жаяу жерде бегелген болатын.

Бұл кезде елу юнкер де түнгі шабуыл қамымен жақ іздеген жыландағы жорғалап жатты. Олар бір үйден бір үйге бұғып келіп, бірі ат арасына, бірі пішен ішіне еңбектеді; кейбірі сенекпен кірер есіктің жолын тіміскіледі, тіпті терезе түбіне теніп үйдің ішіне көз жібергендер де болды. Өйткені Әzmұratovтың жобасын бойынша әр үйге екі адамнан бөлініп аңсызда кіріп келіп бас салуга тиіс еді. Бұларға қарсыласқанын атып, бағынғанын тұтқынға алу әрекеті міндеттелген. Бірақ бұл жобаны Абылаев өзгертіп жіберді. Ол іңірде юнкерлерге «жатқан жерде жайратта бересіңдер» деп жар-

лық берген. Оның ойынша бұл бұзылған жандарды қол-  
ра түсіріп әлек болудың керегі жоқ, құртып жіберу жән-  
ден шешкен.

Өз қасына бір офицер ертіп Абылаев жұрт тегіс үй-  
қыға кірді-ау деген шақта басшылар жатқан ең шеткі  
үйге еңбектеп жетті. Алдыңғы күні таңтертең тың тың-  
дал, шарбақ түбінде сейлесіп тұрган Сәлмен мен Нұ-  
рымның әңгімесін естігеннен кейін бұл үйді ол көз жұ-  
мып табарлықтай болған, күндіз алыстан бақыладап,  
кешке жақыннан көріп қора-қопсысы мол дәулетті  
үйдің маялан үйген пішенин, пішенинде жалғастыра сал-  
ған үлкен шарбақ ауласын, қыстаудың бір бұрышына  
тірелген биік шегенін көзбен өлшеп-пішкен-ді. Енді қа-  
зір сол пішен мен қыстаудың батыс бетін ала бір жағы  
пана, бір жағы қора етіліп тартылған шарбақ аула-  
ның іргесімен жағалап келіп, оның аузын ашып ішіне  
паналады. Ұрыша бұққан екеуді көріп тәбесі ашық  
кең ауланың ішіне қамаған қалың қой дүр етіп екінші  
бұрышына лықсыды, пыскырының, үрпісін кейбір  
ерек қойлар жер тарпып едіреіле түсті де, бірте-бірте  
көзі үйреніп, адам екенін көрген соң тыныштала бас-  
тады. Қоймен бірге Абылаев та ентіккен тынысын бә-  
сендедті. Жан-жағына көз жіберіп, тәдіректе қыбыр  
жогың байқағаннан кейін ешіккен офицер үйде жат-  
қан қас жауының пішінін көз алдына келтіре бастады.  
Оның бірі оған: әскер тәртібін бұзып, басқаға бұзық-  
тық үлгі көрсеткен жалпақ бетті, балуан денелі Жол-  
мұқан, енді бірі — қолын сермесе құлаш жерден  
шаларлық ұзын қара қасқунем Жұнысов болып көрін-  
ді. Ал, үшінші дүшпан — бар жасақшыга басшы бола-  
кеткен опасыз жұз басы Орақов еді. Осы үшеуінің осы  
үйде екеніне Абылаев күмән келтірген жоқ. «Енді бірер  
сағаттың ішінде күлің кекке үшады, сендей сұрқия  
зұлымның. Қылығың бастан асты, діннен безген көпір-  
лер» деп кіжінді Абылаев әрқайсының тұр-түсін  
оймен ап-айқын бейнелеп. Оның әлде ызғырған қара  
сұқтан, әлде өндеменін еткен өшпенделіктің ызасын-  
ан тісі-тісіне тимей сақылдаپ кетті. Қолындағы гра-  
наттың шығыршығын тауып, қолтығын жазып, құла-  
шын созып лактыруға алдын ала әзірлік жасады. Сейт-  
ті де қасындағы жас офицерге:

— Әлгі сендердің аузы-басы көгерген старшиналарың келіп жете ме айтқан сағатында, әлде той еткен  
соң даңғара, ап-сап болған жаудың орның сипаумен  
абырай ала ма?! Келсе де келмесе де әзірлен, керо-

сінді нішеннің бұрышына шаш та, аздан соң от қой! — деді.

Сейтті де ол, бірден-екі дірлі молайған денесін жылтып, жауырының қайшылап-қайшылап қойды; қайта-қайта орнынан оқыс көтеріліп, кілт отыра қалып, қайтадан үша тұра келіп бір кез бойын да қыздырып алды. Сонаң кейін саусактарын жұмып-жазып, жұмып-жазып, жаңы кетуге айналған биялайсыз қолын да жылыта бастады. — Бармақтың ебі қайта оралды. Дене жылынып, қол қозғалып, көп күткен сағат та жақында, офицердің көңілі бір жай тапқандай сәл уақыт отырып, жерге қойған гранатты тағы үстады, шығыршының сұқ саусағымен іле тартып, қалай шығарып алғанын ол сезбей қалды. Шырт еткен дыбыс құлакқа шалынып кетті. Офицер орнынан ыршып түсті.

Сан ажал сыйып тұрган бұл үлкендігі құнан қойдың ортан жілігіндегі болат қауашақ енді жарылып кетпек. Алдымен оны үстап тұрган Абылаевтың өзі күл боп кекке үшпак. Ол жанталасып қолын кері серпуге де, болмаса оқталып отырган үйдің терезесіне лақтыруға да білмей кірпік қағып қана үлгерерлік бір сәт қозғалмай қатып қалды. Егер қолындағы гранатты кері қарай лақтыраса аптық ауланың ішіне барып гурс етпек. Ойткені оны мен солы биік шарбақпен қоршаган үлкен қора — қора іші толы ғой. Гранат жарылған шакта даусынан бүтін үйқыда жатқан халық дүрліге тысқа жүгірмек қой. Онда... Абылаевтың аргы жағын ойлауда дөті шыдамады. Онда бар операция босқа кеттіп, келген ізімен кері қайтуған қалмақ! Тіпті елу офицерді жаңынан безген бүлікшілер жаңышып, таптап жоқ етуі де гажал емес. Алдымен Абылаевты бас салып құрбандыққа шалуы даусыз... Абылаев қолындағы гранатты жасақпыштардың бас штабы жатқан үйдің терезесінде лақтырды. Ол туралап-ақ лақтырды, алайда оның қолы еркінен жембей, далдеген мұршага соқпай, гранат оңға ауытқып кеткен сиякты болды. Ол енді екіншісін далірек лақтыруға өзірленді...

### 3

Сыртта не барын үйдегі жан сезе ме! Өзара жай әңгімелесіп отырып, кезек-көзек ауылды торлап қайтпақшы болған Жоламанов пен Орақов және Нұрым Жұнысов ояу еди. Әсіреле әлгіде сырттан келген Нұрымның көңілі қаау жандай тұнжырап отырган. Шала шеші-

ніп, шинелін жастық ете қисайған өзінің кәдімгі ала биелі жасақшысы босаға түбінде қор ете түсті де, Нұрым соған мойнын бұрып қарай қалды. Кәдімгі Жолмұқан жуытпай өзіне он бірінші жасақшы етіп алған сарысы. «Бишара» деді Нұрым ішінен. Соңсоң кез алдына Жолмұқан көлдегендерді. Жалпақ, балуан Жолмұқан. «Сен ұзын қара» деп сейлейтін Жолмұқан! Бір беткей ескен жаңға бой бермейтін Жолмұқан!.. Қазір Жымпітыда жайқап жүрген шыгар...

— Мен шығып келейін,— деді Жоламанов, оның ойын белій.

Жұз басы есіктен шыға берді...

Бір нәрсе гұрс етті де, гұрс еткен дауыспен бірге үйдің тебесі түндікіше желіп еткендей болды. Мезет қазан жақтың жарымен қосыла ортадағы ұзын пеш бейне бір жүгімен ауган арбадай қисая кетті. Тысқа шығып бара жатқан Жоламанов әлдененің екпінімен ашыллып кеткен есіктен әрі тоңқалац асып барып сенекке жығылды да, қос қолдан жер тіреді. Ал, тердегі тerezеге таяу жерде ойы бөлініп кеткен Нұрым бекшелеп, бар жактауы сытырлап, сынып, қайшы ауыздана қалған терезеге соғылды. Оның еш нәрсені көріп-біліп, амал-айла жасауға шамасы келген жоқ, тек бетіне сабалаған жалынды желдің лебінен басын аулактатқандай ұзын денесімен соғып үнірейткен тесікті қолымен омырып-омырып жіберді. Әлде әйнек, әлде қаңылтыр, жалаңаш қолды тіліп кетті. Бірақ кесілген жердің ашығанын, соқтығып кеткен әлденеден дененің ұйып қалғанын ол қапелімде сезбеді, жай-дәрмен күн сыртқа кеңге қарай үмтұла берді. Сүйретіле, қысыла, әлде бір тастай нәрселерді соғыстыра барып, бір мезет жаңын шығара жаңышып, езіп жатқан ауыр үйме-жүймелерден денесінің толық босағанын сезіп «үн» деп етпетінен жатып қалды. «Бұл не? Жер сілкінді ме? Зелзала қаптады ма? Аспан жерге түсті ме?..» Ол аптықкан жүрегінің тізбектеген сұрауына жауап беріп үлгірмей, кейінгі жақтан:

— Бұл не? Бұл не болды?— деген тұнныға шықкан дыбысты құлагы шалды.

Жалма-жан иығын серпі түсіп, кері бұрылыш, өзі шықкан тереве үнгірінен көрінген Орақовтың қолына қолын жалғады. Сүйрей тартып, омырылған жактауды қоса, іштен сыртқа қарай шагын денелі серігін құдыққа құлагын серкедей етіп суыра берді. Екінші рет гұрс еткен дауыс үйді енді түндігімен қоса кетерген

дауылдай етіп екінші жаққа біржола жықты. Омырылған, сынған теректің, кілеттің, жақтаудың, опырылған жардың, төбенің сатыр-сұтыр, күтір-күтір ете қалған адам шошырлық апатты дыбысына қосыла әлдекімнің ыңғысығаны; жаншылып, езіліп тұншықкан үні, демінің бұлықкан қырылы, желдің азынаған сарыны — бәрі қосылып кетті.

Кейінде үй құлап, жаншылған жандардың үстінде қопырата тастаган үлкен бір үйіндіге айналып қалса, далада шарбақ ауланы солқылдата жапырып дүрлігे үріккен қалың қойдың олай да бұлай жеңкіген дурлі, мая пішеннің ығындағы аттардың шұрқырай кісінегени, ауланың шегендерін жұлқылап екі иығын жұлып жеп желпілдете азынаған алай-түлей желдің сарыны әлдекайда тарс-тұрс атылған мылтық даусының құлақта тұнып келген дүңкілі, әлде команда, әлде айқайдың күмбірі ес жиғызбай тұнгі ақыр заманның азапты, Үрейлі, қыргынды жаһанаміне айналып кетті...

Бір кез бүрк еткен жалын жер дүниені тегіс жалап кеткендей болды, жалл етіп жерге шегіп қалды. Ізінше қара тутін екі қолымен жер тіреп отырған Нұрымның көмейі мен көзіне сабалаң етіп, демін тарылтып жібергендей, етиеттетіп басын жерге тіреді.

— Кайдасыңдар? Тірімісіңдер? Тірімісіңдер? Кім бар? — деп алтыға жүгіріп, әлдекайда қол созып, құлаган үйді қарманып жүргең адамның дыбысы шықты.

— Мындамыз. Мындамыз, — деді Нұрым Жодамановтың даусына зорға үн қатып.

— Тірімісің? Жау қапыда соқты...

Орақовтың сезін мылтықтың екі адым жерден шықкан гүрсілі жалмап жұтып жібергендей болды. Нұрымның құлағына:

— Ah... — деген дауыс шалынып қалды.

Ол қарғып барып жұдырықпен мылтық иесін жапалақтай түсірді. Өзі құлаған адамның үстінен барып шеңге қалды да, жерге бір-екі рет жаншып-жаншып, қолындағы мылтығын жұлым алып кері қарай ұмтылды. Шегіп қалған Орақов оған әлдекімді көрсетіп:

— Ана жақта офицер кезеніп тұр. Нұрым... — деді.

Мылтық тарс ете түсті, бірақ Нұрым құламады. Емкімге соқпай оқ әлдекайда зулап асып кеткендей, күңгірт жаңғырығып, жеммен бірге гүіл-ызыңға айналып кетті.

Оқ, атқан адамды екінші қайтып көзеніп кезге алдып, қайтадан мылтық шүріллесін тартып үлгергей-

ше арыстанша қарғып Нұрым шекеден жұдырықпен сарт еткізді. Құлатқан жаудың тұмсығын жерге тыға тоққайып қалғанын, оның оң жағындағы екінші біреудің кезене салып атып қалғанын, қайтадан онтайланған түскенін анық көріп қалып еді. Бұл екінші адам да ілкі серігінше омақатып кетті. Бірақ оны Нұрым бой жаздырмай қолынан үшіп кеткен винтовкасын ала сала құндағымен соқты да мылтық исесі тоңқалаң асты. Сол екі арада Нұрым ілкі құлатқан адам ес жиып қалғандай, орнынан екі қолымен жер тірең түрегеле берді. Оны да мылтықтың құндағымен соққан Нұрым, енді бас көтермestей етті, солдат сылқ құлап түсті де, жерде көрліп қалды.

Бұл кезде алысып, жұлдызып, атылған мылтықтың үнін өшіріп жатқан серіктерінің қай шамада екенін анықтал Жоламанов демін зорға алған Нұрымның қасына жетті. Ол да демін зорға алып:

— Ойпырмай, аманбысындар? Үйде кім қалды? — деді.

— Білмеймін қаша адам шыққанын. Орақов шығып еді менің ізімші терезеден... Эне жатыр. Жаралы...

— Үйдегілерді шығарайық.

Жауап орнына Нұрым терезеге қарай ұмтылып, қараңғыда қармалап жүріп, өзінің шыққан терезе шамасын сипалап еді, жым-жылас жатқан үйіндіден, асты-үстіне қопарылған жар мен төбеден, бықсыған түтіннен өзге нәрсе таппады. Ол есік жаққа қарай жүгірді.

— Есік жақ опырылып қалды, мен қалай шығып қалғанымды білмеймін, ізімші бутін үйдің бері солай қарай гүрс етті,— деді Жоламанов.

Сонда да екеуі үйдің астындағы қалған жандарды шыгару ииетімен жанталасты; не істеп, не қоярын анық білмей айнала жүгіріп, қараңғы о жер, бұл жерге сүріне құлап, қарманып жүріп есіктің шамасын қуыстап, бірте-бірте әлде не бір қопыраған заттардан есікті аришығандай болды. Бірақ үйде қалған жандардың өлітірісін, қай жерде жатқанын біліп болмады. Эрі қараңғы, әрі алай-тулей дауылдаған түн адамның да, малдаңың да есін тандырып жібергендей болды.

Уақыт етіп жатты. Бірақ қаша уақыт еткенін, не болғанын әбден айырып жетпеген бір адам, бір кез құлап үйді тінту ииетін тастай беріп, жаралы Орақов пен соққыға жығылған екі адамның қасына келіп үңілді. Етпеттеп құлап жатқан адамды Нұрым жүл-

кыл тартып, жүзін жотары аударды. Оның шинелінің ишінде оған оған оған оған оған оған оған оған

— Офицер, — деді ол. Элденеден жириңген адамша кері тартып алды.

— Офицер екені өзінен өзі белгілі... Қан ішер офицер болмаса, тұн жамылып келіп, жатқан адамға бас сала ма?

Бұлардың сезіне жауап бергендей, аударып тастаган офицер ыңырыс қалды.

— Тірі жатыр мына ит...

Жаралы офицер ыңырысып, басын көтергендей болды да Нұрымға қарап:

— Абылаев! Қайдасың? — деді сезін буында, ақырын гана.

Нұрым оны анық есітті. «Бұл қайдан келіп қалды?» деді ол денесі жирылып, тұла бойы мұздап кеткенге үсады. «Әлгі басқа соққаным сол...» Нұрым жаңағы мылтықтың құндагымен ұрып жықтый деген адамды іздеді. Абылаев қараңғыда басына тәнген мылтық құндагынан аман қалыш еді, ол жалт бұрылып ілгері үмтүла түскенде Нұрымның соққысы бекесесіне тиген. Абылаев жер сузіп қалды да, бірақ дene қызыумен ол еңбектен шегениң бұрышына жетті. Баспаналан отырып есін жиды. Ұйыған жамбасының бірден-бірге жаны кіре бастады. Ол бұғып отырып енді қараңғыда аласұрын жүрген жауын көзбем іздеді. — Ұзын Нұрымның елу қадамдай жерде еңкейіп жер сипап, қайта бойын жағған биік бейнесін наган үшінде алды...

Бұл кезде Жоламанов қасындары екінші үйдегі жігіттерді хабарлауға жүгіріп еді — ол үйдің ішінде де мылтық атылып у-шу болып кетті.

— Нұрым! Қайдасың, Нұрым? — деді жүгіріп келген Жоламанов.

— Мындарын. Орақовты...

Нұрымның дыбысын қатарынан шыққан наган дауысы алыстатып жіберді...

— Ah! — деген үнді гана естіп қалды Жоламанов. Енді қайтып ол Нұрымның да, Орақовтың да не болғанын анықтай алмады: қатар-қатар атылып жатқан мылтықтың гүрслі, алдекімнің айқайы, жылаған баланың, ойбайлаған әйелдің жан түршігер шарылы, алыстаты аттың шүркүраганы мен жакындағы байлаулы аттардың арбаны тоңкеріп, осқырып тас-талқан

болған әлегіне араласып кетті. Бір жақтан шарбақтағы кой дүрліге қалды, өзен басындағы үйден өрт шықты. Адам бабын тапқысыз әлекті қырғын басталды. Бұл Ашысай басындағы түнде тосекте жатқан бейғам жасақшыларды Әзмұратов пен Абылаевтың тегісінен жым-жылас еткен қанды қырғыны болатын. Олар сол күні өш алыш еді.

#### 4

Қолы қара қорқақ келеді. Ойыл офицерлері жиырма шақырым жердегі Мәмбет жүздігіне бармады. Оның аржағында Әйтіевтің полкы жатыр дең сескенді. Тек Ашысай басын адам жаны түршігерлік қан қылды да тынды. Тунде Абылаев басқарған елу офицер екі жұз жасақшыны тосекте жатқан жерде қырды — үйді-үйге кіріп келген бойы оқ атты. Қашқаның қылышпен қырықты.

Таң біліне келіп ат қойған Әзмұратов отряды түнде пішнеге, қорага, мал арасына тығылған жасақшыларды тұтқындаумен болды да, тек қару жұмсарап қашып құтылмақ болған Жоламановтың жеті жігітін қылышпен туратты; жұз басын тірі қалдырыды. Сөйтті де ат пен құралды, тамақ пен басқа жабдықты есептеп обозға артты да, бөгелмestен кері жүрді, тірісін Ойылға айдан кетті.

Әйел үн салып, бала еңіреп, ерек күйзеліп, кәрі курсінген ауылға жігіттерімен Батыrbек жетіп еді. Оның бар бітіргені үйді өліктен тазарттып, есі кеткен елді жұбатумен болды. Ал, Шыңғырлаудан суыт жүріспен жеткен Ораз бен Хакімді көргенде, ол ой бауырьмадап еңіреп қоя берді.

Хакімнің тілі байланып қалды. Ол аппақ қудай болып кетті. Көзінен жас, аузынан үн шықпады. Ол тек ауылға шығарып көгендереген қозыдай қатар салған қанды еліктің ішінен адам іздеді... Ол тапты. Шеткі төбесі ортасына түсіп, қопарыла құлап қалған үлкен үйдің жанында Нұрым жатыр еді. Нұрымның қасында Орақов. Екеуінің де басы кесілген.

Хакім Нұрымның бассыз кеудесіне төніп, тізерлей мойырыла отыра кетті. Біраз уақыт етті... Оның ойына бір кез үрейлі нәрсе сап етті. «Мұкарама қайда? Жау қолында!.. Жау қолында!.. — дей берді ол іштей.— О, тәнірі! Неге өлмеді жауға олжа болғанша! Неге қанта

көміліп жатпады ақ дене! Неге... Неге!..» — Бұл тілек пе, өлде ашынған бір аңы қасіреттің елесті үні ме? Оны Хакім білмеді. Тек: «Неге!.. Неге мына жерде жатпады! Неге жау қолында қор болды! Неге!.. Неге!..» — дей берді. Ол бір сәт назарын Нұрымнан басқа жаққа аударғандай болды. Қасында қопарылған үйдің астынан бір топ ауыл адамы өлік шығарып жатыр екен. Хакім магынасыз көзін сол жердегі үй астынан шыққан өлікке бұрды. Ол бірте-бірте орнынан тұра бастады. Әйел өлік... Жас әйел. Келіншекті екі адам көтеріп шетке шығарып салды. Тағы әйел... оны да көтеріп келіншектің қасына әкелді. Кері әйел. Бір кез... о, тәңірі... бір әйел... бір бала... қызы бала... әйел емес. Шашы төгілген... Аппақ... қағаздай аппақ жұз... Жаңағы қысқа тілек! Жаңағы тар тілек қабыл болғаны ма!.. Хакім ұмтылып келіп өліктің басын құшақтай алды. Өлік Мұкарама еді..

## 5

Ертеңгі шақ. Аяз. Жел жоқ. Барбастау мен Мына-мынай арасындағы кең жазық аппақ. Қатаң жер қар жамылған. Тұңғыш жұқа қар... Қырышық қар. Бұл ойпаң жер мен төмпешіктерді тегіс жауып, үколі пішіндер мен әр жерде қолшатырдай төңкерілген некен-саяқ ағаштар да ақ кимешек бүркенген. Тіпті алыстағы қарауытып жататын Жайық бойының орманы да бүгін ақ жоталанып қалған. Айнала аппақ, айнала қыбырсыз. Бұл манды бейне күздің батпакты, өңсіз қара қожаңақ түрінен біржолата тазартып аққа орай салған. Қөлденең құлаққа шалынар дыбыс та жоқ. Таң алдында алыстан күркіреген күндей, әрідегі зенбірек дауысы қатарынан дүңк-дүңк ете қалып еді, қазір ол да естілмейді. Ілбішінен аргы Жайық жарына құлап, құлақтан таса, жогалып кеткендей.

Үнсіз, қыбырсыз ақаяң даламен екі аттылы ғана жерді айғыздан сызып келеді. Ат тұяғы сүрете басып

өткен ақ жолда қара шүбарланып жосыған із қалып жатыр. Екеудің алды Мынамынай, арты — Теректі.

Бұл сүйгей жардан, тел есken бауырдан, бірге оқыған жолдастан айырылып, аз күнде өні өлік жандай қуқыл тартып кеткен Хакім мен оның жолдасы Ораз еді. Хакімнің тек өні емес, іші де қуқыл, дene жансыз, кеуде бос қуыс, ой мұздай, кеңілі суып қалған тәрізді. Ол үндемейді. Қарамайды. Сөзге тартып, ойын бөлуге тырысқан Оразға: «Бар», «жоқ» дегеннен өзге тіл қатпайды. Қалаға, Мынамынайға жақындағанда Ораз қалайда оның ойын бөлуге тырысты. Оған қаланың босар алдында кездескен ауыр жайды айттың жеke бастың қайғысын халық мұнына бұргысы келді.

— Жиырма үшін дарға асқан күні қалада Андреев болыпты. Ол астыртын келіп жүрген жігіт қой. Пішен базарының үлкен алаңына жиырма бес дар агашии орнатқан дейді. Бірақ, Дмитриев үкім орындалатын туні камерада у ішіп өлген...

Хакім сelt ете тұскендей болды да, кезін алмай келе жатқан Оразға бір жері шашып кеткендей қабағын шытты.

— ...У ішіп өліпті. Жау қолында қорлықпен жан бергенше, жендетке мойнына тұзак салдырганша, өзіне өзі қол жұмсаған. Жетпей кетті сабаздар. Зұлымдар әдейі жеткізбеді ғой. Эйттесе Қызыл гвардия «Қырық тұрбадан» кеше шығарып алар еді. Солай емес пе?

Хакім басын изеді. Ораз сөзін әрі жалғастырды.

— Жиырма үш емес,— деді ол әңгімені әрілете туспін.— Жиырма үштен көп ол күні қаза тапқандар. Ба-ла мен қызды айтсайшы. Тұрмеде отырған Ғаділшина дейтін әйелдің жалғыз баласы мен Дмитриевтің жалғыз қызы.

— Оған не болыпты?— деді Хакім қабағын шытып,

— ...Қыз аман. Ал, баланы атты казактар қылышпен турап тастапты. Тунде алаңда асулы тұрган өлікті дардан қызын түсіріп, сүйегін алып кетейін деп жатқанда дозор көріп қалып, баланың басын шауып түсірген. Қызды ұстап алып кеткен.

Хакім баланың Сәми екенін бірден білді.

— Зұлымдар істер! — деді ол ақырын ғана.

«...Тұнде Мұкарамалардың есігі алдында... Жазды-  
гүні тұрменің түбіндегі... қағаз жапсырып, тамақ тасып  
жүрген. Әділбек сияқты алғыр бала... Әділбектен үлкен  
еді. Ақылды, оты шығып тұрган бала еді», — деді ол  
Ішінен. Хакім далага — алға қарай көз жіберді. Айна-  
ла аппак мұздай дала. Тек қарауытқан Мынамынай-  
тәбесі көзге шалынды. Қыбыр, қозғалыс бары байқа-  
лады.

«... Не жазығы бар еді Сәмидің? Сәби Сәмидің?...  
Басқалар жазықты ма еді?»

— Жүрт жиналыш жатыр. Әскер Әйтіевтің полкы  
Мынамынайда деген...

Ораз үзенгіге кетеріліп мойнын созған жаққа Ха-  
кім де қарады.

— Жүріңкірейік, Хакім.

Екеудің жүріңкірей түсті. Тағы да Хакімнің көз ал-  
дына жасыл қиықты Құрбановтардың үйі алдында  
Сәмидің үндеу жапсырып тұрган бейнесі түсे қалды.  
«Не жазығы бар еді... Мұкараманың жазығы... Нурым-  
ның... Сәлменнің...»

Калың халық. Ат-арба. Өгіз, түйе. Құшлі, шеклен-  
ді, тымақты қазақ. Кердерілер. Ішінде таныс адамдар  
да көп көрінеді. Арғы жақ аттылы әскер. Қазақ әске-  
рі. Хакімдердің бөлімшелері. Бергі жағы Белан парти-  
зандары екен. Ел қазақтарының арасынан оңай өткен-  
мен Белан отряды ілгері жібермеді.

— Осы жерден тыңда. Комиссар сейлеп жатыр.

— Кім?

— Көрі қырғыз.

— Ойбай Бекен. Бақытжан Қаратасев! — деді  
Ораз. — Эне! Сақалы желбірең кеткен...

Жалаң бас кәрі адамның бурыл шашы болмашы  
желмен қалжындақсандағы түрілген. Шашынан да сақа-  
лы етекті. Үстінен ішік киген. Үлкен қазақ. Биік мінбе-  
нің үстінде қол сілтеп сейлеп тұр. Уілдерен жел, дуыл-

даган жан, теңселген теңіздей қозғалған, қара-құрым кептің ойық ортасы көрі адвокаттың күнгіргі даусын шетке щашау шығармай жұтып қоя береді.

Осы кезде Белан жігіттерінің арасынан, бейне бір қалың қамысты жарып келе жатқан сом жонды қара тарғыл шортандай, ірі қара атқа мінген зор адам Ораздарға қарай ұмтылды. Ол, қыыр шеттегі екеуден көз жазып қалармын дегендей, жұртты жапыра бұларға жақындай түсті. Сөз тындауга үйыған жандардың шырышын бұзып жіберді, көп ішінде наразы сез, қату қабақ туғызды. Бірақ бұл белгілі ердің бетін бөгей алмай билетін де, білмейтін де оған жапырыла жол берді. Оны алыстан-ақ көзі шалып қалған Ораз:

— Мәмбет! Мәкей келе жатыр!.. — деп меңзегенше болмай, ол төніп келіп:

— Батыrbек қайда, бала? — деді.

Мәмбеттің дауысы, бейне жекіріп қалған жанның үніндей, айналаны солқ еткізді.

— Батыrbек... Батыrbек келе жатыр. Бірақ, Орактар жок,— деді Ораз, темен қарап.

— Олар неге келмеді?

— Олар...

— Не болды оларға? — Мәмбет әлденені сезіп қалғандай.

Оның қабагы қарс жабылып кетті, үні шұбар дауыстаныш шықты.

— Орак та, Нұрым да, бәрі де қазага үшыраган... Жау қапыда соқты...

— Қапыда?! — Аздан соң ол: — Токтай тұрсын! — деді. Мәмбеттің кенеттен қара қошқыл тартып кеткен жүзіне қарай алмай теріс айнала берген Ораз Хакімге ақырынғана Бақытжанды мензең:

— Тында, Хакім, тында! Бізге айтып тұр! — деп иек қақты.

Мен-зен денелі Хакім де құлақ тосты. Бақытжан даусын жай желпігенд әлсіз жел бері ысырды.

— ...Тар кезең етті! Азаттық қақпасы жаңа ашыл-

ды! Бұлғыққан, тұншыққан ел, міне кеңге шықты —  
қапастан жарық дүниеге шықты. Алайда нағыз тендік  
жорығы енді ғана басталды!

Жел өрі айдал кетті сезді.

— Есіттің бе, Хакім?

— Тендік жорығы ұзақ жорық. Аттанындар, жі-  
гіттер! Бұл жорықта талай есіл ер қанын да, жанын  
да пида қылды. Әлі де пида қылады... Сонда да оны  
сендер аяқтайсындар...

«...Қанын да, жанын да пида қылды... Нұрым... Сәл-  
мен... Мұкарама... Сәми... — дей берді Хакім.— «Тек-  
дік жорығы ұзақ жорық... Аяқтаймыз».

Хакім Керімғалиды, Мендікерейді, Загипаны есті-  
ген жок еді. Оның аузына білетіндері түсті.

Ол тістеніп қалды. Үш күннен бері қаншама тістен-  
се де, оның бір кез кез жасы еріксіз соргалап кетті.  
Мұны Оразға көрсे�тпей, Хакім теріс айнала берді.

Жас та жер қойнауынан атқан бұлақ сияқты. Ол  
ішкі аңы қасіретті сыртқа айдауга асығады.

Январь — ноябрь, 1964 жыл.

*Ушінші кітаптың соңы.*

МАЗМУНЫ

ТАР КЕЗЕҢ

БЕСІНІЙІ БӨЛІМ

АЛТЫНШЫ БӨЛІМ

**Хамза Есенжанов**

**ЯНК — СВЕТЛАЯ РЕКА**

**ТРИЛОГИЯ**

**КНИГА III**

(На казахском языке)

Редактор

*С. Умшев*

Художник

*К. Тлегенов*

Художественный редактор

*Б. Аканаев*

Технический редактор

*Б. Карабаева*

Корректор

*З. Кузекова*

## ИБ № 5067

Теруғе 5.10.87 жіберілді. Басуға 25.02.88. көл қойылды. Калып 84×108‰, № 2 баспа қағаз. Қаріп түрі «Мектеби». Шығырдың басылыс. Шартты баспа табагы 19,32. Шартты болу көлемі 19,54. Есепті баспа табагы 19,89. Тиражы 60000 дана.  
Заказ № 2266. Багасы 1 с. 70 т.

Казак ССР Баспа, полиграфия және кітап саудасы істері жөніндегі мемлекеттік комитеттің Халықтар достығы ордені «Жазушы» баспасы, 480124 Алматы қаласы, Абай проспекті, 143-үй.

Казак ССР Баспа, полиграфия және кітап саудасы істері жөніндегі мемлекеттік комитеттің «КИТАП» полиграфиялық кесіпорындары өндірістік бірлестігінің полиграфия комбинаты, 480002, Алматы қаласы, Пастер кешесі 41,

**Есенжанов Хамза**

**Е 79 Ақ Жайық: трилогия.— Алматы: Жазушы, 1988.— Үшінші кітап: Тар кезең.— Алматы: Жазушы, 1988.— 368 бет.**

Хамза Есенжановтың «Ақ Жайық» романының үшінші кітабы — «Тар кезең» 1928—1932 жылдар арасындағы қазақ аулындағы тубірлі едгерістерге, есіл мен жаңаның күресіне арналған.

**84Каз7—44**

**E — 4702230200—095  
402(05) — 88 204—88**

**ISBN 5—605—00204—x (т. 3)**

**ISBN 5—605—00230—9**